

А 2008

607к

Әлем балалар әдебиеті

НИКОЛАЙ
НОСОВ

Дымбілмесінің
Айға саяхаты











Әлем балалар әдебиеті





1/2008/607 5



Әлем балалар әдебиеті

НИКОЛАЙ
НОСОВ

Дымбілмесің
Айға
саяхаты

Ертегі-роман

Аударған Болат Бодаубай

Алматы
«Балауса» баспасы
2007

821.161.1=512.122-37(037.5)

ББК 83.8

Н 77

Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша
шығарылып отыр.

Ақылдастар алқасы:

Ермұхамет Ертісбаев
Қадыр Мырза Әли-төраға
Әлібек Асқаров
Райхан Мәженқызы
Абылайхан Құлбаев
Әбілмәжін Жұмбаев
Оразақын Асқар
Сұлтан Қалиев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ 00202385

Носов Н.
Н 77 Дымбілместің Айға саяхаты. Ертегі-роман. –
Алматы: «Балауса» баспасы, 2007. – 432 бет.

Бұл әлем балалар әдебиетіне арналған 50 томдық-
тың бірі.

ISBN 9965-672-50-4

«Дымбілместің Айға саяхаты» – орыстың аса көрнекті жа-
зушысы Н. Носовтың дүние жүзі халықтарының көптеген
тілдеріне аударылған, балалар сүйіп оқитын әйгілі шығарма-
сы. Оқиғасы мейлінше қызықты, тілі тартымды.

Н 4803250000
00(05)-07

ББК 83.8

ISBN 9965-672-50-4

© «Балауса» баспасы, 2007
© Дизайнер Ж.Болатбаев

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушы!

Қолындағы шығарма – өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының орта шенінде жарық көрісімен-ақ сол кездегі Кеңес Одағындағы, сондай-ақ дүние жүзіндегі көптеген халықтардың тіліне аударылған, миллиондаған оқушылардың ыстық ықыласына ие болған туынды. Бұл кітапты, шынында да, қызықпай, құмартпай оқу мүмкін емес.

Шығарма кейіпкері Дымбілмес (орысша есімі – Незнайка) – ертегілер елінде, ергежейлілер қаласында өмір сүретін құртақандай ғана сүйкімді балақан. Есімінің Дымбілмес болуы да кездейсоқ емес, әрине. Өзі құралыптас балақандар сияқты, ол да талай-талай төтті қиялдарға бой алдырады. Бірақ әрдайым сөтсіздіктермен күлкілі жайларға ұшырап қала береді. Сонда да қиялдауын, керемет бір гажап істер тындырып тастауға, әр түрлі қызықты саяхаттарға шығуға күштарлығын қойған жоқ. Осының арқасында оның басынан талай-талай гажайып оқиғалар өтеді. Соның бәрін орыстың аса шебер балалар жазушысы Н.Носов үш кітапқа арқау етіп, қызғылықты баяндайды. «Дымбілмес пен достарының бастан кешкендері», «Дымбілмес күн қаласында», «Дымбілместің Айға саяхаты» деп аталатын кітаптар әрқайсысы жеке-жеке күйінде де, бір мұқабаның ішінде біріктіріліп те, жоғарыда айтқанымыздай орыс тілінде, еліміздің және дүние жүзінің көптеген халықтарының тілінде сан мәрте басылып шықты. Жазушының атағын бүкіл әлемге жайды. Қай халықтың тілінде шықса да балалардың, олардың ата-аналарының шексіз сүйіспеншілігіне ие болды. Өйткені, балаларының бас алмай, құмартып оқитын шығармаларына ата-аналарының да немқұрайды қарай алмайтыны белгілі ғой. Мұның үстіне Н.Носовтың Дымбілмес пен оның достары туралы жазылған кітаптары – жас жеткіншектерді ғана емес, балалық бал дәуренді өлдеқашан артқа тастаған ересектерді де бірдей баурайтын тартымды туынды.

Н.Носов бірде өзінің осы шығармасы жайында айта келіп,

бұл ертегі-романдарда да ол (барлық өзге шығармалардағы сияқты) адамгершілік, батылдық, досқа және жолдасқа адалдық, жігерлілік, алға қойған мақсатқа жету жолындағы табандылық сияқты қасиеттерді сөз ететінін, даңғойлық, қызғаншақтық, қорқақтық, өтірікшілік, мақтаншақтық, дәрекілік сияқты адамдардың бойында кездесіп қалатын ұнамсыз қасиеттерді әжуалайтынын айтқан еді. Көркемдік дәрежесі жоғары, тәрбиелік қуаты мол осы ғажайып трилогияға 1969 жылы РСФСР-дың Н. К. Крупская атындағы мемлекеттік сыйлығы берілгенін де айта кеткен жөн.

Кітаптағы негізгі кейіпкерлер есімдері орысшадан былай аударылды: Незнайка – Дымбілмес, Знайка – Білгір, Пончик – Томпи, Звездочкин – Жұлдызшин, Винтик – Бұрандаша, Шпунтик – Тетікше, Болтик – Білікше, Фуксия – Қызылгүл, Селедочка – Ақшабақ, Тюбик – Бояушы, Вертибутылкин – Шиыршөлмек, Гуся – Сазсырнай, Пилюлкин – Дәруов, Торопыжка – Ұшқалақ, Растеряйка – Сасқалақ, Ворчун – Быжылдақ, Мига – Жыпық, Жулио – Алаяқ, Скуперфильд – Сараңсері, Скрягинс – Тұқтатырмас, Жадинг – Тассаран, Спрутс – Сегізаяқ, Дубс – Мигұла, Тупс – Топас, Гадкинз – Жексұрын және т.б. Кітаптағы қалалар, жер-су, көше аттарын қазақша қалай алу қажеттігі жөнінде де көп ойлануға, ізденуге, еңбектенуге тура келді.

Шығарма авторы туралы біреу сөз: Н.Носов 1908 жылы туып, 1976 жылы қайтыс болған. Қолынан қаламы түспеген қырық жылдай уақыт ішінде ол – аталмыш трилогиядан басқа «Көңілді отбасы», «Коля Синицынның күнделігі», «Витя Малеев мектепте және үйде» (1952 жылы бұл шығармасы СССР мемлекеттік сыйлығына ие болды), «Досым Игорь туралы хикая», «Құдық түбіндегі құшия» атты повестер мен көптеген әңгімелер жазды. Оның қаламынан шыққан дүниелердің барлығын – балалар әдебиетінің асыл туындылары, ешқашан маңызын жоймайтын классикалық шығармалар деуге болады.

Қысқа ғана алғы сөзді белгілі орыс жазушысы Анатолий Алексиннің мынадай пікірімен аяқтағым келеді: «Жас адамның келешегі, «есейіп, көмелетке толған» жылдарда қандай болатыны – көп ретте оның балалық шақта қандай кітаптар оқығанына, қандай әдеби кейіпкерлерді жақсы көретініне байланысты.

Кімде-кім Николай Носовтың кітаптарымен достасар болса, ол келешекте Адам деген есімі бас әріппен жазылуға лайықты, батыл, өмірге құштар, өз Отанын шексіз сүйетін азамат болып қалыптасары сөзсіз. Бұл үшін біз көркем сөзден сиқырлы сарай тұрғыза білген, аса қайырымды тамаша сөз зергеріне – балалардың досына шын жүректен алғыс айтуға тиіспіз!»

Болат Бодаубай

І Б Ө Л І М

Бірінші тарау

ПРОФЕССОР ЖҰЛДЫЗШИНДІ БІЛГІР ҚАЛАЙ ЖЕҢІП КЕТТІ

Дымбілмес Күн қаласына саяхат жасап оралғалы екі жарым жыл өткен. Бұл біздер мен сіздер үшін аз уақыт сияқты көрінсе де, ергежейлілерге өте ұзақ мерзім еді. Дымбілместің, Түймешіктің және Кірқожалақтың ауыздарынан суы құри айтқан өңгімесін қызыға тыңдаған ергежейлілердің көбі-ақ содан кейін Күн қаласына сапар шегіп, көптеген жетістіктерді көріп және үйреніп қайтқан. Сол күннен бастап олар өздерінің Гүл қаласын танымастай етіп жайнатып жіберді. Қалада көптеген жаңа, биік, әдемі үйлер пайда болды. Тіпті ол ол ма, Қоңыраугүл көшесінде архитектор Шиыршөлмековтың жобасы бойынша айналып тұратын екі үй салынды. Оның бірі – сырт нұсқасы мұнараға ұқсайтын, айнала қоршаған жүзу бассейні бар (басқышпен түскен бойда-ақ суға күмп беруге болатын) бес қабатты үй де, екіншісі – балкондары тербеліп тұратын, төбесінде парашют және «сайтан дөңгелегі» бар алты қабатты биік үй еді. Көшелерде автомобильдер, спиралеходтар, трубо-леттер, авиагидромотоколяскалар, жол тандамай жүре беретін шынжыр табанды және басқа да әр түрлі машиналар қаптап кетті.

Өзгеріс мұнымен ғана тынған жоқ. Күн қаласының тұрғындары Гүл қаласындағы ергежейлілердің құрылысқа шындап ықылас қойғандарын көрген соң, оларға көмекке келіп, бірнеше өнеркәсіп орындарын салуға жәрдемдесті. Инженер Епсектің жобасы бойынша салынған үлкен киім фабрикасы резінкеден тігілген көкірекшеден бастап, жасанды талшықты тондарға дейінгі киімнің сан алуан түрлерін бұрқыратып шығара

бастады. Енді ешкім де бұрынғыдай жай ғана шалбар мен пенжакті тігіп алу үшін ине-жіп ұстап, бас көтермей әуреленіп отырмайтын болды. Фабрикадағы жұмыстың бәрін машина атқарды. Дайын киім, Күн қаласындағыдай бірден дүкендерге түседі де, сол жерде өркім өз керегін ала береді. Фабрикада істеушілердің бар тындыратыны – киімнің жаңа үлгілерін ойлап табу, көпшілікке ұнамайтын нашар үлгідегі киімдердің шығарылуына жол бермей, бақылап отыру.

Жұрттың бәрі қағанағы қарқ, сағанағы сарқ. Бұл күндері жапа шеккен жалғыз ғана Томпи еді. Олар дүкеннен өзіне керекті кез келген нәрсені ала беруге болатынын көрген соң, үйіндегі көптен бері жиналған костюмдерінің енді қажетсіз болып қалғанына көзі жетті. Оның үстіне ол костюмдер әлдеқашан сәннен шығып үлгерген-ді. Сондықтан ол көзге түртсе көргісіз тастай қараңғы түн ішінде өзінің барлық ескі костюмдерін жинап-теріп, үлкен түйіншек етіп буды да, ешкімнің көзіне түспестен сыртқа алып шығып, Қияр өзеніне батырып жіберді. Олардың орнына дүкеннен су жаңа костюмдерді қайта тасып жинап алды. Ақырында, оның бөлмесі дайын киімдер қоймасынан аумай қалған еді. Шкафтың ішінде, үстінде, кітап сөрелерінде, үстелдің үсті мен астында, қабырғалар мен орындықтардың арқалықтарында, тіпті үйдің төбесіне жақындатып керілген жіптерде де костюмдер сықасып ілулі тұрды.

Киімдерінің мұнша көптігі үй ішінде күйе пайда болуына әкеліп соқты. Костюмдерді күйе жеп қоймасын деп қорыққан Томпи оларға нафталинді аямай себетін. Үй ішінің ауасы тарылып кеткені сондай – үйренбеген ергежейлі нафталиннің иісінен басы айналып, күлап қалуы кәдік еді. Томпидің өзінің де үсті-басынан осы жағымсыз иіс аңқып тұратын. Бірақ ол бұл иіске әбден еті өліп үйреніп кеткендіктен оны аңғара бермейтін. Алайда өзгелерге нафталин иісі бірден сезілетін. Егер Томпи біреудің үйіне қонаққа бара қалса, жаман иістен үй иелерінің бастары ауырып, дегбірі қашатын. Олар Томпиды қолма-қол қуып шығуға және есік-терезені ашып тастап, үйдің ішін желдетуге мәжбүр болатын; олай етпесе естен танулары, тіпті жынданып кетулері де

мүмкін еді. Осының қырсығынан Томпи аулаға шығудан, ергежейлілермен ойнаудан қалды. Ол далаға шықса болды, айналадағылардың барлығы жерге түкіріп, мұрындарын басып, алды-арттарына қарамай бет-бетімен бытырай тұра қашады. Ешкім оған жақындағысы келмейді. Осының бәрі Томпидың жанына қатты батып жүрді, ақыры, ол керек емес костюмдердің барлығын шатырға шығарып тастауға мәжбүр болды.

Алайда ең бастысы бұл емес-ті. Басты оқиға — Білгірдің Күн қаласына барып қайтуы болатын. Онда ол Айға екінші рет ұшуға өзірленіп жатқан кішкене оқымысты қыздар Қызылгүлмен және Ақшабақпен танысты да, солармен қосылып космос ракетасын жасауға белсене қатысты. Ракета жасалып біткен соң, Білгір Қызылгүлмен және Ақшабақпен бірге планетааралық саяхатқа шықты. Батыл саяхатшылар Айға ұшып келісімен Айқындық теңізі ауданындағы шағындау ай кратерлерінің бірін зерттеуге кіріскен. Осы кратердің нақ ортасындағы үңгірге кіріп, салмақ күшінің қалай өзгертініне бақылау жасады. Айдағы салмақ күші Жердегіден әлдеқайда аз екені белгілі, сондықтан оның қалай өзгертінінін бақылаудың ғылым үшін маңызы зор еді. Білгір мен серіктері Айда небәрі төрт сағаттай ғана уақыт жүріп, қайтып кетуге мәжбүр болды, өйткені алып шыққан ауаларының қоры таусылуға жақындаған. Ал Айда ауаның жоқ екені, онда барушылар тұншығып қалмас үшін өзімен бірге әрдайым қойылтылған ауа қорын ала шығуға тиіс екені және белгілі.

Гүл қаласына оралған Білгір өзінің саяхаты жайлы көп әңгімеледі. Оның айтқандары жұрттың барлығын, әсіресе телескоппен Айды сан мәрте бақылаған астроном Дүрбібайды қатты қызықтырды. Дүрбібай өзінің телескопы арқылы Ай бетінің тегіс емес, таулы екендігін және, неге екені белгісіз, ондағы таулардың Жердегіге мүлде ұқсамайтын дөңгелек, дәлірек айтқанда, шеңбер тәрізді болып келетінін аңғарған. Осы дөңгелек тауларды ғалымдар ай кратерлері немесе цирктері деп атайды. Осындай Ай циркінің немесе кратерінің қандай екенін көз алдыңызға келтіргіңіз келсе, аса үлкен, дөңгелек алаңды елестетіңіз: оның кесе-көлденені — жиырма,

отыз, елу, тіпті жүз шақырым; ал айнала төңірегі – биіктігі екі, үш шақырым тас топырақ үйіндісімен, кейде таулармен қоршалған – Ай циркі, немесе кратері дегеніңіз, міне, осы. Айда мұндай кратерлер мындап саналады. Олардың ішінде аумағы екі шақырымдық шағындары да, жүз қырық шақырымға жететін алыптары да ұшырасады.

Көптеген ғалымдарды ай кратерлерінің пайда болуы және оның себептері ойландыруда. Осы күрделі, қиын сұрақты шешеміз деп, Күн қаласының барлық астрономдары бір-бірімен айтысып қалып, ақырында, екі жікке бөлініп тынды. Бірінші топтағылар ай кратерлері жанартау атқылауының нәтижесі десе, екінші топтағылар олардың пайда болуын ірі метеориттердің құлауымен байланыстыратын. Осыған орай, бірінші топтағы астрономдар – жанартау теориясын жақтаушылар, немесе жанартаушылар, ал екінші топтағылар – метеорит теориясын жақтаушылар, немесе метеоритшілдер деген атқа ие болды.

Білгір жанартау теориясын да, метеорит теориясын да қолдамады. Айға саяхат жасамай тұрып-ақ ол ай кратерлерінің пайда болуы жөнінде өз теориясын ұсынған. Бірде Білгір Дүрбібаймен бірге Айды телескоп арқылы бақылап тұрғанында, Ай бетінің жақсы пісірілген жұқа кұймақтың бетіндей тесік-тесік екенін аңғарған. Осыдан кейін асханаға жиі кіріп, кұймақтың қалай пісетінін бақылап жүрді. Әуелі сұйық кезінде кұймақтың беті біркелкі тегіс болатынын, таба қыза бастағанда әр жерден бүлкілдеп ыстық бу бөртетінін көрді. Бөртпелер кұймақтың бетіне шығып жарылады да, орнында кішкене ғана тесік қалады, онда тесіктер кұймақ әбден пісіп, табаға жабыспайтындай болғанда да жойылып кетпей сақталады.

Білгір Ай бетінің бұрынғы кезде қазіргісіндей қатты күйде және суық болмағаны туралы кітапша да жазды. Бір уақыттарда Ай оттай жанып балқыған шарды елестетін. Бірте-бірте оның беті суи бастады да, сұйық күйінен өзгеріп, жаңа ашытқан қамырдай қоюлана түсті. Алайда ортасы әлі балқыған күйінде қалған еді, сондықтан ыстық газдар ара-тұра аумағы аса үлкен көпіршік

түрінде сыртқа шығып жарылатын. Бірақ Айдың беті өлі жеткілікті дәрежеде қоюланып үлгермегендіктен, суға түскен жаңбыр тамшысындай көпіршіктерден із қалмайтын. Айдың беті келе-келе салқындай берді де, жақсы ашыған қамырдай немесе балқыған өйнектей былқылдақ күйге ауысты. Енді жарылған көпіршік орындары жоғалып кетпей, сақина сияқты бедерлі іздер қалдыратын болды. Кейін, Айдың беті біржола суыған кезде, сақиналар да қатып қалды. Алғаш ол шеңберлер дөңгелек, біркелкі болды да, кейінірек бүліне келе бірқатар өзгерістерге ұшырады. Осы күні кез келген адам телескоппен бақылай алатын Айдағы дөңгелек тау шеңберлері осылайша пайда болды.

Астрономдардың барлығы – жанартаушылар да, метеоритшілер де – Білгірдің бұл болжамын күлкіге айналдырды.

– Ай кратерлерінің жанартау атқылауынан пайда болғаны ап-айқын. Сондықтан бұл кұймақ теориясы кімге қажет, – десті жанартаушылар.

Білгірдің жауабы өзір еді: «Жанартау дегеніміз – ұшар басында шағын ғана тесігі, кратері бар аса үлкен, биік тау. Егер Айдағы кратерлерді жанартау өнеші – кратері дейтін болсақ, онда жанартаулардың әрқайсысының үлкендігі мен биіктігі Айдың көлеміне жедеғабыл болуға тиіс, ал, бірақ іс жүзінде олай емес қой», – деді ол.

– Ай кратерлерін – жанартау атқылауының нәтижесі деуге болмайды, сондай-ақ олар кұймақ та емес, әрине. Олардың метеориттер кұлауынан пайда болғаны жұрттың бәріне белгілі емес пе, – десті метеоритшілер.

Білгір бұған да дәлелді жауап берді: «Метеориттер Ай бетіне әрдайым тік емес, қиғаш та кұлауы мүмкін, ондай жағдайда олардың іздері тек қана дөңгелек болмай, ұзындау, созылыңқыраған, сопақша да болып келуі тиіс, бірақ біз Ай бетінен ондай кратерлерді бақылай алмаймыз ғой», – деді ол.

Алайда, жанартаушылар да, метеоритшілер де өз теорияларына өбден еттері үйреніп кеткендіктен Білгірдің сөзіне кұлақ қойғылары да келмеді. Өздерінше оны жек көріп, «кұймақшы» деп ат қойды. Ай сияқты ғарыштағы

ірі космостық денені ашып кеткен камырдан пісірілетін әлдеқандай кұймақпен салыстырып жатудың өзі ерсі, десті олар.

Дегенмен, Айға барып, сондағы кратерлердің бірін көзімен көріп қайтқан соң, Білгірдің өзі де әуелдегі кұймақ теориясынан бас тартты. Өйткені соған дейінгі өзінің дөңгелек тау деп жүргені ешқандай да тау емес, уақыт сынына шыдамай, бүлініп, мүжіле-мүжіле шөгіп кеткен, аса үлкен кірпіш қабырғаның қалдығы екенін байқаған болатын. Атам заманда қаланған кірпіштер әбден ескіріп, тоза келе өздерінің алғашқы төрт бұрышты қалыптарынан айрылып қалса да, назар аударсаң, олардың бір кесек таудың тасы емес, кірпіш екенін бәрібір ажырата алатындай еді. Бұл қабырғаның бертініректе құлап түскен кірпіштері күлдей болып үгіліп кетуге әлі үлгермеген тұстарынан өте-мөте жақсы байқалатын.

Ойлана келе, Білгір мұндай қабырғаларды тек ақылы бар жан иелері ғана тұрғыза алады деген байламға келді. Саяхаттан қайтып оралған соң, кітапша жазып, бастырып шығарды: онда ол баяғы ерте кездерде Айда ақыл-есі бар жан иелері – ай ергежейлілері тұрған деген болжам айтты. Ол кезде Айда, әрине, осы күнгі Жер бетіндегі сияқты ауа болған. Сондықтан Ай тұрғындары қазіргі біздердің Жер бетін мекендейтініміз сияқты, Ай бетінде өмір сүрген. Алайда, уақыт өткен сайын Ай бетіндегі ауа айналадағы әлем кеңістігіне таралып, азая түсті. Ауа жетпей құрып кетуден сақтанған ергежейлілер өз қалаларын қалың кірпіш дуалдарымен қоршап, төбесін әйнек күмбезбен жапты. Күмбез астындағы ауа ешқайда ұшып кете алмайтын еді, ергежейлілер енді еш нәрседен қорықпай, еркін тыныстады.

Дегенмен, Ай тұрғындары мәңгі-бақи осылай бола бермейтінін білді. Айды қоршаған ауа бірте-бірте азая келе, түбінде тарап кетуге тиіс, ал ауа қабатынан айрылған Айдың беті күн сәулесінен қатты қызады да, әйнек күмбездің астында да өмір сүруге болмай қалады. Сондықтан олар Айдың сыртынан ішіне қарай, қоныс аудара бастады, сөйтіп, қазір Айдың сыртында емес, іш жағында тұрады, өйткені Айдың іші рәзіңке доптың ішіндей

қуыс және онда да сыртындағы сияқты тамаша өмір сүруге болады.

Білгірдің бұл кітабы көп шу көтерді. Ергежейлілердің бәрі оны қызыға оқыды. Көптеген ғалымдар кітапты қызғылықты жазылғаны үшін мақтаса да, ғылыми жағынан негізделмеген деп тапты. Ал осы кітапты оқып шыққан астрономия ғылымдары академиясының толық мүшесі, профессор Жұлдызшин тіпті терісіне сыймай ашуланып, оны «кітап емес, бос мылжын, қойыртпақ» деуге дейін барды. Тегінде, профессор Жұлдызшин оншалықты ашуланшақ емес-ті. Жоқ, қайта ол қайырымды ергежейлі болатын, сонымен бірге, қалай десек екен, өте талап қойғыш, бір беткейлігі де бар еді. Қай істе болмасын, ол ең алдымен дәлдікті, тәртіпті сүйетін және бір нәрсені ойдан шығарып, қиялдап айта салғанды суқаны сүймейтін.

Профессор Жұлдызшин астрономия ғылымдары академиясына мәселенің анық-қанығына жету үшін Білгірдің кітабын көпшілік алдында талқыға салу, бақайшағына дейін талдау, өшкерелеу қажет деп ұсыныс айтты. Сонда мұның өзі осындай кітап жазғыштарға сабақ болады деді ол. Академия мұны жөн деп тауып, Білгірге шақырту жіберіпті. Білгір келді. Кітапты талқылау бұрыннан қалыптасқан тәртіп бойынша баяндама тыңдаудан басталуы қажет еді. Баяндама жасауға профессор Жұлдызшиннің өзі құлшынып тілек білдірді.

Кітапты талқылауға шақырылған ергежейлілердің бәрі кең залдан орын алып, жайғасқан соң, мінбеге профессор Жұлдызшин көтерілді.

– Қымбатты достар, Білгірдің кітабын талқылауға арналған мәжілісімізді ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер, – деп бастады ол сөзін.

Осыдан соң профессор Жұлдызшин жақсылап, жұртқа естірте жеткірініп алды, бет орамалымен асықпай мұрнын сүртті, сөйтіп барып қана баяндамасына кірісті. Білгірдің кітабының қызық, ойнақы жазылғанын мақтай келіп, мазмұнына қысқаша тоқталып өтті. Білгір текшеленген тау жыныстарын өзінше кірпіш деп ұғып, кателескен, – деді профессор. Ал іс жүзінде ешқандай кірпіш жоқ. Кірпіштер болмағандықтан Айда біреулер

тұрады деп дәлелдеуге де негіз жоқ. Өзінің осы пікірін одан әрі сабақтастырып, мынаны айтты: егер Айда біреулер тұратын болса, олар оның ішкі жағында бәрібір өмір сүре алмас еді. Өйткені Айда да барлық заттар біздің Жердегідей планетаның ортасына қарай тартылатыны жұртқа баяғыдан белгілі. Сондықтан оның ортасын қуыс дей қалғанның өзінде де ешкім, бәрібір, өмір сүре алмайтынын айтқан жөн, олар сол сәтінде-ақ Айдың ортасына қарай тартылар еді де, бос кеңістікте салбырап тұрып-тұрып, ақыры, аштан өлер еді.

Осы сөздің тұсында Білгір орнынан тұрды да, мысқыл аралас:

– Сіз бейнебір Айдың ортасында өзіңіз салбырап тұрып қайтқандай-ақ төрелік айтып тұрсыз ғой, – деді.

– Ондай халді мүмкін сіз бастан кешкен шығарсыз, – деп кіржің ете қалды профессор.

– Жоқ, бастан кешкен жоқпын, – деп жауап берді Білгір. – Бірақ оның есесіне ракетамен ұшып, заттардың салмақсыздық жағдайында қандай күйге түсетінін өз көзіммен бақыладым.

– Салмақсыздық жағдайының бұған қандай қатысы бар? – деп күңк етті профессор.

– Оны түсіндірейін, – деді Білгір. – Ракетаға мініп ұшқанда менде бір бөтелке су болды. Салмақсыздық жағдайы басталған кезде кабинаның қабырғасына бекітілмеген барлық заттар сияқты бөтелке де емін-еркін қалқып ұшып жүрді. Бөтелкенің іші суға толып тұрғанында таң қаларлықтай еш нәрсе байқалмаған еді. Ал ішіндегі судың жартысын ішкенімде қызық жайттың куәсі болдым: судың қалдығы бөтелкенің түбіне де, ортасына да жиналмастан, қабырғалардың бойына біркелкі таралып, дәл ортасы қуыс боп қалды. Мұның өзі су бөтелкенің ортасына емес, қабырғаларына қарай таратылғанын көрсетеді. Ол түсінікті де, өйткені белгілі салмағы бар заттар ғана бір-бірін тарта алады, бос кеңістік еш нәрсені өзіне тартпайды.

– Құлаққа кірмейтін сөздер! – деп ашулана күңк етті Жұлдызшин. Бөтелкені планетамен салыстыруға болмайды! Бұныңыз ғылыми дәлелге жатпайды.

– Жатқанда қандай, – деді Білгір сабырлы сөйлеп. –

Планетааралық кеңістікте, салмақсыздық жағдайында емін-еркін қалқып жүрген бөтелкенің өзі де барлық жағынан планетаға ұқсас болады. Оның ішінде байқалатын құбылыстар планетаның, басқаша айтқанда, Айдың ішіндегі (егер оны қуыс деп санасак, әрине) құбылыстарды көзге елестетеді.

– Солай-ақ болсын, – деп қостады Жұлдызшин. – Тек, бір нәрсені түсіндіріңізші, Айдың іші қуыс деген данышпандық пікірді қайдан шығарып алып жүрсіз!

Баяндаманы тыңдауға келгендер ду күлді, бірақ Білгір бұған ешқандай қысылған жоқ.

– Азырақ дұрыстап ойлансаңыз, сіздің өзіңіз де сондай данышпандық пікірге келер едіңіз, – деді ол. – Егер Ай әуел баста балқыған сұйық зат түрінде болады десек, бірте-бірте айналаны қоршаған суық өлем кеңістігінің әсерінен оның салқындай бастағаны, онда да ортасынан емес, сыртқы қабатынан бастап салқындағаны сөзсіз. Сөйтіп, әуелі Айдың сыртқы қабаты суынып, қатаяды да, ол аса үлкен шар түріндегі денеге айналады, ал ішінде... ішінде не бар еді?

– Әлі суынып, қатып үлгермеген балқыма! – деді тыңдап отырғандардың бірі.

– Дұрыс-ақ, – деді іле Білгір. – Әлі суынып, қатып үлгермеген балқыма, яғни, былайша айтқанда, сұйықтық.

– Міне, сұйықтық жайлы өзіңіз де айтып тұрсыз, – деп кекесінмен жымиды Жұлдызшин. Ендеше, Айдың іші қуыс дегеніңізге жол болсын, сұйықтық сонда қайда кетті, қауын басым-ау?

– Оны түсіну қиын емес, – деп сабырлы жауап берді Білгір. Айдың қатты қабатын қоршаған сұйық зат бірте-бірте суына берді, ал суынғанда көлемнің кішірейетіні белгілі. Қандай зат болмасын суынғанда көлемі кішірейетінін сіз біледі деп ойлаймын.

– Біледі деп есептей бер, – деді профессор ашулана, дүнк етіп.

– Онда сізге бәрі түсінікті болуға тиісті, – деп Білгір қуана сөзін сабақтай жөнелді. – Егер сұйық заттың қатая келе, көлемі кішірейетінін ескерсек, Айдың ортасында да бөтелкенің ішінде қалған ауадай бос кеңістік

қалғаны сөзсіз. Бөтелкедегі су салмақсыздық жағдайда тартылыс күшінің әсерімен оның ортасына емес, қабырғаларының бойына біркелкі таралып, жайылғаны сияқты, Айдың ішіндегі қатып үлгермеген сұйықтық та оның сыртқы қатты қабығына қарай тартылып, ортасында бос кеңістік пайда болды және ол барған сайын ұлғая түсті. Келе-келе Айдың ішіндегі барлық сұйықтық оның сыртқы қатты қабатына жабысқан күйі суынып қатайды да, планетаның ортасында қуыс қалды, ол қуыс бірте-бірте ауамен, немесе әлдеқандай басқа газбен толуы мүмкін ғой.

– Жөн сөз! – деп әлдекім дауыстап жіберді.

Сол-ақ екен жан-жақтан:

– Жөн сөз! Дұрыс! Жарайсың, Білгір! Ура! – деген үндер жамырай естілді.

Жұрт тегіс қол шапалақтады.

– Жұлдызшин мінбеден қуылсын! – деп біреу айқай салды.

Сол-ақ екен, екі ергежейлі Жұлдызшинді бірі жағадан, екіншісі аяқтан алып, мінбеден сүйреп түсірді. Бірнеше ергежейлі Білгірдің табанын жерге тигізбей, мінбеге қарай көтеріп өкеле жатты.

– Білгір баяндама жасасын! – деп шуылдады жұрт. – Жұлдызшин табанын жалтыратсын!

– Қымбатты достар! – деді еріксіз мінбеге көтерілген Білгір. – Мен баяндама жасай алмаймын. Мен оған өзір емеспін.

– Айға ұшқаныңыз жайында өңгімелеп беріңіз! – деп айқайласты ергежейлілер.

– Салмақсыздық жағдайы жөнінде айтыңыз! – деп дауыстады әлдекім.

– Ай туралы?.. Салмақсыздық жағдайы туралы ма?.. – деп қайталады қапелімде сасып қалған Білгір. – Жарайды, салмақсыздық жағдайы туралы-ақ айтайын. Сіздер космос ракетасы Жердің тартылыс күшін жеңуі өте зор шапшаңдықпен, секундына он бір шақырым жылдамдықпен ұшуға тиіс екенін білетін шығарсыздар. Ракета осындай шапшаңдықты алғанша сіздің дененізге өте үлкен ауырлық түседі. Сіз қол-аяғыңызды көтере алмайсыз, бүкіл дененіз тұтас қорғасыннан күйылғандай бо-

лып, ауырлап кетеді. Жүз батпан салмақ кеудеңізді басқандай, тынысыңыз тарылады. Ал бірақ космос кемесі жылдамдық алып, планетааралық кеңістікте бірқалыпты емін-еркін ұшуға көшісімен, ауырлық атаулы жойылып кетеді де, сіз тартылыс күшін сезуді қоясыз, басқаша айтқанда, салмағыңызды жоғалтасыз.

– Сонда өзіңізді қалайша сезіндіңіз? Қандай күйді бастан кештіңіз? – деп айқайлады біреу.

– Салмағымды жоғалтқан кезде әуелгіде әлдекім отырған орындығымды өзіме де байқатпай алып кетіп, орындықсыз қалғандай өсерде болдым. Бір нәрсені жоғалтып, бірақ оның не нәрсе екенін түсінбейтіндеймін. Басым ептеп айналатын сияқты, біреу әдейілеп басымды төмен қаратып төңкеріп қойғандай көріне бастады. Әрі қатты қорыққан кездегідей ішім мұздап сала берді, бірақ қорықпағанымды анық білемін. Азырақ күттім де, өзімнің аман-сау екеніме, әдеттегідей тыныстап, көріп, ойлай алатыныма көзім жеткен соң, кеудем мен ішімнің мұздағанына назар аударуды қойып едім, бірте-бірте жағымсыз өсер өзінен-өзі жоғалып кетті. Айналага көз салып, кабинадағы барлық заттар, астымдағы орындық та бұрынғысынша орын-орнында екенін көргеннен кейін өзімді біреу төңкеріп қойғандай сезімнен арылдым, басымның айналғаны да қойып кетті...

Білгір азырақ бөгеліп қалып еді, ергежейлілер:

– Айта түсіңіз! Тағы айтыңыз! – деп, жамырай айқайлады.

Қайсыбірі шыдамсызданып, аяғымен еденді тепкілеп қояды.

– Сонымен, былай, – деп жалғастырды сөзін Білгір. – Бәрі де қалпынша екеніне көзім жеткен соң, орнымнан тұрмақ болып, еденге аяғымды тіредім, бірақ бұл қимылым оқыстау болды да, жоғары көтеріліп кетіп, басымды кабинаның төбесіне соғып алдым. Мен денемнің салмағын жоғалтқанын, енді аса үлкен биіктікке көтерілу үшін аз ғана күш жұмсаудың өзі жеткілікті екенін ескермеген едім. Денемнің ешқандай салмағы жоқ болғандықтан, кабина ішінде кез келген қалыпта, не төмен түспей, не жоғары көтерілмей, емін-еркін салбырап тұруыма болатын еді, бірақ бұл үшін ептілікпен оқыс қимыл жаса-

мауым қажет болатын. Ұшар алдында бекітіп қоймаған заттардың бәрі де айналамда қалқып жүрді. Бөтелкедегі су аузын төмен қаратқанда да төгілмейтін, ал оны сілкіп қалып, суды сыртқа шығарудың сәті түскеннің өзінде де ол кішкентей дөңгелекшелерге айналып, кабинаның қабырғасына тартылып жабысқанға дейін бос кеңістікте емін-еркін жүзіп жүретін.

– Сіз мынаны айтыңызшы. Алып шыққан бөтелкеңіз-дегі су ма, әлде басқадай ішімдік пе еді? – деп сұрады ергежейлілердің бірі.

– Кәдімгі су болатын, – деп қысқаша жауап қайырды Білгір. – Ал сіз қандай ішімдік деп ойлап едіңіз?

– Қайдан білейін, – деп қулана алақанын жайды сұрақ қойған ергежейлі. – Мен оны ситро, немесе керосин емес пе екен деп қалған едім.

Жұрттың бәрі ду күлді.

– Ал сіз Айдан еш нәрсе әкелген жоқсыз ба? – деп сұрады тағы бір ергежейлі.

– Айдың бір кесегін сындырып әкелдім.

Білгір қалтасынан кішкене ғана көгілдір сұр тас шығарып, сөзін жалғады.

– Айдың бетінде шашылып жатқан әр түрлі және өте әдемі тастар көп, бірақ оларды алғым келмеді, өйткені олардың Ай бетіне әлем кеңіетігінен кездейсоқ келіп түскен тастар болуы мүмкін еді. Ал бұл тасты мен Айдағы үңгірге кірген жерде жартастан балғамен сындырып алдым. Сондықтан бұл тас Айдың нағыз өзінің бір кесегі екеніне толық сенулеріңізге болады.

Ай сынығы қолдан-қолға өтті. Ергежейлілердің әрқайсысы-ақ оны ұстап көргісі келді. Олар тасты осылайша бірінен-біріне ұзатып, қарап жатқанда Білгір Қызылгүлмен және Ақшабақпен Ай бетінде өзінің қалай саяхат жасағанын, сондағы көргендерін әңгімелейді. Оның әңгімесі тыңдаушыларға қатты ұнады. Бәрі риза болысты. Тек профессор Жұлдызшин ғана онша риза емес еді. Білгір әңгімесін бітіріп, мінбеден түскен бойдақ, ол мінбеге секіріп шықты.

– Қымбатты достар, Ай туралы және басқа да жайлар жөнінде әңгіме тыңдау бізге өте қызық болды, сондықтан мен осында жиналған көпшілік атынан атақты

Білгірге оның қызғылықты және мазмұнды баяндамасы үшін шын жүректен алғыс айтқым келеді. Бірақ, дегенмен... – Жұлдызшин осы тұста түсін суытып, сұқ саусығын жоғары көтеріп, тұрып қалды.

– Мінбеден қуылсын! – деп айқайлады ергежейлілердің бірі.

– Дегенмен... – деп қайталады профессор Жұлдызшин даусын көтеріңкіреп. – Дегенмен, біз бұл жерге Ай туралы әңгіме тындау үшін емес, Білгірдің кітабын талқылау үшін жиналдық, ал кітап талқыланбағандықтан алға қойған мақсатты орындаған жоқпыз, белгіленген міндет орындалмағандықтан оны бәрібір орындауға тура келеді, ал оны орындауға тура келетіндіктен біз енді...

Жұлдызшиннің одан әрі не айтқысы келгенін ешкім тындамады. Құлақ тұндырған шуылдан еш нәрсені естуге болмайтындай еді. Жан-жақтан:

«Мінбеден қуылсын!» – деген сөз ғана қарша борады.

Екі ергежейлі тағы да мінбеге ұмтылды. Олар Жұлдызшинді бірі жағадан, екіншісі аяқтан алып, тура сыртқа қарай сүйрей жөнелді. Сол бетінше оны саябақтағы көк шөптің үстіне апарып отырғызды да:

– Айға барып келген соң ғана мінбеге шығып, сөз аласың, ал әзірше осы арада шөптің үстінде отыра тұрғаның жөн, – деп ескертті.

Өзіне мұндай о жарлық көрсетілер деп күтпеген Жұлдызшиннің есі шығып кеткені соншалық – бір ауыз сөз айтуға да шамасы келмеді. Кейін ғана бірте-бірте өзіне келіп:

– Бұл – бұзақылық! – деп айқайлады. – Мен шағым айтамын! Газетке жазамын! Профессор Жұлдызшиннің кім екенін әлі танытамын сендерге!

Ол қолын оңды-солды сермеп, осылайша көп айқайлады, ергежейлілердің барлығы үйді-үйлеріне тарап кеткенін көрген соң ғана:

– Мәжілісті осымен жабық деп жариялаймын, – деді ақырында.

Осыдан кейін орнынан тұрды да, өзі де үйіне тартты.

Екінші тарау

АЙ ТАСЫНЫҢ ЖҰМБАҚ СЫРЫ

Келесі күні газеттерде Білгірдің кітабын талқылау қалай өткені жөнінде есеп басылды. Күн қаласының тұрғындары ол есепті тегіс оқыды. Айдың ортасы шынында да қуыс па, онда ергежейлілер тұра ма деген сұрақтың жауабын білуге өркім-ақ күштар еді. Есепте талқылау кезінде айтылған сөздердің барлығы, тіпті онда айтылмаған сөздер де жазылған болатын. Газеттерде есептен басқа көптеген фельетондар, екінші сөзбен айтқанда, айдағы ергежейлілердің бастан кешкен әр түрлі күлкілі оқиғалары баяндалатын өзіл-сықақтар да жарияланған еді. Газет бетіндегі күлкілі суреттерден көз тұнатын. Ол суреттерде Ай, ал Айдың ішінде бастары төмен салбырап, аяқтары аспанға қарап жүріп бара жатқан немесе планетаның ортасына қарай тартылып кетпес үшін қолдарымен әр нәрсеге жармасқан ергежейлілер бейнеленген. Суреттердің бірінде қолымен ағаш бұтағынан мықтап ұстап тұрған, үстінде жейдесі, басында қалпағы ғана қалған, ал бәтенкелері мен шалбары тартылыс күшінің әсерімен сыпырылып түсіп қалған ергежейлі салыныпты. Әсіресе Айдың ортасында дәрменсіз күйде салбырап тұрған Білгірді бейнелеген сайқымазақ сурет жұрт назарын бірден аударды. Білгірдің сондағы қатты абыржыған түріне қарап, езу тартпау мүмкін емес-ті.

Мұның бәрі көпшілікті күлдіру үшін жарияланған дүниелер еді, алайда газеттердің бірінде профессор Жұлдызшиннің салдарлы және ғылыми тұрғыдан дәлелді мақаласы да жарық көрді. Ол Білгірмен пікір таластырғанда өзінің қателескенін мойындады және сондағы қатты айтқан сөздері үшін одан кешірім өтінді. Профессор Жұлдызшин өз мақаласында Айдың ішінде қуыс кеңістік болуы әбден мүмкін екені және мұның өзі физика заңдарына қайшы келмейтіні, сондықтан Білгірдің пікірі үстірт қарағанда үйлесімсіз көрінгенімен, түптеп келгенде, шындыққа жанасымды екені жөнінде айтты. Сонымен бірге бос кеңістік Айдың нақ

ортасында деген болжаммен келісу қиын деп жазды профессор. Өйткені Айдың орталық ядросы оның сыртқы қабаты суынып, қатып үлгермей тұрғанда, демек, Айда ешқандай бос қуыс пайда болмай тұрған кездің өзінде-ақ, қатты заттан тұратын еді. Мұның мәні былай: қазір де, ерте кездерде де Айдың дәл ортасындағы заттар салмағы мыңдаған, тіпті миллиондаған тонна болатын сыртқы қабаттардың қатты қысымына ұшырап келген. Осындай ғаламат қысымға ұшыраған зат, физика заңдарына сәйкес, сұйық күйінде қала алмайды. Бұдан келіп өте ерте уақытта, Ай от болып жанып балқып тұрған кездің өзінде де, оның ортасында қатты ядросы болды деген ұғым туады. Кейінірек Айдың ішіндегі бос қуыс оның нақ ортасында емес, осы қатты ядросының айналасында, дәлірек айтсақ, қатып үлгергеніне көп болмаған Айдың сыртқы қабыршағы мен қатты ядросының арасында пайда болды. Сөйтіп, Ай дегеніміз Білгірдің айтқанындай, резіңке доп сияқты іші кеуек шар, тек қана ол шардың ішінде айналасы – ауа, немесе басқа бір газ қабатымен қоршалған тағы бір шардың бар екені сөзсіз.

Ал Айда ергежейлілер немесе басқа жан иелері бар ма дегенге келетін болсақ, мұның өзі құрғақ қиялдың жемісі екенін айтуға тиіспіз деп жазды профессор Жұлдызшин, өйткені Айда ергежейлілер тұратынына ешқандай ғылыми дәлел жоқ. Тіпті Ай бетіндегі Білгірдің көрген заты, шынында да, өте ерте кезде өмір сүрген, ақылы бар жан иелерінің қолымен тұрғызылған кірпіш қабырғалар дей қалғанның өзінде де, олардың онда қазірге дейін тұрып жатқандығы, өздеріне тұрақты қоныс етіп оның ішкі қабатын тандап алғаны жөнінде дәлеліміз жоқ. Ғылым күмәнсіз деректерді қажет етеді, ондай деректі ойдан шығарылған құрғақ қиял еш уақытта алмастыра алмайды, деп жазды профессор Жұлдызшин.

Білгір осы мақаланы оқып отырғанда, бетінен оты шыға ұялды және өзіне-өзі ренжумен болды. Айдың ортасында қатты ядросы болуға тиіс екені жөніндегі профессордың пікірі бұлтартпайтын дәлелді еді. Физиканың негіздерінен хабары бар әр адам онымен келісуге мәжбүр болатын. Ал Білгір физика негіздерін жақсы білетін-ді.

– Осындай ап-айқын нәрсені қалай ескермегенмін? – деп ойлады ол өкініштен жыларман болып. – Әрине, Айдың ортасында қатты ядросы болғаны сөзсіз, осыдан келіп бос кеністік Айдың ортасында емес, жаңағы қатты ядроның айналасында пайда болғаны жөнінде қорытынды шығады. Қандай ақымақпын! Есекпін! Маймылмын! Масқара болғанның көкесі ғой бұл! Көпе-көрнеу түкке тұрғысыз нәрсені қалай ойламағанмын! Ұят-ай!

Мақаланы аяғына дейін оқып шыққан Білгір жағымсыз ойларды сілкіп тастағысы келгендей-ақ қайта-қайта басын шайқап, бөлмесінің бұрыш-бұрышын кезіп, сенделіп жүрді де қойды.

«Құрғақ қиял жемісі!» – деп қынжыла күбірледі ол, профессор Жұлдызшиннің мақаласын тағы да еске алып. – Айдың ортасында қатты зат бар екенін пайымдай алмаған соң, өз пікірінің құрғақ қиял еместігін дәлелдеп көр енді. Масқарашылық-ай!..

Бөлме ішінде күр сенделіп жүруден шаршаған Білгір амалы таусыла үнілеп, орындыққа жалп етіп отыра кетті де, мән-мағынасыз жанарымен алдындағы бір нүктеге қадалып қалды, сонан соң жылан шаққандай орнынан атып тұрып, бөлме кезіп қайтадан безектей жөнелді.

– Жоқ, құрғақ қиял еместігін дәлелдеймін! – деп айқайлады ол. – Айда ергежейлілер өмір сүреді. Олардың онда болмауы мүмкін емес. Ғылым – тек қана жалаң деректерге сүйенбесе керек. Ғылым дегеніміз – қиял... басқаша айтқанда... тіфу! Не деп кеттім?.. Ғылым – қиял емес, бірақ қиялсыз өмір сүре алмайды. Қиялдаудың өзі ой қорытуға жәрдемдеседі. Жалаң дерек түкке тұрмайды. Кез келген деректі ой елегінен өткізгенде ғана пайдаға асады! – Білгір осылай деп столды жұдырықпен қойып қалды. – Мен дәлелдеймін! – деп айқайлады ол.

– Осы сәтте оның көзі өзіне арнап салынған сайқымазақ суретке түсті. Суретші мұны әумесерлеу етіп бейнелеп, Айдың ортасына тарбайтып жатқызып қойыпты, бет пішіні караған адамды еріксіз күлдіретіндей.

– Мінеки! – деп күбірледі ол. – Мынадай масқара кейпіңмен бір нәрсені дәлелдеп көр енді!

Дәл осы күні Білгір Күн қаласынан кетіп қалды. Жол бойы ол:

– Енді ешқашан ғылыммен айналыспаймын. Етімнен ет кесіп алып жатса да, оған қайтып жоламасын. Жо-жок! Ол туралы ойланудың қажеті шамалы, – деп күбірлеп сөйлеумен болды.

– Алайда, Гүл қаласына келген соң, ол бірте-бірте тынышталып сабасына түсті де, ғылыми жұмыс пен жаңа саяхаттар жайында қайтадан қиялдай бастады:

«Планетааралық үлкен кеме тұрғызса, тамақ пен ауаның қорын жетерліктей етіп алып, Айға ұзақ саяхатқа шықса қандай жақсы болар еді деп ойлады. Айдың сыртқы қабығында үнгір немесе сөнген жанартаудың кратері сияқты тесіктер болуға тиіс. Сол тесіктер арқылы Айдың ішкі қабатына өтуге, оның ортасындағы ядросын көруге болатын шығар. Егер оның ядросы бар болса, ал оның бар екені сөзсіз, ай ергежейлілері оның бетінде өмір сүреді. Айдың ортасындағы ядросы мен сыртқы қабығы арасында жеткілікті мөлшерде ауа сақталуға, сондықтан Ай ядросының бетіндегі жағдай ергежейлілердің өмір сүруіне қолайлы болуға тиіс».

Осылайша қиялдаған Білгір Айға сапарға шығуға бірден-ақ өзірлене бастамақшы еді, бірақ өткендегі оқиғаның барлығын қайтадан есіне алды да:

– Жок! Сөзімде тұруға тиіспін! – деді өзіне-өзі. – Ғылыммен айналыспауға бел байлаған екенмін, ендеше, сол шешімімде тұруым қажет. Менен басқа біреу-ақ Айға ұшсын, менен басқа біреу-ақ Айда ергежейлілер өмір сүретінін анықтасын, сонда барлығы: «Білгір шындықты айтыпты. Ол өте ақылды ергежейлі және өзінен бұрын ешкім болжап білмеген нәрсені болжады. Біз бәріміз қателесіппіз. Біз оған сенбеген едік. Біз оған күлдік те. Оны келемеждеп әр түрлі мақалалар жазып, әр түрлі сайқымазақ суреттер салған едік», – дейтіні сөзсіз. Сонда барлығы өз істеріне өздері ұялар. Профессор Жұлдызшиннің де беті қызарар-ау. Сонда барлығы маған келіп: «Қымбатты Білгір, бізді кешір! Қателесіппіз!» – дер. Мен сонда: «Оқасы жоқ, бауырлар, өкпелемеймін. Мен бәрінді кешіремін. Жұрттың барлығы

келемеж етіп күлгенде қатты жәбірленгенім рас. Бірақ кекшіл емеспін. Мен жақсымын! Білгір үшін бөрінен қымбат не екенін білесіздер ме? Шындық қымбат! Ал қазір шындық толық жөніп отыр, ендеше, бөрі орнында деген сөз және ешкім ешкімге ашуланбауы қажет», — дермін-ау.

Білгір осылай ойлады. Барлық жағдайды дұрыстап ой елегінен өткізе келе, Ай туралы ұмытуға, енді қайтып ешқашан есіне де алмауға бел байлады. Дегенмен, бұл шешімді жүзеге асыру Білгірге оңай соқпады. Бұған кінәлі оның қолында қалған бір кесек Айдың сынығы еді. Ол баяғы Қызылгүлмен және Ақшабақпен Ай үңгіріне кірген кезде жартастан балғамен ұрып сындырып алған тас болатын. Білгір лунит деп ат қойған сол ай тасы оның бөлмесінде, терезе алдында жататын және қайта-қайта көзіне түсе беретін. Оны көрген сайын Білгір Айды және сондағы оқиғаларды қайтадан есіне алатын да, көңілі бұзылатын.

Бір жолы Білгір түн ішінде оянып кетіп, ай тасына көзі түсіп еді, қаранғыда ол жұп-жұмсақ көгілдір сәуле шашып тұрғандай көрінді. Бұл ерекше құбылысқа таң қалған Білгір төсегінен тұрды да, ай тасын жақыннан дұрыстап қарау үшін терезенің алдына барды. Ол сонда ғана аспанда толған айдың жарқырап тұрғанын аңғарды. Ай сәулесі терезеден тасқа түскенде, ол бейне бір өзінен-өзі сәуле шашып тұрғандай көрінеді екен. Осы суретті біраз тамашалаған Білгір көңілі жай тауып, қайтадан төсегіне барып жатты.

Тағы бірде (кешкі уақыт болатын) Білгір кітап оқып көп отырып қалды, ұйықтаймын дегенше түн ортасы да болған еді. Ол шешініп, шамды сөндіріп, төсегіне жатты. Кездейсоқ назары тағы да ай тасына түскен еді. Бұл жолы да оған тас өзінен-өзі және бұрынғысынан да айрықша жарқырай сәуле шашып тұрғандай көрініп кетті. Бұл — ай сәулесі шағылысынан туатын құбылыс екенін білетін Білгір тасқа қайтып назар аудармай, ұйқыға енбек еді, кенет ол бүгін айдың жаңасы басталатынын, басқаша айтқанда, аспанда ешқандай ай болмауға тиіс екенін еске алды. Орнынан тұрып барып, терезеге қарады: далада, шынында да, көзге түртсе көргісіз, айсыз

қараңғы түн екен. Көмірдей қара аспанда жұлдыздар ғана жымың қағады. Соған қарамастан терезе алдында жатқан ай тасының жарқырауы сондай, ол өзі ғана көріп қоймай, сәуле шашып, айналасын да едәуір айқындап тұрды.

Білгір ай тасын қолына алып көріп еді, көгілдір сәуле енді саусақтарына құйылып, арасынан сусып төгіліп жатқандай болды. Тасқа үңіліп қараған сайын, оның жарығы молая түскендей көрінді оған. Бөлме іші де бұрынғыдай қараңғы емес сияқты. Білгір столды да, орындықтарды да, кітап сөресін де анық ажыратып тұр. Сөреден бір кітап алып, бетін ашып ай тасын соның үстіне қойды. Тастан төгілген нұр жеке өріптерді, сөздерді ажыратып оқуға мүмкіндік береді екен.

Білгір ай тасының өлдеқандай сәулелі энергия бөліп шығаратынын түсінді. Сол сәтінде-ақ сыртқа жүгіріп шығып, өзі ашқан жаңалық жайлы ергежейлілерге айтып бермек болды, бірақ олардың өлдеқашан ұйықтап жатқанын есіне алып, оятқысы келмеді.

Келесі күні Білгір ергежейлілерге:

– Бүгін кешке маған келіндер, бауырларым. Сендерге бір қызық көрсетейін, – деген еді.

– Ол не нәрсе? – деп олар елең етісті.

– Келіндер, сонда көресіндер.

Білгірдің не қызық көрсеткісі келгенін білуге бәрі асықты. Шыдамсыз Ұшқалақтың дегбірден айрылғаны сонша – түс кезінде тамақ ішуге зауқы соқпады. Ақыры ол шыдай алмай Білгірге барып, артынан бір елі қалмай қойды да, құпия сырды айтып беруге мәжбүр етті. Сөйтіп, ергежейлілерге бәрі де күні ілгері мәлім болды, бірақ бұл олардың ынтызарын арттыра түспесе, кеміткен жоқ. Қараңғыда тастың қалай жарқырап сәуле шашатынын әрқайсысы өз көзімен көргісі келген еді.

Күн ұясына батар-батпастан олар Білгірдің бөлмесіне жиналды.

– Сендер ерте келдіңдер, – деді оларға Білгір. – Әлі қараңғы түскен жоқ, сондықтан тас та қазір сәуле шашпайды. Әбден қараңғы түскенде ғана ол жарқырап көрінеді.

– Біз күте тұрамыз, – деп жауап берді Шырынбек. – Асығыс емеспіз.

– Онда күтіндер, – деп келісті Білгір. – Оған дейін, іштерің пыспас үшін, осы қызық құбылыс жайлы әңгімелеп берейін.

Ол өзін қоршай отырған ергежейлілердің алдына, стол үстіне ай тасын әкеліп қойды да, табиғатта кейбір ерекше заттар кездесетінін айтты, олар біраз уақыт жарық сәуленің көзінде жатса, өздері де қараңғыда сәуле бөліп шығаратын қасиетке ие болады. Олар шығаратын сәулені – люминесценция¹ деп атайды. Ал кейбір заттар әншейінде көзге көрінбейтін ультракөгілдір, инфрақызыл немесе космос сәулелерінің ықпалымен де жаңағыдай көзге көрінетін жарық бөліп шығара алады.

– Ай тасы да осындай заттарға жатады деп шамалауға болады, – деді Білгір.

– Ергежейлілерді тағы да бір нәрселермен алдандыра тұру үшін Білгір оларға Айдың үлкен шар екені және оның ішінде тағы бір шардың орналасқаны, сол екінші шардың сыртында ай ергежейлілері өмір сүретіні жайындағы өз теориясын айтып берді.

Білгір достарына осындай пайдалы мәліметтерді баяндап отырғанда, бірте-бірте бөлме ішінде қараңғылық қоюлана берді. Ергежейлілер алдарында жатқан ай тасына қанша бақырайып қараса да, ешқандай сәулені аңғара алмады. Әсіресе бір орнында байыз тауып отыра алмайтын Ұшқалақтың шыдамы мүлде таусылған еді.

– Бұл неге сәуле шашпайды? Енді қашан жарқырап көрінеді? – деп дегбірсізденумен болды ол.

– Азырақ шыдай тұр, әлі қараңғы түскен жоқ, – деп Білгір оны тыныштандырып қояды.

Ақыры бөлме ішінде көзге түртсе көргісіз қараңғылық орнағаны сондай – ергежейлілер тастың өзін де, столды да көруден қалды. Ал Білгір болса:

– Тағы кішкене күте тұрындар. Әлі қараңғы түскен жоқ, – деуінен жазбады.

¹ Люминесценция – салқын сәуле тарату.

– Шынында, қараңғы түскен жоқ, жап-жарық. Мұндай жарықта тіпті сурет салуға болады, бауырлар, – деп қостады Білгірді Бояушы.

Әлдекім ақырын мырс етіп күліп жіберді. Бірақ оның кім екенін ажырату қиын еді.

– Босқа қызылмай болып отырмыз, – деді Ұшқалақ. – Меніңше, бұл тас ешқашан сәуле шашпайды.

– Оған сәуле шашудың қажеті бар ма, онсыз да жап-жарық қой, – деді Бұрандаша.

Тағы біреу шиқ етіп, қаттырақ күлді. Бұл жолы күлген Дымбілмес білем, іштеріндегі ең күлегеші сол болатын.

– Сен-ақ осы асығып жүресің, Ұшқалақ. Саған бөрі өп-сәтте бола қалу керек, – деді Шырынбек.

– Сен асықпайтын шығарсың, жаман қатты, – деп китыға күнк етті Ұшқалақ.

– Қайда асығамын? – деп жауап берді Шырынбек. – Мұнда отыру жаман ба? Жылы, жарық, шыбын да шақпайды.

Бұл сөзге ергежейлілер шыдай алмай дауыстары шыға тегіс күліп жіберді. Шырынбектің шырын жайындағы қыстырып жіберген сөзінің ұнағаны сондай – осы сөзді олар доптай қағып өкетіп, сан-саққа жүгіртті.

– Осы біздер қайдағы шыбынды айтып отырмыз? Олардың бөрі әлдеқашан ұйықтап жатқан жоқ па! – деді ақырында Сазсырнай.

– Рас-ау! – деп қостады дәрігер Дәруов. – Олар ұйықтап жатыр. Бізге де ұйықтайтын уақыт болды! Ойын осымен тамамдалды.

– Сіздер мені сөкпеніздер, ағайындар, бір қателік болды, – деп ақтала сөйледі Білгір. – Тастың кеше жарқырағаны рас, шын айтамын!

– Жарайды, қайғырып қайтесің енді. Ертең тағы келеміз, – деді Тетікше.

– Әрине, келеміз. Мұнда жылы, жарық, шыбын да шақпайды, – деп іліп өкетті тағы біреу.

Барлығы күлісіп, қараңғыда бірін-бірі итермелеп, бірінің аяғын бірі басып, шығар есікке беттеді. Білгір шамды әдейі жаққан жоқ, өйткені ол ергежейлілердің бетіне қарауға ұялған еді. Жұрт тарасымен-ақ төсекке

гүрс етіп күлады да, бетін жастыққа басып, қолымен басын ұстап:

– Ақымақпын, өзіме де сол керек! Екі елі аузыма ие бола алмадым – енді, міне, соның жазасы! Күн қаласында маскара болғаным аз еді, енді мұнда да бәрі маған күлетін болды-ау!.. – деп күйіне күбірледі.

Қапаланған Білгір өзін-өзі тоқпактауға өзір еді, бірақ уақыттың тым кеш екенін ұққан ол күн төртібін бұзбауға бекінді де, шешініп төсегіне жатты. Түнде бірақ оянып кетті. Столға кездейсоқ көз тастап, тастың қайтадан жарқырап тұрғанын байқады. Көрпеге оранған қалпынша аяғына шәркейін іле салып, столға жақындап келді де, тасты қолына алып, айналдырып қарай бастады. Тастан мөп-мөлдір сәуле төгіліп тұр. Ол бейне бір нұр шашып, жымың қаққан мыңдаған нүктелерден тұрғандай. Бірте-бірте тастың жарығы күшейе түсті. Әуелдегі көгілдер бояуын өзгертіп, біресе қызғылт, біресе жасыл тартқандай, түсініксіз түске енді. Осылайша қатты жарқырап барып, сәулесі бірте-бірте солғын тарта бастады да, біржола сөнді.

Білгір тасты терезенің алдына қойды да, ойға шомып, үн-түнсіз келіп төсегіне жатты.

Сол күннен бастап ол ай тасының сәулеленуін үзбей бақылады. Тас кей күні ерте жарқыраса, кей күні кеш жарқырайды. Кейде түні бойы сөнбестен сәуле шашса, кейде мүлде жанбай қояды. Білгір қанша зер салып тырысса да, тастың жарқырауында нендей заңдылық бар екенін ұға алмады. Тас бүгін түнде сәуле шаша ма, жоқ па деген сұраққа алдын ала жауап беру ешқандай мүмкін емес еді. Сондықтан Білгір әзірге тіс жарып ешкімге еш нәрсе айтпауға бекінді.

Ай тасының қасиеттерін жақсылап зерттеу үшін Білгір химиялық тәжірибе жасап көрмек болды. Бірақ мұнда да қиындыққа жолықты. Ай тасы бірде-бір химиялық затпен қосылғысы келмеді: суда да, спиртте де, күкірт пен азот қышқылында да ерімей қойды. Тіпті алтынның өзін ерітіп жіберетін аса күшті азот және күкірт қышқылының қосындысы да оған ешқандай әсер етпеді. Мұндай ешбір сұйықтықпен қосылғысы келмейтін зат туралы химия мамандары не айта алар еді? Олар оны

алтын немесе платина сияқты асыл металл деп жорамалдар еді. Бірақ ай тасы алтын да, платина да емес болатын, сондықтан металға жатпайды.

Ай тасын ерітуден күдерін үзген Білгір оны науаға салып қыздыру арқылы құрамдас бөлімдеріне жіктемек болды, бірақ қанша қыздырса да, ай тасы ыстыққа былқ етпеді. Білгір тасты өртеп те көрді, тағы да ешқандай нәтиже шықпады. Ай тасы былайша айтқанда, отқа салса жанбады, суға салса батпады... Дегенмен, бұлай деу – дәлел бола қоймас мүмкін. Ай тасы суға бататын, бірақ гәп – оның барлық уақытта бірдей бата бермейтінінде еді. Кей жағдайда ол бір кесек қант немесе тұз сияқты суға бірден бата жөнелсе, екінші жағдайда тығын немесе құрғақ ағаш сияқты су бетінде қалқып жүретін. Бұл – ай тасының салмағы әлдеқандай себептермен кейде судан ауыр, ал кейде жеңіл болып өзгеріп тұратынын көрсететін. Мұның өзі қатты заттың осы уақытқа дейін мүлде белгісіз жана қасиеті болатын. Жер бетіндегі бірде-бір минералдың мұндай қасиеті жоқ еді.

Бақылау жасаудың барысында Білгір әдетте ай тасының қызуы айналадағы басқа заттардың қызуынан екі-үш градусқа жоғары болатынын аңғарды. Бұл – ай тасы сәулелі энергиямен бірге жылу энергиясын да бөліп шығарады деген сөз. Алайда, қызудың осылайша көтерілуі барлық уақытта бірдей байқала бермейтін. Бұл өзі жылу энергиясының бөлінуі тұрақты емес, мезгіл-мезгіл пайда болатынын аңғартатын. Кейде ай тасының қызуы айналадағы қызудан бірнеше градусқа төмендеп кетеді. Неліктен бұлай болатынын түсіну қиын еді.

Осындай ақылға қонбайтын нәрселерді ойлаймын деп, Білгір тіпті мезі болды. Бәрібір себебін таба алмай дал болған ол, ақырында тастың қасиеттерін зерттеуді мүлде қойып кетті. Ай тасы ешкімге қажетсіз заттай-ақ оның бөлмесіндегі терезе алдында бірте-бірте шаң басып жата берді.

Үшінші тарау

АЯҚТАРЫ АСПАННАН КЕЛДІ

Бұдан кейін күтпеген оқиғалар басталды да, Білгір біраз уақытқа дейін ай тасын естен шығарды. Оқығаның таң қаларлық және күтпеген іс болғаны соншалық – оны суреттеп жеткізудің өзі оңайға түспейтіндей еді. Білгірдің ешқандай мән-мағынасыз әлдеқандай тас туралы ойланып жатуға мұршасы да келмеген.

Оқиға болған күн, егер біз Білгірдің қалыптасқан дағдысы бойынша орнынан бірден тұрып кетпей, азырақ манаурап жатып алғанын ескермесек, әдеттегіше басталған еді. Әуелде ол тұруға ерінді, артынша басы кішкене ауыратындай, тіпті айналатындай көрінді оған. Біраз уақытқа дейін ол басы төсекте жатқандықтан ауырды ма, жоқ әлде басы ауырғандықтан төсекте жатыр ма, осы арасын айыра алмады. Алайда, Білгірдің бас ауруымен күресетін өз әдісі бар еді. Ол оған ешқандай мән бермейтін және бейне бір басы ауырмайтындай-ақ үйреншікті істеріне кірісетін. Бұл жолы да солай етті; төсегінен сергек атып тұрды да, таңертеңгі жасайтын дене қимылдарына кірісті. Бірнеше денешынықтыру жаттығуларын жасап, суық сумен жуынған соң, басының ауырғаны да, айналғаны да қойғанын сезді.

Білгір көңілденіп, таңғы тамаққа дейін бос уақыты болған соң, бөлме ішін жинап қоюды ұйғарды: еденді сыпырды, дымқыл шүберекпен қабырғадағы сөрелерді сүртіп шықты, олардың ішінде ол кішірек шишаларға салып әр түрлі химиялық заттар мен жәндіктердің коллекциясын сақтайтын; ал ең бастысы – стол үстінде, төсек жанындағы тумбочкада және терезе алдында үйіліп жатқан, көптен бері жиналып қалған кітаптарды сөрелерге қойып шықты. Әлдеқашан осылай ету керек еді, бірақ оған Білгірдің уақыты жетпей жүрген.

Терезе алдындағы кітаптармен бірге Білгір сонда жатқан ай тасын да жия салуды жөн көрді. Минералдар коллекциясын сақтайтын шкафты ашып еді, жоғарғы жағында орын жоқ екен, сондықтан еңкейіп, ай тасын

төменгі сөреге қоюға тура келді. Еңкейген кезде басы қайтадан айналғандай болып көрінді оған.

– Мінеки, басым тағы айналды, – деді Білгір өзіне-өзі. Мүмкін, шынымен ауырып қалған болармын? Дәруовке айтып, дәрі алып ішу қажет шығар.

Басы айналуымен бірге Білгір аз уақыт аяғы аспаннан келіп салбырап тұрғандай қызық халді бастан кешті. Жан-жағына көз тастап, өзінің әдеттегідей жер басып тұрғанына көзі жеткен соң, ол шкафтың есігін жапты да, көтеріле бермек еді, сол сәтте төменнен әлдеқандай белгісіз күш оны үйдің төбесіне қарай лақтырып жібергендей болды. Басы үйдің төбесіне соғылған Білгір еденге құлап түсті де, өзін әлдеқандай құйын күштің көтеріп ала жөнелгенін сезіп, қарманып, орындықтан ұстай алды. Алайда, мұның көмегі тимеді. Келесі сәтте ол қолындағы орындығымен бірге ауада қалқып жүрді. Сол бетінше үйдің бұрышына барып арқасымен соғылған Білгір доптай кейін серпіліп, қарсыдағы қабырғаға қарай ұшты. Жол-жөнекей орындығымен люстраға ілігіп, шамын қиратып, басымен кітап сөресін сүзгенінде, қаз-қатар жиналған кітаптар жан-жаққа шашылып кетті. Орындықтан еш қайран жоқ екенін көрген Білгір енді оны лақтырып тастады. Орындық төмен қарай ұшты да, еденге соғылып, резіңкеден жасалғандай кері серпілді, ал Білгір болса жоғары ұшып барып үйдің төбесіне соғылып, қайтадан төмен түсті. Жол-жөнекей ол өзіне қарсы ұшып келе жатқан орындықпен соқтығысып қалды. Орындықтың арқалығы Білгірдің кеңсірігіне қатты тигені соншалық – біраз уақытқа дейін ол ауада аяқ-қолын тырбандатуын да қойған еді.

Бірте-бірте есін жиған Білгір өзінің бөлме ортасында, ауада, әлдеқандай ерсі күйде салбырап тұрғанын көрді. Оған жақын жерде орындық та аяқтары жоғары қарап, ауада қимылсыз ілініп тұр. Люстра қызық қалыпқа көшіпті: ол төмен салбырамай, әлдеқандай белгісіз күш үйдің төбесіне тартып тұрғандай-ақ, бір жағына қарай қисайып қалған. Бөлме ішінде кітаптар қалқып жүр. Орындық пен кітаптардың жерге құламай, әуеде ілініп тұруы Білгірге бір түрлі оғаш болып көрінді. Мұның бәрін ол өзі Айға саяхатқа шыққан кезінде қос-

мос кемесінің кабинасында бакылаган салмақсыздық жағдайына ұқсатты.

– Қызық! – деп күңк етті Білгір. – Өте қызық!

Оқыс қимыл жасамауға тырысып, ол оң қолын көтеріп көрді. Бұл үшін ешқандай күш жұмсаудың қажет болмағаны тандандырды. Қолының түк салмағы жоқ, жеп-жеңіл, сондықтан өзінен-өзі көтерілгендей әсер қалдырды. Білгір енді екінші қолын көтеріп байқады. Оның да салмағы жоқ екен. Кішкене ес жиып, өз-өзіне келген ол бүкіл денесіне әдеттен тыс жеңілдік барын аңғарды. Егер қолын сермесе болды, көбелектей немесе басқа кез-келген қанаты бар жөндіктей бөлме ішінде ұша жөнелетіндей сезінді өзін.

«Маған не болды? – деп ойлады Білгір абыржып. – Екінің бірі: әлде мен салмақсыздық жағдайындамын, әлде мұның бәрін түсімде көріп жатырмын».

Ол көзін барынша бақырайта ашып, ұйқысын ашуға тырысты, ақыры өзінің онсыз да ояу екеніне анық көзі жеткен соң, біржола еңсесі түсіп, аянышты үнмен:

– Бауырлар, құтқарындар! – деп дауыстады.

Көмекке ешкім келмеген соң, Білгір бөлмеден тезірек сыртқа шығып, өзге ергежейлі достарының не істеп жүргендерін көргісі келді.

Аяқ-қолдарымен ақырын, суға жүзгендегідей қимыл жасап, Білгір өуеде жайлап қозғала бастады да, бірте-бірте есікке жетті. Қолымен маңдайшадан мықтап ұстап, бар күшін салып, есікті аяқпен итеріп көрді. Есікті ашу – жайшылықта оп-оңай болғанымен, салмақсыздық жағдайында жеңіл шаруа емес екен, сондықтан Білгірге біраз күш жұмсауға тура келді.

Ақырында бөлмеден шығып, баспалдаққа келген соң (дәлірек айтқанда, баспалдақ үстінде өуеде қалқып тұрып), Білгір төменге қалай түсудің амалын ойлады. Ол әдеттегідей баспалдақпен жеп-жеңіл жүгіріп түсе алмайтын еді, өйткені салмақсыздық жағдайында аяқты қанша тырбаңдатсаң да пайда бермейтіні өркімге түсінікті ғой.

Ақыры Білгір жақсы өдіс тапты. Ұмтылып барып баспалдық жақтауынан ұстады да, қолдарын кезекпен ілгері созып тартылып, төмен қарай жылжи бастады.

Сырттан қарағанда бұл өте күлкілі еді: Білгірдің аяқтары ұшқан масаның аяқтары сияқты өуеде тырбандап бара жатты және ол неғұрлым ілгері жылжыған сайын, аяқтары соғұрлым жоғары көтеріліп, басы салбырап, белі қайқая түсті.

Осындай әдіспен төменге түскен Білгір дөлізге, асхана есігінің алдына келді. Есіктің ар жағынан шулаған дауыстар құлағына талып жетті. Білгір азырақ тындап тұрды да, асханадағы ергежейлілердің өлденеге абыржулы екендерін ұқты. Біраз әуреленіп, есікті өрен ашып, асханаға кірген еді. Таң қаларлық ғажап көріністің үстінен шықты. Ас үйге жиналған ергежейлілер әдеттегідей стол басында отырудың орнына өуеде қалқып жүр екен. Орындықтар, шұңғыл және жалпақ табактар, қасықтар, тіпті жарма ботқасы толтырылған алюминий кастрөл де олармен бірге өуеде қалқып жүр.

Білгірді көрген бойда ергежейлілер жамырап шуласып қоя берді.

– Білгір, көкетай, көмектесе гөр, – деп безектеді Сасқалақ. – Маған не болған, түк түсінсем бұйырмасын.

– Бері қара, Білгір, біз бөріміз өлденеге ұшып жүрміз, – деп айқайлады дөрігер Дөруов.

– Ал менің аяқтарым жансызданып қалды! Мен жүре алмаймын! – деп шіңкілдеді Шырынбек.

– Менің де аяқтарым жансызданып қалды! Жұрттың бөрінің аяқтары жансызданып қалды. Қабырғалар да теңселіп тұр! – деп айқайлады Быжылдақ.

– Тынышталындар, бауырлар! – деп дауыстап жауап берді Білгір. – Менің өзім өлі еш нәрсенің байыбына жете алмай тұрмын. Меніңше, біздер салмақсыздық жағдайындамыз. Бөріміз де салмағымызды жоғалтқанбыз. Ракетамен Айға ұшқанда дәл осындай жағдайды бастан кешкенмін.

– Ал біз ешқайда ұшып бара жатқан жоқпыз ғой, – деді Бояушы.

– Тентек біреудің қалжыңдағысы келіп, ойлап тапқан пәлесі шығар! – деп айқайлады Ұшқалақ.

– Біреу әдейі солай етті! – деп қостады оны Сасқалақ.

– Мұндай да ойын бола ма екен! – деп бажылдады

Томпи. – Тоқтатындар! Менің басым айналды! Қабырғалар неге теңселеді? Айналадағы заттардың бәрі неге төңкерулі?

– Бәрі өз орнында, – деді оған Білгір. – Сен өзің аяғың аспаннан келіп салбырап тұрсың, сондықтан саған төңіректегінің барлығы төңкеріліп қалғандай көрінеді.

– Ендеше, мені қайтадан қалпыма келтіріп қойсың, әйтпесе менен жақсылық күтпендер! – деп онан сайын бажылдады Томпи.

– Тынышталып, сабыр сақтандар! – деді Білгір. – Әуелі біз неліктен салмағымыздан айрылғанымызды анықтауымыз керек.

– Бұған ойланатын не бар, егер салмағымыздан айрылсақ, оны қайтадан табуға тиіспіз. Сонымен іс бітеді, – деп қойып қалды Дымбілмес.

– Ақылға қонатындай бір нәрсе тауып айта алмайтынын бар, сен жарымес, сөйлеп қайтесің, – деді Тетікше оған.

– Сен мені жарымес деме, міне, саған жарымес! – деп ызаланған Дымбілмес жұдырығын түйіп, Тетікшені желкеден бар пәрменімен періп қалып еді, Тетікше шыр көбелек айналып, бөлменің қарсы бетіне қарай ұшып кетті.

Дымбілместің өзі де орнында тұрып қала алмай, ұшып барып, басымен ішіне бөкпен толтырылған кастрөлге соғылды. Соққыдан кастрөл ішіндегі сұйық бөкпен лақ етіп сыртқа төгіліп, сол жерде тұрған Томпидың бет-аузын аймандай қылды.

– Жарандар, бұл не сұмдық?!.. Не үшін?.. Барып тұрған бұзақылық!-деп бажылдаған Томпи қолымен сұйық бөкпенді бетіне одан сайын айғыздай жағып, онды-солды түкіріне берді.

Жан-жағына алақтап түкірінген Томпидан жөне ауада қалқып жүрген бөкпен түйіршіктерден сақтанған ергежейлілер аяқ-қолдарын ербендетіп, оқыс қимылдар жасай бастады, сөйтіп бөлме ішінде жөн-жосықсыз сапырылыса ұшып, бір-бірімен соқтығысып, бейберекет күйге түсті.

– Тынышталындар, туыскандар! Сабыр сақтандар! –

деп айқайлаумен болды Білгір өзіне жан-жақтан келіп соқтығушылардан қорғанып. Барлығың да қозғалмауға тырысындар, әйтпесе, іс насырға шабады! Салмақсыздық жағдайында оқыс қимыл жасауға болмайтынын естен шығармаңдар. Естисіңдер ме сөзімді? Тыныш-та-лыңдар!!!

Әбден ашуланған Білгір сол сөтте қасына келе берген столды жұдырығымен періп қалды. Бұл қимылдан оның өзі ауада бір айналып түсіп, столдың бұрышына желкесін оңдырмай соғып алды.

– Мінеки, айтқан жоқпын ба, – деп айқайлады ол ауырған жерін сипалап.

Ергежейлілер ақырында өздерінің не істеу керектігін түсінді де, аяқ-қолдарын мағынасыз ербендетуді қойды, сөйтіп, біреулер биікте – үйдің төбесіне жақын, біреулер төменде – еденге таман, бірі басымен жоғары, екіншілері төмен қарай, үшіншілері көлденең, төртіншілері қисайған қалпында – өркім әр жерде, әр түрлі жағдайда байыз тауып, қыбырсыз қалды.

Ақырында барлығының тынышталғанын көрген Білгір:

– Енді мені мұқият тыңдаңдар. Қазір сендерге салмақсыздық жайында дөріс беремін, – деді. – Әрбір заттың жерге қарай тартылатынын бөрің білесіңдер, осы тартылыс күшін біздер салмақ ретінде сезінеміз. Міне, осы тартылыс күшінің, немесе салмақтың арқасында біздер жер бетінде емін-еркін қозғалып жүре аламыз, өйткені біздің аяғымыз денеміздің салмағымен жерге жабыса түседі де, онымен ілінісу қасиетіне ие болады. Ал қазіргідей салмағымыз жоғалған жағдайда ешқандай ілінісу болмайды да, біздер әдеттегідей жер басып, қозғалып жүре алмай қаламыз. Осындай жағдайда не істеуіміз керек?

– Иә, иә, не істеуге тиіспіз? – деп жан-жақтан жарыса үн қатты ергежейлілер.

– Жаңа жағдайға бейімделуіміз қажет, – деп жауап берді Білгір. – Ал бұл үшін бәріміз механиканың салмақсыздық жағдайында мейлінше айқын байқалатын үшінші заңын білуіміз қажет. Ол заң нені көрсетеді? Ол заң – әрбір әрекет өзіне тең қарсы әрекет туғызатынын

көрсетеді. Мысалы: мен салмақсыздық жағдайында тұрып, қолдарымды жоғары көтерсем, бүкіл денем сол сәтінде төмен жылжиды. Міне, қарандар...

Білгір екі қолын жіті жоғары көтерген еді, бүкіл денесімен ақырындап төмен қарай сырғи жөнелді. Еденге жете бере, қолдарын шапшаң түсіріп еді, қайтадан жоғарыға көтерілді.

– Енді бері қарандар! – деп айқайлады үйдің төбесіне жете бере тоқтаған Білгір. – Егер мен, мәселен, қолымды оңға сілтесем – бүкіл денем карама-қарсы жаққа, яғни солға қарай айнала бастайды.

Білгір қолын оң жақ бүйірге қарай шапшаң сілтеп қалған еді, бүкіл денесімен солға қарай жайлап айналып, басымен төмен салбырап қалды.

– Көрдіндер ме? – деп айқайлады ол. – Қазір мен басыммен жерге қарап тұрмын және маған айналадағы заттардың бәрі бейне бір төңкеріп қойғандай көрінеді. Енді қайтадан дұрыс қалыпқа келу үшін не істеуім қажет? Ол үшін тағы да қолымды сілтесем жетіп жатыр.

Білгір енді сол қолын сілтеп қалды да, қайта айналып, өуелдегі қалпына келді...

– Көрдіндер ме, қолыңменен жеңіл қимылдар жасау арқылы кеңістікте өз дененді басқаруға болады. Енді, бірінші кезекте не істеуіміз қажет екенін тындандар. Ең өуелі бастарың төмен салбырап тұрғандарың түзеліп, дұрыс қалыпқа келіп алыңдар.

– Ал дұрыс қалыпта тұрғандар ше, олар бастарымен төмен салбырау қажет пе? – деп сұрады Дымбілмес.

– Жоқ, оның қажеті жоқ, – деп жауап берді Білгір. – Бәріміз де басымызды жоғары ұстауға тиіспіз, өйткені әрбір дені сау ергежейлі үшін бұл – үйреншікті жағдай. Екіншіден, барлығын да төмен түсіп, еденге таяу жерде болыңдар, олай дейтінім ергежейлілерге үйдің төбесінде ұшып жүргеннен гөрі еденде болу ыңғайлы. Бұл айтқандарым түсінікті ме?

Бәрі де үйреншікті қалыпқа келіп, төмен түсу үшін қолдарымен әр түрлі қимылдар жасай бастады. Бірақ барлығының әрекеті ө дегеннен сәтті болып кеткен жоқ. Қайсыбір ергежейлілер бойларын тік ұстап, төмен түсуін түссе де, абайсызда аяқтарымен еденді қаттырақ

итеріп қалып, қайтадан үй төбесіне қарай зымырай ұшып кетіп отырды.

– Қабырғаға жақынырақ болуға тырысындар, бауырлар, – деп кеңес берді ергежейлілерге Білгір, – ал төмен түсісімен терезе жақтауынан, есіктің тұтқасынан, жылу жүйесінің құбырларынан, қысқасы, қозғалмайтын кез келген нәрседен ұстап, айрылмауға тырысындар.

Бұл – өте пайдалы кеңес болып шықты. Аз уақыт өткен соң барлық ергежейлілер түгер дерлік төмен түсіп, орнығып болды, тек Томпи ғана өуеде ебедейсіз кимылдар жасап, шыр көбелек айналып, өзіне-өзі ие бола алмай жүр еді. Ергежейлілер оған жарыса сөйлеп, төмен түсудің жолдары жөнінде ақыл-кеңестерін аямай жаудырса да, түк нәтиже шықпады.

– Саспандар, – деді Білгір. – Біраз әрекеттеніп көрсін. Бірте-бірте өзі-ақ меңгеріп кетеді. Ал біз азырақ дем алайық және салмақсыздық жағдайына үйренуге тырысайық.

– Пәлі! Үйренерсің бұған! – деп қабағын түйе күнкетті Быжылдақ.

– Кез келген жағдайға үйренуге болады, – деп сабырлы жауап қатты Білгір. – Ең бастысы – салмақсыздыққа ешқандай назар аудармауыңыз қажет. Егер әлдекім өзін құлап бара жатқандай немесе басымен төмен салбырап тұрғандай сезінсе, – салмақсыздық жағдайында ондай сезім бола береді, – жылдамырақ айналаға көз тастасын. Сонда өзінің бөлмеде екенін, ешқандай құлап бара жатпағанын көріп, көңілі қайтадан орнына түседі. Тағы сұрақтар бар ма?

– Мені бір сұрақ қатты мазалап тұр, – деді Дымбілмес. – Біз бүгін орамамызды ашамыз ба, әлде салмақсыздық жағдайының құрметіне таңғы, түскі тамақ дегендерден біржола бас тартамыз ба?

– Таңғы және түскі тамақтар уақтылы ішіледі, – деді Білгір... – Қазір асханадағы кезекшілер тамақ әзірлегенше, біздер жұмыс істей тұрамыз. Ең өуелі бос тұрған барлық заттарды өуеге ұшып кетпеуі үшін бекітіп шығуымыз қажет. Столдарды, орындықтарды, шкафттарды және басқа мебельді еденге шегелеп тастағанымыз, барлық бөлмелер мен дәліздерге кір жаятындай жіп керіп қойға-

нымыз жөн болады. Сол жіптердің бойымен өрі-бері қозғалу жеңілiрек болмақ.

Томпидан басқалардын бәрі де кідiрместен iске кірісіп кетті: біреулер бөлмелерге жіп тартып жатса, екіншілері жиһазды еденге шегелеп, бекітумен әуре. Бұл – оңай шаруа емес-ті. Балғаны әрбір сілтеген сайын қарсы әрекет пайда болып, өзінді әлдеқайда ұшырып жіберсе, келесі сәтте қайда барып басынмен соғыларынды білмесең – мұнын несі жақсы дейсін. Осындай жағдайда қабырғаға шегені қағып көр. Бәрін де жаңаша істеуге тура келді: бір шегені қағу үшін ең кемінде үш ергежейлі қажет болды. Біреуі шегені ұстаса, екіншісі оны балғамен ұрады, үшіншісі балға соққан ергежейліні ұшып кетпесін деп ұстап тұрады.

Әсіресе асханадағы кезекшілерге өте қиын тиді. Ол күнгі кезекшілер Бұрандаша мен Тетікше болғаны мұндай жақсы бола ма. Екеуі де ақылды, өрі тапқыр болатын. Асханаға келе салысымен, олар сол сәтінде-ақ әр түрлі жаңалықтар ойлап таба бастады.

– Жұмысты жақсы істеу үшін еденде берік тұрғанымыз жөн, – деді Бұрандаша. – Әуеде қалқып жүріп қамыр илеу, капуста мен нан кесу, ет турайтын машинаны айналдыру мүмкін емес.

– Біздің еденде тұра алмайтын себебіміз – аяғымыз бен еденнің арасында ілінісу болмауынан, – деді Тетікше.

– Ілінісу болмаса, оны болдыру керек, – деп жауап берді Бұрандаша. Башмақтарымызды еденге шегелеп тастасак – ілінісу деген сол емес пе?

– Өте табылған ақыл! – деп келісті Тетікше.

Достар сол сәтінде-ақ бәтенкелерін шешті де, еденге шегелеп тастады.

– Көрдiң бе, – деді Бұрандаша аяғын бәтенкеге сұғып жатып, – енді біз сенімді түрде жер басып тұрамыз, кез келген кішкене соққы біздерді ешқайда ұшырып жібере алмайды. Қолдарымыз бос, қалаған нәрсені істей аламыз.

– Бәтенкелердің жанына орындықтарды да қағып қойсақ жаман болмас еді, сонда отырып та жұмыс істей береміз, – деп ұсыныс жасады Тетікше.

– Тамаша ақыл! – деп қуанып кетті Бұрандаша.

Достар екі орындықты еденге оп-оңай шегеледі. Өйткені олардың бөтенкелері еденге мықтап бекітілген еді.

– Тіпті қатып кетті! – деді Тетікше орындыққа отырып жатып. Егер бөтенкемді шегелеп тастамасам, орындыққа осылайша отыра алар ма едім? Ол үшін орындықтан қос қолдап ұстауыма тура келер еді. Онда, әрине, жұмыс істей алмас едім. Ал қазір қолым бос, не істеймін десем – еркім. Стол басында отырып оқуыма, жазуыма болады, егер отыру жалықтырса, түрегеп тұрып та жұмысымды тындыра беремін.

Тетікше сөйлеп тұрып, жаңа өдістің қаншалықты ыңғайлы екенін көрсету үшін біресе отырып, біресе тұрды.

Бұрандаша бір аяғын бөтенкеден шығарып алды да:

– Еденнен ажырамас үшін бір аяқ та жеткілікті, – деді. – Екінші аяғымды бөтенкеден шығарып алып, алға, артқа немесе бүйірге қарай аттауыма болады. Мысалы, бүйірге қарай бір қадам жасасам, пешке қолым еркін жетеді, қажет ісімді тындырған соң, аяғымды қайтадан орнына қойып, стол басындағы жұмысымды жалғастыра беремін. Сөйтіп, менің қозғалу мүмкіндігім артады.

– Керемет ақыл! – деп Тетікше орындығынан атып тұрды. – Мынаны қара: егер оңға қарай бір адым жасасам – шкапка, солға қарай бір адым жасасам – су ағатын шүмекке қолым жетеді. Сонымен, екеуіміз, сайып келгенде, орнымызда отырып-ақ барлық істі тындыруымызға болады. Техникалық тапқырлықтың пайдасы осы!

Дәл осы сәтте ас үйге Білгір келе қалған еді.

– Ал ахуалдарың қалай, тамақ пісуге жақын ба? – деп сұрады ол.

– Тамақ әлі дайын емес, бірақ оның есесіне жақсы амал ойлап таптық, – Бұрандаша мен Тетікше жарыса сөйлеп, өздері тапқан өдіс жайында әңгімелей жөнелісті.

– Жарайды, – деді Білгір. – Сендер тапқан өдісті керекке жаратамыз, ал тамақты тездетіп өзірлеуіміз қажет. Жұрттың тегіс қарны ашты.

– Қазір-ақ дайын болады, – десті Бұрандаша мен Тетікше.

Білгір ас үйден қайтадан қалқып шығып кетті. Бұрандаша мен Тетікше тамақ әзірлеуге кірісті. Бұл олардың ойлағанындай жеңіл шаруа емес екен. Біріншіден, жарма да, ұн да, қант та, кеспе де қағаз қапшықтан төгілгісі келмеді, төгіле қалған күнде де ауада жан-жаққа шашылып, тарап кетіп, айналада қалқып жүріп, ауызға, мұрынға, көзге кіріп, Бұрандаша мен Тетікшенің берекесін алды. Екіншіден, шүмектен аққан су да кастрөлге құйылғысы келмеді. Шүмектен қысымның күшімен атып шыққан су кастрөлдің түбіне соғылып, қайтадан сыртқа шашылып, кішірек, үлкендеу, әр түрлі түйіршіктерге айналып, ауада жүзіп жүрді де, олар да Бұрандаша мен Тетікшенің аузына, мұрнына, көзіне, тіпті мойнына кіріп, мазаларын алды, әсіресе су түйіршіктерінің мойынға кіргені-ақ сүйкімсіз еді.

Мұның бәрі аз болғандай, пештегі от та жанғысы келмеді. Оттың лаулап жануы үшін, оттегі үздіксіз ағындап келіп жатуға тиіс қой. Әдетте жанған от айналадағы ауаны жылытады. Жылынған ауаның салмағы жеңілдейді де, жоғары көтеріліп, оның орнына оттегіге бай суық ауа үздіксіз ағындап келумен болады. Ал салмақсыздық жағдайында суық ауа мен жылы ауаның айырмасы жоқ. Жылынған ауа суық ауадан жеңілдемейді, өйткені екеуі де салмақсыз, сондықтан жылы ауа әдеттегідей жоғарыға көтерілмейді. Айналадағы оттегі жанып бітісімен, жалын да жалп етіп сөніп қалады. Бұған істейтін амал жоқ.

Осыны жақсы түсінген біздің достар тамақты электр пешке пісіруді дұрыс деп тапты.

— Мынадай жағдайда басқа тамақ әзірлемей-ақ шай қайнатсақ та жететін шығар, — деді Тетікше. — Шәйнекке су толтыру қанша айтқанмен жеңілдеу ғой.

— Өте орынды, тамаша ақыл! — деп қостады Бұрандаша.

Достар барынша еппен қимылдап, шәйнекке су толтырды да, оны электр плиткаға қойып, екеуін де бір жаққа ұшып кетпес үшін столға мықтап бекітіп байлап тастады. Әуелгіде бәрі дұрыс сияқты еді, бірақ арада бірнеше минут өтісімен Бұрандаша мен Тетікше шәйнектің шүмегінен судың көбіктей көлкіп сыртқа

шыға бастағанын көрді. Тетікше шөйнектің шүмегін саусағымен баса қойып еді, көбік-су енді қақпақтың астынан шығатын жол тапты. Қақпақ астынан көлкілдеп шыққан су бірте-бірте ұлғая берді де, ақырында шөйнектен бөлініп, дір-дір етіп, ұша жөнелді.

Тетікше шөйнектің қақпағын ашып, ішіне үңіліп, бос екенін көрді.

– Мәссаған, безгелдек! – деп таңырқай күңк етті Тетікше.

Достар шөйнекті екінші рет толтырып плиткаға қойды. Бір минуттан соң су қайтадан сыртқа төгіле бастады.

Осы сәтте Білгір кіріп келген еді.

– Дайын ба? Ергежейлілердің қарындары өбден ашты! – деді ол.

– Мұнда ғажап іс болып жатыр! – деп абыржи сөйледі Тетікше. – Су көлкілдеп сыртқа төгіледі.

– Судың сыртқа төгілуі ешқандай ғажап іс емес, – деп жауап берді бұған Білгір.

Ол шөйнекке жақындап келді де, шүмегінен шыға бастаған суға зер сала қарады. Сонан соң «ім» деді де, шүмекті саусағымен бекітіп байқады. Судың енді қақпақ астынан шыға бастағанын көріп, қайтадан «ім» деді де, қақпақты басып ұстап тұруға тырысты. Мұнан еш нәтиже болмағанын көрген Білгір үшінші рет «ім» деді де, бір сәтке ойланып қалды.

– Бұл жерде ешқандай ғажап іс жоқ, ғылыми тұрғыдан түсіндіруге болатын құбылыс қана бар, – деді ол осыдан соң. – Су, әдетте, араласу нәтижесінде ғана жылынатынын өздерің де білесіңдер. Отта немесе электр плиткасында тұрған шөйнектің ішіндегі судың төменгі қабаттары алдымен жылиды да, жоғарыға көтеріледі, ал жоғарғы қабаттағы салқын су төмен түседі. Сөйтіп шөйнектегі су үздіксіз қозғалыста, айналыста болады. Бірақ мұның өзі – судың салмағы болған жағдайда ғана жүзеге асатын құбылыс. Ал қазіргідей салмақсыздық жағдайында судың төменгі қабаттары жылығанымен, жоғары көтерілмей, орнында қалады да, өбден бұға айналғанша қыза береді. Бұға айналған соң көлемі ұлғайып, жоғарыдағы салқын суды сыртқа итеріп шығарады. Бұдан қандай қорытынды жасауға болады?

– Бәсе, қандай? – деп Тетікше алақанын жайды. + Шамасы, бұдан туатын қорытынды сол – көбіктей көлкіп сыртқа шыққан су шөйнектен бөлінген соң, біреудің арқасына барып жағылғанша ауада жүзіп жүре береді.

– Бұдан мынадай қорытынды шығады, – деді Білгір, даусын нығыздап, – салмақсыздық жағдайында суды тек герметикалық ыдыста, басқаша айтқанда, қақпағы мейлінше берік жабылатын, судың өзін де, буын да сыртқа шығармайтын ыдыста қайнатуға болады.

– Біздің шеберханада қақпағы дәл солай қатты жабылатын қазан бар. Соны әкеле қояйын, – деді Бұрандаша.

– Жарайды, әкел. Тек кешікпе. Тамақты дағдылы уақытта ішкен жөн. Бұл төртіпті бұзуға болмайды, – деді Білгір шығып бара жатып.

Бұрандаша еденге қағып қойған бәтәңкеден аяғын шығарып алды да, столдан итеріп қалып, ас үйден шыбындай шырқап ұша жөнелді. Шеберханаға кіру үшін ең әуелі аулаға шығуы керек еді. Асханадан ұшып шыққан бетінде ол аяқ-қолдарымен қабырғадан, жолда кездескен заттардың бәрінен қорғана итеріп, дәлізбен ілгері жылжыды. Ақыры, шығар есікке келіп жеткен. Ол қатты жабылыпты. Бұрандаша қанша әуреленсе де, аша алмады. Ол есікті алға итерген сайын қарсы тебетін күштің әсерімен өзі артқа қарай ұшып кетіп отырды. Содан қайтып есікке жеткенше тағы біраз әуреге түседі.

Бұдан еш нәрсе шықпасына көзі жеткен соң, ол басқа тәсілге көшті. Бүктетіле еңкейген қалпынша қолдарымен есіктің тұтқасынан ұстап, аяқтарын табалдырық алдындағы еденге тіреді. Осыдан соң серіппеше серпіліп, бар күшімен есікті итеріп қалды. Есік сарт етіп ашылды да, Бұрандаша екпінімен садақтың оғындай зымырап, аспанға қарай ұша жөнелді. Сол бетінше шырқай ұшып барды да, ауланың ең шетіндегі көлеңке үшін жасап қойған күркенің үстімен шарбақтан асып, көрінбей кетті.

Бұны ешкім байқамай қалды.

Төртінші тарау

ТОСЫННАН АШЫЛҒАН ЖАҢАЛЫҚ

Ас үйде жалғыз қалған Тетікшеге «Бұрандаша қазанды тауып өкелгенше, азырақ дем ала тұрайын» деген ой келді.

Ол орындыққа жайғаса отырып алды да, бір аяғын екінші аяғының үстіне айқастыра салып, тынығуға кірісті. Сырт қарағанда ол жайбарақат дем алып отырған сияқты көрінгенімен, санасы сан сақта еді. Ойнақшыған жанары орнында тұрмайтын Тетікшенің назары қай нәрсеге ауса да, сол сәтінде-ақ миында жаңа бір тапқыр ой жарқ ете қалатын. Қазір де еденге шегелеп тастаған Бұрандашаның бөтенкелеріне көзі түскен бойда оған мынадай ой келді:

«Ас үйден тысқа жалаң аяқ шығуға тура келетіні өкінішті-ақ. Шыққан сайын еденнен бөтенкені қайтадан босатып алып жатпайсың ғой. Ал егер еденге галоштарымызды шегелеп тастасақ, бөтенкелеріміз аяғымызда қалмай ма? Ас үйге келген соң, аяғыңды галошқа сұға сал да, іске кіріс. Бұл керемет табылған ақыл!»

Тетікше өзінің басына келген данышпандық ойға рақаттанып біраз отырды. Сонан соң әлгі ойын тағы да дамыта түсті:

«Галоштарды бұдан да тиімді пайдалануға болады. Бұл үйде он алты ергежейлі тұрамыз, әрбірімізде екі галоштан болғанда – ұзын саны отыз екі. Егер барлық бөлмелер мен дәліздерге осы галоштарды әрқайсысының арасын бір адым етіп шегелеп шығатын болсақ, аяқтарымызды бір галоштан екіншісіне сұға отырып, барлық бөлмелерді емін-еркін аралап жүруімізге мүмкіндік туады... Бұл – ғажап ақыл!»

Тетікше өзінің тапқан жаңалықтары жайында жүгіріп барып, Білгірге айтуға оқталып отырды да, кимелеп келген жаңа ойлардың ықпалымен ол ниетін артынша-ақ ұмытып кетті.

– Енді, бұдан былайғы жерде, салмақсыздық жағдайына байланысты барлығы өзгереді, – деп ойлады ол. – Мәселен, кәдімгі орындықты алайық. Оған отыру үшін

бәтенкенді еденге шегелеп тастауын қажет. Бұл оншалықты тапқырлық емес. Келешекте үзенгісі бар орындықтар жасау қажет. Отырған бойда аяғыңды үзенгіге сұға сал да, жұмысыңа кірісе бер, ешқандай ұшып кетпейсің. Бұл – тіпті данышпандық ақыл! Оның үстіне орындықтар айналып тұратын болуға тиіс...

Осындай ойлар Тетікшенің басына бірінен соң бірі келді. Көздерінде ерекше ұшқын ойнап, өңінде бақытты күлкі пайда болды.

Осы сәтте ас үйге Білгір қайтып оралған еді.

– Сендерге бүгін не болған? – деп айқайлап, ренжи келді ол. – Тамақ қайда?

– Қандай тамақ? – деді Тетікше кимелеген қиялдардан ә дегенде арыла алмай.

– Мынаны қарандар! – деп Білгір тіпті өршеленіп кетті. – Өздерінің тамақ әзірлеуге тиіс екендерін ұмытып қалыпты! Бұрандаша қайда?

– Бұрандаша ма?... Ол әлгі... герметикалық қазан әкелуге кетіп еді.

– Ол кеткелі бір сағат өтті ғой! Қазан әкелу де осынша қиын ба?

– Қазір барып тауып келейін, – деп Тетікше есікке қарай бет алды.

Білгірге Бұрандашаның мұнша кешігуі әлденеге күдікті көрінді. Тетікшенің шығатын есікке жақындап қалғанын көрген ол:

– Токта! Аулаға шығушы болма! – деп шошына айқай салды.

– Неге? – деп сұрады Тетікше.

– Айттым ғой саған, сақтанған дұрыс! – деп, ашулана дауыстады Білгір. – Қазір нені болса да барынша абайлап істеген жөн. Өйткені біз салмақсыздық жағдайындамыз. Ашық аспан астына шығысымен сені қайда алып кететінін алдын ала айтудың өзі қиын. Абайсызда бір нәрсе сәл ғана итеріп қалса болды – түпсіз тұңғиық әлем кеңістігіне самғап ұша жөнелуің мүмкін.

Білгір есікке барып, тұтқасынан қос қолдап ұстады да, басын сыртқа шығарып:

– Бұрандаша! Бұрандаша! – деп дауыстап шақыра бастады.

Дыбыс жоқ.

– Бұрандашаның шынымен-ақ әлем кеңістігіне ұшып кеткені ме? – деп шошына сұрады Тетікше.

Осы сәтте дәлізге бас сұға қалған Дымбілмес те бұл дауысты естіген еді. Ол:

– Мәс-саған безегелдек! Бұрандаша әлем кеңістігіне ұшып кетіпті! – деп тамағын жырта айқай салды.

Ергежейлілер абыр-сабыр болып, есікке ұмтылысты.

– Кейін, – деп айқайлады Білгір. – Есікке жақындамандар! Бұл қауіпті!

– Бұрандаша қайда? Оған не болды? – деп сұрады ергежейлілер жарыса сөйлеп.

– Әзір еш нәрсе белгісіз, – деп жауап берді Білгір. – Бар білетініміз: ол шеберханаға барамын деп шықты да, содан оралмады.

– Біреуіміз шеберханаға барайық, мүмкін әлі сонда шығар, – деді Тетікше.

– Салмақсыздық жағдайында шеберханаға бару оңай шығар саған, – деп күңкілдеді Быжылдақ.

– Қане, ұзынырақ жіп тауып әкеліндерші, – деп бұйырды Білгір.

Оның айтқаны сол сәтінде-ақ орындалды. Білгір жіптің бір ұшын беліне, екінші ұшын есіктің тұтқасына байлады да:

– Үйден ешқайсысың шығушы болмандар. Бұрандашаның жоғалып кеткені де жетеді! – деп қатал ескертті.

Білгір осыдан кейін денесін көлбеу ұстап, аяғымен табалдырықтан қаттырақ итеріп қалып, үйден онша қашық емес шеберхана жаққа қарай ұша жөнелді. Ол жылдамдық алуды дәл есептемепті, сондықтан өзі ойлағаннан гөрі әлдеқайда жоғарырақ көтеріліп кеткенін сезді. Шеберхананың үстінен ұшып бара жатып, ол желдің бағытын көрсетіп тұратын желбакқыштан ұстап тұра қалды. Осыдан соң үйдің төбесінен жаңбыр суы жерге ағып кетуі үшін қойылған құбырдың бойымен жылжып отырып, төмен түсті. Шеберхананың есігін ашып, ішіне кірді. Ергежейлілердің барлығы оның әрбір қимылын кірпік қақпастан бағып тұрған. Бір минуттан соң Білгір шеберханадан қайта шықты.

– Мұнда жоқ! – деп айқайлады ол. – Шамасы, бұл жерге келмеген де сияқты. Қазір барып күркені қараймын.

Білгір бір-ақ секіріп, күркеге жетті. Ішіне үніліп еді, Бұрандаша онда да болмай шықты.

– Ең дұрысы – үйдің төбесіне шығып қарау болар. Жоғарыдан жердегінің бәрі жақсы көрінеді. Қане, жіптен тартып, мені үйге жақындатындаршы, – деп айқайлады Білгір.

Ергежейлілер жіптен тартып, Білгірді қайтадан үйге жақындатты. Білгір су ағатын құбырмен өрмелеп үйдің төбесіне шықты да, жан-жаққа көз салып қарай бастады. Сол сәтте кенеттен соққан жел оны үйдің үстінен ұшырып ала жөнелді. Білгір қорыққан жоқ, өйткені ол ергежейлілердің кез келген сәтте өзін жіппен кері тартып алатынын білді.

– Бұл қайта дұрыс болды, – деді Білгір өзіне-өзі. – Жер бетімен вертолетке мінгендей ұшып бара жатып, айналаны мейлінше жақсылап қарап алуыма болады.

Алайда, ол жан-жақты шолып үлгермеді, өйткені келесі сәтте ешкім күтпеген оқиға болды. Білгір шарбақтың тұсына жете бергенде, әлдеқандай күштің өзін төмен қарай тарта жөнелгенін, өзінің жерге қарай құлдилап құлап бара жатқанын сезді. Сол бетінше жерге келіп топ ете түскен ол қапелімде не болғанын аңғармай да қалған еді. Бүкіл денесінің кенеттен мейлінше ауырлап кеткенін сезді. Орнынан әрең дегенде көтеріліп жан-жағына көз салды.

Ол өзінің жерде қайтадан нық тұрғанына таңырқады.

– Міне, қызық! Шамасы, менде қайтадан салмақ пайда болған сияқты, – деп күбірледі ол.

Білгір әуелі бір қолын, сонан соң екінші қолын көтеріп, бір аттап, екі аттап жүріп көрді... Қол-аяқтары қорғасын күйгандай ауырлап кетіпті, әрең дегенде икемге келді.

«Бұлардың мұнша ауырлап кетуі – салмақсыздық жағдайынан салмақтылық жағдайына кенет көшудің нәтижесі болар» деп ойлады ол.

Ергежейлілердің барлығы ашық есіктен өзіне үрейлене қарап тұрғанын көрген Білгір оларға:

– Бауырлар, бері қарандар! Бұл жерде салмақсыздық жоқ! – деп айқай салды.

– Сонда не бар? – деп сұрады өлдекім.

– Бұл жерде салмақтылық бар. Маған қайтадан салмақ күші өсер етуде. Қарандар, мен тұрмын... Жүре аламын... Секіремін де!..

Білгір бірнеше қадам жасады да, секірмек болып әрекеттеніп көрді. Бірақ онысынан түк шықпады: аяқтарын жерден жұлып алуға шамасы жетпеді.

Дәл осы сәтте шарбақтың ар жағынан өлдекімнің ыңырсыған аянышты үні естілді. Білгір құлағын тосып тындап еді, өзін өлдекім көмекке шақырғандай көрініп кетті. Ол көп ойланбастан шарбаққа жүгіріп барды да, жоғары өрмелеп шықпақ болды. Бірақ оған шамасы жетпеді. Еңсесін басқан ауыр салмақ уысынан босата қоймады. Шарбақтың ар жағында өзін өлдекімнің шынында көмекке шақырғанын енді анық естіген Білгір шарбақтың бір тақтайын жұлып алып, тесіктен сығалап еді, анадай жерде жатқан Бұрандашаны көрді. Бұрандаша да Білгірді байқаған болатын.

– Білгір, ағатай, көмектесе гөр, шамасы, аяғымды сындырып алған сияқтымын! – деп айқайлады ол.

– Сен мұнда қайдан тап болдың? – деп сұрады оның жанына жүгіріп келген Білгір.

– Мен былай, есікті итерген едім, есік сарт етіп ашылып кетті де, мен, былай, зымырап ұша жөнелдім...

– Манадан бері неге жауап бермедің? Сені айқайлап шақыра, шақыра дауысым қарлықты!

– Мен еш нәрсе естіген жоқпын. Шамасы, есім ауып қалса керек.

Білгір Бұрандашаны қолтығынан демеп тұрғызды да, аркасына салып, шарбақтың тесігінен өтіп, үйге бет алды. Бірнеше қадам жасаған соң, оған көтерген жүгі жеңілденгендей көрінді. Алға қарай тағы бір аттап еді, кенеттен Бұрандашамен бірге ауаға көтеріліп, ұша жөнелді.

«Бұл не гажап? Қайтадан салмақсыздыққа тап болдық!» – деп ойлады Білгір.

Алғашқыда ол абыржып қалған еді, бірақ артынша өзінің жіпке байлаулы екені есіне түсіп:

– Ағайындар, бізді өздеріңе қарай тездетіп тартыңдар! – деп айқай салды.

Білгір мен Бұрандашаның барған сайын жоғарылап, әуеге шырқай түскенін көрген ергежейлілер жіптің ұшынан шап беріп ұстасты да, Білгірді үйге қарай тарта бастады. Білгір, Бұрандашадан айрылып қалмайын деп, жағасынан мықтап ұстап алған-ды. Әп-сәтте-ақ ергежейлілер оларды бөлменің ішіне қайтадан кіргізіп алды. Бәрі де Бұрандашаны көруге асыққан еді, бірақ дәрігер Дәруов:

– Көнеки, тарандар, үймелемендер! Ауруды төсекке жатқызыңдар, мен оны көруім қажет, – деді каумалағандарға.

Ергежейлілер Бұрандашаны дәлізбен көтеріп ала жөнелді.

– Ақырын, бауырлар! – деп жалынды Бұрандаша. – Аяғымды ауыртасыңдар!

Ергежейлілер ақыры оны бөлмеге әкеліп төсекке жатқызды да, жіппен байлап тастады. Дәруов Бұрандашаны қарай бастады. Ол саусақтарымен оның қол аяғын, кеудесін, тіпті басын да тықылдатып көріп, қандай дыбыс шығатынына зер салды. Сонан соң:

– Саған, бауырым, е-е... ім-м... төсекте жата тұруға тура келеді, – деді. – Бірақ сен қорықпа, қорқатын еш нәрсе жоқ. Сен, былайша айтқанда, аяғыңды шамалап ауыртып алғансың.

– «Шамалап ауыртып алғаны қалай?» – деп сұрады Бұрандаша.

– Ол былай, ім-м-м... аяғыңды қатты соққансың, былайша айтқанда, содан... ім-м-м... сіңірі шамалап созылған... және ім-м... буындарыңа едәуір салмақ түскен... ім-м-м, иә! Біраз уақыт өткен соң буындарыңның ауырғаны қояды, сен содан соң қайтадан, былайша айтқанда жүре аласың... Әрине, егер ол қажет болса.

– «Қажет болса» дегеніңіз қалай? – деп күдіктене сұрады тағы Бұрандаша.

– Егер салмақсыздық жағдайы сақталып қалса, біздерге жүрудің еш қажеті жоқ дегенім ғой. Онда, былайша айтқанда, бәріміз ұшып жүреміз.

– Сөйдемеймісің, – деді Бұрандаша. – Ал маған, бы-

лайша айтқанда, бір нәрсе жеуге болмас па екен? Таң атқалы нәр татқан жоқпын.

– Тамақтың жайы не болып жатыр? – деп сұрады Дәруов Тетікшеден.

– Салмақсыздық жағдайына байланысты тамақ әлі әзір емес, – деп жауап берді Тетікше. – Бірақ Білгір салмақсыздық жағдайы жоқ жерді тапқандықтан, біз қазір сонда барамыз да, от жағып, тамақты тездетіп дайындаймыз.

– Сен, көгершінім, бері қара, – деді дәрігер Дәруов. – Таңғы тамақты әзірлеудің енді ешқандай қажеті болмас, өйткені мезгіл түс болып қалды. Сен одан да бірден түскі тамақ әзірле, ал ауруға әзірше нан мен мұраппа бере тұрамын.

Дәруов нан мен мұраппа әкелуге кеткенде, Тетікше беліне жіпті байлай салып, ауланың шетіне бет алды. Салмағының қайта оралғанына көзі жеткен ол жіптің ұшын шарбаққа байлады да, ергежейлілерге:

– Қане, мына жерге отын, сірінке, кастрөл, шөйнек, таба мен азық-түлікті тездетіп әкеліңдер! – деп айқай салды.

Ергежейлілер керілген жіптен ұстап, Тетікшеге тамақ әзірлеуге қажетті заттардың барлығын таси бастады. Ұлыған аш қарын оларды тез қимылдауға мәжбүр етті. Тек ауру Бұрандаша мен ас ішетін бөлменің төбесіне таяу жерде қалқып тұрған Томпи ғана жұмыс істеген жоқ. Білгір Томпидың кеңістікте бағдарлай білу қабілетінен айрылып қалғанын, сөйтіп, салмақсыздық жағдайына бейімделе алмай жатқанын айтты. Ал, шын мәнінде, Томпи салмақсыздық жағдайына әлдеқашан бейімделіп үлгерген-ді, бірақ ол мейлінше қу болғандықтан, әзірше онысын жасыра тұруды жөн көрді. Басқа ергежейлілер жұмыс істеп жатқанда, ол бөлме ішінде ақырын ұшып жүріп, кастрөлден сыртқа төгіліп, айналасында қалқып жүрген бөкпен түйіршіктерін шетінен қылғытумен болды. Аз ғана уақыттың ішінде жалғыз өзі-ақ бір кастрөл бөкпеннен түк қалдырмай соғып алды.

– Қарным тойды, енді маған еш нәрсенің керегі жоқ! – деді ол өз-өзіне риза болып. – Ал басқалар, қалағандары сол болса, терлеп-тепшіп жұмыс істей берсін.

Ергежейлілер тамақ пісіріп жатқанда, Білгір беліне жіп байлап алды да, аулаға шығып, бақылау жасауға кірісті. Салмақсыздық жағдайы үй төңірегіндегі жиырма-отыз кадам жерде ғана байқалады екен. Білгір оны салмақсыздық аймағы деп атады. Одан әрі салмақтылық аймағы басталады. Жіптің көмегімен салмақсыздық аймағынан өткен соң, салмақтылық аймағына енесіз, одан әрі қақпадан шығып, еш нәрсеге алаңдамай, көше бойлап, кез келген бағытқа жүре беруге болады.

Осындай ғылыми дәлелдерді анықтаған соң, Білгір Дәуровке келіп:

– Енді салмақсыздық жағдайы тек бізде ғана ма, әлде қаланың өзге бөліктерінде де байқала ма, осыны білуге тиіспіз, – деді. Ол үшін қазір қаланы аралап, тұрғындардың ішінен біреу-міреу басы айналғандай, немесе басымен төмен қарап салбырап тұрғандай күйді, яғни салмақсыздық жағдайының белгілерін бастан кешті ме, жоқ па, осыны біліп қайтқан жөн. Бұл деректер бізге осы жұмбақ құбылыстың себебін анықтауға көмектеседі. Біздегі салмақсыздық жағдайы туралы әзірше ешкімге айтудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Ол туралы қалаға хабар тараса, барлығы бізге лап қояды, олай болғанда, оның аяғы немен тынарын болжау қиын. Бұрандашаның хикаясының жақсылықпен аяқталғанына шүкіршілік, менің өзім де аяғымды сындырып ала жаздадым ғой, өйтеуір, сәті түсіп, сау қалдым. Табиғаттың өлі әзірге жеткіліксіз зерттелген бұл құбылысынан мейлінше абай болған абзал.

Дәруов қалада жүргенде ергежейлілер тамақты әзірлеп болды да, сол жерде ашық аспан астында отырып іше бастады. Бұл тіпті тамаша болды, өйткені таза ауада төбет те ашыла түседі ғой. Әрине, алдымен олар ауырып қалған Бұрандашаны тамақтандырды. Бұл – оп-оңай шаруа болмады, өйткені Бұрандашаны салмақсыздық жағдайында тамақтандыруға тура келген-ді. Тетікше оған арнап көдімгі ауруханаларда әзірлейтін бөкпен көже пісіруді жөн деп тапқан. Ал ең қызығы – Тетікше оны Бұрандашаға шай демдейтін шөйнекке құйып бергені болды. Шөйнектің қақпағы қатты жабылғандықтан, салмақсыздық жағдайына ұшырағанда да, ішіндегі

көжесі төгілген жоқ. Аурудың бар бітіретіні — шөйнектің шүмегін аузына салып, жайымен сору ғана. Сөйтіп, тамактану тез, әрі сәтті аяқталды.

Тетікше, Бұрандашаға өзірлеген бөкпенді оншалықты қою да, сұйық та етіп жібермей, бабымен пісірді. Мұндай бөкпен табаққа жақсы жабысады, сондықтан салмақсыздық жағдайының өзінде де табактан бөлініп ұшып кетпейді, сондықтан оны бір орнынан екінші орынға ауыстыруға, қасықпен алып жеуге болады. Үшіншіге деп өзірленген мүкжидек киселін де Бұрандаша шөйнектен ішті.

Осыдан соң ергежейлілер дәл осындай әдіспен Томпиды да тамақтандырды. Томпи осыдан бұрын айтқанымыздай тек салмағынан ғана емес, ұятынан да айрылған еді, оның тамаққа деген төбеті ғана сақталып қалған болатын.

Қаланы барлап қайтуға кеткен Дәруов көп кешікпей оралды да, Білгірге салмақсыздық жағдайының басқа еш жерде байқалмайтынын хабарлады. Ергежейлілердің тұрмыс тіршілігінде өзгеріс жоқ. Ешқандай жұмбақ құбылыс та, ешкімнің салмақсыздық жағдайындағыдай ауруға шалдығуы да аңғарылмаған.

Дәруов айтқан фактілер Білгірді ойлануға мәжбүр етті. Салмақсыздық аймағының өз аулаларынан әрі аспағаны оған бір түрлі түсініксіз болып көрінді.

«Мұнда бір гөптің бар екені даусыз. Бірақ соның өзі не?» деп ойлаумен басы қатты.

Ергежейлілерге барынша абай болу керектігін тағы да айтып ескерткен Білгір түстен кейін азырақ демалуға және барлық жағдайды оңашада ой елегінен өткізуге өз бөлмесіне кетті. Әдетінше ол тактайдан жасалған төсегіне қисая тұрмақ болған, бірақ салмақсыздық жағдайында өзін-өзі төсекке таңып тастамаса, жата алмайтыны есіне түсіп, бөгеліп қалды. Мұның өуресі көп, әрі қажеті де жоқ еді. Бөлме ішіндегі заттардың барлығы орын-орнында болып көрінуі, ойлануға кедергі жасамауы үшін денесін көлбеу қалыпқа келтіріп, Білгір төсектің үстінен сәл биіктеу жерге жайғасты да, ойға шомды.

— Салмақсыздық аймағының шеңбер сияқты болуы,

ал оның дәл ортасында біздің үйдің орналасқаны қызық, — деді ол өзіне-өзі күбірлеп сөйлеп. — Сөйтіп, біз салмақсыздық аймағының кіндігіндеміз. Оның дәл орталық нүктесі мынау мен жатқан жерде, немесе осы маңда болуы мүмкін ғой? Салмақсыздық жағдайының құпиясы оның орталық нүктесіне байланысты емес пе екен?

Білгір бір сәтке өзін жұмбақ сырдың шешімін табуға жақындап қалғандай сезінген еді, бірақ ойлары күтпеген жерден мүлде басқа арнамен ағындап жүре берді.

«Салмақсыздық жағдайы қалай пайда болып еді? Ненен басталып еді? Еске түсірейікші, — деді Білгір көзге көрінбейтін әлдекіммен сөйлесіп отырғандай күбірлеп. — Мұның өзі таңертең басталды ғой. Алғаш бәрі әдеттегідей болатын... Мен бөлмені жинадым, содан соң ай тасын шкафқа қойдым, содан соң... содан соң... Иә, содан соң не болып еді? Содан соң салмақсыздық жағдайы басталған жоқ па!»

Білгірдің басында көптеген ойлар аласұрды.

«Мүмкін, салмақсыздық жағдайының құпиясы ай тасына байланысты шығар?» деген сұрақ оның миында күтпеген жерден жарқ етті.

«Несі бар, олай болуы да әбден мүмкін, — деп жауап берді ол бұған. — Шынтуайттап келгенде, ай тасы дегеніміз не? Оның сыры әзір ешкімге белгісіз. Оның бойында қызық қасиеттердің бар екені ғана белгілі бізге... Мүмкін, солардың ішінде заттардың салмағын жоятын күш те бар шығар... Бірақ ай тасының менде жатқанына көп болды ғой. Содан бері ол қасиеті неге байқалмаған? Әлде, ай тасы осыған дейін басқа жерде жатқандықтан байқалмады ма? Мүмкін, оның бойындағы заттардың салмағын жоятын қасиеті қазіргі жатқан орнына байланысты шығар?»

Білгірдің жүрегі лүпілдеп кетті. Ол өзінің аса маңызды ойдың етегінен ұстағанын сезді және осы шешімінен айрылып қалмауға тырысты.

— Олай болса... — деді кимелеген басқа ойлардың барлығын қуып тастауға тырысып, — яғни салмақсыздық жағдайы ай тасының жатқан орнына байланысты болса, онда біз тасты шкафтан алысымен-ақ, салмақсыздық та жойылуға тиіс.

Өзінің ұлы жаңалық ашуға жақын екенін сезген Білгір қуанғаннан тіпті қалшылдап кетті.

«Жарайды, – деп күбірледі ол, – қазір тәжірибе жасап көреміз».

Аяғымен қабырғадан жайлап қана итеріп қалып, аяқ-қолдарымен суға жүзгендегідей қимылдар жасай отырып, ол минералдар коллекциясы сақтаулы тұрғай шкафқа жақындады.

«Қане, тәжірибе жасайық, тәжірибе жасайық...» деп қайталаумен болды, ол бейне бір өзінің не істегісі келгенін ұмытып қалудан қорыққандай-ақ.

Алайда қатты толқығандықтан, өзінің қимылдарын дұрыс есептей алмады да, қалаған жеріне жеткенше бүкіл бөлмені тектен-текке айналып шықты. Ақыры, шкафқа жетіп, есігінен ұстай алды да, кісі күлерлік қалыпта, аяқтары ауада тырбандап, кесе-көлденен тұрып қалды.

«Несі бар, тәжірибе жасап көреміз!» деді ол батылданып.

Сол сәтінде-ақ миына: «Егер менің тәжірибемнен еш нәрсе шықпаса ше? Салмақсыздық жойылмаса ше?» деген күдікті ой да жүгіріп өткен.

Үстіне суық су құйып жібергендей, осы ой Білгірдің аптығын басты. Арқасы мұздағандай болып, жүрегі кеудесіне сыймай дүрсілдеп кеткен ол, өзінің не істеп, не қойғанын ойланып жатпастан, шкафты ашты да, төменгі сөредегі ай тасын қолына алды.

Осыдан кейінгі оқиғалар Білгірдің ғылыми болжамдарының дұрыс екенін мейлінше айқын көрсетіп берді. Ай тасын қолына алған заматта-ақ біреу оны арқасынан қатты итеріп жібергендей болды. Еденге етпетінен жалп етіп құлап түсіп, екі тізесін оңдырмай ауыртып алды, әлдеқандай ауыр салмақ өзін жерге жаныштай түскенін сезді. Сол сәтте тарс-түрс еткен дыбыстар да естілді. Бұл – осыған дейін, салмақсыздық жағдайында, бөлме ішінде ұшып жүрген әр түрлі заттардың жерге құлаған дыбысы еді. Үйдің іші жер сілкінгендей тарсыл-гүрсілге толып кетті. Білгір қорыққанынан екі көзін жұма қойды. Оған қазір үйдің төбесі де гүрс етіп құлап түсетіндей көрінді. Ол көзін қайта ашқанда, бөлменің дәл бұрынғы

қалпындағыдай екенін көрді; тек кітаптар ғана айналада жөн-жосықсыз шашылып жатыр еді.

Орнынан тұрып, үйреншікті салмақтылық жағдайының қайта оралғанын сезінген Білгір қолындағы ай тасына зер сала қарады.

«Мінеки, гөп қайда жатыр! – деп қуана дауыстап жіберді ол. – Ал бірақ салмақсыздық жағдайы неліктең ай тасы шкафта жатқанда ғана пайда болады? Әлде ай тасы бөліп шығаратын энергия минералдар коллекциясындағы өлдеқандай басқа бір затпен қарым-қатынасқа түскенде ғана пайда бола ма? Оның қандай зат екенін қайтіп білуге болады?»

Білгір қабағы түсіп, қайтадан қатты ойға батты. Алғашқыда оның басына өлдеқандай күңгірт ойлар келді. Ол ойлардың әрқайсысы аспандағы зымырай қалқып бара жатқан жұлма-жұлма бұлтқа, немесе қабырғадағы не нәрсе екенін айырып болмайтын буылдыр дақтарға ұқсайтын. Кенет оның миында осындай күңгірт елестердің барлығын бір-ақ сәтте қуып тастаған ап-айықын ой жарқ етті.

«Шкафта сақтаулы тұрған барлық минералдарды біртіндеп шығаруым қажет. Ай тасына өсер ететін минерал шкафтан алынған заматта салмақсыздық та жойылуға тиіс. Сөйтіп, біз оның не зат екенін анықтай аламыз».

Ай тасын шкафтағы орнына қойып, салмақсыздық жағдайы қайтадан пайда болғанын сезінген Білгір оның ішінде жатқан минералдарды бір-бірлеп сыртқа шығарып, бақылай бастады. Алғаш ол төменгі сөреде жатқан минералдарды шығарған. Олардың ішінде тау хрусталі, дала шпаты, слюда, қоңыр түсті темір кені, мыс қоспасы, күкірт бар еді. Одан өрірек пирит¹, халькопирит², мырышты қоспа, жарқырауық қорғасын және басқа минералдар жатқан. Төменгі сөредегі тастардан кейін Білгір жоғарғы сөредегі тастарға кіріскен. Ақыры ол барлық тастарды шығарып болды, бірақ салмақсыздық жойыл

¹ П и р и т – күкірт пен темір қосындысы.

² Х а л ь к о п и р и т – күкірт, темір және мыс қосындысы.

ған жоқ. Білгірдің еңсесі түсіп, көңілі пәс болып қалды. Ол шкафтың есігін қайта жабуға оқтала бергенде, төменгі сөренің ең түпкірінде елеусіз жатқан кішкене тасқа көзі түсті. Ол – магнитті темір кенінің сынығы еді. Өз тәжірибесінен көңілі қалып, күдер үзген Білгір қолын созып, шкафтан магнитті кенді алып шықты. Сол секундта салмақ күші өзін төмен қарай тарта жөнелгенін сезіп, еденге қайта құлап түскен.

«Сөйтіп, салмақсыздық жағдайы магнит энергиясы мен ай тасы энергиясының қосылуынан пайда болады екен ғой» деп қорытынды жасады Білгір.

Ол еденнен тұрды да, столдың жәшігінен жылжымалы көрсеткіштері бар есептеу сызғышын алып шықты. Сызғыштың бір басына ай тасын, екінші басына магнитті темір кенін бекітті де, араларын жақындатып көре бастады. Ай тасы магнитті кенге шкафтың ішінде жатқандағыдай қашықтыққа жақындасымен-ақ салмақсыздық жағдайы қайта туды.

«Сонымен... – деді Білгір көзге көрінбейтін тыңдаушылар алдында лекция оқып тұрғандай-ақ, – сонымен біз салмақсыздық жағдайы ай тасы мен магнитті кен бір-біріне белгілі бір қашықтыққа жақындап келгенде ғана пайда болатынын көріп тұрмыз. Бұл қашықтықты – межелі қашықтық деуге болады. Екі минералдың арасы межелі қашықтықтан алыстаса болды, салмақсыздық жойылып, біздерге қайтадан салмақ күші әсер етеді».

Осы сөздерін дәлелдеу үшін Білгір сызғыштың екі басын қайтадан бір-бірінен алыстатып еді, сол сәтте салмақ күші оны төмен қарай жұлқып қалды. Тізелері бүгіліп, еденге отыра кетті. Алайда, Білгір бұған ешбір абыржыған жоқ. Қайта өңі нұрланып, жымиды да:

«Мінеки, салмақсыздық құралы! Енді салмақсыздық жағдайын туғызу – өз қолымызда, қалаған уақытта біз оған өмір жүргізе аламыз!» деді салтанатты үнмен.

Бесінші тарау

БІЛГІРДІҢ ҒАЛАМАТ ЖОСПАРЫ

Білгір салмақсыздың сырынын ашылуы ғылым үшін қанша зор пайда келтіретінін ойлап, біраз уақыт отырып қалды. Оның басындағы сапырылысқан ойлардың көптігі сондай, әуелгіде еш нәрсені дұрыстап түсініп болмайтындай еді. Ақырында солардың ішінен жалғыз ой өзгелерін ығыстырып шығарды.

«Қазір ергежейлілерге барып, өзім ашқан жаңалықты айтайын, салмақсыздық құралын көрсетейін» деп ойлады ол.

Еденнен тұрып, есікті ашысымен, оның құлағына төменнен шығып жатқан, зар еңіреген дауыс шалынды. Білгір өзі ашқан жаңалықты да ұмытып кетіп, басқышпен төмен зымырады. Оның көзіне бірден түскені – ергежейлілердің Томпиды жан-жағынан қаумалап, қоршап алғаны еді. Томпи мұрнын алақанымен басып, креслода отыр, ал қолында дәке мен иод сауыты бар дәрігер Дәуіров оған төніп тұр екен.

– Жақындама! – деп баж ете қалған Томпи Дәруовты аяғымен теуіп жіберуге ұмтылды. – Жақындама! Айттым болды!

– Мен сенің мұрныңды таңуға тиіспін ғой, – деп жатыр Дәруов.

– Бұған не болған? – деді Білгір ергежейлілерге жақын келіп.

– Мұрнымен столға былш етті, – деді Ұшқалак.

– Мұрнымен столға былш еткені қалай?

– Ол өне бойы ауада қалқып жүрген, салмақсыздық жойылған кезде, мұрнымен столды сүзе құлады. Қайта еденге құламағанына шүкір, – деп түсіндірді Ұшқалак.

– Мүмкін бұған сенің сөзің әсер етер, Білгір, – деді дәрігер Дәруов. – Жақындай алмай әуреленгеніме жарты сағат болды!

Томпидың бажылдап, аяқ сермеуін қоймағанын көрген Білгір:

– Қане, тыныштал енді! – деді даусын қатаң шығарып.

Бұл жағдайға Білгір араласқанын көрген Томпи бірден жуаси қалды. Дәруов қанды тез тоқтатты да, Томпидың мұрнын дөп-дөңгелек шар төрізді етіп, әдемілеп таңып берді.

– Көрдін бе, қатып кетті, – деді ол.

– Жарайды, жарайды! – деп ашулана күнкілдеді Томпи.

Ол креслодан түсті де, таңылған мұрнын саусағымен сипалап көре бастады. Дәруов оның қолын қағып жіберіп:

– Мен сенің мұрныңды өзінің бұрынғы қалпынан айрылып қалмасын деп таңып бердім, ал егер сен оны қолыңмен ұстауды қоймасаң, мұрныңның кескіні қандай болып бітерін айту қиын! – деді.

– Тұра тұр, мұны кім істегенін білейін әуелі! Сонан соң мен оған көрсетемін! – деп Томпи кіжінумен болды.

Осы сөздерді естіген Білгір тәжірибе жасауға кіріспес бұрын ергежейлілерді мертiгіп қалмандар деп ескертуі жөн болатынын ұққан еді. Томпидың алдында өзін кінәлімін деп санаған ол ашқан жаңалығы жайында әзір ешкімге еш нәрсе демеуге, кейін осы оқиға ұмытылған соң ғана айтуға бекінді.

Салмақсыздық жойылғанына, енді қайтып болмайтынына көзі жеткен Дымбілмес қаланы аралап, кездескендердің бәріне болған оқиға жайында айта бастады. Алайда оның айтқандарына ешкім сене қойған жоқ, өйткені бәрі де Дымбілместің ойдан шығарып қосып жіберуге шебер екенін білетін еді. Ергежейлілердің сенбеуі Дымбілместің жынын келтірді. Ақырында ол салмақсыздық жағдайы жөнінде өзінің досы Мыңкылдаққа келіп айтқан еді. Мыңкылдақ та қарап тұрмай:

– Шамасы, сенің сезінгенің салмақсыздық жағдайы емес, жарыместік жағдайы болар, – деп қойып қалды.

Бұл сөзі үшін Дымбілмес Мыңкылдаққа жұдырығын ала жүгірді. Мыңкылдақ та қарыз болып қалған жоқ, әрине. Нәтижесінде екеуі шекісіп қалды да, Мыңкылдақ Дымбілместі жеңіп кетті.

– Осыдан соң жұртқа шындықты жеткізіп көр! – деп күнкілдеумен болды Дымбілмес үйіне қайтып келе жатып. – Қызық өзі: түкке тұрғысыз бір нәрсені ойдан шы-

ғарып айта салсаң жұрттың бәрі сенеді, ал еш қоспасыз шындықты айтып көр, сенбек түгілі өзінді сабап жібереді. Сонымен іс бітеді.

Дымбілместін айтқан әңгімелері алайда Гүл қаласының тұрғындары арасында әр түрлі айтыстар мен қауесеттер туғызып жіберді. Біреулер: салмақсыздықтың болуы мүмкін емес, өйткені бұрын ешқашан болмаған нәрсе кенет қайтіп бола қалады десе; екіншілері: салмақсыздықтың болуы мүмкін, өйткені не нәрсені алсақ та болмай-болмай келіп, ақырында бір күні бола қалады емес пе десті; ал үшіншілері: салмақсыздықтың болуы да, болмауы да мүмкін, егер ол іс жүзінде болмаған болса, онда іс жүзінде басқа бір нәрсенің болғаны анық, өйткені қашан да болмасын, әйтеуір, бір нәрсе болмай тұрмайды, «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» десті.

Қаланың қайсыбір ең қызыққұмар тұрғындары Білгірдің үйіне келіп, ауладан мұрнын таңып алған Томпиды жолықтырып:

– Томпи, шынында айтшы, сендерде салмақсыздық жағдайы болғаны рас па? – деп сұрасты.

– Салмақсыздық дегенің, мінеки, менің мұрнымнан бірақ шықты! – деп ашулана жауап қайырды Томпи.

Ергежейлілер оның сөзіне күлді де, үйлеріне тарап кетті. Бұл сөзден соң енді ешкім де салмақсыздық жайындағы әңгімеге сенген жоқ.

Кешкісін шай үстінде Білгір мен достары күндізгі оқиғаны еске алысқан. Әркім өзінің сондағы сезімдері мен салмақсыздық жағдайы туғанда не ойлағанын ортаға салды. Ең қызығы сол: бәрі де салмақсыздықтың тез біткеніне өкініш білдірісті. Қанша айтқанымен өте қызық оқиға ғой. Білгір салмақсыздық жағдайының құпиясын өзінің қалай ашқаны жайлы айтып беруге оқталып, тілі қышып-ақ тұрды, бірақ Томпидың таңып алған мұрнына көзі түсіп кетісімен, тілін тістеп бұл ниетінен бас тартты.

Бұл түні Білгір көпке дейін ұйықтай алмады: салмақсыздық жағдайы қандай пайда келтіре алады деген мәселені ойланумен болды.

«Салмақсыздық, егер кілтін тауып пайдалана алсақ,

гажайып күш, – деп ойлады ол. – Салмақсыздықтың көмегімен аса ауыр нәрселерді көтеруге, орнынан жылжытуға мүмкіндік туады. Тура мағынасында айтқанда, тауды да төңкеріп тастай аламыз. Аса үлкен ракета жасап, космосқа саяхатқа шығуға болады. Қазір, мысалға, ракетаны қажетті жылдамдықпен ұшыру үшін аса көп отын тиеп алуға тура келеді; ал егер ракетаның ешқандай салмағы болмаса ше, онда отын да мейлінше аз жұмсалмақ. Сонда оның орнына жолаушылар мен оларға деген тамақ қорын көп етіп тиеп алуға болар еді. Айға ұзақ мерзімге саяхатқа шығудың, оның қойнауына терендеп еніп, сонда тұратын ай ергежейлілерімен танысу мүмкіндігі, міне, осында жатқан жоқ па».

Қиялдап жатып, Білгір ұйықтап кетті. Түсінде ол космос ракетасын, Айды, ай ергежейлілерін, тағы басқа көптеген қызық жайларды көрді.

Ертеңіне Білгір жоғалып кетті. Таңғы тамаққа келген жоқ. Ергежейлілер оның бөлмесіне кіргенде, стол үстінде жатқан кішкентай қағазға көздері түсті, онда «Күн қаласына. Білгір» деген үш-ақ ауыз сөз жазылыпты. Ергежейлілер осы жазуды оқып барып, Білгірдің Күн қаласына кеткенін білді.

Білгір нені болса да тез тындырып тастауды жақсы көретін ергежейлі. Егер ол бір іске бел буса, ешқашан кейінге қалдырмайтын. Осы жолы да солай істеді. Жұрттың бәрі ұйықтап жатқанда, елең-аланда оянған ол Күн қаласына баруға бел буды да, ешкімді оятқысы келмей, қағаз жазып қалдырып, ақырын ғана үйден шықты. Егер оның орынында басқа біреу болғанда «Күн қаласына» деп қысқа ғана қайырмай «Мен Күн қаласына кеттім» деп толығырақ жазар еді, бірақ Білгір көп сөзділікті жек көретін, өрі ол «Күн қаласына» деген сөз өзінің Күн қаласына кеткендігінен басқа ешқандай мағына бермейтініне сенген еді.

Екі ай өткенде Білгірден телеграмма келді, онда: «Бұрандаша, Тетікше, Күн қаласына», – деп жазылыпты. Бұрандаша мен Тетікше телеграмманың төркінін бірден түсінді де, тез жиналып, жолға шықты.

Біразға дейін олардан хабар болмады. Сондықтан Гүл қаласының тұрғындары оларды Білгірмен бірге Күн

қаласына біржолата қоныс аударған шығар, енді қайтып оралмайтын болар деп ойлаған.

Кешікпей ергежейлілер Гүл қаласына жақын Қияр төбешігінің маңында құрылыс жұмыстары басталғанын байқады. Ол жерге жеп-жеңіл пенопластмассададан жасалған құрылыс блоктары тиелген жүк машиналары ағылып келе бастады. Үстеріне көк комбинезон киген бірнеше ергежейлі ол блоктардан шағындау, көрікті және тұруға ыңғайлы бір қабатты үйлерді құрастыруға кірісті.

Ұшқалақ нендей құрылыс екенін білуге асығып, жұрттан бұрын жүгіре жөнелген. Оның ізінше өзге тұрғындар да солай қарай бет алды. Олар жұмыс істеп жүрген ергежейлілердің ішінен Бұрандаша мен Тетікшені көріп, таң қалысты.

– Әу, сендер мұнда не істеп жүрсіндер? Бұл жерде не болады? – деп айқайлады Ұшқалақ.

– Космос қалашығы болады, – деп жауап берді Бұрандаша.

– Космос қалашығы не үшін қажет?

– Білгір келген соң не үшін қажет екенін өзі дұрыстап түсіндіріп береді, – деді Бұрандаша.

– Немене, Космос қалашығын өзіміз сала алмайтын ба едік? – деді Дымбілмес ренжи сөйлеп.

Осы сәтте Дымбілместің түріне қараған кісі, ол өмір бойы тек Космос қалашықтарын салумен ғана айналысқан жан екен деп ойлаған болар еді.

– Сен қайғырмай-ақ қой, жұмыс бөрімізге жетеді, – деді оған Бұрандаша. – Біріншіден, үйлердің айналасын безендіріп гүл егуіміз қажет; екіншіден, электр жарығын жеткізу үшін станциядан Космос қалашығына дейін электр желісін тартуға тиіспіз; үшіншіден, жол салуымыз, көшелерге асфальт төсеуіміз, су құбырларын жүргізуіміз, үйлердің іші-сыртын сылап-сырлауымыз қажет болады... Басқа да істер толып жатыр!

Гүл қаласынан келгендер жұмысқа қолма-қол кірісіп кетті. Біреулері жол салса, екіншілері электр желісіне арнап бағаналар орнатты, үшіншілері гүл екті. Тағы біразы үйлердің ішін сылап, өктеуге кірісті. Ал барлық сылау жұмыстарына Бояушы басшылық жасады, бояуларды

дайындап, үйдің қабырғалары мен шатырларын қандай түске бояу керектігі жөнінде нұсқау беріп отырды.

Кешікпей Космос қалашығының орталығында бетондаған дөңгелек алаң пайда болып, космос ракетасын құрастыру ісі басталды. Ракетаның бөліктері Күн қаласында әзірленіп, Космос қалашығына жүрісі жайлы, шындыр табанды арнаулы жүк машиналарымен жеткізілген еді, соның арқасында олар жол-жөнекей соғылып, бүлінген жоқ. Ракетаны құрастыру үшін арнаулы адымдағыш мұнаралы кран жеткізілді. Ракетаның бөліктері осы кранның көмегімен жүк машинасынан түсірілген бойда бірден өзінің орнына қойылып отырды. Алайда ракета тым биік еді, сондықтан оның ұшар басындағы бөлшектерін кранның емес, тікұшақтың көмегімен құрастыруға тура келді. Мұның бәрі осы жұмыстарға басшылық жасау үшін әдейілеп келіп, Космос қалашығында тұрып жатқан Қызылгүл мен Ақшабақтың бақылауымен жүзеге асты.

Бірнеше күннен соң ракета құрастырылып бітті. Космос қалашығының орталығында барлық үйлерден еңсесі озып, жалтырап тұрған ол сырт қарағанда аса зор, алып сигараны, немесе әуеге қаратып тігінен қойған дирижабльді елестеткендей еді. Ауаның, будың, өзге де зиянды газдардың әсерінен бүлінбес үшін оның сырты тот баспайтын аса берік болатпен қапталды. Осы сыртқы қабаттың астындағы космопластмассада жасалған арнаулы екінші қабат ракетаның ішіндегі жолаушылар мен заттарды космостық және радиоактивті сәулелердің зиянды әсерінен сақтауға тиіс болатын. Ал термопластмассада жасалған, ең ішкі, үшінші қабат ракетаның ішіндегі жылылықтың бір қалыпта сақталуын қамтамасыз ететін.

Ракета үш реактивті двигательдің көмегімен ұшатын және басқарылатын. Ракетаға алғашқы екпін беретін үлкен, басты двигатель оның ең соңғы бөлігіне орналасқан еді. Двигатель жұмыс істегенде бөлінетін ыстық газ оның төмен қараған аузынан зор екпінмен сыртқа атылып шығатын да, қарсы тебу күші, яғни реактивті күш, ракетаны жоғары көтеретін.

Ракетаның айналып тұратындай етіп жасалған

тұмсығында, немесе алдыңғы бөлігінде бұрылған кезде пайдаланылатын двигатель орналасқан-ды. Оның газ шығар аузы бүйір жағына қарайтын және кез келген бағытқа бұрыла алатын. Мысалы, ракетаны батысқа бағдарлау қажет болғанда, двигательдің аузы қарама-қарсы жаққа, шығысқа қаратылатын. Сонда одан атылып шығатын ыстық газ оның бағытын өзгертуге, ракетаны батысқа қарай бұруға мүмкіндік туғызатын.

Аузы түп-тура өуеге бағытталған үшінші тежегіш двигатель де ракетаның алдыңғы жағында орналасқан еді. Бұл двигатель іске қосылғанда, ыстық газ алға қарай атылып шығатын да, реактивті күштің әсерінен ракетаның ұшу жылдамдығын азайтуға, немесе мүлде тоқтатуға мүмкіндік беретін.

Ракетаның іші он екі каютаға (бөлмеге) бөлінген еді. Әр каюта төрт жолаушыға арналған. Сондықтан космостық сапарға бас-аяғы қырық сегіз ергежейлі ғана шыға алатын. Ракетаның орталық бөлігінде салон (кең бөлме) орналасқан-ды. Ол космос саяхатшылары жиналып, кейбір мәселелерді талқылауына, демалуына және тамақ ішуіне арналған болатын.

Ракетаның ішіндегі қалған бос орынның барлығы әр түрлі заттар сақтауға арналып жабдықталған-ды. Олардың ішінде: азық-түлік қоры сақталатын бөлік, ауаны көмірқышқыл газынан арылтып, оттегімен байытып отыруға арналған аппаратура сақталатын бөлік, электр моторларын, желдеткіштерді, мұздатқыштарды, сонымен бірге жылу және жарық беретін құралдарды токпен қамтамасыз ететін аккумулятор¹ орналасқан бөлік бар болатын.

Басқару кабинасы ракетаның сырты барынша сенімді қапталған ең жоғарғы, алдыңғы жағында еді. Білгір ойлап тапқан салмақсыздық құралы мен электронды басқару машинасы да осында орналасқан болатын. Бұл машина алдын ала өзірленген бағдарлама бойынша жұмыс істеп, космос кемесін өзі басқарып, қажет кезінде жылдамдығы мен бағытын өзгерте отырып, Айдағы белгіленген ауданға апарып қондыра алатын еді.

¹ А к к у м у л я т о р - электр, немесе жылылық энергияларын сақтайтын аспап.

Басқару кабинасының жанында есігіне «Кіруге болмайды» деп жазылып қойған түймелі кабина бар болатын. Кабинаның ортасында жалғыз ғана түймесі бар шағын стол орналасқан-ды. Космос кемесінің командирі осы түймені басып қалып, электронды басқару машинасын іске қосатын. Ал одан өрі салмақсыздық құралы мен өзге де құралдарды іске қосу, космос кемесін дұрыс бағытпен ұшыру үшін қажет жұмыстың барлығын атқару — электронды машинаның үлесіне тиетін.

Ракетаның жоғарғы бөлігінде сондай-ақ космос кемесінің планетааралық кеңістіктегі орнын анықтау үшін телескоппен, радиолокатормен және басқа да құралдармен жабдықталған астрономиялық кабина, Айды суретке және киноға түсіру үшін қажет аппараттармен жабдықталған фотокинокабина, Айда табылған минералдарға химиялық анализ (талдау) жасайтын аналитикалық кабина орналасқан болатын. Ракетаның артқы бөлігінде үлкен қойма бар еді, онда қияр, помидор, сөбіз, капуста, шалқан, қарбыз, қауын, шие, өрік, құлпынай, бұлдірген, бидай, қара бидай, қара құмық сияқты ергежейлілерге тамаққа жарайтын әр түрлі пайдалы дақылдардың елеулі тұқым қоры сақтаулы болатын. Егер Айда ергежейлілер тұратын болып, олар өлгіндей өсімдікті білмесе, Білгір бұл тұқымдарды сыйламақшы еді.

Каюталар, кабиналар, қоймалар мен салоннан басқа ракетада тағы көптеген қосалқы бөлмелер бар болатын. Ол қалыпты тіршілік кешу үшін қажет нәрсенің бөрімен, тіпті кез келген қабатына көтерілуге ыңғайлы лифтпен де жабдықталған көп қабатты үйге ұқсайтын.

Ракета толық құрастырылып біткен соң ергежейлілерге оның ішкі құрылысымен танысуға мүмкіндік берілді. Жиналғандардың саны қырық сегізге толысымен-ақ, олар кеменің ішіне жіберілетін, содан соң кемені еркін аралайтын; салонда отырып, каютаға кіріп, төсектерге жатып көретін, бұрыш-бұрыштарды сүзіп шығатын. Осыдан кейін әр ергежейлі үстіне космос скафандрын киюге тиіс еді. Онсыз ол ракетадан шыға алмайтын. Ракетадан шығар есік арнаулы фотоэлементпен жабдықталған еді, егер ергежейлі үстіне скафандр кимеген болса, фотоэлемент есіктің ашылуына мүмкіндік бермейтін.

Қызылгүл мен Ақшабақ өне бойы ракетаның ішінде болды. Олар келушілерді ракетаның ішкі құрылысымен таныстыратын, барлық сұрақтарға жауап беретін, ауаны тазартып, бөлмені желдететін, қажетті температураны қамтамасыз ететін құралдардың жұмысына бақылау жасайтын және өзге де міндеттер атқаратын. Дымбілмес сәті түсіп, ракетаға кірісімен-ақ Қызылгүл мен Ақшабаққа көптеген егжей-тегжейлі сұрақтар қойды, ал одан шығысымен, келесі қырық сегіз ергежейлінің бірі болып, ішке қайтадан кірді. Осылайша ол күн ұзаққа ракетаның ішін әлденеше рет аралады. Қызылгүл мен Ақшабақ оны әбден танып алып, әр жолы жымия қарсы алады. Кері қайтарып қуған жоқ. «Ешкімді қуудың керегі жоқ, — деді Ақшабақ. — Егер әлдекім ракетаның құрылысын дұрыстап зерттеп білгісі келсе, мұның тек қана пайдасы болмақ».

Кешікпей-ақ Космос қалашығының жанында фарфордан жасап, төңкеріп қойған кесеге ұқсайтын, ақ шағаладай үлкен ғимарат пайда болды. Оның кірер аузында әдемі, үлкен әріптермен жазылған «Салмақсыздық павильоны» деген жазу бар еді. Енді әркім-ақ салмақсыздық жөніндегі өңгіменің ойдан шығарылған бос сөз емес, нағыз шындық екеніне көз жеткізе алатын. Павильонға кірген әр адам қолма-қол салмағынан айрылып, ауада дәрменсіз тырбандап қалқи жөнелетін.

Павильон ортасында әйнек сияқты мөлдір пластмассадан жасалған шағын кабина бар болатын. Салмақсыздық құралы соның ішіне орналастырылған еді. Бұл кезде Гүл қаласына қайтып оралған Білгір кімге болса да кабинаға кіруге және құралға тиюге тыйым салды. Бұл құрал енді бұрынғыдай жай ғана сызғышқа емес, отқа төзімді, су өтпейтін пластмассадан жасалған қою-көк түсті ұзынша қораптың ішіне бекітілген еді. Магнит пен ай тасының жақындауы автоматты түрде, яғни түймені басу арқылы жүзеге асатын. Күн сайын таңертен Білгір павильонға келіп, құралды іске қосатын да, кешкісін қайта айналып соғып, павильон ішінде ешкімнің қалып қоймағанына, ергежейлілердің ешқайсысы салмақсыздық жағдайында ауада қалқып жүрмегеніне көзі жеткен соң ғана құралды өшіретін.

Бәлкім, қайсыбір оқушыларымыз ай тасы мен кішкентай магниттің жердің тартылыс күшін жеңетіндей мол энергия бөліп шығара алатынына күмән келтірер. Алайда олар дұрыстап ойланса, мұның ешқандай күмәнсіз екеніне көздері жетеді. Өйткені заттардың ішкі энергиясының молдығы сонша, оны тіпті есептеп шығару қиын ғой. Осы күні физикамен таныстығы бар әркім-ақ бір тиынның үлкендігіндей заттың бойында ондаған мың тонна тас көмірді немесе басқа бір оталғыш затты жандырғанда бөлініп шығатын қуатқа тең ішкі энергияның болатынын жақсы біледі. Атомның ішкі энергиясы ашылмай тұрғанда, бұған ешкім сенбес еді, ал қазір бұл ешкімді таңдандырмайды.

Оның үстіне ай тасының энергиясы аз ғана аумақтағы заттарды салмақсыздандыратын, онда да олардың салмағын мүлде жойып жібермей, түсу бағытын ғана айналаға бірдей етіп таратып, өзгертетін-ді. Егер салмақсыздық аймағында салмақ күші мүлде байқалмаса, осы аймақтың айналасында ол қаттырақ сезілетін. Мұны салмақсыздық павильонының жанына жақындап келген әркім-ақ бірден аңғаратын. Сөйтіп, Білгір ашқан жаңалықта таңырқарлықтай еш нәрсе жоқ еді. Ол ғылыми жағынан толық дәлелді болатын, бірақ бұған қарап, оның маңызын, әрине, кемітуге болмайтын еді.

Салмақсыздық павильоны Гүл қаласы тұрғындарын қатты қызықтырғаны айтпаса да түсінікті. Арада бірнеше күн өткенде қалада осы павильонды тамашалап көрмеген бірде-бір ергежейлі қалған жоқ. Көпшілігі павильонда бірнеше рет болып үлгірді, ал Дымбілмес ұзақты күнге содан шықпайтын және өзін онда судағы балықтай еркін сезінетін.

Бір жолы Дымбілмес ерте тұрып, павильонға ешкімнің көзіне түспестен жасырынып кірді. Салмақсыздық құралын алды да, өзенге тартты. Ол балықтардың салмақсыздық жағдайында не істейтінін көруге қатты құмартқан еді. Оның басына бұл ойдың қайдан келгені белгісіз. Мүмкін, балық туралы ой, күні бойы салмақсыздық жағдайында павильон ішінде судағы балықтай жүзіп жүргенде келген шығар.

Өзен жағасына келген соң, Дымбілмес салмақсыздық

кұралын іске қосты да, судың бетін бақылай бастады. Салған жерден-ақ салмақсыздық жағдайы балықтардың мінез-кұлқына қызық өсер еткенін байқады. Олардың қайсыбірі құйрығымен қадала төмен түсіп, балерина құсап шыр айналса, екіншілері басымен тік шаншыла тереңге сүңгіп, шыр айналды, ал үшіншілері бауырымен жоғары қарап жүзіп жүрді. Алайда, біраз уақыт өткен соң олардың көпшілігі-ақ салмақсыздық жағдайына үйреніп алды да, әдеттегідей асыр салып ойнай бастады. Мінеки, майда балықтардың біреуі су бетінде ұшып жүрген шыбындарды ұстаймын деп өзеннен секіріп шығып, ауада дәрменсіз тыпырлап, ілініп қалды. Салмақ күші енді оны төменге тартпағандықтан, қанша бұлқынаса да өзенге қарай түсе алмады. Оның ізінше өзеннен тағы бір балық шоршып шықты. Арада бес минут өтпей-ақ өзен беті бауырлары, қабыршықтары күнге шағылыса билеген балықтарға, бакаларға, тритондарға (кесіртке тәрізді жәндіктер), жүзгіш-қоңыздарға және өзге де су жәндіктеріне толып кетті.

Дымбілмес осылайша өзенге «тәжірибе» жасап жатқанда, Білгір салмақсыздық құралын іске қосу үшін павильонға келген еді. Құралдың орнында жоқ екенін білген кезде ол шошып кетті.

— Құрал қайда? — деп айқайлады абыржып. — Кім алды? Тез орнына қойындар!

Алайда ергежейлілердің ешқайсысы құралдың қайда екенін айта алмады. Тек сол маңда жұмыс істеп жатқан Бұрандаша мен Тетікше ғана Дымбілместің таңертең өлденеге павильонға кіргенін, сонан соң өзенге қарай кеткенін көргендерін айтқан еді. Білгір осыны естісімен өзенге қарай құстай ұшты. Ергежейлілер де оны өкшелей өзенге қарай лап қойды. Қияр төбешігіне жүгіріп шыққан Білгір төменде, өзен бетінде, салмақсыздық жағдайында қалқып тұрған Дымбілместі көрген еді.

— Әнеки, Дымбілмес! Әнеки! — деп, Білгірге ере жүгіріп келген ергежейлілер жарыса айқай салысты.

Бұл дауысты Дымбілмес те естіген еді. Жалт қарағанда ол ашудан түтігіп кеткен Білгір мен тура өзіне салып ұрып жүгіріп келе жатқан өзге де ергежейлілерді көрді. Қорқып кеткен Дымбілмес кашуға әрекеттенген еді,

бірақ ауада босқа тыпырлағаны болмаса, онысынан еш нәрсе шықпады. Салмақсыздық жағдайында кашудың мүмкін емес екенін түсінген ол құралдың түймесін асыға басып қалып, салмақсыздықты жойды. Салмағы қайта оралысымен, сол сәтінде төмен құлдилап, екпінімен өзенге күмп ете түсті. Су жан-жаққа фонтандай шашырады.

– Құтқарындар! Құтқарындар ананы! Салмақсыздық құралы соның қолында! – деп даусы қарлыға айқайлаған Білгір өзенге жетісімен суға секірді.

Өзге ергежейлілер де шешінбестен суға күмп-күмп берісіп, өзен ортасында бір батып, бір шығып, жанталасқан Дымбілмеске қарай жүзді. Білгір жетіп, жағасынан ұстағанда, Дымбілместе әл-дәрмен мүлде қалмаған еді. Білгір оны жағаға қарай сүйрей жөнелді. Осы сәтте өзге ергежейлілер де жетіп, оған көмектесті. Бұл кезде қолында жолға шыққанда алатын дәрі-дәрмек қобдишасы бар, дәрігер Дәруов те жүгіріп жеткен еді. Ергежейлілер Дымбілместі жағаға сүйреп шығарғанын көрген ол:

– Жейдесін шешіндер! Қазір оған қолдан демалдырамыз! – деп айқайлады.

Қобдишасымен келген дәрігер Дәруовты көрген Дымбілмес атып тұрып, зытпақ болып еді, Білгір оның шашынан шап беріп, ұстай алды да:

– Салмақсыздық құралы қайды? Қайда деймін мен саған? Сен оны суға ағыздың, есек ми! – деп айқайлап жұлқылай бастады.

– Жібер! – деп бажылдаған Дымбілмес бұлқынып, оны тебуге әрекеттеніп көрді.

– Ә, сенің істегенің аз болғандай, енді төбелескін келген екен ғой! – деп қырылдады Білгір. – Құралды суға ағызып, тағы төбелеспекші. Мен саған қазір көрсетемін, құралды қалай суға ағызуды!

Осыны айтып, ол Дымбілместің шашынан бар күшімен тартып қалғанда, оның көзінен еріксіз жас шығып кетті. Бұған жауап ретінде Дымбілмес Білгірді кеудеден қойып жіберді. Білгір дем ала алмай қалды да, Дымбілместің шашын босатып қоя берді. Еркіндік алған Дымбілмес қораздай қоқиланып келіп, өзінің жөбір-

леушісіне тап берді. Қызу төбелес басталып кетті. Ергежейлілер екеуін ажыратуға ұмтылысты. Олардың бірі Білгірдің, екіншісі Дымбілместің қолына жармасты. Білгір бар күшімен бұлқынып, босанып шығып, Дымбілместі салып жіберуге тырысты.

— Құралды құрттың. Айға енді қалай ұшамыз? Бітті бәрі! Жіберіндерші, мен оған құралды өзенге қалай ағызуды көрсетейін! — деп айқайлаумен болды.

Дымбілмес те бұлқынып:

— Жіберіндерші мені! Мен оған құралды беремін қазір! — деп айқайлады.

Ақыры ол ергежейлілердің қолынан сытылып шығып еді, бірақ Ұшкалақ оның жағасынан қайтадан шап беріп ұстап үлгірген-ді. Дымбілмес барлық күшімен жұлқынып қалғанда, көйлегі шешіліп кетіп, Ұшкалақтың қолында қалды да, қойнынан жерге сусып түскен құралды ергежейлілердің бәрі көрді.

— Мінеки, салмақсыздық құралы! — деп дәрігер Дәруов айқайлап жіберді.

— Құралдың өзінде екенін сен неге бірден айтпадың? — деп сұрады Ұшкалақ.

— Қарғадай қарқылдап, бәрің келіп бас салсандар, қалай айтамын. Суға құлап бара жатқанымды сезген бойда-ақ құралды қойныма тығып үлгіргенмін, сол үшін батып та кете жаздадым, ал бұлар рақмет айтудың орнына жұдырық ала жүгіреді!

Білгір құралды жерден көтеріп алды да, Дымбілмеске көзінің оғын қадап тұрып:

— Бұл қылығың үшін сен енді Айға ұшпайсың! — деді.

— Өздерің-ақ ұша беріндер! — деп жауап берді Дымбілмес. — Сендердің Айларыңның маған көк тиынға керегі жоқ.

— Сенімен сөйлесіп бәрібір береке таппайсың! — деген Білгір басқа бір ауыз сөз айтпастан бұрылып жүре берді.

— Қарап қой мұны, сонша мардымсуын! — деп айқайлады Дымбілмес оның артынан қарап тұрып. — Аймен сендер-ақ сүйісе беріндер! Ал мен Айсыз да күнімді көремін!

Алтыншы тарау

АЙҒА ҰШУ

Дымбілмес өтірік айтқан еді. Шындығында, ол Айға ұшуға қатты құмартқан. Іштей, болған оқиғаны Білгір ұмытып кетер де, мүмкін, өз айтқанын істей қоймас деп үміттенген. Бірақ онысы бекер болып шықты. Білгір еш нәрсені ұмытпаған еді. Біраз уақыт өткен соң ұшатын күн де белгіленіп, Айға баратын ергежейлілердің тізімі жасалған-ды. Білгір жасаған сол тізімде Дымбілместің есімі болмай шықты. Тізімде сондай-ақ Томпидың, салмақсыздық жағдайына бейімделе алмаған қайсыбір өзге ергежейлілердің де есімдері жоқ еді.

Дымбілмес бұған қатты қайғырды. Жұртпен сөйлесуге ешқандай зауқы болмады. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айрылды. Тамаққа төбеті шаппады. Түні бойы көз ілмей шығады да, күні бойы түнеріп жүреді. Қараған адам аяйтындай халге жетті.

– Дымбілмеске кешірім жасауға болмас па екен? – деп сұрады Ақшабақ Білгірден. – Менінше, ол бұдан былай тентектік жасамайды, әрі салмақсыздық жағдайын тамаша көтереді. Ол үшін бұл тым ауыр жаза сияқты.

– Бұл – жаза емес, сақтық шарасы, – деді Білгір қатаң үнмен. – Айға саяхат – көңіл көтеретін ойын емес. Бұл саяхатқа ең ақылды және ең тәртіпті ергежейлілер ғана шығуға тиіс. Дымбілмес салмақсыздық жағдайын тамаша көтерсін-ақ, бірақ оның есесіне ойлау қабілетін ойдағыдай дей алмаймыз. Өзінің тәртіпсіздігінен өзі ғана жапа шекпей, өзгелерді де бір нәрсеге ұрындыруы мүмкін. Ал космос дегеніміз – өзілдесуді көтермейтін зат. Одан да Дымбілмес келесі жолға дейін тоса тұрсын да, ақылды болуға тырыссын. Бұл менің ақырғы сөзім.

Осындай үзілді-кесілді жауаптан соң, Ақшабақ та бұл әңгімені қайтып қозғамаған.

Дымбілмес бірте-бірте тынышталғандай болды да бұрынғыдай қатты қайғырғанын қойды. Тамаққа қайта төбеті шауып, ұйқысы жақсарды. Өзге ергежейлілермен

Космос қалашығына келіп, ракетаны сынаудың қалай өтіп жатқанын, космосқа ұшар алдында саяхатшылардың қалай жаттығатынын бақылап, Қызылгүл мен Акшабақтың Ай туралы, планетааралық саяхаттар туралы лекцияларын тындап жүрді. Сырт қарағанда ол тағдырға әбден мойын ұсынып, Айға саяхат жөнінде қиялдауды да қойғандай көрінетін. Тіпті оның мінез-кұлқы да өзгеріп кеткендей еді. Ең аңғарымпаз ергежейлілер Дымбілместің әлдене жайлы жиі-жиі ойлана бастағанын байқаған-ды. Мұндай сәттерде оның жүзінде белгісіз қиял мен бақытты күлкі пайда болатын. Алайда, оның қуанышты көңіл күйінің сыры неде екенін ешкім білген жоқ.

Бір жолы Дымбілмес Томпиды кездестіріп қалған еді:

– Томпи, бері қарашы, екеуіміздің мұңымыз бір емес пе? – деді ол Томпиға.

– Қайдағы мұн? – деп Томпи түсінбеді.

– Сені де, мені де Айға алғылары келмейтінін айтамын.

– Маған Айға ұшуға болмайды. Мен тым ауырмын. Ракета мені көтере алмайды, – деді Томпи.

– Бос сөз! – деді Дымбілмес. – Ракетамен ұшатындардың бәрі салмақсыздық жағдайында болады, сондықтан ракетаға сенің ауырлығыннан, я жеңілдігіңнен келіп-кететін еш нәрсе жоқ. Ешкімнің ешқандай салмағы болмайды. Ұқтың ба?

– Онда мені неге алмайды? Бұл әділеттілік емес! – деген Томпидың даусы қатты шығып кетті.

– Әрине, әділеттілік емес! – деп қостады Дымбілмес. – Бұл барып тұрған әділетсіздік. Біз екеуіміз бұл әділетсіздікті түзетуге тиіспіз.

– Қалайша?

– Ұшар күні түнде ракетаға кіреміз де, жасырынып қаламыз. Ал таңертең ракета космос кеңістінде ұшып бара жатқанда орнымыздан шығамыз. Біз үшін ракетаны кері қайтарып жатпайды ғой.

– Олай еткеніміз дұрыс болар ма екен? – деп сұрады Томпи.

– Неге дұрыс болмайды? Қызықсың! Ең бастысы – жерден көтерілмей тұрғанда, бізді түсіріп тастамауы,

ұқтың ба? Ал космоста біздерді түсіріп тастай алмайды, оған қам жеме.

– Сонда қайда жасырынамыз?

– Азық-түлік қоймасына. Ол жер өте ыңғайлы, әрі тамақ та мол.

– Тамақтың мол болғаны жақсы, әрине! – деді Томпи. – Бірақ ракета қырық сегіз саяхатшыға есептелген ғой.

– Бос сөз! – деді Дымбілмес. – Саяхатшылар саны қырық сегізден аспасын деген жай әңгіме. Өзің-ақ ойлашы, не әрі, не бері емес. Егер елу болса, әңгіме басқа, қырық сегіз ергежейлі сыйған жерге елу де сыяды. Оның үстіне біз екеуімізге каютадағы орынның қажеті шамалы: бізге азық-түлік қоймасы жарап жатыр. Әрине, тарлау, бірақ оған көнуге тура келеді.

– Ал сен азық-түлік қоймасында тамақтың бар екенін анық білесің бе? – деп сұрады Томпи.

– Өз көзіммен көрдім. Өтірік айтсам, жер жұтсын! – деп ант-су ішті Дымбілмес. – Мен, бауырым, ракетанды бес саусақтай жатқа білемін. Қай жерде не барын көзімді жұмып таба аламын.

– Жарайды онда, келістік, – деді Томпи.

Ұшар алдындағы түнде Дымбілмес пен Томпи жатқан жоқ. Ергежейлілердің басы жастыққа тиіп, көздері ұйқыға кетісімен-ақ, олар үйлерінен абайлап шықты да, Космос қалашығына бет алды. Түн көзге түртсе көргісіз қараңғы болғандықтан, Томпида зәре-құт жоқ еді. Өзінің кешікпей космос кеңістігінде болатынын ойлағанда, бойы тіпті қалтырап, арқасы мұздап кетті. Осындай қауіпті іске келісім бергеніне өкініп-ақ келеді, бірақ Дымбілмеске қорыққанын білдіруді ұят көрді.

Дымбілмес пен Томпи Космос қалашығына жеткенде, уақыт өте кеш еді. Ай туып, айнала бозамық сәулеге бөленді. Үйлердің жанынан ұрланып өткен біздің достар ортасында космос ракетасы сораып тұрған дөңгелек алаңның шетіне келіп жеткен-ді. Көк сауытқа оранған ракета Ай сәулесімен шағылысып жарқырап тұр. Дымбілмес пен Томпиға ол бейне бір өзі де сәуле шашатын металдан жасалғандай көрініп кетті. Оның көкке мойын созған сыртқы түрінің өзінен батылдық пен ұшқырлық белгісі аңғарылатын: қазір бір минут те

бөгелместен, тура осы қалпында көкке самғай жөнелетіндей әсер қалдыратын.

Көзге түсіп қалмауға тырысқан Дымбілмес пен Томпи еңкейіп, жерге жабысардай бұғып, аланды кесіп өтті. Ракетаның жанына келген соң, Дымбілмес оның төменгі жағындағы бір түймені басып қалды. Кішірек есік шусыз ашылып, саяхатшылардың аяғынын астына металдан жасалған кішкене саты жайылып түсті. Томпидың кідіріп қалғанын көрген Дымбілмес оның қолынан ұстап алды. Сатымен екеуі бірге көтеріліп, алдыңғы шлюз камерасына өтті. Ол – саңылаусыз, берік жабылатын екі есігі бар шағын ғана бөлме еді. Дымбілмес пен Томпи кірген есік сыртқа бастаса, екінші есік космос кемесінің ішіне апаратын.

Достар шлюз камерасына кірісімен-ақ, сыртқы есік өзінен-өзі тас бекіп жабылды. Шегінетін жолдың кесіліп қалғанын көрген Томпидың іші-бауыры мұздап кетті. Ол бір нәрсе дегісі келіп еді, тілі икемге келмеді, ал басы бос шелектей даңғырлап кетті. Ол өзінің не ойлап, не қойғанын білген жоқ, осы сәтте оның басында әлдеқандай ойдың сәулесі бар деудің өзі қиын еді. Неге екені белгісіз, баяғыда естіген бір әннің: «Қош, сүйікті ақ қайың! Қош бол, әсем қарағай!» деген жолдары қайта-қайта тіліне оралып, есінен шықпай қойды. Осы сөздер оның көңіліне әлде реніш, әлде мұң әкеліп, көзіне еріксіз жас келтірді.

Дымбілмес бұл кезде екінші есіктің тұсындағы түймені басқан еді. Есік тағы да дыбыссыз ашылды. Дымбілмес батыл басып, ішке өтті. Томпи еш нәрсе ойламастан оның соңынан ерді.

– Қош, сүйікті ақ қайың! – деді ол, қабағы түсе күбірлеп. – Бәрі бітті осымен!

Сырт еткен дыбыс естілді де, екінші есік те бірінші құсап тас бекіп жабылды. Ол біздің саяхатшыларды осыған дейінгі өздері тіршілік кешкен, сыртқы дүниеден біржола бөліп тастағандай болды.

– Бәрі бітті осымен, – деп Томпи тағы бір қайталады да, құлағының түбін қасыды.

Дымбілмес осы кезде лифтінің есігін ашқан еді, ол Томпиды жеңінен тартып:

– Болсаншы! Әлі қасынып үлгересің! – деді.

Томпи үн-түнсіз лифтінің кабинасына кірді. Оның түсі аруақтай ағарып кетіп еді. Кабина жай ғана ызыңдап жоғары көтеріле бастады. Қажет биіктікке жеткенде, Дымбілмес одан шықты да:

– Қане, шыға ғой! Кеудеңде жаның бар ма өзіңнің? – деді Томпиға.

Томпи кабинадан шықты да, лифтінің шахтасын доғадай иіліп орап алған еңсіз дәлізде тұрғанын көрді. Дымбілмес дәлізбен аз ғана ілгерілей түсті де, пароходтың от жағатын пешінің қақпағын еске түсіретін, металдан жасалған дөңгелек есіктің алдына тоқтады.

– Міне, келдік. Азық-түлік қоймасы осында, – деді ол.

Содан соң түймені басты. Есік жоғалып кетті де, орнында арандай ашылған ауыздай, үңірейген қуыс пайда болды. Дымбілмес ішке кірді де, қараңғыда сатының басқыштарын аяғымен іздеп тауып, төмен түсе бастады. Қойманың түбіне жеткен соң, қабырғадағы түймені тауып алып, шам жақты.

– Қане, бері қарай түс, – деп дауыстады ол Томпиға.

Томпи төмен түсе бастады. Қорыққанынан буындары босап кетті де, аяғы тайып, сатының бойымен төмен қарай домалай жөнелді. Ол бірақ онша қатты соғылған жоқ. Өйткені қойманың едені де, қабырғалары да, басқыштары да жұп-жұмсақ эластопластмассамен қапталған еді.

Құлағанмен Томпидың дін аман-сау екенін көрген Дымбілмес есікті жапты да, көңілдене күлімдеп:

– Міне, біз үйдеміз! Енді бізді іздеп тауып көрсін! – деді.

– Ал кері қарай қайтып шығамыз? – деп сұрады Томпи үрейлене.

– Қалай түссек, солай шығамыз. Анау есіктің жанындағы түймені көрдің бе? Соны бассан, есік ашылады. Бұл жерде бәрі түймеге негізделген.

Дымбілмес әр алуан түймелерді басып, сөрелерінде неше түрлі азық-түлік сақтаулы тұрған қабырғалардағы шкафтардың, термостаттар мен мұздатқыштардың есігін аша бастады. Алайда Томпи қатты қобалжулы болатын, сондықтан тамақтардың түр-түрі де оны қуанта алмады.

– Саған не болған? Қуанғаның байқалмайды ғой? – деп танданды Дымбілмес.

– Жо-ға. Мен өте қуаныштымын, – деп жауап берді Томпи әлдебір сұмдық қылмысы үшін жазаға кесілген адамның кейпімен.

– Егер қуанышты болсаң, онда жатып ұйықтайық. Уақыт тым кеш болып кетті.

Дымбілмес осылай деді де, жастықтың орнына басының астына жұдырығын қойып, қойманың еденіне құлай кетті. Томпи да солай істеді. Жұмсақ пластмассаға жайланып жатып алған соң, өзінің қазіргі жағдайын ойлана келе, бұл саяхаттан бас тартуды жөн деп тапты. Ол сол сәтінде-ақ Дымбілмеске ұшқысы келмейтінін айтуға оқталған еді, бірақ Дымбілмес өзін қоркак деп мазақтап, күлкі етер деп қауіптенді. Сөйтсе де Томпи ақыры барлық батылдығын бойына жинап алып, өзінің, шынында да, қоркатынын мойындауға бекінген, бірақ тура сол сәтте оның құлағына Дымбілместің бір қалыпты қорылдаған дыбысы келді. Дымбілместің қатты ұйықтағанына көзі жеткен Томпи орнынан тұрды да, серігінің қолын басып кетпеуге тырысып, есікке жылыстады.

«Ракетадан шығамын да, үйге қашып кетемін, сонымен сөз бітті, – деп ойлады ол. – Ал Дымбілмес, егер сонша құмартып тұрса, Айға өзі ұшып барсын».

Томпи дем алғанын да сездірмеуге тырысып, сатымен жайлап көтерілді де, есіктін жанындағы түймені басты. Есік ашылып кетті. Томпи азық-түлік қоймасынан шығып, лифтінің есігін іздеп, қисық дәліздің бойымен біраз жүрді. Ол ракетаның құрылысын Дымбілмес сияқты білмейтін еді, сондықтан дәлізді айналып, қайта-қайта азық-түлік қоймасына келе берді. Дымбілмес оянып кетіп, өзінің жоқ екенін байқап қалар деп қауіптенген Томпи абыржып, сасқалақтай бастады. Бірақ өстіп жүріп, лифтінің есігін іздеп табудың сәті түсті. Ол оянып жатпастан кабинаға кірді де, көзіне алдымен түскен бір түймені басып қалды. Кабина төмен түсудің орнына жоғары зымырады. Бірақ Томпи мұны да аңғармады. Ол кабинадан шықты да, сыртқа қарай бастайтын шлюз камерасының есігін іздей бастады. Шлюз камерасы бұл жерде болмағандықтан ол оны таба алмаған еді, оның

орнына жалғыз түймесі бар кабинаға кіріп, қараңғыда сипалап, шам жағатын тетікті іздей бастады. Тағы да еш нәрсе жоқ, есесіне кабина ортасындағы шағын столға сүрініп қалды да, карманып жүріп, түймеге қолы ілікті. Осы түйме арқылы шам жағуға болар деп ойлаған ол оны басып қалды да, сол сәтінде салмақсыздық жағдайының әсерінен қорбаң етіп жоғарыға ұшып шықты. Іле-шала оның құлағына жұмыс істей бастаған реактивті двигательдің бір қалыпты шуылы да жеткен еді.

Қайсыбір ең аңғарғыш оқушыларымыз Томпидын өзге емес, электронды басқарғыш машинаны іске қосатын түймені басқанын бірден-ақ түсінген болар. Ал электронды басқарғыш машина, конструкторлардың әуел бастан ойластырғанындай, салмақсыздық құралын, реактивті двигательді және басқа да құралдарды өзі-ақ іске қосатын. Осының нәтижесінде ракета ешкімнің ойында жоқ уақытта космосқа жол тартты.

Егер космос қалашығы тұрғындарының бірі осы міндетте оянып, терезеге қараса, ракетаның жерден өуеге жайлап көтеріліп, ғарышқа бет алғанын көріп, қатты таңырқаған болар еді. Мұның өзі дыбыссыз дерліктей жүзеге асты. Двигательдің төменгі аузынан қызған газ баяу ғана ысылдап, сыртқа тепті.

Салмақсыздық құралы ракетаның салмағын мүлде жойып жібергендіктен, жаңағы газдың реактивті күші ракетаға ұшатын екпін беруге жараған-ды.

Ракета қажетті биіктікке көтеріле салысымен, электронды басқару машинасы бағдарлау механизмін іске қосты. Соның нәтижесінде ракетаның бас бөлігі айналмалы қозғалысқа келді де, әр айналған сайын көлбеулігі арта түсті. Ракетаның көлбеу бұрышы белгілі дәрежеге жеткен кезде фотоэлементпен жабдықталған оптикалық құралдың көрсету аймағына Ай ілікті. Фотоэлемент Ай сәулесін электр сигналына айналдырды. Электронды басқару машинасы осы сигналды қабылдасымен, ракетаның бағытын өздігінен туралайтын құралды іске қосты, соның нәтижесінде ракета бірнеше рет шайқалып барып ұшуын түзеді де, түп-тура Айға бет алды. Ракета әлдеқандай себептермен алған бағыттан аз ғана тайса бол-

ды, бағдарлау құралы оның ұшуына қолма-қол түзету енгізіп отырды.

Алғашқы кезде Томпи өзінің қандай қорқынышты қателік жасағанын түсінген жоқ. Салмақсыздық жағдайына ұшырағанын сезінген ол ракетаның басқа бөлшектерінде мұндай өзгеріс жоқ шығар деп ойлап, түймелі кабинадан шығып кетуге әрекеттене бастады. Бірнеше сәтсіздіктерден кейін, ақыры, ойлаған мақсатына жетті де, лифтке қайтып оралды. Бұл жолы лифт кабинасындағы түймелерді әбден зер салып қарап алып, ең төменгі қабатқа, яғни ракетаның артқы бөлігіне апаратын түймені дұрыс басты. Лифтен шығысымен ол далаға қарай бастайтын шлюз камерасының есігінің алдында тұрғанын көрді. Есіктің дәл жанында, қабырғада, түйме бар екен. Бірақ Томпи бұл түймені қанша басқанымен, есікті аяғымен қанша тепкілегенімен, ашыла қоймады. Ол үстіне космос скафандрын кісе ғана шлюз камерасының есігі ашылатынын білген жоқ еді. Шынын айтқанда, Томпидың мұны білмегені жақсы болды. Егер ол әуелі үстіне скафандр киіп алып, түймені содан кейін басқанда, есік ашылып кетіп космос кеңістігінің тұтқынына түсер еді. Бұл жағдайда Томпи үйіне ешқашан қайта оралмай, планетаға ұқсап, космоста мәңгі-бақи ұшып жүре беретіні ақиқат.

Есікті тоқпақтап, тепкілеймін деп аяқ-қолдарын ауырттып алған Томпи Дымбілмеске қайтып келіп, өзін ракетадан шығаруды үзілді-кесілді талап етуге бекінген еді. Алайда ол бұл шешімін жүзеге асыра алмады, өйткені Дымбілместі қай қабатта қалдырып кеткенін ұмытып қалған-ды. Сондықтан оған барлық қабаттарды аралап, барлық кабиналарды, каюталарды, бөлме атаулыны тегіс сүзіп шығуға тура келді. Уақыт тым кеш болатын. Томпи қатты шаршады, оның үстіне көзіне ұйқы тығылып, мазасы кетті. Егер салмақсыздық жағдайы болмаса, Томпи қатты шаршағаннан аяқтарын басып тұра алмайтындай дәрежеге жетті деуге болар еді. Салмақсыздық жағдайы нәтижесінде ол әдеттегідей аяқтарымен жүре алмай, шыны ыдыстың ішіндегі тебен балықтай қайта-қайта басымен қабырғаға соғылып, ауада шыр айналып жүзіп жүрді. Ақыры ол еш нәрсені аңғармайтын халге жетті.

Ақыл-есі кіресілі-шығасылы, көздері өзінен-өзі жұмыла бастады. Әбден қалжыраған ол лифтің кабинасына кіріп, жоғары көтеріліп бара жатқан сәтінде ұйықтап кетті.

Дымбілмес бұл кезде ешбір алаңсыз, азық-түлік қоймасында ұйықтап жатқандықтан, космос сапарына аттанғандарын сезбей де қалды. Алайда ол түн ортасында оянып кетіп, өзінің үйде емес, мұнда неғып отырғанына түсіне алмай, дал болды. Тек сәлден кейін ғана ракетаның ішіне әдейі келіп жасырынғаны есіне түсті. Салмақсыздық жағдайын сезініп, реактивті двигательдің бір қалыпты шуылын естіген Дымбілмес космос кемесінің ұшып келе жатқанын түсінді.

«Мен ұйықтап жатқанда, Білгір мен өзге ергежейлілер келіп, кемеге отырып, Айға ұшып шыққан ғой. Бәрі дәл менің жоспарлағанымдай болып шықты», – деп ойлады Дымбілмес.

Бет әлпетіне күлкі ойнап, жүрегі шым-шым етіп қуанышқа бөленді. Ол өзінің тығылып отырған жерінен шығып, Білгірді іздеп тауып, ракетаға рұқсатсыз жасырын кіргеніне кешірім сұрауға оқталды да, жерден өлі де болса қашықтауымыз керек деген оймен тосылып қалды.

«Бұл іске асықпасам да болады. Білгірге кез-келген уақытта айтуға болады» деп түйді Дымбілмес.

Кенет оның есіне Томпи түсті де, жан-жағына алақтап:

«Тоқтандар, қымбатты достар, Томпи қайда жоқ болып кетті? Екеуіміз бұл қоймаға бірге кірген едік қой» деді.

Сол сәтте Дымбілмес қойма есігінің аңқайып ашық тұрғанын байқап қалды.

«Иә! Томпи оянып, шығып кеткен болды ғой, – деп түйді ол. – Несі бар, олай болса, енді менің мұнда жалғыз отыруымда ешқандай мағына жоқ».

Дымбілмес қоймадан шықты да, лифтінің есігін ашып, кабинада отырған Томпиды көрді.

– Ә-ә, осында екенсің ғой, – деп дауыстады ол. – Сезесің бе? Ұшып келеміз.

Томпи оянып кетіп, аузын кере есінеп алды да:

– Не дедің? – деп сұрады.

– Ұшып келеміз! – деп қуана айқайлады Дымбілмес.

– Қайда ұшып келеміз? – деп сұрады Томпи көзін уқалап.

– Қайда болушы еді? Айға.

– Қайдағы Ай?

– Ау, қайдағың не... Кәдімгі Айды білмеймің бе!?

Томпи болған оқиғаны енді ғана түсіне бастады. Ол есінен айрылғандай Дымбілмеске біраз бақырая қарап қалды да, ышқынған дауыспен:

– Айға ма? – деп айқай салды.

– Айға! – деп қуана жауап берді Дымбілмес.

– Ұшып барамыз ба?

– Ұшып барамыз, гәптің өзі осында! – деп даңғырлады Дымбілмес. Сонан соң қуанышы қойнына сыймай, Томпиды құшақтап сүйе бастады.

Зәре-құты қалмай қорыққан Томпидың тынысы тарылып, көзі бақырайып, аузы аңқайып, Дымбілмеске қас қақпай қарап қалды.

– Өзге жұрт қайда? Сен оларды көрмедің бе? – деп сұрады Дымбілмес, Томпидың қандай халде екенін аңғармай.

– Қа-қа-қайдағы ө-өз-ге жұрт? – деді Томпи қатты толқығаннан кекештене сөйлеп.

– Өзге ергежейлілерді айтамын, қайда олар? Білгір қайда?

– А-ал, олар о-ос-сында ма еді?

– Енді қайда? Біз қалайша ұшып барамыз, сеніңше? Екеуіміз қоймада қорылдап ұйықтап жатқанда өзге жұрт келген де, ғарыш саяхаты басталып кеткен. Түсіндің бе енді?.. Қазір біз екеуіміз жоғары шығамыз да, барлығын каютада отырған жерлерінен табамыз.

Дымбілмес түймені басып қалып еді, лифт оларды бір кабат жоғары көтерді.

– Қазір бізді көргенде, қалай таңырқар екен барлығы! – деді ол каюталардың бірінің есігінің алдына тоқтай беріп. Қазір кіріп барайық та: «Сәлеметсіңдер ме, мінеки, біз де осындамыз!» – дейік. Ха-ха-ха-ха!

Қатты күлкіден иықтары селкілдеген Дымбілмес каютаның есігін ашып қалды да, ешкім жоқ екенін көріп:

– Мұнда ешкім жоқ қой! – деді.

Ол қолма-қол екінші каютаның есігін ашып қарады.

– Мұнда да ешкім жоқ! – деп қайталады.

Каюталарды ашқан сайын осы сөздерді қайталаумен болды. Ақыры:

– Ә, білдім! – деп дауыстады. – Олар салонда. Қазір онда, шамасы, әлдеқандай маңызды мәжіліс өткізіліп жатуы мүмкін. Бәрі сонда кеткен болды.

Бірақ достар салоннан да ешкімді таппады.

– Бұл жерде де ешкім жоқ! – деді Дымбілмес танданып. – Ракетада бізден басқа жан жоқ сияқты.

– Жан жоғы қалай? – деді Томпи шошынып.

– Мен қайдан білейін, – деді Дымбілмес қолдарын жайып.

– Ракетаны кім ұшырған сонда?

– Білмеймін.

– Ракета өзінен-өзі ұшуы мүмкін емес қой!

– Мүмкін емес, – деп келісті Дымбілмес.

– Ендеше оны біреу ұшырған болды, – деді Томпи.

– Сонда кімнің ұшыруы мүмкін.

– Білмеймін.

Дымбілмес Томпиға күдіктене қарады да:

– Мүмкін, сен ұшырған шығарсың? – деп сұрады.

– Мен бе? – деп таңырқады Томпи.

– Иә, сен!

– Мен оны қалай ұшырамын? – деп Томпи иықтарын қиқан еткізді. – Керек десең мен оны қалай ұшыруды да білмеймін ғой.

– Сен қоймадан неге шығып кеттің? – деп сұрады Дымбілмес. – Мен оянғанда неліктен қоймада болмадың? Қайда жүрдің, шыныңды айт!

– Мен, былайша айтқанда, түнде ұшқым келмей, үйге қайтып кетпек болдым, содан былайша айтқанда, ракетада адасып кеттім, ал содан соң есікті аша алмадым, сөйтіп кетпек болған ойымнан қайтадан айныдым да, қалып қойдым, – деп мінгірледі сасқалақтаған Томпи.

– Ал сен ешқандай түймені басқан жоқсың ба? Ракетаны ұшыру үшін бір ғана түймені басу жеткілікті. Білдің бе?

– Шын сөзім, еш жерде еш нәрсені басқан жоқпын. Тек абайсызда бір кішкене ғана кабинетке кіріп кетіп, сол жерде, стол үстіндегі бір кішкентай ғана түймені басып қалдым...

– А-а-а! – деп, Дымбілмес қорқынышты дауыспен айқайлап жіберді де, Томпиды жағасынан алып, түйме

орнатылған кабинетке қарай дедектетіп сүйрей жөнелді. — Қане, шыныңды айт, осы кабинетте болдың ба?

— О-о-осын-да сияқты, — деп мінгірледі Томпи өзеннен қайраңға шығып қалған балықтай аузын ашып.

— Мына түймені бастың ба?

— О-о-осы-ны басқан си-яқ-ты-тымын, — деп мойындады Томпи.

— Ендеше нақ өзі! — деді Дымбілмес. — Сөйтіп, ракетаны сен ұшырған болып шықтың! Ал, енді не істейміз!?

— А-а, ра-ке-таны бір нәрсе ғып то-тоқ-татуға болмай ма?

— Қалай тоқтатасын?

— Былай, тағы бір түй-ме-ні басып дегендей!

— Мен саған көрсетемін тағы бір түймені! Сен түймені басасың, ракета тоқтап, біз екеуіміз әлем кеңістігінің ортасында тұрып қаламыз, ө! Жок, одан да Айға ұшып барғанымыз артық.

— Ал, бірақ, Айда жейтін тамақ жоқ деседі ғой, — деді Томпи.

— Еш нәрсе етпейді, саған пайдалы, азырақ арықтайсың, — деді Дымбілмес ашулана сөйлеп. — Екінші рет түймені сұрамай баспайтын боласың!

Тамақты еске алуы мұң екен, Томпидың бар аңсары соған ауды. Ол қарнының қатты ашқанын сезді. Тамақтан басқа нәрсені ойлаудан мүлде қалды. Сондықтан:

— Дымбілмес, бері қарашы, біздерге өзек жалғауға болмас па екен? — деп сұрады. — Мен кешеден бері нәр татқан жоқпын.

— Өзек жалғауға... өзек жалғауға болатын шығар, бірақ сенің істеген ісіне қарай нәр татырмаса да болар еді, — деп күңкілдеп жауап берді Дымбілмес.

Азық-түлік қоймасына қайта оралған достар ыстық космос котлеті, космос киселі, космостық картоп бөкпені, өзге де космостық тағамдар сақтаулы тұрған термостатты ашты. Ол тағамдардың космостық деп аталу себебі өкпе-бауырдан жасалған шұжық сияқты етіліп, ұзынша целлофан түтіктерге салынғандығынан еді. Ол түтіктің тесік жағын ауызға саласыз да, қолмен сығымдай бастайсыз, сонда тамақ түп-тура аузыңызға құйылады, салмақсыздық жағдайында осылай тамақтану өте қолайлы

еді. Өстіп бірнеше түтіктерді босатып тастаған соң, достар аса дәмді жасалған космос балмұздағымен тоқтарын басты. Бұл тамаша космос балмұздағының бір ғана кемшілігі болды, ол қолды қатты тондырып жібереді екен, оны жеу үшін мұздай целлофан түтікті өне бойы қолмен қатты сығымдап қысып отыруға тура келді.

Томпидың қарны тойған соң, көңіл-күйі де күрт жақсарып сала берді.

– Несі бар, ракетада да жақсылап тамақтануға болады екен ғой! – деді ол.

Оған енді ешқандай қорқынышты оқиға болмағандай, ракета ешқайда ұшып бара жатпай, бір орнында тұрғандай көріне бастады.

– Дымбілмес, бері қарашы, сен неге біз ұшып барамыз деп ойлайсың? Меніңше, ешқайда да ұшып бара жатқан жоқпыз, – деді Томпи.

– Ендеше, салмақсыздық жағдайы қайдан пайда болды? – деп сұрады Дымбілмес.

– Есінде ме, біз үйде болғанда менің столға мұрныммен құлағаным. Біз онда ешқайда ұшпасақ та, салмақсыздық жағдайы болған еді ғой, – деп жауап берді Томпи.

– Қазір астрономиялық кабинетке кіріп, иллюминаторға (дөңгелек терезеге) көз салайық, – деді Дымбілмес. – Сонда өзіміздің қай жерде келе жатқанымызды көруге болады.

Достар астрономиялық кабинетке жылдам көтерілді. Бүйірдегі иллюминаторларға көз салып, ірі-ірі жұлдыздары самсаған қап-қара аспанды көрді, жұлдыздардың арасында көз қаратпай, күн жарқырайды. Күндіз немесе түн екенін ажырату қиын. Жерде ешқашан мұндай болмайтын. Күн шығып тұрғанда жұлдыздар көрінбейтін, керісінше, жұлдыздар көрінгенде күн болмайды. Жоғарғы иллюминаторлардың бірінен Айдың күміс табағы жарқ етіп көзге түсті, ол, әдеттегі, Жерден қарағандағыдан әлдеқайда үлкендеу болып көрінген еді.

– Біздің жерден алыстап кеткеніміз ап-айқын болды, – деді Дымбілмес. – Біз қазір космостамыз!

– Ендеше, бәрі бітті осымен десеңші! – деп күбірледі Томпи.

Жетінші тарау

ДЫМБІЛМЕС ПЕН ТОМПИДЫҢ АЙҒА КЕЛУІ

Жерге қайтудан біржола үміті үзілген Томпи бірте-бірте сабасына түсіп, өз-өзіне келе бастады.

– Ақыры біз Айға ұшып бара жатыр екенбіз, қайтар жолымыз кесілген екен, ендеше, алдымызда бір ғана міндет тұр: ол – қайтадан азық-түлік қоймасына барып, жақсылап тамақтанып алу, – деді.

– Біз жана ғана тамақтанған жоқпыз ба? – деді Дымбілмес.

Соны да тамақ іштік деп санайсың ба? – деп, Томпи бұл сөзге келісе қоймады. – Біз жай ғана тамақтың дәмін татып, танысып дегендей, байқап қана көрдік қой.

– Байқап көргені қалай? – деді Дымбілмес түсінбей.

– Ол былай. Біз космоста бірінші рет тамақтандық емес пе. Ендеше оны тамақтану деп емес, космоста тамақ ішу әдісін меңгеріп, байқап көру деп санаған жөн. Енді ол әдісті меңгерген соң, шындап тамақтануымызға әбден болады.

– Несі бар, солай етуге де болар, бәлкім, – деп келісті Дымбілмес.

Достар азық-түлік қоймасына қайтып келді. Дымбілмес тамаққа тәбеті болмаса да, Томпиға серіктесу үшін космос котлетінің біреуін жеді. Алайда, Томпи жағдайды пайдаланып қалуды ойлап, іске шындап кіріскен еді. Ол азық-түлік қоймасына тексеріп, космос тағамдарының барлығының дәм-тұзын байқап шығуы қажет, бұл үшін тамақтың әр түрінен ең болмағанда бір-бір сыбаға жеуге тиіспін деп мәлімдеді.

Бірақ бұл мақсатын орындауға шамасы жетпеді, өйткені оныншы, өлде, он бірінші сыбағаны жей бергенде оны ұйқы қысты. Қолына алған шұжығын жеп тауыспаған қалпында ұйықтап кетті. Бұған танырқауға да болмайтын еді, өйткені Томпи түнде аз ұйықтағанды, әрі салмақсыздық жағдайында кім болса да, әдейілеп

төсек жайып жатпай-ақ, кез келген қалыпта ұйықтай алады.

Ракетадан шығатын жол іздеп, Томпидың түні бойы сергелденге түскенін білетін Дымбілмес оны ұйықтап, дем алсын деп қалдырды да, өзі космос кемесінің Айға қаншалықты жақындап қалғанын көру үшін астрономиялық кабинаға келді. Иллюминаторлардан қап-қара, жұлдызды аспан, балқыған күннің табағы одан жоғарырақта күмістей жарқырап сөуле шашқан Ай көрінді. Күннің Жерден қарағандағыдан ешқандай айырмасы жоқ еді, ал Ай екі есе үлкейіп кетіпті. Дымбілмес Айдың бетінен өзі бұрын ешқашан аңғармаған суреттерді көргендей болды, бірақ ол бұрын Айға еш уақытта зер салмаған соң бұл суреттерді Ай жақындап қалғандықтан көріп отыр ма, әлде Айға енді ғана анықтап қарағандықтан көріп отыр ма, бұл арасын айырып айта алмас еді.

Ракета секунд сайын он екі шақырым қашықтықты артта қалдырып, аса зор шапшаңдықпен самғап келе жатса да, Дымбілмеске ол Айға жарты қарыс та жақындамай, бір орнында қозғалмастан тұрып қалғандай көрінді. Оның себебі – Жер мен Айдың ара қашықтығының тым алыс, төрт жүз мың шақырымға жуық екендігінде еді. Мұндай аса зор қашықтықпен салыстырғанда секундына он екі шақырым дегеніңіз түк емес, әрине, ракетаның ішінен жай көзбен қарап, оның ұшып келе жатқанын аңғаруға болмайтыны осыдан еді.

Осылайша екі немесе үш сағат өтті. Дымбілмес Айдан көзін әкете алар емес. Қанша қараса да тоймай, қарай бергісі келді. Ақыры қарнының қатты ашқанын сезгенде ғана ол тамақ ішетін уақыттың болғанын білді. Тезірек төмен түсіп, азық-түлік қоймасына келгенде, Томпидың да оянып, әлденені қомағайлана жеп жатқанының үстінен шықты.

– Е-е, сен өзің тамақ ішуге де кірісіп кетіпсің ғой! – деп айқайлап жіберді Дымбілмес. – Мені неге тоса тұрмадың?

– Мен әлі тамақтануға кіріскен жоқпын, бұл... былайша дәм-тұзын байқап көріп жатқаным ғой, – деп жауап берді Томпи.

– Ендеше, байқауды аяқта, тамақтануға кірісейік, – деді Дымбілмес. – Қане, дәмдірек не бар?

– Біріншіге өте жақсы, қышқылтым космос көжесін ішуді, екіншіге – космос голубцысын¹ жеуді, үшіншіге – алмадан жасалған космос киселін² ұсынамын.

Томпи осылай деп, термостаттан көже, голубцы, киселі бар бірнеше түтікшелерді алып шықты да, достар тамақтануға кірісті. Тамақ ішіп болған соң, Томпи ішкен астың дұрыс қорытылуы үшін азырақ ұйықтап алудың қажеттігін айтты. Ол осылай деді де, азық-түлік қоймасының ортасында қол-аяқтарын екі жаққа жайып тастап, дем арасында ұйықтап кетті. Дымбілмес те ұйықтамақ болды, бірақ оған салмақсыздық жағдайында ұйықтаған кезде қол-аяқтың екі жаққа кетіп қалатыны ұнамады, сондықтан ол орындыққа отырғандай-ақ бір аяғының үстіне екінші аяғын қойды да, қолдарын кеудесіне қусырды.

Осыдан соң ұйықтауға әрекеттеніп көрді. Біраз уақыт реактивті двигательдің баяу шуылына құлақ түрумен болды. Двигатель бейне бір оның құлағына «чаф-чая» деп сыбырлап тұрғандай естіледі. Осы бір сарынды шуыл Дымбілместі жайымен тербеткендей әлдилеп, көзі ілініп кетті.

Арада бірнеше сағат өткенде, әлдекім оны иығынан жұлмалап оятты. Көзін ашып алған Дымбілмес Томпиды көрді.

– Ұйқыңды аш, Дымбілмес! Шатақ болды! – деді Томпи үрейлі үнмен.

– Қандай шатақ? – деді Дымбілмес ұйқысы тез ашылып.

– Шатақ болды, бауырым, біз ұйықтап қалып, кешкі тамақтың уақытын өткізіп алыппыз!

– Тіфу, тамағың да, өзің де құры! – деді қатты ашуланған Дымбілмес. – Бір нәрсе болып қалған екен десең!

– Сенің жайбарақаттығың таң қалдырады! – деді Томпи. – Тамақ ішетін мерзімді өткізіп алуға болмайды.

¹ Г о л у б ц ы – капуста жапырағына орап пісірілген турама ет.

² К и с е л ь – жеміс-жидектен қайнатылған сусын.

Түстікті де, таңғы және кешкі тамақты да уақытымен ішкен жөн. Бұл өсте ойыншық емес!

– Жарайды, жетті, жетті, – деді Дымбілмес шыдамы таусылып. – Жүр, алдымен Айды барып көрейік. Содан соң түстік ішесің бе, кешкі және таңертеңгі тамақты қосып ішесің бе, өз еркің.

Достар астрономиялық кабинаға көтеріліп, үстіңгі иллюминаторға көз салды. Сол бойда таң-тамаша қалды. Сәулеленген аса үлкен шар жұлдызды аспанды жалғыз өзі жаулап алып, ракетаның үстінде ілініп тұр екен. Томпидың қатты қорыққаны сондай, бет-аузы жыбырлап, иегі дірілдеп, құлақтары да қозғалып кетті, екі көзінен жас ытып шықты.

– Бұл не?.. Қайда келе жатырмыз? Қазір анаған сарт етіп соғыламыз ғой, ө? – деді ол мінгірлей сөйлеп, Дымбілместің жеңіне жармасып.

– Тыныштал! – деді Дымбілмес зекіріп. – Меніңше, бұл Ай болу керек.

– Қалайша Ай? – деді Томпи таңырқап. – Ай осынша үлкен бе еді?

– Әрине, Ай. Біз оған жақындап қалдық.

Дымбілмес кабинаның төбесіне көтерілді де, жоғарғы иллюминаторға бетін тақап, Айды анықтап қарай бастады. Ай қазір Жерден телескоппен қарағандай, тіпті одан да анығырақ көрініп тұр. Оның бетіндегі тау сілемдерін, дөңгелек ойықтарды, терең жыра, сайларын жақсы ажыратуға болатын.

– Бері кел, Томпи, – деді Дымбілмес. – Айдың айқын көрінісін тамашала.

Томпи ықылассыз жоғары көтерілді де, көзінің астымен иллюминаторға сүзіле қарады. Бірақ одан көңіл күйі жақсарып кете қойған жоқ. Ол енді Айдың өздеріне қарай шапшандықпен жақындап келе жатқанын аңғарды. Алғаш ол аспанның қақ жартысын жалғыз өзі алып жатқан, жарқыраған үлкен шар түрінде көрініс берген. Әлгі шар бірте-бірте үлкейе берді де, бүкіл аспанды жалғыз өзі жауып кетті. Енді қай жаққа қарасаң да көретінің төңкерілген тау сілемдері, ай кратерлері мен жайылып жатқан жазықтары ғана еді. Соның бәрі төбеңнен төніп келіп басып қалатындай үрей туғызып, тіпті

жақындап қалды; жақындағаны сондай – қолыңды созсаң болды, ай тауларының төбесіне жететіндей әсер билейді.

Томпи үрпие жасқаншақтаған қалпынша иллюминатордан қолымен итеріп қалды да, кабинаның еденіне түсті.

– Қойшы соны, – деп миңгірледі ол. – Сол Айға тіпті карағым да келмейді.

– Неге? – деп сұрады Дымбілмес.

– Өзі неге төбемізден сонша төніп келеді? Үстімізге құлап кетсе не істейміз!?

– Мәжнүнсін! Ай біздің үстімізге емес, біз Айдың үстіне құлаймыз.

– Біз төмендеміз, Ай жоғарыда, ендеше, біз қалайша оның үстіне құлаймыз?

– Қалай түсіндірсем екен, – деді Дымбілмес. – Ай, былайша айтқанда, бізді өзіне тартып алады.

– Ендеше біз төменнен келіп, Айға ілініп қалады екенбіз ғой? – деді Томпи түсінгенін көрсетіп.

Дымбілмес Айға қалай қонатындарын өзі де білмейтін, бірақ ол Томпидың алдында бәрін де жақсы білетіндей көрінгісі келді. Сондықтан да:

– Иә, иә. Солай деуге болады, – деп қостады.

– Мәссаған безгелдек! – деп дауыстап жіберді Томпи. – Олай болса біз ракетадан шыққан соң Ай бетінде аяғымыз аспаннан келіп жүретін болдық қой?

– Олай етудің не қажеті бар? – деп таңырқады Дымбілмес.

– Енді қалай? – деді Томпи. – Егер біз төменде, Ай жоғарыда екенін ескерсек, қаласаң да, қаламасаң да, Ай бетінде аяғыңмен жоғары қарап жүруге тура келмей ме.

– Ім! – деп жауап берді Дымбілмес ойланып. – Шынында да, бәрі бір түрлі шатасып кетті.


Ол бір минутке ойланып қалды, дәл осы сәтте двигательдің үйреншікті шуылы естілмейтінін аңғарды.

– Тоқташы! – деді Томпига. – Сен бір нәрсе естисің бе?

– Сеніңше, мен не естуім керек? – деп сұрады Томпи үрейленіп.

– Реактивті двигательдің шуылын.

Томпи құлақ түрді.



– Менінше, ешқандай шуыл жок, – деп жауап берді ол.

– Мәссаған безгелдек! – деді Дымбілмес дағдарып. Шынымен-ақ, двигательдің бұзылғаны ма? Айға қол созым қалғанда бұзылғаны қандай өкінішті.

Томпи ә дегенде ракета бұзылған двигательмен алға ұша алмай, кейін қайтуға мәжбүр болатын шығар деп ойлап, қуанып қалған. Бірақ қуанышы ұзаққа бармады. Реактивті двигатель бұзылмай, уақытша ғана тоқтаған екен. Ракета қажетті жылдамдығын алған соң электронды басқару машинасы автоматты түрде двигательдің жұмысын тоқтатқан да, ракета екпінімен алға ұша берген. Бұл оқиға Дымбілмес пен Томпи ұйықтап кеткен уақытта болған еді. Двигательдің тоқтап қалғанын олар сондықтан да байқамаған.

Томпи қайтадан жоғары көтерілді де, ракетаның тоқтап тұрғанын, ө болмаса ұшып бара жатқанын анықтауға тырысып, Дымбілмеспен бірге иллюминаторға үңіле бастады. Алайда, олар еш нәрсені байыптап үлгірмеді. Күтпеген жерден қайтадан «чаф-чаф-чаф» деген дыбыс естілді, бұл – ракетаны бұратын двигательдің іске қосылғаны еді. Дымбілмес пен Томпи иллюминатордағы соған дейін өздерінің үстеріне төніп тұрған шетшегі жоқ телегей-теңіз Ай бетінің әлдекім итеріп жібергендей-ақ теңселіп кетіп, бір жағына қарай қисайып, аунай бастағанын көрді.

Ракета Айға соқтыққан екен деп ойлап, екеуі де айқайлап жіберді. Шын мәнінде, аударылып-төңкерілген Ай емес, өздері мінген ракета болар деген ой қаперлеріне кірмеді. Ракета бұрылғанда пайда болған сыртқа тебу күші саяхатшыларды екінші жаққа лақтырып жіберді. Кабинаның қабырғасына барып жабысқан Дымбілмес пен Томпи өкпе тұстағы иллюминатордан жарқыраған Ай бетінің толқын үстіндегі сендей теңселіп кеткенін, содан соң бүкіл тау сілемдерімен, ай теңіздерімен, кратерлерімен, жыра-сайларымен қоса солқ етіп, әлдеқайда төменге түсіп кеткенін байқады.

Космостағы бұл галамат өзгерістердің Томпиға қатты әсер еткені сондай – ол еріксіз басын шайқап, алақанымен көзін басты, ал көзін қайта ашып алғанда аспанда

ешкандай Айдың жоқ екенін көрді. Қай иллюминаторға қарасаң да жан-жақтың бәрінен жарқыраған жұлдыздар ғана көрінеді. Ракета келіп Айға соққанда, Ай быт-шыт болып уатылып, жан-жаққа тарыдай шашылып кеткен екен, ал оның сынықтары жұлдыздарға айналған болды деп ойлады Томпи.

Мұның бәрі қас-қағым сәтте өтті. Бұл ғажапты айтып жеткізуге кететін уақыт әлдеқайда көп, әрине. Ракета артқы бөлігімен Айға бұрыла салысымен, басқару двигателінің үні өшті. Бір минутке тыныштық орнады. Артынша «чаф-чаф-чаф» деген дыбыс қайта және бұрынғыдан қаттырақ естілді. Бұл жолы іске қосылған негізгі двигатель еді. Ракета енді артқы бөлігімен Айға қарағандықтан, двигательдің аузынан шыққан ыстық газ оның ұшып келе жатқан бағытына қарсы атқылады да, ракетаның ұшу жылдамдығы баяулай бастады. Мұның өзі ракета Айға соқтығып қалмай, оған жайлап жақындап, абайлап қону үшін қажет еді.

Ракетаның ұшу жылдамдығы баяулай бастасымен-ақ ауырлық күші пайда болды да, Дымбілмес пен Томпидың иығынан басып, кабинаның еденіне жаныштай түсті. Дымбілмес бірақ Айдың қандай күйге түскенін көруге қатты құмартып, асыққан еді. Сондықтан еңбектеп, кабинаның қабырғасына жетті де, әрең дегенде орнынан көтеріліп, өкпе тұстағы иллюминаторға көз салды.

– Мына қызықты қара, Томпи, ол мұнда екен! – деп айқайлап жіберді Дымбілмес.

– Кім? – деп сұрады Томпи.

– Айды айтам. Ол төменде екен, білдің бе?

Иықтан басқан ауырлықтың арта түскеніне қарамастан Томпи да тырмысып, иллюминаторға жетті де, төменге көз тастады. Мына көрініс оны қатты таң қалдырды. Төменде, қай жаққа көз жіберсең де, сонау алыстағы көкжиекке дейін көптеген шақырымдарға созылып жатқан, біздің саяхатшыларымыз бұрынырақ байқағанындай кратерлері мен таулары бар Айдың бетін тамашалауға болатын еді. Тек қана ол бұрынғыдай төңкеріліп тұрмай, дұрыс, қалыпты жағдайға көшіпті.

– Ай қалайша төмен түсіп кеткен? – деп сұрады Томпи еш нәрсеге түсінбей.

– Меніңше, Ай орнынан қозғалған жоқ. Аударылып, төңкерілген біз өзіміз, дәлірек айтсақ, ракетамыз болуға тиіс, – деді Дымбілмес. – Әуелде ракета тұмсығымен Айға қараған болса, енді керісінше, оған төменгі бөлігімен қарап тұр. Сондықтан Ай бастапқыда бізге жоғарыда болып көрінсе, енді төменде болып көрінуі заңды.

– Ә-ө! – деп Томпи қуана айқайлап жіберді. – Түсіндім енді. Ендеше, ол Айға ұшпайтын болғаны ғой! Ура! Ракета кері қайтқысы келеді. Жарайсын, ракета!

– Түкке түсінген жоқсың! – деді Дымбілмес. – Не істеу қажеттігін, өзінің Айға ұшуға тиіс екенін ракета сенен жақсы біледі.

– Сен ракета үшін шыж-быж болмай-ақ қой! – деді Томпи. – Ракета өзі үшін өзі жауап береді.

– Ал сен одан да төменге қарашы, – деді Дымбілмес. Иллюминаторға көз салған Томпи Ай бетінің алыстай түспей, қайта керісінше, жақындап келе жатқанын аңғарды. Енді ол бұрынғы Жерден қарағандағыдай бірыңғай күлгін-сұр немесе ақ күміс түсті емес, бояуы ашық әр түрлі матадан тігілген құрақ көрпедей алақұла болып көрінген еді. Әдетте, Жерден қарағанда арақашықтықтың үлкен болуы себепті Ай бетінің түрлі-түсті мол бояулары бір-бірімен атасып кетіп, бізге күмістей жарқыраған біркелкі ақ, немесе өдемі күлгін сұр түсті ғана болып көрінеді. Бояулардың мұндай сыры суретшілерге ежелден мәлім, олар кенеп матаға түрлі-түрлі бояулы майда нүктелер түрінде немесе кішкене-кішкене дақ етіп жағып та әр түрлі суреттер сала береді, ол бояулар алысырақтан қарағанда тұтасып кетіп, бірыңғай түске ие болады.

Әрине, Айға өмір бойы Жерден қарағандарға ол сәл ғана сұрғылт дақтары бар ақ табак түрінде елестейтіні сөзсіз. Оған таңданатын түк те жоқ. Бізге, мәселен, өзіміздің тірлік кешетін жеріміз, шын мәнінде, шар сияқты бола тұра, жап-жалпақ болып елестейді ғой, сондай-ақ Жерді Күн айналатын сияқты көрінеді, іс жүзінде бұл, әрине, керісінше. Өмір бойы Жерде ғана қамалып отырып, ешқайда шықпағандарға, өрі өздерінің ми деп аталатын сұрғылт заттарына оншалықты салмақ түсір-

гісі келмейтіндерге мұнан басқа да көп нәрселердің осылайша теріс елестеуі мүмкін ғой.

Дымбілмес пен Томпи алдарынан ашылған ғажап суретті еріксіз тамашалап тұрып қалысты. Оларға Ай беті енді бұрынғыдай тіршіліктің ізі жоқ, құлазыған дала болып көрінбеді. Түрлі-түрлі бояулардың молдығы көз қуантып, көңіл сергітті. Томпи бірден-ақ мынадай сұлулықтың ортасында міндетті түрде ергежейлілер өмір сүруге тиіс, басқаша болуы мүмкін емес деп мәлімдеді.

– Ал енді Айда ергежейлілер өмір сүрсе, олар міндетті түрде тамақ ішуге тиіс, – деді Томпи осыдан соң, – олар тамақ ішетін болған соң, бізге де ішіп-жейтін бір нәрселер табылары сөзсіз, ендеше аштан өлмейміз.

Томпи осылай өз болжамын айтып болғанша, ракета Ай бетіне тіпті таяп келіп қалған-ды. Двигательдің аузынан атқылап шыққан ыстық газ Ай бетінің шаңын аспанға көтерді де, ракета қою шанның ортасында қалды.

– Бұл не? – деді Дымбілмес еш нәрсеге түсінбей. – Түтін бе, шаң ба? Түтін болса қайдан шықты? Мүмкін, төменде атқылаған жанар тау бар шығар?

– Бәсе, солай боларын, түптеп келгенде түп-тура жанартаудың үстіне келіп түсерімізді білген едім! – деп күнкілдеді Томпи.

– Сен оны қалай біле қойғансың? – деп танданды Дымбілмес.

Томпи бұл сұраққа жауап беріп үлгірмеді. Ракета дәл осы сәтте Ай бетіне қонған еді. Ол кенет солқ ете қалғанда, Дымбілмес пен Томпи тұрған орындарынан кабинаның еденіне ұшып түсті. Екеуі де еденде бір-біріне ешқандай үн қатпастан едәуір уақыт отырып қалысты. Ақыры, Дымбілмес:

– Ұшып келдік! – деп хабарлады.

– Сөйтіп, сонымен... Әлгі қалай еді... Сөз бітті! – деп күбірледі Томпи.

Достар орындарынан тұрды да, иллюминаторға көз салып қарай бастады, бірақ айнала төңіректі түп-түгел бұрқ-сарқ етіп қайнаған әлдеқандай бұлыңғыр мұнар орап алып, түк көрсетпеді.

– Төңірегіміз түп-түгел ойран ботқасы шығып қайнап жатқан бір нәрсе, – деп күнкілдеді Томпи ренішті

үнмен. – Шамасы, апанның нақ аузына тап болған шығармыз.

– Қайдағы апан? – деді Дымбілмес түсінбей.

– Жанартаудың апанын айтамын.

Сол екі арада төңіректі қоршаған қалың шаң бірте-бірте сейіле бастады. Ай бетінің бедері айқындалып келе жатты.

– Мынаны кара, жаңа ғана жан-жағымызды қоршап, түк көрсетпей қойған нәрсе – шаң, немесе тұман болып шықты, – деді Дымбілмес.

– Ендеше, жанартаудың үстіне қонбаған болып шықтық қой? – деп сұрады Томпи.

– Жоқ, жоқ! Бұл маңайда ешқандай жанартау жоқ, – деп тыныштандырды оны Дымбілмес.

– Ендеше, өлі де өмір сүруге болады екен! – деді Томпи иығынан он батпан жүк түскендей болып.

– Әрине, болады! – деп Дымбілмес оны қуана қостады да, маңғаздана Томпиға қолын ұсынды. – Қымбатты достым, мен сізді аман-есен Айға келіп қонуыңызбен құттықтаймын!

– Рахмет! Мен де сізді құттықтаймын! – деп жауап берді Томпи оның қолын қысып.

– Сіздің тамаша ғылыми қызметіңізде бұдан былай да табыстарға жете беруіңізге тілектеспін, – деді Дымбілмес.

– Мұныңызға рахмет! Мен де сізге соны тілеймін, – деді Томпи аяқтарын сарт еткізіп түйістіріп, Дымбілмеске иіліп ілтипат көрсетіп.

Дымбілмес те Томпиға тағзым етіп, оның істегенін қайталады. Өздерінің соншалықты әдептілігіне, мәдениеттілігіне көңілдері толған достар шаттана күліп, бір-бірін құшақтап, сүйе бастады.

– Ал Айдағы қызметімізді неден бастағанымыз жөн? – деп сұрады Дымбілмес осыдан кейін. – Мен ракетадан сыртқа шығып, айналаға дұрыстап барлау жасауды ұсынамын.

– Ал мен, әуелі тамақтанып алуды, барлауға содан соң шығуды ұсынамын, – деді Томпи бір түрлі сүйкімді күлімсіреп.

– Қымбатты достым, сіздің ұсынысыңыз қабылданады, – деп әдеппен келісімін білдірді Дымбілмес. – Тамағыңыз дәмді болсын деген тілек айтуға рұқсат етіңіз онда!

– Рақмет! Сізге де жақсы төбет тілеймін, – деп жымып жауап берді Томпи.

Бір-біріне осылайша құрмет көрсеткен достар азық-түлік қоймасына келді. Сол жерде асықпай тамақтанып алып, космос скафандрлары сақталатын бөлмеге көтерілді. Өз бойларына лайықты скафандрларды таңдап алып, киіне бастады.

Әр скафандр үш бөліктен: космос комбинезонынан, герметикалық шлемнен және космос етігінен тұратын еді. Космос комбинезоны дөнгелек және сопақша металл пластиналардан жасалып, пластиналар бір-бірімен ауа өткізбейтін, күміс түстес, иілгіш жұмсақ космопластмассамен жалғастырылған-ды. Комбинезонның арқалығында бекітілген қапшық бар-ды, оның ішінде ауаны тазартып және желдетіп отыратын құрал, сондай-ақ кеудеге ілінген электр шамына ток беріп тұратын батарея орналасқан-ды. Қапшықтың үстінгі жағына қажет болған жағдайда өз-өзінен автоматты түрде ашылып, қанатқа ұқсап жайылатын күләпара-парашют бекітілген еді.

Басқа киетін герметикалық шлем космопластмассадан жасалып, тот баспайтын болатпен қапталған-ды. Гермошлемнің алдыңғы жағында сынбайтын берік әйнектен жасалған дөнгелек терезе немесе иллюминатор, ал ішінде ауасыз кеңістікте сөйлесуге арналған телефоны бар шағын радиостанция орнатылған-ды. Космостық етікке келсек, оның кәдімгі етіктен бар айырмасы ұлтанының ыстық өткізбейтін арнайы заттан жасалғандығы еді.

Космос комбинезонының арқасына – жол қапшығы, белдігіне жиналмалы альпеншток (ұшы үшкір темірлі ұзын таяқша) пен геодезиялық балғадан басқа күннің ыстық сәулесінен қорғануға арналған космос шатыры ілінгендігін айта кету де артық емес. Ол шатыр балқуы қиын алюминийден жасалса да, кәдімгі жиналмалы қол шатырдан артық орын алмайтын.

Дымбілмес комбинезонды киген бойда-ақ өзінің үстіне құйып қойғандай қона кеткенін аңғарды, ал гермошлемнің кең етіп жасалғандығы сондай, оның ішіне Дымбілместің басы қалпағымен қоса емін-еркін сыйып кетті.

Үстеріне космос скафандрын киіп, радиотелефон байланысын тексеріп көрген соң, біздің саяхатшылары-

мыз ең төменгі қабатқа түсті де, шлюздің есігінің алдына келді. Дымбілмес Томпидың қолынан ұстап, түймені басты. Есік дыбыссыз ашылды. Достар ілгері аттап, шлюз камерасының ішіне енді. Есік қайтадан дыбыссыз жабылды. Енді біздің саяхатшыларды Ай өлемінен жалғыз есік қана бөліп тұр еді.

Ол есіктің алдында Дымбілмес еріксіз кідіріп қалды.

Осы уақытқа дейін бар кұпиясын жасырын сақтап келген Ай өлемі қандай болады екен? Ол шақырусыз келген қонақтарды қалай қарсы алмақ? Скафандрлар ауасыз кеңістікте сенімді қорған бола ала ма? Кішкене ғана сызат пен болар-болмас тесіктің өзі де оның ішіндегі ауаның сыртқа шығып кетуіне жетіп жатыр, ондай жағдайда саяхатшылардың өміріне сөзсіз қауіп төнері анық.

Осы ойлардың барлығы Дымбілместің басынан қас қағым сәтте жүгіріп өтті. Бірақ ол қорқынышқа бой алдырмады. Томпиды да жігерлендіре түсу үшін бір қолымен оның иығынан кұшақтап ұстап алып, екінші қолымен есіктің тұсындағы түймені басты. Бірақ есік Дымбілмес күткендей бірден ашылып кеткен жоқ. Ең әуелі есіктегі кішкентай тесік ашылды. Шлюз ішіндегі кеңістік сырттағы ауасыз кеңістікпен сол тесік арқылы жалғасты да, шлюз камерасының ішіндегі ауа ысылдап сыртқа атылды. Дымбілмес пен Томпи соған дейін үстеріне жабысып тұрған комбинезондары кенет ішіне біреу ауа үрлегендей қампып, кеңіп сала бергенін аңғарды. Бұл – сырттағы ауа қысымы жоғалып, скафандрдың қабырғаларына іштегі ауа қысымы ғана әсер етуінен болған кұбылыс еді. Міне, осыны түсінбеген Томпи үстіндегі скафандры жарылып кеткен екен деп ойлап, зәре-кұты қалмай қорыққанынан теңселіп кетіп, бір бүйіріне қарай қисайып, құлай берген. Дымбілмес оның шынтағынан ұстай алып демеді де:

– Түзу тұр! Әзірге қорқатындай еш нәрсе болған жоқ! – деді.

Бұл кезде шлюз камерасындағы ауа түгел шығып болған еді. Сыртқы есік автоматты түрде өзі ашылды.

Алдыңғы жақтан жарқ ете қалған сәулені көзі шалған Дымбілмес:

– Ал кеттік. Алға қарай батыл бас! – деп өмір етті.

ІІ БӨЛІМ

Сегізінші тарау

АЙДАҒЫ АЛҒАШҚЫ КҮН

Аостар қол ұстасқан қалпынша шлюз камерасынан шықты да, сатымен төмен түсіп, Айдың бетінде алғашқы қадам жасады. Көз алдарынан ашылған сурет оларды еріксіз таңырқатып, баурап алды. Төменде аяқтарының дәл астында теңіздің ирек-ирек баяу толқынын еске түсіретін, бірақ қозғалмай қатып қалған алқап жатты. Осынау кенеттен қатып, тасқа айналған теңіз бетіне қатты ұқсайтын ғажап алқаптың түсі де теңіз суы сияқты көк-жасыл, аквамарин (жасыл түсті ақық тас) тасының түсі іспеттес еді. Бір қарағанда баяу дөңбекшіп толқып жатқандай елестейтін осы алқап біраз жерге дейін созылып барып, бейне бір құмнан үйілгендей көрінетін сары төбелерге иек артады екен. Ол төбелерден өріректен қызыл таулар көз арбайды. Қызыл таулар алаулап жаның аспанға шалқыған, сол күйінде тасқа айналып қатып қалған қып-қызыл жалын тілдеріне ұқсайтын еді.

Оң жақта да, біздің жолаушыларға жап-жақын жерде, оттай жанған қызыл таулар тұрды. Олар бейне бір тасқа айналған теңіз түбінен атылып шығып, сүйір шындарын көкке соза қозғалмастан қатып қалғандай көрініп кетті.

Дымбілмес пен Томпи бұрылып арттарына қарағанда онда да алыстан тау тұлғасы мұнартып көзге шалынды. Бұл таулар, бірақ жер бетінде көшіп жүретін ақша бұлттарды еске салғандай еді, өрі мақтадан жасалғандай жеп-жеңіл болып елестеді. Оның беткейі мен шындарында өйнектен мүсінделген ғажайып сарайларға ұқсайтын, сырт бейнесі тау хрусталі кристалын еске түсіретін аса зор кристалдар жарқырап тұрды. Күн сәулесі түскенде әлгі кристалдар кемпірқосақ тәрізді сан алуан түспен күлпырады екен.

Осы әсем әлемнің үстінде майда, ірісі аралас сансыз жұлдыздары жарқыраған, түпсіз терең, тұңғиық, қап-қара аспан күмбезі төңкеріліп тұрды. Сәуле шашқан күс жолы сол күмбезді қак екіге бөліп тастапты. Күмбездің сол жақ жартысында, көкжиекке таяу тұстағы шоғырланған қалың жұлдыздың ортасында көз қаратпай Күн жарқырайды, ал оң жақ жағасында Жер планетасы жұмсақ жасыл сәуле төгеді; Күн нұры Жер планетасына бір бүйірден түсіп тұрғандықтан, оның қазіргі бейнесі жартыкеш Айдан айнымай қалыпты.

Қап-қара аспан күмбезі Ай бетінің жарқын бояулары мен ғажап сұлулығын онан сайын айқындап, арттыра түскендей. Бұған Айдың төңірегінде атмосфера, екінші сөзбен айтқанда, ауа болмауының да ықпалы бар еді. Әдетте ауа қабаты Күн сәулесін белгілі дәрежеде азайтып, өзіне сіңіріп алумен тынбай, оны едәуір шашыратып, заттардан түсетін көлеңкені жұмсарта түседі. Айда заттардың көлеңкесі барынша қою, қап-қара болуы әлгі заттардың өзін де, бояуларын да шұғыл айқындап, ажарландырып көрсетеді екен.

Ақша бұлтқа ұқсас таулардан беріректе конусқа, немесе пирамидаға ұқсайтын жалғыз тау қарауытады. Оның етегінен басталатын соқпақ жол жіп-жіңішке сәулеге ұқсап, ракета қонған төбеге дейін созылып жатыр. Ол соқпақ Айдың тастақ бетіне біреу әдейілеп күм немесе бор сеуіп қойғандай ағараңдап көзге шалынады.

— Мұның өзі, меніңше, тегін емес, — деді Дымбілмес Томпиға. — Ана пирамиданы орнатқан Ай тұрғындары болса керек. Мына жол — солардың іздері. Біз алдымен пирамиданы зерттеуге тиіспіз. Сен қалай қарайсың?

Дымбілмес сұрағына жауап тосып тұрмастан ай соқпағына қарай адымдай жөнелді. Өз пікірін айтуға үлгірмеген Томпи алақанын жайып, иығын қиқаң еткізді де, Дымбілместің соңынан ерді.

Кейбіреулер сәті түсіп Айға барсам, ондағы салмақ Жердегі салмақтан алты есеге жуық аз болуы себепті, шегірткедей секеңдеп секіре бастар едім деп ойлайды. Дымбілмес пен Томпи, алайда, ондайды бастарынан өткерген жоқ. Айдағы тартылыс күші Жердегіден әлдеқайда аз болғанымен, олар салмақтары өзгергенін сезе

қоймады. Өйткені Айға қарай ұзақ уақыт ұшу үстінде салмақсыздық жағдайына бойлары үйреніп қалған еді. Ай бетінде пайда болған салмақтары сондықтан да оларға Жердегіден ешқандай айырмасы жоқ сияқты болып көрінді. Қалай болған күнде де олар Ай бетінде шегірткеге немесе бүргеке ұқсап секеңдемей, үйреншікті, қалыпты жағдайда келе жатты.

Рас, ара-тұра Томпида айналадағылардың бәрі де төңкеріліп тұрғандай сезім пайда болып отырды. Ай да, таулар да, өзі де, алда кетіп бара жатқан Дымбілмес те теріс аударылып қойғандай көрінді оған. Ай беті — жоғарыда, жұлдыздары мен күні жарқыраған аспан — төменде, ал өзі Ай бетіне космос етіктерінің табанымен жабысып, басымен төмен қарап салбырап тұрғандай елестеді. Ондай сәттерде ол аяғы абайсызда етіктерден шығып кетіп, басымен төмен қараған қалпынша әлем кеңістігінің құшағына құлап кетермін, ал етіктерім Ай бетінде қалып қояр деп қорықты. Сол себепті қайта-қайта қолдарымен етіктерінің қонышынан ұстап, тартқылаумен болды.

Оның өзін осылайша қалыптан тыс сезінуінің мынадай себептері бар еді: Айда салмақ күшінің Жердегіден әлдеқайда аз болуы себепті организмдегі қанның аяққа қарай ағуы азайып кетеді. Дененің жоғарғы жағында қалған қан өдеттегіден көп болуы — мидың қан тамырларына түсетін қысымның бейне бір баспен төмен қарап салбырап тұрған кезіндегідей болып арта түсуіне өкеліп соғады. Міне, сондықтан да Томпи өзін басымен төмен қарай салбырап тұрғандай сезінген еді. Ал өзін осылай сезінген соң, өзгелер де оған бастарымен төмен салбырап тұрғандай көрінген және бұдан құтылудың еш амалы жоқ еді. Алғаш осындай еріктен тыс жағдайдан Томпи қатты қорықса да, артынан дәл өзі үшін басымен жоғары немесе төмен қарап жүрудің айырмасы жоқ деп шешті де, бұған қолды бір-ақ сілтеді. Әділетін айту керек, Дымбілмес мұндай оғаш жағдайды бастан кешкен жоқ, мүмкін оның дене құрылысы тығыншықтай мықты және Томпи сияқты жуан болмағанының пайдасы тиген шығар.

Пирамидаға апаратын жол алғаш ойлағандарындай жақын емес екен. Айда ара қашықтық алдамшы. Ауа болмауы себепті алыстағы заттар да ап-айқын және жа-

қын болып көрінеді. Дымбілмес пен Томпидың жолға шыққандарына сағатқа жуық уақыт өтсе де, пирамидаға жете алмады. Күн скафандрларын барған сайын қыздыра түсті, Дымбілмес пен Томпи ыстықтан пысынап кетсе де, космостық қол шатырларын ашып, пайдалануға болатыны ойларына кіріп шықпады.

– Жайырақ жүрші, Дымбілмес! – деп жалынды ақырында Томпи. – Кішкене дем алайықшы.

– Ал сен күнге қуырдақтай қақталғың келеді ғой, – деді Дымбілмес. – Пирамидаға тезірек жетіп, көлеңкеге тығылмасак болмас. Оның үстіне әр түрлі космос сәулелері болады дегендей!

– Тағы не қылған космос сәулелері? – деп күңкілдеді Томпи.

– Оны сен бәрібір бірден түсіне алмайсың, – деп жауап берді Дымбілмес. – Кейінірек түсіндіремін.

Шын мәнінде, Дымбілмес Томпиға еш нәрсе түсіндіре алмайтын еді, өйткені космос сәулесі дегеннің не екенін, оның жай сәуледен айырмасы қандай болатынын өзі де білмейтін. Ол тек қана Қызылгүл мен Ақшабақтан сондай сәулелер болатынын және Айда болған уақытта ол сәулелерден сақтану керектігін естіген болатын.

Ақыры Дымбілмес пен Томпи көздеген жерлеріне келіп жетті. Алыстан оларға пирамида сияқты болып көрінген – көдімгі тау немесе, дәлірек айтсақ, сөніп қалған жанартау болып шықты. Бір кезде атқылаған отты балқыма төмен аққан қалпында қатып қалыпты да, жарылып-жарылып кетіпті. Соқпақ жол Дымбілмес пен Томпиды түп-тура тау беткейіндегі үңгірге алып келді. Күннің күйдірген сәулесінен тезірек құтылғысы келген біздің жолаушылар үңгірге кіруге асыққан. Бұл жерде ашық аспан астындағыдан гөрі салқындау және рақат еді. Томпиға енді етіктен шығып, өлем кеңістігіне ұшып кететін сияқты көрінуін де қойды. Жоғарыда жұлдызды аспан емес, үңгірдің тас төбесі болуы – ұшып кеткен күннің өзінде де алысқа ұзай қоймайтынын еске салып, көңілін орнықтырды. Томпи аяғындағы космос етіктерін шешті де, үңгір қабырғасының іргесінде жатқан жалтыр тасқа ыңғайланып отырып алып, дем алуға кірісті.

Дымбілмес те Томпидың істегенін қайталап, оның

жанына келіп отырған. Бірақ бір жерде қозғалмай, әрекетсіз ұзақ отыру оның табиғатына қайшы еді. Көздері үнгір қараңғылығына аздап үйрене салысымақ ақ ол орнынан атып тұрып, бұрыш-бұрышты аралай бастады. Үнгірдің жақын жерде біте қоймай, тау астына қарай ұзай беретінін білген соң, Дымбілмес оны зерттеуді қажет деп тапты.

Томпи етіктерін ықылассыз киіп, орнынан құлықсыз үңілей көтеріліп, амалсыз Дымбілместің соңынан ерді. Олар оншақты адым ілгерілемей жатып-ақ, көзге түртсе көргісіз қараңғылыққа тап болды. Томпи мұндай қараңғыда ешқандай зерттеу жұмысын жүргізу мүмкін емес деп мәлімдеп, кері қайтуға оқталған еді, дәл осы сәтте Дымбілмес өзінің электр шамын жарқ еткізіп жақты да қараңғылық сейіліп сала берді. Томпи бұған қатты өкінді. Енді оған амалсыз алға жылжуға тура келді. Бұл кезде ол шаршағанын, сонымен бірге тона бастағанын да сезінген-ді. Алғашқыда соншалық рақат болып көрінген салқындық енді үскірік суыққа айналды. Томпидың аяқ қолдары тона бастады. Ол жүріп келе жатып секіріп, аяқтарын ербеңдетіп, алақандарын бір-біріне соққылап, жылынуға әрекеттеніп көрді, бірақ бәрібір көмегі тимеді.

Дымбілмес бұл кезде суықтықты тіпті сезіне қоймаған-ды. Ол еш нәрсені назардан тыс қалдырмауға тырысып, алға қарай сергек адымдап келе жатты. Алғашқыда жол өдейілеп тауды тесіп салған сияқты туннельмен (жер асты жолы) ілгерілеген. Туннельдің табаны бірте-бірте төмендей түскендіктен, біреу арқадан итеріп отырғандай-ақ, жүрулері жеңілдеген. Кенет туннельдің іші кеңіп сала берді де, біздің саяхатшыларымыз аса үлкен жер асты немесе, дәлірек айтсақ, ай асты үнгіріне тап болды.

Олардың алдынан ашылған сурет бейне бір ертегідегі мұз патшалығына ұқсас еді. Үнгірдің биік төбесінен мыңдаған мұз сүңгілер салбырап тұрды. Олардың қайсыбірі жылт-жылт еткен майда шашақтар сияқты жоғарыда көз тартса, екіншілері жалтылдаған ірі шашақтар сияқты төменірек салбырап тұрды. Жекелеген сүңгілердің ірілігі сондай, алмас найзаның жебесі сияқты сүйір ұштары үнгірдің табанына тиюге аз-ақ қалып-

ты, ал қайсыбіреулері үнгірдің табанына жетіп тіреліп, алмас сүнгіден енді алмас тіреулерге айналып кетіпті. Үскірік аяз жалт-жұлт етіп көздің жауын алатын мұз сарайдың аса биік тас қабырғаларын неше түрлі ғажайып өрнектермен өшекейлеп тастапты. Ол өрнектерге мұқият көз салсаңыз, қырау жымылған шырша мен пальма ағаштарын, олардың арасында жапырақ жайған неше түрлі әсем гүлдерді, бейне бір жіңішке мұз жіптерден тоқылып, кемпірқосақ сияқты сан құбыла жылтылдаған аса үлкен жұлдыздарды, басқа да көп-көп суретті аңғаруға болатын еді.

Осыны біраз тамашалаған Дымбілмес ілгері жылжыды. Томпи оның артынан ілесті. Айналада мұз сүнгілердің көп болуынан ба, әлде суық расында күшейе түсті ме, Томпи бұрынғыдан да қатты тоңып, жүріп келе жатқан бойында бар ынтасымен секіріп, билей бастаған; оның қатты билегені сондай – аяғындағы бір етігі өлдеқайда ұшып кетті. Томпи етігін іздеуге ұмтылды да, мұз тіреулердің арасында лезде адасып кетті. Бойын қорқыныш билеген ол Дымбілместі шақыра бастады, бірақ Дымбілместің өзі де оған көмектесе алмайтындай жағдайға тап болып еді. Дымбілмес бұл кезде үнгірден шығып, табаны мұз жаңа туннельге қадам басқан. Бір адым жасауы мұң екен, аяғы тайып кетіп, төмен қарай сырғанап жөнелді. Мұздың беті аяқ тірер ешқандай бедері жоқ, тап-тақыр екен. Радиотелефон арқылы Дымбілмес Томпидың айқайлаған даусын естіді, бірақ қолынан келер еш қайраны жоқ болғандықтан, оған енді назар аудармады.

Туннель барған сайын қия беткейленіп, тереңдей берді. Кешікпей-ақ Дымбілмес өзінің мұз бетімен сырғанап емес, өлдеқандай түпсіз тұңғиыққа құлап бара жатқанын сезді. Айнала азырақ айқындала бастапты. Шамасы, сәуле төменгі жақтан келіп тұрған сияқты. Сонымен бірге бойының жылына бастағанын сезді. Бірнеше минуттан кейін тіпті ыстықтап кетті. Жарық сәуледен көзі қарықты. Дымбілмес «мандайыма отқа жанып өлу жазылған болар» деп ойлап, өмірімен ойша қоштаса бастаған. Дәл сол сәтте шыңырау құдықтың қабырғалары кеңі түсіп, лезде жоғалып кетті. Тағы бір минут өткенде

Дымбілмес жоғарыға көз тастап, аппақ шарбы бұлттар қаптаған аспанды көрді. Ал төменде... Дымбілмес төменде не бар екенін көруге қанша тырысса да, өлдеқандай қалың тұман түк көрсетпеді. Енді бір сәттерде тұман сейіле түсіп, ол егін және орман алқаптарын, ағып жатқан өзенді анық байқады.

– Ә, осындай екен ғой! – деді Дымбілмес өзіне-өзі. Демек, Білгірдің Ай туралы: шардың ішіндегі шар және ішкі шардың бетінде ай ергежейлілері өмір сүреді дегені рас болып шыққаны ғой. Несі бар, азырақ тосайық, мүмкін, кешікпей ай ергежейлілерімен ұшырасып қалармыз.

Бейтаныс жер сол екі арада жақындай түскен. Төменнен қала, оның аландары мен көшелері анық көрінді. Бұл – Айдағы ең үлкен шаһарлардың бірі – Давилон еді. Кешікпей Дымбілмес үйлерді, тіпті көшелердегі жекелеген жүргіншілерді де ажырата бастады. Алайда жел оны қаланың ортасына емес, бау-бақшалары жайқалған, үйлерінің төбесі де жасыл жапырақтардан көрінбей тұрған шет жағына қарай қақпақылдай өкеле жатты.

«Несі бар, бұл қайта жақсы болды, – деп ойлады Дымбілмес. – Ең болмаса құлағанда жұмсақтау жерге түсермін, әйтпесе тас төсеген көшенің ортасына келіп, топ ете түссем, сүйегімді жинап алу қиын болар».

Бірақ Дымбілмес бекер қауіптеніпті, арқасындағы қанатқа ұқсас үлкен парашют оның екпінін тежеп қатты құлаудан сақтап қалды. Рас, аяқтары жерге келіп тигенде, мұны күтпеген Дымбілместің тізелері бүгіліп кетіп, құйрығымен жалп еткен. Арқасындағы парашют автоматты түрде жиналып, қайтадан күләпара түріне келді. Дымбілмес жан-жағына көз салып, өзінің өлдеқандай бұталардың ортасында тұрғанын көрді. Бұталардың майда жасыл жапырақтары өлденеге қалтырап, дір-дір етеді. Осыны байқаған Дымбілмес айналада ауа болуға тиіс деп жорамалдады. Өйткені ағаш жапырақтары өдетте өз-өзінен емес, жел болса ғана қалтырайтыны белгілі.

Осындай қорытындыға келген Дымбілмес үстіндегі космос скафандрын шешті де, өзінің тұншықпай, қайта еркін тыныстай бастағанын сезді. Оған бұл маңның ауасы жердегі ауадан өлдеқайда жақсы болып көрінді.

Мұның себебі – оның ұзақ уақыт скафандрдың ішінде болып, таза ауаны тосырқап қалғандығынан еді.

Кеуде кере дем алған Дымбілмес тұла бойының жеңілдеп, сергіп сала бергенін сезді. Көңіл күйі жақсарып, жадырап кетті. Қуанғанынан күлгісі келді, бірақ өз-өзіне тоқтау салып, өліптің артын баға тұруды жөн көрді. Ең әуелі жан-жағына абайлай қарап, қайда келіп түскенін анықтап алу қажет еді.

Дымбілмес скафандрын тәптіштеп бүктеп, бұталардың бірінің түбіне жасырды да, айналаны зерттей бастады. Өзін қоршаған бұталарға көңіл қойып қараған соң ғана шын мәнінде өлгілердің жай бұталар емес, кішкентай ағаштар екеніне көз жеткізді. Ағаштар Дымбілместен бар болғаны бір жарым-екі есе ғана биік еді. Ол ағаштардың бұталарында ірілігі бұршақ дөніндей көк алмалар өсіп тұр екен. Солардың бірін үзіп алып, аузына салған Дымбілмес сол сәтінде-ақ қабағын тыжырынып, қайтадан түкіріп тастады, алма тым ащы екен. Одан әріректе сондай ергежейлі алмұрт ағашы өсіп тұр. Дымбілмес Айда өсетін алмұрттың дәмін көрмек болып, біреуін аузына салған еді, ол да сүйкімсіз, ауыз қуыратындай кермек болып шықты, шамасы, әлі піспесе керек.

Ай алмұртын лактырып тастап, Дымбілмес жеуге болатын тағы не табылар екен деп жан-жағын барлай бастады. Ай алмасы мен алмұрты оның төбетін онан сайын қоздырып жіберді; өрі оның үстіне, соңғы рет тамақ ішкелі көп уақыт өтіп еді. Тағы бірер адым жүрген ол биік тақтай қоршауға тап болды. Қоршау іргесінде тіпті майда, қып-қызыл жемістері бар тікенекті, кішкене бұталар өсіп тұр. Бір жемісті аузына салып, жеп көрген Дымбілмес өлгі бұталардың қызыл бүлдірген екеніне көзі жетті. Дәмі жөнінен жердегі бүлдіргеннен еш айырмасы жоқ, бірақ тым майда екен. Дымбілмес ай бүлдіргенін аузына толтыра салып, жей бастады, бірақ қанша жесе де, жұмырына жүк болмағанын сезді.

Бұл жолы оған бүлдіргенді тоя жеудің сәті түспеді. Егер ол азырақ сақтық жасап, абайласа, бұталардың арасынан манадан бері әлдекімнің өзіне тесіле қарап тұрғанын байқар еді. Бұталардың арасында мұның әрбір

қимылын бақылап тұрған – Ай ергежейлісі Фикс болатын. Ол үстіне шынтақтары тесілген сары пиджак, басына кірден қарайып кеткен, көзге ерсі көрінетін сары қалпақ киіп алыпты. Бұтындағы шалбарының балағы етік киюге арналып тар тігілген. Бірақ жалаң аяғына етік кимей, жай ғана сандал іле салыпты. Қолында ұзын сапты сыпырғышы бар. Фикс бейне бір шабуылға өзірленгендей, әлгі сыпырғышты мылтыққа ұқсатып кесе-көлденең ұстап алыпты.

Еш нәрседен күдігі жоқ Дымбілмес қызыл бүлдіргенді жайпай соғып, алға қарай жылжи бергені сол еді, кенет сарт еткен дыбыс естіліп, аяғын бір нәрсе қысып қалды. Аяғының қатты ауырғанынан ол еріксіз айқайлап жіберді. Еңкейіп, төмен қараған Дымбілмес бір аяғының қақпанға түсіп қалғанын көрді. Сол сәтінде-ақ манадан бері мұның әрбір қимылын бақылап тұрған Фикс тасадан атып шығып, Дымбілместің жанына жүгіріп келіп, бар пәрменімен оның басына сыпырғышпен салып қалды.

– Әй, жауыз! Қызыл бүлдіргенді қидай сыпыруың, оңбағанның! – деп айқайлады Фикс сыпырғышын шошандатып.

– Алдымен тілге келсеңші, – деді Дымбілмес ташуланып, – бұл не өзі? Сыпырғышпен неге ұрасың? Мына қақпаның не?

Фикс бірақ оның сөзіне құлақ та салмады.

– Қызыл бүлдіргенді қалай жеуді көрсетемін! – деп қайталай берді ол Дымбілместің қолдарын артына қайырып байлап жатып.

Дымбілмес иығын қиқаң еткізіп:

– Түкке түсінсем бұйырмасын! – деді күңкілдей сөйлеп.

– Қазір сені Қандала мырзаға алып барамын, сонда бәрін түсінесің! – деді Фикс қорқыта сөйлеп.

– Ол тағы не қылған Қандала мырза? – деп сұрады Дымбілмес.

– Неғылған Қандала мырза екенін барғанда көресің. Ал қазір сүмендемей, аяғыңды жылдам бас! – деген Фикс жіптен бар күшімен тартып қалғанда, Дымбілмес құлап қала жаздады.

– Ес бар ма өзінде, мен қалай жүремін? Аяғым қақпанда екенін көрмей тұрсын ба? – деді Дымбілмес.

– Қарай гөр аяншағын, аяғының қақпанға түскенін ұнатпайды, – деп күңкілдеді Фикс.

Солай дей тұра, ол еңкейіп Дымбілместің аяғын қақпаннан босатты.

– Ал, қане, сөзді қой, бас жылдам! – деп бұйырды ол Дымбілместің қолын байлаған жіптің бір ұшын өз уысынан босатпаған күйінде, Дымбілместі арқасынан сыпырғышпен итеріп қалып. – Қашамын деп ойлама, бәрібір менен құтылмайсың!

Дымбілмес жауаптың орнына иығын қиқаң еткізді де қойды. Қақпанның серіппесі аяғын қатты қысып жібергенін ауырсынған ол онсыз да жүгіре алмас еді. Дымбілмес бақ ішінде ақсаңдай басып, жүрісі өнбей келе жатты, оның артындағы Фикс қабағын қарс түйіп, сыпырғышын иығына асып алыпты. Жеміс бағынан шыққан бойда олар Ай қиярлары мен помидорлары өсіп тұрған жүйектерді бойлай жүрді. Дымбілмес мүшкілдеу халде келе жатса да жан-жағына көз салып қояды. Ол Ай помидорлары мен қиярларының Жердегіден ондаған есе ұсақ екендігін аңғарды.

Әрегіректе үш ергежейлі жүйектерді суарып жүр. Екеуі сорғымен су тартып тұр да, үшіншісі брандспойтпен (тасымалдауға болатын қол сорғысы) суды жоғары атқылатып тұр. Тік шапшыған су өуеде майда тамшыларға айналып кетеді де, жаңбырға ұқсап төмен құлайды.

Кешікпей қияр мен помидор жүйектері таусылды да, құлпынай жүйектері басталды. Бірнеше ергежейлілер жүйек арасында еңбектеп, пісуі жеткен құлпынайды теріп алып, тоқылған себеттерге жинап жүр. Солардың бірі Фикс пен Дымбілместі көріп, айқай салды.

– Ей, Фикс, сен тағы бір ұрыны ұстап алғансың ба?

– Әрине, енді қалай деп ең, – деп жауап берді Фикс көңілі толып, масаттана жымиып.

– Қандала мырзаға апарасың ба?

– Иә, Қандала мырзаға, басқа кімге болушы еді!

– Тағы да итке талатасындар ма? – деп сұрады екінші ергежейлі жұмыстан бас көтерместен.

– Ол жағын Қандала мырзаның өзі біледі. Кімге, қалай талат деп әмір берсе де, бұлжытпай орындаймыз.

– Айуандар! – деп күнк етті жұмыс істеп жүрген ергежейлілердің бірі.

– Не дейсін?

– Сен де, Қандала мырза да айуансындар деймін!

– Мен саған көрсетемін айуанды! – деп арс ете қалды Фикс. – Жұмыс істеудің орнына, тілдеріңнің тым ұзарып кеткенін барған соң Қандалаға жеткізейінші, көшеге қаңғыртып жіберсін!

Ергежейлілер үндемей, жұмыстарына кірісті. Фике Дымбілместің арқасынан сыпырғыштың таяғымен нұқып қалды да, ілгері қозғалды. Төбеге шыққан кезде үлкен, ашық верандасы бар, екі қабатты әдемі үй Дымбілместің назарына бірден шалынды. Үйдің айналасында гүлзарлар көз тартады. Оларда ай маргариткалары¹ да, үкі көзде, настурция² да, ай резедасы да, астралар да өсіп тұр. Әр үйдің терезелерінің алдында ай сиреньдері отырғызылған. Бұл гүлдердің бәрі де біздің Жердегідей болғанмен, бірнеше есе ұсақ еді. Айдағы өсімдіктердің кіші болатынына Дымбілместің көзі үйрене бастаған, сондықтан бұған таңырқамады.

Қандала мырза верандада отыр еді. Ол жұп-жуан, қызыл шырайлы, басының үлкен қасқасына дейін қызартып тұратын ергежейлі екен. Көздері сығырайған, қасы мүлде жоққа тән, осыдан болар, бір қарағанда ол өте көңілді және қарапайымды ергежейлі сияқты көрінуі мүмкін. Үстінде мол тігілген, ақ жолақты, қоңыр, жібек пижама, аяғында – іле салған кебіс.

Ол стол басында бірден төрт түрлі іспен айналысып: 1) ақ нанға май жағып жеп; 2) мұраппамен шай ішіп; 3) газет қарап; 4) айналасында қаптай ұшып, сөт сайын қасқа маңдайына қонып, шайына түсіп, мазалай беретін шыбындарды үздіксіз жасқап отырған.

Осы төрт іске Қандала мырзаның бар ыждаһатын

¹ М а р г а р и т к а – ұсақ ақ, қызыл не қызғылт гүлі бар бақ өсімдігі.

² Н а с т у р ц и я – капуцин; өте сөнлі өсімдік, кейбір елдерде асқа да пайдаланады.

салғаны сонша – ағыл-тегіл аққан тер қасқа мандайынан беті мен шүйдесіне, содан барып мойнына құйылып отыр еді. Шамасы, бұл Қандала мырзаға онша ұнамайтын болса керек, ол қайта-қайта креслоның арқалығында ілулі тұрған ормалды жұлып алып, мандайы мен мойнын сүртіп, шыбындарды қуалау үшін басынан асырашыр көбелек айналдыра бұлғап қойып, орнына іледі.

Үйге жақындап келе жатқан Фикс пен Дымбілместі көрісімен Қандала мырза ішіп болмаған шайын ысыра салды да, әрі қарай не болар екен деп өуестікпен тосып қалды.

– Міне, Қандала мырза, ұры ұстадым, – деді Фикс Дымбілместі жетелеген қалпы үйдің алдына келіп тоқтап.

Қандала мырза стол басынан тұрды да, веранданың төмен түсетін баспалдақтарына жетіп тоқтап, май басқан топ-томпақ қолдарын қарнының үстіне қойған қалпынша Дымбілместі бастан-аяқ шола бастады.

– Қақпанға түскен шығар? – деп сұрады ақырында.

– Дәл солай, Қандала мырза. Қызыл бүлдіргенді күйсетіп жатып, қақпанға түсті.

– Иә, иә, – деп ыңыранды Қандала. – Мен саған көрсетемін, көзіңе көк шыбын үймелетемін! Сен неге қызыл бүлдіргенді күйсетесің, айт қане?

– Ешқандай да күйсеткен жоқпын, жедім, – деп түзетті оны Дымбілмес.

– Мұнын кірпиязын қарай гөр! – деп езу тартты Қандала мырза. – Тіпті сөз айтуға болмайды өзіне! Ал, жарайды! Сен оны неге жедің?

– Неге ме... Жегім келді.

– Алда байғұс-ай! – деді Қандала оған өтірік жаны ашыған болып. «Жегім келді». Мен саған көрсетемін, көзіңе көк шыбын үймелетемін. Ал ол бүлдірген сенікі ме? Айт шапшаң!

– Неге менікі емес! – деді Дымбілмес. – Мен оны ешкімнің қолынан жұлып алғаным жоқ. Бұтадан өзім теріп жедім.

Бұл жауапты естігенде, қарны кампиған, аяқтары қып-қысқа Қандала ызадан тырсылдап жарылып кете жаздады.

– Мен саған көрсетемін, көзіңе көк шыбын үймелетемін! – деп айқайлады ол. – Сен ол жердің жеке меншіктікі екенін көрмедің бе?

– Жеке меншік деген не?

– Сен немене, мүмкін жеке меншікті мойындағын келмейтін шығар? – деп күдіктене сұрады Қандала.

– Неге мойындамаймын? – деп ынғайсызданып қалды Дымбілмес. – Мен мойындаймын, тек қана оның қандай меншік екенін түсінсем бұйырмасын! Бізде ешқандай жеке меншік жоқ. Біз бәрін бірге себеміз, ағаштарды да бірге отырғызамыз, ал сонан соң, әркім өзіне керекті ала береді. Бізде бәрі жеткілікті.

– Бізде дегенің қай жер? Біз дегенің кімдер? Не жеткілікті сендерде? Мұндай сөздерін үшін сені тура полицияға тапсыру керек! Олар саған көрсетеді! Көзіңе көк шыбын үймелетеді! – деп бұркылдады Қандала қолдарын сермей екілене сөйлеп, Дымбілместің аузын аштырмай.

Ақыры ол алақандарын сарт еткізді де:

– Фекс! – деп айқайлады.

Оның даусына есіктен Фикс сияқты киінген, бірақ бас киімі ғана жоқ екінші ергежейлі кіріп келді. Оны көрісімен Қандала саусақтарын сырт еткізіп, өзі тұрған жердің еденін нұсқады. Фекс не істеуі керек екенін бірден ұқты да, стол жанында тұрған креслоны көтеріп әкеліп, Қандаланың артына қойды. Қандала асықпай креслоға жайғасты.

– Қа-не, мұнда өлгі... м-м-м... Милордикті өкеліңдерші, – деді ол.

Фекс бұйрықты орындауға тұра жүгірді.

– Менің қайырымды ергежейлі болғаным шүкіршілік ет, – деді Қандала Дымбілмеске. – Мен сені полицияға тапсырмаймын. Полициямен, бауырым, байланыспаған артық. Сайтан алғыр полициядан маған да, саған да келетін ешқандай пайда жоқ.

Осы кезде үлкен, сабалақ жүнді төбетті шынжырынан жетектеп Фекс келді.

– Солай-ақ болсын, мен сені босатамын, – деді Қандала Дымбілмеске қадалған бойы сөзін жалғап. – Сен тек қана қаш, көгершінім, тезірек қаш, өйтпесе ит қуы

жетіп, қауып алуы мүмкін... Босатшы мынаны! — деп бұйырды ол Фикске.

Фикс Дымбілместің қолдарын шешті.

— Ал енді қаш, неге бөгелесің? — деді Қандала. — Әлде итті саған қазір қоя берейік пе? Қане, Фекс, итті босатып, айтақтатшы мынаған.

Жағдайдың қиындап бара жатқанын көрген Дымбілмес бар пәрменімен қаша жөнелді. Сол сәтінде-ақ Фекс шынжырды босатып жіберді де, сабалақ жүнді төбет Дымбілместің соңынан тұра қуды.

— Айт, Милордик, айт! — деп қуана айқайлады Қандала алақандарын шапалақтап.

Төбеттің өзіне таяп қалғанын сезген Дымбілмес бір бүйірге қарай жалт берді. Ит екпіндеп ары өтіп кетті. Милордик өзіне таяған сайын Дымбілмес осы әдісті қайталап, оған бір рет те қапқызбады. Олар үйді айнала жүгіріп, гүлзарларды таптап жүр. Тамырымен жұлынған маргариткалар, ромашкалар, үкі көздер, қызғалдақтар аяқтарының астына ұшып түсіп жатты.

— Милордик, айт, айт! — деп бажылдады Қандала. — Болсаңшы енді. Бір ұрыға да шамаң келмей ме? Алып түс! Әй, жаман жабы! Мен саған көрсетемін, көзіңе көк шыбын үймелетемін!.. Әй, Фекс!

— Не бұйырасыз, қожайын мырза! — деп Фекс Қандалаға құрметпен иіле қалды.

— Қазір мында әлгі... ім-м-м... Цезариноны тез алып кел.

— Құп болады, — деп күбірлеген Фекс ата жөнелді.

Бір минуттен соң ол күйрығы жоқ, қоныр, қысқа жүнді, ұзын сирақты, арықтау төбетті жетелеп келді.

— Босат! — деп айқайлады Қандала. — Қа-не, Цезарино, алып соқ!

Милордикке қолғабыс келіп жеткенін көрген Дымбілмес төмпешіктен төмен түсті де, құлпынай еккен жүйекпен секіре жөнелді. Екі төбет те оның артынан жол таңдамай қуалап, құлпынайды аямай таптай берді.

— Мыналар не істеп жүр! Мыналар не істеп жүр! — деп байбалам салды Қандала төменге қарай жүгіріп, жалтыр басын қос-қолдап ұстап. — Бұлар менің құлпынайымды құртты-ау! Цезарино, Милордик, ұстандар

оны, тұқымы тұздай құрғырды! Қоршандар! Екі жағына шығындар!.. Аһ, есаландар, ақымақтар, мисыз мақұлықтар. Екі мисыз есуастың бір мисыз ақымаққа шамалары келмейді... Ал сендер неге ауыздарыңды ашып тұрсындар? – деп айқай салды Қандала жұмыс істеп жүрген ергежейлілерге. – Ұстандар ананы!.. Күлкіге қарық болуларын, милаулардың! Мен қазір сендерге көрсетейін!

Ергежейлілер жұмыстарын тастай салып иттердің артынан жүйектердің бойымен жүгіре жөнелді. Құлпынайға бұлардан көмек жоқ екеніне Қандаланың көзі жетті.

– Кейін! – деп айқайлады ол. – Құлпынайды қалай таптауды көрсетемін сендерге, көздеріңе көк шыбын үймелетемін!

Ергежейлілер тоқтап қалды. Қандала Дымбілместі ұстамақ боп өзі жүгіріп еді, аяғына қақпан сарт ете қалды.

– Бұл не болып кетті өзі? – деп бажылдады аяғы ауырған ол бебеу қағып. – Ей, Фикс, Фекс, неғылып тұрсындар, ашық ауыздар? Мен сендерге көрсетемін, малғұндар, көздеріңе көк шыбын үймелетемін! Қақпан құрғыштарын бұлардың! Босатындар мені, жауыздар, өйтпесе білмеймін не болатынын!

Фикс пен Фекс оның жанына жүгіріп барып, аяғың қақпаннан босата бастады. Бұл кезде Дымбілмес Милордик және Цезарино жүндей түтілген құлпынай жүйектерін тастай беріп, енді қияр және помидор жүйектеріне ауысып еді. Дем сәтте-ақ олардың да астын-кестенін шығарды, қияры қайсы, помидоры қайсы екенін айырудың өзі қиын болып қалды.

– Ой-бай-бай! Бүлдірді-ау бәрін! – деп байбалам салды Қандала ызадан қып-қызыл болып, жарыла жаздап. – Ей, Фикс, Фекс, ауыздарыңды неге ашып тұрсындар, есуастар? Тезірек мылтық әкеліндер, мен оны ит құсатып атып өлтірейін, көзіне көк шыбын үймелетейін!

Фикс пен Фекс сол сәтте жоқ болып кетті де, бір мінөттен соң мылтықпен оралды.

– Атындар ананы! – деп айқайлады Қандала аузынан түкірігі шашырап. – Маған оның өлімінен титтей де бәле келмейді!

Фикс қолындағы мылтықты көтеріп, көздеді де,

шүріппесін басып қалды. Оқ Дымбілместен екі адым қашықтықта зу етіп өте шықты.

– Сөйтіп те ата ма екен? Сөйтіп те ата ма екен? – деп айқайлады Қандала одан сайын ызаланып. – Қа-не, әкелші мылтықты. Мен сендерге көрсетейін қалай атуды!

Ол Фикстің қолындағы мылтықты жұлып алып, шыдамсыздана басып салды. Бірақ оқ Дымбілмеске емес, Цезариноға тиді. Байғұс төбет қаңқ етті. Жан ұшыра қарғыды да, ауада сальто жасап (ауада бір айналып), шалқасынан құлаған қалпынша аяқтары көктен келіп, тырп етпей қалды.

– Міне, көрдіндер ме, есуастар! – деп айқайлады Қандала қолымен басын ұстап. – Сендер үшін иттен айрылдым!

Істің насырға шауып, атысқа дейін барғанын көрген Дымбілмес қоршауға жетті де, бар күшін сала секіріп, ар жағына топ ете түсті.

– Әй, бәлем, тұра тұр! – деп айқайлады Қандала ызадан тынысы тарылғандай болып. – Мен мұны текке жібермеймін! Мен саған өлі көрсетемін! Көзіңе көк шыбын үймелетемін!

Ол қолын ызадан қып-қызыл болып кеткен қасқа басынан асыра көтеріп, жұдырығын түйіп, сес көрсете сермеледі де, долырып, жерге бір түкіріп, Дымбілместен келген шығынды есептеу үшін үйіне қайтты.

Тоғызыншы тарау

ДЫМБІЛМЕС ФИГЛЬМЕН ЖӘНЕ МИГЛЬМЕН ҚАЛАЙ КЕЗДЕСТІ

Қуғыннан құтылған Дымбілмес екі беті де биік қоршаумен қоршалған көшемен қос өкпесін қолына ала тоқтамастан жүгіріп келе жатты. Қоршаулардың ар жағынан үрген иттердің үні бір сембегендіктен, ашулы төбеттер артынан өлі қалмай, қуалап келе жатқандай көрінді оған. Дымбілмес қорыққанынан өзінің қай жермен, қалай жүгіргенін аңғарған жоқ, тек

жүргіншілері мол көшеге шыққан соң ғана өз-өзіне келе бастады. Осы жерде ол артына бұрылып қарап, қуып келе жатқан иттердің жоқтығына көзі жетті. Көшенің екі жағындағы тротуарларда ай ергежейлілері серуендеп жүр: қашқан да, қуған да ешкім жоқ, ешқайсысы Дымбілмеске қастық жасай қояйын деген пиғыл танытпайды. Санылаусыз қоршаулар және көрінбейді. Көшенің екі жағында сәулетті биік үйлер сән түзеп тұр, олардың астыңғы қабатына әр түрлі дүкендер орналасыпты.

Дымбілмес кештің қалай түскенін аңғармай қалыпты. Барлық жерде шам жана бастады. Дүкендердің көрмелері әйнектің ар жағынан төгіліп тұрған жұмсақ сәулемен жарқырады. Үйлердің қабырғаларындағы түрлі-түсті от жарнамалар бір сөніп, бір жанып көз қызықтырады. Дымбілмес ілгері жүрген сайын көшелер кеңіп, үйлер биіктеп, дүкендер сәулеттеніп, от-жарнамалардың жарығы күшейе түсті. Көшеге кесе-көлденен орналасқан кестелі металл аркалар мен аспа көпірлерге әр түрлі аттракцион ойындар: өткеншектер, айналмақтар, спиральды сырғанақтар, «қарғитын аттар», «ұшатын велосипедтер», үлкенді-кішілі әр түрлі «сайтан дөңгелектер» орналасыпты. Осылардың барлығы мың-мың электр шамдарының сәулесімен шағылыса нұрланып, айналып, тербеліп, шайқалып, секіріп, аунап түсіп, үздіксіз қозғалыстарымен көз арбайды.

Осынау ғажап дүниенің ортасында аса зор сайтан дөңгелек ерекше назар аударады: ол көдімгі сайтан дөңгелектер сияқты айналып қана қоймай, бейне бір өтіп бара жатқан адамдардың басына құлап кеткісі келгендей жан-жағына бұлған-бұлған етеді екен.

Өткеншек тебуге, бұрамалы ағаш аттарға мініп тепеңдеуге, көшенің үстіне керілген темір сымның үстіне арнайы бекітіліп, орнықтырылған велосипедке отырып серуендеуге, айналмалы өткеншек айналмақты тебуге немесе сайтан-дөңгелекке мінуге асығып, мыңдаған ергежейлілер баспалдақтармен жоғары өрмелеп барады.

Төменде, тротуарларды бойлап, қисық айналар қойылыпты, өтіп бара жатқан ергежейлі өзінің біресе инеліктей қатып серейген, біресе жуан кеспелтектей

ісінген, біресе кісі күлерлік болып қисайып кеткен ұсқынына қарап, еріксіз ішек-сілесі қатып күледі.

Асханалар мен кафелер де көп екен, столдар далаға, тура тротуарлардың үстіне дейін қойылыпты. Көптеген ергежейлілер стол басында шай, кофе немесе тәтті шырн қосқан газды су ішіп, балмұздақ, тамақ жеп отыр. Кейбіреулері жан-жақтан тынбай ойналып тұрған музыка ырғағымен осы жердің өзінде билеп жүр. Еркек, әйел даяшылар столдарды аралап зыр жүгіріп, өркімнің қалаған тамағын әкеліп, қызмет көрсетуде.

Тамақтанып отырған ергежейлілерді көргенде, Дымбілмес өзінің қарны баяғыда ашқанын сезді. Ол көп ойланып тұрмай-ақ, бос стол тауып, отыра кеткені сол еді, үстіне шап-шақ, қонымды қара костюм киген даяшы жанына келіп, не ішіп-жегісі келетінін сұрады. Дымбілмес әуелі бір табақ көже ішіп, артынан бір сыбаға ірімшік қосқан макарон жемек болды. Содан соң тағы екі сыбаға майдалап туралып, капуста жапырағына орап пісірілген ет алдырып, бір кесе кофе ішті, ең сонынан құлпынай балмұздағын жеді. Бәрі де өте дәмді екен.

Қарны тойған Дымбілмес өзін бақытты сезінді. Бойын қуаныш кернеп, айқайлап өн салғысы, біреуге жақсылық жасағысы келіп кетті. Стол басында отырып, музыкаға құлақ түрді, билеп жүргендерді тамашалады, көрші столдың басында отырған ай тұрғындарына көз салды. Олардың барлығы өзара қызу әңгімелесіп, мәз бола күлісіп отыр. Түрлері қайырымды, өндері жылы. Дымбілмеске тамақ әкеліп жүрген қара өнді ергежейлі де оған іш тартқандай болып, көңілдене қарап қояды.

«Несі бар, бұл жерде жаман емес екен! – деп ойлады Дымбілмес көңілі толып. – Шамасы, Айда да қайырымды ергежейлілер өмір сүретін болғаны ғой!»

Осыған дейінгі басынан өткен оқиға оған еске алуға да тұрмайтын әлдеқандай түсініспестік жағдай немесе мағынасыз түс сияқты көріне бастады.

Дымбілмес столдан тұрып, даяшыға қоштасу белгісі ретінде алысырақтан қол бұлғап кетіп бара жатыр еді, даяшы оны тез қуып жетіп тоқтатып, сыпайы түрде езу тартып:

– Сіз, қымбатты достым, ақша жайлы ұмытып кеттіңіз, – деді.

– Не жайлы? – деп Дымбілмес те жылы жымыып, қайталап сұрады.

– Ақша жайлы, қымбатты достым, ақша жайлы.

– Қайдағы ақша жайлы, қымбатты достым?

– Сіз ақша төлеуге тиістісіз ғой, қымбатты достым.

– Ақша? – деп дағдара қайталады Дымбілмес. – Ол не өзі, қымбатты достым? Мен, қалай десем екен, мұндай сөзді тұңғыш естуім.

Даяшының жүзіндегі сыпайы жымыыс ізі сол сәтте-ақ жоғалып кетті. Тіпті ыза болғаннан оның өңі бір түрлі қуқыл тартты.

– Ә, солай ма! – деп күбірледі ол. – Бұл сөзді бірінші рет естіп тұрмын дейсің, ө? Жоқ, бұл саған текке кетпейді!

Ол Дымбілместің қолынан шап беріп ұстап, бір шетке сүйреп шығарды да, қалтасынан ысқырық алып, құлақ тұндыра ысқырып жіберді. Сол сәтте-ақ қараңғылық құшағынан үстіне жалтыраған темір түймелі көк мундир, басына мыс каска киген, өзгелерден ұзын бойлы ергежейлі шыға келді. Оның қолында салмақты резіңке шоқпары, белінде қаптаулы пистолеті бар екен.

– Полицей мырза, міне, мынаның ақша бергісі келмейді, – деп даяшы Дымбілместің үстінен шағым айтты.

– Сен неге ақша төлемейсің, хайуан? – деп айқай салды полицей қарны салбырап, қолдарымен бүйірін таянып тұрып.

– Біріншіден, мен хайуан емеспін, – деп жауап берді Дымбілмес өз абыройын түсірмей, – ал екіншіден, менде ешқандай ақша жоқ. Мен одан ешқандай ақша алғам жоқ, тіпті көргем де жоқ.

– Ал мынаны сен көрдің бе? – деп сұрады полицей Дымбілместің танауының астына резіңке шоқпарын тосып.

Дымбілмес басын амалсыз кері шалқайтты.

– Сеніңше, бұл не? – деп сұрады полицей. – Кәне, іскеп көрші.

Дымбілмес шоқпардың басын абайлап іскеп көрді.

– Шамасы, резіңке таяқ сияқты, – деп күбірледі ол.

– Резіңке таяқ! – деп айқайлады полицей. – Есек

екенің осыдан да көрініп тұр! Бұл токқа қосылған, жетілдірілген резіңке шокпар. Басқаша, қысқартып айтқанда – УРДЭК. Ал қане, сөйлемей тұр! – деп бұйырды ол. – Қ-колдарынды екі жанында ұста! Сөзді т-тоқтат!

Дымбілмес әскерлерше қалшып қалғанын өзі де аңғармады. Полицей қолындағы шокпарының ұшымен оны маңдайға нұқып қалды. Тырс еткен дыбыс естілді. Дымбілместі токтың қатты соққаны сондай – көзінің оты жарқ етіп, басы дыңылдып, аяғын басып тұра алмай, теңселіп кетті.

Дымбілместі жағасынан ала түскен полицей оның қалталарын тінткілей бастады, бірақ түк таппай, енді өздерін айнала қоршап, жиналып қалған көпшіліктің ортасынан оны шетке сүйреп ала жөнелді.

– Т-т-тарандар! Сөзді к-к-қысқартындар! – деп айқайлады ол шокпарын басынан асыра, сес көрсете бұлғап.

Дүрмек лезде тарқады. Полицей Дымбілместі көшемен дедектетіп сүйреп отырып, тар келте көшеге бұрылып, кәдімгі жабық машина сияқты, қорабындағы кішкене жалғыз терезесін темір шыбықтармен торлап тастаған, қап-қара полиция машинасының жанына әкелді. Қораптың арт жағындағы есігін аңқайта ашты да, қабағын түйіп, Дымбілмеске саусағымен есікті нұсқап, өмірлі үнмен:

– Фить! Фить! – деді.

– «Фить-фить» деген немене? – деп түсінбеді Дымбілмес.

– Ол – менің қанымды қайнатпай, қорапқа тезірек мін деген сөз! – деп жекіді полицей.

Дымбілместің өлі де асыға қоймағанын көрген ол арқасынан шокпармен қатты итергені сондай – Дымбілмес машинаның қорабына өзінің қалай ұшып түскенін сезбей қалды.

Дымбілмес есін жиып үлгіргенше, есік те сарт етіп жабылып еді. Ол кір-қожалақ, өлдекімдер түкіріп тастаған еденнен тұра салып, есікті иығымен итеріп көріп еді, ашылмады. Ол енді есікті қолымен тоқпақтап;

– Ей, бұларынды қалай түсінуге болады? – деп айқайлай бастады.

Алайда полицей жауап беруді қажет деп таппады, шофердің жанына кабинаға отырды да:

– Полиция басқармасына тез жеткіз! – деп бұйрық берді.

Мотор гүр етті. Машина тас төсеген көшемен селкілдей жөнелді. Ширек сағат өткенде, Дымбілмес полиция басқармасында отырды. Дымбілместі алып келген полицейдің аты Фигль еді. Ол мұны Мигль атты екінші полицейге табыс етті. Мигльдің үстіндегі мундирі де Фигльдің үстіндегіден аумайды екен, тек оның түймелері ғана Фигльдің мундирінің түймелері сияқты жалт-жұлт етпей, көмескілеу көрінеді. Шамасы, мұның себебі полицей Мигльдің қызметі ашық далада емес, ауасы ешқашан тазартылмайтын жабық кеңсе ішінде өтетіндігінде болса керек, тымырсық, дымқыл ауада металл екеш металл да тотығып, бірте-бірте көмескі тартады.

Бұл үйдің қабырғаларын түп-түгел биік шкафтар алып тұр, оларда әр түрлі қылмыскерлер жайындағы деректер сақтаулы болатын. Бөлме ортасында аяқтары түзу, төрт бұрышты, сүйегі ауыр емен стол тұр. Столдың артында, бір қанатта суретке өзі түсіріп, өзі басып шығаратын фотоавтомат, екінші қанатта рентген аппараты орналасыпты, ол аппараттың көмегімен тұтқындардың іш құрылысы түгел тексеріліп, ұрлаған асыл бұйымдарды жұтып қойғаны, немесе жұтпағаны анықталатын. Есік алдына қылмыстылардың бойын өлшейтін штафирка атты құрал қойылыпты, оны жерде тұратын төрт бұрышты тақтайдың бір жақтауына тіп-тік қырланған сырық қағып жасаған, әлгі сырықтың бойына өлшем белгілері таңбаланып, жоғары, төмен жылжып тұратын тақтайша орнатылған.

Стол үстінде телефон аппараты, тұтқындарды тіркейтін іс қағаздары салынған жәшік, олардың бармақтарының таңбасын түсіруге жағатын бояуы бар кішкене, жалпақ қорапша және Мигльдің мыс каскасы жатыр.

Дәлдік үшін айту қажет: Мигльдің мыс каскасы Фигльдің мыс каскасындай жалтырамайды екен. Бұл әсіресе бөлмеге Фигль келіп кірген бойда басындағы каскасын шешіп, стол үстіндегі Мигльдің каскасының жанына қойғанда анық байқалды. Сонымен бірге Мигль

мен Фигльдің бір-біріне қатты ұқсайтыны да бірден көзге түседі: екеуінің де бет сүйегі жалпақ және шығыңқы, маңдайлары тым тар, кірпінің инесіндей тікірейіп, қып-қысқа етіп қыркып қойған қайратты қарашаштары қастарының дәл үстінен басталады екен.

Сырт кейіптерінде ұқсастық болғанымен, Фигль мен Мигльдің мінез-құлқы бір-бірінен мүлде өзгеше еді. Егер Фигль ашушаң, өз айтуынша, көп сөзді жек көретін ергежейлі болса, Мигль керісінше сөйлеуді де, өзілдеуді де жақсы көретін. Фигльдің артынан есік жабылысымен-ақ Мигль Дымбілмеске былай деді:

– Сізге, батылым жетіп, бүкіл полицей басқармасындағы бірінші ергежейлі өзім екенін айтып қойғым келеді, аса қымбаттым, өйткені осында келген бойда бірден көзге түсетін мен ғой. Хы-хы-хы-хы! Тауып айтылған өзіл емес пе?

Сұраққа жауап беруге Дымбілмеске мұрша берместен сөзін тағы жалғап кетті:

– Менің бірінші міндетім – қолға түскен әр қылмыскердің кім екенін, ал қазіргі жағдайда сіздің кім екеніңізді анықтау болып табылады.

– Бірақ мен қылмыскер емеспін ғой! – деп қарсылық білдірді Дымбілмес.

– Бәрі де солай дейді, қымбаттым, – деп Мигль оның сөзін бөліп жіберді, – өйткені әр қылмыскердің мақсаты – полицияны шатастыру, басқаша айтсақ, алдап, басын қатыру және соны пайдаланып, қашып кету. Алайда мен ескертуге тиіспін, қымбаттым, сізге мұның сәті түспейді, өйткені бізде қылмыстарды зерттеудің мейлінше дәл әдістері бар, бұған қазір-ақ өзіңіздің де көзіңіз жетеді. Есіміңізді айтуыңызды өтінемін.

– Дымбілмес.

– Міне, көрдіңіз бе, – деді Мигль, – сіз есімім Дымбілмес дейсіз, бірақ Дымбілмес сіздің шын атыңыз ба, жоқ па, оны мен қайдан білемін? Мүмкін Дымбілмес деген есімді әлдеқандай қауіпті қылмыскер жамылып жүрген шығар. Қылмыскерлер өз аттарын өзгертіп отыруды жақсы көреді. Мысалға, міне, сізді-ақ алайық. Бүгін сіз, айталық Дымбілмес, ертең Көпбілерсіз, арғы күні – қайдағы бір Сайтанбілмессіз (хы-хы! Тауып айт

тым емес пе?) Ал шындыққа жетіп көр! Біз алайда бұлайшағыңызға шейін шағып тексере аламыз. Сіздің назарыңызды мына үш шкафқа аударғым келеді. Оларды біздерге ісі түскен барлық қылмыскерлердің сипаттамалары сақтаулы. Ал, бірақ, егер де біз сіздің белгілеріңізге қарап үш шкафтың бәрін ақтарып шығуға тиіс болсақ — бұл үш жылда да таусылмас шаруа болар еді. Іздеуді тездету үшін біз барлық қылмыскерді үш топқа бөлеміз. Бірінші шкафта — ұзын бойлы қылмыскерлердің, екінші шкафта — орта бойлы қылмыскерлердің, үшінші шкафта аласа бойлы қылмыскерлердің сипаттамалары сақталған. Сіздің сипаттамаңызды табу үшін біз бойыңызды өлшеуге тиіспіз.

— Бірақ сіздерде менің сипаттамама болуға тиіс емес, өйткені мен планеталарыңызға бүгін ғана келдім, — деді Дымбілмес.

— Бәрі де солай дейді, аса қымбаттым, бәрі де! — деп дауыстады Мигль Дымбілместің сөздеріне құлақ та қоймастан. — Мен сізден бір ғана минутке штафиркаға келіп тұруды өтінем. Міне, былай... Тік тұрыңыз! Қолыңызды екі жаныңызға ұстаңыз! Аяқтарыңызды жақын қойыңыз!

Мигль дамылсыз сөйлеп жүріп, Дымбілместі, тік сырыққа арқасын бере тұрғызып қойды да, жылжымалы тақтайшаны оның төбесіне такап, құралдың тілі көрсеткен сызықты белгілеп қойды.

— Иә, — деді ол. — Сіздің бойыңыз қабылданған ортақ өлшем бойынша, жетпіс екіге тең. Олай болса, сіз орта бойлы ергежейлісіз, сіздің сипаттамаңызды екінші шкафтан іздеу қажет. Алайда, іс мұнымен бітпейді. Өзіңіз көріп тұрғандай, біздегі әр шкафта үш бөлім бар. Әр шкафтағы жоғарғы бөлімде бастары үлкен ергежейлілердің, ортадағы бөлімде бастары орташа ергежейлілердің, ал, ең ақырғы, төменгі бөлімде бастары кішкентай ергежейлілердің істері сақтаулы. Сіздің басыңыздың шамасын өлшейік... Міне, былай... Отыз бірлік. Сонымен, сіздің басыңыздың үлкен екенін білдік, ендеше, сізді жоғарғы бөлімнен іздеуіміз қажет. Бірақ іс мұнымен бітпейді: әр бөлімде, өзіңіз көріп тұрғандай үш сөре бар. Біздегі бірінші сөрелердің барлығында — мұрны үлкен, екінші сөрелерде — мұрны орташа,

үшіншілерінде – мұрны кішкене ергежейлілердің істері. Міне, сіздің мұрныңызды өлшейміз де, оның ұзындығы небәрі екі жарым бірлік, немесе кішкене екенін көреміз. Демек, сіздің сипаттамаңызды екінші шкафтың жоғарғы бөлімінің үшінші сәресінен іздеу қажет. Енді табу опонай, өйткені барлық сипаттамалар иелерінің бойларына қарай орналастырылған. Бізге бойлары жетпіс және жетпіс бірге тең қылмыскерлердің қажеті жоқ – оларды ысырып тастаймыз; үлкендігі жиырма сегіз, жиырма тоғызға тең бастар қажетсіз – ысырып тастаймыз; бізге екі және бір жарымға тең мұрындар да қажетсіз – ысырамыз. Ә, міне, сіздің бланк табылды, бәрі дәл: бойы – жетпіс екі, басының үлкендігі – отыз, мұрны – екі жарым... Сіз кіммін дейсіз ғой?

– Иә? – деп үркектей сұрады Дымбілмес.

– Атақты бандитсіз және тонаушысыз, есіміңіз Сәнқой, он алты рет поезд тонағансыз, қаруланып он рет банктерге шабуылдағансыз, жеті мәрте түрмеден қашқансыз (күзетшілерге пара беріп, соңғы рет былтыр қашып кеттіңіз) және, есептеп келгенде, құны жиырма миллион фертингке тең қазына ұрлағансыз! – деп қуана күлімдеп мәлімдеді Мигль.

Дымбілмес өзін тым ірі қимылдардың ергежейлісі етіп жібергенінен ыңғайсызданып, қолымен қарсылық ишара білдіріп:

– Қойыңыз! Қойыңыз! Бұл мен емес! – деп мойындамай бақты.

– Жоқ, сіз – Сәнқой мырзасыз! Неден қысыласыз! Соншама ақшамен сізге еш нәрседен қысылмай-ақ қоюға болады. Жиырма миллионның жұрнағы өлі бар шығар. Оның біраз бөлігін сіздің тығып қойғаныңыз сөзсіз, өрине. Сіз өзіңіздің сол миллиондарыңыздан маған ең болмағанда жүз мыңын берсеңіз, мен сізді босатып-ақ жіберер едім. Өйткені менен басқа ешкім де сіздің атақты қарақшы Сәнқой екеніңізді білмейді ғой. Ал сіздің орныңызға түрмеге кез келген кезбені ұстап отырғыза саламын, сөйтіп бәрін өзім реттеймін, шын айтамын!

– Сөзіме сеніңізші, сіз қателесіп тұрсыз! – деді Дымбілмес.

– Бұныңыз болмады. Бұныңыз ұяттау, Сәнқой мыр-

за! Сіз үшін жүз мың деген не, соны да қимайсыз ба? Сіз сияқты табыскер болсам, мен бостандықта болу үшін екі жүзді де аямас едім. Жарайды, ең болмаса елу мың беріңіз... Мейлі, жиырма... Одан ешбір азайта алмаймын, шын сөзім! Маған жиырма мың беріңіз де, қалаған жағыңызға жүре беріңіз.

– Сіздің не жөнінде айтып тұрғаныңызды түсінсем бұйырмасын, – деді Дымбілмес шарасыздықпен алақандарын жайып. – Мен Сәнқой емеспін және...

– Білем, білем, әрі қарай не деріңізді де білем, – деп Мигль дағы да оның сөзін бөлді. – Сіз Сәнқой емессіз және ешқандай ақшаны алған жоқсыз, бірақ мына іс қағазында көрсетілген белгілердің бәрі сізге сай келеді. Бойы – жетпіс екі делінген. Бұл сіздің бойыңыз ба, жоқ па? Басы – отыз. Сіздің басыңыз ше? Мұрны екі жарым... Міне, оның үстіне сіздің суретіңіз де бар болып шықты.

Дымбілмес іс қағазында жапсырылған суретке қарады да:

– Бұл менің суретім емес, – деді. – Мен мына суреттегі ергежейліге мүлде ұқсамаймын.

– Дұрыс! Мүлде ұқсамайсыз! Неліктен? Өйткені сіз өзіңіздің кейпіңізді өзгерткенсіз. Бізде, аса қымбаттым, ақша болса, бәрін жасауға болады. Сырт кейіпті өзгертуге де, қажет болса басқа мұрын ауыстырып салуға да болады. Ондай жағдайлар болған.

– Мен мұрнымды ауыстырған жоқпын! – деді Дымбілмес, ашу кернеп.

– Бәрі де солай дейді, аса қымбаттым, сөзіме сеніңіз. Жарайды! Жиырма мың бергіңіз келмесе, онын беріңіз... Егер түрмеге түссеніз, ол жерде сізден қымбатырақ алады. Ол жердегілер мендей емес, жұмыртқадан жүн қырқатындар, түгінді қалдырмайды, миллионерден қайыршыға айналдырып, көзіңнен қанды сораңды ағызады. Жарайды, ең болмаса бес мың... бір мың беріңіз!.. Мүмкін, сіз бір тиын бермей-ақ босанып кетермін деп ойлайтын шығарсыз? Жоқ, сізді бір-екі күн такелаждық бөлімшеде ұстай тұруға тура келеді, мүмкін, оған дейін ойланарсыз, ақыл кірер, ал қазір ресми қағаздарды реттеп қояйық.

Жәшіктен таза іс қағазын алып, Мигль оған Дымбілместің атын жазды, бойының ұзындығын, басы мен мұрнының үлкендігін көрсетті, сонан соң Дымбілместі суретке, рентгенге түсірді, екі қолына қара бояу жағып, іс қағазына саусақтарының таңбасын бастырды.

– Біз сіздің саусақтарыңыздың таңбасын зерттеуге жіберіп, Сөнкойдың саусақтарының таңбасымен салыстырамыз, сонда сіз өзіңіз Сөнкой екеніңізге көзіңіз өбден жетіп, ол емеспін деп таласуды қоярсыз деп үміттенемін. Ал, енді мен сізбен қоштасуға мәжбүрмін.

Мигль тоққа қосылған электр қоныраудың тетігін басып еді, бөлмеге полицей Дригль кірді, ол да топас кейіпті, бет сүйегі ірі, тар маңдайлы, кірпідей тікірейтіп шаш қойған ергежейлі екен.

– Каталажкаға! – деп қысқа ғана бұйырды Мигль Дымбілместі саусағымен нұсқап.

Дригль Дымбілмеске түйіле қарады да, есікті ашып:

– Фить! Фить! – деді.

Дымбілместің өлдене айтқысы келіп оқтала бергенін көрген ол рәзіңке шоқпарын сес көрсете сілтеп:

– Жүр-р деймін са-ған! Ешқандай сөздің керегі жоқ! – деп, қарға күсап қарқ етті.

Бұл жерде сөзінің бөрібір өте қоймайтынын түсінген Дымбілмес қолын бір сілтеп, шығып жүре берді.

Оныншы тарау

ҚАМАУДА

Полиция басқармасындағы такелаж бөлімшесі, немесе тұтқындардың тілімен айтқанда, каталажка¹ – сырт көрінісі жағынан алғанда көптеген сәкілерінде өдетте такелаж деп аталатын әр түрлі кеме бұйымдары сақталатын қойманы еске түсіретін өте үлкен бөлме еді. Айырмасы сол: мұндағы сөрелерде

¹К а т а л а ж к а - түрме (халық арасында кейде солай аталады).

кеме бұйымдары сақталмайтын, олардың орнына көдікті ергежейлілер жататын.

Бөлменің ортасында шойын пеш тұр, одан бүкіл бөлмені көктей өтетін ұзын темір трубалар тартылыпты. Пеш қасында бірнеше ергежейлі ыстық күлге картоп пісіріп жеп отыр. Ара-тұра солардың бірі шойын пештің есігін ашып, ыстық күл арасынан піскен картопты шығарып алады да, тезірек суыту үшін бір қолынан екінші қолына алма-кезек ауыстырып, барынша үрлей бастайды. Өзге ергежейлілер сәкілерде, немесе еденге жайғасып әрқайсысы өз ісімен айналысуда: қайсыбірі инемен ескі киімін жамап-жасқауда, екіншілері әр түрлі ойындар ойнап, немесе өз өмірінің әлдеқандай мұңды шежіресін сөз етіп, әңгімелесуде.

Терезесіз бөлмедегі жалғыз ғана жарық көзі — бұл төбеде ілулі тұрған электр шамы. Оның өзі айналага әлсіз жарығын болар-болмас қана түсіріп тұр. Дымбілмес каталажканын табалдырығынан аттап, іше кірісімен-ақ, есік қайтадан сарт етіп жабылды да, ол қара көлеңке бөлме ішінен еш нәрсені ажырата алмай, көзін уқалап тұрып қалды. Көзін уқалағанмен шырадай ашылған көз жоқ, қолына жаккан қара бояумен бет-аузын айғыздап тыңды.

Жанадан біреу кіріп келгенін көрген бірнеше ең шыдамсыз деген ергежейлілер сәкілерінен атып-атып тұрып, оның жанына жүгіріп келген. Дымбілмес қорқып кетіп, кейін шегінді де, арқасымен есікке тіреліп, қорғануға дайындалды. Оның айғыз-айғыз бет-аузын көріп, ергежейлілер еріксіз күліп жіберді. Қорқатын еш нәрсе жоқ екеніне көзі жеткен Дымбілмес те күлімдеп сала берді.

— Сені не үшін мұнда әкелді? Қандай қылмыспен ұсталдың? — деп сұрай бастады ергежейлілер.

— Өзім де түсінбеймін, бауырлар, — деп шынын айтты Дымбілмес. — Жиырма миллион фендрик пе, фетрик пе, бір нәрсе ұрладың деседі...

Ду ете қалған күлкі оның сөздерін естіртпей тастады.

— Фертинг шығар, — деді әлдекім.

— Иә-иә, бауырлар, фертинг. Ал мен, шынымды айтсам, ол фертиг... фентриг дегендердің қандай болатынын да білмеймін...

Бәрі де фертингтін ақша екенін жақсы білетін, сондықтан Дымбілместің айтқандарын олар қалжың сөз ретінде қабылдаған.

– Байқаймын, өзің әзілқой көрінесің! – деді ең алда тұрған ергежейлі Дымбілмеске.

Оның үстінде жейдесі де жоқ еді. Дымбілмес кіріп келгенде ол жейдесінің жыртығын жамап отырған, қазір қолына ине ұстаған қалпынша тұр.

– Жарайды, сен шынында да еш нәрсе жымқырмадың делік, – деді шашын дөп-дөнгелек етіп қырықтырған ергежейлі, – дегенмен сенің бір айыбың үшін ұстап әкелді ғой?

– Шын айтам, бауырлар, айыпсызбын. Бар болғаны – асханадан тамақ іштім, ал ол оңбаған келіп: «ақша бер» дейді. Ал мен одан ешқандай ақша алған жоқпын ғой.

Бәрі қайтадан күлкіге кенелді.

– Сонымен сен тамақ ішіп, ақшасын төлемедім де?

– Қайдағы ақша? Мүмкін сендер түсіндірерсіңдер, бауырлар, осы сендердегі ақша деген не нәрсе?

– Жарайды, сарнай берме! – деді акыры әлдекім. – Әзілдедің, жетті!

– Мен әзілдеп тұрған жоқпын, бауырлар. Ақша дегеннің не екенін шынында да білмеймін.

– Жетер, жетер! Мүмкін сен бара-бара Айдан түстім деп соғарсың.

– Жоқ, бауырлар, Айдан демеймін, мен сендерге Жерден ұшып келдім.

– Бұл жолы онша тапқырлық көрсеткен жоқсың, – деді шашын дөнгелектеп қырыққан ергежейлі. – Сонда біз екеуіміздің қайда болғанымыз? Біздер онсыз да Жерде тұрған жоқпыз ба?

– Жоқ, бауырлар, сіздер Айдасыздар.

– Тым артық кеттің! – деп күлді үстінде жейдесі жоғы. – Сеніңше Ай қайда? Ай – Жердің айналасында. Демек, әне – аспанда, – ол қолындағы инемен төбені нұсқады. Ай – аспанда, Жер – жерде. Бұл жөнінде кез келген кітапта жазылған. Ал біздің Жер – зырылдауық сияқты Айдың ішінде айналып тұр. Ұқтың ба?

– Мұны білемін, – деді Дымбілмес. – Мен тек қана

мына сіздердің Жерлеріңіз де Жер деп аталатынын білмеуші едім. Менің айтып тұрғаным – басқа Жер, ол – сіздерді қоршаған Айдың сыртында, алыста орналасқан планета.

– Демек, сен бізге сол жақтан ұшып келген болдың ғой? – деді шашын дөңгелектеп қырыққан өтірік таңырқаған болып.

– Сол жақтан, – деп құптады Дымбілмес.

– Солай ма! – деді шашын дөңгелектеп қырыққан ергежейлі даусын соза түсіп, басын изеп. – Сен бауырым, тезірек бар да, беті-қолынды жуып кел, бізге ұшып жеткенше қатты былғаныпсың.

Дымбілмес жуынатын жерге барып, шүмекті ашып, беті-қолын шая бастады. Ал ергежейлілер өзара дауласып кетті. Олардың біразы Дымбілмес жаңағы қырық өтірікті полицияның басын қатыру үшін әдейі ойлап тапты десе, енді біреулері аузына келгенді ойланбастан соға беретін ақымақ десті, үшіншілері – ол жынданған болу керек деп жобалады. Үстінде жейдесі жоқ ергежейлі Дымбілмес шатасқан және оның шатасуы – кітапты көп оқығаннан болған деп жеңістік бермеді, өйткені әлдебір кітаптарда расында да Айдың сыртында белгісіз аса зор планеталар мен жұлдыздар бар, оларда ергежейлілер тұрады-мыс деп жазылған. Дымбілмес те өзін сондай планеталардың бірінен ұшып келдім деп ойлайтын болса керек. Ақылы ауысқандардың барлығы өздерін атақты, ұлы ергежейлілерміз немесе жүрек жұтқан саяхатшылармыз деп санайды деді ол.

Бұл кезде Дымбілмес жуынып болған. Ол:


– Ал, енді орамалдарыңыз қайда? – деп сұрады.

– Дәмесінің зорын, – деп мырс ете қалды шашын дөңгелетіп қырыққан ергежейлі. – Бұл жер – қонақ үйі емес, түрме. Ұқтың ба? Орамал деген – мұндағылардың мандайына сыймайтын аса зор байлық.

– Сонда немен сүртінуге болады?

– Былай-ақ кеуіп кетеді. Қаласаң пештің жанына отыр, тезірек кебесің.

Дымбілмес пеш аузында жылынып отырған ергежейлілердің қасына келді. Шышан дөңгелектеп қырыққан ергежейлі Дымбілмеспен қатарласа жайғасты.



– Акшанын қандай болатынын сен шынымен-ақ білмейсің бе? – деп сұрады ол.

– Шынымен білмеймін, – деді Дымбілмес.

– Онда қазір көрсетейін.

Ол қалтасынан бірнеше қара бақыр тиын шығарды.

– Міне, қара, – деді ол. – Мына ең кішкене теңгелік – сантик деп аталады, ал мына үлкендеуі – екі сантик; міне, тағы да осындай теңгелік, бұл да екі сантик, мына екі теңгелік – бес сантиктен, көрдің бе? Сонымен менде барлығы – он бес сантик бар. Жүз сантик – бір фертингке тең.

– Ал, бұл сантиктер неге керек? – деп сұрады Дымбілмес.

– Негесі қалай? – деп таңданды дөңгелек шашты ергежейлі. – Бұларға қалаған нәрсеңді сатып алуына болады.

– Сатып алу деген не? – деді Дымбілмес еш нәрсеге түсінбей.

– Қандай ақымақсың! Сатып алу деген сөз – сатып алу, – деп түсіндірді дөңгелек шашты ергежейлі. – Мысалға алсақ, мына сенде қалпак, ал менде өзің көрдің, он бес сантик бар. Мен саған он бес сантик беремін, ал сен маған өзіңнің қалпағыңды бересің. Келістік пе?.

– Қалпағымды неге беремін? – деді Дымбілмес. – Қалпақты басқа киіп жүруге болады, ал сантикті не істеймін? Олар мыстан жасалған әрі дөп-дөңгелек.

– Міне, осы сөзіңнен-ақ дөп-дөңгелек есек екенің көрініп тұр! Сантигі бар ергежейлі қалаған нәрсесін сатып алуына болады. Мысалға мына сен бір нәрсе жегің келе ме?

– Әзір қарным ашқан жоқ.

– Ашпаса, әлі-ақ ашады. Сол кезде не істейсің? Егер ақшаң болса – тамақ сатып аласың. Ақшаң болмаса – аш отырасың.

– Айырбаста, – деп сыбыр ете қалды Дымбілместің жанында отырған кекіл шашы жалбыраған ергежейлі. Қимашаш дұрыс айтады. Ал біз екеуіміз он бес сантикке картоп сатып алып, күлге көміп жейміз. Қандай тәтті болатынын білесің бе?

– Дұрыс айтады! – деп іліп ала жөнелді Қимашаш. Ақшаны ұсынып тұрғанымда алуың керек. Мынада қалпаққа он бес сантик, жақсы баға. Саған ешкің бәрібір бұдан артық төлемейді.

Ол осылай деп Дымбілместің басындағы көгілдір қалпағын сыпырып алды да, қолына теңгеліктерді ұста-та салды.

– Ал, ал, күмәнданба! – деп күлімдеді кекілі жалбырағаны. – Қазір біз екеуіміз картоп сатып алып, жақсы лап бір тояйық.

– Картопты қайдан аламыз? – деп сұрады Дымбілмес.

– Сен ақшаны маған бер, қалғанын өзім реттеймін. Бұл жер, қанша айтқанмен, азық-түлік дүкені емес, түрме ғой. Кекілі жалбыраған ергежейлі Дымбілместің теңгелерін қағып алды. Он сантикті байқатпай қалтамына зытырып жіберді де, бес сантикті алақанына қысып есікке барып, жай ғана үш рет тықылдатты. Құлып сырт ете қалды. Есік сәл ашылып, одан өзімізге таныс полицей Дригльдің басы көрінді.

– Дригль, тыңдашы! – деп сыбырлай сөйледі ергежейлі, – мына бес сантикке картоп өлшеп берші, бауырым. Біз кішкене той жасап, жаңадан келген ергежейліні картоп беріп сыйлағымыз келеді.

– Жарайды, өкел теңгеліктеріңді, – деп күңкілдеді Дригль.

Жалбыршаш оған теңгелерін ұсынды. Есік жабылып, сәлден кейін қайта ашылды да, Дригль жалбыршаштың қолына ішіне картоп салған кішкене қағаз қапшықты ұстатты.

– Көрдің бе, қалай екенін? Ақшаң болса, бауырың ешқашан қорлық көрмейсің! – деп жалбыршаш мақтана сөйлеп, қағаз қапшықтағы картопты пештің алдына, еденге төге салды.

– Бұл не? – деп сұрады Дымбілмес танданып.

– Көріп тұрсың ғой – картоп.

– Бұл неліктен соншалық майда?

Картоп, шынында да, өте ұсақ еді. Әр картоптың үлкендігі – бұршақтай ғана. Дымбілмес оған қарап тұрып тіпті күлкісі келді.

Қимашаш ергежейлілерге көзін қысып, Дымбілмес ақылынан алжасқан болса керек дегенді білдіріп, саусағымен ақырын шекесінен нұқып қойды.

Ал жалбыршаш:

– Күлетін түк те жоқ. Жап-жақсы картоп. Бұдан артықты бөрібір таба алмайсың, – деді.

– Жоқ, біздегі картоп бұдан өзгеше! – деді Дымбілмес. – Біздегі картоп, міне, мынадай! – Дымбілмес бейне бір пілді құшақтайтындай-ақ құлашын барынша жайып көрсетті. – Бізде картоптың үлкен болып өсетіні сондай, кейбіреулерін жерден қазып алу мүмкін емес. Біз әдетте майда дегендерін ғана аламыз, ал ірілерімен ешкім де өуре-сарсаңға түскісі келмейді. Олар сол күйінде жерде қалады.

– Жарайды, – деді жалбыршаш, – біз картопты пешке тастайық, пісе берсін, ал сен оған дейін ертегілерінді жалғастыр.

– Менін айтқандарым ешқандай да ертегі емес. Нағыз шындық, – деді Дымбілмес. Мына сендерде барлығы бір түрлі мап-майда: алмаларың – бармақтай-ақ, алмұрттарыңа карауға да тұрмайды, бүлдіргендерің бір жалағаннан қалмайды, құпынайларың – тырнақтай, қиярларың – бармақтай...

– Ал сендерде немене, құпынай үлкен бе? – деп сұрады Қимашаш.

– Біздегі құпынай – міне, мынадай! Бір ергежейлі көтере де алмайды. Бүлдіргеніміз жұдырықтай! Қиярлар мен помидордың үлкендігі ергежейлідей. Қарбыздың биіктігі екі қабат үйдей.

– Сықпыртуын. Ең болмаса, қызармайды да! – деді біреуі.

– Өтірікті судай ағызады! – деп қостады өлгіні Қимашаш.

– Мен өтірік айтып отырған жоқпын, бауырлар! Өздерің де көрерсіңдер өлі. Біз сендерге өзіміздегі өсімдіктердің тұқымдарын өкелдік. Ішінде қиярлар да, помидорлар да, қарбыздар да, қант қызылшасы да, сөбіз де, шалқан да бар...

– Ол тұқымдарың қайда қазір?

– Ракетада.

– Ал ракета қайда?

– Ракета ана жақта. – Дымбілмес саусағымен аспанды нұсқады. – Сендердің Айларыңның үстінде.

Барлығы ха-ха-халай жөнелді. Жейдесін жамап отырған ергежейлі бәрінен қатты күлді.

– Иә, мұны сен жақсы ойлап таптың! – деді ол, әуелі сол биіктікке жетіп көрші.

– Оған жету қиын ба? – деп сұрады Дымбілмес.

– Иә, осыған дейін ол жерде сенен басқа ешкім болмағанға ұқсайды.

– Онда бір нәрсе ойлап табу керек қой, – деді Дымбілмес.

– Оны енді өзін ойла, бауырым. Мұнда ойлауға ешкімге тыйым салынбайды.

– Ракета неліктен анда, ал сен мұндасың? – деп сұрады Дымбілместен, қара көздері жылт-жылт етіп, ойнақшып, тыным таппайтын ергежейлі.

– Бұл былай болды, Айға келіп кондық, сонан соң мен Томпимен үңгірге бардым, онда тесікке құлап кеттім, ақыры осы жерден бірақ шықтым.

– Сөйтіп, сен бізге шынымен-ақ Айдан түстің бе?

– Шынымен, – деп сендіруге тырысты Дымбілмес.

– Мүмкін, мұның бәрін түсінде көрген шығарсың? – деп

– Шын айтамын, түсімде емес.

– Ал егер түсінде болмаса, мұндай оқиғаны ата-баба өткен жөн, – деп іліп ала жөнелді Қимашаш. – Айтпай-ақшы, картоп та пісті. Сен өзіңнің жаңа достарыңды картопмен сыйлайсың ғой, солай емес пе? Атың айна өзіңнің?

– Дымбілмес.

– Тындандар, бауырлар! – деп салтанатты түрде сөз бастады Қимашаш. – Өзінің біздің планетамызға келу құрметіне байланысты Дымбілмес бәріңді картоппен сыйлайды!

Ай ергежейлілері мұны мақұл көріп, гуілдесіп кетті. Жан-жақтан созылған шыдамсыз қолдар күл арасындағы картопты лезде талап ала бастады. Ергежейлілер пештің аузында үймелеп, бірінің үстіне бірі шығып кетті. Бірнешеуі өзара төбелесіп те қалды.

Көзді ашып-жұмғанша картопты тегіс талап әкетті.

Дымбілмес пешке қол созған кезде бір картоп та қалмаған еді.

– Бұл қалай болды, шынымен-ақ сенің өзіңе жалғыз картоп та тимей қалды ма? – деп жатыр жалбыршаш жаны ашығансып. – Сен, бауырым, жөндеп ізде. Әлі де бір нәрсе табылуға тиіс.

Алайда, Дымбілмес пештің ішін қанша қараса да, түк тапқан жоқ, бар болғаны беті-қолы күлге былғанды.

– Өзің кінәлісің. Саған сол керек! – деді Қимашаш. – Екінші рет аузыңды ашып тұрмайтын боласың. Мұндағы халықтың қандай екенін білесің бе? Жүріп бара жатқанда өкшенді кесіп алатындар. Өкшен емес, мұрныңды кесіп әкетсе де білмей қаласың, ашық ауыз ақымағым!

– Сен мені ақымақ деп қорлама! – деді Дымбілмес ыза болып. – Қалпағымды қайтар! Мен сенімен бұдан былай сөйлеспеймін де!

– «Қалпағымды қайтарың» қалай? Сен оны маған саттын емес пе. Онда ақшаны қайтып бер.

– Менің ешқандай ақшам жоқ!

– Бауырлар, мынаны қараңдар! – деп айқай салды Қимашаш. – Өзі маған қалпағын сатып, енді қайтарып алмақшы!

– Сен мұныңды қой, Қимашаш! Қалпағын қайырып бер. Мұның өзі – Кекіл екеуіңнің өдейі құрған айла-шарғыларың екенін білмейді дейсің бе, – деді Серкеш атты ап-арық құс мұрын ергежейлі.

– Не дейсің? – деп айқайлады Қимашаш Серкешке ежірейіп. – Естимісің, Кекіл, мынаның сөздерін? Әкесін танытшы өзінің!

Кекіл Серкешке жұдырығын ала ұмтылып еді, қатты соққыдан өзі анадай жерге ұшып түсті. Қимашаш досына көмекке келіп, екеуі бірігіп Серкешке жабылды. Бірнеше ергежейлі Серкешке болысуға ұмтылғанды, өзге ергежейлілер Кекіл мен Қимашашқа көмекке келді. Дем сәтте жаппай төбелес басталып, түрменің іші айқайлаған, бақырған, ыңырсыған, үнілеген үндерге толып кетті. Төбелесіп жүргендердің көпшілігі оның шығу себебін де білген жоқ. Екі ергежейлі жоғарғы сөкіге шығып алыпты. Олардың бірі төмен еңкейіп алып тұсынан жүгіріп өте берген ергежейліні таяқпен басқа салып

қалды, екіншісі тұсына келгендердің басына түкіреді, жуан ергежейлі пештегі ыстық күлді қарсыластарының көзіне шашып жатыр. Ауыр заттар: кружкалар, қасықтар, табақтар және, тіпті бәтінкелер ауада өрлі-берлі ұша бастады. Шойын пеш аударылып қалды да, үйдің ішін түтін алып кетті.

Осындай айкай-сүреңнің үстінде есіктің кілті сырт ете қалғанын ешкім естіген жоқ. Есік ашылып, ойда жоқта каталажкаға төрт полицей – Зымзия, Ашкөз, Дригль және Пхигль салып ұрып кіріп келді. Төртеуі де электрден қорғайтын, рәзіңке қосып жасалған күләпаралы плащ киіп, аса жуан, жетілдірілген жоғары вольтті электр шоқпарларымен қаруланыпты. Төбелестің қалың ортасына қойып кетіп, олар жұдырықтасып жатқандарды бірін мандайға, бірін мұрынға, енді біреулерін мойнымен шүйдесіне электр шоқпарларымен нұқи бастады. Электр ұшқындары сырт-сырт етіп, жан-жаққа шашырап жатты. Ток соққан ергежейлілер кескен дөңбектей ұшып түседі. Электр тоғы құлақ шекеден соққан Дымбілмес те бір аунап, ұшып түсті. Оны жамбастай құлаған қаракөз ергежейлі қолымен Дымбілместі бүйірінен нұқып қалды да:

– Тезірек, шетке қарай еңбекте. Сөкінің астына жасырынайық. Тезірек! – деп сыбырлады.

Екеуі жер бауырлай еңбектеп, шетке шығып, ағаштың жарығына тығылған тарақандарға ұқсап, сөкінің астына кіріп кетті.

Бес минут өтпей-ақ барлық ергежейлілер кесілген дөңбектерше еденде сұлап жатты. Олардың бірі орнынан тұрмақ болып, қимылдай бастаса, төрт полицей қасына жетіп келіп, электр шоқпарларымен жан-жағынан нұқи бастайды. Ақыры, бөлме ішінде құлаққа ұрғандай тыныштық орнады, ешкім қимылдап, орнынан тұруға таппынған жоқ.

Шайқас алаңын жеңімпаздың көзімен шолып өтіп, ергежейлілердің барлығы тырп етпей жайрап жатқанын анық білген полицей Дригль краннан бір шелек су толытырып әкелді де, құлап қалған пештегі жанған отты қотара салды. Бөлме ішін сол сәтте-ақ қалың тұманды бу алып кетті.

– Сендерге осы керек! – деп күңкілдеді Дригль бос шелекті еденге тастай салып. – Енді моншаға барудың да қажеті жоқ.

Оның бұл сөзіне Зымзия, Ашкөз бен Пхигль қарқылдай күлісті. Әбден күліп болған соң, төрт полицей сапқа тұрды да, шығуға бет алды. Есік сарт етіп жабылып, сылдырлап кілт бұралды. Тым-тырыс, өлі тыныштық орнады. Содан соң ғана сәкілердің астынан төбелестің бас кезінде тығылып қалған ергежейлілер бір-бірлеп шыға бастады. Бұлар түрмедегі ең есті ергежейлілер еді, олар төбелес болған соң полицейлердің келуімен бітетінін, ал полицейлер кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін тексеріп жатпай-ақ барлығын түгел жайратып салатынын білетін. Тағы біраз уақыт өткенде электр шоқпардың тоғы соғып, құлап түскендер де бірте-бірте ес жиып, сүйретіліп, орындарына тарай бастады.

Сәкілерде жатып, дем алып, ес жиған соң, олар заттарын іздеп, бөлме ішін төртіпке келтіре бастады. Бірнеше ергежейлі қисайып жатқан пешті қайтадан орнына қойып, от жақты. Бірте-бірте бөлме іші төртіпке келіп, лақтырылған заттар тегіс табылды. Қимашаш пен Дымбілместің қалпағы еш жерден табылған жоқ.

– Міне, көрдің бе, не істегеніңді? – деп айқайлады ол Дымбілмеске. – Мен саған ақша төледім, ал қалпақ қайда? Енді менде ақша да, қалпақ та қалмады.

– Ештеңе етпес, – деп жұбатты оны Кекіл. Біз мұны еш уақытта кешпейміз. Ол бізге қалпақтың құнын қайтарады. Ертең оны қолға аламыз, ал әзірге ұйықтайық.

Олардың екеуі де сәкілеріне шығып кетті. Дымбілместің жанына Серкеш келді.

– Сен, Дымбілмес, шынында да, ақымақсың. Қалпағыңды неге бердің? Әлде, Жындылар аралына барғың келе ме?

– Ол қандай арал? – деп сұрады Дымбілмес.

– Сен Жындылар аралы жөнінде өлі күнге естімеп пе ең? – деп танданды Серкеш.

– Естігем жоқ, – деді Дымбілмес.

– Ендеше тыңда. Мұнда не істесең де еркің. Тек, баспанан, үстіңде – жейден, басыңда – қалпағың, аяғыңда – башмағың болуға тиіс. Осы ережені бұзған өр

ергежейліні полицей ұстап алып, Жындылар аралына жібереді. Олар, өзін баспанамен және киіммен қамтамасыз ете алмаған ергежейліні үміт күтуге болмайтын ақымақ, сондықтан олардың орны Жындылар аралы деп санайды. Ол жерде сені ішіп-жемнен тарықтырмайды, қалағаныңды алдына тосады және саған еш нәрсе істеткізбейді, ішің сыздағанша ішіп-же, көңіліңді көтер, қалағанынша ұйықта, қыдыр. Осындай мағынасыз уақыт өткізуден аралдағы ергежейлілер бірте-бірте топастанып, тағылана береді, үстіне жүн шыға бастайды. ақырында қошқарға немесе қойға айналып тынады.

– Мүмкін емес! – деп таңданды Дымбілмес.

– Мүмкін болғанда қандай! – деп күліп жіберді Севкеш. – Мен саған шындықты айтып тұрмын.

– Ергежейлілер ол жерде неліктен қойға айналады?

– Ол жердің ауасында бір бөле бар, білдің бе? Бәрі сол ауадан. Кімде-кім жұмыс істемей, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ өмір сүрсе – ерте ме, кеш пе әйтеуір, қойға айналып тынады. Жындылар аралында тұратын байларға бұл өте тиімді. Алғаш олар ергежейлілерді тамақтандыруға ақша аямайды, олардың жалқауланып, түйістемеуіне жағдай жасайды, ал ергежейлілер қойға айналған соң шөп жеуге көшеді де, қайтып ақша шығындамайтын болады.

– Олар неғылған байлар? – деп сұрады Дымбілмес. Бізде ешқандай байлар жоқ.


– Байлар – ақшасы мол ергежейлілер...

– Ал оларға өлгі ергежейлілердің қойға айналғаны не үшін керек?

– Соны да түсінбейсің бе? Байлар жұмысшыларының ол қойларды қырыққызып, жүнін сатады. Көп пайда табады!

– Ал сол байлардың өздері неге қойға айналып кетпейді? Оларға зиянды ауа өсер етпей ме?

– Ауа, әрине, оларға да өсер етеді, бірақ ақшасы молдардың Жындылар аралында да жақсы тұруға мүмкіндігі бар. Ақшалы бай өзіне ауасы үнемі тазарып тұратын үй салғызады, дәрігерлерге ақы төлеп, үстіне жүнді тез өсірмейтін дәрі алып ішеді. Ол жерде байларға арналып салынған сұлулық салондары бар. Егер бай



лардың бірі зиянды ауаны абайламай жұтып қойса, өлгі салонға жүгіреді. Ал салонда ақшасы үшін оны булап, ысқылап, сылап-сипап, бет-аузын қойға емес, ергежейлілерге ұқсату үшін қолдан келгеннің бәрін істеп бағады. Рас, олардың булап-ысқылағаны әр уақыт көмектесе бермейді. Ондай байларға алыстан қарасаң – кәдімгі ергежейлі сияқты, ал жақынырақ келіп көрсең – нағыз қойдың өзі. Бір ғана айырмасы – ақшасы барлығы, әйтпесе барып тұрған ақымақтың өзі! Дегенмен, ұйықтайтын уақыт болды. Жүр, саған сәкі іздейік, – деп аяқтады сөзін Серкеш.

Олар бос орын іздеп, сәкілерді аралап кетті. Кенет Дымбілместің иығынан біреу түртіп қалды. Дымбілмес жоғары қарап, полицейлерден сәкінің астына тығылуға көмектескен қара көзді ергежейліні көрді.

– Бері көтеріл, – деп сыбырлады ол. – Менің жанымдағы сәкі бос.

Дымбілмес лып етіп, жоғары шықты.

– Сен, Дымбілмес, мені паналай жүр, – деді қара көзді ергежейлі. – Мен сені ешкімге жөбірлетпеймін. Сенің расында да алыстан келгенің, бұл жердің ергежейлілерімен таныс еместігің көрініп тұр.

– Ал өз атың кім? – деп сұрады Дымбілмес.

– Менің атым Жыпық, бірақ сен жай ғана Жып деуіңе болады.

Дымбілмес сәкіге жайғасып, көзі іліне бастап еді, кенет есіне Томпи түсті.

– Көкетай-ау! – деп айқайлап жіберді ол. – Томпи ана жақта қалып қойды ғой!

– Қайдағы Томпи? – деді Жыпық түсінбей.

Дымбілмес Жыпыққа Томпи екеуінің ракетамен қалай ұшқандарын әңгімелей бастады.

– Бұл жөнінде әзірге ешкімге тіс жарушы болма, – деп ескертті Жыпық. – Саған бәрібір ешкім сенбейді және сәті түсейін деп тұрған істі бүлдіріп аламыз. Бәрін ақылмен істеу керек. Меніңше, сені бұл жерде көп ұстамас. Ал біз былай істейміз. Мен сен арқылы бір сенімді ергежейліге хат беріп жіберемін. Шығысымен соған барасың. Ол сені біраз уақыт паналата тұрады, одан соң біз екеуіміз кездесеміз де, іске кірісеміз. Аландама,

бәрін реттейміз, Томпиды да күтқарамыз, өзімізге де қаман болмайды... Менің басымда жоспар дайын тұр...

Жыпық тағы бір нәрсе айтқысы келген еді, бірақ сәтте Дымбілместің көзі еріксіз жұмылып, ол кенет сүт батып кеткендей, қалың ұйқы құшағына бір-ақ сүнгіді.

Бұл оның Айдағы алғашқы түні еді.

Он бірінші тарау

БОСТАНДЫҚҚА ШЫҒУ

Танертен Дымбілмес қатты айқай-шудан оянып кетті.

– Тұрындар! Шешіңдер! Сапқа тұрындар! – деген әлдекімнің мұрнынан сөйлеген жексұрын даусы құлақ жарады.

Көзін ашып, бірте-бірте өзіне келген Дымбілмес жан-жағына қарап, құлақ жарған дауыстың иесі – есік алдында тұрған полицей Дригль екеніне көзі жетті. Дригльдің қолында – дауыс зорайтқышы бар радио қабылдағышты еске түсіретін шағын ғана аппарат. Дригль сол аппаратты аузына жақындатып сөйлесе болды – даусының қатты естілетіні сондай, еріксіз селде етесің.

Жыпық Дымбілместің оянғанын көрді де:

– Тезірек тұр, шешін! – деді.

– Неге шешінеміз?

– Көресің. Жылдамырақ кимылда, өйтпесе киіміңнің бәрі малмандай болады.

Басқа бір ауыз сөз айтпастан Жыпық тез шешінді де, киімін сәкіде қалдырып, төменге секіріп түсті. Дымбілмес те сөйтті. Ол еденге түскен соң байқады, ергежейлілер тегіс тыр жалаңаш шешініп, сәкілер арасында тырнадай тізіліп тұр екен.

– Сапқа тұрындар! Қолдарыңды жандарына салып, тік тұрындар, – деген Дригльдің даусы бір семген емес:

Ергежейлілердің бәрі сәкіден түсіп біткенін көрген соң ол дәліздегі, есік сыртына орналасқан бір түйе

мешікті басып қалды. Дымбілмес сол сәтте-ақ еденде төрт бұрышты тесіктер пайда болып, барлық сәкілер өздерін ұстап тұрған тіреуіштерімен бірге төмен түсе бастағанын көрді. Әп-сәтте бөлме іші сәкілерден тазарып, кілең жалаңаш ергежейлілер ғана қалды. Сәкілер жоқ болып кетісімен, едендегі тесіктер мықтап жабылды. Сонсоң Дригль есікті кілттеп жапты да, тағы бір түймені басты. Сол сол-ақ екен, қабырғалардағы кішкене дөңгелек тесіктерден аса қатты екпінмен су шапшыды. Судан жасқанған жалаңаш ергежейлілер қашып құтылуға әрекеттеніп көрген, бірақ тесіктерден атқылаған су оларды бәрібір қуып жетіп, ұшырып түсірумен болды. Олар орындарынан тұра берсе болды, қайтадан жалп ете түседі. Ергежейлілер осылай бей-берекет жүгіру, құлау, бір-бірімен соқтығысу, жалаңаш денелерімен еденге, қабырғаларға үйкелу нәтижесінде кірлері кетіп, тазарып қалды.

Түрме басшылары тұтқындарға жуынатын арнаулы үй салып, ақша шығармау үшін, оларды моншаға апарып әлекке түспей-ақ (бұған да ақша керек, оның үстіне жол-жөнекей олардың қайсыбірі қашып кетуі мүмкін ғой) осылайша түрменің ішінде жуынуға жағдай жасаған-ды.

Ергежейлілер каталажкада суға түсіп жатқанда олардың киімдері мен ұйықтайтын сәкілері қандала, бүрге, өзге де зиянды жәндіктерді өлтіретін арнаулы улы газдардың көмегімен санитарлық тазалаудан өткізіледі. Бұдан, әрине, полиция тұтқындалған ергежейлілердің қамын жейді екен деген қорытынды тұмауға тиіс. Полиция үшін тұтқындарды бүргенің талаған, таламағаны – бәрібір. Ал, бірақ, түрмеде қандала мен бүргелер көбейіп кетсе полиция басқармасына да тез жайылып, полицейлердің өздерін шаға бастайтын, оларға, міне, осы ұнамайтын.

Шомылу аяқталған соң, едендегі тесіктер қайта ашылып, таза киімдер жатқан сәкілер жоғары көтерілді. Тоңып қалған ергежейлілер тез-тез киіне бастаған. Олар киініп болмай-ақ есік ашылып, Дригльдің:

– Сапқа тұрындар! – деп айқайлаған жексұрын үні тағы естілді.

Ергежейлілер алас-қапас, сапқа тұрды.

– Қазір аты аталғандар бір адым ілгері шықсын! – деп бұйырды Дригль. Сонан соң тізімді оқи бастады: – Серкеш, Жалаңаяқ, Антиквар, Шіркей, Грымза, Епшіл, Жолбарыс, Моншак, Болид, Дымбілмес...

Аты аталған әр ергежейлі бір адым ілгері шығып тұрды. Дымбілмес те есімі аталысымен бір адым алға аттаған. Дәл осы кезде иығынан оны біреу тартып қалды. Артына бұрылған Дымбілмес өзіне қалпақ ұсынып тұрған Жыпықты көрді.

– Бұл – сенің қалпағың, Дымбілмес, – деп сыбырлады Жыпык. – Мен оны Қимашаштан жасырып қойғанмын. Сен енді мұнда қайтып оралмауың мүмкін, сондықтан қазір ал. Қалпақтың ішінде хат бар, – деп Жыпык саусағымен ернін басып, Дымбілмеске үндеме деген белгі берді.

Тізімді оқып болған соң Дригль аттары аталған ергежейлілерді дәлізбен жүргізіп отырып, кішкене тар бөлмеге қуып тықты.

– Сөйлеспей, тып-тыныш отырыңдар! – деп бұйырды ол.

Бөлме ішінде түк те жоқ еді. Ешқандай жиһаз көзге түспейді. Бар болғаны – терезесін төрт қабырға мен шлюз камерасындағыдай бір-біріне қарсы орналасқан екі есік.

– Мұнысы қалай? – деп күңкілдеді Серкеш жан-жағын шолып. – Отырыңдар деп кетті, ал тізе бүгетін дөңеңе жоқ.

– Бізді мұнда неге әкелді? – деп сұрады Дымбілмес.

– Сотқа әкелген болуы керек, – деп жауап берді полиция басқармасының тәртібін өзгелерден гөрі жақсырақ білетін Шіркей.

– Не үшін сотқа апармақ? – деп қайтадан сұрады Дымбілмес.

Бұл сұраққа Шіркей жауап беріп үлгірген жоқ, қарсы қабырғадағы есік ашылды да, Дригль бөлмеге басын сұғып:

– Шіркей, фить-фить! – деді.

Шіркей бұйрықты екі қайталатпай, бөлмеден тез шығып кетті. Сәлден соң Дригль есікті қайта ашып:

- Грымза, фить-фить! – деп бұйырды.
- Бұйрықтар осы ретпен қайталана берді:
- Жолбарыс, фить-фить!
- Моншак, фить-фить!

Он минөт өтпей-ақ бөлмеде Дымбілмес пен Серкештен басқа ешкім қалмады. Шамасы, сот үкімін сағыздай созбай, тез-тез айтып жатса керек. Ақыры, өз атын естіген Дымбілмес есіктен шықты да, үлкен, қабырғалары күңгірт бояулы бөлмеге келді. Оның дәл қарсы алдында биік, ұзын стол тұр екен, стол басында үлкен, жұмсақ креслода полицей отыр. Оның киімі де өзге полицейлердің киімінен аумайды, айырмасы сол: басына каска емес, қызғылт-сары помпондары, шашақтары бар төбесі шошақ сары қалпақ киіп алыпты.

Дымбілмеске Шіркей айтқан сот – осы ергежейлі болып шықты. Оның есімі – Суайт еді. Суайт сот пен Дригль полицейден басқа, бөлмеде біздерге бұрыннан таныс, полицей Мигль де бар екен. Ол Суайт отырған креслоның жанында қолтығына қылмыстылардың сырт бейнесі суреттеліп, бармақтары басылған қағаздар салынған бірнеше қатырма папка қысып тұр.

– Бұл не қылған безгелдек? – деп сұрады Суайт өзінің қарсы алдында пайда болған Дымбілместі көре салысымен.

Полицей Мигль Суайтқа құрмет көрсете иілді де, құлағына аузын тақап, анда-санда Дымбілмеске көзінің қиығымен қарап қойып, өлденелерді асыға сыбырлап жатты. Суайт, алайда, Мигльдің сөзін аяғына дейін тыңдаған жоқ.

– Тұра тұр! Тұра тұр! – деді ол ашу кернеп. – Сонда, сеніңше, мынау Сәнқой ма?

– Дәл солай, Суайт мырза! – деп күбірледі Мигль, жағымпаздана иіліп. – Мінеки, өзіңіз қараңыз...

Мигль бір папканы ашып, Суайттың алдына тоса берді.

– Сендер тегіс ақылдан алжасыпсындар! – деп айқайлап жіберді Суайт ыза болып. – Сеніңше, Сәнқой кім? Ә?.. Сәнқой – атақты тұлға! Сәнқойды бәрі біледі. Сәнқой – миллионер! Полицияның жартысын сатып алған, ал ертең, қаласа біздің бәрімізді жиган-тергені-

мізбен қоса және сатып ала алады... Ал, мынау кім? – деп шаптығып айқайлай түсті Суайт, Дымбілместі саусағымен нұсқап. – Мынау кім, айтындар қане! Мұны кім біледі? Бұл не істеген?.. Тамақ ішіп, ақысын төлемеген бе? Сол үшін осында әкелу қажет пе еді? Ал бұған керегінің өзі сол болса қайтесіндер, өңшен мигұлалар! Бұл жерде жылы, жарық, бүрге таламайды. Мұндайлардың бар арманы – түрмеге түсіп, полицияның есебінен тамақ асырау! Бұл – шын мәніндегі қылмыскер емес, қалтасында көк тиыны жоқ жалаңаяқ. Тамақ алып ішетін ақшасы болмаған соң, бұдан не өндіріп алуға болады? Сендер маған нағыз қылмыскерлерді тауып беріндер, ал мұндай қықым-сиқымның жағдайын өздерің табындар. Полиция басқармасына қайдағы-жайдағы ұсақ-түйектерді әкеліп тықпалаудың қажеті жоқ!

– Мұнын жағдайын мен өзім-ақ табатын ем, бірақ артынан осының өзі Сәнқой болып жүрмесін деген ой келді, – деп сасқалақтай күбірледі Мигль.

Суайт оған қолын шыдамсыздана бір-ақ сілтеді де, Дымбілмеске бұрылып:

– Сөйтіп, тамақ іштің ғой? – деп сұрады.

– Тамақ іштім, – деп батылсыздау мойындады Дымбілмес.

– Мүмкін тағы бір нәрсе жегің келер, а? Қане, Дригль, мынаны бір тойғызып жіберші!

Дригль Дымбілместі жағасынан сүйреп әкеліп, қос қақпалы есікке қаратып тұрғызып қойды да, қолындағы резіңке шокпарымен көк желкеден қойып қалды. Көзі қарауытып, мойны үзіліп кете жаздаған Дымбілмес ұшып барып, есікке басымен соғылғанда, ол сарп етіп айқара ашылып кетті де, Дымбілмес сол бетімен көшенің ортасына жалп етіп, құлап түсті. Шокпар мен тоқтың қабат соққысы оны біразға дейін есеңгіретіп тастады. Бірте-бірте өзіне келген ол тұруға ұмтыла бергені сол еді, полиция басқармасының есігі қайта ашылып, дәл манағы өзі құсап, Серкеш көшеге ұшып түсті. Дымбілмес Серкештің жанына жетіп барып, тұруына көмектесті.

– Қаракшылар! Жауыздар! Қылмыскерлер! Оңбағандар! Мен сендерге көрсетемін әлі! – деп айқайлады Серкеш көзінде жас мөлтілдеп.

Ол орнынан тұрып, жабылып қалған есікке қарап, жұдырығын түйіп қойды.

– Олар сені не үшін ұрды? – деп жатыр Дымбілмес жаны ашып.

– Өзім де білмеймін! Анау, басында қалпағы бар есек, менен: «Көгершінім, түрмеде отыру жалықтырған жоқ па?» – деп сұрады. «Жалықтырды, көгершінім, бірақ менде ерік бар ма?» – деп жауап бердім. – «Ал сен бұл жерден тезірек шыққың келе ме?» – «Келгенде қандай», – дедім! «Ендеше оны жасауға болады. Қане, Дригль, мынаның мерзімін қысқартшы», – деді ол. Ал Дригль бір ауыз сөз айтпастан шокпармен көк желкемнен періп кеп жіберді. Көшеге қалай ұшып түскенімді өзің де көрдің ғой?

Дымбілмес Серкешті қалай жұбатарын білмеді.

– Сендерде салмақ күшінің Жердегіден алты есе аздығына қуан, – деді ол. Егер бізде осындай күшпен құлап түссен сүйегіңнен сау-тамтық қалмас еді.

– Оңбаған қарақшылар! – деді Серкеш өксігін баса алмай, қолымен ауырып қалған желкесін сипап. – Байланысқым келмейді, әйтпесе мен бұларға көрсетер ем. Ереже бойынша бұлар бізді өуелі тамақтандырып алып, сонан соң ғана түрмеден қууға тиіс!

– Ал сен мұнда не үшін түсіп едің? – деп сұрады Дымбілмес.

– Дөңгелек тоқашты иіскегенім үшін, – деп шынын айтты Серкеш. – Сен ойлама, мен ұры емеспін. Тек қана ұзақ уақыт жұмыссыз жүрдім. Барлық ақшамды ішіп-жеп, бар бұйымдарымды сатып бітірдім, ақыры ашыға бастадым. Бір жолы екі күн қатарынан нәр татпадым. Үшінші күні нан дүкенінің жанынан өтіп бара жатып: «кіріп, ең болмаса нанның қандай болатынын көрейінші, мүмкін қарным ашқанын қояр» деп ойлады. Кірсем толып тұрған қалаштар, бөлкелер, самсалар, күлшелер, ірімшік салынған тоқаштар, барлығының төтті иістері басынды айналдырады. Алдымдағы стол үстінде дөңгелек тоқаштар жатыр екен. Мен біреуін алып, иіскеп көрдім. Қожайын байқап тұрыпты. Қолымнан шап беріп ұстады да, полицияны шақыра бастады. «Бұл менің дөңгелек тоқашымды ұрлап жегісі келді» дейді. Содан кейін не бол-

ғанын сұрама! Дөңгелек тоқашты тартып алып, өзімді сабап-сабап, үш ай мерзімге қамап тастады.

Жеңімен көз жасын сүртіп, азырақ өзіне-өзі келіп, тынышталған соң, Серкеш:

– Сен енді қайда барасың? – деп сұрады.

– Өзім де білмеймін, – деп жауап берді Дымбілмес.

– Ақшан бар ма?

– Жоқ.

– Менде де жоқ, кешке дейін бір жерден жұмыс істеп, тиын-тебен таба алсақ жақсы болар еді. Ақшасыз күн көре алмайсың.

Осы сәтте Дымбілмес мана құлағанда басынан ұшып түскен қалпағын көтеріп алып еді, ішінен ақ конверт жерге түсті.

– Ә! – деді бірден есіне түсіп. – Мынау Жыпық тапсырған хат қой. Жексұрын Дригльдің қатты сокқаны сондай, бәрі есімнен шығып кетіпті.

Серкеш хатты жерден көтерді де, сыртындағы адресін дауыстап оқып шықты. «Бұралаң көшесі, Жыланды шолақ бұрылысы, № 6 үй, әр түрлі калибрлі бұйымдар дүкені. Алаяқ мырзаға», – деп жазылыпты онда.

– Мен Бұралаң көшесінің қайда екенін білемін, – деді Серкеш. – Жүр, бастап апарайын, мүмкін Алаяқ мырза бізге әлдеқандай жұмыс тауып берер.

Дымбілмес хатты қайтадан қалпағына жасырып, оны бастыра киіп алды. Жарты саған өткенде достар Бұралаң көшесіне жетіп, одан биік үйлердің арасымен жыланша ирелеңдеп алға жылжитын жіп-жіңішке көшеге бұрылды. Көшенің екі жағындағы үйлердің бір-біріне жақын салынғаны сондай, жарық сәуле күндіздің өзінде тек жоғарғы қабаттарға ғана түсіп, көптеген дүкендер орналасқан төменгі қабаттар қою көлеңкеге оранып, қараңғылық пердесін жамылып тұрады екен.

Дүкендердің бірінің маңдайшасындағы «Әр түрлі калибрлі бұйымдар сатылады» деген жазуды көрген Дымбілмес пен Серкеш ішке кірген соң мұнда қандай бұйымдар сатылатынын бір-ақ түсінді.

Алдымен көзге түскені әдейілеп жасалған ағаш ұяларда қаз-қатар тізіліп тұрған әр түрлі жүйеге жататын түрлі калибрлі мылтықтар еді. Сатушының алдын-

дағы сөреде сан-алуан пистолеттер, пышақтар, финкалар, қанжарлар, қолшоқпарлар мен кастеттер жатыр. Қабырғаларды бойлай іші жарықтандырылған витриналар¹ жасалған, оларда ұрылар үшін қажетті нәрселердің бәрі: құлыптарды ашуға арналған қайқы темір, кішкентай болат аралар, үскі тескіштер, тістеуіктер, кемпірауыздар, шағындау сүймендер, өдейілеп құлып бұзу үшін жасалған кішкентай болат сүймендердің неше түрі, отқа жанбайтын шкафтар мен сандықтарды кесетін автоген аппараттары бейне бір көрмеге қойылғандай екен. «Полицей құралдары» деп аталған витринаға әр түрлі үлгіде резіңкеден жасалған электр шоқпарлар, аяқ-қолға салатын болат кісендер, өртейтін, көзден жас ағызатын бомбалар және басқа да полицейлерге қажет құралдар қойылыпты.

Оның жанындағы витринаға маскалардың неше алуан үлгісі ілініпті; көзге арналған тесігі бар, беттің жоғарғы жағын ғана жабатындары да, төбесін күләпара сияқты шошайтып жасаған, басқа түгел киілетіндері де бар екен. Маскадан басқа бұл жерден гримді, париктерді, жапсырма сақал-мұрттарды, қысқасы бет-әлпетті өзгертуге қажет нәрсенің бәрін табуға болатын еді.

Оң жақ бұрышта басында жалтыраған мыс каскасы, қолында шоқпары бар, үстіне толық форма киінген полицейдің мүсіні тұр. Сол жақ бұрышқа бір қолына аса үлкен пистолет, екінші қолына электр шамын жасырып ұстап, отқа жанбайтын кассаға ұрлана басып келе жатқан қарақшының мүсіні қойылыпты. Қарақшының мойнында кереге көз торлама орамал, басында күн қағары үлкен, кереге көз кепка, бұтында – денесімен дене боп жабысқан кереге көз торлама шалбар, бетінде – кара маска. Екі мүсіннің де шебер жасалғаны сондай, оларды көдімгі тірі ергежейлілер екен деп ойлап қалуға болатын еді.

Дымбілмес пен Серкеш осындай таң қаларлық көрме заттарының арасынан төменгі жағы столдың тасасынан

¹ В и т р и н а – товар және басқа заттардың үлгілерін көрсетуге арналған орын.

көрінбей тұрған, ал кеудесіне сұрғылт, қабырғамен түстес қалың, тоқыма жейде киген сатушыны бірден байқамап еді. Дүкенде жан адам жоқ болғандықтан, сатушы өзінің кұрған торына шыбынның ұшып келіп түсуін шыдамдылықпен күтетін өрмекші сияқты, бір орнында қозғалмай тұрған. Есік сырт ете түскенде ол бейне бір алдындағы сөреден секіріп кетуге ыңғайланғандай-ақ бүкіл денесінің салмағын екі қолына түсіре, алға қарай ұмсынып тұрып қалды. Дымбілмес пен Серкештің жасқаншақтау кейпін көрген ол:

– Келіндер, мырзалар! Керек нәрселеріңізді айта беріңіздер, – деді. – Біздің дүкеннен қауіпті және от алғыш қарудың қалаған түрін таба аласыздар. Мәселен, сіздерге ең соңғы жетілдірілген үлгідегі нысана көздейтін оптикалық құралы бар ірі калибрлі винтовканың ең жаңа нұсқасын ұсына аламын. Нысананы дәл көздегіштігі керемет. Жүз қырық адым жерден атқанда, шыбынды қағып түсіруге болады.

Ол артына бұрылып, қара-көк болат үңгісі мұздай суық, сәуле шашып, жалтыраған ағаш дүмді мылтықты қолына алды. Дүмін иығына тіреп, шүріппесін сырт еткізіп басты да:

– Егер сіздер лезде атылатын винтовканы қаласаныздар, онда басқа нұсқасын ұсына аламын, – деп сөзін жалғады.

Ол тұғырда тұрған екінші винтовканы алып, дүмінен сүйсіне сипап қойды.

– Өте сүйкімді нәрсе. Дамылсыз оқтап жатпайсыз. Босаған гильзалар газдың қысымымен автоматты түрде сыртқа шығарылып тастап отырады. Отыз алты оқ салынған обоймамен бір-ақ оқталады. Тіреп қойып ататын жабдығы және бар. Сондай-ақ дыбыссыз мылтықтардың үлгілерін көруіңізге болады. Пистолеттен: жеті атар, алысқа ұратын «Бурбонды», шүріппесін бір-ақ басып, он екі оғын үзбей бүркуге болатын «Тайфунды», кеудеше желеттің қалтасына сыйып кететін, майда калибрлі, қасықтай ғана «Топсикті», мейлінше дәл тиетін, жарылғыш оқпен оқталатын ірі калибрлі «Бенцті» ұсына аламын. Алыңыздар, өкінбейсіздер.

– Біз ешкімді де атқымыз келмейді! – деп мінгірледі

Дымбілмес, қайғы әкелер қарулардың осыншама көптігінен шошынып.

– Онда, түсінікті! – деді сатушы. – Мұндай жағдайда тамаша жасалған, саусаққа киіп сокқанда жауынның жағын қаусататын екі кистень, немесе екі қол шоқпар сатып алуларыңызға болады, капрон талшықтан жасалған, буындыруға арналған жіпке ерекше назар аударуларыңызға кеңес беремін.

Ол еңкейіп, сөренің астынан ортасында тұзақ сияқты байлауы бар, екі ұшы бос, қап-қара жіп алып шықты.

– Арт жақтан жасырынып келесіз де, мойынға былай тастап жіберіп, жіптің екі шетін құрбаныңызды аздап қана есеңгірететіндей етіп тартасыз, содан соң қолдарын артқа қайырып, жіптің бос ұштарымен байлайсыз. Міне, көрдіңіздер ме?

Сатушы көз ілеспес шапшандықпен тұзақты Дымбілместің мойнына салып жіберіп, екі ұшын қолтықтарының астынан өткізіп, қолдарын артына қайырып, байлап тастады. Серкешке де осыны істеді.

– Байқайсындар ма? – деп сұрады ол. – Сендер қолдарыңды қимылдата алмайсындар. Қолдарың сөл қимылдаса болды, жіп тамақтарыңды қиып кете жаздайды. Солай емес пе?

– Солай, – деді Дымбілмес қырылдай сөйлеп, ауа жетпей, тынысының тарылып бара жатқанын сезіп.

– Қарсыласыңыз әлдекімді көмекке шақыра алмауы үшін аузын жабатын мынадай тығынды да салып алуларыңызға болады.

Сатушы жөшіктен дөңгелек екі рөзіңке алып, бірін Дымбілместің, екіншісін Серкештің аузына тығып жіберді.

– Байқайсындар ма? – деді ол тағы. – Сендер оны ауыздан шығарып тастай алмайсындар, әрі бір сөз айтуға да дәрмендерің жоқ.

Расында да бір ауыз сөз айтуға шамалары келмей қалған Дымбілмес пен Серкеш ыңылдап, бастарын ғана изей берді.

– Көріп тұрсындар, жақсылығы мол әдіс, – деді сатушы. Өз құрбандарыңның басын өлімге қимай-ақ, еш қарсылықсыз, үсті-басын түгел тінткілеп, түгін қалдыр-

май тонап алуларына болады, сендерге керегінің өзі сол емес пе?

Дымбілмес пен Серкештің бастарын шайқағанын көрген сатушы:

– Олай болса сендерге не керек? – деп сұрады. Мүмкін, полицияға қызметке кіргілерің келетін шығар? Ондай жағдайда жетілдірілген электр шокпарларың, ереуілге шыққандардың желігін басуға арналған болат шыбықтарды, қол мен аяқтың кісендерін, көзден жас ағызатын бомбаларды ұсына аламын. Сондай-ақ каскалар, мундирлер, күпия фонарлар, маскалар бар...

Дымбілмес пен Серкештің үн-түнсіз бастарын шайқай бергенін көрген сатушы ақыры олардың қолдарын шешіп, ауыздарына тыққан кергіні алып тастады.

– Бізге еш нәрсенің керегі жоқ, – деді Серкеш, сөйлеуге мүмкіншілік туысымен-ақ. – Біз осы дүкеннің иесі – Алаяқ мырзаны көрсек деп едік. Оған өкелген хатымыз бар.

– Оны неге бірден айтпадыңдар, Алаяқ мырза менмін.

Дымбілмес басындағы қалпағын шешіп, ішінен хатты алып, Алаяқ мырзаға ұсына бергенде, дүкенге тағы бір ергежейлі кіріп келді. Оның басында күнкағары үлкен, керегекөз кепкасы, үстінде сұр жейдесі, бұтында тылтиған, тар керегекөз шалбары бар екен. Шалбарының тарлығы сондай, талтандап өрең-өрең басатын сияқты. Кішкентай қара көзі жан-жақты ұрлана шолып, тыным таппайды, кескін-келбетіне қарап-ақ оның әлдеқандай бір жамандыққа бел буғанын аңғару қиын емес-ті. Ол көп сөйлеп уақыт кетірмей, жеті атар «Бурбон» пистолеті мен бір қорап оқ сатып алды. Оқтарды оқшантайға толтырып, пистолетті белдігіне қыстырды да, асықпай, талтандай басып, дүкеннен шығып кетті.

Дымбілмес оның артынан күдіктене қарап тұрып:

– Оған пистолетті бекер-ақ бердіңіз-ау. Біреуді атып тастап жүрмесе жарар еді, – деп қалды.

– Бізде өркім қалаған нәрсесін сатып алуға, немесе сатып жіберуге ерікті, – деп түсіндірді Алаяқ мырза. – Қолындағы пистолеттен біреуді ат деп оны ешкім зорлап отырған жоқ. Сонымен бірге атпа деп те ешкім тыйым сала алмайды, өйткені ол – әлгіні іс-қимыл еркіндігінен

айыру болып табылар еді. Бізде өркім қалаған нәрсесін жасауға ерікті. Оның үстіне бұл саладағы кез келген тыйым салушылық полицияның прерогативасына, басқаша айтқанда, айрықша, артықша құқықтарына нұсқан келтіру болып табылар еді. Полицияның қызметі – қылмыскерлермен күресу ғой. Егер қылмыскерлер қылмыс жасауын тоқтатса, полиция қажетсіз болып қалады, полицейлер табыстарынан айрылады, жұмыссыз қалады, сөйтіп біздің қоғамымыздағы қазіргі гармония, қалыптасқан үйлесімділік бұзылады. Егер сіз мұны шынымен түсінбейтін болсаңыз, түптеп келгенде, зиянды ой-пікірлеріңіз үшін полиция басқармасының қармағына ілігесіз, ал олар сізді қалай жөнге салуды жақсы біледі. Сондықтан мұны түсінуге тырысқаныңыз жөн.

– Біз тырысып көреміз, – деп күптады Серкеш.

Алаяқ мырза Дымбілместің қолындағы хатты алып ашты да, оқи бастады. Алаяқ мырза хатты оқып тұрғанда, Дымбілмес оның жүзіне зер сала, анықтап қарап алды. Жүзі қоңырқай екен, бет сүйегі шығыңқы, сылап-сипап, әдемілеп жатқызып қойған кішкене мұрты, қысқа ғана, үшкірлеу шоқша сақалы бар. Дымбілмес Алаяқ мырзаның өңінен Жыпыққа өлденендей ұқсастық барын аңғарды. Зер сала анықтап қараған соң ғана ұқсастық түрлерінде емес, көздерінде екенін байқады. Екеуінің де көздері жан-жақты тынымсыз шолып, ойнақшып тұрады екен.

Кейде көздерінде өлдеқандай мазасыздық сәулесі жылт ете қалады, ондай сәтте Алаяқ кірпіктерін жауып, әлгі сәулені тезірек өшіруге тырысатын сияқты.

Ақырында Алаяқ хатты оқып болды.

– Иә, иә, иә! Сөйтіп Жыпықты перғауындар ұстап алған болды ғой, – деді ол.

– Қайдағы перғауындар? – деп танданды Дымбілмес.

– Полицейлерді айтамын, – деп түсіндірді Алаяқ.

Ол сөренің екінші басында тұрған телефон аппаратының жанына барды да, трубканы көтеріп:

– Әу, бұл кім? Полиция басқармасы ма? Мені комендантпен жалғастыруыңызды өтінемін, – деп айқайлай бастады. – Сізбен сөйлесіп тұрған Алаяқ, өзара күтқару қоғамының мүшесі. Сіздерде Жыпық атты тұтқын бар

ма? Иә, иә, Жыпық мырза... Өзара құтқару қоғамы оған кепіл бола алады. Ол мүлдем адал ергежейлі, сеніңіз маған! Ондай адал ергежейліні әлемнен іздеп табу қиын. Осыған кепіл болып, ақша төлеуге болар ма екен?... Рақмет. Рақмет. Қазір ақша алып жетемін.

Алаяқ мырза трубканы орнына қойды да, отқа күймейтін темір кассаны ашып, ақша алды.

– Міне, көрдіңіздер ме, өзара құтқару қоғамына мүше болудың қаншалықты тиімділігін, – деді ол. – Мүшелікке өту жарнасы – бар болғаны жиырма фертинг, ал сонан соң ай сайын он фертингтен төлейсіз де, ойыңызға келгенді істей бересіз. Егер түрмеге түсіп қалсаңыз, қоғам сіз үшін кепіл болып, ақша төлеп, жазадан құтқарып алады. Мүше болып кіруге кеңес беремін, өкінбейсіздер.

– Біз бұған қарсы емеспіз, – деді Серкеш, – бірақ бізде жиырма фертингтің болмай тұрғаны.

– Жарайды, ақша тапқанда кірерсіздер, – деп сыпайы түрде келісті Алаяқ мырза. – Ал қазір мен дүкенді жабуға тиіспін.

Ол сыртқы есікті іш жағынан кілттеп жапты да, париктерді іліп қойған витринаның жанына келіп, қабырғадағы жасырын түймешікті басып қалды. Витрина сықырлай түсіп, орнынан жылжыды да, қабырғада төрт бұрышты тесік пайда болды. Алаяқ мырза әлгі тесікке кірді де:

– Жүріңіздер, артымнан еріңіздер, – деді саусағымен ымдап шақырып.

Дымбілмес пен Серкеш есікшеден өтісімен-ақ сөрелері көп, олардың үстіне мылтықтар, автоматтар, пистолеттер, қанжарлар, өзге де осы тәріздес бұйымдар толтырылған ағаш жәшіктер қойылған қойманың ішіне тап болды. Еденде, қабырғаны бойлай, кішкене дөңгелектері бар бірнеше пулемет, тіпті шағындау келген зеңбірек те тұр.

Қойманың түпкір жағындағы темір есікке келіп, Алаяқ тағы бір түймешікті басты. Темір есік ашылды да, біздің саяхатшылар өте тар, күңгірт дәлізбен жүріп отырып, шағын ғана айналмалы сатымен төмен түсіп, жер астындағы гаражға тап болды.

Алаяк мырза жалтыраған ашық сары түсті машинасын тауып алды да, кілтімен есігін ашып, Дымбілмес пен Серкешті жанына отырғызды. Содан соң машинасын гараждан жайлап жүргізіп шығарды да, жер асты жолымен зымырата жөнелді. Дымбілмес пен Серкеш өздерінің сыртқа қай тұста, қашан шығып кеткендерін аңғармай да қалды. Әне-міне дегенше полиция басармасының алдында тұрғандарын бірақ көрді.

Алаяк:

– Сәл ғана күте тұруларыңды өтінемін, – деді де машинадан шығып, ішке кіріп кетті.

Он екінші тарау

ТҮНГІ ОҚИҒАЛАР

Арада бес минут өтпей-ақ Алаяк мырза полиция басқармасынан Жыпықты ертіп шықты.

– Міне, біз тағы да біргеміз, – деді Жыпық машинаға отырып жатып. – Сіз, Дымбілмес, бәрін де дәл мен айтқандай орындап, үлкен қызмет көрсеттіңіз. Мен де сізге қарыз болып қалғым келмейді. Айтпақшы, сіз Дымбілмеспен танысып па едіңіз? – деп сұрады Жыпық Алаяк мырзадан.

– Иә, танысқам, – деді Алаяк машинасына от алдырып жатып.

– Бірақ, әрине, ол туралы өлі толық білмейтін боларсыз, – деп іліп әкетті Жыпық. – Мәселе – Дымбілместің бізге өзге планетадан баға жетпес байлықпен келгенінде болып тұр. Ол аса ірі жемістер беретін алып өсімдіктердің тұқымын әкелген. Біз өзіміздегі кедейлерге қандай көмек көрсете алатынымызды түсінесіз бе? Олардың көбінің жері ұлтарақтай-ақ, сондықтан одан алатын өніммен күн көре алмайды. Егер кедейлердің әрқайсысы жеке меншік жерден қазіргіден ондаған есе ірі өнімдер жинайтын болса, кедейлік атаулы құрыр еді-ау.

– Несі бар, бұл жақсы, – деді Алаяк ойлана сөйлеп. – Дымбілмес бізге жаңағы айтқан тұқымдарды берсін, **■**

біз оларды кедейлерге сатамыз. Бұдан жақсылап пайда табуға болады. Дымбілместің өзін де қағажу қалдырмаспыз.

– Бұл сөзін дұрыс, – деп келісті Жыпық. – Бірақ бір ыңғайсыздық – әлгі тұқымдардың Ай бетінде, ракетада қалғанында болып тұр. Бізде ондай биікке көтеріле алатын құрал әлі жоқ. Сондықтан ең алдымен құралдың жобасын, сонан соң өзін жасауымыз қажет, бірақ бұл үшін ақша керек қой.

– Ақша мәселесі қиындау болатын шығар, – деді Алаяқ. – Мен, тегін келген ақшаны алғысы келетін ергежейлілерді білемін, бірақ осы уақытқа дейін өз еркімен ақша бергісі келетін бірде-бір ергежейліні көрген емеспін.

– Бұл шынында да солай, – деді Жыпық күлімдеп. – Бірақ менің басымда тамаша жоспар пісіп-жетілді. Бізге бұл іске ақшаны кедейлердің өздері беруге тиіс. Өйткені біз Айдағы тұқымды солар үшін жеткізбекпіз ғой.

– Дұрыс! – деп қуанып кетті Алаяқ. – Біз акционерлік қоғам құрамыз. Акциялар шығарамыз... Сіз акция дегеннің не екенін білесіз бе? – деп сұрады Дымбілместен.

– Жоқ, ол жайында осы уақытқа дейін естімеген едім, – деп мойындады Дымбілмес.

– Акциялар – ақшаға ұқсас қағаздар. Оларды баспахананда жасауға болады. Айталық, әр акцияны бір фертингтен саттық дейік. Одан түскен ақшаға ұшатын құрал жасатамыз, ал тұқымдар жерге жеткізілгенде әрбір акция иесі өзіне тиесілі тұқымды алады. Әрине, кімнің акциясы көп болса, тұқымды да өзгелерден артығырақ алады.

Бұл әңгіме машина қала көшелерімен ағызып келе жатқанда болған. Жол-жөнекей ресторанды көрген Жыпық:

– Мен біздің акционерлік қоғамымыздың тууын жақсылап тамақ ішумен атап өтуді ұсынамын, – деді.

Арада бірнеше минөт өткенде біздің жолаушыларымыз ресторанда асқан бір төбетпен тамактанып отырды.

– Қазір, ең бастысы, кедейлерді біздің акцияларды сатып алуға көндіру, – деді Жыпық.

– Оларды қалай көндіруге болады? Әлдеқайдағы Ай

бетінде тұқымдар жатыр дегенге сене қояр ма екен? Дәлел керек, – деді Алаяқ.

– Мен бәрін де ойластырдым, – деп жауап берді Жыпық. – Біз әуелі осы мәселе төңірегінде жақсылап шу көтереміз. Ең алдымен басқа планетадан ергежейлі келгендігі жөнінде газеттердің барлығы жарыса жазуға тиіс. Жұрт бұған әбден сенгенде барып, біз космос ергежейлісі тұқым алып келгені жөнінде газетке мақала бастырамыз да, акционерлік қоғам құрылғанын көпшілікке жария етеміз.

– Біреулер мұның барлығы жалған десе ше?.. – деп көңіліндегі күдігін айтты Алаяқ. – Дымбілместің басқа планетадан келгендігіне қандай дәлел бар? Кескінкелбеті – біз сияқты ергежейлі.

– Рас-ау, – деп қалды Жыпық. – Айтыңызшы, Дымбілмес, сіз өзіңіздің космостан келгеніңізді немен дәлелдей аласыз? Мүмкін, айталық, скафандрыңыз сақталған шығар? Космос кеңістігінде скафандрсыз саяхаттап жүру мүмкін емес қой!

– Скафандрым расында да бар болатын, – деп мойындады Дымбілмес, – бірақ мен оны ай бетінен сіздердің жерлеріңізге түсе салысымен бақ ішіндегі бұтаның түбіне жасырған едім.

– Ол қайдағы бақ?

– Қазір оны табуым қиын, өйткені мені өлдеқандай жарымес Қандала мырза ұстап алып, ағаштан алма жұлдын деп итке талатып, өлтірмек болды.

– Ә, Қандала дедің бе? – деп қуана дауыстап жіберді Жыпық. – Олай болса, өлі де үміт бар. Ей, даяшы, бізге телефон кітапшасын өкеп беріңізші!

Даяшы бұйрықты екі айтқызған жоқ, Жыпық даяшы әкелген телефон кітапшасын асықпай ақтарып қарай бастады. Кітапшаның «Қ» өрпіне арналған бөліміндегі есімдерге көз салып отырды да:

– Міне, қараңыздар: «Қандала, Үлкен Ит көшесі, 70 үй» деп жазылыпты, – деді. – Қараңғы түсе салысымен-ақ біз Қандаланың үйіне жетіп, бағының ішін тінтуіміз керек. Серкеш, сіз де бізбен барасыз, онда жұмыс табылады.

Кешікпей-ақ Алаяқ мырзаның сары машинасы Жы-

ланды көшесіндегі әр түрлі калибрлі бұйымдар дүкенінің алдынан бірақ шықты, ал кешкісін Үлкен Ит көшесімен зымырай ағып келе жатты. Машина № 70 үйдің жанына тоқтай қалды да, ішінен қолдарында құпия фонарлары мен резіңке электр шоқпарлары бар төрт полицей түсіп жатты. Ең аңғарғыш оқушыларымыз бұлардың шын полицей емес, үстеріне полицей формасын киіп алған Алаяқ, Жыпық, Дымбілмес пен Серкеш екенін бірден-ақ түсінген болар деп ойлаймыз.

Жыпық қақпаға жетіп барды да, арасынан сығалап, үйде шам жанып тұрғанын байқап, шоқпарымен кішкене есікті дүрсілдетіп соға бастады. Аздан кейін үйдің есігі ашылды да, одан қолына мылтық ұстап, аяғына кебіс иілген Фикс шығып, қақпаға қарай бет алды.

– Бұл кім? – деп сұрады ол қақпаға таяп келіп.

– Полиция! – деді Жыпық. – Тез ашыңыз!

«Полиция» деген сөзді естіген Фикс абыржып, қақпаны жылдам ашып жіберді. Қарсы алдында каскалары жарқырап тұрған төрт полицейді көрген ол қатты қорқып кеткені сондай, желді күнгі жапырақтай қалтырап, қолындағы мылтығын жерге түсіріп алды.

– Сіз тұтқындалдыңыз! – деді Жыпық фонарының жарығын тура оның көзіне түсіріп.

Алаяқ осы сәтті пайдаланып, оның ту сыртына өтіп, мойнына тұзақ жіпті іліп алды. Көз ілеспес шапшандықпен қолын артына қайырып, байлап тастады.

– Не-не-не үшін мені тұтқындадыңыздар? – деп сұрады Фикс қорыққанынан кекештеніп.

– Осындай ақымақ сұрақ қоятыныңыз үшін, – деп түсіндірді Жыпық.

– Бірақ, гафу етіңіз... – деп Фикс тағы бір нәрсе айтқысы келген еді, сөзін аяқтай алмады. Алаяқ оның аузына резіңке тығынды тыға салды.

– Біз мына есаланға дөрекілеу әдісті қолданғанымызды айып етпеңіз, Дымбілмес, – деді Жыпық, – олай етпесек бұл біреуімізді мылтықпен басып салудан тайынатын түрі жоқ. Сіз қазір қақпа алдында карауылдай тұрыңыз, қажет болғанда шақырып аламыз... Ал, сен, үніңді шығармай үйге кір, – деп Жыпық Фикске бұйрық беріп, артынан аяғымен итеріп қалды.

Фикс бұйрықты орындап, соқпақ жолмен үйге қарай бет алды. Осы сәтте үйден Қандала мырзаның екінші жалшысы Фекс жүгіріп шыққан еді. Ол да еш нәрсе айтуға үлгірген жоқ, лезде қолдары артына қайырыла байланып, аузына тығын тығылды.

Бұл кезде еш нәрседен хабары жоқ Қандала мырза үйде үлкен көкшіл кеседен какао ішіп отырған. Есік кенет сарт етіп ашылып, бөлмеге қолдары артына қайырыла байланып, ауыздарына тығын тығылған Фикс пен Фексті алдарына салып айдаған үш полицей кіріп келгенін көргенде, қорыққанынан Қандаланың көзі бақырайып, аузы ашылып кетті. Қолындағы ыстық какаосын шалбарына төгіп алды.

– Қозғалмаңыз! Сіз тұтқынға алындыңыз, – деп мәлімдеді Жыпық. – Полицияға сіз ұрланған заттармен сауда жасап, қарақшыларды үйіне паналатады деген хабар келіп түсті.

– Бұл – жала! – деп Қандала қарсылық білдіре қолын сілтеді.

– Оп-оңай құтыламын деп ойламаңыз, – деді Жыпық. – Біз қазір тінту жүргізуге тиіспіз.

Жыпық осылай сөйлеп тұрғанда, Алаяқ өз құрбандығын әуелі байлап-матап алатын өрмекшіге ұқсап, Қандаланы жіппенен отырған орындығына мықтап танып тастады да, аузына тығын тықты. Қандала бәрібір аяқтарын тыпырлатып, орнынан тұруға әрекеттенуін қоймаған соң, Алаяқ оның төбесінен электр шоқпарымен нұқып қалды. Қандала орындығымен еденге жалп етіп ұшып түсті. Бұл кезде Жыпық Фикс пен Фексті қатар тұрғызып қойды да, қозғалмандар деп бұйрық беріп, маңдайларынан шоқпармен бір-бір нұқып өткенде, олар да кесілген дөңбектей болып, еденге құлап түсті.

– Тінту біткенше полицияның жұмысына кедергі келтірмей, осы жерде тып-тыныш жатыңдар! – деп бұйырды Жыпық. – Ал сізден, полицей мырза, – деді ол Серкешке бұрылып, – мыналарды күзете тұруды өтінемін. Егер әлдебірі тұруға әрекеттенетін болса, полиция ережелеріне сәйкес шара қолданып, шоқпар жұмсауға тиіссіз.

– Құп болады! – деді Серкеш.

Жыпық пен Алаяқ аулаға шығып, Дымбілместі қастарына шақырып алды. Олар скафандрды іздеуге кірісті. Бөлмеде қалған Серкеш еденде жатқан Қандала, Фике пен Фексті көз жазбай бақылап тұрды. Олардың бірі қимылдай бастаса болды, электр шокпарымен желкесінен нұқып қалады да:

– Бұл саған Дымбілмеске ит қосқанын үшін, келесі жолы ондай іс істемейтін боласын! – деп кіжініп қояды.

Жарты сағат өткенде скафандр кешегі Дымбілместің жасырған жерінен табылды, ақыры. Жыпық пен Алаяқ Дымбілмеске скафандрды машинаға апаруды тапсырды да, өздері Қандала жатқан бөлмеге кірді.

– Бұл жолы еш нәрсе тапқан жоқпыз, бірақ келесі жолы, қайта айналып соққанымызда, қалайда табамыз, – деді Жыпық. – Ал, қазір, Серкеш мырза, бұларды шокпармен тағы бір-бір нұқуды өтінемін, полициямен істес болудың қандай екені естерінде жақсы сақталып қалсын.

Серкеш Жыпықтың бұйрығын бұлжытпай орындады. Сонан соң үшеуі үйден шығып, машинаға келіп отырды. Дымбілмес оларды осында тосып отыр еді.

Моторды от алдырып, Қандаланың үйінен екі-үш көше ұзап шыққан соң, Алаяқ машинасын қыбыр еткен жан жоқ, тып-тыныш шолақ көшеге бұрды да, телефон үйшігінің жанына тоқтады. Осы жерде шым-шытырық оқиға иелері үстеріндегі полицей формасын шешіп тастап, үйреншікті киімдерін киді. Жыпық Дымбілмеске космос скафандрын да киіп алуды тапсырды, сонан соң қонақ үйге телефон соқты.

– Алло! – деп айқайлады ол телефон трубкасына. «Меруерт» қонақ үйі ме? Космос саяхатшысы Дымбілмеске ең жақсы бөлмелеріңізді өзірлеп қоюды өтінемін. Иә, иә, космос саяхатшысы. Түсінбейтін не бар мұнда? Бізге тура космостан келді. Біз оны сіздерге бір сағаттың ішінде жеткіземіз. Кездесуге жақсылап өзірленулеріңізді өтінемін!

Трубканы орнына қойды да, қолма-қол келесі нөмірді теріп алып, тағы да айқайлай бастады:

– Әу, бұл кім? Теледидар студиясы ма? «Меруерт» қонақ үйінен телехабар ұйымдастырғандарыңыз жөн. Ол жерге кешікпей космос саяхатшысы Дымбілмес келеді...

Қандай, қандай! Кос-мос-тан келген деп тұрмыз ғой сіздерге! Бізге басқа планетадан скафандр киіп ұшып келген... Ешқандай да өзіл емес! Сенбесендер келмей-ақ қойыңыздар, артынан өкінбесеніздер болғаны. Дегенмен, есте сақтаңыз: қонақ үйдің алдында бір сағаттан кейін боламыз. Астымызда сары машина. Байқаныздар, басқа біреулермен шатастырып жүрмеңіздер! Нағыз космос саяхатшысы біздермен бірге.

Жыпық трубканы қойды да, телефон үйшігінен шықты.

– Телевизия қызметкерлері енді біздің қолымызда! – деді ол. – Әзірге олар космос саяхатшысы дегенге сене қойған жоқ, бірақ он минут өтпестен күмөнданып ойлана бастайтыны сөзсіз. Жарты сағат өткенде қонақ үйдің алдына телевизия құралы мен операторды жібере салғанның ешқандай зияны жоқ деген қорытындыға келеді. Егер тіпті ешқандай космонавт болмағанның өзінде басқа бір қызық оқиғаның сап ете қалуы мүмкін ғой. Біздердің телекөнерермендеріміз әр түрлі таң қаларлық оқиға дегенге әуес... Ал, қазір, достар, кездесуге мықтап әзірленуіміз, барлық нәрсені алдын ала келісіп алуымыз қажет. Бұл үшін уақыт жеткілікті.

Жыпықтың айтқаны айна-қатесіз дәл келді. Телестудия қызметкерлері алғаш оның сөзіне сенген жоқ, сонан соң киностудия қызметкерлеріне телефон соғып, қалаға космос саяхатшысы келе жатқаны жөнінде не білетіндерін сұрады. Киностудия қызметкерлері, әрине, бұл жөнінен хабарсыз болатын, бірақ олар өздерінің түк білмейтінін мойындауға ұялды да, біз де естіген едік дей салды. Сөз арасында телестудия қызметкерлерінен жаңалықты егжей-тегжейлі сұрап алды да, газет-журнал редакцияларына телефон соғып, олардың не білетінін сұрай бастады. Редакция қызметкерлері бұл жөнінде еш хабарсыз еді, бірақ олар іштей, өздері газет тілімен айтқанда ауыздарын ашып, қалғып жүріп, далада қалған екенбіз деп ойлап, телестудияға телефон соғып, космонавт жөнінде сөз қозғады. Телестудия қызметкерлеріне басқа жұрттың бәрі құлақтанған екен, күдіктенуші жалғыз біз екенбіз деген ой келді. Ақырында, іс Селтенбайлар көшесіндегі «Меруерт» қонақ үйіне толып жатқан аппараттарын артынған телестудия қызметкерлері ғана



емес, кинокамераларын асынып, жарық беретін құралдарын көтерген кинооператорлар, әр түрлі газеттердің қызметкерлері, журналистер, тілшілер, очерк жазатындар, шолушылар, коментаторлар мен әр нәрсені түсіндіріп, насихаттаушылар да ағылып келе бастаумен тынды.

Дымбілмес пен серіктерінің сары машинасы Селтеңбайлар көшесіне шыққан бойда-ақ қонақ үйдің алдында, кинопрожекторлардың сәулесі астында қаптап тұрған ергежейлілерді көрді. Бірнеше кино және телеоператорлар ашық машинаның үстіне шығып алыпты. Олар құралдарын жан-жаққа бұрып, сығалап көріп, оқиғаны киноға түсіріп алуға, немесе бұл жөнінде телевизор көрушілерге өңгімелеп беруге сақадай сайланып өзір тұр. Қонақ үйдің кіре беріс есігіне таяу жерде қажет болып қалса рәзінке шоқпарларын ала жүгіруге оңтайланып, полицейлер сап түзеп тұр.

Сары машинаны алыстан көздері шалған операторлар камераларын соған бағыттап, бірден киноға түсіре бастады. Қонақ үй алдына жиналған қалың топ дүрлігіе қозғалып, көшені мүлде бекітіп тастады. Полицейлер бұйрық алғандай-ақ олардың жанына жетіп барып, машинаға жол ашу үшін нөпір халықты кері шегіндіріп, ығыстыра бастады. Сары машина қонақ үйдің алдына жайлап келіп, тоқтағанын бәрі көрді.

Бірнеше фототілшілер сол сәтте-ақ машинаның жанына жүгіріп барып, фотоаппараттарын оңтайлай ұстап, суретке түсіруге өзірленді. Осы кезде машинаның есігі ашылып, тысқа алдымен Серкеш шықты. Көпшілік оны қуана айқайласып қарсы алды. Өйткені космонавт сол екен деп ойлап қалып еді. Серкеш қысыла күлімсереді. Фототілшілер сыртылдатып суретке түсіре бастады. Серкештен соң машинадан Жыпық түсті. Оны да көпшілік айқайлап, қол шапалақтап қарсы алды. Үшінші болып Алаяқ түсті. Бұл жолы айқайлаған үндер саябырсып қалды, өйткені көпшілік бұлардың қайсысы шын космонавт екенін білмей, дағдарысып қалғанды.

Ақыры, Ай ергежейлілері мұздай темір құрсанып, сауыт киген баяғының батырын, немесе арнайы киім киіп су астына түсуге өзірленген сүңгуіршіні еске

түсіретіндей ғажайып біреудің машинадан шығып келе жатқанын көрді. Нағыз космос саяхатшысы осы екенін бәрі бірден түсінді. Көпшілік қуана айқайлап, шу ете қалды. Дымбілмеске қолдарын бұлғай бастады. Бас киімдерін аспанға атты. Әйелдердің бірі оған гүл шоғын лақтырды. Айналада тыным таппай жүгіріп жүрген суретшілер фотоаппараттарын манағыдан да жиі сырттылдаты. Телестудия қызметкерлерінің бірі Дымбілместің алдына жетіп келіп, микрофонды аузына төндіре:

– Біздің көрермендерге арнап бірнеше сөз айтуыңызды өтінемін, – деді. – Космос саяхаты қалай өтті? Сапардан кейін өзіңізді қалай сезінудесіз? Біздің қала ұнады ма?

Дымбілместің қасында тұрған Жыпық телестудия қызметкерлерін бір шетке ығыстырды да, қолындағы микрофонды алып:

– Қымбатты телекөрермендер! Бикештер мен мырзалар! – деді. – Планетамызға келген космос саяхатшысы өзінің көріп-білгендері, сезім-күйі жайында келесі телехабар кезінде өңгімелеп береді. Ал өзірше ол космос сапары кезінде қатты шаршағандықтан, демалуға барынша ділгір. Космонавты біздің жерімізге түсіп келе жатқанында Жыланды көшесі, 33 үйдегі әр түрлі калибрлі бұйымдар дүкенінің иесі Алаяқ мырза екеуіміз жұрттың бәрінен бұрын көрдік. Біз Алаяқ мырза екеуіміз қала сыртындағы менің имениемнен¹ машинамен қайтып келе жатқан болатынбыз. Космонавт мырза аспаннан арқасындағы мынау өздеріңіз көріп тұрған қанат сияқты шағын парашюттің көмегімен түсіп келе жатыр екен. Жыпық Дымбілместің арқасындағы капюшон-парашютты қолымен нұсқап көрсетіп қойды. Сонан соң сөзін қайта сабақтады: – Біз Алаяқ мырза екеуіміз космостан келген құрметті саяхатшыға қонақжайлылық және көмек көрсетіп, тамағы мен дәрігерлік қызметіне дейін жұмсайтын барлық шығынды мойнымызға алатын болып ұсыныс жасадық. Бізбен бірге Серкеш мырза да болатын. Телевизор көруші мырзалар, Серкеш мырзамен таныстыруыма рұқсат етіңіздер. Қалған өңгіме келесі ха-

¹ И м е н и е – помещиктің меншікті жері.

барда егжей-тегжейлі айтылатын болады. Құрмет көрсеткендеріңізге рахмет!

Жиналған топтың әп-сәтте көбейіп бара жатқанын байқаған Жыпық Алаяқ пен Серкешке көз қысып қойды да, Дымбілместі қонақ үйге кіретін есікке қарай сүйрей жөнелді. Есік алдына үймелеген Ай тұрғындары «ура-лап», қол шапалақтап, Дымбілместі жылы шыраймен қарсы алды. Барлығы оған қолдарын созып, скафандрын сипап көруге құштар. Дымбілместің артында келе жатқан ұзын бойлы полицей космонавтың киімін ұстап көруге ұмтылған ергежейлілерді аямастын сарт еткізіп, резіңке шоқпармен қолға ұрады.

Ақыры, Дымбілмес пен серіктері қалың топтан сытылып шығып, қонақ үйдің алдыңғы кішкене бөлмесіне кірген. Мұнда бірінші көзге түскен – дөңгелектері бар, оператор басқарып, өзі жүретін аса үлкен телевизия камерасы еді. Телекамераның қап-қара резіңке түтікпен қапталған жуан электр сымы еденді бойлай, дәліздің түкпіріне қарай шұбатылып жатыр. Біздің жолаушыларға қарсы үстінде қонымды тігілген көк костюмі бар, мойнына ақ галстук таққан дөп-дөңгелек, толық ергежейлі жүгіріп келе жатты.

Бұл – қонақ үйдің иесі Көзітоймас мырза еді. Ол келгендерге ілтипатпен иіліп, қолдарын қысты да, арнайы дайындалған бөлмені көрсету үшін ұзын дәлізбен бастай жөнелді. Телевизия камерасы дөп-дөңгелек өйнек көзін саяхатшыларға бағыттай отырып, алға түсіп жылжыды да отырды, осыдан-ақ Айдағы телевизор көрушілер экраннан Дымбілместің қонақ үйге келгендегісін ғана емес, өзіне арналған бөлмеге қалай орналасқанын да тамашалай алғаны анық.

Көзітоймас мырза дәліздің ең түпкіріндегі айқара ашылған есіктің алдына келіп тоқтап, Дымбілмеске тағы да иіліп, ілтипат көрсетіп:

– Хош келіпсіз, міне, сізге арналған бөлмеміз, – деді. – Түп-тура алдыңызда – үлкен қабылдау бөлмесі, сол жақтағы – ас үй мен кіші қабылдау бөлмесі, оң қолда қонақ күтіп алатын бөлме мен кабинет, оның ар жағында – ұйықтайтын және жуынатын бөлмелер. Сіз мұнда жақсылап жайғаса аларсыз деп үміттенемін...

Қабылдау бөлмесіне кірген Дымбілмес өзін қонақ үйде емес, телестудия ательесінде тұрғандай сезінген еді. Бөлме ортасында дөңгелек аяқты жылжымалы тағы бір телекамера тұр, төрт бұрышқа бастары қазандай, денелері жіп-жіңішке, ғажайып мақұлықтарға ұқсайтын төрт прожектор қойылыпты, олардың көз қаратпайтын сәулесі айналаны тегіс жарқыратып жіберген. Жуан электр сымдары бөлме ішінде ашты ішектей шұбатылып жатыр. Трансформаторлар, жалтыраған кара бояумен боялған тор көзді темір жәшіктер түріндегі реостаттар¹ еденге қойылыпты.

Осы саймандардың төңірегінде телестудия мен киностудия қызметкерлері әбігерленіп жүр. Олардың бірі қолындағы микрофонды жартылай бүгілген саусағымен тырс-тырс соғып:

– Бір, екі, үш, төрт! Бір, екі, үш, төрт! Қалай естіледі? Қалай естіледі? – деп мұрнынан сөйлеп кетті.

Дымбілмес кіріп келгенде ол микрофонды тырсылдатуын қойды да, салтанатты үнмен сөйлеп кетті:

– Міне, өзі де келіп қалды, құрметті телекөрермендер! Көріп тұрсыздар, оның үстінде металдан және біздің планетамызда кездеспейтін пластикалық материалдан жасалған космос скафандры бар. Басына кигені бет жағы өйнектен жасалған металл шлем, ол айналаны анық көруге мүмкіндік береді. Өздеріңіз байқап тұрсыздар, космостан келген мырзаның жанында бірнеше ергежейлі еріп жүр, солардың ішінен сіздер қазір қонақ үйдің иесі, бәріміз сыйлап құрметтейтін аса сүйкімді Көзітоймас мырзаны өте анық көріп тұрсыздар. Көзітоймас мырзаның қонақ үйі – бірінші класты мекеме. Мұнда барлық жағдай жасалған: бірінші класты бөлмелері, бірінші класты фонтаны, бірінші класты ретораны, бірінші класты жүзу бассейні, бірінші класты би алаңы бар. Түні бойы бірінші класты оркестр ойнайды. Мұнда сіздер тамаша демалып, тамаша тамақтанып, тамаша ергежейлілердің ортасында уақытыңызды тамаша өткізе аласыз. Бағасы әр түрлі бірінші класты бөлмелер жалға беріледі...

¹ Р е о с т а т - ток күшін есептейтін аспап.

Телестудия қызметкері Көзітоймас мырзаның қонақ үйін аузынан суы құри мақтап жатқанда, Дымбілместің жанына қайдан шыққаны белгісіз, қолында шағын ғана былғары саквояжы бар ақ халатты ергежейлі келді.

– Мені дәрігер Шприц деп атайды, – деді ол. – Космо-стан келген қымбатты қонаққа дәрігерлік көмек қажет болар деп ойлаймын, мен ондай көмекті қолма-қол және ешқандай ақысыз көрсетуге өзірмін. Дәл осы қазір-ақ үстірт болса да дәрігерлік байқаудан өткізу өте дұрыс болар еді. Сондықтан әуелі жүрегіңіздің қызметін зерттеп көрейік.

Дәрігер Шприц қалтасынан қап-қара ағаш түтікті суырып алды да, Дымбілместің кеудесіне қойып, екінші басын құлағына тосып, тыңдай бастады.

– Жүректің жұмысы скафандрдың сыртынан да тамаша естіліп тұр, – деді ол. – Жүрек соғысы сәл жиілеу, бұл – кездесу кезінде болатын толқу сезімінің, космонавтқа қала жұртшылығы көрсеткен құрметтің әсері болар деп ойлаймын.

Дәрігер Шприц сөйлеп жүріп, телестудия қызметкерлерінің қолындағы микрофонды жұлып алды да, Дымбілместің кеудесіне басып тұрған ағаш түтікшенің екінші шетіне тигізіп ұстады.

– Құрметті көрермендер! – деді ол. – Бикештер мен мырзалар! Сөйлеп тұрған дәрігер Шприц. Сіздер: «дүрс-дүрс-дүрс» еткен баяу дыбысты естіп тұрсыздар. Бұл – біздің планетамызға келген космонавтың жүрегінің дүрсілі. Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Сөйлеп тұрған дәрігер Шприц. Менің адресім: Обажайлаған көшесі, он бесінші үй. Ауруларды күн сайын таңғы сағат тоғыздан кешкі алтыға дейін қабылдаймын. Үйде де емдеймін. Телефонмен шақыруларыңызға болады. Түнде келіп көрінушілер ақыны екі есе артығымен төлейді. Космос саяхатшысының жүрегінің дүрсілін анық естіп тұрсыздар ма...

Бұл екі арада бөлме ішіне әр түрлі газет-журналдардың ер-әйелі аралас тілшілері қаптай бастады. Олар Жыпық, Алаяқ пен Серкешті қоршап алып, сұрақты қарша боратты. Әңгіме тек әр түрлі калибрлі бұйымдар жөнінде болғанда сайрап қоя беретін Алаяқ қазір үнде-

мей тұр. Серкештің де сөйлеуге құлқы жоқ. Сондықтан барлық сұрақтарға жауапты Жыпық беріп тұр. Шынын айту керек, оның қайтарған жауаптары орнықты, тапқыр. Мүмкін болған жағдайда ол қойылған сұраққа дәл жауап берсе, таппаған кезде екі ұшты жауап қайыра салады, әйтеуір «білмеймін» деген емес. Мәселен, бір тілшінің: «космонавт бұл қалада қанша болады?» – деген сұрағына Жыпық:

– Қанша уақыт қажет болса, сонша болады, – деп жауап қайырды. «Космонавт өзге қалаларды аралай ма?!» деген сұраққа.

– Егер көңілі соқса – аралайды, – деді.

– Ал, космонавтың бұл қаладан өлдеқандай бұйымдар сатып алатын ойы жоқ па екен? – дегенге:

– Мұның өзі оған қандай бұйымдарды ұсына алатынымызға байланысты, – деп жауап қайырды.

Сұрақ қоюшылардың көптігінен Жыпық пақырдың төзімі таусылуға жақындап, аузынан дөрекі сөздер шығып кетуге шақ қалып тұрған.

Осы кезде сұрақты «Үй иттерін және сәндік иттерді өсіру» журналынан келген тілші әйел қоя бастады.

– Мен «Үй иттерін және сәндік иттерді өсіру» журналының тілшісімін, – деді ол маңыздана сөйлеп. – Сізден біздің журналды оқитын ергежейлі әйелдерді сөзсіз қызықтыратын, мынадай сұраққа жауап беруді өтінемін: «біздің құрметті космос саяхатшысы ұшып келген планетада үй иттерін және сәндік иттерді ұстай ма екен?»

– Күмәнданбауыңызға болады, ұстайды, – деді Жыпық.

– Онда сәндік иттердің қай тұқымы кеңірек таралған?

– Әр түрлі тұқымдары, мадам.

– Қай тұқымы артық бағаланады?

– Ең жақсылары және оншалықты қабаған емес-тері, – деп жауап берді Жыпық жымыған болып күлімсіреп.

Қабылдау бөлмесіне осы кезде жарнама фирмасының өкілі келіп жеткен-ді. Бұл әйелдің үстінде – ашық жасыл түсті тар көйлегі, басында – дәл осындай ашық жасыл түсті сәнді тақиясы бар екен, тақияның астынан ұзын шаштары дудырай шығып тұр. Шамасы, көшедегі

қалың топты киіп-жарып өткенше шашының сөні едәуір бұзылса керек. Жүзінен қаталдық, батылдық байқалады, үшкілдеу тік мұрны қызарыңқырап кетіпті, кішкене сұрғылт көздерінен бірбеткейлік білінеді. Қолында жұқа тақтайдан жасалып, таяққа орнатылған бірнеше плакат, иығында асып алынған, былғарымен тысталған шағын фотоаппараты бар. Ол Дымбілместің қасына жүгіріп келді де, қолындағы:

Тағаттары қалмай тәтті дегенде,
Ергежейлілер күртса ақшасын егер де,
Өкінбейді – «Арай» фабрикасының
Тоқаштарын жегенде, –

деген жазуы бар плакатты ұстата салды. Сонан соң екі-үш адым артқа шегінді де, плакат ұстаған Дымбілместі сырт еткізіп суретке түсірді. Мұны көрген Жыпық ашудан жарыла жаздады. Ол Дымбілместің жанына жүгіріп келді де, қолындағы плакатты жұлып алып, еденге лақтырып жіберді. Сонан соң жарнама фирмасының өкілін теуіп қалды. Өкіл әйел де қарап тұрмады, қарымта қайырды, ол аз болғандай плакатпен басына салып қалып оған қоса пенжагінің жеңіне түкіріп жіберді.

Осындай күшті тойтарыс алған Жыпық терісіне сыймай, ызадан қалшылдап кетті.

– Тайып тұрыңыз! – деп айқайлады ол өзін-өзі ұстай алмай. – Мына әйелді алып кетіңіздер, әйтпесе қатты кетсем жауап бермеймін. Бәріңіз кетіңіздер! Телевизия хабарын дереу тоқтатыңыздар! Сендер әуелі бізбен шарт жасасып, ақша төлеуге тиіссіндер. Біз сендерге космонавты тегіннен-тегін көрсете алмаймыз!

Бірақ көпшіліктің тапжылмай тұрғанын көрген Жыпық қонақ үйдің иесіне тап берді:

– Көзітоймас мырза, бұл онбағандық! Мына жұртты осында кіргізуге кім рұқсат берді? Біз сіздің қонақ үйіңізден қазір кетеміз!

– Мырзалар, бөлмеден шығуларыңызды сұраймын! – деп айқайлады мына сөзден қорқып кеткен Көзітоймас. → Мырзалар, бөлмені тез босатуларыңызды өтінемін! Сіздер үшін қонақтарымынан айрылғым келмейді. Қабылдау осымен аяқталды!

Сөзін тыңдаған пенде жоғын көрген Көзітоймас есік алдында тұрған полицейлерге көзін қысып қалып еді, олар шоқпарларымен іске кірісіп кетті.

Телекөрермендер бейшара тілшілердің электр шоқпардың соққысынан қашып, бөлмеден қалай ытқып шығып жатқандарын біраз тамашалады. Телестудия қызметкерлері бұл кезде трансформаторларды, реостаттарды, прожекторларды, басқа да аппараттарды далаға шығарып үлгерді. Телекамерасының үстіне атша мініп алған телеоператор бөлмеден жұрттың соңынан шықты.

Осымен телевизия хабары аяқталды.

Он үшінші тарау

АЛЫП ӨСІМДІКТЕР ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Келесі күні таңертең газеттердің барлығында ай қаласы Давилонға космос саяхатшысы келгені жөнінде хабар жарияланды. Скафандр киген Дымбілместің суреті газеттердің ең көрнекті жерлеріне басылыпты. Оларда Дымбілместің машинадан шығып келе жатқандығы, машинаның жанында, қонақ үйінің ішінде тұрған сәттері бейнеленген еді.

Әсіресе Дымбілместің ай тұрғындары «Арай» конфет фабрикасы өзірлеген тәтті тоқаштарды сатып алуға шақырған плакатты қолына ұстап түскен суреті көпшіліктің назарын қатты аударды. Бұл күні қаланың тәтті тағам дүкендері бұрын бір айда да сатып тауыса алмайтын тоқаштарын саудалады. Көптен бері өтпей жатқан тоқашты тік көтеріп талап әкетті. Ергежейлілердің барлығы тәтті тоқаш жегісі келетініне сенімді болған кәмпит фабрикасының директоры оны шығаруды еселеп арттырды да, шаш етекпен пайдаға кенелді.

Газеттерде Дымбілместің денсаулығын тексеріп жатқан дәрігер Шприцтің де суреті басылған-ды. Суреттің астына оның есімі ғана емес, адресі де жазылыпты. Осы-

нын нәтижесінде аяқтарын басуға шамасы келетін аурулардың барлығы дәрігер Шприцтің үйіне қарай ағылды, ал жүруге жарамағандары оған телефон соғумен болды. Аурулардың барлығы тек қана дәрігер Шприцке көрініп, емделгісі келді. Оның ауласынан басталатын кезек күтушілер тізбегі Обажайлаған көшесін түгел алып кетті. Дәрігер Шприц қаралуға келгендердің ешқайсысының меселін қайтарған жоқ, бірақ дәрігерлік көмек көрсеткені үшін ақыны қолма-қол өсіріп жіберді. Сөйтін ақша оның қалтасына судай ағып құйылып жатты.

Ай тұрғындарының әдет-ғұрыптары қызық екен! Ай ергежейлісі газеттерге хабарландыру бермейтін фабрика шығарған кәмпитті, тәтті тоқашты, нан мен шұжықты, балмұздақты татып та алмайды, сондай-ақ бас қатырып өзіне әлдеқандай көңіл аударатын жарнама ойлап таба алмаған дәрігерге де емделуге бармайды. Ай тұрғыны әдетте өзі газеттен оқыған нәрсені ғана сатып алады, егер ол әлдеқалай қабырғаға жапсырылған, бір зат туралы тігісін жатқыза, майын тамыза мақтаған жарнама оқыса, өзіне мүлде қажеті жоқ болса да саудаласуы мүмкін.

Бұл күндері Давилон қаласы тыныштығы бұзылған араның ұясындай гуілдеумен болды. Әр тұрғын таңертең ояна салып, Дымбілмес туралы не хабар басылғанын білу үшін газетке үнілетін. Көпшілігі космос кеңістігінен келген ергежейліні сыртынан болса да көріп қалу үмітімен, күні бойы «Меруерт» қонақ үйінің маңын торида. Өзге қаладан келгендер «Меруерт» қонақ үйінен басқа жерге түскісі келмейді, олар да космонавтпен кездесіп, оны жақын жерден көріп қалармыз деп үміттенеді. Көзітоймас мырзаның табыстары екі есе өсіп шыға келді, жеке бөлмелер үшін төленетін ақыны көбейтіп жіберді, қонақ үйден орын алғысы келетіндердің саны сонда да еш кемімеді.

Бұл жағдайды Жыпық пен Алаяқ та пайдаланып қалды; Көзітоймас мырзаны Дымбілместі басқа қонақ үйіне ауыстырамыз деп коркытты, сондықтан Көзітоймас оларға қонақ үйде ешқандай ақы-пұлсыз тұра беруге рұқсат етті.

Көптеген ай тұрғындары Дымбілмес туралы хабарды

көре алмай қалармыз деп танның атысы, күннің батысы телевизордың алдынан шықпайтын болды. Көпке дейін күткен хабардың болмауы оларды қатты таңырқатты. Жыпық пен Алаяқ Дымбілместі телевизор арқылы бостан-босқа көрсеткісі келмеді, ал телестудия иесі ақы төлеуден бас тартпағанмен, ұсынған ақшасы еріксіз күлкі келтіретіндей мардымсыз еді. Жыпық бұған қатты ыза болды. Ол: студияның иесі біздерді, шамасы, жары-местер деп ойлайтын болса керек, жоқ, біз ақымақ емеспіз және оның ұсынған мардымсыз ақшасына космостан келген қонақ тұрмақ, қарапайым қанден итті көрсетуге де келіспес едік деп жауап қайтарды.

Ақыры бұл іс былай тынды: шыдамы таусылған көрермендер телестудияның иесіне телефон соғып, телевизорды пайдаланғанымыз үшін ақы төлеуді тоқтатамыз деп мәлімдеді. Бұл қоқан-лоқы телестудия иесіне бірден әсер етті де, ол Жыпықтың ұсынған шарттарымен келісуге мәжбүр болды.

Келіссөздер сәтті аяқталуы нәтижесінде космос конференциясы атты телевизиялық хабар ұйымдастырылды. Бұл конференцияға газет-журналдардың өкілдері, сондай-ақ толып жатқан ғалымдар: математиктер, физиктер, химиктер, астрономдар, ай тану ғылымының өкілдері қатысты. Олардың бәрі телевизия студиясының үлкен залына жиналды да, биіктеу жерге стол қойылып, Дымбілмес, Жыпық, Серкеш және Алаяқ сол жерден орын алды.

Конференцияда алғаш сөз берілген Дымбілмес жиналған көпшілікке өздері ұшып келген ракета, оның құрылысы, қалай басқарылатыны жайында білгенінің бәрін өңгімелеп берді, содан соң ғалымдар мен журналистер сұрақ қойды.

Журналистердің сұрақтары негізінен Дымбілместің ракетада болған кезінде не ішіп-жегені, қандай түстер көргені, Давилон қаласының тұрғындары оған қандай әсер қалдырғаны жөнінде болды. Ғалымдардың қойған сұрақтары өзгешелеу еді, олар космос саяхаты кезінде Дымбілместің не көргенін, Ай бетінен не аңғарғанын, Үлкен Жер планетасының қандай екенін айтып беруді өтінді.

Ай астрономдары өз планеталарын Кіші жер, немесе жай гана Жер деп, одан ажырату үшін біздің планетамызды Үлкен Жер дейді екен. Оларды Үлкен Жерді қоршаған қатты қабыршақ бар ма деген сұрақ қатты қызықтыратын болып шықты. Дімбілмес біздің Жердің айналасында ешқандай қатты қабыршақ жоқ, жер тұрғындары, былайша айтқанда, ашық космоста өмір сүреді дегенді айтқанда Ай астрономдарының танырқауында шек болмады.

Космос конференциясы едәуір кеш аяқталды. Ертеңінде Дымбілместің екі ғалыммен өңгімесі жеңе хабар түрінде берілді. Ғалымдардың бірі астроном Альфа, екіншісі ай тану ғылымының өкілі – Мемега болатын. Альфа мен Мемега Дымбілместен Жерден қарағанда түнгі аспан қалай көрінетінін, қандай жұлдыздарды, топ жұлдыздарды және планеталарды байқауға болатынын, Күн мен Айдың түр-түсін егжей-тегжейлі сұрады.

Дымбілместің жауаптарын тындап болған соң, Альфа мен Мемега телекөрермендерге арнап сөз сөйлеп, оның айтқан мәліметтерінің ай астрономиясына және жалпы ғылымға тигізетін пайдасы зор болмақ деп мәлімдеді.

Дымбілмес өз кезегінде Альфа мен Мемегаға ай ғалымдары Үлкен Жер мен өзге планеталарды, сондай-ақ Күн мен жұлдыздарды ешқашан көрмегеніне қарбамастан, қайдан біледі деген сұрақ қойды.

Бұл сұраққа Альфа: Күн де, Үлкен Жер де бұл арадан байқалмағанмен, олардың бар екені жөнінде әртүрлі құбылыстарды бақылау арқылы болжам жасауға болады деп жауап берді. Кіші Жердегі теңіз суларының тасуы мен қайтуы, сөз жоқ, Ай бетінен белгілі бір қашықтықта ірі денелердің барлығын дәлелдейді. Теңіз суын Күн де, сондай-ақ, Үлкен Жер де өзіне тартады, судың көтерілу деңгейіне қарап Күн мен Үлкен Жердің көлемін, тіпті оларға дейінгі ара қашықтықты да есептеп шығуға болады. Мұның сыртында аса сезгіш құралдар бар, олар Меркурий, Шолпан, Марс, айталық, Сатурн сияқты алыс планеталардың тартылыс күшін анықтайды, ал бұл – әлгі планеталар аспан кеңістігінің қай

тұсында орналасқанын едәуір дәл анықтауға мүмкіндік береді. Әңгіме мұнымен де бітпейді, өрине, астрономдардың қолындағы Айдың сыртқы қабығы кедергі бола алмайтын радиотелескоптар, гравитоноскоптар мен нейтриновизорлар Күн мен планеталардан ғана емес, тіпті алыстағы жұлдыздардан да сигналдар қабылдай алады, ал бұл Ай астрономдарына жұлдызды аспанның едәуір егжей-тегжейлі және дәл картасын жасауға мүмкіндік береді.

Дымбілместі Айда, немесе, дәлірек айтқанда, Кіші Жерде күн мен түннің ауысуы неліктен болатыны да қызықтырған. Айдың сыртқы қабығы Күн сәулесі түсуіне кедергі жасайды, ендеше Кіші Жерде әрқашан қараңғы болып тұруға тиіс қой. Ай тану ғылымымен айналысушы Мемеге Дымбілмеске мұны былай түсіндірді: Күн көзге көрінетін сәулелермен бірге жолында кездескен кедергілерден өтіп кету қасиеті күшті көптеген көзге көрінбейтін сәулелер де шығарады. Ал бұл көзге көрінбейтін сәулелер Ай қабығынан көктей өтіп, оның ішкі қабатының сәулеленуіне, немесе жарық және жылу беретін, тіршілікке қажетті сәуле шығаруына мүмкіндік жасайды. Айдың сыртқы қабығының Күнге қараған жартысы ғана осындай сәуле шығара алатыны айтпаса да түсінікті. Сондықтан әдетте Кіші Жердің бір жартысында жарық болғанда, екінші жартысында қараңғы, басқаша айтсақ, түн болып тұрады. Кіші Жер өз қабығының ішінде шыр көбелек айналып тұрғандықтан, күн мен түн өне бойы кезек-кезек ауысып отырады.

– Әрине, Ай қабығының ішкі қабаты күннің өсерімен сәуле бөліп шығара алатыны – ай тұрғындарының бақыты. Егер олай болмаса Кіші Жерді мәңгі бақи көзге түртсе көрінбейтін қараңғылық тұмшалап тұрар еді де, ергежейлілердің мұнда өмір сүруі мүмкін болмай қалар еді, – деді Мемеге.

Әңгіме соңында Дымбілмес ай астрономдары, немесе ай тану ғылымымен айналысатындар неге осы уақытқа дейін Айдың сыртқы қабығына ұшып жете алатын құрал жасап шығармаған деп сұрады. Бұл сұраққа Мемеге ондай құралды жасаудың тым қымбатқа түсетінін, ал ай ғалымдарында ондай ақша жоқ екенін айтты. Ақша тек

байлардың қолында ғана бар, бірақ олардың бірде-бірі өзіне үлкен пайда түсетініне көзі жетпесе, қаржы шығаруға аттап баспайды.

– Ай байларының жұлдыздарда шаруасы жоқ, – деді Альфа. – Олар шошқа сияқты, бастарын көтеріп ешқашан жоғары қарамайды. Оларды бір-ақ нәрсе қызықтырады, ол – ақша.

– Иә, иә! – деп қолдады оны Мемега. – Байлар: «Жұлдыздар – ақша емес, оларды қалтаңа сала алмайсың немесе олардан ботқа да пісіре алмайсың» дегенді қайталауды жақсы көреді. Көрдіңіз бе, қандай нағандық! Олар үшін ішіп-жеуге, немесе қалтаға салуға болатын нәрсе ғана бағалы. Жарайды, олар жайында енді сөз етпей-ақ қоялық!

Бұл кеңесу, жоғарыда айтқанымыздай, теледидар арқылы толық көрсетілді. Телекөрермендер космостан келушіні тамашалап қана қоймай, көптеген әңгімелерге де қанып, қатты риза болысты.

Жыпық, Алаяқ телевизия студиясынан тысқары киностудиямен де космонавтың келуі жайлы фильм түсіру жөнінде шарт жасасқанды. Дымбілместің үстіне скафандрын қайта кигізіп, шағын вертолетпен биікке көтерілді де, төмен қарай тастап жіберді. Кинооператорлар оның парашютпен құлдилап келе жатқан сәтін түсіріп алды. Содан соң құлап түскен Дымбілместің қасына Жыпық пен Алаяқтың жүгіріп келгені, оған тұруға көмектескендері, Дымбілместі машинаға отырғызып, қонақ үйге алып кеткені пленкаға тартылды. Дымбілместің қонақ үйге келуі, Давилон тұрғындары оны қалайша қарсы алғаны, дәрігер Шприцтің денсаулығын тексеріп жатқаны киноға бұрын түсірілген болатын. Ендігі қалған жұмыс – Дымбілместің скафандрын шешіп, ай көрермендері алдында әдеттегі киімімен тұрғанын түсіру ғана еді.

Ақырында толық кинофильм әзір болды. Ол көптеген кинотеатрларда қойылды, сондай-ақ телевизия арқылы да көпшілікке көрсетілді.

Сол күндері газеттерде Үлкен Жерде өсетін алып овощтар, жеміс-жидек, бүлдіргендер жайында әңгімелер жариялана бастады. Олар әдетте күлкілі суреттермен

қоса берілетін: суреттердің бірінде жерден аса үлкен шо-мырды, қызылшаны немесе сәбізді қазып алып жатқан ергежейлілер бейнеленсе, екіншілерінде үлкендігі ергежейлілердің өздеріндей қиярлар өсіп тұрған жүйек-тер, ал үшіншілерінде биіктігі екі қабат үйдей қауындар, асқабақтар немесе қарбыздар бейнеленетін. Суреттердің бірінде жеміс жинау кезі бейнеленіп, әрбір өрік, шабда-лы, қара өрік, шарап жемісі жүк таситын машинаға өрен сиятындай етіп салыныпты. Осындай әңгімелермен және суреттермен газет оқушыларын таң қалдырған Жыпық пен Алаяқ Ай бетінде қалған планетааралық кеменің ішінде дәу өсімдіктердің тұқымдары мол екені, егер оларды алып келуге мүмкіндік туса, мұның пайдасы зор болатыны жайында хабар жариялады. Айдың сыртқы қабығына жетіп, дәу өсімдіктердің тұқымын Кіші Жерге жеткізе алатын ұшу құралын жасауды мақсат ететін акционерлік¹ қоғам құрылғаны жөніндегі хабар қоса ба-сылды. Ол жарнаманың соңында акциялар сатып алуға болатын жердің адресі: «Фертинг көшесі, № 3 үй, № 373 кеңсе», – деп көрсетілді.

Фертинг көшесінің неліктен олай аталғанын қазір дәл басып айту қиын, әрине. Давилон қаласының кейбір тұрғындары бір кездері осы көшеде Фертинг атты ергежейлі тұрған, көше соның есімімен аталса керек де-ген болжам айтады. Енді біреулері көшенің бұлай аталу себебін осы тұста фертингтері, немесе, басқаша айтсақ, ақшасы көп ергежейлілердің тұрғанымен байланыстыра-ды. Рас, Айға Дымбілмес келген кезде байлар Фертинг көшесінде тұрмайтын еді, олар бұл уақытта қаланың не-ғұрлым жарық, таза аудандарына көшіп кеткен-ді. Фер-тинг көшесінде үлкен үйлер салынып, олардың бөлмелері әр түрлі жұмыс кеңселеріне жалға берілетін болған. Кеңсе иелерінің бар қызметі – ергежейлілердің қалтасындағы фертингтерді өз қалтасына ауыстырып салу болып табылатын. Бұларды іскер ергежейлілер дейтін. Барлық кеңселердің ортақ мақсаты – көбірек фертинг тауып, пайда түсіру болғандықтан, көшенің аты өзіне соншалықты жарасатын-ды.

¹ А к ц и о н е р л і к - ортақ пайда табу қоғамы.

Жыпық пен Алаяқ жалдап алған кеңсе екі бөлмеде тұратын және он сегіз қабат биік үйдің үшінші қабатында болатын. Алдыңғы бөлмеге беті жалтыраған үлкен жазу столы, бірнеше жұмсақ, былғары креслолар және дәл осындай жұмсақ диван қойылып, диванның жоғарғы жағына алтындалған рамалы, түрлі-түсті бояумен салынған түсініксіз әлеміш сурет ілініпті. Бөлменің бұрышында ішіне Дымбілместің скафандры ілінген есігі әйнектелген шкаф тұр. Кеңсеге келген әр ергежейлі еш нәрседен именбей, шкафқа жақын келіп, теңдесі жоқ космос саяхатының куәсі болған скафандрды тамашалап көре алатын еді.

Екінші бөлме – біріншіден едәуір кіші болатын. Онда отқа күймейтін бес үлкен сандық пен ақша салуға арналған, отқа күймейтін үлкен шкаф тұрған. Ол сандықтарда жалпы сомасы бес миллион фертингке тең қоғамның акциялары сақтаулы еді, демек, әр сандықтағы акция мөлшері – бір миллион фертингке тең болатын.

Акция қағаздары баспаханадан әкелініп, сандықтарға салынған соң, Жыпық пен Алаяқ акционерлік қоғамның алғашқы мәжілісін өткізді. Осы мәжілісте Жыпық екі миллион акцияны ғана сатып, қалған үш миллионды өзара бөліп алуды ұсынды. Сонда олардың әрқайсысына бір миллион акция тиеді. Алып өсімдіктердің тұқымы әкелінген соң түп-тура беске бөлінеді. Екі бөлігін акцияларды сатып алған ергежейлілерге беруге тура келеді, қалған үшеуін Дымбілмес, Жыпық пен Алаяқ өздеріне алады.

– Бізге ол тұқымдардың қажеті қанша? – деп сұрады Дымбілмес.

– Сатамыз, – деді Жыпық. – Бұл істен біз де пайда табуға тиіспіз ғой. Саған да ақшаның зияны болмас.

Дымбілмес егер Ай ергежейлілеріне тұқымды жеткізіп бере алса және Ай бетінде қалған Томпиды құтқарса, өзінің соған толық риза болатынын айтты.

– Егер саған ақшаның қажеті жоқ болса, біз-ақ алайық, – деді Алаяқ.

Олар осылай шешті де, енді міндет бөлісуге кірісті. Барлығының ұсынысы бойынша Дымбілмес кассир, Жы-

пық – қазына ұстаушы, Алаяқ – төраға болып тағайындалды. Кассирдің міндеті – кеңседе отырып, акция сату; қазына ұстаушының жұмысы – түскен қаржыны сақтау, ал төрағаның қызметі – шұғыл мәселелерді шешу үшін акционерлік қоғамның мәжілістерін шақырып отыру.

Осы мәселе де реттелген кезде Дымбілмес Серкешті есіне алып, оған да бір қызмет ойлап тапқанымыз жөн болар еді деген пікір айтты. Жыпық Серкешті швейцар¹ етіп тағайындайық деп еді, бұған Алаяқ қарсы болды. Кеңседе швейцар ұстаудың қажеті жоқ, одан да Серкешті анда-мұнда жұмсап тұратын, қағаз тасушы етіп қабылдайық деді. Жыпық бұған келіспеді, біздің кеңсенің таситын көп қағазы жоқ, оның есесіне беделді көтеру, кеңсеміздің ешкімді алдағысы келмейтін маңызды мекеме екенін көрсету үшін швейцар керегірек деді ол. Алаяқ: «Қағаз тасушы да бедел үшін қажет, оның үстіне біреу болмаса біреу кеңсеге телефон соғып, акцияны үйге жеткізіп беруді сұрауы мүмкін, ал тіпті ешкім телефон соқпағанның өзінде Серкешті газетке, лимонадка немесе басқа бір нәрселер сатып әкелуге жұмсап тұруға болады», – деп қарсыласты.

Айтыс бірте-бірте қыза түсті. Алаяқ жұдырығымен столды тоқпақтап, мен төрағамын, ендеше менің пікіріммен санауласуларын қажет деді. Ал Жыпық өзінің қазына ұстаушы екенін және қажетсіз қызметке ақша төлей алмайтынын, егер оның бұл пікірімен санаспайтын болса, акционерлік қоғамнан шығып, акцияларын алып кететінін айтып айқайлады. Дымбілместің оларды тыныштандырғысы келген әрекетінен еш нәрсе шықпады. Акционерлік қоғам құрылмай жатып, құлауға айналды. Егер дау-дамайға Серкештің өзі келіп кіріспегенде, бұл айтыс-тартыстың немен тынары белгісіз еді.

– Бауырлар, – деді ол, – мен үшін ренжіспей-ақ қойыңыздар! Одан да былай болсын: мен хат тасушының да, швейцардың да міндетін қабат атқарайын.

Айтыс осымен басылды. Ұсынысқа барлығы тез келісті де, акционерлік қоғамның алғашқы мәжілісі жабық деп жарияланды.

¹ Швейцар - есік күзетуші.

Он төртінші тарау

АЛҒАШҚЫ ҚИЫНДЫҚТАР

Лазеттерде алып өсімдіктер акционерлік қоғамы құрылуы жөніндегі хабар жарияланған күні Давилон қаласында жұрттың назарын аударған оқиға болды, атап айтқанда, давилондық өнеркәсіп иелерінің аса ірі бірлестігінің банкі тоналды. Бұл оқиға таңертең, банк ашылған соң бірнеше минуттан кейін болған еді, ал жарты сағат өткенде ол жөнінде бүкіл қала тегіс құлақтанды. Банкті тонауға қырық шақты қарақшы қатысыпты, олар пистолет, винтовкалармен ғана емес, пулеметтермен, қол гранаталарымен де қаруланып, оқ өтпейтін машинамен келіпті деп гулесті жұрт. Банкті тонаушылар жанбайтын сандыққа тығылған кассирден басқа қызметкерлердің барлығын өлтіріп кетіпті деген қауесет тарады. Бандиттер мен полицейлер арасында атыс болып, бірнеше полицей оққа ұшыпты, бандиттер олардың біреуінің қателесіп өз басшысының құлағын атып жібергенін есептемесе, ешқандай шығынға ұшырамапты десті.

Бүкіл қалада бұл оқиға жөнінде естімеген үш-ақ ергежейлі бар еді. Олар: Дымбілмес, Жыпық, Серкеш болатын. Үшеуі таңертеңнен бері кеңседен шықпай, акция сатып алушыларды тосып отырған, бірақ неге екені белгісіз, акция алуға ешкім келмеді, сөйтіп олар сырттағы оқиғадан бейхабар болатын. Бірақ осы екі ортада кеңсеге Алаяқ жүгіріп келді де, таң қаларлық оқиға жөнінде асығып-аптығып әңгімелей бастады.

– Тонаушыларға тыйым болмай, бетімен кетті, – деді ол. – Байқамасақ, біздің кеңсені де үптеп кетуден тайынбас!

– Менің қаупім ол емес, – деді Жыпық. – Жұрттың бәрі ендігі жерде банктің тоналғанын ғана сөз етіп, біздің акционерлік қоғамымызды ұмытып кете ме деп қорқамын. Акция алу ешкімнің ойына келетін емес.

Жыпықтың күдігі орынды еді. Күні бойы кеңсе есігін тірі жан ашқан жоқ. Ертеңіне газеттердің барлығы

банктің тоналғаны жөнінде хабарлар басты. Газеттер банкті тонауға қырық, тіпті елу қаракшы қатысыпты деген қауесетті жоққа шығарды. Олар қаракшылардың саны небәрі екеу-ақ болғанын жазды. Тонаушылар банкке жай ғана көптің бірі болып кірген де, есікті жауып, пистолеттерін кезеніп, қызметкерлердің барлығын еденге етпеттерінен түсіріп жатқызған, содан соң кассирге отқа күймейтін кассаны аш деп бұйрық берген. Зөресі ұшқан кассир бұйрықты орындай салысымен, тонаушылар кассадағы барлық ақшаны түгел сыпырып, қолдарындағы чемоданға салып алған. Кассирді отқа күймейтін сандыққа отырғызып, егер ол шу шығыратын болса ит құсатып атып тастайтынын ескертіп, қаракшылар чемоданды ұстап, көшеге шығып кеткен.

Мұны өзгелермен бірге еденде жатқан, осында қызмет істейтін бір әйел байқапты. Төніп тұрған қауіптің жоқтығына көзі жеткен ол өзінің жұмыс столына қолын созып, тоққа қосылған дабыл кнопкасын басып қалады.

Бұл сигналды қарауыл бөлмесінде карта ойнап отырған полицейлер естиді де, ойынды қоя салып, далаға ата-ата шығып, екі тонаушының машинаға отырып, кетіп бара жатқандарын көреді. Полицейлер де қолма-қол машинамен әлгілердің ізіне түседі. Қуғыншылардың келіп қалғанын байқаған қаракшылардың бірі пистолетін суырып алып, полицей автомобилінің дөңгелегін көздеп ата бастайды. Ақыры, оқ тиіп, алдыңғы дөңгелектердің бірі жарылады. Автомобиль басқаруға көнбейді де зымыраған қалпынша шам ілінген бағанға соғылады. Нәтижесінде төрт полицейдің мұрындары жарақаттанып, бесіншісі машинадан көшеге ұшып түскенде жұлыны үзіліп өледі.

Бірақ қаракшыларға бәрібір жазадан құтылып кетудің сәті түспейді, өйткені полицейлер тола мінген екі машина оларды өкшелей қуып келе жатқан болатын. Атыс басталады. Мерген қаракшы бұл екі машинаны да істен шағарады. Осыдан соң полиция қаракшыларды пулеметпен қаруланған, оқ өтпейтін сауытпен қапталған бронды автомобильдермен қуады. Ақырында қашқындар қолға түседі, бірақ таң қаларлық жай, оларда ұрланған

акша болмай шығады. Машинаны қанша тінткенмені ақша салынған чемодан жер жұтқандай, немесе ауада буга айналып ұшып кеткендей із-түссіз жоғалады.

Полиция басқармасына жеткізілген тонаушылар ешқандай чемоданды көрген жоқпыз, ешбір банкті тонаған жоқпыз, тіпті ондай нәрсе мүлде ойымызға келген емес деп бетбақтырмады. Полиция комиссары Пышылдақтың ондай жағдайда полиция машинасына оқ боратуларына жол болсын деген сұрағына өздерін қуып келе жатқандарды полицейлер емес, қарақшылар екен деп ойлап қалғандарын айтып, жауап береді.

Полиция комиссары оларға: бұлай бұлтакқа салмаңдар, полицияны қарақшыдан айыру қиын емес деді. Пиотолеттен оқ боратқан ергежейлі бұған: осы күні полицейді қарақшыдан айыру қиын, өйткені олар көбінесе қарақшылардың сойылын соғып, солармен бірге қимылдайды, ал қарақшылар тонауға жеңіл болу үшін полицейлерше киініп алады, сондықтан адал көңіл ергежейліге қарақшы мен полицейдің ешқандай айырмасы жоқ деп жауап берді.

Полиция комиссары Пышылдақтың қолға түскендермен тағы не жөнінде сөйлескенін газеттер жазған жоқ. Банктен ұрланған ақшаның тым көп, үш жарым миллион фертинг екені жөнінде хабарлар басылды. Қарақшылармен қактығыс кезінде жеті полицейдің әр түрлі жаракат алғаны, ал Жылмақай атты бір полицей қарбалас кезінде шалбарын жыртып, каскасын жоғалтып алғаны айтылды.

Хабарлардың соңында барлық газеттер түгел дерлік өз оқушыларынан пікірлерін жазып жіберуді өтініпті. Полицияға жоғалған ақшаны табуға септігі тиетіндей мәлімет бергендерді жақсы сый-сыяпат күтіп тұрғанын айтыпты.

Газет оқушылар жауапты көп кешіктірген жоқ. Келесі күні-ақ газеттерде олардың өз ойларын ортаға салған көптеген хаттары жарық көрді. Міне, солардың бірі:

Тонаушылар өздерінің құтыла алмайтынына көздері жетісімен-ақ ақша салған чемоданды лақтырып жіберді деп ойлаймын. Полицияға қарақшылар жүріп өткен жердегі бар-

лық үйлердің аулаларын мұқият тінтіп шығуды ұсынамын. Осы айтылған жерлерден чемодан сөзсіз табылуға тиіс. Егер жоқ болып шықса, онда оны әлдекімнің тауып алғанына күмән жоқ, мұны ақымақ полицейлердің өздері де түсінулері керек еді.

Құрметпен, оқушыларыңыз Гопс.

Ал мынау екінші хат:

Қарақшылардың сыбайластары болуы мүмкін екенін ескеруді өтінемін. Мисыз полицейлер тілдерін салақтатып, олардың соңынан автомобильдерімен бүкіл қаланы аралап қуып жүргенде, сыбайластары ақшаны сенімді жерге жасырып үлгергені сөзсіз. Сол жерден іздендер ақшаны.

Ыстық сәлем жолдаушы оқушыларыңыз Шабдалы.

Ал мына хатта газет оқушылары кассирге күдік келтіреді:

Біздің ойымызша, ақшаны кассирдің өзі ұрлаған және із жасыру үшін бүкіл спектакльді ойлап тапқан. «Тонаушылар» банкке келмей тұрып кассаның ішінде ақша болмағаны сөзсіз. Олар ашық ауыз полицейлерді шатастырып, банктен бос чемоданмен шығып кеткен. Полицейлерді ашық ауыздығымен құттықтаймыз!

Оқушылар Қиқым мен Қалқанқұлақ.

Хаттар ергежейлі қыз-келіншектерден де келіп жатты: Ұрланған ақша Қисық көшесіндегі № 47 үйдің ауласында көмулі екенін асыға хабарлаймын. Тезірек тауып алуларыңызға, жеке өмірде бақытты болуларыңызға тілектеспін. Ынталы оқушыларыңыз және өздеріңізді құрметтеуші Кактус бикеш. Өзімнің машинкамен қағазды жақсы баса алатынымды, кулинарияны білетінімді және трубада ойнай алатынымды қоса хабарлаймын.

Газет оқушы Содыр өзінің хатында аса маңызды дерек келтіріпті: Топас полицейлер шын мәнінде ақшаны ұрлағандардың емес, басқалардың ізіне түсіп кеткен деп ойлаймын. Біздің айбынды полициямыз тағы бір күлкі болып, тақырға отырды. Өзіне де сол керек! Осы деректерді хабарлағаным үшін сый-сыяпаттарыңызды мына мекен-жайға салып жіберулеріңізді өтінемін: Атжалман төбесі, № 16 үй, 6-пәтер.

Содыр.

Тағы бір бағалы дерек: Ақша автомобильдің дөңгелектеріне жасырылған. Тез тексеріңіздер. Бұл – қарақшылардың қашаннан қолданатын әдісі.

Сіздерге шын көңілден жақсылық тілеуші Судыр.

Мынадай да хат болды:

Ақшаны полицейлердің өздері жымқырған. Бұған өшқандай күмәндарыңыз болмасын.

Оқушыларыңыз Сарданапал.

Полиция газет оқушылары хабарлаған деректерді негізінен өте маңызды деп тауып, қолма-қол бірқатар шаралар қабылдады. Біріншіден, банк кассирі ақша ұрлаған жоқпын деп ант-су ішкеніне қарамастан тұтқынға алынды, полиция комиссары Пышылдақ оның ақша табылғанша тұтқында ұсталатынын айтты. Екіншіден, тонаушылар жүріп кеткен жердегі барлық үйлердің аулалары мен бау-бақшасы тінтіліп, тексерілді, бірақ чемодан бәрібір табылмады. Үшіншіден, полицейлер Қисық көшесіндегі № 47 үйдің ауласын тегіс қазып, астаң-кестеңін шағарды. Нәтижесі төмендегідей болды: 1) чемодан табылмады, 2) қазылған жерден бір өлген мысық шықты; 3) астындағы топырақтың сусығанынан үйдің қабырғасы күлап түсті.

Ұрланған ақша шынында да машинаның дөңгелегіне жасырылған жоқ па дегенді полицейлер бірден-ақ тексеріп көргісі келгені айтпаса да түсінікті. Бірақ қарақшылардың машинасы ізінше жоқ болып кеткендіктен мұны тексерудің мүмкіндігі болмай қалды. Жоғалған машинаны жанталаса іздеу басталып, бұл іске Давилон қаласының барлық тұрғындары түгел дерлік ат салысты.

Көшеге машина келіп тоқтаса болды, кез келген ергежейлі жүгіріп келіп, оның дөңгелегін пышақпен жарып жібереді. Мұның тағы бір себебі – жоғалған машинаның маркасын ешкім анық білмейтінінде еді. Ақыр соңында дөңгелектер түгел жарылып, қалада машина жүрісі тоқтап қалды. Бұдан машина жанармайын өте көп сататын фирма зиян шекті.

Алайда, полицияның назарын бөрінен қатты аударған – ақшаны полицияның өзі алды деп жалпақ жұртқа жар

салған Сарданапал дегеннің хаты еді. Бұл мәлімдеме полиция комиссары Пышылдаққа өздерін қатты қорлау сияқты көрініп, Сарданапалды түрмеге отырғызбай тынбайтынын айтты.

Бұйрық беріп мекен-жайын анықтау кітабын алдырған Пышылдақ оны асығыс ақтарып шығып, Сарданапал атта ергежейліні таба алмай, дал болды.

– Мұның өзі – ойдан шығарылған жалған есім болып шықты, – деді Пышылдақ, – бірақ полиция бөрібір таппай қоймайды.

– Полицияға тіл тигізетін жолдаманы жариялаған газеттің редакторына келген Пышылдақ хаттың өзін көрсетуді талап етті, ондағы ойы – конвертке соғылған штемпель белгіден оның қай жерден жіберілгенін білу еді. Хат тез табылды, бірақ конвертке ешқандай белгі соғылмапты. Хат бөлімінің қызметкері бұл хаттың почтамен келмегенін есіне түсірді, оны бір бейтаныс ергежейлі қолымен әкеліп беріпті. Пышылдақтың: «Ал оның сырт келбеті қандай еді?» – деген сұрағына, хат бөлімінің қызметкері: «Басы қасқа болатын», – деп жауап берді.

– Ә, солай ма! – деп айқайлап жіберді Пышылдақ. – Басы қасқа болатын деңіз. Полицияға осы деректің өзі жеткілікті. Үш күн өтпей-ақ ол қасқа бас қолымызда болады!

Осыдан соң қасқа бастарды жаппай ұстау басталды. Көшеде мынадай жайды жиі байқауға болатын еді: полицей ешқандай кінәсі жоқ ергежейліге келеді де, қалпағын шешуді бұйырады, сонан соң шашынан ұстап, жұлқи бастайды. Егер ергежейлі шашының түбі ауырғанына шыдамай айқайласа, полицей оны қоя береді; егер ергежейлі үндеместен шыдай берсе, полицей оның басындағысы жасанды шаш болуы мүмкін деген күдікпен полиция бөліміне тергеуге жібереді.

Ол күндері полиция басқармасының жұмысы таңның атысынан түннің бір мезгіліне дейін созылып жүрді. Полиция комиссары Пышылдақ өзінің төрт көмекшісі – Дигл, Гигль, Ұйқыбас және Төбетпен бірге қаланың барлық аудандарынан жеткізілген қасқабастарды үздіксіз тергеуге алумен болды. Егер қасқабас ергежейлі е...

қайнап банкті тонау кезінде өзінің қайда болғанын анықтап айта алмаса, қолма-қол түрмеге камалады. Қасқабастарға әуелгі тағылған кінә – банкті тонау емес, олардың ішінен біреуі полицияға тіл тигізетін хат жазғаны екенін еске алсақ, полицияның бұл ісінің қисынсыздығы бірден-ақ көзге түседі.

Бұл күндері ірі-ірі бірнеше сот істері қаралды.

Бірінші сот ісін қозғаушы – Қисық көшесіндегі № 47 үйдің иесі Кукс мырза болатын. Ол үйінде пәтерде тұратын Кактус бикешті ақша салған чемодан осы үйдің ауласында көмулі дегенді жорта ойлап тапты, соның нәтижесінде аула қазылып, үйдің қабырғасы құлап түсті, Кактус бикеш мұны өзінен пәтер ақыны көп алады деп қиястанып өдейі істеді деп кінәлады.

Кактус бикеш ешқандай хат жазған жоқпын деп азар да безер болды. Газетке өзінің ешқандай қатысы жоқ хатты жариялағаны үшін редакторды сотқа тартып, оның үстінен іс қозғатты.

Үшінші істі қозғаушы жанармай сатушылар еді, олар машинаның рәзікке дөңгелегін жасайтын фабрика иесі Қанденді Судыр атты ергежейлінің атынан хат жазып, газетке бастырды, ол хат давилондықтарды (сондай-ақ өзгелерді де) бір-бірінің машина дөңгелектерінің қабын бүлдіруге итермеледі деп айыптады. Сөйтіп, фабрика иесі Қанден шығарған өнімдерін өткізудің жолын тапты, өйткені бүлдірген шиналардың¹ барлығын ауыстыру қажет қой, ал жанармай сатушылар есесіне орны толмайтын шығынға батты десті олар.

Рас, жанармай сатушыларға өздері тартқан зиянды Қанден мырзадан өндіріп алудың сәті түспеді. Сотта шығып сөйлеген Суайт, газетке мақала жазуға ешкім зорламағанын айтып, дәлелдеді. Банктен ұрланған қазына автомобильдің дөңгелегінде жасырулы деген болжамға келуіне соның алдында ғана телевидение арқылы көрген кинофильмнің әсері тигенін айтты. Ол фильмде, ұрланған гауһар тастарын автомобиль дөңгелегінде жасырып ұстайтын, атакты ұрылар тобының бастан өткерген оқиғалары баяндалатын.

¹ Ш и н а - дөңгелекті қаптайтын темір құрсау.

Алайда, Қанден мен Суайт жақын таныс, өрі оның үстіне банк тоналатын күні олардың бірге жүргенін көрдік деп мәлімдеген куәлар табылды. Сөйтіп, бұл іс аяқталмай, қайта зерттеліп, тексерілуге жіберілді.

Олардың барлығы жөнінде газеттерде жазылып, радио мен телевидение арқылы айтылып жатты. Жұрттың ойлайтыны да, әңгіме ететіні де, естігісі келетіні де осы жайлар: жүріп жатқан сот істері, ұрланған ақша, жоғалған чемодандар, өлген мысықтар, қалада қасқа бастардың кудаланып, қысым көруі, тағысын тағылар. Дымбілмес, космос кемесі, алып өсімдіктер жөнінде ешкім тіпті есіне де алмайтын болған. Ергежейлілердің ойынан оларды неғұрлым жаңа, ізі суып, қызығы басылмаған оқиғалар ығыстырып шығарған.

Өз кенселеріне акция сатып алуға ешкімнің келмегеніне қатты қапаланған Жыпық егер іс осы қалпынан ілгері жылжымаса, акционерлік қоғамның саудасы бітеді де, бәріміз қайыршы болып, далада қаламыз дегенді айтты.

– Олай болуы да әбден мүмкін, – деп қостады Алаяқ. – Таяуда ғана газеттен оқыдым, біздерде күн сайын дерлік акционерлік қоғамдардың бірі болмаса, екіншісінің саудасы бітіп жататын көрінеді.

– Саудасы біткені қалай? – деп сұрады Дымбілмес.

– Мұның мәнісі былай, – деп түсіндірді Алаяқ. – Айталық, әлдебір іскер ергежейлілер тиімді істі ойға алып, түптеп келгенде, көп пайдаға кенелу мақсатымен әуелі қаржы жұмсайды, акциялар шығарады, ал олардың шығарған акциясын ешкім сатып ала қоймайды. Міне, осындай жағдайда өлгі қоғамның саудасы бітті, немесе мықтап тақырға отырды деседі жұрт. Шын мәнінде, ешкім тақырға отырмайды, өрине. Бұл жай ғана бейнелеп айтылған сөз, ол өлгі қоғамның құрығанын, өмір сүруін тоқтатқанын білдіреді.

– Ал кейде әлдеқандай алаяқтар да топ құрып, ұйымдасуы мүмкін, – деді Серкеш. – Олар да акция шығарады, сатады, сонан соң ақшаны алып тайып тұрады. Мұндай жағдайда да жаңағы қоғам өмір сүруін тоқтатады, өрине.

– Міне, сондай алаяқтардың кесірінен біздерде қазір

жұрт адал ергежейлілерге де сенуден қалды, – деді Жыпық. – Мысалға мына өзімізді алайық, біз акционерлік қоғамымызды кедейлерге жақсылық жасау үшін құрдық. Мақсатымыз не? Мақсатымыз – Ай бетіндегі тұқымды кедейлерге жеткізіп беру, ал кедейлер болса бұл үшін бізге акша бергісі келмейді. Сонда әділдік қайда, айтыңдаршы?

– Мүмкін, кедейлердің ақшасы жоқ шығар? – деп Дымбілмес өзінің ойын айтты.

– Жоқ болса – тапсын! – деді Жыпық кекесінмен мырс етіп. – Әрине, кедейлерде акша жоқ, дәлірек айтсақ, көп акша жоқ. Бар болса да майда-шүйде, мардымсыз тиын-тебен ғана. Ал, бірақ кедейлер көп қой! Егер өр кедей қалтасының түбін қағып, аз болса да тапқанын бізге алып келсе, айтарлықтай қаржы жиналып, пайдасын біз көрер едік... Яғни... Тфу! Біз пайда көрмес едік, алып өсімдіктердің тұқымын оларға жеткізіп берер едік. Мұндай істен акша аяуға болмайды. Бұл кімге тиімді? Бұл кедейлердің өзіне тиімді. Егер өр кедей өз бақшасында ең болмағанда Серкештің үлкендігіндей қияр немесе екі қабат үйдей қарбыз өсірсе, бұдан кім пайда табады. Мен бе? Сен бе? Серкеш пе?.. Бұдан ең алдымен, әлгі кедей көреді пайданы. Жанағыдай жалғыз қарбыздан ол тұтас бір қант заводына жететіндей тәтті шырын алады. Бұл байлық емей, немене? Бізде өр кедей байиды сонда. Нағыз берекелі заман орнайды!

– Сен мұны кедейлердің өзіне барып айтсаңшы! – деп күнкілдеді Алаяқ. – Біз мұны сенсіз де жақсы білеміз.

– Бұл сөзің орынды. Біз жарнамаға аз көңіл бөліп жүрміз, – деп келісті Жыпық. – Егер біз акциямыз өтсін десек, оларды насихаттауымыз керек.

Осы әңгімеден соң Жыпық қаланы аралап жүріп, газеттерге жарнама-хабарландыру беруге кетті. Ол хабарландыруларда бір ғана акция сатып алған ергежейлінің өзі де көл-көсір пайданың астында қалады делінген еді. Сонымен бірге Жыпық жарнама шеберханасымен келісті де, шеберхана суретшілері аса үлкен плакат жасап, оны Давилон қаласындағы ең үлкен алаңдардың біріне ілді. Ол плакатқа скафандр киген Дымбілместің суреті салынып, ірі-ірі өріптермен:

Ергежейлілер егу, себу дегенде
 Қайғырмайды қайран тиын-тебенге
 Алып өсімдіктер қоғамының,
 Бір данасы – бір фертинг,
 Акцияларын сатып алса егер де, –

деп жазылған еді.

Он бесінші тарау

ІС ОҢҒА БАСАЙЫН ДЕДІ

Жыпық қала кезе жүріп, қоғамның жарнама істерімен айналысып жүргенде, Алаяқ күні бойы өзінің дүкенінде әр түрлі калибрлі бұйымдар сатуды қайтадан қолға алып, кеңсеге келуін тіпті сиретіп жіберді. Қолға алған істерінің сәтті боларына сенімін жоғалтқан ол ең болмағанда түсетін табысынан айрылғысы келмеді. Кеңседе күнұзақ отыратын – Дымбілмес пен Серкеш қана. Алғашқы кезде Дымбілмес акция сатып алушыларды тосып, стол басында тырп етпей отыратын. Оның алдында қатты қатырмамен тысталған қалың дәптер мен автоматты қалам жататын. Дәптердің сыртына әдемі өріптермен «Кіріс-шығыс кітабы» деп жазылыпты. Стол жәшіктерінің бірі сатуға арналған акциялармен аузы-мұрнынан шығып толтырылыпты. Екінші жәшік акцияны сатудан түскен ақшаны салуға арналған-ды. Әзірге бұл жәшік бос тұр, күндер зымырап өткен сайын оның ішіне ақша түсер-ау деген үміт те сағымдай бұлдырап барады.

Серкеш те алғашқыда дәліздегі есік алдында міндетін мүлтіксіз атқарып, қаққан қазықтай қаздып тұратын, бірақ сатып алушылар келмеген соң кеңсе ішіне орын ауыстырды. Күні бойы Дымбілмес екеуі жұмсақ диванға қатар жайғасып «плюстер мен нельдер» ойнайды, әңгіме соғады. Дымбілмес істейтін шаруасы болмаған соң, қабырғада ілулі тұрған, түсініксіз айқыш-ұйқыш әлеміш суретке жиі-жиі қадала қарап, ондағы бейнені айыра алмай қойды.

– Сен, бауырым, бұған көп қадалмай-ақ қой, – деді Серкеш бірде. – Босқа басынды қатырма. Бәрібір түк түсінбейсің бұдан. Бізде барлық суретшілер осылай шимайлайды, өйткені байлар осындай суреттерді ғана сатып алады. Біреулері дәл мынадай қисық-қисық өлемішке әуес, екіншілері ешкім түсініп болмайтын иректер салады, ал үшіншісі ыдысқа сұйық бояуды құйып алып, кенеп матаның ортасына шашып кеп жібергенде еш нәрсеге ұқсамайтын, ақылға сыймайтын жағал-жағал дақ қалады. Сен өлгі айғыздалған даққа қанша үңілсең де, түк түсініп жарытпайсың! Ал байлар мәз болып, мақтай жөнеледі. «Бізге суреттің түсінікті болғаны қажетсіз. Әлдеқандай суретшіден еш нәрсені үйренбей-ақ қойдық. Байлар суретшісіз де бәрін түсінеді, ал кедейге бұдан бірдеңе ұғудың қажеті жоқ. Ол кедей болғандықтан да түкке түсінбей, қаранғылықта өмір сүру маңдайына жазылған», – дейді байлар. Көрдің бе сөздерінің төркінін!.. Мен сабын жасайтын фабрикантқа жалданып жұмыс істеп жүргенімде осындай сөздердің талайын естідім. Фабриканттың фамилиясы Саталақшин болатын. Мен оның фабрикасында емес, үйінде істедім. Отын жағып, күлін шығардым. Иә, бауырым, байлардың қалай тұратынын көрдім сонда! Үйі қандай кең десеңші! Бөлмелерінің санына жетіп болмайды. Каминдерді қоспағанда от жағатын пештерінің өзі жиырма бес еді. Саталақшин мырза бұмен жылыту жүйесін өдейі қолданбайтын. Каминдер үйге ерекше сән береді деп санайтын. Машиналарының өзі он еді. Ал костюмдерінде есеп жоқ! Қонаққа баруға жинала қалса, костюмдерін тандап тура екі сағат ойланады. Шын айтамын! Жалшылары толып жатыр. Біреуі тамақ істейді, екіншісі оны столға тасиды, үшіншісі ыдыс-аяқ жуады, төртіншісі кілемдердің шаңын қағады. Шоферлерінің өзі бесеу. Солардың біреуі Саталақшин мырзаны машинасымен алып жүргенде, қалған төртеуі ауызғы бөлмеде шахматты соғып жатады. Танертен мырза ояна салысымен, электр қоңыраудың түймесін басып, киімдерін әкелуді бұйырады. Киіндіріп жатқанда оның бар білетіні – аяқ-қолдарын кимылдату ғана. Одан соң оны айнаның алдында отырғызып, шашын тарай бастайды, мұрнының

түсі жақсы болсын деп вазелин жағады, бөрін істейтін басқалар, оның өзі саусағын да қимылдатпайды. Осылайша айна алдында отырып, қарны ашады, тамаққа зауқы соғады. Стол басында омалып ең кемі екі сағат отырады – өтірік айтсам оңбай кетейін! Сонсоң көп іс тындырып тастағандай-ақ шөниіп біраз диванда жатады, артынан қонаққа кетеді, немесе автомобильге мініп серуенге шығады. Кешкісін үйге жолдас-жоралары жиналады, әуендетіп, биге кіріседі. Бірте-бірте естері кете есіретіні сондай, үй жиһаздары мен рояльді қиратып тынады, сөйтіп тарасады. Кейін: «Қалай көңілді дем алдық, ә?» – деп масаттанып еске алысады.

– Үй жиһаздарын неге қиратады? – деп таңырқады Дымбілмес.

– Өздерінше мұны қызық деп санайды. Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтықтан не істерге білмей, ойланып тапқан ермектерінің түрі ғой. Шақыру билеттеріне: «Бізге журфикске келуді өтінеміз. Он екі кресло, пүлішпен тысталған төрт диван, екі рояль, жиналмалы стол мен терезе атаулы тегіс қиратылады. Қонақтар кешкі алтыға жиналады. Кешікпей келулеріңізді өтінеміз», – деп жазады.

– Ал, содан соң үйлері қаңырап бос қала ма?

– Қызықсың! Жаңадан дүние сатып алады.

– Ақшаны текке шашу ғой, – деп күңкілдеді Дымбілмес. – Одан да кедейлерге бермей ме?

– Қайдан берсін! Кедейлерге жақсылық жасауды сұқандары сүймейді. Жек көреді.

– Сонда, өлгі Саталақшин дегеніңнің, диванға жатып, жиған мүлкін қиратудан басқа түк шаруасы болмағаны ма? – деп сұрады Дымбілмес. Онда фабрикасын қалай басқарады?

– Оған фабрика басқарудың не қажеті бар? Бұл істі арнайы тағайындалған адам атқарады. Ол апта сайын есеп беріп отырады. Егер фабриканың табысы азая бастаса, бұл өлгі басқарушыны айдап шығарып, орнына басқасын тағайындайды. Жаңа басқарушы табысты молайту үшін барын салып бағады, өрине. Жұмысшылардың жалақысын азайтады. Сабынның бағасын көтереді. Сөйтіп, Саталақшиннің өзі түк бітірмесе де, қалтасына

акша құйылып жатады. Қазірдің өзінде бірнеше миллионды жамбасқа басты.

— Байларға сонша акшаның керегі не? — деп танданды Дымбілмес. — Олар бірнеше миллионды ішіп-жеп тауыса ала ма?

— «Ішіп-жеп!» — деп мырс етті Серкеш. — Олар ішіп-жеуді ғана ойласа жақсы ғой. Бай алдымен қарнын қампайтады, сонан соң дабыра атак іздейді.

— Дабыра атағы қалай? — деп тағы да ұға қоймады Дымбілмес.

— Өзгеден иығым озып тұрса дейді. Мысалыға бір бай өзіне үлкен үй салса, екіншісі: «Ә, солай ма, мен сенен екі есе артық етіп салайын!» деп тыраштанады. Бірі өзіне аспазшы мен малай жалдаса, екіншісі: «Мен аспазшы мен малай ғана емес, есікте тұратын швейцар да жалдай аламын!» — деп күпінеді. Біреуі он малай ұстаса, екіншісі «Мен жиырмасын ұстаймын, сонымен бірге аулаға көлеңке қалқа жасап, онда басына каска киген өрт сөндірушіні тұрғызып қоямын», — деп бөседі. Біреуі үш автомобиль алса, екіншісі қолма-қол бесеуін алады. Сөйтіп: «Мен одан артықпын. Оның үш қана автомобилі бар, ал менде бақандай бесеу», — деп мақтанады. Әрқайсысы өзін өзгеден артық етіп көрсеткісі келеді, ал ақыл, қайырымдылық, адалдық дегендердің бізде ешқандай бағасы болмағандықтан, бәрі тек байлықтарымен ғана мақтанады. Және шектелу дегенді білмей кетеді. Мақтаншақтық жаман нәрсе; оның желігіне шалдыққанды тоқтату қиын. Мен өзім де, бауырым, сондай жағдайды басымнан өткергенмін. Мені әрқашан осылай кедей болды деп ойлайсың ба. Рас, мен бай да болған жоқпын. Бірақ тұрақты жұмысым бар-тын. Заводта тәп-тәуір табыс таба бастағам. Басыма қиын күн туса, айталық кенет қайтадан жұмыссыз қалсам, керек болар деп аздаған қаржы жинадым. Бірақ қолында ақша тұрғанда оны жұмсамау қиын, әрине. Оның үстіне машина сатып ал деп кеңес берушілер де табылды. Машинаның маған керегі жоқ, жаяу да жүремін, деймін оларға. Аяққа жалыну кедейлерге тән, сен үшін ұят, оның үстіне машинаны несиеге алуға болады дейді әлгілер. Әуелі шамалы жарна төлеп машинаны аласың, сонан соң бағасынан

біржола құтылғанша ақшаны ай сайын аз мөлшерде өтеп тұрасың деп қызықтырды. Келістім ақыры. Мейлі, жұрт мені де бай деп есептесін деген көкірек пайда болды. Алғашқы жарнасын төлеп, машинаға қолым жетті. Отырып жүріп кеттім де, бірден о-о-ор-ға (қатты толқыған Серкеш кекештеніп қалды) кұ-кұ-ладым. Ма-аши-на-ны қиратып, аяғымды жөне төрт қабырғамды сындырдым. Осыдан соң тура үш ай емделдім. Жиган-терген ақшамның бәрін дәрігерлерге беріп тауыстым. Ақыры жазылып шықтым. Бірақ содан бері әлденеге толқысам болды, «ма-аши-на-ны» дұрыс айта алмай, әрдайым «ма-аши-на-ны» деймін.

— Ал, кейін машинанды жөндеп алдын ба? — деп сұрады Дымбілмес.

— Қайда— а-ан! Ауырып жатқанымда мені жұмыстан шығарып жіберіпті. Сол екі арада машинаның жарнасын төлейтін уақыт болды. Ақша жоқ! Ендеше «ма-аши-на-ны» қайтарып бер деді. Қирап жатқан жерінен барып, жинап алындар дедім оларға. Автомобильді қиратқаным үшін сотқа да бергілері келді, бірақ бәрібір түк өндіре алмайтынын білген соң, қойды ақыры. Сөйтіп, машинадан да, ақшадан да айрылдым.

Серкеш мұндай хикаялардың талайын айтқан. Оның өмірі әр түрлі оқиғаларға толы екен. Дымбілмес оның әңгімелерін қызыға тыңдап, уақыттын қалай өткенін аңғармай қалатын.

Бір жолы Дымбілмес пен Серкеш осылай әңгімелесіп отырғанда, күтпеген жерден есік ашылды. Олар Жыпық келген шығар деп ойлаған. Бірақ кеңсеге бейтаныс ергежейлі кірді. Үстінде ескі жейдесі бар, бір кезде түсі көк болғанға ұқсайды, бірақ ұзақ киістен бояуы әбден оңып, екі шынтағы тесіліп қалыпты. Кір сіңген сұр түсті шалбарының әуел бастағы бояуын қазір айыру ешқандай мүмкін емес, балақтары жұлым-жұлым, екі тізесіне қара матадан төрт бұрышты жамау салыныпты. Басында ернеуі жалба-жұлба, көзге бірден түсетін тесігі бар сабан қалпақ, оның астынан аппақ шаштары ұйпалақтанып сыртқа шығып тұр.

Дымбілмес алғаш келген ергежейлінің әлем-жәлем киіміне қарап еріксіз мырс етті, бірақ жүзіне көзі түсіп

еді, күлкісін тез тыя қойды. Оның әбден жүдеп, суалған өңі, шамасы күні бойы далада жұмыс істегендіктен болса керек, тотығып, күренітіп кетіпті. Түсі суық. Әсіресе көздері еріксіз қайран қалдырады: олар ақшудан тартқан қастарының астынан үлкен сақтықпен, үміт пен күдікті қатар аңғарта, адамгершілік пен арнамыстың иесі екенін сездірте, күйзелісін ішке бүккендей ме, немесе өзгелерге кінә артқандай ма, әйтеуір, мазасыз бір сезім тудыра қарайды екен. Мынадай мұңды жанармен ұшырасқан бойда-ақ Дымбілмес күлкіден бірден тыйылған, оның орнында басқа ергежейлі болса да, әлгі мұң толы көздерді көріп тұрып, әрине, күле алмас еді.

Өзіне қадалып қарап қалған Дымбілмес және Серкешпен амандасқан соң, мосқал ергежейлі қолына ұстаған бұтақты таяғын бұрышқа сүйей салды да, қалтасынан мұқият бүктелген газет қиындысын алды. Бүктеуін асықпай жазып, Дымбілмеске көрсетіп:

– Бұл сіздерде ме? – деп сұрады.

Дымбілмес газеттегі Алып өсімдіктер акционерлік қоғамы құрылғаны жөніндегі хабарландыруды оқып, басын изеді.

– Иә, бізде.

Серкеш қонаққа жұмсақ креслоны жақындатып:

– Мынаған отырыңыз, атай, – деп ізет көрсетті.

Мосқал ергежейлі Серкешке рақметін айтып, креслоның шетіне отырды да:

– Сөйтіп, газетке жазылғанның барлығы рас қой? – деп қайтара сұрады.

– Расы қалай? – деп түсінбеді Дымбілмес.

– Ертегідегідей алып өсімдіктердің және олардың тұқымдарының бар екендігі жөніндегі әңгімені айтамын.

– Әрине, рас, – деді Дымбілмес. – Ол тұқымдардың барлығы ешқандай ертегі емес, нағыз шындық. Мұнда тұрған таңқаларлық еш нәрсе жоқ.

– Егер біздер – кедейлер үшін мұның қаншалықты мәні бар екенін білсеңіз бұлай айтпаған болар едіңіз! – деді мосқал ергежейлі. – Мен, міне... біз, міне... – деді ол қатты толқып, – біз, міне, бүкіл селомыз болып бірігіп, осы ұлы іске үлес қосқымыз, басқаша айтқанда,

акционер болғымыз келеді. Біз бәріміз қоғамдасып, міне, ақша жинадық... Әркім барынша берді...

Ол қойнынан ақша салып түйген бет орамалын алып шықты.

– Қанша акция алғыларыңыз келеді? – деп сұрады Дымбілмес.

– Біреу, көгершінім! Біреуін ғана! Бәріміз бірігіп, бір фертингке өрең жеткіздік, біз үшін осының өзі үлкен сома.

– Бір акцияға өте аз тұқым келеді. Ол бүкіл селоға жетпейді ғой, – деді Серкеш.

– Көгершінім, сіздер бізге бір ғана дән беріңіздерші! Жалғыз алып қияр өсіп шықсын. Біз оны жейді дейсіздер ме? Жоқ, тұқымға сақтаймыз! Бүкіл өнімін тұқымға қалдырамыз. Екінші жылғысын да, қажет болса үшінші жылғысын да солай етеміз... Біз екі, үш, тіпті төрт жыл күтуге бармыз. Әйтеуір түбінде қайыршылықтан құтылатынымызға үміт болса болғаны. Үмітпен өмір сүру де жеңілірек, көгершінім.

Осы сәтте кеңсеге Жыпық пен Алаяқ келді. Серкеш Жыпықтың жеңінен жайлап тартып, құлағына:

– Алушы келді! Акция сатып алмақшы бізден, – деп сыбырлады.

Жыпық сатып алушының жанына барып, қолын қысып, атын сұрады.

– Менің есімім – Ақшаш, – деді келуші. – Біздің селода бәрі мені Ақшаш деп атайды.

– Құттықтауға рұқсат етіңіз, Ақшаш мырза, – деді Жыпық манғаздана сөйлеп. – Өз ақшанызға сіз бұдан артық нәрсені іздесеніз де таппас едіңіз. Бұл бұрын-сонды болмаған аса сенімді және пайдалы нәрсе. Сіз – біздің акциямызды алуға келген тұңғыш ергежейлісіз, сондықтан суретке түсіріп алуға рұқсат етіңіз. Ертең суретіңіз газетке басылады.

Жыпық телефонмен қолма-қол суретшіні шақырды. Москал ергежейлі орамалының түйіншегін шешіп, стол үстіне бір уыс қара бақыр ақшаны саудыратып төге салды. Алаяқ, Дымбілмес пен Серкешке ақшаны санап алуды тапсырды. Бірақ бұл оңай шаруа болмай шықты. Бақыр ақшалар тым майда еді: кілең бір, бір жарым, екі

сантуктер, ішіндегі ең ірі дегені – үш сантик. Оның өзі де біреу ғана.

Ақыры, ақша саналып болды да, Алаяк Дымбілмеске мосқал ергежейліге акция беруді тапсырды. Ақшаш акцияны қолына ала салысымен айналдырып қарай бастады. Акцияның бір жағына кішкене ергежейлілер қоршап алған аса ірі қарбыздың суреті салыныпты. Олардың қайсыбірі қарбызға ағаш сатыны сүйеп қойып, жоғары өрмелеп шығып барады. Қарбыздың үстіне шығып үлгірген бес ергежейлі қол ұстасып, билеп жүр. Алдыңғы жақта, жүйекте пісіп тұрған алып қияр көзге шалынады. Әр қиярдың үлкендігі – ергежейлідей. Алысырақта кішкене ағаш үйлер көрінеді. Ол үйлерден өрірек сыңсыған қалың орман сияқты, алып бидай сабақтары иін тіреседі. Акцияның екінші бетіне космос ракетасы мен скафандр киген Дымбілместің суреті салыныпты. Акционерлік қоғамның не үшін құрылғаны осында жазылған. Акцияның жоғарғы тұсына түрлі түсті, өдемі әріптермен: «Алып өсімдіктер акционерлік қоғамы – байлық пен молшылықтың қайнар көзі. Бағасы бір фертинг» деп жазылыпты. Ақшаш өзге дүниенің бәрін ұмытып, акцияны аударыстырып-төңкерістіріп қарап жатқанда Жыпық пен Алаяқ әлдене жайлы сыбырласып сөйлесті де, тағы он акцияны санап алып, Ақшашқа ұсынды.

– Біз өзіміздің алғашқы сатып алушымызға сыйлық ретінде он акция беруге келістік. Осы сыйлығымызды қабыл алуды өтінеміз. Енді сіз акционеріміз ретінде акциялардың тезірек өтуіне ат салысуыңыз керек. Өзіңіздің барлық таныстарыңызды, білмейтін адамдарды да біздің акцияны алуға үгіттеңіз, оны алғандардың аз уақыттың ішінде байитынын айтыңыз.

Ақшаш акцияларды алғысын жаудыра қабылдап, орамалына түйіп, қойнына тықты. Осы кезде қолына фотоаппарат ұстаған суретші де жеткен еді. Ол Ақшаштан креслоға бір аяғын екінші аяғының үстіне қойып отыруды өтінді.

– Осылай еткенде бір тізеңіздің жамауы көрінбейді, – деп түсіндірді ол, – ал екінші тізеңіздің жамауын қалпағыңызбен жауып қоюға болады... Тек олай қоймаңыз,

міне, былайша, сонда қалпағыңыздың да тесігі көрінбейді...

– Олай етудің ешқандай қажеті жоқ, – деп сөзге Жыпық араласты. – Қайта барлық жамаулар мен тесіктер суретте жақсы көрінетін болсын. Кедейліктің қандай дәрежеге дейін жететінін білсін бөрі. Біздің акциямызды тақыр кедейлердің өзі алып жатқанын көрген соң, өзгелер де аш қасқырдай жалақтап, біздің кеңсеге қарай жүгіретініне күмән жоқ... Ал, сізге, жарқыным, жамауларыңыздан ұялудың жөні жоқ, – деді Жыпық Ақшашқа. – Сізді осындай халге жеткізгендер ұялсын. Байлар ұялсын! Жөкенін қабығын сыдырып жеген ешкідей, сіздің бар тапқаныңызды түк қалдырмастан сыпырып алып жатқан – нақ солар. Өмір бойы соларға жұмыс істеп келесіз, ең болмағанда жөні түзу жейде алып киюге де жағдайыңыз жоқ.

Жыпық осылай сөйлеп тұрғанда, фотосуретші жұмысын тез бітірді де, Ақшаш кетуге айналды.

– Айтыңызшы, сіз біздің қоғамымыз туралы қайдан естіп білдіңіз? – деп сұрады Жыпық қоштасар сөтте. – Біздің акцияны сатып алу туралы ой басыңызға қайдан келді.

– Қайдан келді дейсіз бе? – деді Ақшаш ойланыңқырап. – Мұның өзіне кездейсоқ жағдай себеп болды. Мына өздеріңіз көріп тұрған газет қиындысы менің қолыма күтпеген жерден түсті. Біздің селомызда кілен кедейлер тұрады. Ешқайсысы газет жаздырып, немесе кітап сатып алмайды. Бұған ақшасы жоқ. Алайда андасанда бізге де газет оқудың сәті түседі. Кейде өлдекім дүкеннен зат алғанда ескі газетті жыртып, соған орап береді. Біздердің әрқайсысымыз осындай газет бөлшектерін сақтап жүреміз, өзіміз оқимыз, өзгелерге де оқуға береміз. Бұл жолы да солай болды. Село тұрғындары бірі дүкеннен ірімшік алғанда осы газеттің бөлігіне орап беріпті. Сөйтіп, бүкіл село болып ертедегідей тұқымдар жайында оқып-білдік, содан соң жиналып, ең болмағанда бір акция алайық деп шештік. Бұған қызықпау мүмкін емес еді! Жеріміз тым аз ғой. Алған өніміміз тамақ асырауға жетпейді. Ал байлардың жері көп. Сондықтан соларға жалданып жұмыс істейміз. Олар бізге

жер бөліп береді. Ол жерге бидай, шалқан, немесе айталық, картоп егеміз. Өнімнің жартысын өзіміз алып, екінші жартысын жер бергені үшін байға қалдырамыз. Бұл байға тиімді. Ол өз жерін көптеген бөліктерге бөледі де, бірін маған, екіншісін саған, үшіншісін тағы біреуге ұсынады... Біз жабыла арса-арса болып жұмыс істейміз, алған өніміміздің жартысын байға апарамыз. Ал бай саусағын қимылдатпастан, мол өнімнің астында қалады. Сөйтіп, біреудің ақшасы көл-көсір, ал екіншісі аштықтан ісіп-кеуіп, «шықпа, жаным, шықпалап» жүргені...

– Иә, иә, – деп қостады оны Жыпық. – Дұрыс айтасыз! Біреулер аштықтан ісіп-кебеді, ал екіншілерінің ақшасы көл-көсір! Сіздің айтқан сөздеріңіздің жаны бар, бірақ көп кешікпей қиындықтан біржола құтыласыздар. Сау болыңыз, Сізге тек жақсылықтар тілейміз!

Жыпық осылай деп Ақшашты арқасынан қағып, есікке дейін шығарып салды да:

– Ұмытпаныз, достарыңыздың қолына өлдеқалай ақша түсіп қалса, акция алуға бізге келсін! – деп айқайлады соңынан.

Он алтыншы тарау

САХНАДА СЕГІЗАЯҚ МЫРЗАНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Ақшаш есікті жабысымен-ақ, Жыпық маңдайын алақанымен сарт еткізіп:

– Біз мұнда газеттерге хабарландыру беріп, ақшаны желге шашып жүргенімізде, деревня тұрғындары оны мүлде оқымайтын болып шықты ғой! – деді.

– Меніңше, деревнядағы ергежейлілер көріп-білуі үшін қаладан алыстағы жол бойларына бірнеше жарнама-плакаттар іліп қою керек, – деп Алаяқ ұсыныс жасады.

Мига мен Жулио машинаға шапшаң отырып, жарнама шеберханасына жүріп кетті. Олар суретшілерге қай

жерге қандай плакаттар қажеттігін түсіндіріп, кеңсеге қайтып оралса, тағы үш сатып алушы келген екен. Үшеуінің де күн мен желге тотыққан жүздеріне қарап-ақ, деревнядан жүргенін, өрі кедейлер екенін аңғаруға болатын еді. Үстері мен аяғына кигендері – жамаулы-жасқаулы, ескі киімдер. Біреуінің кебісінің табаны мүлде түсіп қалыпты, сондықтан жалаң аяқ десе де болғандай екен. Дымбілмес пен Серкеш стол үстіндегі қара бакыр акшаларды санауға кірісіпті. Есептеп болған соң Дымбілмес ергежейлілерге тиісті акцияларын берген еді. Қатты толқығандықтан үшеуінің де қолдары дірілдеп кетті, ал табаны түсіп қалған кебіс кигені тіпті жылап жіберді.

– Былай болды, бауырым, – деді ол Серкешке, – шынмды айтайын, қалаға жаңа кебіс сатып алу үшін келген едім, дәл сол жерде алып бұршақтар, қиярлар мен капусталар жөнінде естіп-білдім. Сөйтіп, кебістің орнына акция алуға тәуекел еттім.

– Дұрыс, істегенсің, – деп қоштады Серкеш. – Кебісті кез келген есек сатып ала алады, ал акцияға ие болу есектің басына кіріп шықпайды, өрине!

– Дұрыс айтасыз, – деп ергежейлі басын изеді. – Ал бұл акцияларға қай уақытта тұқым берілетінін білуге болмас па екен?

– Көп кешікпес, – деп әңгімеге Жыпық араласты. – Жеткілікті ақша жиналысымен-ақ әр түрлі маман-конструкторларды бірден жұмысқа отырғызамыз. Олар тез арада ұшатын кеменің жобасын жасайды, ал сонан соң тұқымға да қолымыз жетер. Ақша болса, өзін білесің, барлығын тез істеуге болады.

Ергежейлілер тағы бір нәрсе сұрағысы келген еді, бірақ Жыпық олардан бұрын сөйлеп кетті:

– Сендерді акционерлік қоғамға кірулеріңмен құттықтаймын, қымбатты достар! Кешікпей қырсық атаулыдан арылып, тамаша өмір сүресіңдер. Ақшаларыңа бұдан тиімді нәрсені қанша ойласаңдар да, таба алмас едіңдер.

Жыпық осылай деп әр ергежейлінің қолын қысты да, үшеуін кеңседен шығарып салып, қайта келіп, Дымбілмес пен Серкешті құшақтай алды.

– Ура, бауырлар! – деп айқайлады ол. – Жұмысымыздың аяқ алысы жаман емес!

Жұмыс, шынында да, тез оңалып жүре берді. Рас, ол күні басқа алушылар болған жоқ, бірақ келесі күні Жыпық пен Алаяқ кеңсеге келгендерінде қызу сауданың үстінен шықты. Ергежейлілер Дымбілмес пен Серкештің алдына бірінен соң бірі келіп, стол үстіне ақша төгеді. Олар тек деревнядан келгендер емес, араларында қала тұрғындары да бар еді. Солардың бірі біздің достарға мынадай жайды әңгімелеп берді. Бір кезде ол деревняда тұрған екен, меншігінде шағын ғана жері болыпты. Ол жерден алатын өнімі мардымсыз болғандықтан, заводқа немесе фабрикаға жұмысқа тұруды, біраз ақша жинап әкеліп, қосымша жер сатып алуды қиялдайды. Ақыры, фабрикаға жұмысқа орналасудың сәті түседі, бірақ ұзақ жылдар істесе де, жер сатып алуға жететін ақшаны бөрібір жинай алмайды.

– Енде менің бір ғана арманым бар, – дейді ол. – Осы уақытқа дейінгі жинаған ақшамды сіздердің акцияларыңызға саламын да, кейінірек, тұқым қолыма тиген соң, деревняға оралып, қайтадан шаруашылыққа кірісемін.

– Ниетіңіз тамаша екен! – деп қошеметтей дауыстайды Жыпық. – Өз жеріңе дән себу – сүйсіне айналысатын іс екенін айтуға тиіспіз сізге! Айып ете көрмеңіз, қанша ақша жинаудың сәті түсті?

– Оншалықты көп емес: он бес фертинг қана.

– Жарайды, он бес фертингіңізді бері әкеліңіз, міне, сізге он бес акция. Бұл – ғажап іс болды, сеніңіз маған. Сіз тура бір жыл ойлансаңыз да ақшаңызға бұдан артық нәрсені сатып алмас едіңіз.

Ергежейлі қалтасындағы бар ақшасын санап берді де, акцияларды уыстап жөніне кетті.

– Міне, көрдіңіз бе? – деп жымиды Жыпық, – егер жылы-жылы сөйлесеңіз акция алуға келгендер барын аямайды. Олар өздеріне сыпайы сөйлеп, ізет көрсеткенді ұнатады.

Акция алғысы келетіндер күн санап көбейе түсті. Дымбілмес пен Серкеш таңертеңнен кешке дейін акциялар сатумен болды, ал Жыпық мезгіл-мезгіл банкке барып, саудадан түскен майда ақшаны ірісіне айырбастап

әкеліп, отқа күймейтін сейфке салады. Көптеген алушылар кеңсеге тым ерте келетін. Кеңсенің ашылуын күтіп, көшеде топталып тұратын. Бұл әрі-бері өткендердің назарын еріксіз аударатын. Сөйтіп, алып өсімдіктер қоғамының акциясы өтімді екендігі жөніндегі хабар қалаға тегіс жайылды.

Қала тұрғындары белгілі уақыт өткен соң, акциялардың бағасы қымбаттап кетуі мүмкін екенін ұқты. Бұрынырақта болған таң қаларлық оқиғаны олар әлі ұмытпаған еді. Мұнай қоғамдарының бірінің әуел баста бір фертинг тұрған акциясы алғаш екі фертингтен, сонан соң үш, кейінірек бес фертингтен сатылғаны естерінде. Бұрғылау жұмыстары жүріп жатқан жерден мұнай фонтаны атқылағаны жөніндегі хабар тараған күні, әр акцияның бағасы он фертингке бір-ақ секірді. Сол күні акциясын сатқан ергежейлілер әуелдегі жұмсаған акциясынан он есе артық ақша алып, олжаға кенелді.

Осындай әңгімелерді естіген, күндердің күнінде басымызға іс түссе керек болар деп жинаған жүз-екі жүз фертингі барлардың бәрі де алып өсімдіктер қоғамының акциясын алып қалуға асықты. Кейінірек, бағасы өскенде сатып жібереміз деп ойлады. Осының нәтижесінде отқа күймейтін екі сандықтың ішінде жатқан екі миллион акция аз уақытта-ақ сатылып бітті.

Акция саудасы өте табысты өтіп жатқанын көрген Жыпық пен Алаяқ сандықтардағы акцияларды да сатып жіберуді ұйғарды.

– Тұқымдарды саудалап ақша табамыз ба, жоқ па, ол әлі белгісіз, – деді Алаяқ. – Одан да қазіргідей өтімді болып тұрғанда акцияларды сата берейік.

Ал акцияға келгендер шынында көп еді. Оларды Давилон қаласының тұрғындары ғана емес, өзге қаладан келгендер де сатып ала бастады. Тек ірі байлар ғана акцияларға назар аудармады. Алып өсімдіктер қоғамы – әдеттегі қоғамдардың бірі екеніне және кешікпей-ақ өмір сүруін тоқтататындарына олар сенімді еді. Байлар толып жатқан акционерлік қоғамдар мен компаниялар¹

¹Компания – буржуазиялық елдердегі капиталистердің сауда немесе өнеркәсіп бірлестігі.

дегеннің өзгелердің ақшасын қағу үшін, немесе қарапайым тілмен айтқанда, кедейлерді алдап, сазға отырғызу үшін құрылатынын жақсы білетін.

Бірақ кешікпей байлардың ішінен де алып өсімдіктер акциясына назар аударып, көңіл бөлуші табылды. Ол – Ұрықаланың аса бай тұрғындарының бірі – Сегізаяқ мырза еді. Ұрықаланың байлары әдетте өздерінің сұлу келбетімен мақтана алмайтын, Сегізаяқ мырза да өзінің түр-әлпеті жөнінен өріптестерінен озып кете қоймағанды. Оның табақтай жүзіндегі қағып қойған шегедей кіпкішкене көздері, май басқан екі бетінің арасында қысылып қалған өте жіңішке мұрны оған бір түрлі күлкілі кейіп беретін; шамасы, бетінің тым жалпақ және ісіңкі болуынан шығар, сырт қарағанда Сегізаяқ мырза өне бойы күлімдеп жүретіндей көрінетін. Алайда, оның осындай рабайсыз сырт келбетіне ешкім күле қоймайтын, өйткені онымен сөйлескен әр ергежейлі оның түр-әлпетін емес, байлығын көз алдына елестететін.

Сегізаяқ мырзаның байлығы бір миллиард фертингпен есептелетін, яғни ол миллиардер еді, немесе Ұрықала байларының жақсы көретін үйреншікті тілімен айтқанда, Сегізаяқ мырзаның бағасы бір миллиард фертинг болатын. Өзге қалалардағы сияқты Ұрықаланың байлары да ергежейлілерді қабілетіне, ақылдылығына, қайырымдылығына, адамгершілігіне, тағы басқа жақсы қасиеттеріне қарап емес, тек қана байлығына, ақшасына қарай бағалайтынын осы жерде айта кеткеніміз жөн. Егер ергежейліге мың фертинг жинаудың сәті түссе, оның бағасы – мың фертинг, ал егер оның жүз ғана фертингі болса, бағасы жүз фертинг деп есептейтін; ал ергежейлінің қалтасында түк ақшасы болмаған жағдайда оған бәрі мұрнын шүйіріп қарап, қатарға да қоспайтын, адамға санамайтын, түкке тұрмайды деп есептейтін.

Сегізаяқ мырза – Сегізаяқ мануфактурасы деп аталатын, көпшілікке мәлім, әр түрлі маталарды топтап шығаратын, аса ірі мануфактура фабрикасының иесі еді. Сондай-ақ оның отызға жуық қант заводы, бірнеше латифундиясы, басқаша сөзбен айтқанда, аса ірі жер бөліктері бар еді.

Ол жерлердің бәрінде мыңдаған ергежейлі тізе бүкпей еңбек етіп, Сегізаяқ мануфактурасына – мақта, қант заводтарына арнап қант қызылшасын, жөне аса көп мөлшерде кара бидай мен бидай өсіретін, осы соңғыларымен Сегізаяқ мырза тиімді сауда жасайтын.

Жаңадан құрылған акционерлік қоғамның табыстары жайлы естіген Сегізаяқ мырза өзінің бас басқарушысы Шаян мырзаны шақыртып алды.

– Бері қараңызшы, Шаян мырза, бұл өзі неғылған жаңа қоғам? – деп сұрады ол. – Жұрт өлдеқандай өсімдіктер жайында сөз етіп жүр. Сіз ол туралы естімедіңіз бе?

– Неге естімейін, естідім, – деп жауап берді Шаян мырза. – Мен көптен бері оларды байқап жүрмін. Қоғамды басқарушылар – Жыпық пен Алаяқ атты есімдері әлемге аян, аса залым екі алаяқ. Бұлардың бірі, атап айтқанда, Жыпық жылпостығы үшін түрмеде талай отырған. Олардың акционерлік қоғамы түкке тұрмайды деп ойлаймын, өйткені, меніңше, ешқандай космос кемесі де, алып өсімдіктердің тұқымы да жоқ, бәрі ойдан шығарылған.

– Олай болса жақсы ғой. Егер олар бар болып шықса ше?

– Онда қос жылпос бұдан жақсылап пайда табады, байиды және құрметті ергежейлілердің қатарына қосылады.

Сегізаяқ шыдамсыздана қолын сілтеп қалды.

– Мен бұл жайында айтып тұрған жоқпын! – деді ол. – Олардың тапқан пайдасынан келіп-кетер ешнәрсе жоқ. Біздерде басқаның есебінен баюға ешкімге тыйым салынбаған. Ал егер бізде алып өсімдіктер пайда бола қалса не болатынын ойладың ба?

– Не болады? – деп күбірледі Шаян мырза. – Мен, шынымды айтсам, бұл жағына мән бермеппін.

– Ендеше, бері қараңыз: егер әрбір сіңірі шыққан кедей өзінің алақандай жеріне алып өсімдіктер өсіре бастаса, біздерге мақта, бидай немесе қант қызылшасына жұмысқа жалданбай-ақ күнін көреді. Солай емес пе?

– Иә, солай, – деп келісті Шаян мырза.

– Мұндай жағдайда біздің фабрикаларымызда кім

енбек етеді? — деп жалғады сөзін Сегізаяқ. — Әркім-ақ деревняға барып, алып жемістер өсіре бастайды. Сонда табысымыз не болмақ? Егер жұмысшыларымыз болмаса, фертингтерді кімнен сауамыз?

— Біз үшін бұл апат қой! — деп дауыстап жіберді Шаян мырза. — Мүмкін ол лагнет жауғыр акциялардың барлығын сыпырып сатып алып, ұшатын кеме жасауды тоқтата тұру керек шығар?

— Бұл бізге қол емес, — деді Сегізаяқ. — Бүгін біз акцияларды сатып ала бастасақ олардың бағасы дереу көтеріледі де, одан әрі саудаға ақшамыз жетпейді. Оның үстіне, біз ұшатын аппарат жасауды бөгегенмен, басқа біреу оны бәрібір жүзеге асырып, түбінде тұқымға жетпей тынбайды. Меніңше әлгі екі қуды, Жыпық пен Алаяқты үгіттеп, ақшаны қалталарына басып бір жаққа таяйып тұруларына көндіруіміз керек, сонда барлығы бұл істің әдеттегі қулық-сұмдықтың бірі екенін көреді де, қарғыс атқан алып өсімдіктер жайында қиялдауды қояды.

— Керемет табылған ақыл! — деп, дауыстап жіберді Шаян мырза. — Рұқсат етіңіз, мен қазір-ақ машинаға отырып, Жыпықпен және Алаяқпен келіссөз жүргізу үшін Давилонға жүріп кетейін.

— Барыңыз, Шаян мырза, мен сізге сенемін, — деді Сегізаяқ.

Осы әңгімеден кейін, келесі күні таңертен, Шаян мырза Алып өсімдіктер қоғамының кеңсесіне келді. Өзгерлерге көз қылып бірнеше акция сатып алды да, Жыпықпен Алаяқты шетке шығарып былай деді:

— Мен сіздермен сұхбаттасу үшін белгілі көсіпорын иесі Сегізаяқтың тапсырмасымен Ұрықаладан келдім. Кешкісін кездесіп, сөйлесуге болмас па екен?

Жыпық пен Алаяқ өздерінің атакты фабрикантқа не үшін қажет болып қалғанын білуге қатты құмартқандықтан, қолма-қол келісімдерін берді. Кеңседегі жұмыс бітісімен-ақ олар қонақ үйдегі Шаянмен жолығамыз деп уәделескен бөлмеге келді. Шаян мырза оларға кешкі тамақты бірге ішейік деп ұсыныс жасады. Бір минуттан соң үшеуі ресторанда, стол басында отырды.

Барлық іскер ергежейлілерге тән өдетпен Шаян өңгімені алыстан орағытып бастады. Әуелі Жыпық пен Алаяқтан Ұрықалада болып па едіңіздер деп сұрады. Олардан «болдық» деген жауап алған соң, Ұрықаланы ғажап қала, оның тұрғындарын шетінен аса ақылды, адал ергежейлілер деп мақтай жөнелді. Ұрықаланың ежелгі тұрғыны Сегізаяқ мырза да дәл осындай асқан ақылды, құрметті және барынша адал ергежейлі, өрі оның үстіне өзгелердің түсіне де кірмейтін зор байлықтың қожасы деді ол.

Сегізаяқ мырзаның қисапсыз байлығын еске алған сәтте Шаян мырзаның қып-қызыл ісіңкі жүзінде еріксіз күлкі ойнап, жылт-жылт еткен кішкене көздері өз-өзінен жұмылып кетті. Тамаша бір түс көріп оянғандай-ақ ол кенеттен басын сілкіп қалды да, қонақ ергежейлілерге Сегізаяқтың қадір-қасиетін өбден жеткізіп болдым-ау деген оймен енді негізгі жайға көшті.

– Сегізаяқ мырза сіздермен не жайында сөйлес деп тапсырғанын шамалап отырған боларсыздар? – деп сұрады.

– Әңгіме Алып өсімдіктер акциясының үлкен партиясын сатып алу жөнінде болар деп ойлаймын, – деп Жыпық өзінің болжамын айтты.

Алайда, Шаянның бет-әлпетінен өз болжамының теріс екенін аңғарған Жыпық:

– Өкінішке қарай, бұдан бөрібір түк шықпайтынын айтуға тиіспін, өйткені акциялар түгел сатылып бітті, – деп қосып қойды. – Бірер күнде біздің кеңсеміз жабылады да, орнына ұшатын аппараттың жобасын жасайтын жобалау бюросы ашылады.

– Сегізаяқты қатты қызықтыратын да, міне, дәл осы мәселе, – деп жауап берді Шаян. – Сегізаяқ мырза сіздерге ұшатын аппараттың құрылысын бастаудың ешбір қажеті жоқ деп санайды. Бұл – мейлінше тиімсіз іс, өйткені қыруар қаржы жұмсауды талап етеді. Сіздер акцияны сату арқылы көп қиындықпен жинаған барлық ақшаларыңызды текке жұмсап жіберіп, жер сипап қаласыздар.

– Сегізаяқ мырза қателеседі, – деді Жыпық. – Шығын оншалықты көп болмайды, оның үстіне, жаңа табыс

көздері ашылады. Мұндай бұрын-соңды болып көрмеген ұшу аппаратының құрылысы ергежейлілердің барлығын сөзсіз қызықтырады. Газеттерде жұмыстың барысы жөнінде мезгіл-мезгіл мақалалар жариялап, оқушыларды әр түрлі жобалармен және конструкциялармен таныстырып отыруға болады. Мұның бәрін, әрине, тегін істемейміз. Біздің газеттеріміз әр түрлі жаңалық атаулыға тым өуес және мұндай хабар үшін ақша аямайды. Ал телевидение ше? Кино ше? Сіз, телевидение студиясымен осынау бұрын-соңды болмаған ғарышқа ұшу ісіне әзірліктердің қалай жүргізіліп жатқанын көрсету жөнінде қандай тиімді шарт жасауға болатынын білесіз бе? Ал ұшу кемесі старт алған сәтте, немесе алып өсімдіктерді алғаш өсіре бастаған кезде не болатынын елестетіп көрдіңіз бе? Мыңдаған телекөрушілер бейнебір байлап қойғандай-ақ күні-түні телевизорларының алдынан кетпейтін болады. Ақша дегеніңіз судай ағып, біздің қалтамызға келіп құйылып жатады. Бұған күмөніңіз болмасын!

— Мүмкін, Сегізаяқ мырза ұшатын кеменің құрылысын қолға алып, пайда тапқысы келетін шығар? — деп Алаяқ өз жорамалын айтты.

— Жоқ-жоқ! — деп дауыстап жіберді Шаян мырза. — Сегізаяқ мырза бұл істі тиімсіз, тіпті зиянды деп есептейді. Сіздер біздің планетамызда алып өсімдіктер пайда болса, оның неге апарып соқтыратынын ойлап көрдіңіздер ме? Азық-түлік мейлінше көбейеді. Бағасы арзандайды. Қайыршылық жойылады! Мұндай жағдайда сіздер мен біздерге кімнің жұмыс істегісі келеді? Капиталистердің күні не болмақ? Мына, сіздер, айталық, қазір байлардың қатарындасыздар. Сіздерге бәрі қызыға қарайды. Сіздердің ақшаларыңыз көп. Қалаған нәрселеріңізді істей аласыздар. Керек десеңіздер өздеріңізді машинамен алып жүретін шофер жалдайсыздар. Тіпті бөлмелеріңізді тазартып, асыранды итіңізді күтіп-бағатын, кілемдеріңізді қағып тұратын, шұлығыңызды кигізетін, қысқасы барлық бұйрығыңызды бұлжытпай орындайтын малайлар жалдап аласыздар! Мұның бәрін істейтін кім? Мұның бәрін жалақы үшін кедейлер істейді. Ал олар, айталық, еш нәрсеге мұқтаж

болмаса, сізге қызмет көрсетуге жалдана ма?... Бәрін өздеріңіз істеуге тура келеді. Байлықтарыңыздан сонда не пайда? Алып өсімдіктердің байларға қандай қауіпті екені сіздерге енді түсінікті ме? Егер жұрттың барлығына бірдей жақсы заман туатын болса, байлар үшін бұдан асқан зобалан жоқ. Мұны ескеріңіздер.

Жыпық пен Алаяқ ойланып қалды және алғашқыда не айтарларын білмеді. Алаяқ осылай етсе, басына төуір ой келеді дей ме екен, қолымен маңдайын уқалай берді. Ақырында ол ашуланып:

– Сонда, сіздіңше, біз тиімді істен бас тартуымыз керек пе? – деп дүңк ете қалды.

– Бұл істің онша тиімді емес екенін өздеріңіз де көріп отырсыздар ғой, – деді Шаян.

– Сонда бізге не істе дейсіз?

– Ешбір әрекеттің қажеті жоқ, – деп көңілдене күлімдеді Шаян. – Сіздер із-түзсіз ғайып болып кетсеңіздер болғаны.

– Ғайып болғаны қалай? Жайдан-жай, тегіннен-тегін бе?! – деп айқайлап жіберді Жыпық.

– Тегіннен-тегін емес, – деп байсалды жауап қайтарды Шаян. – Акциядан түскен бес миллионды қалтаға салып, алысырақ бір жерге тайып тұрыңыздар.

– Біздің өз ақшамызды алуға рұқсат еткеніңізге рақмет! – деп ашулана күңк етті Жыпық. – Біз одан да көбірек табыс табамыз деген ойдамыз.

– Бақандай бес миллион сіздерге аз ба? Бес миллион!

– Ал біздің екеу екенімізді ұмытпаңыз! – деді Жыпық.

– Несі бар, әрқайсыңызға екі жарым миллионнан, бұл аз емес, – деді Шаян.

– Рас, бұл, шынында да, аз емес, бірақ біз үш-үштен алсақ деп едік, – деді Жыпық. – Және оның үстіне Дымбілмес пен Серкешті де ұмытуға болмайды. Өз достарымызды құралақан қалдырмаймыз. Олардың әрқайсысына ең болмағанда бір миллионнан беруіміз керек. Дегенмен, Серкешке жарты миллион берсек те жетіп жатыр.

– Жоқ-жоқ, – деп сөзге Алаяқ араласты. – Серкешке

де бір миллион бергеніміз жөн. Әйтпесе ол біздерге ренжуі мүмкін.

– Достарыңыздың қамын ойлағандарыңыз өте жақсы! – деді Шаян мырза. – Бұл сіздердің жүректеріңіздің қайырымды екенінің айғағы. Жарайды, мен көмектесуге тырысайын, Сегізаяқ мырзадан сіздерге арнап екі миллион сұрап көрейін. Алайда мұның маған оңай болмайтынын алдын ала ескертемін. Сегізаяқ мырза саранның-сараны, ақшаны оп-оңай қолдан шығара қоймайды. Оны үгіттеп көндіру үшін маған көп еңбектенуге тура келеді. Егер екі миллиондарыңыздан маған, айталық, ең болмағанда жүз мыңын берсеңіздер, сіздер үшін бар күшімді салар едім.

– Несі бар, – деді Жыпық. – Мен кез келген еңбек бағалануға тиіс деп санаймын. Ешкім босқа жұмыс істемеуге тиіс. Сіз екі миллионды әкеліп біздің алақанымызға салыңыз, ақысына жүз мыңын өзіңізге қайтарамыз.

– Келістік! – деді Шаян мырза қуанып. – Мені осы қазірден бастап іске кірісті деп санай беріңіздер.

Он жетінші тарау

ҮЛКЕН БРЕДЛАМ

Оқушыларымыздың мынаны біліп қойғаны пайдасыз емес. Ұрықаладан кетіп бара жатып, Шаян мырза өзінің Сегізаяққа жіберген хабарларында Жыпық пен Алаяқты төл аттарымен емес, басқаша, айталық: жексұрындар, алдамшылар немесе есектер деп айтамын деп келіскен. Бұл өз әрекеттерін басқаларға білдірмей, құпия сақтау үшін қажет еді. Өйткені Ұрықаланың байлары да барлық өзге қалалардағы байлар сияқты бір-бірін андып, телефондарын тыңдайтын, келетін хаттар мен телеграммаларда не айтылғанын біліп отыру үшін пошта қызметкерлерін сатып алатын. Мұның бәрі оларға ақшаларын тиімді істерге жұмсап, бірін-бірі алдау үшін қажет еді. Сегізаяқ мырза өзінің

Жыпықпен және Алаяқпен келіссөз жүргізе бастағанын өзге байлар біліп қалса, мұны алып өсімдіктер акциясына қызыққан екен деп ойлауы мүмкін екенін түсінді. Нәтижесінде бәрі де осы акцияларды көп мөлшерде сатып алуға ұмтылуы сөзсіз, ал бұдан Алаяқ пен Жыпық қана пайда тапқан болар еді.

Шаянмен арадағы келісімді ұмытпаған Сегізаяқ мырза: «Екі есек екі миллион талап етеді. Не істейміз? Шаян», – деген телеграмма алғанда титтей де танданған жоқ.

Сегізаяқ мырза телеграммада айтылған сөздер жұрттың бәріне белгілі төрт аяқты, салпаң құлақ хайуандар жайында емес, Жыпық пен Алаяқ туралы екенін, Шаян оларды өзгелерге білдірмеу үшін әдейі солай айтып отырғанын бірден түсінді. Телеграмманың мазмұнын жақсылап ой елегінен өткізген Сегізаяқ мырза, қызметкер әйелді шақырып алып, Шаянға: «Әр түрлі сылтаумен алдаусыратып, уақытты соза тұрыңыз. Үлкен бредламды жинаймын. Сегізаяқ», – деген мазмұнда телеграмма соғып, жауап қайтаруды тапсырды.

«Алдаусырату», «уақытты соза беру» деген сөздер өркімге түсінікті, ал «үлкен бредламды жинаймын» дегеннің мағынасын айта кету артық емес, бұл – Сегізаяқ мырза Жыпық пен Алаяқтың ұсынысын капиталистердің бас қосқан мәжілісінде талқылауға бекінді деген сөз еді.

Айдағы қалаларда тұратын барлық байлар мақсат-мүдделерінің ортақтастығына қарай бредлам аталатын бірлестіктерге топтасатынын ескерте кеткен жөн. Мысалы, ірімшік бредламына – ірімшік жасау фабрикаларының иелері, қант бредламына – қант заводтарының, көмір бредламына – көмір шахталарының қожайындары енетін. Мұндай бредламдар байларға жұмысшыларды бағындырып ұстау, оларды барынша қанап, көбірек пайда табу үшін қажет еді. Капиталистер бас қосып, жұмысшыларға мейлінше аз ақы төлеудің жолдарын ақылдасып, ортақ келісімге келіп отыратын, осының нәтижесінде жұмысшылар қаншама күш жұмсағанымен, жағдайларын жақсартып алмайтын. Мұның үстіне бредлам шығарылатын өнімнің: мысалға қанттың, нанның

ірімшіктің, маталардың, көмірдің, тағы басқаларының бағасын белгілеп отыратын. Ол өнімдерді ешкім де бредлам көрсеткен бағадан арзанға сата алмайтын, оған қақысы жоқ еді. Осының арқасында азық-түлік пен заттардың бағасы өне бойы қымбат болып тұратын. Бұл — фабрика иелеріне мейлінше тиімді еді.

Жекелеген кіші бредламдардың сыртында үлкен бредлам дегені және бар болатын. Оған барлық кіші бредламдардың өкілдері кіретін. Сегізаяқ мырза осы үлкен бредламдардың төрағасы еді.

Хатшы өйел үлкен бредламның барлық мүшелеріне ертең мәжіліс болатынын хабарлады. Олар белгіленген уақытта Сегізаяқ мырзаның кабинетінде, дөңгелек столдың басына жиналды. Сегізаяқ мырза өуелі бұл төтенше мәжілістің шақырылу себебі жайында хабарлама жасады. Алып өсімдіктердің пайда болуы өздеріне қаншалықты қатер төнгізетінін білген кезде бредламның барлық мүшелері тегіс мазасызданып, Сегізаяқ мырзаның ұсынысын бірауыздан қолдады. Алып өсімдіктер қоғамын күш алып кетпей тұрғанда жөргегінде тұншықтырып, жойып жіберу қажет деп шешті.

Сегізаяқ мырзаның ізінше жиһаз фабрикалары мен ағаш тілетін зауыттардың иесі Миғұла сөйледі. Оның атағы — сыйықсыз пішілген сыртқы кескін-келбетімен шыққан-ды, Миғұланың емен ағашының түбіртегінен жонып жасалғандай шүйделі, ауыр басы жан-жағына өрен бұрылатын, оған әсіресе иіліп, төмен қарау қиын еді. Осындай ебедейсіз басы бар ергежейлілерді Ай тұрғындары ағаш басты дүлейлер деп атайтын. Миғұла мырза өзінің қарамағында өте сенімді, өзгелерді жоқ етіп жіберу жөнінен тіпті өнерлі деуге болатын екі ергежейлінің бар екенін айтты, олар Жыпық пен Алаяқты, Дымбілмес пен Серкешімен қоса оп-оңай жайғастырып, жойып жібере алатынын айтты.

— Аз ғана ақша төлесек болды, екеуі әлгі айтқандарды ретін келтіріп қараңғы бұрышта ұстап алады да, жайларын табады, немесе қарапайым тілмен айтсақ, қылжитып, өлтіре салады, — деді ол.

Сегізаяқ мырза қоғамды жөргегінде жойып жіберу жөніндегі өз сөздерін Миғұла мырзаның дұрыс тү-

сінбегенін ескертті. Мен мұны айтқанда біреулерді тура мағынасында өлтіру қажет деген пікірде болған жоқпын деп түсіндірді ол. – Дәл қазіргідей жағдайда бұл тәсіл жарамайды, – деп сөзін сабақтай түсті Сегізаяқ мырза. – Алып өсімдіктер жөніндегі өңгіме жұртқа тегіс жайылып кеткендіктен, аяқасты біреу-міреу Жыпық пен Алаяқты жойып жіберсе, көпшіліктің ынтызары онан сайын арта түседі де, біздің барлық әрекетімізден нәтиже шықпайды. Сондықтан біз алып өсімдіктердің бар екені жөніндегі ойдың өзін түп-тамырымен құртуымыз керек, басқаша айтқанда, осы таңғажайып тұқымдарға мұнан былай еш ергежейлі сенбейтіндей етуге тиіспіз, ал бұған Жыпық пен Алаяқ акцияларды сатудан түкен барлық ақшаны жымқырып кетсе ғана қол жетеді.

– Олар осы уақытқа дейін неге қашпаған? Күйіп кеткір тұқымның бізде пайда болуы оларға да тиімсіз емес пе? – деп сұрады капиталист Топас.

Капиталист Топасты ағаш басты дүлейлер деп аталатын ергежейлілер тобына жатқызуға ешқандай да болмайтын еді, өйткені оның басы сырт қарағанда өрескел көрінбейтін және жан-жағына еркін бұрыла алатын, бірақ топастығы жөнінен бұл да Миғұла мырзаның сыңары еді.

– Меніңше, Жыпық пен Алаяқтың екеуі де барып тұрған жылпос кулар, – деді Сегізаяқ мырза. – Олар өздерінің тұқымдарымен бірге көз көріп, құлақ естімейтін жерге жоғалып кетуі біз үшін аса тиімді екенін жақсы біледі, сондықтан да үш миллионды талап етіп отыр.

– Үш миллион не нәрсе? – деп сұрады консерві фабрикасының иесі Тұктатырмас орнынан атып тұрып.

Бұл Тұктатырмас – қақталған торта шабақ сияқты сап-сары және ап-арық еді. Ұйықтап кеткен балықтың көзіндей, жанары сөніп, өлеусіреген көздерінде ақша туралы сөз болғанда ғана тірлік белгісі білінетін. Қазір де «үш миллион» дегенді естігенде жанарында мазасыз ұшқындар пайда болып, біреу ту сыртынан біз сұғып алғандай орнынан ұшып тұрған.

– Не нәрсе екені түсінікті емес пе? – деді Сегізаяқ

күйініп кетіп. Әңгіме үш миллион ескі галош емес, үш миллион фертинг жөнінде болып отыр.

– Сонда қалай? – деп дауыстап жіберді Түктатырмас мырза, сөздің төркінін енді ғана аңғарғандай болып. – Үш миллион фертингті біз оларға беруіміз керек пе?

– Дәл солай, – деп қуаттады Сегізаяқ мырза. – Біз оларға ұсынуымыз қажет.

– Олар бізге емес қой?

– Жоқ, жоқ. Біз оларға төлейміз.

– Онда бұл біз үшін тиімсіз, – деді Түктатырмас. – Егер үш миллионды олар берсе, келісуге болар еді, ал өзіміздің шығындалуымыз – тиімсіз.

– Олар бізге үш миллионды не деп береді? – деп Сегізаяқ мырза оның бетін қайтарып тастады.

– Бұл рас, оның жөні жоқ, – деп Түктатырманың даусы бәсендеп қалды. Көзі қайтадан өлеусіреп кетті. Ол орнына отырды да, ізінше ұшып тұрып, басын шайқап-шайқап жіберіп:

– Бәрібір бұл... біз үшін өте тиімсіз! – деді.

Түктатырмастан кейін Айдағы Суайтқаланың тұрғыны миллионер Тассаран сөз алды.

– Түктатырмас мырза дұрыс айтады. Ақшаны бермеуге мүмкіншілік болып тұрса, ұсына қою қиын, ақыры шарасыздыққа тірелсе өз қалтаңнан емес, өзгенің қалтасынан алып берген өлдеқайда жеңілірек ... Дұрыс па, осы айтқаным?

Столды қоршай отырған байларды көзінің астымен шолып өткен Тассаран мырза қарқылдап күліп алды да, сөзін жалғады:

– Үш миллион дегеніңіз, әрине, үлкен сома, бірақ оны барлық байларға, тек ірілеріне ғана емес, майдаларына да бөлер болсақ, ал майда байлардың саны ірілерінен көп екені белгілі (әлемде жақсы атаулымен салыстырғанда майда-шүйденің саны өлдеқайда көп қой... Дұрыс па, осы айтқаным? Ха-ха-ха!), онда әр байдың төлейтіні оншалықты көп болмай шығады... Сөйтіп үш емес, төрт миллион, тіпті одан да көп ақша жинап алуға болады. Үш миллионды жаңағы екі сұмырайдың; Жыпық пен Алаяқтың құлқынына тығындаймыз, алсын да табандарын жалтыратып тұрсын, ал қалған ақшаны

еңбегіміздің ақысына өздеріміз бөлісеміз. Дұрыс па, осы айтқаным?..

– Дұрыс емес! – деп Сегізаяқ оның сөзін бөліп жіберді. – Біз майда-шүйде байлардан ақша жинай бастасак, не үшін қажет екені баршаға мәлім болады. Байлардың алып өсімдіктерден қашып отырғанын елдің бәрі біліп қояды. Одан кейін оларға алып өсімдіктер жоқ дегенді дәлелдеп көр. Жоқ, мырзалар, бұл іске ақшаны тек қана біздер, осы бөлмеде отырғандар, беруге тиіспіз. Әрі мұнда болған өңгімені ешкім, түсінесіздер ме, ешкім, бірде-бір тірі пенде білмеуге тиіс. Ал, сіз, Тассараң мырза, ұялсаңыз етті! Бұл жерде мәселе біздің бар байлығымызды сақтап қалу жөнінде болып отыр, ал сіздер осындай сөттің өзінде де тек қана пайда тапсак, тағы бір жүз фертингті олжаласак дегенді ойлайсыздар. Ұят қайда?

– Несі бар, – деп, Тассараң мырза саусағын безеп сөйлеп кетті, – жүз фертинг, ол дегеніңіз... жүз фертингтің аты – жүз фертинг. Дұрыс па, осы айтқаным?.. Жүз фертинг далада жатқан жоқ. Сіздің өзіңізге жүз фертинг керегі жоқ па? Керек болмаса, маған бере қойыңыз, онда. Дұрыс па, осы айтқаным?

Миллионер Тассараң жүз фертинг жөнінде тағы да бір нәрселерді айтып, көпке дейін күңкілдеумен болды. Әрен басылды. Сегізаяқ мырза өңгіме осымен тамамдалған шығар деп ойлап еді, дәл осы сәтте, «Сараңсерінің макарон шаруашылығы» деген атпен танымал, аса ірі макорон және вермишель фабрикаларының иесі Сараңсері мырза сөз сұрады.

Сараңсері мырза да Тассараң мырза сияқты Суайтқаланың тұрғыны еді. Суайтқалалықтар арасында ең атақтысы да осы Тассараң мен Сараңсері болатын. Бірақ әділдігін айтсак, екеуінің атағы да әлдеқандай жақсы істерімен емес, сараңдығымен шыққан еді. Суайтқаланың тұрғындары сараңдық жөнінен екеуінің қайсысы асып кететінін кесіп айта алмай, дал болатын. Кейде осы үшін қызылкенірдек болып айтысып қалатын. Егер біреу Сараңсеріні сараң десе, дәл сол жерде басқа бір ергежейлі тұрып Тассараңның одан да асқан сараң екенін дәлелдей бастайды. Айтушылар өз пікірлерін дәлелдеп, жүздеген мысалдар келтіретін, екі сараңның

сарандығын көзбен көргендерді, немесе содан жапа шеккендерді куәға шақыратын, сөйтіп айқайласқан ергежейлілердің саны көбейіп, ақыры, кейде төбелеспен тынатын.

Мінездерінің мейлінше ұқсастығына карамастан, кескін-келбеті жөнінен Тассараң мен Сараңсерінің бір-біріне мүлде карама-қарсы екенін оқушылардың біліп қойғаны жөн. Сырт келбеті жағынан Тассараң Сегізаяқ мырзаны еске түсіретін. Айырмасы – мұның беті Сегізаяқ мырзаның бетінен жалпағырақ, ал мұрны жіңішкерек еді. Сегізаяқ мырзаның құлағы шағын болса, Тассараңның құлағы қалқайып, жалпақ бетін онан сайын сыйықсыздандырып, жалпайтып көрсететін. Ал Сараңсеріге келсек, ол кескін-келбеті жағынан, керісінше, Түктатырмас мырзаға көбірек ұқсайтын. Мұның да қатып-семіп, суалған беті қақталған шабақ сияқты сап-сары еді, арықтығы жөнінен ол Түктатырмастан да асып түсетін. Мұның да көзі балықтың көзіндей өлеусірегенмен айналаны жіті шолып, еш нәрсені қалт жібермейтін. Сараңсері мырзаның Түктатырмастан тағы бір айырмасы – басының шаш атаулыдан ада, жұмыртқадай тақырлығы еді, алыстан оның басы ешқандай терісі жоқ, сүйектен ғана тұратындай әсер ететін. Қан-сөлсіз, жұп-жұқа ерні боп-боз еді. Дірілдеген ащы даусының сүйкімсіздігі сондай, ол сөйлеп тұрғанда біреу үйдің қанылтыр шатырының үстіне шығып алып, қайралмаған пышақпен жүйкеге тие, шықырлата қырып жатқандай әсер қалдыратын.

Сараңсері мырза да Түктатырмас мырза сияқты қалқанкұлақ болғанымен, нашар еститін. Оған өне бойы айналадағылар өзінен өлдене деп сұрағандай көрінетін де, басын екі жағына бұрып, алақанын құлағына тосып, жағымсыз дауыспен: «А? Не?.. Бір нәрсе дедіңіз бе? Айтқаныңызды естімей қалдым...» – деп қайталаумен болатын.

Сараңсері мырзаны алғаш рет көрген кісі оның тарамыс арықтығына карап, миллионер екеніне сене қоймайтын. Алайда Сараңсері мырза ішетін тамақ таппағандықтан емес, өзінің сарандығынан сондай халге жеткен еді. Ол әр фертингті шығарған сайын өкініп, қиналып, күйініп, жүдеп қалатын. Сондықтан аз да болса оңалғы-

сы келіп таңертеңгі, түскі және кешкі асты өзгелерден төрт есе артық жейтін, бірақ тамаққа көп ақша шығарып жүрмін деген ой өне бойы жанын жеп, ас-суын бойына сіңірмейтін.

Сараңсері мырза сараңдығы, күйгелектігі денсаулығына көп зиян тигізіп жүргенін жақсы білгенімен, өзінің ит мінезіне (оны өзі де мойындайтын) істейтін амалы болмай, мысы құритын. Ол бір фертингті үнемдесе, есеп жетпейтін байлығы содан едәуір өсіп қалатындай сезініп, қуанғаннан секіре жаздайтын да, әр фертингті жұмсаған сайын, ойсырап кедейленгендей күйініп, басына ақырзаман орнағанынан кем қайғырмайтын.

Өзге байлар ақшаның қызығын көріп, ойларына келгенін істеп жатқанда, Сараңсері өзін-өзі әрдайым тізгіндеумен жүретін. Ақшаны ол билемей, керісінше, ақша оны билейтін. Көзі тоймаушылық оны біржола ақшаның құлына айналдырып жіберген-ді. Ол өзінің қыруар байлығын қызғыштай қорғап, молайтуды ғана көздеді, әрі соның титімдей де рақатын көрген емес.

Алайда, Сараңсерінің бұл мінезі өзгелерге өрескел көрінбеуші еді, өйткені ақша ғана үстемдік жүргізетін, көпшілік ақшаға ғана табынатын қоғамда оның мінезінің оғаштығы байқалмайтын. Сараңсері мырзаны дәрігерге көрсетіп, ақылынан алжасқандармен бірге жатқызып, емдеу қажет шығар деген ой ешкімнің басына кіріп-шықпайтын.

Сөз сұрап алып, орнынан тұрған Сараңсері мырза мұрнының үстіне көзілдірігін ілді де, басындағы қатып қалған ойларын қозғалтқысы келгендей-ақ, шекесін алақанымен укалай берді. Дәл осы сәтте оған әлдекім өзіне арнап бірдеңе айтқандай көрінді де, әдетінше алақанын құлағына тоса қойып, жан-жағы жалтақтай қарап, дірілдеген сүйкімсіз даусымен:

– Ә?.. Не?.. Сіздер маған бір нәрсе дедіңіздер ме?.. Естімей қалдым... Ә?.. – деп сұрады.

Ешкімнің жауап қатпағанын көрген соң, тынышталды да, сөйлеп кетті.

– Мырзалар, менің айтқандарымды көңіл қоя, мұқият тыңдауларыңызды өтінемін. Саныраулар үшін екі рет қайталап жатнайтынымды алдын-ала ескертемін.

Ә?.. Менің сөзімді бөлмеулеріңізді сұраймын... Иә! Сонымен не айтқым келген еді?.. Ім-м!.. Иә! Туу! Ұмытып қалғанымды қарашы!.. Мырзалар, менің не айтқым келгенін ешқайсыңыз білмейсіздер ме? – Ол осылай деп жан-жағына жалтақтап қарады да, қайтадан күңкілдеп сөйлеп кетті. – Ім! Иә! Туу! Стол басында қанша есек отыр, менің не айтқым келгенін ешқайсысы білмейді!.. Ә? Иә! – деп кенет дауыстап жіберді ол қолындағы сабы мүйізден жасалған таяғымен еденді тарс еткізіп. – Иә, ақша туралы! Одан басқа не жөнінде болушы еді? Әрине, ақша туралы. Туу! Жаңағы қарғыс атқан үш миллион төңірегінде!.. Ол үш миллионды төлеуіміз керек дегенді кім айтты? Ә?.. Шаян ба? Ол өзі кім сондай-ақ? Ол барып тұрған жүлік! Мен, немене, Шаянды білмейді дейсіңдер ме? Ә?.. Мен бөріңді де жақсы білемін! Тегіс алаяқсыңдар! Сөзімді бөлмеуді сұраймын!.. Ал егер Шаян төрт миллион керек десе, суырып алып бере саласыңдар ма? Ә?.. Мүмкін ешқандай да үш миллион емес, екі, немесе бір миллион шығар керекі? Бәлкім, еш нәрсе төлеудің қажеті жоқ болар? Ә?.. Сөзімді бөлмеуді сұраймын! Мен сіздің сөзіңізді бөлген жоқпын ғой! Шаян үш миллионды өзінің қалтасына салу үшін осының бөрің ойлап табуы мүмкін ғой? Осылай еместігіне көздеріңіз жете ме? Менің көзім жетпейді!.. Сөзімді бөлмеуді сұраймын! Сондықтан Давилонға барып, Жыпық және Алаяқпен өзім сөйлесемін. Ақысыз-пұлсыз тайып тұрыңдар деймін оларға! Акцияны сатып, пайда тапқандары аз болғандай-ақ енді біздің қалтамызға қол салғылары келген екен ғой! Бұл – тапа-тал түсте тонау! Мен жақсылап сөйлесемін! Бет-ауыздарын таяқпен талқан етемін!

Сарансері мырза осылай деп, қолындағы мүйіз сапты таяғымен столды тарсылдатып ұра бастады, содан соң жеделдете Давилондағы Жыпық пен Алаяққа жүріп кетпек болып, стол басынан көтеріліп, есікке бет алды.

Сарансерінің жанында отырған капиталистер орындарынан атып тұрып, оны тыныштандыруға тырысты, бірақ ол оңайлықпен көнетін емес, онды-солды сілтеп, шошандатқан таяғы капиталистердің қайсыбіріне тиіп те жатыр. Ақырында, жиналғандар оны орындыққа отыр-

ғызып, басына салқын, дымқыл орамалды басып, Сараңсері бірте-бірте тынышталғандай болды.

Тыныштық орнаған соң, Сегізаяқ мырза мәжілісті қайта жалғастырды.

– Мырзалар, бұл істің өте ептілікті қажет ететінін түсініп отырған шығарсыздар деп ойлаймын. Мәселені көп созбай, бірден шешуді дұрыс деп санаймын. Егер біздің әрқайсымыз Давилонға барып, Жыпықпен және Алаяқпен саудаласа бастасақ, ешқандай пайда таппаймыз, зиян шегеміз. Біздің олардан құтылғымыз келгенін білген соң Жыпық пен Алаяқ бөлсініп, бағаны көтеріп жібереді. Шынын айтсам, олардың екеуі де ақымақ, өйткені бізден сұрап отырған ақшалары көп емес. Олар айнып қалмай тұрғанда, сұрағандарын қолдарына тезірек ұстатып, құтылғанымыз жөн. Мен майда-шүйде үшін саудаласып, уақыт өткізіп алмауымыз қажет деп санаймын, тезірек ортақ шешімін табуымыз керек. Осы жерде отырған үлкен бредламның мүшелерінің саны – отыз бір екен. Үш миллионды бөлгенде әр ергежейлінің төлейтіні жүз мыңға да жетпейді. Біздердің әрқайсымыз үшін бұл ақша – түк емес.

– Мырзалар! – деп айқайлап жіберді Сараңсері, орнынан ұшып тұрып.

– Мырзалар, үш миллионды отыз бірге бөліп, несіне өуре болып жатасындар! Бұл қиын ғой! Үш миллионды отызға бөлу – әлдеқайда жеңілірек. Мені санамандар. Сонда дәл отыз болады. Үш миллионды отызға бөлсеңдер әрқайсыңа түп-тура жүз мыңнан келеді. Сөйтіп, сендерге, есеп-қисап үшін қиналып жатудың қажеті жоқ, ал уақыттың ақшадан қымбат екені белгілі, өйткені ақшаны қайтаруға болады, ал уақытты ешқашан қайтара алмайсыз...

Осыны айтып Сараңсері стол басынан тұрды да, басындағы орамалын да шешпестен есікке қарай бет алды. Оның ойын түсінген Сегізаяқ:

– Ұстандар! Қашып кетуге мүмкіндік бермендер! – деп айқайлады.

Бірнеше капиталист Сараңсеріні ұстамақ болып ұмтылған еді, ол күтпеген жерден шапшандық пен қайрат көрсетті: алдынан шығып, жолына кесе-көлденең

тұра қалған Қуыскеуде мырзаны (ол қалаға келген ергежейлілер түнеп шығатын көптеген үйлердің иесі еді) таяқпен ұрып құлатты да, есікті аяғымен теуіп ашып, баспалдақпен төмен қарай жүгіре жөнелді.

Капиталистер Тұктатырмас пен Тассаранның да қашып кетуді көздеп, стол басынан сырғып тұра бастағанын сезіп қалған Сегізаяқ қызметші өйелге есікті кілттеп қоюды бұйырды да:

– Мырзалар, біздер ең алдымен Сараңсерінің лайықсыз қылығын айыптап, оны бірлестік мүшелігінен шығаруға тиіспіз, – деді. Бүгіннен бастап ешкім онымен ешқандай қатынас жасамайды. Біздің бредлам бұдан былайғы жерде оның ізін аңдитын болады. Кешікпей-ақ ол ережені бұзып, бредламның мүшелігінен шығуының қате болғанын, өзінің көбірек шығынға ұшырайтынын анық түсінеді... Ал, енді, мырзалар, араларыңызда Сараңсерінің артынан кеткісі келетіндер бар болса – ұстамаймыз...

Сегізаяқ мырза отырғандарды көзімен тегіс шолып шықты да, ешкімнің ондай ниеті жоқ екенін көрген соң, сөзін түйіндеді:

– Ендеше уақытты босқа өлтірмей, ақша төлейік.

Барлық байлар қалталарынан чек кітапшалары мен қаламдарын шығара бастады. Өйткені, капиталистер өздерімен бірге ақша емес, чек кітапшаларын алып жүретіні, олардың жазып берген қағазы бойынша ақшаны банктен алуға болатыны белгілі ғой.

ІІІ БӨЛІМ

Он сегізінші тарау

САРАҢСЕРІ ҚАЛАЙ ЖЕР СОҒЫП ҚАЛДЫ

Сегізаяқ мырза жинап алған чектерді отқа жанбайтын сандыққа салып, бекітті де, капиталистермен қоштасты. Олар тараған соң, секретарь әйелді шақырып, Шаянға: «Бредлам болып өтті. Екі есекке — біреу. Келісімдерін хабарлаңыз. Сегізаяқ», — деген телеграмма жіберуді тапсырды.

Осы телеграмманы алған соң, Шаян, Сегізаяқтың Жыпық пен Алаяққа екеудің орнына бір миллион ғана бергісі келетінін ұқты. Бұған ешқандай таңданған жоқ, өйткені ол Сегізаяқ мырзаның әрдайым сақтық жасай қимылдап, ақшаны қолынан оңайлықпен шығара бермейтінін білетін еді. Шаян Сегізаяқтың әйтеуір ақша төлеуге келіскеніне қуанды, қазірдің өзінде бір миллион төлеуге көнген соң, кейінірек екі миллион беретініне күмәнданбады.

Жағдайды жан-жақты ойластыра келе Шаян мырза телеграмма жөнінде Жыпық пен Алаяққа еш нәрсе айтпауды жөн деп тапты. Өйткені олар да телеграмманы оқи қалса мән-жайды бірден түсініп, сұрайтын ақшаларын онан сайын көбейтіп жіберуі мүмкін еді. Шаян мырза Жыпықпен және Алаяқпен кездесіп, оларға Сегізаяқ мырзадан ешқандай жауап келмегенін, бірақ сонда да үміт үзуге өлі ерте екенін айтты.

Оның хабары ақшаны тезірек теңдеп алып, қашып кетуге асыққан Алаяқты едәуір ренжітіп тастады.

— Сегізаяқ мырзаның асықпауы өте өкінішті, — деді. — Акция саудасы бітуге таяу, қазір қашып кетуге ең қолайлы кезең.

— Жарайды, — деді Шаян. — Мен Сегізаяққа тағы да телеграмма жолдап, тезірек көндіруге тырысып көрейін.

Іс жүзінде Шаян бұл күні ешқайда телеграмма соққан жоқ. Оның орнына ол ресторанға барып, тамаққа жақсылап тойып алды. Сонан соң қонақ үйге оралды да, бір сағаттай көз ілді, жүзу бассейніне суға түсті, осыдан кейін Жыпықпен және Алаяқпен қайта кездесті. Үшеуі бас қосқан соң кешкілік асты ішті де, түнгі театрға кетті. Түнгі театрда азырақ ақша төлесен актерлерге шіріген алма лақтырып, құмардан шыққаныңша көңіл көтеруге рұқсат ететін.

Ертеңінде ұйқыдан тұрған соң Шаян мырза ешкімге еш нәрсе деместен Сегізаяққа: «Екі есек екеу сұрайды. Біреуге көнбейді. Не істейміз? Шаян», – деген телеграмма жөнелтті.

Сол күні-ақ Сегізаяқтан жауап келді. Онда: «Үгіттеңіз», – деген жалғыз сөз жазылыпты.

Осы телеграммадан соң Шаян тағы бір күн тосты да, Жыпық пен Алаяққа еш нәрсе деместен, Сегізаяққа: «Үгіттедім. Көнбеді», – деген екі сөзден тұратын жауап жолдады.

Келесі күні таңертең Шаян түскен қонақ үйде Сарансері мырза пайда болмағанда осылайша телеграмма алмасудың қаншаға дейін созылары белгісіз еді. Сарансері мырза қашанғы әдетінше үстіне артында екі тілігі бар ұзын қара пенжак пен қара шалбар, басына цилиндр деп аталатын биік, қара қалпақ киіпті. Қонақ үйден шыға берген Шаянмен бетпе-бет жүздесіп қалған Сарансері өзінің дірілдеген сүйкімсіз даусымен:

– Ә, сәлеметсіз бе, Шаянжан мырза! Сізді көргеніме өте қуаныштымын! – деп оған құшағын кең жая ұмтылды.

– Сәлеметсіз бе, – деді Шаян да еріксіз күлімсіреген болып. Сарандығы өлемге өйгілі бұл ергежейлімен кездескеніне ешқандай да қуанышты емес екені бет әлпетінен бәрібір көрініп тұр еді.

– Қалай жүріп жатырсыз? Денсаулығыңыз жақсы ма? – деп сұрады Сарансері, оны сөзге тартуға тырысып.

– Денсаулығым жақсы, – деді Шаян. Сарансері оның жауабын естімей:

– Менің де денсаулығым мәз емес, – деп әңгімені жалғай түсті, – сайтан алғыр Давилон қаласында өзіңе таныс

ергежейліні кездестіру – қандай бақыт. Біздің Суайтқала бұл қаладан мың есе артық қой. Осыған келісесіз бе?

– Суайтқала тамаша-ақ. Бірақ, меніңше, Давилон да жаман емес.

– Сізбен толық келісемін, – деп Сараңсері басын шұлғыды, – дәл мұндай антұрған қаланы мен де кездестірген емеспін! Менің бір сұрағым бар. Сіз осы қонақ үйде тұрып жатырсыз ғой. Қалай екен, жақсы ма?

– Өте жақсы қонақ үй, – деп жауап берді Шаян.

– Бірақ қымбат шығар, ө?

– Иә, азырақ қымбаттау.

– Міне, көрдіңіз бе, жер жұтқырдың қонақ үйін! Менің мынадай ұсынысым бар. Егер қарсы болмасаңыз жеке орын алмай-ақ, сізбен бір бөлмеде болсам деймін. Сөйтіп, әрқайсымыз ақшаны екі есе аз төлейміз. Қалай, ө?

Шаян мырзаға атышулы Сараңмен бірге тұру ұнама-са да, оның Давилонға жай келмегенін түсіне қойды. Сондықтан ол Сараңсерімен бір бөлмеде тұруға келісімін берді. Азырақ қысылып-қымтырылғанмен, есесіне оның мұнда қандай мақсатпен келгенін біліп алармын деп ойлады.

Сараңсері мырзаны бөлмесіне ертіп әкелген Шаян:

– Кәне, жайғаса беріңіз. Көріп тұрсыз, орын екеуімізге де жетеді, – деді. Бөлмені көзімен шолып өткен Сараңсері жымыған болып еді, онысы тыжырынғандай әсер етті. Сонан соң Шаянға алғыс айтты да, жуынатын бөлмеге кірді. Осы жерде ол басындағы цилиндр қалпағын шешіп, соның ішінен тіс тазартатын шөтке мен ұнтақ, сүлгі, бірнеше бет орамал, ауыстырып киетін шұлық, көшеден тауып алған екі ескі шеге мен мыстан жасалған кішкене сымды алып шықты. Осыған қарап Сараңсері мырзаның цилиндр қалпағы бас киім ғана емес, сонымен бірге жол дорбаның және ескі-құсқы сақтайтын қойманың да қызметін атқаратынын түсінуге болады.

Шығарған заттарын шкафтың ішіне қойған соң, Сараңсері мырза цилиндрінен қой бүлдіргеннің хош иісі аңқыған бір кесек сабын алып шықты, бірақ осы кезде қол жуғыштың жанында тұрған дәл сондай басқа сабынға көзі түсті. Бұл Шаянның сабыны еді. Сабынын өлгі

сабынның жанына қойған Сараңсері сәл ойланып тұрды да, беті-қолын асықпай сабындап жуа бастады. Бірақ өз сабынын емес, Шаянның сабынын пайдаланған еді. Жуынып жатып, ол осылайша сабынын үнемдегеніне қуанумен болды. Жақсылап жуынып болып, Сараңсері мырза тісін тазартуға кірісті. Бұл жолы да ол өз ұнтағы емес, Шаянның ұнтағын пайдаланған еді. Тісін тазартып болған соң Сараңсері ұнтақтардың қайсысының иісі жақсы екенін білу үшін көпке дейін екі қорапты кезек-кезек ашып, иіскеп көрумен болды. Ол осылайша қораптың біріне мұрнын тақап иіскеп жатқанда, кенет қатты түшкіріп қалды да, ұнтақ бұрк етіп аспанға ұшты.

Сараңсері мырза аңғалдығынан ұнтақты босқа шашып алғанына ренжіп, жабырқап қалды. Бірақ қолындағы қораптың өзінікі емес, Шаяндікі екенін көргенде, сол сәтінде-ақ жүрегі орнына түсті. Әрі қораптың түбінде тағы кішкене ұнтақ қалған екен, соның жартысын өз қорабына қопарып салды да, көңілі көтеріліп, бөлмеге қайтып келді.

– Сізді кездестіргенім қандай жақсы болды, – деді ол өзін күтіп отырған Шаянға. – Мен, шынымды айтсам, әуелі өлгі Жыпық пен Алаяқ деген екі есуаспен сөйлеспекші едім, бірақ олардың орнына сізбен әңгімелесем де, ешбір айырмасы болмас деп ойлаймын. Қайта бұл дұрысырақ та болар. Сізбен бірлесе отырып, істі өз пайдамызға шешерміз. Түсініп отырсыз ба?

– Ол қандай іс? – деп сұрады Шаян.

– Үлкен бредламның өлгі екі Алаяққа үш миллион фертинг төлеуге келіскенін өзіңіз де естіген боларсыз... – деп бастады Сараңсері мырза әңгімесін.

Шаян мырза үш миллион фертинг жөнінде ештеңе естімеп еді, өйткені Жыпық пен Алаяқтың сұрағандары екі миллион ғана болатын. Алайда ол Сегізаяқ мырзаның бұл істен пайда тауып, бір миллионды өз қалтасына салып алғысы келгенін сол сәтінде-ақ түсіне қойды. Сараңсеріден аса маңызды құпияны естігенін сездірместен:

– Иә, иә, мен мұны білемін, әрине, – деді Шаян.

– Білсеңіз, енді былай, – деп жалғастырды сөзін Сараңсері. – Үлкен бредламның үш емес, төрт тіпті бес

миллион беруге де келісетініне сізді сендіргім келеді. Біз сізбен бірге Жыпық пен Алаяққа бес миллион сұрандар деп айтамыз да, ақшаны алған соң бір миллионын бізге беріңіздер деп шарт қоямыз. Сөйтіп, әрқайсымыз жарты миллионнан қалтамызға басамыз, сірә, бұл жаман болмас деймін, ө? Аз ақша емес қой!

Сараңсеріні тыңдап отырып, Шаян оның ұсынысының тиімді жақтарын таразылаумен болды. Ол өзі үшін бұл істің тиімсіз екенін бірден түсінді, өйткені үлкен бредламға қарсы шықса, қолдарында құдірет-күші бар капиталистердің ашу-ызасын тудырып алуы мүмкін еді, олар, әрине, өздерін ақымақ еткенді кешпейді. Сонымен бірге Шаян Сараңсерінің өте қауіпті нәрсеге бел байлағанын да ұқты. Мұның әрекеті Жыпық пен Алаяқтың құлқынын ашып жіберсе, ол екеуінің бес миллионға да тоқтамауы мүмкін, бұл жағдайда істің немен тынатынын болжау қиын. Әңгіме үстінде Сараңсерінің ақша бергісі келмей, үлкен бредламның мәжілісінен қашып кеткенін білген Шаян оған өз жоспарын айтпауды жөн деп тапты. Сондықтан:

– Мен сізге көмектесуге әзірмін, Сараңсері мырза, – деді ол. – Қаласаңыз Жыпық пен Алаяққа дәл қазір алып барайын, олар қаланың сыртында, саяжайда тұрады. Менің машинамен қазір-ақ жетеміз. Түскі тамақты солардан ішуімізге болады.

– Әбден орынды, – деп, қуанып кетті Сараңсері. – Қайта сонда тамақтанғанымыз дұрыс. Мұндағы ресторандар шетінен удай қымбат, оларға шашың да шақ келмейді. Тамақтануға болады.

– Онда дұрыс, – деді Шаян. – Рұқсат етсеңіз, мен сізді бір ғана минутқа қалдыра тұрайын. Сонан соң жүріп кетеміз.

Ол бөлмеден шығысымен қонақ үйдегі хат тасушы қызметкерді шақырып алды да, поштаға барып, Сегізаяқтың атына мынадай телеграмма жіберуді тапсырды: «Есектермен әңгімені бітіру керек. Суайтқаланың Сараңсерісі осында келді. Ендігі оқиғаларға жауапты емеспін. Шаян».

– Ал, мен даярмын, – деді ол бөлмеге қайта оралып. – Жүріп кетсек те болады.

— Сарансері мырза цилиндр қалпағын киді. Арада бес минут өткенде Шаянның сегіз цилиндрлі тамаша машинасы қала көшесін қақ жарып, құйындай ұшып келе жатты. Сарансерінің көңілі көтеріңкі еді. Ол алда сәтті іс тосып тұрғанын, машинаға тегін мініп келе жатқанын өрі түскі тамақты да тегін ішетінін ойлап, қуанышты болатын.

Бірнеше көше мен бұрылыстарды артқа тастап, машина қаладан шығып, атқан оқтай түп-түзу асфальт жолмен заулады. Оң жақта да, сол жақта да гүлдеп тұрған күнбағыс, сүйкімді, төтті иісі мұрын жарған қарақұмық, теңіздей толқыған бидай егістіктері бірін-бірі алмастырып, қалып жатты. Кейде бұлар бау-бақшасы көз тартатын деревнялардың тұсынан өтеді. Сарансері жан-жағына көз тастап, ширақ отыр. Табиғат көрінісі оны еріксіз таң қалдырып, баурап алыпты. Көк шалғында жайылып жүрген қойларды, не болмаса қазыққа ұзын жіппен байлап қойған ешкіні көрсе де мәз болып, Шаянды шынтағынан тартып:

— Қараңызшы, қараңызшы, қойлар! Шын айтамын, қойлар! Өздері шеттерінен қандай сүйкімді! Ал ана бір ешкіні қараңыз! Ешкіні қарасаңызшы! Неге қарамайсыз? — деп дегбірсізденіп, айқай салады.

Рульде отырған Шаян оның бұл қылығына іштей күліп қояды. Жол кенеттен үлкен доға жасап иілген тұста ортасында тоғаны бар жасыл алаң көзге шалынды. Тоғандағы суда аппақ қаздар жүзіп жүр. Тып-тыныш тоған бетіндегі жайнаған су лаласы, ақ гүлдер, баяу қалқыған аппақ құстар Сарансеріге қатты әсер еткені сондай, ол әуелде тіл-аузы байланғандай, сөйлей алмай қалды, бар болғаны үн-түнсіз Шаянның жеңінен тартып, жұлқылай берді. Тек сәлден соң ғана оның құлағына аузын тақап:

— Қаздар! Қаздар! — деп айқайлап жіберді.

— Сіз, немене, өмірі қаздарды көрмеп пе едіңіз? — деп таңырқады Шаян.

— Көрген жоқпын, өтірік айтсам, оңбай кетейін! Егер, дәлірек айтсам, қашан көргенім есімде жоқ. Мен, шын-нында, қаладан ешқайда шықпаймын ғой.

— Сіз шын айтып отырсыз ба? — деп сұрады Шаян сенер-сенбесін білмей.

– Имандай шыным, Шаян мырза. Оған уақыт бар ма? Мен өмір бойы ақша табумен ғана айналысып келемін, керек десеңіз, хайуанаттар паркіне де барған емеспін. Оған барудың қажеті не? Кіру үшін ақша төлеуге тиіссің. Өйтіп лақтыра берсең ақша шақ келе ме? Бұл жұрт не ойлап таппайды! Мен олардың аңдарына жай ғана қарағаным болмаса, жеп қоймаймын ғой. Сонда ақшаны не үшін беруге тиіспін?

– Аңдарды асырап, бағу керек, олардың тамағы ақшаға сатып алынады ғой, – деді Шаян.

– Алса қайтейін! – деп күңкілдеді Сараңсері. – Аңдардың тамағына ақымақтар ақшасын шаша берсін, ал мен ондай бай емеспін. Аңдар менсіз де өйтіп-бүйтіп күнін көрер деп ойлаймын.

– Бірақ, сіз, менің байқауымша, аңдарды өте жақсы көретін болуыңыз керек, – деді Шаян мырза.

– Жақсы көремін, онбай кетейін, мұны сіз дәл байқағансыз. Кейде кездейсоқ кішкене хайуанды көргенде еркелеткің, арқасынан сипағың, әлдеқандай жылы сөз айтқың, тіпті сүйіп алғың келеді... Сенбейсіз бе? Шын айтамын! Бірде көшеде күшікті көрдім. Әлгінің сүйкімділігі сондай, қолма-қол дүкенге кіріп, өкпе-бауырдан жасалған шұжық өпергім келіп кетті, бірақ бақытыма қарай қалтамда майда ақшам болмай шықты, ал он фертингті ұсақтағым келмеді. Ақша дегенің кірпияз нәрсе: он фертинг тұтас болып тұрса ғана он фертинг, одан бес сантикті жұмсап көрші – он фертинг болмай қалады. Ім!

– Қазір Жыпық пен Алаяққа барған соң, сіз аңқұстың неше түрін көресіз, – деді Шаян мырза. – Олардың саяжайында тоған бар, онда қаздар да, үйректер де, тіпті аққулар да жүзіп жүреді.

– Шынымен-ақ, аққу да бар ма?

– Иә. Ал бақ ішінде үй қояндары, цесаркалар¹, қырғауылдар еркін жүреді. Аюдың қолға үйретілген қонжығын да көресің. Сондай сүйкімді!

– Шын айтасың ба? Тістемей ме?

– Неге тістесін? Ол өзіңе еркелегенде қошақан есіңе түседі.

¹ Ц е с а р к а – тауық тектес өдемі құс.

– Аркасынан сипауға бола ма?

– Әрине, қазір барған соң қанша сипасаныз да еркіңіз білсін.

Сараңсері шыдамсызданып, отырған орнында қозғалақтай бастады. Аюдың қонжығына тезірек жетуге, еркелетіп ойнауға асығып келеді.

Шаян мырза әлдеқашан тас жолдан шығып, орман арасындағы жолмен келе жатқан. Жол жиегінде ай самырсындары, емендері, талшындары, сондай-ақ бамбуктары көзге түседі. Бұл ағаштардың бәрі де біздің жердегідей биік емес, айдағы өзге өсімдіктер сияқты аласа еді. Шаян мырза ағаштардың сиректеу тұсына келгенде, жылдамдықты азайтып, жолдан бұрылды да, орман ішіне қарай жолсызбен тартты.

Машинаның шоқалақтап кеткенін сезген Сараңсері мырза жан-жағына көз салып, өздерінің орман арасында жолсызбен жүріп келе жатқандарын білді де:

– Біздер жолдан неге шығып кеттік? – деп сұрады.

– Төте жолға түстік, – деді Шаян. – Тезірек жетеміз.

Орман ішіне едәуір бойлай енген соң, Шаян кенеттен машинаны тоқтатты да, кабинадан шығып, капотты ашып, моторды шұқылап көре бастады. Ол от алдыратын тетікті байқатпай өшіріп тастады да, қайтадан машинаға отырып, аяғымен стартердің педалін басты. Стартер, қаңылтырды қамшымен сабағандай үн шығарып, қырқыр етіп, от алмады.

– Бір жері бұзылды ма? – деп сұрады Сараңсері жаны аши сөйлеп.

– Қақалып қалды, – деп қостады Шаян қам жеген үнмен.

Ол машинадан түсіп, моторды тағы да шұқылап көрді, стартерді қайта басты. Сонан соң:

– Двигатель қызып кетті-ау деймін, – деді. – Азырақ жаяу жүруімізге тура келеді. Баратын жеріміз енді алыс емес.

Сараңсері кабинадан ықылассыз түсті. Шаян мырза жүк салғыш қорапшаны ашып, жіп алып, байқатпай қалтасына салды. Кабинаның есігін тарс еткізіп жапты да, орманның қалыңына қарай бет түзеді. Сараңсері мырза

түбіртектерге сүріне-қабына, мұндай сөтсіздікке іштей сан қайтара реніш білдіріп, оның соңынан ілби ілесті.

Кешікпей Шаян мырза өздерінің мүлгіген қалың жыныстың ортасына кіргенін көрді де, кілт тоқтап:

– Біз адасыңқырап кеттік-ау деймін. Бұған не айтасыз? – деп сұрады.

– Не айта аламын? Мен сізді емес, сіз мені бастап келе жатқан жоқсыз ба, – деп Сараңсері орынды жауап берді.

– Мұныңыз рас енді! – деп күнкілдей сөйледі Шаян. – Саспаныз, қазір мен ағаштың басына шығамын да, қай жаққа жүруіміз қажет екенін бағдарлаймын. Маған мына бір самырсынға өрмелеп шығуға көмектесіп жіберіңізші.

Олар өзге ағаштардан бойы озып тұрған самырсының түбіне келді. Жоғары қарап, ағаштың бұтақтары едәуір биікте екенін көрген Шаян мырза Сараңсеріні арқасымен ағашқа сүйеп тұрғызып қойды да:

– Сіз қозғалмай тұрыңыз, мен иығыңызға шығайын, сонда бұтаққа қолым жетеді. Қазір, сөл ғана сабыр етіңіз, өуелі бәтіңкемді шешейін.

Шаян еңкейді де, бәтіңкесін шешудің орнына қалтасынан аңғартпай жіп алып шығып, ө дегенше болмай, Сараңсеріні белінен самырсын ағашына таңа қойды.

– Әй! Әй! – деп айқайлады Сараңсері. – Мұныңыз не?

– Мен сізді ағашқа байлап қоюм керек, өйтпесе, иығыңызға шыға бастағанымда құлап қалуыңыз мүмкін, – деп түсіндірді Шаян.

Ол осылай деді де, қолындағы жібін босатпай, самырсынды айналып жүгіре жөнелді. Сөйтіп, Сараңсері мырзаның қол-аяқтары, өзі де ағашқа мықтап таңылып, жіппен жиі шандылған булон шұжығына ұқсап қалды.

– Әй, өзілді қойыңыз! – деп айқайлады Сараңсері, өзінің қозғалуға шамасы келмей қалғанын сезіп. – Мені дереу босатыңыз, болмаса өзгелерді көмекке шақырып, айқайлаймын.

– Айқайлап қайтесіз? – деп басу айтты Шаян. – Егер сізге өлдене керек болса, мен өзім-ақ көмектесемін.

Шаян сөйлей жүріп, Сараңсерінің жерге түсіп қалған цилиндрін көтеріп, қайтадан басына кигізді, құлап жатқан таяғын алып, жанына, ағашқа сүйеп қойды.

– Көрдiңiз бе, қандай жақсы болды, – дедi ол.

– Менi босатыңыз, әйтпесе үстiңiзге түкiремiн, – деп айқайлады Сараңсерi.

– Түкiргенi несi? Оныңыз мәдениетсiздiк болады, – дедi Шаян.

Сараңсерi алайда, бұл сөзге қарамай, түкiрiп жiбердi, бiрақ Шаянға тигiзе алмады.

– Көрдiңiз бе, мұныңыз жақсы емес, – дедi Шаян сабырлы сөйлеп. – Ендi мен аузыңызды тығындап қоюға мәжбүр боламын.

Ол қалтасынан машинасын сүртiп жүрген кiр-кiр шүберектi шығарды да, жұмарлап, Сараңсерiнiң аузына тықты. Сараңсерi оны тiлiмен итерiп шығарып тастамауы үшiн, аузын бет орамалымен және таңды. Ендi Сараңсерi басын жай ғана шайқап, ыңыранғаны болмаса, басқа еш нәрсе iстей алмайтын едi.

– Бiттi, – дедi Шаян Сараңсерiнi айналып, мұқият қарап шығып. – Бәрi дұрыс iстелген сияқты. Таза ауа жұтып, табиғат көрiнiсiн тамашалай тұрыңыз. Күн батқанша келiп, сiздi босатып алармын деп ойлаймын. Ал өзiңiз құтыламын деп жұлқынып, күшiңiздi текке жұмсамауға кеңес беремiн. Бәрiбiр одан түк шықпайды.

Шаян мырза Сараңсерiге қоштасу ретiнде қол бұлғады да, тоғай iшiнде қалған машинасына қайта отырып, қаланы бетке алып жүрiп кеттi.

Он тоғызыншы тарау

ҚАШҚЫНДАР

Шаян мырза қонақ үйге оралса, Сегiзаяқтан телеграмма келген екен.

«Есектермен сөздi бiтiрiңiз. Банктен екi миллион алыңыз. Тындырғаныңыз жөнiнде телеграмма соғыңыз. Сегiзаяқ», – деп жазыпты ол.

Осы телеграмманы оқып шыққан Шаян қолма-қол телефон соғып, Жыпық пен Алаяқты шақырып алды.

– Ал тыңдандар, балақайлар, – дедi ол Жыпық пен

Алаяқ келісімен. – Енді шапшаң қимылдау қажет. Үлкен чемодан сатып алындар, акциядан түскен ақшаны соған салындар да, әлгі Дымбілмес пен Серкештерінді ертіп, осында жетіндер. Мұнда сендерді ішіне екі миллион салынған тағы бір чемодан күтіп тұрады, мен қазір сол ақшаны алуға банкке барамын. Бұл жерден бәріміз Ұрықалаға жүріп кетеміз, онда барған соң сіздер қалаған жақтарыңызға кетесіздер. Сонымен қайда баратындарыңызды шештіңіздер ме?

– Бас-Масаға. Теңіз жағасында сондай қала бар. Әбден жалыққанша Бас-Масада бола тұрамыз, кейін саяхатқа аттанамыз, – деді Жыпық.

– Тамаша, – деді Шаян. – Бас-Масада жақсылап көңіл көтеруге болады. Дегенмен, ақшаң болса қай жерде де жаман емес.

– Бәріміздің бірден жүріп кетуіміз дұрыс болмайды, – деді Алаяқ. – Ол күдікті көрінуі мүмкін. Біз, Жыпық екеуіміз, бүгін кетеміз, ал Дымбілмес пен Серкеш жолға ертең шығады. Оларға поездың билетін күн ілгері алып қоямыз.

– Олай етуге де болады, – деп келісті Шаян. – Іске кірісе беріндер, мен банкке ақшаға барып келейін.

Жыпық пен Алаяққа осылай дегенмен, Шаян бірден банкке барған жоқ, әуелі «Давилон сықақтары» газетінің редакциясына соқты. Бұл газеттің иесі тура Сегізаяқ мырзаның өзі еді. Басқаша айтқанда, ол Сегізаяқтың ақшасына шығарылатын. Редакция үйі, газет басатын машиналар мен баспахананың құрал-жабдықтары түгелімен Сегізаяқтың меншігі болатын. Редактордан бастап, ең елеусіз әріп терушіге дейін – редакцияның барлық қызметкерлеріне жалақыны Сегізаяқ төлейтін. Оның есесіне, газетті сатудан келетін табыс толығымен Сегізаяқтың қалтасына құйылатын.

Бірақ осы жерде, газеттен түсетін табыстың оншалықты мөз емес екендігін, көбінесе ол жұмсалатын шығыннан асып кете бермейтінін айтып өту орынды. Сегізаяқ мырза газет шығару арқылы табыс табуға ұмтылмайтын да. Газет оған тікелей пайда келтіру үшін емес, өзі шығаратын заттарды емін-еркін насихаттау үшін қажет болатын. Ондай насихат аса ептілікпен

жүргізілетін. Мысалы, газетте көркем өңгіме дегендер жиі басылатын және оның кейіпкерлері шай ішуге отыра қалса, автор міндетті түрде олардың шайға салатын қанты Сегізаяқтың заводында жасалғанын айтатын. Шай құюшы әйел Сегізаяқтың заводы шығарған қантты бойға сіңімді, тәтті деп мақтап, өзінің одан басқа қант сатып алмайтынын міндетті түрде ескерте кететін. Егер өңгіме авторы өз кейіпкерінің сырт келбетін суреттесе, сөз арасында қалайда ретін келтіріп, оның үстіндегі пенжағынның сатып алынғанына он-он бес жыл өтсе де, өлі күнге жап-жана болып көрінетінін, өйткені ол Сегізаяқтың фабрикасы шығарған матадан тігілгенін айта кететін. Ол өңгімелердегі барлық ұнамды кейіпкерлер, яғни жақсы, бай, ауқатты, орнықты ергежейлілердің бәрі де міндетті түрде Сегізаяқтың фабрикасында шығарылған маталарды сатып алып, сол фабрикалар шығарған қант пен шайды ішетін. Олардың тұрмысының ауқатты болуының кілті осында деген ой салатын. Өйткені ол маталардан тігілген киім ұзақ киіледі, тозбайды, ал қант мейлінше тәтті болғандықтан аз жұмсалады, сөйтіп ақша үнемделеді, байлыққа байлық қосылады. Ал өңгімелердегі жағымсыз ергежейлілер басқа фабрикалардың шығарған матасын пайдаланып, өзге фабрикалардың қантымен шай ішетін, сондықтан олар әрдайым сәтсіздікке ұшырайтын, ауыратын, қайыршылықтан құтыла алмайтын.

Осындай «көркем» өңгімелерден басқа, газетте Сегізаяқтың қанты мен мата бұйымдарын мақтайтын әдеттегі жарнама-хабырландырулар басылатын. Бірыңғай жарнама-хабарландырулар мен көркем өңгімелер оқушылардың назарын аудара алмайтыны белгілі, сондықтан газетте күн сайын әр түрлі қызықты оқиғалар жөніндегі хабарлар, оқушыларды күлдіретін әзіл-оспақ, мысқыл, шағын өңгімелер жарияланатын. Әзіл-оспақтарды оқиын деп газетті сатып алған ергежейлі «көркем» өңгімелерді де қарап шығатын, газетті шығарушыларға керегі де сол еді.

Редактордың кабинетіне кірген Шаян мырза (редактордың есімі Атжалман еді) әр түрлі қолжазбалар үйіліп жатқан столдың басында отырған, сырт бейнесі семіріп кеткен кәрі атжалманды еске түсіретін, үстіне

сұр костюм киген ергежейліні көрді. Оның беті – біреу екі жағынан күшпен сығымдап, алға қарай ұзартып қойғандай ұзын, үшкір мұрны өне бойы иіс аңдығандай жыбыр-жыбыр етіп, қозғалып тұрады екен, аузы кішкене, қып-қысқа, үстіңгі ернінің астынан өткір, аппақ екі күрек тісі сорайып шығып тұр.

Өзі бұрыннан танитын Шаянды көрген бойда Атжалман мырза күлімдеп қоя берді. Ұзын екі күрек тісі одан сайын ілгері шығып, кем иегіне барып тірелді.

– Мен білсем, сізді мұнда алып келген асығыс, әрі маңызды шаруа болар? – деді ол амандықтан соң.

– Сіз қашанғы әдетіңіз бойынша дәл үстінен түстіңіз, – деп күлді Шаян.

– Оны аңғару қиын емес, өйткені майда тапсырмаларды Сегізаяқ мырза қағазға жазып, немесе телефон арқылы айта салатын, – деп жауап берді Атжалман.

– Бұл жолы телефонға да, поштаға да сенуге болмайтын жұмыспен келдім, – деді Шаян.

Ол есікке бір қарап, оның жақсылап жабылғанына көз жеткізді де, Атжалманға жақындай отырып, даусын бәсеңдетіп:

– Әңгіме Алып өсімдіктер жөнінде, – деді.

– Немене, Алып өсімдіктер қоғамының күні бітуге таяды ма? – деп сұрады Атжалман бірден елен етіп, ауадан иіс сезгендей мұрны жыбырлап.

– Быт-шыты шығуға тиіс, – деп Шаян «тиіс» деген сөзге салмақ түсіре, нығарлай айтты.

– Тиіс?.. Ә, тиіс деңіз! – деп, қайтадан күлімдеді Атжалман үстіңгі күрек тістері кем иегіне тіреліп. – Егер тиіс болса, солай болатынына күмәніңіз болмасын! Ха-ха!.. – деп ол тышқанға ұқсаған тұмсығын жоғары көтеріп, қарқылдап күлді.

– Газет бетінде жаңағы өзіңіз айтқан қоғамға сенбестік білдіріп, көлеңке түсіретіндей шағын ғана мақала жариялануы керек, – деп түсіндіре бастады Шаян. – Алып акциялардың иелері өздерінің алаяқтардың арбауына түсіп қалғанын, сатып алған заттарының түкке тұрмайтынын сезінетіндей болсын. Алайда мұны анықтап, кесіп айтудың қажеті жоқ. Тек қана күдік туып жетеді.

– Түсіндім, – деді Атжалман. – Аз ғана күдік туса жұрттын бәрі акцияларын сатуға ұмтылады. Екі күн өтпей-ақ олары бір фертингтің орнына бес сантиктен сатыла бастайды. Шамасы, Сегізаяқ мырза сол акцияларды осы жолмен қолға түсіріп, кейін, бағасы қайта көтерілгенде, қымбатқа сатпақ қой?

– Сегізаяқ мырза жоспары жайлы менімен кеңескен жоқ, – деді Шаян қатқыл үнмен. – Ертеңгі газетте осындай мақала жариялануға тиіс, өзгесінде сіз бен біздің шаруамыз жоқ.

– Түсінікті, – деп Атжалман мырза қайта-қайта басын шұлғыды.

– Және мынаны ескеріңіз, – деді Шаян. – Мұндай мақала шығатынын алдын ала ешкім де білмеуі керек.

Шаян шығып кетісімен-ақ Атжалман мырза алдына ақ қағазды жайып жіберіп, қаламын қолына алды да, шұқшиып, әлденені асығыс жаза бастады. Әріптері шетінен ірі, тұмсығы үшкір, құйрығы ұзын болып түсіп жатты. Сырт қарағанда ол жазу жазып емес, қағазға ылғи сеп-семіз егеуқұйрық тышқандардың суретін салып отырғандай әсер қалдырады.

Ақ қағаздың бір бетін осындай егеуқұйрық тышқандардың суретімен толтырып болған соң Атжалман мырза электр қоңыраудың түймесін басты.

– Мынаны тез теруге беріңіз, – деді ол, кіріп келген хатшы әйелге жазылған қағазды ұсынып. – Және байқаңыз, аузыңыздан бірде-бір сөз шығып кетіп жүрмесін, – ол саусағымен ернін, дәлірек айтқанда, тістерін басып, ыммен де көрсетті.

Хатшы әйел қағазды алысымен бөгелмей шығып кетті, ал Атжалман мырза акциялардың бағасы түсісімен молырақ сатып алу үшін ақшаны қайдан алсам деп ойланып, отырып қалды.

Шаян редактор Атжалманмен өңгімелесіп, одан банкке барып, ақша алып жүргенде, Жыпық пен Алаяқ та бос отырмай, іске кіріскен. Олар әуелі вокзалға барып, ертеңгі жүретін поездға Бас-Масаға дейін екі билет сатып алды. Қайтар жолда универмагқа соғып, оқ өтпейтін фибролиттен жасалған үлкен шамадан алды. Кинотеатрлардың жанынан өтіп бара жатып, тағы тоқтап,

«Жұмбақ бейтаныс немесе буындырылып өлтірілген алтау мен қара майға тұншығып өлген біреу туралы» деген киноға билет алды. Осыдан соң кеңсеге қайтып келді.

– Ал, бауырлар, сендер бүгін жеткілікті қызмет еттіңдер, – деді Алаяқ Дымбілмес пен Серкешке. – Мына билетті ұстандар да, киноға барындар. Кино біткен соң тамақтанындар, тынығындар. Бүгін мұнда қайтып келмей-ақ, жұмысқа ертең таңертең шықсандар болады. Біз бүгін Жыпық екеуіміз сендердің орындарыңа істей тұрамыз. Мына ақшаға тамақ ішіндер.

Дымбілмес пен Серкеш ақша мен билетті алып, қуана-қуана киноға кетті. Жыпық стол басына отырып, келушілерге акцияларды сата бастады, ал Алаяқ отқа күймейтін шкаф тұрған бөлмеге барып, ондағы ақшаны шамаданға қотарып жатыр. Кассада бір фертингтің де қалмағанына көзі жеткен соң ол қойын кітапшасынан бір парақ қағаз жыртып алып, қарындашпен өлденені шимайлап жазды да, темір жол билеттерімен қоса шкафтың ішіне салып қойды.

Кеңсеге қайта кірген Алаяқ басқаларға сездірмей Жыпыққа көзін қысып, саусағымен ақша толы шамаданды түртіп, белгі берді. Жыпық бәрі дайын екенін бірден түсінді. Ол стол басынан тұрды да, іштегі ергежейлілерді сіздер енді ертең келіңіздер деп сыртқа шығарып жіберді. Осыдан соң олар кеңсені жауып, шамаданды ұстап, тайып тұрды.

Арада он минут өткенде екеуі қонақ үйде Шаян әкелген ақшаны санап отырды. Екі миллионды бір-бірлеп санап шығуға, әрине, көп уақыт кетер еді, бірақ ақшалар оң мыңнан буылып, бөлініп қойғандықтан достар бұл істі тез бітірді. Олар әр тұстан алынған бірнеше буманы ғана санап шықты. Шаян әкелген шамадандағы ақшаның түп-тура екі миллион екеніне көзі жеткен соң, Алаяқ одан жүз мың фертингті бөлек шығарып, Шаянға ұсынды.

– Мынау сіздің үлесіңіз. Мұны адал еңбегіңізбен таптыңыз. Игілігіңізге жаратыңыз, – деді ол.

– Рақмет сіздерге, достарым, – деді Шаян. – Ал енді қаладан тезірек жүріп кетуге тиіспіз, әрі біздерді жоқ жөнекей тағы бір өте пайдалы іс күтіп тұр.

– Ол қандай іс? – деп танданды Жыпық пен Алаяқ.
– Атақты миллионер Сараңсеріні тұтқыннан босатуға тиіспіз.

– Оған не болыпты?

– Оны қаракшылар тобы ұрлап әкетіпті, енді көп ақша берсе ғана босатамыз дейтін көрінеді. Олардың Сараңсері мырзаны қай жерде тығып ұстап отырғанын мен кездейсоқ біліп қалдым, – деп түсіндірді Шаян. – Сөйтіп, біз Сараңсеріні оп-оңай босатамыз. Еңбегіміз үшін лайықты сыйлық берсе ғана, әрине. Ол бізге ірі сомаға чек жазып беруге көнер деп ойлаймын, содан соң, чек бойынша банктен ақша аламыз.

– Құтқарғанымыз үшін ол сараңнан қанша сұрағанымыз жөн болар еді? – деді Алаяқ.

– Бір миллион сұрауға болады.

– Миллион?! – деді Алаяқ дауыстап.

– Сіздіңше, бұл көп пе? – деп абыржып қалды Шаян.

– Меніңше, аз, – деп жауап берді Алаяқ. – Екі миллион бермесе, әуре болудың да қажеті жоқ.

– Жарайды, одан үш миллион сұрайық та, істі бітірейік, – деп ұсыныс жасады Жыпық. – Сонда әрқайсымызға бір миллионнан келеді.

– Бұл ұсыныс ақылға қонады, – деп қостады Алаяқ. – Кеттік ендеше.

Сараңсері мырза бұл кезде бәрінен күдер үзген-ді. Шаян ағашқа танып қойғанда, ол әуелде қатты сасып қалды. Кінәсін сұрауға да шамасы келмеді. Бұл оқиға оған ешқашан құлақ естімеген зорлық болып көрінген. Осыған дейін ешкім оны еш уақытта ағашқа бұлай қорлап байламаған еді. Арамза Шаян аузына тығындап кеткен шүберектің адам төзгісіз сасық бензин иісінен басы айналды, өзінің гүрс етіп құлап түсуге жақын екенін анық сезді. Егер ағашқа мықтап танулы тұрмағанда, мүмкін, құлап та қалар ма еді, қайтер еді. Ақырында есінен танып қалды да, өзіне-өзі келе салысымен, байлаудан босанбақ болып, бүкіл денесімен жұлқына бастады. Бірақ жіп денесін бұрынғыдан да ауырта түскені болмаса, басқа ешқандай пайда көрмеді.

Бостан-босқа арамтер болған қаракетінен еш нәрсе шықпасына көзі жеткен Сараңсері бұлқынуын қойды.

Қозғалмай көп тұрғандықтан аяқ-қолы, бүкіл денесі қатты ұйып, салдырап қалды. Бірте-бірте өзінің денесін де, оның ауырғанын да біржола сезуден қалды.

Тек жып-жылы, ерке жел ғана оның бетін сипап, ағаш жапырақтарын сыбдырлатып қояды. Ағаштар бұған өздерінің мап-майда, жасыл жапырақтарын бұлғап, орман тілінде жайлап қана бір нәрсе деп сыбырлайтын сияқты. Шөп арасынан соншалықты нәзік қызғылт және көгілдір гүлдер бас шұлғиды. Сарансері олардың атын білмегенмен, өдемілігіне төнті болды. Ағаш бұтақтарында кеуделері қызыл, кішкентай құстар көңілдене әнге басуда. Олар кейде қанаттарын қағып қалып, шөп арасына келіп қонады да, өлденені шұқып-шұқып, қайтадан жоғары ұшып кетеді. Сарансері бұрын орман құстарын мұншалықты жақыннан көрмегендіктен оларға сүйсіне, қызықтай қарайды.

Сарансерінің қозғалмай тұрғанын көрген соң, құстар қорқуды қойып, төңіректен ұша бастады. Біреуі келіп оның иығына отырып алды. Шамасы, ол Сарансері өртенген түбіртек сияқты, жансыз бір нәрсе болар деп ойласа керек. Құс Сарансерінің иығында басын біресе оң жағына, біресе сол жағына қисайтып, айналаға қарап, біраз отырды. Сонан соң кенет ұша жөнелгенде, қанаты бетін сипап өтті. Кішкентай сүйкімді құстың жұп-жұмсақ қауырсынының тиіп кеткені Сарансерінің жан-дүниесін астан-кестен етіп, жүрегін елжіретіп, көзіне жас келтірді.

«Дүние неткен ғажап, өмір неткен тамаша! Бұрын мен мұны қалай байқамағанмын? Орманға келіп, осы сұлулықты неге көрмегенмін? Осыдан аман-есен құтылар болсам, күн сайын орманға келіп, ағаштарды, гүлдерді тамашалап, жапырақтардың нәзік сыбдыры мен құстардың қуанышты әніне, шегірткелердің көңілді шырылына құлақ салар едім, көбелектер мен инеліктердің ұшқанын, сүйкімді, еңбексүйгіш құмырсқалардың тіршілігін, үйрек-қаздарды, күркетауықтарды, жарық дүниеде тіршілік кешетін барлық-барлық мақұлықтарды қызықтап, бұдан ешқашан жалықпас едім!» деп ойлады ол.

Біраз жылап алған соң, Сарансері тынышталайын деді. Көңіл-күйі жақсарып:

– Дегенмен, үміт үзуге ерте. Біреу болмаса, біреу келіп босатуға тиіс, – деп өзіне-өзі дем берді.

Өзін құтқарған ергежейліге қандай жақсылық жасайтынын ойлады.

«Мен одан еш нәрсе аямаймын, – деп қиялдады ол. – Оған түп-тура бес фертинг беремін... Иә... егер оған бес фертинг бермесем, оңбай кетейін... Бірақ дегенмен, егер шындыққа келер болсақ, бес фертинг, әрине, көбірек. Одан да үш, немесе бір фертинг те жарап қалар».

Осы сәтте ол абайламай, қимылдап қалған еді, жіп бүйіріне қатты батып, айқайлап жіберуге шақ қалды.

«Жоқ, жоқ, бес фертингті тұтас беремін, – деді ол. – Мұндай істен ақша аяуға болмайды. Басқа нәрседен үнемдермін есесіне».

Уақыт өте берді, бірақ Сарансеріні ешкім келіп құтқармады. Сондықтан ол:

«Мейлі, он фертингті қидым, – деді. – Тек біреу тезірек келсе екен. Әйтпесе мына жерде жан-тәсілім етіп, сілейіп қалуға да болатын шығар».

Арада төрт сағат өткенде, ол өзін құтқарушыға жиырма фертинг бермекші болды. Бас-аяғы бір сағаттың ішінде ол соманы бірте-бірте отыз, қырық, елу... жүз фертингке дейін көтерді.

– Мисыздар! – деп ыза болды ол, өзінің болашақ құтқарушыларына. – Ауыздарын ашып, барлығы да беттерімен лағып жүреді, осында келіп, жүз фертинг алу бірде-бір ақымақтың ойына келмейді. Жүз фертинг жолда жатыр ма екен! Маған біреу жүз фертингті тегін алуға болатын жерді айтсыншы, қайда болса да жүгіріп барайын. Жердің түбіне, тіпті одан да алысқа баруға әзірмін! Өтірік айтсам, оңбай кетейін!

Ол біраз уақыт демін ішінен алып, тың тындады, бірақ ешбір сыбыс естілмейді.

«Мисыздар, есектер, есуастар! – деді Сарансері терісіне сыймай. – Қандай салғырттық! Жүз фертинг бергім келген еді, енді оларға сайтан да жоқ! Келмей-ақ қоюларына болады!.. Міне, әрдайым осылай! Өздері табыс табу үшін саусақтарын да қимылдатқысы келмейді, сонан соң бәріне байларды кінәлайды! Күл болмаса, бұл болсын, бәрі!» Ақша төлемеу жөніндегі шешіміне

тасасына жасырынып қалғандықтан, Сараңсері оны анықтап көре алмай қалды. Қалған екеуі аяндап мұның жанына келді. Оқушылар бұл екеуінің Жыпық пен Алаяқ екенін бірден түсінген болар деймін.

Сараңсеріге екі қадам қалғанда, олар тоқтады да, мұны анықтап көріп алды. Содан соң Жыпық:

– Қателеспесем Сараңсері мырза боларсыз? – деп сұрады.

– М-м! М-м! – деп Сараңсері қуана ыңыранып, басын изеді.

– Қалада сіздің қарақшылар қолына түсіп қалғаныңыз, олар сізді босату үшін көп ақша сұрайтыны белгілі болды. Біз сізді құтқару үшін келдік, – деді Жыпық.

– М-м! М-м! – деп қайтадан ыңыранды Сараңсері.

– Алдымен мұның аузындағы шүберекті шешкеніміз жөн болар, – деді Алаяқ. – Әйтпесе ешқандай жауап ала алмаймыз.

– Дұрыс айтасың, – деп келісті Жыпық.

Ол Сараңсерінің қасына келіп, аузын байлаған ормалды шешті. Сараңсері шүберекті тілімен итеріп сыртқа шығарып тастап, түкірініп алды да:

– Фен-дер-ге рах-фет! Буф-фу-фе-рек бә-фе боф-ды! I-hi!.. Түү! Бә-фе-боф-дф. Бә-фе-боф-ды! – деді.

– Айтқанын титтей түсінсем, тіл тартпай кетейін! – деді Жыпық.

– Шамасы, бұл «бөле болды» деп тұрған сияқты, – деді Алаяқ. – Аузын тығындаған шүберекті айтып тұр бізге.

– Фо-фай! Фо-фай! – деп Сараңсері қуана басын изеді. – Бә-фе боф-ды. Бә-фе – боф-ды! Фо-фо-фай! Тфу!

– Жарайды енді, сабыр етіңіз, – деп Жыпық оны жұбата бастады. – Еш нәрсе етпейді. Күні бойы таңулы тұрған ауыздың бірден икемге келе қоймауы заңды. Қайрат-жігеріңізді жиып, тіліңізбен жаттығу жасап көріңіз. Аузыңыз икемге келген соң, сөзіңіз де түзеледі.

Сараңсері аузын икемге келтіру үшін әр түрлі сөздерді айта бастады. Кешікпей-ақ тілі сөйлеуге келді. Бірақ «р» әрпін айта алмай қалды. Оның орнына аузынан «ф» шығады.

– Мұның оқасы жоқ, – деді Жыпық. – Енді келіссөзді жалғастыруға болар деп ойлаймын. Сіз шаруақор ергежейлі болғандықтан, өзіңізді тегін босатпайтынымызды түсінуге тиіссіз. Дұрыс па айтқаным?

– Дұфыс, дұфыс! – деп қостады Сараңсері, – Сіздеф менен қанша акша сұфамақсыздаф?

– Үш миллион, – деп жауап берді Жыпық.

– Немене? – деп дауыстап жіберді Сараңсері. – Үш миллион немене?

– Үш миллион ескі галош емес, үш миллион фертинг, әрине.

– Тағы да үш миллион фертинг пе? Бұл тапа-тал түсте тонау ғой! – деп айқайлады Сараңсері.

– Ұялсаңызшы, Сараңсері мырза! Мұның несі тонау? Біз сізді зорлап отырған жоқпыз. Біз сізбен келісімге келсек дейміз. Біз – сізге, сіз – бізге дегендей. Біз өлдеқандай қарақшылар емес, адал кәсіп иелеріміз.

– Иә, қафақшы емес шығафсыздаф! – деп күңкілдеді Сараңсері. – Мүмкін, нағыз қафақшы сердеф шығафсыздаф! Мен оны қайдан білемін!

– Мұныңыз ұят, ұят, Сараңсері мырза. Сіз неге бізге тіл тигізесіз? Біз де сізді қарақшы дей алар едік. Адал ергежейлілерді орманға әкеліп, ағашқа таңбайды.

– Жафайды, – деп күңкілдеді Сараңсері. – Үш миллион деген бөфі біф үлкен сома.

– Өзіңіз бізге қанша төлегіңіз келеді? – деп сұрады Алаяқ.

– Қанша? – дейсіз бе?.. Мен сіздефге бес.. жоқ, үш фефтинг бефе алаф едім.

– Қанша? – деп Алаяқ айқайлап жіберді. – Үш фертинг? Сіз бізді кім деп ойлайсыз? Біз қайыршы емеспіз, сізден қайыр сұрап келген жоқпыз. Шамасы, сіз өзіңізді босатқанды қаламайтын сияқтысыз. Несі бар. Біз ешкімді де зорлап құтқармаймыз.

– Құтқафғанды неге қаламаймын? – деп қарсылық білдірді Сараңсері. – Сөзіме сеніңіздер, мұнда байлаул тұфғанның еш қызығы жоқ.

– Ендеше неге үш фертинг беремін дейсіз. Мұның естіген құлақтан ұят қой.

– Мейлі, онда бес-ақ фефтинг болсын. Бес фефтинг аз ақша емес, сөзіме сеніңіздеф.

– Кеттік, бұл жерден, – деді Жыпық ызаланып. – Бұл өзін құтқарғанды қаламайтын болып шықты.

Жыпық пен Алаяқ жылдам басып, кете барды.

– Ей! – деп айқайлады оларға Сарансері. – Шынымен, кеткендефің бе? Он фефтинг алғыларың келе ме? Ей! Тоқтандар! Жиырма беремін!.. Алғылағың келмей ме, мейлілефің, жүфе бөфіндеф! Мені басқа біфеу афзаныфаққа босатады!

Жыпық пен Алаяқ көзден таса болғанын көрген Сарансері олардың қойған шарттарына неге көне салмадым деп өкініп, еңсесі түсе бастап еді, осы сөтте аяқ дыбыстары қайта естілді. Өзін «құтқарушылардың» қайтып келе жатқанына ол қуанып кетті.

«Енді бәрі ойдағыдай болады! – деп ойлады ол. – Олардың қайта оралғаны – жиырма фертингке келіскені. Бірақ енді мен жиырмаға көне қоймаспын. Он бес те жетеді».

Дәл осы жерде Сарансері бостандық алатынына қуанды ма, жоқ, әлде бес фертинг үнемдейтін болғанына қуанды ма, айырып айту қиын еді.

Бірақ Жыпық пен Алаяқтың өзін босатуға асыға қоймағаны оны тандандырды. Ағаштың түбіне қайтып келген соң, олар шөп арасынан әлденені іздей бастады.

– Сіздеф не іздеп жүфсіздеф? – деп сұрады Сарансері мазасызданып.

– Шүберекті, – деп жауап берді Жыпық. – Біз сізді қандай күйде тауып алсақ, дәл сол қалпыңызда қалдыруға тиіспіз. Әлдекім еңбектеніп, шүберекпен аузыңызды тығындайды, ал біз келіп, оны алып тастаймыз. Осы өділдік пе? Өзгенің еңбегін сыйлау керек, көгершінім! Әлде сіз бізді қиянатқа итергіңіз келе ме?

Осы сөтте Алаяқ шүберекті тауып алып, қайтадан Сарансерінің аузына тығындай бастады.

– Ә-өй! – деп айқайлады Сарансері. – Шүбефекті тықпаныздаф! Тфу! Шүбефек, кефек емес! Аф! Аф!

– Үш миллион бересіз бе? – деп сұрады Алаяқ.

Сарансері басын изей берді. Алаяқ оның аузынан

шүберекті алып тастады. Сараңсері ыждаһаттылықпен түкіріне бастады. Түкірініп болған соң:

– Өкінішке қарай, мен өзіммен бірге ақша алып шықпаған едім, – деді.

– Еш нәрсе етпейді, чек жазып беріңіз.

– Чек кітапшасы да жанымда жоқ.

– Өтірік айтпаңыз, – деді Жыпық. – Бірде-бір капиталист чек кітапшасын алмай, үйінен шықпайды.

– Жарайды, мені босатыңыздар.

Жыпық пен Алаяқ жіпті шешті. Сараңсері содан кейін де бейне бір ағашқа жабысып қалғандай қозғалмастан біраз тұрды да, кенет гүрс етіп құлап түсті.

– Сізге не болды? – деп Жыпық оған тұра ұмтылды.

– Білмеймін, – деді Сараңсері. – Аяқтарымнан жан кетіп қалыпты. Қолдарымнан да.

– Қозғалмай тұрған соң, ұйып қалған ғой, – деді Жыпық.

Алаяқ көп ойланып тұрмастан, талықсып жатқан ергежейліге дем алдырғанда қолданатын әдіспен Сараңсерінің қолдарын бүгіп, жаза бастады. Ал Жыпық бұл кезде оның аяқтарын біресе жоғары көтеріп, біресе төмен түсірумен болды. Бірнеше минут өткенде, Сараңсері өзінің аяқ-қолдарына жан кіргенін сезді де:

– Жіберіңіздер, жаттығуды өзім жасайын, – деді.

Ол орнынан аһылап-үһілеп көтерілді де, бірнеше рет иіліп, отырып, тұрды. Содан соң жерде жатқан цилиндр қалпағын басына киіп, сабы сүйектен жасалған таяғын алды да, Алаяқтың басынан бар күшімен салып қалды. Мұндай соққыны күтпеген Алаяқ жалп етіп құлап түсті. Сараңсерінің қаша жөнелгенін көрген Жыпық артынан тұра қуған, бірақ ағаштың тамырына сүрініп, құлап қалды. Ол орнынан тұрып, жан-жағына қарағанда Сараңсері ағаш арасына сіңіп, мүлде көрінбей кеткен еді.

– Қап, жауыз-ай! – деді ол ыза болып. Серігінің қимылсыз жатқанын көрген Жыпық ағаш арасына жасырынған Шаянды шақырып алды. Алаяқты олар екеулеп алысырақта қалған машинаға қарай ала жөнелді.

Жиырмасыншы тарау

АЛЫП ӨСІМДІКТЕР ҚОҒАМЫНЫҢ ЖОЙЫЛУЫ

Дымбілмес пен Серкеш түнімен әр түрлі қорқынышты түстер көріп, мазасыз ұйықтады. Дымбілмес түсінде әлдеқандай қарақшылардан қашып, біресе үйдің шаң-шаң шатырына, біресе тас қараңғы жертөлеге жасырынумен болды. Ақырында оған бос бөшкеге тығылудың сәті түскен-ді. Бірақ ізінше әлдекім бөшкені қара маймен толтыра бастағанын сезді. Дымбілмес бөшкеден шығып кетуге әрекеттеніп көріп еді, біреу оның шашынан мықтап ұстап алып, тұқыртып төмен басып, бөшкеден басын шығаруына мүмкіндік бермеді. Қап-қара, сасық майға тұншығып, өлуге айналғанын сезген Дымбілмес бар күшімен бұлқынып қалды да... оянып кетті. Өзінің бөшкеде емес, үйде, төсекте жатқанына көзі жеткен Дымбілмес қайтадан ұйқыға кетті. Бірақ дәл осы сәтте, ол терезенің жайлап ашылып, бастарына кереге көз кепке киіп, қолдарына пистолет ұстаған әлдекімдердің үйге кіріп келе жатқанын байқап қалды. Дымбілмес төсегінен атып тұрып, қаша жөнелді. Ол ізіне түскен ергежейлілерден қашқан бойында қарамай күйған цистерналар тұрған темір жол станциясына жетті. Цистерналардың бірі бос екен, Дымбілмес соған кіріп жасырынды. Бірақ сол сәтте-ақ цистернаның қара маймен тола бастағанын сезді. Әуелде қара май Дымбілместің белінен келді, сонан соң кеудесіне, одан иегіне жетті. Дымбілмес қара май бетінде жүзе бастады. Ал қара майдың деңгейі көтерілген үстіне көтеріле берді. Ақырында ол Дымбілместі цистернаның төбесіне өкеліп қысты. Қап-қара, қоймалжың қара май оның аузы-мұрнына кіріп, көзін аштырмады. Өзінің тұншығып бара жатқанын сезген Дымбілмес бар даусымен айқайлап жіберді де, қайтадан оянып кетті.

Баяғыша төсекте жатқанын көрген Дымбілмес бірте-бірте тынышталып, қайтадан ұйықтауға тырысқан еді, осы кезде Серкештің ыңырсығаны естілді.

– Жіберіңдер мені, жіберіңдер! – деп Серкеш

төсегінде жатып, аяқ-қолдарын сермеп, шошына айқайлады.

Дымбілмес оны иығынан жұлқылай бастады. Бірақ Серкеш оңайлықпен ояна қоймады. Төсегінде тыпырлаған қалпынша:

– Жіберіңдер мені! – деп жұлқына берді.

– Сонша неге айқайлайсың, сені ешкім ұстап тұрған жоқ қой! – деді Дымбілмес.

– Мен қорқынышты түс көрдім, – деді Серкеш өрен дегенде оянып. – Түсімде мені кеше кинодан көрген қарақшылар ұстап алып, капрон жіппен тұншықтырып жатыр екен.

– Мен де түсімде қара майға тұншығып шықтым, – деп мойындады Дымбілмес.

– Бәрі кешегі киноның өсері, – деді Серкеш. – Ылғи осылай: қорқынышты кино көрсең, артынан түні бойы шошынып, ұйықтай алмайсың.

Кинофильмдерді қорқынышты емес, көңілді етіп шығарса ғой деп әңгімелескен достар, бірте-бірте жүректері орнына түсіп, қайта жатты. Бірақ түні бойы жаман түстер көріп, бастығырылып шықты.

Әдеттегісінен ерте оянған Дымбілмес пен Серкеш таңғы тамақтарын төбетсіз ішті де, ұйқысыз түннен соң азырақ сейілдеп, сергу үшін кеңсеге жаяу тартты. Көшенің бұрышында газет сатушы айқайлап тұр екен.

– «Давилон сықақтары» газетін алыңыздар! Соңғы жаңалықтар бар! Күлкіге кенелесіздер! Екі-ақ сантик тұрады! Алып өсімдіктер қоғамының опат болғаны айтылады! Тосын жаңалық! Алып акциялардың иелері жер сипап қалатын болды. Қоғам жойылды! Күлкіге кенелесіздер!..

Дымбілмес пен Серкеш екі сантикке газет сатып алып, Алып өсімдіктер қоғамының құлауы жөніндегі хабарды іздей бастады, бірақ таба алмады. Газетті екінші рет мұқият қарап шыққанда ғана кішкене хабар көздеріне шалынды.

«Соңғы кезде газетіміздің оқушыларынан алып өсімдіктер жөнінде әңгімелеп берсеңіздер екен деген өтінішті жиі естіп жүрміз. Бірақ осы көптеген қауесет пен жел сөздерге тиек болып жүрген атышулы алып өсімдіктер жайында не деуге,

болады? Олар туралы айтатындай еш нәрсе жоқ екенін ғана біз сеніммен хабарлай аламыз, өйткені олар жайлы анық білмейтініміз ғана бізге белгілі. Көптеген аңқау ергежейлілер өздерінің ашық ауыздығы арқасында осы аңызға айналған өсімдіктердің акцияларын сатып алуда. Біз бұлай дей отырып, алып өсімдіктер қоғамына күдік туғызайық деген ойдан мүлде аулақпыз. Біз, сондай-ақ ергежейлілерге бұл акцияларды сатып алудан ешқандай пайда жоқ дегенді де айтқымыз келмейді, өйткені акцияларды сатып алу арқылы олар тұрмысымызды жақсартамыз деген үмітке ие болады. Ал үміттің де құны бар шығар. Еш нәрсе тегін келмейді. Бәріне ақша төлеу керек. Ақша төлеген соң қанша қиялдасаңыз да, ерік өзіңізде. Редакция, сәті келген мүмкіндікті пайдаланып, алып өсімдіктер жөніндегі әңгімеге болашақта қайта оралады.

Редактор Атжалман».

Серкеш хабарды оқып шығып, қатты күйініп, басын шайқады.

– Біздің акциялардың саудасының бітуіне осы хабардың өзі жетіп жатыр, – деді ол. – Мұны акциямыздың өтімділігін көре алмаған байлардың бірі қызғанышпен әдейі ұйымдастырып отыр-ау, шамасы. Ештеңе емес! Бізге енді қорқыныш жоқ, өйткені акциялардың бәрі дерлік сатылып бітті. Кешігіп қалдыңдар, көгершіндерім!

– Біздің акцияларды жұрттың алған-алмағанында байлардың не шаруасы бар? – деп сұрады Дымбілмес.

– Олардың кіріспейтін жері жоқ! – деп жауап берді Серкеш. – Менінше олар алып өсімдіктердің болғанын мүлде қаламайды. Өйткені кедейлерге пайдалы нәрсенің байларға тиімсіз екені бесенеден белгілі ғой.

Дымбілмес пен Серкеш осындай әңгімемен Фертинг көшесіне жеткенде, кеңсе жанындағы үлкен топты көздері шалды. Кейбір ергежейлілер алып өсімдіктердің суреті салынған акцияларды қолдарына ұстап алыпты. Олар акция ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сермеп, қызбалана айқайлайды.

– Жіберіңіз бізді! Ақшамызды қайтарып берсін! Олар бізді алдапты! Ешқандай алып өсімдіктер жоқ екен!

– Қайда өнмендейсіндер! – деп айқайлады оларға есіктің алдында тұрған швейцар. – Кеңсе сағат тоғызда ашылады, оған дейін ешкімнің мұнда кіруге қақысы жоқ.

Полицейлерді айдап салмай тұрғанымда, табандарыңды жалтыратыңдар!

Дымбілмес пен Серкеш жұрттың арасынан өрең өтіп, баспалдақпен көтеріліп, ішке кіретін есікке жетті.

– Бауырлар! Газетке сенбеніздер! Газет өтірік айтады! Алып өсімдіктердің тұқымдары бар. Егер кім де кім ақшасын қайтарып аламын десе – ерік өзінде, – деп айқайлады Серкеш жиналғандарға.

– Ә, өтірікшілер, міне тұр! – деп айқайлады топ ішінен біреу. – Ұрыңдар оларды!

Бірнеше акционерлер баспалдақпен жүгіре көтеріліп, Серкешті ұстап алмақшы болған еді, осы сәтте есік ашылып, мыс каскалы полицей шығып, электр шоқпарымен олардың жолын бөгеді. Көпшілік жасқанып кейін шегінді.

– Сағат тоғызда кеңсе ашылады, сонда акцияларыңды алуларыңа болады, оған дейін шыдай тұрыңдар, – деді ол.

Полицей швейцарға бұрылып, Дымбілмес пен Серкешті көрсетіп:

– Мыналарды өткізіп жібер, – деп бұйырды.

Дымбілмес пен Серкеш швейцардан кеңсенің кілтін алды да, үшінші кабатқа көтерілді.

– Қазіргі жағдайда ең дұрысы – сұраған ергежейліге ақшасын қайтарып беру, – деді Серкеш. – Қалаған уақытта ақшаларын қайтарып ала алатынына көздері жеткен соң дүрліккендерін қояды.

Серкеш осылай деп кеңсенің есігін ашты да, отқа күймейтін шкаф тұрған бөлмеге кірді. Шкафтың ауыр темір есігі азырақ ашық тұрғаны оны таң қалдырды. Серкеш бір-ақ аттап, шкафтың қасына жетіп барды да, ішіне үңіліп қарап, бос екенін көрді.

– Дымбілмес, – деді ол шошына айқайлап. – Ақша жоқ!

– Ақша қайда кетуі мүмкін? – деді оның жанына жүгіріп келген Дымбілмес.

– Түсінсем бұйырмасын! – деді Серкеш қолын жайып. – Шамасы, бізді тонап кетсе керек.

Осы сәтте ол шкафтың сөрелерінің бірінен бір жапырақ қағаз бен темір жол билетін көрді.

– Тұра тұр, мұнда бізге қағаз жазып қалдырыпты, деді Серкеш. Сонан соң дауыстап оқи бастады.

«Қымбатты, достар! – деп жазылыпты онда айдақ-сайдақ баспа әріптермен. – Біз қашып кетуге мәжбүр болдық. Белет алындар, поизға отырып, бөгелмей Бас-Масаға тайп тұрұндар. Сендерді сонда тосп аламыз. Сендерге жақсылық тілеуші Жыпық пен Алаяқ».

– Ал, керек болса! – деді Серкеш. – Жыпық пен Алаяқ тайып тұрыпты, ақшаны, әрине, өздерімен ала кеткен. Енді екеуіміз нағыз қысталаң жағдайда қалдық.

Серкеш осылай деп кеңсенің есігіне жетіп барып, ішінен бекітіп қойды. Ол есікті дер кезінде жауып үлгерген екен, өйткені ізінше-ақ дәлізден топырлаған аяқтардың дыбысы естілді. Бір топ акционерлер кеңсеге күшпен басып кіріп, баспалдақпен жоғары көтерілген. Алып акциялардың иелері есікті жұдырықтарымен тоқпактай бастады.

– Әй, ашындар! Әйтпесе өздеріңе жаман болады! – Ақшамызды қайтарындар! – деп айқайлай бастады олар.

Серкеш ойланып тұрмастан терезеге жүгіріп барып, ашып жіберді де, сыртқа үнілді. Үшінші қабаттан төмен секірудің қауіпті екенін көрген соң, ол отқа жанбайтын сандықтың ішінде жатқан акцияларды байлаған жіптерді алып, бір-біріне жалғай бастады. Дымбілмес оған көмектесуге кірісті. Есік сыртындағы шу бұл кезде ұлғая түскен. Сырттағы ергежейлілердің итеріп, тоқпактағанынан есік ашылмаса да, сықырлап, дір-дір етеді.

Кенет тым-тырыс, тыныштық орнады. Сырттағы топ өлденеге тына қалыпты. Серкеш терезеден сыртқа үніліп карады да, жіпті төмен түсіріп жіберіп, жерге дейін жеткенін көрген соң, екінші ұшын терезе алдындағы үйді жылытатын трубаға мықтап байлап, Дымбілмеске:

– Көне, төмен түс! – деп бұйырды.

Дымбілмес бұйрықты қайталанбай, жіптен ұстап, төмен қарай сырғи жөнелді. Осы кезде есіктің сыртынан қайтадан ергежейлілердің аяқ дыбысы мен дабыр-дұбыры естілді.

– Ал, көне, үр! – деп айқайлады әлдекім.

Есік ауыр соққыдан солқ ете қалды.

– Көне, тағы бір рет!

Екінші соққыдан есік одан да қатты солқ етті. Дымбілместің аман-есен жерге түскенін көрген Серкеш өзі де жіптен ұстап, төменге жылжи бастады.

– Тағы бір рет! – деп айқайлады осы кезде есіктің сыртынан өлдекім.

Бұл жолғы соққының күшті болғаны сондай, есік сықырлап, топсасынан шығып кетті де, еденге дүрс етіп құлап түсті. Жазу столының үлкен қақпағын есікті бұзатын таран¹ ретінде қолдарына көтеріп ұстап алған бірнеше ергежейлі екпіндерін тоқтата алмай бөлмеге топ ете түсті. Қайсыбірі екпіндерімен еденді сүзе құлап, мұрындарын қанатып алды. Осының бәрі сонша тез, қас қағым сәтте болған еді. Кеңсе ішіне ергежейлілер толып кетті. Акционерлердің біразы отқа күймейтін шкафқа ұмтылды, өзгелері отқа күймейтін сандықтарды ашып, бір кезде акцияларды ораған қағаз қалдықтарын сыртқа лақтыра бастады.

Еш жерде ақша жоқ екеніне көздері жеткен ергежейлілердің қатты ашуланғандары сондай, өйнектелген шкафты сындырып, Дымбілместің скафандрын сыртқа алып шықты да, дыр-дыр айырып, жыртып тастады. Ақырында олар терезеден төмен үңіліп, салбырап тұрған жіпті көрді.

– Терезеден қашып кетіпті! – деді біреуі.

Бірнеше ергежейлі жіппен төмен түсе бастады да, қалғандары бөлмеден жүгіріп шығып, баспалдақпен сыртқа ұмтылды. Бірақ кешігіп қалған еді. Бұл кезде Дымбілмес пен Серкештің ізі де суып үлгірген-ді. Жіппен төмен түскен соң олар аула ішімен қаша жөнелген. Бақыттарына қарай аула тұйық емес екен. Жүгірген бойларында екінші көшеге шыққан. Сол жерде олар көпшілікке араласты да, кешікпей-ақ оқиға болған жерден ұзап кетті.

– Бұралаң көшесіндегі түрлі калибрлі бұйымдар дүкеніне соғайық. Мүмкін алаяқ мырзаны содан табармыз, – деді Серкеш.

Достар Бұралаң көшесіне жылдам жетіп, Жыланды

¹Т а р а н – ерте кездегі қамал қабырғасын құлатуға арналған құрал.

бұрылысындағы түрлі калибрлі бұйымдар дүкенін іздей бастады. Бірақ таба алмады.

— Міне, қызық! Дүкен де жоғалып кетіпті! — деді Серкеш өкінішпен.

Олар Жыланды шолақ көшесінің басынан аяғына, аяғынан басына дейін жүріп өткен соң, үшінші рет тағы бір шошып шығуға бекінді. Ақырында Серкеш жаңадан пайда болған азық-түлік дүкенінің жанына тоқтады да:

— Бұл не өзі! Менінше, бұрын түрлі калибрлі бұйымдар дүкені осында болатын, енді азық-түлік дүкеніне айналыпты, — деді.

Дымбілмес пен Серкеш дүкенге кіріп, сатушылардың бірінен түрлі калибрлі бұйымдар дүкенінің қайда екенін сұрады. Сатушы әйел ол дүкеннің иесі кенеттен байып, дүкенін жауып, саяхатқа шығып кеткенін, оның орнында енді азық-түлік дүкені ашылғанын айтты.

— Естідің бе? «Кенеттен байып, саяхатқа шығып кетті!» — деп күнкілдеді Серкеш Дымбілмеспен бірге көшеге шыққан соң.

Ол қалтасынан Алаяқ тастап кеткен қағазды алып шығып, қайтадан оқи бастады.

— Жыпық пен Алаяқ неліктен қашып кетуге мәжбүр болды деп жазады? — деді Серкеш. — Мүмкін, олар газетте осындай хабардың басылатынын күн ілгері біліп, ақшаны алып, дер кезінде қашып кетуге бекінді ме? Қалай болғанда да да бізге мұнда қалуға болмайды. Біздер де Бас-Масаға жылжуымыз керек. Ол өзі жақсы қала. Бір кезде мен сонда тұрғанмын.

Поезд Бас-Масаға кешке ғана жүретін еді, бірақ Дымбілмес пен Серкеш алданып қалған, ыза кернеген акционерлердің қолына түсіп қалармыз деп ойлап, қонақ үйге қайтудан қорықты. Түске дейін қалалық паркте сенделіп жүріп уақыт өткізген достар, бұрын өздері ешқашан болмаған, шағын ғана асхананы тауып алып, қалталарындағы бар ақшаларын қағып беріп, жақсылап тойып алды. Қалған бірнеше майда сантиктеріне балмұздақ жеді, жолда керек болар деп төтті шырын қосылған бір бөтелке газды су сатып алды.

Вокзалға поездың жүруінен көп уақыт бұрын келген олар бірден өздерінің вагонына барды. Жолсерік

жолаушы инеліктей қатқан, арық еді. Түріне қарап оны осының алдында ғана батпақты кезіп келіп, киімі әді дұрыстап кеуіп үлгермеген екен деп ойлауға болатын. Өңі түскен шалбарының әр жеріне қоңырқай-сарғыш батпақ жабысыпты. Дәл сондай сарғыш дақ басындағы цилиндр қалпағына да жұғыпты, оны көрген әр ергежейлі біреудің алыстан лақтырған бір кесек топырағы мынаның қалпағына келіп тиген екен деп ойлайтыны сөзсіз. Қара пенжагінің дәл арқасында үш бұрышты үлкен тесік көрініп тұр. Мұндай тесіктер, әдетте, бұтақтың немесе қабырғаға қағылған шегенің іліп кетуінен пайда болады. Пенжагінің етек тұсына батпақта өсетін түйеошағанның сарғыштау тікенегі жабысып қалыпты. Осындай тағы бірекі тікенек шынтағы мен шалбарында жүр.

Батпақтан шыққан ергежейлі сәкіге дұрыстап жайғасып алған соң, басындағы қара цилиндр қалпағын шешті де, сиқыршы тәрізді оның ішінен әр түрлі нәрселерді шығара бастады. Оның әр қимылын жоғарғы сәкідегі байқап жатқан Дымбілмес цилиндр қалпақтың ішінен тіс щеткасы мен тіс ұнтағы, иіс сабын, сүлгі, бірнеше бет орамал, шұлық, ең соңында тот басқан екі шеге мен мыстан жасалған сымның шыққанына таң қалды.

Дымбілмес жаңа келген ергежейліге қарап жатып, поездың қалай қозғалып, жүріп кеткенін аңғармай да қалған еді.

Жиырма бірінші тарау

САРАҢСЕРІНІҢ БАСЫНАН КЕШКЕН ОҚИҒАЛАРЫ

Кітапты көп оқитын, былайша айтқанда, сөзінді емеуріннен тани қоятын оқушылар, басына қара цилиндр киген арық жолаушының Сараңсері мырза екенін бірден-ақ аңғарған болар деп ойлаймыз. Сараңсерінің «күтқарушылардан» құтылғанына бір тәуліктен аса уақыт өткен-ді. Осы аз ғана мерзімнің ішінде Сараңсерінің басынан көп оқиғалар өтіп үлгірген болатын.

Алғашқыда ол өзін қуған Жыпықтан тезірек қара үзіп кетпек болып, орман ішімен дем алмастан қатты жүгірген. Біраздан соң артына бұрылып; ешкімнің өкшелеп келе жатпағанына көзі жеткен ол, аяғын асықпай басып, аяң жүріске ауысты. Қуаныштан көңілі тасып, айқайлап өн салғысы келіп кетті. Өзінің қатты аңсап, зарыға күткен бостандығына бірде-бір сантиметр жұмсамастан қолы жеткендігіне ол мейлінше бақытты еді.

Ағылып жатқан машиналардың бірін тоқтатып міну үшін жолға қалай шығуға болатынын білмеген Сараңсері ешқайда бұрылмастан тіке жүре беруге бекінген. Орман әйтеуір бір таусылар, сөйтіп елді мекенге кезігермін деп үміттенген.

Бастан кешкен оқиғалары оның қарны ашқанын ұмыттырып жіберген. Осыған орай, өмірде мұндай жайдың жиі кездесетінін айта кету орынды. Бір уақытта әр түрлі сезімдердің қатар билей алмайтынын өркім-ақ өз тәжірибесінен жақсы біледі. Әдетте, әлдеқандай бір күшті сезім өзге майда сезімдерді ығыстырып шығарады да, соның алдында ғана аса маңызды көрінген нәрсенің өзі де ұмыт болады. Сараңсері де осыны аңғарды. Тамаққа деген төбеті жоқ болып кеткенін байқаған ол мұның өзі жаңа ғана бастан кешкен қатты толқу сезімінің әсері екенін түсінді. Өзі ашқан осы жаңалықтан кейін, оның басына, егер таңғы немесе түскі тамақ алдында қатты толқып алсам, тамақтан едәуір үнем жасауға болады екен-ау деген ой келді. Ол үшін біреуге ренжісе, немесе біреумен ұрсысып қалса жетіп жатыр.

Осындай қызықты ойдың жетегінде келе жатып, Сараңсері аштық сезімі қайтадан бұқпантайлап келіп, өзін қалайша билеп алғанын сезбей де қалып еді. Ішегі шұрқырап, іші ұлып барады. Әдетте, орманда адасып кеткендер әр түрлі жеміс-жидек, санырауқұлақ пен жаңғақ теріп жеп, өзек жалғайтынын білетін ол жан-жағына қанша үніліп қараса да, көзіне ондай еш нәрсе түспеді. Жеміс-жидектен әбден күдерін үзген соң, Сараңсері шөп жұлып алып, шайнап көріп еді, ащы екен, тыжырынып, түкіріп тастады. Осылай жан-жаққа алақтап келе жатып, ол батпаққа кезіккенін байқамай қалды. Аяғының асты тым жұмсарып, былкылдап кеткенін

сезіп, өлгі жерді айналып өтпек болды. Бірақ ол өрекетінен түк шықпады, батпаққа бұрынғыдан да бата түсті. Қорқып кеткен ол енді кейін қарай жүгіріп еді, шылпылдаған шалшыққа кездесті. Өзінің ми батпақтың арасында қалғанын көрген Сараңсері бір түбіртіктен екінші түбіртікке секіре бастады. Сөйтіп, өрен дегенде, аяғы қатты жерге іліккен еді, бірақ енді, оның есесіне, қаптай өскен түйеошағанға кез келді. Түйеошағанның тікенектеріне беті-қолын тырнатып, ашық алаңқайға шыққан соң азырақ дем алмақ болып, көк шөптің үстіне отыра кетті.

Бірақ ол жерде ұзақ отыра алмады, батпақтарда болатын сары құмырсқалардың шаға бастағанын сезіп, атып тұрды. Олардың шаққаны ащы болатыны белгілі. Сараңсерінің тізе бүккен жері – құмырсқаның илеуінің үсті екен. Алғаш ол ыза болып, құмырсқаның илеуін аяғымен таптап, таяғымен сабалай бастады, бірақ бұдан еш нәрсе шықпасын сезген соң, айқас алаңын тастап кетуге мәжбүр болды. Дәл сол сәтте қараңғылық түсе бастағанын байқады. Күн батқанын енді ғана аңғарған Сараңсері жүрісін тездетті. Орманға түнеп қалуы мүмкін екенін ойлағанда жүрегі суылдап қатты қорықты. Бірнеше рет оған ағаш сирегендей, өзі орманның шетіне шыққандай көрінген, бірақ артынша-ақ олай еместігіне көзі жетті. Қараңғылық барған сайын қоюлана берді.

Енді біраз уақыттан кейін айналаны көзге түртсе көргісіз қараңғылық біржола жайлап алатынын сезген Сараңсері басқа амалы болмағандықтан, түнеп шығатын жер іздей бастады. Дәл осы сәтте кеуек ағашқа көзі түсті. Түнеп шығуға бұдан қолайлы еш жер таба алмаппын деп ойлаған Сараңсері өлгі кеуектің ішіне кіріп, жайғасып алды.

Кеуек едәуір кең болып шықты. Оның ішінде арқанды қабырғаға сүйеп, аяғыңды жоғары көтеріп отыруға болады екен. Сараңсеріге бұл өте ыңғайлы болып көрінді. Әрі кеуектің ішіне өткен жылғы құрғақ жапырақ төселген екен. Басындағы цилиндрін шешіп, таяғымен бірге жанына қойған соң, Сараңсері тезірек ұйықтап кетуге тырысқан, бірақ аштық мазасын алып, ұйқысын

қашырды. Оның үстіне аяқтары ауыра бастады. Сараңсері аяқтарының ауырғаны аяқ киіммен жатқандықтан болар деп ойлап, бөтенкесін шешті. Бірақ бәрібір ауырғанын қоймады.

Енді жалғыз аяқтарының ғана емес, арқасы мен бүкіл денесінің ауырғанын қоса сезінді. Сараңсері бойын жазып, еркін жатса бұлай қиналмайтынына күмәнданбады, бірақ кеуектің ішінде бұған мүмкіндік жоқ еді. Мұнда тек бүктеліп қана отыра аласың.

Түнде ауа салқындап, Сараңсері тона бастады. Өзінің барған сайын дірілдеп-қалшылдай бастағанын сезген ол бөтенкесі мен цилиндрін қайта киді, пенжагінің жағасын көтеріп, таяғы мен чек кітапшасын қолына алды, бірақ бәрібір бойы жылынбады. Сараңсеріге осыған дейін, өзі ешқашан тастамай бірге алып жүретін чек кітапшасы оны кез келген қиындықтан арашалап алып шығатындай көрінуші еді. Өмірде банктегі немесе қалтаңдағы ақшаның түк көмегі тие бермейтін жайлардың болатынына осы жолы анық көзі жетті.

Аяқ-қолының әбден тоңып, қатып қалғанын сезген Сараңсері кеуектен шықты да, ағашты айнала жүгіріп, секіре бастады, сонан соң түрлі дене қимылдарын жасауға кірісті. Денесі аздап жылынғандай болды, бірақ онысы ұзаққа бармады. Сараңсері кеуекке кірісімен қайта жаурады. Түні бойы кеуектен бірнеше рет сыртқа шығып, аз да болса жылынбақ ниетпен жүгіріп, секеңдеумен болды. Аштықтан өзегі талып, не істерін білмей, ағаштың қабығын кемірді. Сөйтіп, түнімен көз ілмеді, бейне бір ауыр жұмыс істеп шаршағандай бүкіл денесінің салдырап қалғанын сезді. Таң атпайтындай көрінді. Таң белгісі білінісімен-ақ ол өзінің тірі қалғанына танданып, панасы аз, жайсыз мекенін тастап, жолға шықты.

Сараңсерінің тартқан тауқыметтері мұнымен біткен жоқ. Ұйқысыз түннен кейін ол қатты қалжырап, жолды дұрыс аңғармай, есенгірегендей болып келе жатқан. Оның үстіне қараңғылық әлі сейіле қоймаған еді. Сондықтан қайта-қайта ағаштарға соқтығып қала берді. Бір жолы мұрнын бұзып ала жаздады. Ақырында, орманнан да шықты-ау. Оның алдында, төменде, өр жерінде

ақшыл дақтары бар жасыл алқап керіліп жатты. Сараңсері әуелгіде әлгі дақтарды қар екен деп қалған. Бірақ жасыл алқапқа жеткенде, Сараңсері оның қар емес, тұман екеніне көзі жетті. Жер бауырлай жылжыған тұман бірте-бірте қоюлана берді. Ақырында тұманның қоюланғаны сондай, сырттай қарағанда, Сараңсері бейне бір кеңірдегінен келетін лай суды кешіп келе жатқандай, немесе буланған теңіз бетінде қара цилиндр қалпақ киген оның басы ғана қылтиып, жүзіп келе жатқандай көрінуі сөзсіз еді.

Тұманның қалыңдығынан Сараңсері денесін сезінуден қалды. Тіпті өзінің иығының нобайын әрең ажыратты. Сондықтан қол-аяқтары, бүкіл денесі жоғалып кетіп, қалқайып басы ғана қалғандай болып көрінді. Жоғары қарап еді, әр жерінде біресе қызғылт, енді бірде көгілдір сәуле ойнаған, күмістей жалтылдаған, алтын металл жартастардан тұратын сияқты өсер қалдыратын ай аспанының ғажайып күмбезін көрді. Аспанның күміс жартастардан тұратын күмбезі ғайыптың күшімен құлап кетпей тұрғандай. Әрине, таңғы аспанның осындай өсем көрінісін Сараңсерінің бұрын да тамашалауына болатын еді, бірақ ол ешқашан бұлай ерте тұрып көрген емес-ті.

Көз жетер жердің барлығын жайлап алған, кеңірдегінен келетін қалың тұманды кешіп келе жатып, ол таңғы аспанның көз арбайтын мөлдір де нәзік, ғажайып бояуларын тамашалаумен болды, бұл көрініс оның жүрегін еріксіз елжіретіп, кеудесіне салтанатты асқақ сезімдер ұялатты. Ол табиғаттың бұрын ешкім көріп-білмеген ғаламат сұлулығын тұңғыш өзі ешқандай өсерде келе жатты. Өзінің суретші еместігіне, өзі ашқан сұлулықты кенеп мата бетіне бояумен бейнелей алмайтынына өкінді. Егер оны бейнелей алған болса, ол суретті тастамай әрдайым бірге алып жүрген болар еді.

Осындай сезімдер кеудесін кернеген Сараңсері төбесінен төнген аспанды құшақтай алуға әзір-тін. Оған, егер қолын созса болды, тілегі орындалатындай көрініп кетті. Ол қолдарын жоғары көтере бергенде, кенет аяғының астындағы жер жоқ болып кетіп, ылдифа қарай домалай жөнелді.

Бірнеше рет басынан аса аунап түскен ол сайдың та-

банына дейін домалап барды да, екі қолын жайып жіберген қалпында етпетінен түсіп, қимылсыз қалды. Артынан суси құлаған майда тастар мен топырақ арқасына тарсылдап тиіп жатты. Сәлден соң бәрі қайтадан тым-тырыс болды. Сараңсері аяқ-қолын, қабырғаларын сипап көріп, өзінің аман-сау екеніне көзі жетті де, жан-жағын қарманып, ұшып кеткен цилиндр қалпағын іздей бастады. Бақытына қарай, ол жақын жерде жатыр екен. Сараңсері қалпағын сілкіп жіберіп, қайтадан басына киді де, төнірекке көз жүгіртті, бірақ бәрібір еш нәрсені көре алмады.

Сараңсері аяғының астындағы жерді таяғымен түрткілей отырып, сайдың екінші қабағына жетті де, тырмысып жоғары өрмелей бастады. Бірнеше рет табаны тайып кетті, қайтадан төмен қарай құлдилағанына қарамастан, ақырында, оған қабаққа шығудың сәті түсті. Азырақ ендігін басып, тұманның селдірей бастағанын байқаған Сараңсері қайтадан алға жылжыды.

Кешікпей тұман біржола сейіліп, Сараңсері өзінің биіктігі тізеден келетін, сабағы осал жасыл бұталар өскен, топырағы қопсыған алқаппен келе жатқанын аңғарды. Жерден бір бұтаны жұлып алып еді, тамырына ілесе шыққан бірнеше сарғыш түйнектерді көзі шалды. Түйнектерге зер сала қарап, оларды көдімгі картопқа ұқсатқан. Дегенмен бұған толық сенімді емес еді. Өйткені ол осыған дейін картопты тек пісірген, немесе қуырған түрінде ғана көрген, әрі неге екені белгісіз, оны ағаштың басында өсетін болар деп ойлайтын.

Сараңсері түйнектің бірін топырақтан тазалап, аузына салып, шайнап көрді, шикі картоп өте дәмсіз екен, ұнамады. Алайда, пайдасыз дақылды ешкім бұлай өсіріп өуре болмауға тиіс деп түйді де, бес-алты картоп жұлып алып, пенжагінің қалтасына салды. Тағы ілгері жүріп кетті.

Қайта-қайта картоптың сабағына сүрініп, қопсытылған жермен жүру оны тез шаршатты. Сараңсері бейне бір өзіне қас қылғандай, айналадағы жерді түгел қопсытып, осы түптерді отырғызып тастаған ергежейлілерге мейлінше ренжіп келе жатты.

Ақырында өзі күткендей-ақ картоп егілген алқаптың шетіне шықты. Қатты жерге табаны тиісімен бойы

жеңілдеп сала берді. Дәл осы сәтте әлдеқайдан келіп жеткен түтіннің иісін де анық сезді. Бұл иіс оған жылы да жайлы ошақ басын еске салды.

«От жанбаса түтін қайдан шығады, ал от жанған жерде пісіріліп жатқан тамақтың да болуы сөзсіз» деп ойлады Сарансері.

Ол төңірекке көз жүгіртіп, түтіннің алысырақтағы бұталардың арасынан шығып жатқанын аңғарды. Сарансері алға қарай асыға басып, қалың бұтаның арасынан әрең дегенде өтті де, өзен жағасынан бір-ақ шықты. Өзен осы тұста шұғыл бұрылып, шағын ғана түбекті айналып өтеді екен. Су жағасында күмістей жалтыраған жасыл жапырақтары төмен салбырап, үйенкі ағаштары өсіп тұр. Оның жапырақтары желмен жай ғана тербеледі. Мөп-мөлдір өзен суы ағаштардың тамырына шая ағып жатыр. Жағаға жақын жерде, екі ергежейлі жүзіп жүр. Олар қайта-қайта суға сүңгіп, өлдене іздеп жүргенге ұқсайды. Өзге екі ергежейлі жағада отыр! Олар алдарындағы лаулап жанған отқа құрғақ бұталарды деміл-деміл тастап қояды.

Жағаның дәл шетінде, көрі үйенкінің саясында, үй дейін десең, үй емес, ертегідегідей үйшік тұр. Қабырғаларына түсініксіз суреттер жапсырылып тасталыпты. Олардың бірінде үстіне тор көз плащ киген, ерніне трубка қыстырған ергежейлі бейнеленіпті. Екінші суретте дәл әлгі сияқты, тек қана мұндағы ергежейлі аяғымен аспанға қарап қалыпты. Одан жоғарырақтағы суретте әлдекімнің жалтырай тазаланған бөтіңке киген аса үлкен аяғы көрінеді. Оның жанындағы суреттерде қара жидек толтырылған банка, қабығы алынбаған жасыл бұршақ, шашы аппақ көбікке малынған әлдекімнің басы, аппақ тістерін ақсита екі езуі құлағына жете күлген ергежейлінің аузы бейнеленіпті. Әрі қарай тағы біреудің сабындалған басы, буы бұрқыраған кофе құйылған тостақ, қара жидек толтырылған банка, аса үлкен шыбын, тағы дәу аяқ... салынған суреттер ілініпті. Оларда өзара байланыс та, мағына да жоқ еді. Әлдеқандай ақылынан алжасқан суретші келе жатып, жолында кездескен үйшікті алаңғасырлықпен қалай болса солай әлеміштей бергенге ұқсайтын еді.

Алайда, Сараңсеріні таң қалдырған бұл емес-ті. Осынау ғажап үйшіктің маңдайшасындағы ірі өріптермен жазылған: «Сараңсерінің макарон шығаратын мекемесі» деген сөздерді көргенде, оның тынысы тарылғандай болып кетті.

«Бұл не сұмдық! — деп күбірледі Сараңсері аң-таң болып. — Бұл не қылған макарон жасау мекемесі! Мынадай кісі күлерлік үйшікке менің атымды жазуға кім рұқсат берді? Әлде мұның бәрін түсімде көріп жатырмын ба?»

Ол көзін укалай бастады, бірақ өзен де, ағаштар да, ергежейлілер де, маңдайшасында жазуы бар үйшік те жоқ болып кетпей, бұрынғысынша тұра берді.

«Егер түске жорымасак, сонда не болғаны? Мазак па?» деді Сараңсері тас-талқан ашуланып, жұдырығын түйіп.

Оған соңғы оқиғалардың барлығын біреу өдейі ұйымдастырғандай: мұны әлдеқандай сиқырдың күшімен өзінің еркіне бағындырып, орман мен батпақты кездіргендей, түбіртектен-түбіртекке секірткендей, сайға домалатқандай, айналып келгенде оны осы бір меңіреу түкпірге бастап әкеліп, үйшіктің маңдайшасындағы қисынсыз жазуды көрсету үшін жасалғандай көрініп кетті.

— Қандай масқарашылық! Бұзақылық! Төлкек етіп қорлаушылық! Орынсыз, жабайы өзіл! — деп Сараңсері өзін қайран қалдырған жазуды жиырмасыншы рет қайталап оқып, бұркылдап сөйлеумен болды.

Бірте-бірте осындай жазуды бұрын бір жерден оқығаны, көргені есіне еміс-еміс түсе бастады.

— Ә! — деп кенет ол дауыстап жіберді. — Есіме түсті! Бұл жазуды менің фабрикама шығаратын макарон салынған жәшіктердің сыртынан көрген екем ғой.

Енді ол жазуға зер сала қарап, оның макароннан босаған ұзынша пәнер жәшіктің қақпағындағы жазу екенін және үйшік осындай әр түрлі жәшіктерден құрастырылып жасалғанын аңғарды. Бұл үйшіктің қабырғаларынан аузына трубка тістеген ергежейлінің суреті салынған темекіден босаған жәшікті де, сабындалған бастың суреті салынған сабыннан босаған жәшікті де, аппақ бо-

лып жаркылдаған тістің суреті салынған тіс тазалайтын ұнтақтан босаған жәшікті де көруге болатын еді.

Осы мезгілде суда сүнгіп жүрген ергежейлілер жағаға шығып, от басында жылынып отырғандарға келді. Сараңсері де олардың қасына барғысы келіп еді, бірақ ергежейлілердің жалаңаш-жалпы екенін көріп, ыңғайсызданып, бөгеліп қалды. Олардың бірінің үстінде шалбар мен башмағы, екіншісінің үстінде шалбарсыз кие салған пенжагі ғана бар еді, үшіншісі жалаңаяқ, ал төртіншісі бас киімсіз екен. Ергежейлілер жанған оттың үстіне томаттан босаған үлкен қалбырды қойып, әлдене қайната бастағанын көрген соң, ол ұят-сұятынды жиып тастап, қастарына барды.

— Сәлеметсіздер ме, қымбатты достар, сіздерден жейтін бірдеңе табылмас па екен? — деді ол аянышты үнмен. — Құдай біледі, түнімен нәр татқан жоқпын.

Оның сөзіне ергежейлілер ішек-сілесі қата күлсін кеп! Үстінде көйлегі жоғы шалқасынан жата қап, аяқтары жоғары көтеріп, ауаны тепкілеп сықылықтайды. Шалбары жоғы жалаңаш санын шапалақтап:

— Не дедің? Қалай дедің? Түнімен нәр татқан жоқпын дедің бе? Ха-ха-ха!.. — деп күлкіге түншыға айқайлады. — Кешір, бауырым, — деді ол ақырында. — Біз, бес минут күлкі бір таба нанды алмастыра алады деген ережемен өмір сүреміз. Егер күлетін нәрсе табыла қалса, бес минуттан кем күлмейтініміз сондықтан.

— Менін айтқан сөздерім соншалықты күлкілі ме? — деді Сараңсері.

— Әрине, күлкілі, бауырым! Түнде кім тамақ ішеді? Біз саған елден ерекше бір нәрсе болып қалған екен десек, сен түнімен тамақ ішпедім дейсің!

Олар қайтадан күлді.

— Егер түнде ғана ішпесем жеңіл ғой! — деді Сараңсері. — Мен кеше күні бойы нәр татқан жоқпын, қарғыс атқыр Шаян түсте жақсылап тойғызам деп еді, оның орнына орманға алдап әкеліп, ағашқа байлап кетті.

Оның бұл сөзіне ергежейлілер бұрынғыдан бетер өлердей күлді.

— Не дедің? — деп шуласты олар. — Ағашқа байлады

дейсің бе? Тойдырған екен жақсылап! Шаяныңыз өте өзілқой ергежейлі болса керек!

Бұл жолы да олар бес минуттан кем күлген жоқ. Ақырында пенжак кигені былай деді:

– Кешір, бауырым, жақсы жігіт сияқтысың. Сөздерің де өдемі шықты! Бірақ өкінішке орай, саған беретін тамағымыз жоқ. Таңғы тамаққа су шаяндарын ұстаймыз ба деп едік, сөті түспеді. Оңбағандар тереңге тығылып, жеткізбейді, ертеңгілік су тастай, шыдатпайды. Егер қаласаң бізбен бірге отырып, шай іш. Әй, Шынашак, – деді ол жалаң аяқ ергежейліге. – Бір тостақты артық алып келіп, шай құй. Бүгін сенің кезегің.

Шынашак атанған ергежейлі консервіден босаған бес қалбырды өкеліп, екі үлкен жөшікті біріктіріп жасаған столдың үстіне қойды, содан кейін отта тұрған томаттан босаған қалбырдағы қайнаған суды әлгілерге құя бастады.

– Ал, көне, столға жақындандар, – деді ол осыдан кейін.

Ергежейлілер орындық орнына қойылған жөшіктерге келіп жайғасты. Сараңсері де сондай жөшіктің біріне отырды. Өзгелермен бірге ол да қолына кішірек қалбырлардың бірін алып, ішіндегісін ұрттап көріп еді, шай емес, қайнаған жай су екен.

– Мұның шайы қайда? – деп сұрады ол.

– Шайымыз осы, – деді Шынашак. – Рас, бұл – шай салынбаған шай. Қазіргі әдет осындай.

– Ім! – деп күбірледі Сараңсері. – Жарайды, бұл шайы салынбаған шай-ақ болсын! Мейлі! Шайдан асқанға келіп-кетер көп пайда да жоқ. Бірақ мұның қанты қайда?

Бұл сөзге ергежейлілер тағы да мөз болды. Шалбары жоғы қалбырды аузына апара бергенде, күліп жіберіп, ыстық су жалаңаш тізесіне шашырап кетті.

– Кешір, бауырым! – деді Шынашак. – Қантқа да зәруміз. Сатып алатын ақша жоқ. Көптен бері шайды осылай қантсыз ішеміз.

– Қайнаған қара судан не пайда бар? – деді Сараңсері түнере түсіп.

– Олай деме, бауырым, пайдасы бар, – деді үстінде жейдесі жоқ ергежейлі. – Мысалға өзінді-ақ алайықшы

Түнімен тоңып, дірдек қақтың, өрине. Бойынды суық алып қалды. Енді жылынуың қажет. Қалай дейсің ғой. Сен мына ыстық суды ішіп алсаң, қызуы бүкіл денеңе тарайды. Ішіңе ел қонбаса да, қанына өйтеуір бірдене барады. Міне, саған пайдасы.

– Бір шелек су – стакан қаймаққа татиды, – деді Шынашақ. – Ғылым мұны баяғыда дәлелдеген.

Тағы ду күлкі.

– Өздерің кімсіңдер, бауырларым? Немен айналысасыңдар? – деп сұрады Сараңсері ыстық суды ұрттап отырып.

– Біз, бауырым, жұмыссыз қалған жалаңаяқтар боламыз. Ондай мамандықты естіп пе едің? – деп сұрады үстінде жейдесі жоқ ергежейлі. – Бір кезде біз де ел қатарлы едік, жұмыссыз қалған соң, көрген күніміз қараң болды. Біз үшін қырсықтың үлкені сол – өрқайсымызда аз дегенде бір-бір киім жетпейді. Мәселен мына менің жейдем жоқ, ананың бәтінкесі, үшіншісі бөріксіз. Ал, қалада етіксіз, немесе бөріксіз көрініп қалсаң, сені перғауындар салған жерден ұстап алады да, жындылар аралына айдап жібереді.

– Иә, иә, ол солай, – деп қостады Сараңсері.

– Сөйтіп, біз қалада тұра алмаймыз, қаласыз да күн көре алмаймыз. Қазір мен Шынашақтың жейдесін киіп, қалаға аттанамын. Бәлкім, жұмыс кезігіп қалса, аз да болса тиын-тебен табудың сәті түсер. Ал ертең менің бәтінкемді киіп, жұмыс іздеп қалаға Шынашақ кетеді. Сөйтіп күн сайын екеуіміз осында қалып, екеуіміз қалаға барып, өлместің күнін көріп, жан сақтаймыз. Тіршілігіміз осы! Бұл қайыршылықтан енді қайтып құтыла алмайтынымызды ішіміз сезеді.

Ыстық суды ішкен соң, Сараңсері, шынында да, бойының жылынып қалғанын сезді. Рас, қайнаған қара судан қарнын тойдыра алған жоқ.

Ол қалтасынан бір уыс картоп шығарды.

– Мен, бауырларым, мына түйнектерді жол-жөнекей теріп алған едім. Мүмкін жеуге жарайтын нәрсе шығар? – деп сұрады ол.

Түйнектерді көрген ергежейлілер оның сөзіне тағы да жамырай күлді.

– Мынауың картоп қой! – деді олар. – Мұны пісіруге әбден болады.

– Ал сендер пісіре аласындар ма?

– Пісіргенде қандай! – деп дауыстап жіберді Шынашақ. Сонан соң түйнектерді алып, отқа жақындады.

– Онда сендер пісіре беріндер, мен қазір тағы әкелемін.

Сараңсері осылай деп орнынан тұрды да, бұталар өсіп тұрған жаққа аяндай жөнелді.

– Қайда барасың? – деп айқайлады ергежейлілер.

– Қазір келемін, бауырлар, кешікпеймін! – деп дауыстады Сараңсері, бұталардың ішіне кіріп бара жатып.

Ол қалың өскен бұталардың арасынан шығысымен, картоп отырғызылған алаңның шет жағындағы түйнектерді жұлуға кірісті. Түйнектерді тамыры мен топырақтан тазартып, цилиндр қалпағына толтыра салып, кері қайтуға ыңғайлана бергені сол еді, әлдекім арт жағынан бұқпантайлап келіп, шап беріп желкесінен ұстай алды. Қарауылдың қолына түсіп қалғанын сезген Сараңсері бар күшімен жұлқынып, сытылып шықты да қаша жөнелді.

– Мен саған көрсетемін! – деп айқайлады қарауыл, таяғын сермеген қалпында оның артынан өкшелей қуалап.

Ол бірнеше рет таяғымен Сараңсерінің арқасынан ондырмай салып өтті. Сараңсері сайдың табанына домалап түскенде ғана құтылды одан.

Сайға қарай домалағанда қолындағы картобының бәрін шашып алған Сараңсері сай табанымен жоғары өрлеген дұрыс па, әлде төмен кеткен жөн бе деп ойланып қалды. Сайдан шықсам қарауылдың көзіне қайта түсіп қалармын деп қорықты. Әбден ойланып-толғанып, жоғары қарай өрлеуді жөн деп тапты: көтеріле берсем, әйтеуір бір жолға кезігермін-ау деп түйді.

Бұл есебі дұрыс боп шықты. Жарты сағаттай жүрген соң ол сайдан шықты да, өріректе машиналар ілгері-кейін тынбай ағылып жатқан жолды көрді.

Әйтеуір біреудің жаны ашып, қалаға қарай ала кетер деген үмітпен ол жол шетіне келіп тұрды. Алыстан машина көрінсе болды, қалпағын бұлғай бастайды.

Кешікпей жолы болды. Бір ергежейлі машинасын тоқтатып, кабинасының есігін ашып, оны отыруға шақырды.

– Қайда барасыз? – деп сұрады ол двигательді қайтадан от алдырып.

– Суайтқалаға, – деді Сараңсері. – Енді маған үйге қайтқан дұрыс болар деп ойлаймын.

– Ондай жағдайда сіз кері қарай жүруге тиіссіз, – деді ергежейлі. – Мен Давилонға бара жатырмын.

– Мейлі онда, бөрібір! – деді Сараңсері. – Алдымен Давилонға барамын, сол жерден поезға отырып, Суайтқалаға тартамын. Әрі жол-жөнекей Шаян деген жексұрынға жолығып, өзімді ағашқа байлап кеткені үшін сазайын тарттырамын. Бөлмесінде қалған заттарымды ала кетемін.

Сараңсері жаңа танысына басынан өткен оқиғаларды және Шаянның оңбағандық істерін әңгімелеп берді. Ол тек қана, Шаян екеуінің жолға қандай мақсатпен шыққандарын бүгіп қалды. Жалпы ақшаға байланысты нәрсені әрдайым құпия сақтау Сараңсерінің әдеті еді, бұл жолы да сол ережесін бұзған жоқ. Оның әңгімелеріне ергежейлі ішек-сілесі ката күлумен болды; өзіне осындай күлкішіл ергежейлінің кезігіп, серік болғанына Сараңсері де мейлінше разы. Кешікпей олардың қоштасуына тура келді, өйткені Давилонға жеткен еді.

Машина иесінің жақсылығына алғыс айтып, Сараңсері бірден қонақ үйге тартты. Мұнда ол Шаянның Ұрықалаға кеше-ақ жүріп кеткенін естіді. Сараңсері Шаян тоқтаған бөлмеден заттарын алды. Содан соң сабынын, сүлгісін, бет орамалын, шеге мен сым-темірге дейін барлық заттарын жинап, цилиндр қалпағының ішіне салды да, ресторанға келді. Сараңсері бірден төрт ергежейлінің тамағын алдырып, соны апыл-ғұпыл, асығыс жеуге кірісті.

Тамақтанып болған соң, тоғын басуға бір бөтелке минералды су ішті. Осыдан кейін өзінің үйреншікті Суайтқаласына қайтуға болады деп шешті. Бұдан кейінгі жайлар: оның Бас-Масаға бара жатқан Дымбілмес пен Серкеш мінген поезға, тіпті сол вагонға тап болуы оқушыларымызға белгілі. Суайтқала Бас-Масадан беріде болатын.

Жиырма екінші тарау

ДЫМБІЛМЕС ПЕН СЕРКЕШТИҢ БАС-МАСАҒА КЕЛУІ

Сараңсері қалпағынан шығарған заттарын вагонның терезесі алдындағы кішкене столдың үстіне қойды да, бас киімнің батпақ тиген жерлерін жеңімен сүртіп, тазалай бастады. Батпақ іздері біржолата кете қойған жоқ, ол сонда да өзіне-өзі риза болып, көңілі тынышталды да, шығарған заттарын қайтадан орнына салып, қалпағын сөкінің астына жасырды. Сонан соң тұсынан өтіп бара жатқан жолсерікті тоқтатып, поездың Суайтқалаға түнгі сағат үште келетінін сұрап-біліп, өзін сол кезде оятуды өтінді.

– Жақсы, жақсы, – деді жолсерік.

– «Жақсы, жақсы» емес, міндетті түрде оятыңыз! – деп күңкілдеді Сараңсері, – Және мынаны ескеруіңізді өтінемін: менің ұйқым қатты, сізден тағы бес минут жата тұрайын деп сұрайтыным сөзсіз, сіз мені тындамаңыз, жағамнан алыңыз да, вагоннан итеріп шығарыңыз.

Қарсыдағы семіз жолаушының газет оқып отырғанын көрген Сараңсері «Давилон сықақтарын» сұрап алды. Ол алдымен соңғы тәуліктегі болып өткен әр түрлі оқиғалар: ұрлықтар, тонау, өлтіру, өртеу, қастандықпен у беру жөніндегі хабарларды қарап шықты, сонан соң анекдоттарға рахаттана күліп, көңіл-күйі көтеріліп қалды. Енді көркем өңгімелерге кіріспек еді, дәл осы сәтте, алып акциялар жөніндегі өзімізге белгілі мақалаға көзі түсті. Оны оқып шыққан соң Сараңсері ойға шомды. Ол «Давилон сықақтарының» Сегізаяқтың меншігі екенін, сондықтан тек соған ғана тиімді нәрселерді жариялайтынын білетін еді.

«Шамасы, Сегізаяққа алып акциялардың беделін түсіру қажет болғаны ғой» деп ойлады іштей. Мүмкін ол осы акциялардың бағасы төмендеуін қалайтын шығар? Иә, иә! Осыны бірден білмеген қандай мисызбын мен. Жыпық пен Алаяқ ақшаны алып қашып кетсе деп ол бекер жанталаспаған болып шықты. Олар тайып тұрысымен-ақ, акциялардың бағасы құлдырайды. Сегізаяқ мыр

за осыны пайдаланып, оларды су тегінге алады да, багасы қайта көтерілгенде, қымбатқа сатып, бұрынғысынан бетер байиды. Несі бар, Сегізаяққа жол бермей, алдын орап кетуге тиіспін. Бұдан пайда табуға болады!»

Өзінің көл-көсір байлыққа кенелетінін ойлап, Сараңсері алақанын уқалап-уқалап қойды, тіпті ыңылдап ән сала бастады. Бірақ терезе сыртындағы қараңғылықты көріп, қазір түн екенін, көптеген жолаушылардың ұйықтап жатқанын, өзінің осыдан бұрынғы түнді ұйқысыз өткізгенін есіне алды да, жатып, тынығып алуды дұрыс деп тапты. Жолсерік қалдырған көрпе, төсеніштерді сөкінің үстіне жайып, аяғын көсіліп жіберіп, көз жұмды. «Иә, бауырларым, ағаштың кеуегінде ұйықтағаннан, поездда ұйықтау – мың есе артық!» деді ол өзіне-өзі.

Көзі ұйқыға кетіп бара жатқанында, цилиндр қалпағымды қағып кетпеді ме екен деген ой келіп, сөкінің астына қолын жүгіртіп шықты. Қалпағының орнында екенін байқап, көңілі орнына түсіп, қайтадан ұйықтауға ыңғайланған еді, енді таяғына алаңдады. Ол еденді сипалап көріп, таяғын таппады. Әуелі өзінің, сонан соң қарсыдағы газет бүркеніп қорылдап ұйықтап жатқан жуан жүргіншінің сөкісінің астын қарады – жоқ; Дымбілмес пен Серкеш жатқан жоғарғы сөкілерді қарады – жоқ. Таяғы еш жерде болмай шықты.

«Мүмкін, вагонға таяқсыз келген болармын, – деген ой жүгіріп өтті. – Мүмкін, оны басқа жерде қалдырған шығармын?»

Ол өзінің таяғын көрмегеніне, шынында да, біраз уақыт болғанын есіне алды. Бірте-бірте ол оны заттарын алуға кіріп-шыққанда қонақ үйге, немесе өзін машинамен қалаға жеткізіп салған ергежейлінің машинасында, немесе өзіне ыстық су берген ергежейлердің қосының басына қалдырып кеткенін ұқты.

«Әлде, ағаштың кеуегіне тастап кеттім бе?» деп ойлап, Сараңсерінің жан дауысы шығып кете жаздады.

Ол әуелде кейін қайтып, таяғын іздеп таппақ болып, поездды тоқтатуға бекінген-ді. Бірақ өзінің бұл әрекеті жаңа таяқ сатып алудан әлдеқайда қымбатқа түсетінін

ойлап, бөгеліп қалды. Осыдан соң басын қайтадан жастыққа салып, ұйықтап кетуге тырысты.

Алайда, жаңа таяқ сатып алуға ақша жұмсау қажеттігі ойына түсіп, мазасы кете берді. Таяғын дәл қай жерге қалдырғанын еске түсіруге бар күшін салды. Ол тек бір нәрсеге сенімді еді: Алаяқты басынан салып жібергенде, таяғы қолында болатын.

«Өзін, дегенмен, келістіріп қонжиттым» деп ойлады ол.

Бірақ бұл ой да оған жұбаныш әкелмеді. Өкініштен өртеніп жатыр. Таяққа қанша ақша төлегенін қайтадан еске алды. Сол жолы бағасы арзан темір сапты таяқты саудаламай, бағасы қымбатырақ сүйек саптысын алғанына өзін-өзі жатып кеп сөкті.

Егер тосын оқиға болмағанда, оның жан азапқа түсуі қаншаға созылары белгісіз еді.

Дымбілмес пен Серкеш ұйықтар алдында төтті шырын қосылған газды су ішкілері келген-ді. Олар бөтелкені ашты да, ондағы төтті судың жартысын ішіп, жартысын түнге қалдырған. Бөтелке түн ішінде, абайсызда құлап кетпеу үшін Серкеш оны бас жағына, вагон қабырғасына сүйеп қойды да, жастығымен бастырды. Түнде вагонның шайқалуымен жастық жылжи түсті, бөтелке бірте-бірте қисайып, аузынан газды су тамшылай бастады. Серкештің астындағы сөкіде жатқан Сараңсері жоғарыдан әлдеқандай сұйықтың тамшылай бастағанын бірден байқады. Ол алақанын тоса қойып, бірнеше тамшыны жиып алды да, тілімен жалап көріп, төтті шырын қосылған газды су екенін білді. Осындай пайдалы ішімдіктің бостан-босқа төгіліп, ысырап болуын дұрыс емес деп санаған ол аузын барынша кең ашып, төтті тамшыға тоса қойды.

Вагонның шайқалуынан бөтелке онан сайын қисая түсіп, су сыздықтай ақты. Осы бір төтті, хош иісті, тіл үйіретін сусынды рахаттана жұтқан Сараңсері, егер оны сатып алып іше қанша шығындалатынын ойша есептеп шығарды. Бұл соманы өзі жоғалтып алған таяғының бағасынан алып тастады да, шығынның аз да болса кемігеніне қуанды. Бөтелке бұрынғысынан да қисая түсті, төтті су үздіксіз ағып тұр. Сараңсерінің басындағы

ой да солай үздіксіз ағындаумен болды. Ұшқыр ойдың жетегіне ілескен ол, поезга отырып, сапарға шыққан сайын ақысыз-пұлсыз бір бөтелке газды су ішудің сөті түсіп отырса, қалай жақсы болар еді деп қиялдады. Жолға алған таяқтың құнын тәтті шырын қосылған бір бөтелке газды судың бағасына ойша бөліп, поезбен қанша рет жол жүргенде таяқты сатып алуға кеткен ақшасының орнын толтыратынын есептеп көрді.

Осындай жанына жағатын есептермен айналысқан Сараңсері бірте-бірте өкінішті сезімдерден арылып, көңіл-күйі жақсара бастады. Дәл осы сәтте бөтелке біржолата қисайып барып, төмен құлап кетті де, Сараңсерінің маңдайына сарт ете қалды.

— Міне, әрдайым осылай, — деп күңкілдеді Сараңсері маңдайын сипалап. — Кішкене рақаттанып, жаның жай тапса болды, төтеннен бір нәрсе килігеді де кетеді! Құрып кеткір итшілеген тіршілік-ай!

Маңдайын сипалап көріп, әйтеуір жарылмай аман қалғанына шүкіршілік етті. Сәлден соң маңдайының ауырғаны басылды да, тынышталып, ақырында ұйықтап кетті.

Поезд бұл кезде тоқтаусыз зулап келе жатқан. Дөңгелектер бір қалыпты сарт-сұрт етеді. Уақыт та зымырап өтуде. Сараңсері ұйқыға кеткенде, түн ортасына ауып қалған еді. Арада екі сағат өтпей-ақ Суайтқаланың оттары көзге шалынды. Қалаға кірер жол айрығында дөңгелектер бұрынғыдан да қатты сартылдады. Поездың жүрісі біртіндеп баяулап барып тоқтады.

Сараңсері әлі қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан. Поезд станциядан алыстап кеткенде ғана жолсеріктің ойына оны ояту керек екені түсті.

— Қап, ұмытып кеткенімді қарашы! — деп өкінді жолсерік, ұйқтап жатқан Сараңсерінің қасына келіп. — Меніңше, бұл мәжнүн, Суайтқалада қаламын деген еді-ау. Ия, ия, дәл солай! Енді, амал қанша, келесі аялдамада түсіріп кетемін, Суайтқалаға қалааралық поезбен жетер.

Сараңсерінің ренішті сөздерін естігісі келмеген ол оны әзірше оятпауды жөн көрді. Поезд, неге екені белгісіз, «Паноптикум» деген қызық ат қойылған, келесі станцияға тоқтағанда ғана Сараңсеріні жұлмалай бастады.

– Тез тұрыңыз, түсетін уақытыңыз болды! – деп айқайлады жолсерік Сараңсеріні иығынан тартқылап.

Сараңсері оның қолын итеріп тастап, бұрынғысынша қорылдап ұйықтай берді. Поездың бұл станциядан да жүріп кетуге айналғанын көрген жолсерік шындап ашуға мініп, Сараңсерінің құлағына аузын тақап:

– Мырза, шыдамның шегі бар, мені ақымақ қылғанды қойыңыз! – деп айқайлады. Сіздің билетіңіз Суайтқалаға дейін ғана. Егер қазір түспесеніз билетсіз жүргеніңіз үшін айып төлеуіңізге тура келеді.

Өзінің неге екені белгісіз, ақша төлеуі керектігін естіген Сараңсері өлі еш нәрсені түсінбесе де, орнынан ұшып тұрып жолсерікке бақшиып қарап қалды. Осыны пайдаланған жолсерік оны жағадан ұстап алды да, шығар есікке дейін сүйреп апарып, перронға итеріп жіберді. Соған соң Сараңсерінің орнына қайта оралып, едендегі газетті, сәкінің астындағы ішіне өр түрлі ұсақ-түйек заттар толтырылған цилиндр қалпақты алып келіп, перронда өлі еш нәрсенің байыбына бара алмай, мәңгіріп тұрған Сараңсерінің қолына ұстата салды. Сараңсері өлдене сұрамақ болып, оқтала беріп еді, поезд қозғалып жүріп кетті. Ол аузын ашқан күйінде қала берді.

Дымбілмес пен Серкеш бұл оқиғаларды білген жоқ. Соның алдындағы түнде киноның әсерінен қорқынышты түстер көріп, дұрыс тыныға алмағандықтан ба, олар таң атса да қатты ұйқыда жатыр. Егер жолсерік оятпаса, Бас-Масадан өтіп кетулері сөзсіз еді.

– Әй, тұрындар, – деп айқайлады жолсерік. – Сендер де өз станцияларыңнан өтіп кеткілерің келе ме! Тұрындар, тез!

Дымбілмес пен Серкеш қозғала қоймаған соң, ол билетті тесуге қолданатын болат қысқышымен сәкілерді сартылдатып соға бастады. Қатты тарсылдан Дымбілмес пен Серкеш оянып кетті.

Олар дер кезінде тұрған еді.

Поезд станцияға келіп қалыпты. Қолдарында чемодандары мен буыншақ-түйіншек заттары бар жолаушылар вагонның шығар есігі алдында үймелеп тұр. Дымбілмес пен Серкеш сәкілерінен секіріп түсіп, солай карай бет алды.

Бас-Маса үлкен қала болғандықтан, мұнда түсетіндер көп екен. Поезд тоқтасымен-ақ, жол жүріп келген ергежейлілер өздерін қарсы алушылармен, вагонға отыруға кезек күтіп тұрғандармен және оларды шығарып салушылармен ығы-жығы араласып, перронның басы құмырсқаның илеуіндей құжынап кетті. Дымбілмес пен Серкеш вагоннан шыққан бойларында осы көпшіліктің арасынан Жыпық пен Алаяқты іздеп, жан-жақтарына жалтақтап, қарай берген. Бірақ олар қалың нөпірдің арасынан өздері іздеген Жыпық пен Алаяқты көре алмады.

– Мүмкін, олар бізді басқа вагондардан тосып жүрген болар, – деді Дымбілмес аяғының ұшына көтеріліп, соңғы вагондарға көз жүгіртіп.

– Тоса тұрайық, – деді Серкеш. – Асығатын не бар. Кешікпей-ақ перрондағы жұрт тарайды, сол кезде бізді олар оп-оңай тауып алады.

– Немесе, біз оларды тауып аламыз, – деді Дымбілмес.

– Әрине, біз оларды, – деп қолдады Серкеш.

Кешікпей-ақ әуелі қалаға келгендер мен оларды қарсы алушылар, ал поезд жүріп кеткен соң жақындарын шығарып салуға келгендер де тегіс тарады. Дымбілмес пен Серкештен басқа ешкім қалмады.

– Бұл қалай болды, ө? – деп мазасызданды Серкеш. – Шынымды айтсам, Жыпық пен Алаяқ маған үнемі күдікті көрінетін. Олар түбінде бізді тақырға отырғызып кететін шығар деген ой көкейімнен кетпейтін. Осындай бір нәрсені күткен едім. Әлде, олар қателесіп, біздерді келесі поездбен келеді деп ойлады ма екен?

Осы сөтте басына арнайы фуражка киген темір жол қызметкері олардың қасына келіп, бұл жерде неғып жүргендерін сұрады.

– Біздерді қарсы алуға тиіс еді, бірақ ешкім келмеді, – деп түсіндірді Серкеш.

– Бұл жолы келмесе, келесі жолы келе жатар. Ал мұнда бостан-босқа тұруға болмайды. Ереже бойынша бұған тыйым салынған, – деді темір жол қызметкері.

– Давилоннан келесі поезд қашан келеді? – деп сұрады Серкеш.

– Ертең осы уақытта, – деп жүре жауап берді темір жол қызметкері.

– Несі бар, онда ертең келеміз. Мүмкін, олар күннен шатасқан болар, – деді Серкеш.

Олар вокзалдан өтіп, көшеге түсті де, қалаға қарай аяндады.

– Енді не істейміз? – деді Дымбілмес.

– Бір жерден ақша табуымыз керек, – деп жауап берді Серкеш. – Біздің қалтамызда тамақ ішетін де тиымымыз жоқ қой. Әрі түнемел орынға да ақша қажет.

– Ол ақшаны қайдан табамыз?

– Жұмыс іздеуге тура келеді. Сен бұрын ресторанда жұмыс істеп көріп пе едің?

– Жоқ, – деп мойындады Дымбілмес.

– Ең жақсысы ресторандардың біріне даяшы немесе аспазшы болып орналасу, – деді Серкеш. – Тамаққа жақын боласың, – деп түсіндірді сонан соң. – Мен бірде ресторанда швейцар болып қызмет еттім. Даяшылардың жұмысын бақыладым. Қолдан келмейтін түгі жоқ. Тек қана онда орналасу қиын, әрине. Орын жоқ.

Осылай келе жатқанда, алдарынан ресторан кезікті. Серкеш оның есігін батыл ашты да, Дымбілмес екеуі ішке кірді. Таңғы тамақ ішетін кез өтіп кеткен, түскі тамақтың мезгілі жетпеген. Сондықтан болар, ресторанда ешкім жоқ екен.

Буфетте есепшотын сыртылдатып, кіріс пен шығынды есептеп, ресторан иесі ғана отыр екен. Серкеш оның жанына барып:

– Сіздерге аспазшы, болмаса даяшы қажет емес пе? – деп сұрады.

Қожайын есепшотын сартылдатуын доғарды да, Дымбілмес пен Серкешке бастан-аяқ көз жүгіртіп өтіп:

– Екеуіңнің қайсың аспазшысың? – деп сұрады.

– Мен, – деп жауап берді Серкеш, – ал мынау – даяшы.

– Сендей аспазшы болмайды, – деп күлді қожайын. – Аспазшылар әдетте топ-толық болады, ал сен ап-арықсың.

– Сіз, мені қызметке алыңыз, ал мен, семіруді міндетіме алайын, – деп жауап берді Серкеш.

– Жоқ, сен алдымен семір, сонан соң қызметке аламын! – деп ашулана дүнк етті қожайын.

– Онда мынаны аспазшы етіп алсаңыз қайтеді? – деді Серкеш Дымбілместі нұсқап. – Бұл менен гөрі қондырақ қой.

– Бірақ жаңа ғана сен оны аспазшы емес, даяшы деген жоқсың ба, – деді қожайын келіспей.

– Онда тұрған не бар. Ол аспазшы болып та істей алады.

– Сен, шынында да, тамақ пісіруді білесің бе? – деп сұрады қожайын Дымбілестен.

– Өмірімде өлі бір рет те тамақ істеп көрген жоқпын, сондақтан кесіп айтуым қиын, – деп жауап берді Дымбілмес. – Дегенмен байқап көруге болады.

– Жоқ, – деді қожайын. – Маған сендей аспазшы керек емес. Жалпы алғанда, ешқандай аспазшының қажеті жоқ. Аспазшым бар.

– Онда соның көмекшісі етіп алыңыз, – деп ұсыныс жасады Серкеш.

– Көмекші де қажет емес.

– Ендеше бізді даяшы етіп алыңыз.

– Даяшылар да керек емес. Көрдіңіз бе, келушілер мүлде аз, сондықтан қазіргі жұмыс істеп жүрген даяшылардың кейбіреуін босатуға тура келеді.

– Онда бізді ыдыс-ақ жууға алыңызшы, – деп тақымдап қоймады Серкеш.

– Ыдыс-аяқ жуатын адамдарым да бар, – деді қожайын.

– Өзі бір есек екен! – деді Серкеш сыртқа шыққанда, қожайынға жыны қайнап. – Өзің-ақ төрелігін айтшы, егер оған аспазшы керек болса, іздеген аспазшы сенсің бе, жоқ өлде менмін бе, бөрібір емес пе? Құр өншейін уақытымыз босқа кетті.

Келесі ресторанда да осыған ұқсас әңгіме болды. Қожайын Дымбілмес пен Серкештің ресторанда аспазшы, буфетші, даяшы, наубай есепші, ыдыс-аяқ жуушы, үй тазалаушы, директор, түнгі қарауыл немесе швейцар болып істегілері келетінін білген соң:

– Осының бөрі қолдарыңнан келе ме? – деп сұрады.

– Келгенде қандай, – деп сендірді Серкеш.

– Ал болашақты болжау ше?

– Қолдан келмейтінді келмейді деп айту қажет, – деді Серкеш. – Өкінішке қарай, болашақты болжайтын сәуегейлік қолымыздан келмейді.

– Ал ол менің қолымнан келеді, – деді қожайын. – Қазір сендер мына есіктен далаға топ ете түсесіңдер де, кейін қарай қайтадан аттап баспайтын боласыңдар.

– Себебі не? – деп сұрады Серкеш.

– Мен айттым, себебі сол.

– Бұл да бір есек екен! – деді Серкеш далаға шыққан соң, қожайынның бағасын беріп. – Оның орнында отырсам, әлгіндей сәуегейлік менің де қолымнан келер еді.

Келесі ресторандағы әңгіме одан да қысқа болды. Серкеш аузын ашып үлгермей жатып-ақ, қожайын жұдырығымен столды қойып қалып:

– Жоғал! Сені енді бұл жерден қайтып көрмейтін болайын! – деп айқай салды.

– Сөзі қысқа екен. Бірақ мәдениет жағы жетіспейді! – деді Серкеш. Бұл сөздерді де ол, әрине, сыртқа шыққан кезде айтты.

Алғашқы сәтсіздіктер Серкештің еңсесін түсіре алған жоқ. Олар, Дымбілмес екеуі, ресторандарды ұзақ аралады, барлық жерден де «жоқ» деген жауап алып, өздерін тәлкек еткен сөздер естіді. Осыдан соң дүкендерге кіріп, сатушылық қызмет іздеген. Мұнда да жолдары болмады. Дүкен ұстаушылар сатушыларға емес, сатып алушыларға көбірек зәру екен.

Өстіп жүргенде күн батты. Бүкіл қала от жарнама-лармен жарқырап кетті. Дымбілмес пен Серкеш бұл кезде қала орталығына тап болған-ды. Олар самсаған электр жарығымен нұрланған көшеде көңілді өуенге елітіп билеген, сауық құрған ергежейлілерді, сықырлаған әдемі өткеншектерді, шыр көбелек айналған айналмалар мен шайтан дөңгелектерді, уақытты көңілді өткізуге арналған өзге де орындарды тамашалап келе жатты. Бұл жағынан Бас-Масаның айдағы өзге үлкен қалалардан еш айырмасы жоқ болатын.

Дымбілмес пен Серкеш ресторандарда стол басында әр түрлі тәтті тамақтарды алдарына алып, әңгіме-дүкен

кұрысып отырған ергежейлілерге қызыға қарасты. Ішін ұлып тұрғанда төтті тағамдарды көре тұра жей алмаған азап екен.

– Ішек-қарнынды тырнаған аштықты ұмытудың ең жақсы әдісі – қисық айналарға қарау, – деді Серкеш. – Мен әрдайым осылай істеймін. Күлген кезінде қарныңның ашқаны онша сезілмейді.

Олар тротуардың екі қапталын бойлай тізілген қисық айналардың ортасымен әрі-бері қыдырыстап, өз бейнелерін қызықтай бастады. Айналардың бірінің алдына келгенде Дымбілес пен Серкеш пішіндерінің танымас-тай болып өзгеріп кеткенін көріп, аштықты да, көңілдерінің жабырқағанын да ұмытып еріксіз күліп жіберді.

Рақаттана күлген Дымбілеске қарныңның ашқаны, шынында да, бәсендегендей болып көрінді. Осы кезде олар мандайшасында «Көңілді балаған» деген жазуы бар шағын ғана сахна алдында топтасып тұрған ергежейлілерді байқады. Сахнаға шымылдық орнына кәдімгі ақ жайма керіліпті. Шымылдықтың ортасында ергежейлінің басы сыятындай дөңгелек тесік бар екен. Әлдеқандай күлкілі ергежейлі сол тесіктен басын шығарып, қарап тұр. Сахна алдында тұрғандар қолдарына бір-бір рәзінке доп алып, өлгі ергежейлінің бетін көздеп лақтырады. Доптан жасқанған ергежейлі бет-аузын қисандатып, басын қалтандатып, допты тигізбеуге жанталаса әрекет етеді. Бұған сахна алдында тұрғандар ішек-сілесі қатып күледі.

Дымбілес пен Серкеш те олардың жанына келіп, сахнадағы ергежейлінің бет-аузын қисандатқанын көріп, күліп жатыр.

– Мұнысы несі? – деп сұрады Дымбілес күлкісіне шашалып. – Доп бетіне тисе ауыртпай ма?

– Әрине, ауыртады, – деді Серкеш. – Бірақ қалай болғанда да жан сақтап, күн көру қажет. Қожайын оған бұл үшін ақша төлейді.

Осы сәтте Дымбілес балағанның иесін көрді. Ол рәзінке доптарға толтырылған үлкен ақ көрзіңкенің қасында тұр екен. Ергежейлінің бетіне доп лақтырғысы келгендердің әрқайсысы оған бір-бір сантик төлеп жа-

тыр. Дәл осы мезетте көрушілердің біреуі, шамасы өзінің де, өзгелердің де көңілін көтергісі келсе керек, ақысын төлеп, бес допты бірден алып, сахнадағы ергежейлінің есін жиғызбай, үсті-үстіне төпей лақтырды. Сахнадағы ергежейліге төрт доптан бұлтарудың сөті түскенмен, бесінші доп сарт етіп көзіне тиді де, қабағы бірден ісіп кетті. Бейшараның бір көзі жабылып, ергежейлі өзінің бүгін жұмыс істей алмайтынын айтып, үйіне кетті. Бірақ балағанның иесі сасқан жоқ. Ол көпшіліктің алдына шығып:

– Қане, достар, кімнің үш фертинг тапқысы келеді? – деп айқайлады. – Бүгін балаған жабылғанша шыдаған ергежейліге түп-тура үш фертинг төлеймін.

– Өзің барып тұра ғой, – деді көршілердің біреуі. – Қане, табактай бетінді тосып көрші!

Осы сәтте Серкеш көпшілікті киіп-жарып сахнаға шықты да:

– Мен байқап көрейін, – деді.

– Көрсең көр! Тек қана мұрнына доп тигенде ойбайлап жүрме, – деді топтың ішінен тағы біреу.

Көпшілік ду күлді. Серкеш олардың күлгеніне назар аудармауға тырысып, шымылдың артына өтті де, тесіктен басын шығарды. Ол бетін шапшаң бұрып әкетуге шымылдың мүмкіндік бермейтінін бірден сезді. Серкеш жан-жағын бағдарлап үлгермей жатып-ақ «ойын» басталып кетті де, дәл лақтырылған доптың бірі оның мандайына сарт ете түсті.

Бұл соққы оны аздап есеңгіретіп кетті. Бұл жерде ашықауыздық жасауға болмайтынын Серкеш бірден түсінді. Осыдан кейін де бірнеше салмақты доптар бетіне, ал біреуі түп-тура мұрнына тиген еді. Солардың бәрінен құлағына тиген соққы жанына қатты батып кетті. Серкештің көзінен еріксіз жас ытқып шықты. Ұшып келе жатқан доптардан аз да болса сақтану үшін жан-жаққа бұлқынып, бұлтарумен болды, амалы мүлде таусылған кезде жанарына зақым келмесін деп, тас қылып көзін жұмады, осының бәрін карап тұрғандар ішек-сілесі қатып, мөз болысады. Көреремендер күлкіге әбден қарық болды. Олардың мөре-сәре дауыстары өтіп бара жатқандарды өзіне магниттей тартты. Доп саудасы

кыза түсті. Қожайын ақша санап алуға әрең-әрең үлгіріп тұрды.

Дымбілместің күлуге шамасы келген жоқ. Ол досының әр қимылын қас қақпай бақылап, оған лақтырылған доп өзіне тигендей қиналды. Ол досына тым қаталдық жасамауын өтініп, танымайтын ергежейлілерге жалғуға әзір еді. Серкешке доп лақтыртып пайда тауып жатқан балаған иесіне жұдырығын ала жүгіруге шама калып тұрды.

Уақыт, әйтеуір, өте берді. Салқын түсе бастады. Балағанды қызықтаушылардың саны азая түсті. Енді біраздан соң оның алдында ешкім қалған жоқ. Қожайын ең майда тиындардан Серкешке үш фертингті санап берді де, өзінің сайқымазақ мекемесін жапты.

Арада бес минут өткенде, Дымбілмес пен Серкеші жып-жылы асхана ішінде арпа жармасынан пісірген дәмді көжені тәтті самсамен ішіп отырды. Осыдан соң олар май қосқан қарақұмық ботқасын жеуге кірісті. Қарны әбден ашқан Серкештің қазіргі рақаттана тамақ ішкен түрі — аязды күні даладан үйге әкеліп, алдына қаймақ қойған мысықтың баласының көзін жұмып, көңілдене тамақтанғанын еске түсіргендей еді. Дымбілмес те көжені, ботқа мен самсаны мақтаумен болды. Әсіресе бүгінгі басынан өткерген азапты сағаттардан кейін тамақ оған бұрынғыдан да дәмді көрінді.

Жиырма үшінші тарау

«ТҮЙЫҚТА»

Дымбілмес пен Серкеш арзан деген соң «Үнем» атты қонақ үйіне келген еді. Шынында да, бұл жерде елу сантик төлесен, түнеп шығуға қолайлы бөлме алуға болады екен. Бұл баға — өзге қонақ үйлердегіден екі есе дерлік арзан еді. Осыдан да болар, мұнда түнеп шыққысы келетіндер ешқашан азаймайтын. «Әлемдегі ең арзан бөлмелер» деген жарнаманы оқығандардың барлығы да ойланбастан-ақ осында келетін. Елу сантик

төлеп кілт алған соң, Дымбілмес пен Серкеш өз бөлмелерін тауып алды. Ол шағындау, өрі тап-таза екен. Бөлмеде стол, бірнеше орындық, киім ілетін шкаф, қабырғадағы айна алдында қол-жұғыш, бұрышқа қойылған телевизор бар екен.

– Тамаша, – деді Серкеш риза болып. – Басқа қай қонақ үйден елу сантиметрге телевизоры бар бөлме тиеді? Ешқандай. Бұл сөзіме сенуіңе болады. Қонақ үйдің «Үнем» аталуы – орынды ма деймін.

Шкафты ашып, қалпақтарын ішіне қойған Серкеш пен Дымбілмес дем алуға ыңғайланған еді, осы сәтте қоңырау шылдырлап, әдетте, шамды жағып-өшіретін түймеше тұратын жерде әлдеқандай қызыл өйнек-көз пайда болып, өшіп-жанып, жыпылықтап белгі бере бастады. Осы белгіге жалт қараған Дымбілмес пен Серкеш соның жанындағы кішкентай тесіктен ұшында ойығы бар темір тілшік шыққанын, тілшіктің астында «сантик» деген жазу пайда болғанын көрді.

– Қап, өттеген-ай, – деп дауыстап жіберді Серкеш, өкінішпен желкесін қасып. – Мұның не нәрсе екенін сезіп тұрмын. Шамасы, біз, шам жарығына ақыны бөлек алатын қонақ үйге тап болсақ керек. Тілшікті көрдің бе? Егер оған дәл қазір бір сантик салмасақ, шам өшеді де, қараңғыда қаламыз.

Ол осыны айтып, аузын жиғанша шам сөнді де, бөлмеде қараңғылық орнады.

Серкеш қалтасынан бір сантик алып, тілшіктің ұшындағы ойыққа салды. Тілшік сол сәтінде ойыққа кіріп, жоқ болып кетті де, жарқ етіп шам жанды.

– Енді өңгіме басқаша, – деді Серкеш көңілі орныққандай болып.

Осы сәтте Дымбілмес бөлмеде төсектердің жоқ екенін байқады.

– Қайда жатып ұйықтаймыз? – деді ол еш нәрсеге түсінбей.

– Барлық арзан қонақ үйлердегі сияқты, мұнда да жиналмалы төсектер болуға тиісті, – деді Серкеш. – Күндіз олар ешкімге керек емес, сондықтан қабырғаға жиналып қойылады, түнде түсіріледі.

Дымбілмес жан-жағына көз салып, шынында да,

мұндағы төсектер поездың вагонындағы сияқты қабырғаға көтеріліп, жиналып қойғанын көрді.

Серкеш осындай төсек-сөкінің бірінің жанына барып, бүйіріндегі металл тұтқасынан тартып көріп еді, төмен түскен жоқ, оның орнына тағы бір металл тілшік шықты да, тілшіктің астында «сантик» деген таныс жазу пайда болды.

– Қап, сайтан-ай! – деді Серкеш тосылып. – Бұл жерде төсекке де ақша төлеу қажет екен.

Осыны айтып, тілшікке бір сантик салып еді, сөкі сарт етіп төмен түсті де, сол сәтінде-ақ қабырғадан үш тілшік қатар шығып, тұстарында «ақ жайма – 1 сантик», «көрпе – 1 сантик», «жастық – 2 сантик» деген жазулар жымың қақты.

– Әттеген-ай, ө? – деп айқайлап жіберді Серкеш. – Қонақ үйдің неліктен «Үнем» деп аталғанын енді түсіндім. Ол көп ақша үнемдеуге болады деген сөз екен. Айталық, бір сантик үнемдегің келсе, ақ жайма, төсенішсіз немесе көрпесіз ұйықтауыңа болады, екі сантик үнемдегің келсе, жастықсыз жат. Ал тұтасымен бес сантик үнемдегің келсе, қу тақтай еденге жата салуыңа өбден болады. Қып-қызыл пайда!

Серкеш бір уыс бақыр ақшаны қалтасынан шығарды да, тілшіктердің бірінен соң біріне сала бастады. Олар сол сәтінде жоқ болып кетіп қабырғадағы қуыстардан тәптіштеп бүктелген ақ жайма, көрпе, жастық бірінен соң біреуі топ-топ етіп сөкіге түсті.

Өз төсегін жайғастырды да, Серкеш екінші сөкінің жанына келіп, дәл жаңағыдай әдіспен Дымбілмеске де төсек салып берді. Содан соң ұйқылары келгенше телевизор көруді ұйғарды. Серкеш телевизордың жанына барып, құлағын бұрады. Алайда, ол іске қосылмады. Таныс тілшік тағы да пайда болып, бес сантикті бір-ақ сұрады.

– Мынау қып-қызыл тонау ғой! – деді Серкеш ыза болып. – Телевизордың бағасы тіпті масқара қымбат екен.

Ол осылайша күнкілдей жүріп, қалтасынан бес сантик алып шығып, тілшікке салды. Телевизор бес сантикті жұтып қойды да, іске қосылды. Шытырман оқиғалы фильм жүріп жатыр екен. Фильмде қаптаған полицей-

лер, тыншылар өлдеқандай бағалы заттарды ұрлап кеткен бір топ қылмыскердің ізіне түсіп, қуып жүрді. Полицейлер қаншама рет қаумалап, тосқауылдар қойып, тұтқиылдан шабуылдаса да, қылмыскерлер қолға түспей, құтылып кете берді.

Дымбілмес пен Серкеш фильмді басынан көрмегендіктен, қылмыскерлердің қандай заттарды қалай ұрлағанын білген жоқ. Олар осыны түсінуге тырысты. Сонымен бірге қылмыскерлердің қолға түсетінін, өлде құтылып кететінін білуге ынтықты.

Киноның оқиғасы барған сайын қоюлана түсті. Қуғын-сүргін, төбелес, атыс көбейді. Қылмыскерлердің басшысы енді-енді қолға түседі-ау деген ең қызық жеріне келгенде, телевизор тырс етіп сөнді де, жалаңдаған тілшігін қайта шығарып, бес сантик сұрады.

– Мә, осымен көмейінді бітей ғой! – деді Серкеш ызалана күңкілдеп, тілшікке сұраған бес сантикті тастай салып.

Экран қайтадан жанды да, бандиттер өздерінің басшысын құтқаруға тұра ұмтылды. Полицейлер оларға қарсы көзден жас ағызатын бомбалар қолданып, өтпейтін автомобильдерін көмекке шақырды. Содан соң жолындағылардың барлығын қирата, бандиттерді өкше-лей қуалап, қайтадан іздеріне түсті.

Дымбілмес пен Серкеш қанша қызықса да, фильмді бәрібір аяғына дейін көре алған жоқ. Тілшік бесінші рет пайда болып, бес сантик сұрағанда, Серкеш орнынан тұрып:

– Жетті, – деді қатуланып. – Ақшаны жөн-жосықсыз шаша беретін Сараңсері сияқты шіріген бай емеспіз! Оның үстіне ұйықтайтын да уақыт болды.

Серкеш жуынып жатпақ болып, қол жуғышқа келген, бірақ мұнда да суға бір сантик, сабынға бір сантик, сүлгіге бір сантик төлеуге тура келді.

Серкештен кейін Дымбілмес жуына бастады. Бетін сабындап болғаны сол еді, өлдене сырт ете қалды да, су ақпай тоқтап қалды. Дымбілмес шүмекті өрі-бері бұрап, жұдырығымен тоқпақтап көрді – көмегі тимеді. Сабын көзін шыдатпай ашытып бара жатыр. Бірақ шайып тастайтын су жоқ. Амалы таусылған Дымбілмес Серкешті

жәрдемге шақырды. Оның даусынан өлдене болып қалғанын сезе қойған Серкеш шүмектің жанына жүгіріп келгенде, шам қайтадан сөніп қалды. Көзге түртсе көргісіз қараңғылық орнады. Тек қана қабырғадағы қызыл көз жыпылықтап, астында металл тілшік жалтырайды.

Серкеш шамға тағы ақша төлеу керек екенін түсіне қойды да, қалтасынан сантик алып, тілшікке ұмтылды. Тілшік тиынды сыпырып алып, шам жанды. Серкеш осыдан соң қол жуғыштың жанына келіп еді, мұнда да сантик сұрап, жаландап тұрған тілшікті көрді.

– Мә, тамағыңа тас болып тығылсын! – деді Серкеш ыза болып. – Жана ғана төлеп едім ғой! Аз болса, тағы жалма!

Сантик әп-сәтте жоқ болып кетіп, шүмектен сырылдап су ақты. Дымбілмес көзін ашытқан сабынды жуып тастады.

Серкеш ауыр күрсініп, қалған тиындарды санады да, аз қалғанына көзі жетіп, ұйықтайық деп ұсыныс жасады. Достар шешініп, төсекке жайғасқан. Бірақ кешікпей тағы шығындануға тура келді. Өйткені бөлме салқындап кеткен еді. Көрпеге қанша оранса да, бойлары жылынбай, дірілдеп, тоңып азапқа түсті. Ақыры, Серкеш өздерін жылы бөлмеге ауыстыруды талап етпек болып, орнынан ұшып тұрды. Есіктің жанына жүгіріп барған ол: «Дәліз кезекшісі», «Қолбала», «Қызметші әйел», «Даяшы» деген жазуларды және солардың тұсындағы түймешіктерді көрді. Түймешіктерді кезек-кезек басып еді, тиын сұраған тілшіктер мұнда да жалаң қакты.

– Мыналардың есі дұрыс емес болар? – деді Серкеш. – Мен бұларға соншама сантикті қайдан табамын.

Дәл осы сәтте Дымбілмес қабырғадан тағы да екі түймешікті байқады, астарында: «жылу жүйесі» және «желдеткіш» деген жазулары бар екен.

– Тұра тұр, – деді ол. – Біз жылу жүйесін іске қосуды ұмытып кетіппіз.

Осыны айтып, түймешікті басып қалған еді, таныс тілшік тағы да сантик сұрады.

– Ең соңғы рет төлеймін! – деді Серкеш күнкілдей сөйлеп.

Сантиктің сиқырлы күші жылу жүйесін қолма-қол

іске қосты. Баяу ғана гуілдеген дыбыс естіліп, қол жұғыштың астындағы тесіктен жылы ауа бөлмеге ағындай бастады. Достар қайтадан төсектеріне жатты да, бойлары жылынып, ұйықтап кетті.

Таңертен олар ерте оянды да, қалған сантиктерді сақтап қалу үшін қонақ үйден тезірек кетуге асықты. Алайда олар қалпақтарын салған шкафтың есігін аша алмай, бөгеліп қалды. Қанша жұлқыласа да, шкафтың есігі ашылмай, сантик сұраған тілшігін шығарып, бедірейіп тұрып алды. Ақырында амалы таусылған Серкеш қайтадан қалтасына қол салды.

– Барлығын да сайтан алсын! – деді ол терісіне сыймай. – Бұл қонақ үй емес, тонағыш үй ғой. Мұнда тағы бір түнесең қалпақтан ғана емес, шалбарыңнан да айрылып қаларсың. Түшкіргеніңе де ақы сұрайды.

Достар жол-жөнекей кездескен асханадан жеңіл-желпі тамақтанып алды да, вокзалға асықты. Поезд келетін уақытта вокзалда Жыпық пен Алаяқ та пайда болар деп үміттеніп еді. Бірақ үміттері ақталмады. Поезд келгенмен, Жыпық пен Алаяқ көрінбеді.

– Олардың бізді алдап, ақшаны алып, қашып кеткендері анық болды, – деді Серкеш.

Екеуі қайтадан жұмыс іздеді. Бірақ кешке дейін еш нәрсе таба алған жоқ. «Енді біраздан соң «көңілді балаған» ашылады, мүмкін тағы да бағымызды сынап көрерміз», – деді Серкеш. Олар өздеріне таныс көшедегі балағанға келгенде, кешегі ергежейлінің қайтадан өз орнында, бетіне қарай ұшып келе жатқан доптардан бұлтарып, өнер көрсетіп тұрғанын көрді. Көзінің алды көгеріп кетіпті, бірақ ол, мұндай майда-шүйдеге назар аудармауға үйренген сияқты.

– Несі бар, – деді Серкеш, – тоса тұрайық. Кешікпей тағы біреудің добы тисе, ол ойыннан шығады. Мен қайтадан оның орнын аламын.

Серкештің айтқаны айдай болды. Кешікпей-ақ әлдекімнің қатты лақтырған добынан сахнадағы ергежейлі бұлтарып үлгермей қалды да, соққы оның екінші көзіне тиді. Жас аққан, ісіп кеткен көзін қолымен басып, бебеу қакқан ергежейлі үйіне қарай безді. Серкеш бейшара ергежейліні қатты аяды, бірақ сонымен

бірге аз да болса ақша табудың сәті түскеніне қуанышты еді.

Алайда, ол қожайынға барып, келісемін дегенше, сол манда тұрған басқа ергежейлі сахнаға жылдам секіріп шықты да:

– Енді, мен тұрамын! Маған лақтырындар! – деп айқайлады.

Ол зып беріп шымылдықтың артына өтті де, тесіктен басын шығарды. Доптар енді соған қарай ұша бастады.

Бұл ергежейлі өте жақсы актер болып шықты. Әрі епті, жалтарғыш-ақ. Дегенмен, ол өзіне бірде-бір соққыны дарытпай қойса, көпшілікке қызық болмайтынын білгендіктен, ара-тұра допқа әдейілеп маңдайын тосады. Ондай доп оған онша зиян келтірмейді. Бірақ ол сонда да өтірік бебеу қағып, еденге құлап, маңдайын басып, шымылдықтың астынан бері қарай домалап шығып, жатып алып еденді тепкілеп, көпшілікті күлкіге қарық қылады. Өтіп бара жатқандар гу-гу еткен үндерге, көңілді күлкіге еріксіз аялдайды. Қызық көрушілердің қатары көбейе түсті. Осындай тамаша қызметкердің табыла кеткеніне қожайын мейлінше риза еді.

Бұл ергежейлі де ұзаққа шыдай алмас деген Серкештің үміті ақталмады. Үздіксіз жауған доптарға ол балаған жабылғанша төтеп берді.

– Енді бізге аш жатудан басқа еш нәрсе қалған жоқ, – деді Серкеш өкінішпен.

– Сенде ешқандай ақша қалмады ма?

– Бар болғаны – жиырма сантик. Оны біз түнеп шығатын орынға төлейміз.

– Мүмкін, оған тамақ ішіп, көшеге-ақ түнеп шығармыз, – деді Дымбілмес.

– Ол не дегенің! – деп Серкеш шошып кетті. – Әлде сен жындылар аралы туралы айтқанымды ұмытып қалдың ба? Ашықсақ ашығайық, бірақ полицейлердің қолына түспейік.

– Аштық шындап қинаса, жындылар аралына өзін-ақ сұранарсың, – деді Дымбілмес.

– Несі бар, өмірде олай да болады, – деп қостады Серкеш.

Достар қала көшесімен осылай әңгімелесіп келе жат-

ты. Орталықтан алыстаған сайын дүкендердің жарық әйнектері, жарнамалардың оттары азая берді. Үйлер бірте-бірте жатаған тартып, терезелердің сәулелері күңгірттене түсті. Кешікпей асфальтталған тротуар бітті де, кедір-бұдыр тас төселген, әр тұста қоқыстар үйіліп жатқан, қиқы-жиқы көшелер басталды. Мұндай көріністен Дымбілместің ұнжырғасы түсіп кетті. Көшелердің аттары да көңілге қаяу түсіретіндей еді. Егер қаланың байлар тұратын орталық бөлігінде Сәулелі көше, Бақытты көше, Шаттық бульвары деген атаулар жиі ұшыраса, шет жақтағы аудандарда Кедейлер көшесі, Қараңғы көше, Қоқыс көшесі, Батпақты көше, Шіріген көше деген сияқты атаулар көп кездеседі екен.

Өздерінің меніреу түкпірге тап болғанын байқаған Дымбілмес:

– Біз бүгін «Үнем» қонақ үйіне бармаймыз ба? – деп сұраған.

– Жок, бауырым! – деп жауап берді Серкеш. – «Үнем» қонақ үйіне баруға ақшамыз жетпейді. Екеуімізде баржоғы жиырма сантик. Ондай ақшаға Қуыскеуденің «Тұйық» қонақ үйінде ғана түнеуге болады.

Әуелі Қайыршылардың Үлкен көшесінен, сонан соң Қайыршылардың Кіші көшесінен өткен біздің достарымыз Қайыршылардың Бірінші, Екінші, Үшінші шолақ көшелерінен және өтті де, Қоқыс орны деп аталатын тар көшеге бұрылды. Көшенің тұйығында сырт бейнесі қоқыс салатын үлкен жәшікке ұқсайтын сиықсыз үй тұр екен.

Оған келушілер аз емес еді. маңдайшасында: «Көпшілікке арналған арзанқолды «Тұйық» қонақ үйі» деген жазу көзге шалынады.

Қонақ үй Тұйық көшесінің атымен «Тұйық» аталды ма, әлде көше қонақ үйдің атымен аталды ма, оны қазір ешкім анықтап айта алмас еді.

Дымбілмес пен Серкеш есіктен кірісімен, ашық тұрған кішкене терезенің алдына бір-ақ шықты. Серкеш әлгі терезеге басын сұғып:

– Сіздерден бағасы он сантик тұратын екі орын табылмас па екен? – деп сұрады.

– Табылады. Минус екінші қабат, екі жүз он бесінші, екі жүз он алтыншы орындар, – деп жауап берді әлдекім.

Серкеш терезеге қолын созып, ақша ұсынды да «215», «216» сандары таңбаланып басылған екі қаңылтыр жетон¹ алып шықты.

– Минус екінші қабат деген не? – деп сұрады Дымбілмес. – Неге минус?

– Бұл үй жердің үстінде ғана тұрған жоқ, жердің астына қарай да жалғасып жатыр, – деп жауап берді Серкеш. – Жердің үстіндегі қабаттар «плюс», жердің астындағылары «минус» деп аталады. Сөйтіп, «минус» екінші қабат дегеніміз, жер астындағы екінші қабат деген сөз.

– Жер үстіндегі қабаты жақсы емес пе? – деді Дымбілмес?

– Олар қымбат, – деп жауап берді Серкеш, – өуелі байып алайық, сонан соң жоғары көтерілерміз.

Былғаныш тақтай баспалдақтармен екі қабат төмен түскен соң біздің достарымыз ыс басқан, аласа, төбесі иіліп кеткен үлкен бөлмеден бір-ақ шықты. Дымбілмес қайтадан түрмеге түсіп қалғандай сезінді. Мұнда да азық-түлік қоймасындағыдай сәкілер, мұржасы жоғары қабаттарды тесіп өтіп, далаға шығарылған шойын пеш, жарығы бөлме ішін өрең сәулелендіріп тұрған өлеусіреген шам. Түрмеден айырмасы – тазалықтың мүлде жоқтығы, ергежейлілердің соншама көптігі. Сәкілер түрмедегідей пластмассадан емес, қарайып кеткен кедір-бұдыр тақтайдан жасалыпты және өте тығыз қойылғаны сондай, қаз-қатар жатқан ергежейлілердің арасынан санылау таппайсың.

Мұндағылардың тұтқындардан тағы бір айырмасы – не істесе де еріктілігі еді. Ергежейлілер күлге картоп көміп қана қоймай, консервiден босаған қалбырларға ботқа қайнатып, қалай болса солай созып, ыстық темір мұржаларға жапсырып қойған камырларды пісіріп, жеп отыр. Жаңағы ыстық темір мұржаларда камырлардың ара-арасында әлдекімнің шұлығы, жуып қойған іш киімі, бөтенкесі, тағы басқа бірдемелер ілулі тұр.

¹ Ж е т о н – ақша орнына берілетін дөңгелек темір.

Қақталып, пісіріліп жатқан тамақтың, түтін мен будың, кептіріліп жатқан киімнің иісінен Дымбілместің тынысы тарылып, көзінің алды тұманданып кетті. Басы айналып, төлтіректеген ол қарманып, қабырғаға сүйене берді. Дымбілместің кенет түсі қашып, бозарып кеткенін көрген Серкеш оны қолтығынан демеп, еш нәрсе етпейді, қазір бәрі қалпына келеді, бұрын мұндайға үйренбегендіктің салдары ғой деп жатыр.

– Тек қана мұрныңмен емес, аузыңмен дем алуға тырыс, – деп кеңес берді Серкеш.

Дымбілмес саусақтарымен танауын қысып алды. Бірте-бірте ол есін жиып, өзіне-өзі келе бастады.

– Енді кішкене жатып, демалғаның жөн. Сонда бәрі жақсы болады, – деп жұбатты Серкеш.

Дымбілместі сүйемелдеп, ол қатар-қатар сәкілердің арасынан өрең дегенде жол тауып, ілгері жылжыды. Достар «215» және «216» санды темірлері бар сәкілердің жанына келіп тоқтады.

– Міне, біздің орындарымыз, – деді Серкеш.

Дымбілмес сәкіге шықты да, ешқандай төсеніштің жоқ екенін, жастықтың орнында жай ғана кеспелтек ағаш жатқанын көріп, таң қалды.

– Бұлары несі? – деп сұрады ол. – Бұған қалай ұйықтауға болады?

– Жатасың да ұйықтайсың! – деп жауап берді көрші сәкіде жатқан ергежейлі. – «Ұйқың келсе қара тас болар мамық» деген, ал ұйқың қашса қауырсыннан істеген жұмсақ төсекте де көзің ілінбейді.

– Мұны сен тауып айттың, бауырым, – деп қуаттады тағы бір ергежейлі. – Бұрын бұл қонақ үйде де төсеніш, көрпе-жастықтар болатын, сенесің бе, соған жатқан ергежейлілер дөңбекшіп, ұйқтай алмай, көрер танды көзімен атқызатын.

– Неге? – деп сұрады Дымбілмес.

– Өйткені әлгі төсек-орындарда қандала мен өзге де қансорғыш жәндіктер қаптап кетті. Сенесің бе, кіп-кішкене болып, ешкімге тыныштық бермейтін. Кейін, жаңағы төсек-орындар тозған кезде, қонақ үйдің қожасы Қуыскеуде мырза жаңасын сатып алғысы келмеді, ал ескілерін қансорғыш жәндіктермен қоса, өртеп жіберді.

Сөйтіп, керемет жақсылық жасады. Сонан бері түнеушілердің жандары жай тауып, рақаттанып ұйықтайтын болды.

– Бізге де жақсы, Қуыскеуде мырзаға да жаман емес, төсенішке деген ақшасы қалтасында қалды, – деп сөзге үшінші ергежейлі қосылды.

– Сен бауырым, Қуыскеудеге өкпелеме, – деді алғашқы ергежейлі. – Ол тәуір ергежейлі. Біз сияқтылардың камқоршысы. Газеттер солай жазады. Егер ол болмаса қанша ергежейлі далада қалған болар еді! Өзге қандай қонақ үйден он сантикке орын табасың? Сен осыны түсінсеңші! Тентек атанып жүргенін де осы ғой!

– Ал сені жұрт Көнбіс деп бекер атамаған, – деп жауап берді Тентек. – Сеніңше, Қуыскеуде бұл үйді сен екеуімізге жаны ашығандықтан тұрғызған болар? Сандырақтапсың! Өзінің пайдасына бола салды.

– Сонда, табатын пайдасы он сантик пе? Егер ол шындап байығысы келсе әр номері бір, немесе екі фертинг тұратын қонақ үй тұрғызбас па еді? Ал ол қалтасында бір фертингке жететін ақшасы жоқтардың қамын ойлайды. Газетте дәл осылай жазылған.

– Қандай ашық ауыз аңқаусың, бауырым! Газет не деп жазбайды! Жақсы қонақ үй салу үшін көп ақша қажет. Бөлмелердің ішкі жиһазы да арзанға түспейді. Жақсы қонақ үйде сен бір фертингке бір бөлме аласың, ал мұнда карап көр: бірінің үстіне бірі шығып, құмырсқадай құжынаған ергежейлілер! Әрқайсысы он сантик төлегенде бағанағы бір фертингін түк болмай қалады. Пайданың көкесі осында! – деді Серкеш.

– Қуыскеуде әрбір қаланың шет аудандарынан арзан бағаға жер сатып алып, қоқыс төгетін жәшіктерге ұқсатып, осындай қонақ үйлерді көп салған деседі, – деді Тентек. – Несі бар, пайданың көзін дәл тапқан. Кедейлер қайда болсын табылады.

– Сен оны тындама, бауырым, – деп сыбырлады Көнбіс Дымбілмеске бұрылып. – Одан да жатып ұйықта. Саған ортаңғы сөкіден жақсы орын тиіпті. Жоғарғы сөкіде ұйықтау қиын, иіс қоныс пен жылы ауа жоғары көтерілетіні белгілі, сондықтан тынысқа ауыр; төменгі

сәкіде жатуға қауіпті, егеукұйрықтар аяғыңды тістеп алуы мүмкін.

– Егеукұйрықтар – Қуыскеуденің қонақ үйлеріндегі ең жексұрын мақұлықтар, – деді Серкеш. – Өткен жылы мен Қуыскеуденің Давилон қаласындағы қонақ үйінде біраз тұрдым. Сонда егеукұйрық бір ергежейліні дәл мойнынан қыршып алды. Бейшараның қиналғанын көрсеніз! Әлгінің мойында үлкендігі қос жұдырықтай күлкілдеген ісік пайда болды. Өтірік айтсам, онбай кетейін! Содан бері егеукұйрықтан жаман қорқамын. Неге екенін білмеймін, егеукұйрық мені де дәл мойнымнан тістеп алатындай көрінеді де тұрады, – деп Серкеш қолымен мойнын сипап қойды.

– Ал егеукұйрық ортаңғы сәкіде жатқанды тістеп алуы мүмкін бе? – деп сұрады Дымбілмес.

– Одан бәрін де күтуге болады, – деді Тентек. – Әрине, оған төменгі сәкіде жатқан ергежейліні тістеу ынғайлы. Бірақ кейде құтырған егеукұйрықтың да кездесуі мүмкін. Ондай егеукұйрық шынжырдан босағандай жетіп келеді, ешкімді тандап жатпайды, оған қай сәкіде жатсаң да бәрібір!

– Сендерге, немене, егеукұйрықтан басқа өңгіме құрып қалды ма? – деп айқайлады ең үстіңгі сәкіде жатқан ергежейлі. – Қазір түсемін де, бәріңнің жақтарыңды қырыстырамын!

Ергежейлілер тым-тырыс болды. Жиренішті иістен Дымбілместің басы айналғанын қойды, бірақ қапырық ауа тынысқа тым ауыр еді. Ұйқысы келген Дымбілмес жейдесін шеше бастады.

– Шешінуге кеңес бермеймін. Тістеп тастайды! – деді Тентек.

– Кім тістейді? – деп тандана сұрады Дымбілмес.

– Көресің кім екенін, – деп күлді Тентек.

Дымбілмес Тентектің кеңесіне құлақ асып, сәкіге киімімен жата кетті. Кешікпей-ақ ол өлдеқандай майда жәндіктердің тызылдатып шаға бастағанын сезді. Дымбілмес қасынамын деп денесін қызыл-ала етіп тырнап тастады, бірақ бәрібір пайдасы тимеді.

– Мұндайда қасынбаған дұрыс, бауырым, – деп кеңес берді Көнбіс. – Дененді қасып тастасаң, қандала

онан сайын қатты шағады. Олар қанның иісіне құмар келеді.

– Сен көрпе-жастықтармен бірге қандалаларды да жағып жіберді демеп пе едің? – деп күнкілдеді Дымбілмес.

– Десем ше? Оларды өртеп жібергенмен, басқалары пайда болды. Бөрібір, қазір бұрынғыдан әлдеқайда аз. Сен, бауырым, бұрын олардың қаншалықты көп болғанын білмейсің ғой. Ондағымен салыстырғанда қазір рақат! Егер біраз шыдасаң, олар қанға тояды да, ұйықтап қалады. Олар да ұйқыны жек көрмейді.

Дымбілмес қандалалар өзінің қанына тойып болғанын күткісі келмеді. Рас, ол алғашында шыдап көрмек болды, бірақ артынша еденге секіріп түсті де, осынау жексұрын жәндіктерді үстінен қағып-сілкіп түсіре бастады. Төмендегі ауа оншалықты қапырық емес екен, сондықтан Дымбілмес түні бойы еденде отырып шықпақ болды, әрі еденде отырсам қандалалар тимес деп ойлады. Арқасын ағаш бағанаға сүйеп отырған қалпынша қалғып кеткен екен, сол сәтінде-ақ әлдекім өз аяғын түрткілегенінен оянып кетті. Көзін ашып алғанда бәтеңкесін мұртты, үшкір тұмсығымен түрткілеп, иіскеп тұрған жуан, сұрғылт егеуқұйрық тышқанды көрді.

– Тәйт! Жоғал деймін! – деп дауыстады Дымбілмес аяғын шошына жиып алып.

Егеуқұйрық асықпай-абдырмай, сөл өрірек шегінді де, моншақтай жылтыраған көздерімен Дымбілмеске тесіліп қарап қалды. Дымбілмес жан-жағына алақтап көз тастап еді, сөкінің астынан тағы бір егеуқұйрық тышқан шығып, мұртын жыбырлатып, ауаны иіскей бастағанын көрді. Егеуқұйрықтар қандаладан қауіпті екенін сезген Дымбілмес қайтадан өзінің орнына көтерілді. Бұл жолы ол Көнбістің тілін алып, қандалалардың талауына көніп, тып-тыныш жатты.

– Жеңдер, сайтандар! Қаныма тойыңдар! – деп қапалана күбірледі ол. – Түгімді қалдырмай жеп қойсаңдар да бөрібір, бүйткен өмірі құрысын!

Айналадағы жұрттың бәрі ұйқыда. Суық тиген ергежейлілердің тұншыға жөтелгендері естіледі. Қайсыбірі қорқынышты түс көріп жатыр. Олардың ынырсыған,

бастығырыла қырылдаған үндері Дымбілместі еріксіз селк еткізді. Өзге ергежейлілердің де жағдайы өзінен артық емес екенін көрген Дымбілмес енді ауаның иіс-қоңысы мен, тыныстауға ауыр қапырықтығына да, қандалалардың шаққанына да назар аудармады. Оның үстіне ол, неге екені белгісіз, Томпи есіне түсіп, ракетадағы тамақтың оған қанша күнге жететінін ойша есептеп шығара бастады.

Тамақ қоры қырық сегіз саяхатшыға он күнге жететіндей етіп дайындалғанын білетін ол қырық сегізді онға көбейтті. Қырық сегіздің орнында жалғыз саяхатшы қалса тамақтың қанша күнге жететінін білу үшін осылай істеді. Төрт жүз сексен болады екен. Бір жылда, дөңгелетіп айтқанда, үш жүз алпыс, бір айда – отыз күн бар деп есептегенде ракетадағы тамақ бір жыл төрт айға жетеді екен.

Әзірше Томпиға аштан өлу қаупі төніп тұрмағанына көзі жеткен Дымбілместің көңілі орнына түсті. Ойша шығарған есеп-қисап оны қатты қалжыратып, көзі ілініп, ұйықтап кетті.

Жиырма төртінші тарау

ТОМПИДІҢ БАСЫНАН КЕШКЕНДЕРІ

Томпидың жайы не болды? Дымбілмес туралы айтамыз деп, біз оны мүлде ұмытып кетіппіз ғой. Бұған ғафу өтінеміз, өйткені көп оқушыларымызды оның тағдыры қызықтыратыны сөзсіз. Біз Томпи мен Дымбілмес екеуі ай үңгіріне келіп, сол жерде бір етігін жоғалтып алған кезінде ажырасқан едік қой. Оқушыларымыз, дәл сол сәтте, Дымбілместің Ай қабығының тесігіне құлап кеткенін де ұмытпаған шығар деп ойлаймыз.

Дымбілместі бірнеше рет дауыстап шақырып, жауап ала алмаған Томпи қатты қорқып кетті де, досын іздеп шығудың орнына, ракетаға тезірек қайтуды жөн деп тапты. Үңгірден шыққан бойында ол алыстағы космос

кемесіне дейін сәуледей тіке тартылып жатқан жолға түсіп, сынар етігімен шойнандай жөнелді.

Алайда, күннің қатты қызғаны сондай, Томпи ыстыққа шыдамай ракетаға жеткенше секеңдеп жүгіре жөнелген. Қатты жүгірген кезінде екінші етігі де аяғынан ұшып кетті. Томпи бұған ренжудің орнына қуанып қалды. Өйткені етіксіз жүгіру әлдеқайда жеңіл еді. Бар болғаны жиырма минут ішінде ол ракетаға жетті де, құйрық жағындағы түймені басты. Шлюз камерасының есігі қонақжайлықпен жайлап ашылды. Томпи ракетаның ішіне кіріп, өзінің қауіпсіздікте екенін сезінді. Енді оған төніп тұрған ешқандай қатер жоқ еді. Бірақ өзінің Дымбілмеске көмектесу орнына, оны жалғыз қалдырып, үнгірден қашып кеткенін ойлап, әлдеқандай мазасыз, көңілсіз сезімнің шырмауынан шыға алмай қойды.

Өзінің тәжірибесінен, кез-келген көңілсіз сезімді, карама-қарсы басқа бір сезімнің әсерімен ығыстырып шығаруға болатынын білетін Томпи азық-түлік қоймасына барып, жақсылап тойып алуға бел байлады. Қоймаға келісімен ол целлофан мен хлорвинилден жасалған түтіктердегі, тубиктердегі, қалшықтардағы, пакеттердегі әр түрлі тағамдарды термостаттан, мұздатқыштан және температурасы өзінен-өзі реттелетін шкафтардан алып, сыпырып-сиырып соға бастады.

Тамақ десе араны әрдайым ашылып тұратын Томпи ойша есеп пен өмірдегі жәйттің айырмасы қаншалықты алшақ болатындығын ісімен дәлелдеді. Дымбілмес кемедегі тамақтың қоры Томпиға жылдан астам мезгілге жететінін есептеп шығарғанда, оның жеке басының тамақ жеу ерекшеліктерін ескермеп еді. Томпи тамақты ешқандай жүйесіз, былапыт ішетін. Басқаша сөзбен айтқанда, ол мезгіл тандамай, кез келген уақытта, кез келген мөлшердегі тамақты соғып салатын.

Дымбілместің есебі бойынша бір жыл, төрт айға жетуге тиісті тамақ қорын Томпи іс жүзінде, төрт жарым тәулікте-ақ жеп тауысты. Осылайша азық-түлік қоймасын ең қысқа мерзімде тып-типыл етіп, тақырлаған Томпи ракетаның арт жағына өтті де, тұқым қорына қол салды.

Шикі тұқымды шайнап көріп еді, ұнамады. Міне, осыдан кейін ғана ол Дымбілместі есіне алды.

«Егер, Дымбілмес, бір жерден тамақ тауып алмаса, кемеге қайтып оралар еді, – деп ойлады Томпи. – Оның кемеге қайтпағаны – тамақ тауып алғаны. Ендеше ракетада отыра беруімнің ешқандай жөні жоқ, одан да Дымбілместі іздеп шығайын».

Осылай ойлаған Томпи үстіне космос скафандрын, аяғына дәл келетін етік таңдап киді де, ракетаны тастап, өзіне белгілі үңгірге қарай бар пәрменімен жүгіре жөнелді. Үңгірге жеткен соң сүңгілері салбырап тұрған келесі үңгірге, одан кейін мұз тоннельге өтті. Осы жерде ол Дымбілмес сияқты тайғанақтап, ұшып түсті де, етпетінен жатқан қалпы, түпсіз төменге – ай құдығына қарай сырғанай жөнелді. Біраз уақыттан кейін құдықтан шығып, жоғары биікте, ашылған парашютіне ілініп, теңіз жағасындағы бейтаныс қаланың үстіне қарай төмендеп келе жатқанын аңғарды. Бірақ қатты жел оны бір бүйірге қарай ығыстырып қуа жөнелді. Бірте-бірте жайлап төмендей берген Томпи теңіз жағасындағы Лос-Шошқанос және Лос-Қабаннос қалаларының үстінен ұшып өтті. Жерге жақын қалғанда ол Лос-Сұмпайнос қаласының үстіне ұшып келген-ді. Осы сәт желдің бағыты күрт өзгерді де, Томпиды теңізге қарай ала жөнелді. Өзінің суға сүңгіп шығатынын анық сезді. Бірақ батып кетермін деп қорыққан жоқ. Өйткені толық ергежейлілердің суға батпайтыны белгілі. Ол тек қана акула тістеп алмаса екен деп қауіптенді.

Суға шалп ете түскен ол жанталаса қол-аяқтарын сермеп, малти жөнелді. Бір сағат өткенде жағаға жетті. Бұл күні толқындар қатты болғандықтан Томпи өзен жиегіне бірден шыға алмады. Ебедейсіз космос скафандры оған толқынға қарсы жүзіп, жітірек қимылдауға мүмкіндік бермеді. Аяғы жерге тиісімен-ақ ол тұруға талпынды, бірақ үлгермеді. Қуып жеткен келесі толқын оны қайтадан көтеріп әкетті де, теңізге қарай қақпақылдап ала жөнелді. Осылайша жиырма шақты минут бойына сумен алысқан ол, скафандрдан құтылмайынша жағаға шыға алмайтынын сезді. Дельфин балықтай толқынға бір батып, бір шығып жүрген Томпи ең әуелі ебін

тауып космос етігін, одан соң гермошлемді, ақырында, скафандрын шешіп, суға лақтырды. Керексіз болып қалған бұл киімдерді толқындар сол сәтінде-ақ қағып алып, теңізге қарай қуалай жөнелген. Томпи бойы жеңілдеп қалғанын пайдаланып, жағаға жақын келген сәтте, толқынның құшағынан сытылып, ілгері ұмтылған. Ақырында, ол жағаға шықты.

Теңіздің алай-дүлей сұрапылымен алыса-алыса шаршаған Томпи әуелі азырақ ентігін басты. Сонан соң үстіндегі малмандай киімін шешіп, жағаға жайып тастады да, дем алу үшін сол жерге қисайып жата кетті. Жұп-жұмсақ, жылы жел денесіне жайлы тиді. Теңіз толқындарының бір қалыпты дыбысы аялай тербеп, көзіне ұйқы тығылды. Бөтен жерде ұйықтап қалмайын деп Томпи айналаға зер салып, қарай бастады.

Теңіз жағасындағы ұзыннан-ұзақ созылған жайпақ жағалау еңсіз екен. Ол өзі жатқан жердің бір жағы теңіз, екінші жағы өркеш-өркеш төбелерге ұласып кететін, су шайып тастаған жарлауыт-жарқабақ екенін аңғарды. Жарқабақ пен төбелер жап-жасыл, майда шөп пен бұталар қаптай өсіпті. Су жағасы ұнтақ қант сеуіп тастағандай аппақ, көз қариды. Әр жерде үлкен кесек мұздардың, немесе өйнектің сынығындай болып, түссіз кристалдар шашылып жатыр. Осындай бірнеше кристалды зер сала, айналдыра қарап шығып, тілімен жалап көрген Томпи олардың өйнек те, басқа да емес, көдімгі ас тұзы екеніне көзі жетті. Ол үлкенірек екі кесек тұз алды да, ортасына майдарак түйірлерді салып, үйкелеп үгіп көрді. Осылай еткенде тамаққа салуға жарамды, ұнтақ тұз алуға болады екен.

Қолына түскен нәрседен оңайлықпен айрылмайтын, есепке жүйрік, күнтты ергежейлі болғандықтан Томпи тұзды майдалап, көбірек үгіп, күртесінің қалталарына толтырып салып алды. Осыдан соң құрғақ киімдерін үстіне киді де, парашютпен түсіп келе жатқанда көрген қаланың тұсы осы болар-ау деген бағдармен төбелерді баурайлап, жүріп кетті.

Оның есебі дәл шықты. Тағы бір төбені айналғанда қарсы алдынан үлкен шығанақ ашылды. Шығанақты жағалай тамаша, әдемі қала қоныс теуіпті. Жағада, саты-

лай салынған қала үйлері суға төніп, құлпырып тұр. Бұл Лос-Сүмпайнос қаласы еді. Табиғаты тамаша жерге орналасқандықтан, бұл қалаға рақаттана тынырып, көңіл көтеруге барлық қалалардың байлары жиналатын.

Лос-Сүмпайностың ең өдемі көшесі су жағасын бойлай созылып жататын. Үйлер мен ғимараттар көшенің бір-ақ жағына орналасқан еді. Оларда әр түрлі дүкендер, мейрамханалар, асханалар, қонақ үйлер, кинотеатрлар, көңілді балағандар, жер асты гараждары, жанармаймен жабдықтайтын станциялар қоныс тепкен. Көшенің екінші жағында, яғни тікелей теңіз жағасында ергежейлілердің сейіл құратын, суға шомылатын орындары, суға сүңгітін мұнаралары, қайық пен кеме айлақтары, теңізде қалқып жүретін мейрамханалары, өткеншектері мен айналмалары, су бетіндегі шайтандөңгелектері, параболоидтары және басқа да көңіл көтеретін ойын-сауық орындары мол еді. Ергежейлілер бұл жерде құмырсқадай қайнап жататын.

Жағажайды біраз аралап, шомылып жүрген ергежейлілерді тамашалаған Томпи мандайшасында «Тамақтанатын станция» деген жазуы бар шағындау үйдің алдына тоқтады. Сыртынан қарағанда оның әдеттегі өзге мейрамханалардан ешқандай айырмасы жоқ еді. Ашық верандасына тамақ ішетін столдар қойылыпты. Өзге мейрамханалардан артықшылығы – мұнда келушілер машинасынан түспей-ақ тамақтана алатын. Бұл әсіресе автомобиль спортын сүйетіндерге қолайлы еді. Олар мейрамхананың алдына тоқтап, дыбыс берсе болды, даяшы тамақты машинаның ішіне әкеліп беретін.

Томпи тамақ ішетін орынға өзгелермен бірге кіріп, ішіне ел қондырып алмақ еді, есік алдында ілулі тұрған жарнаманы көріп, бөгеліп қалды. Онда:

«Қош келіпсіз!

Дәмді тамақ ішіңіз!

Бүгін ақшасына, ертең – қарызға», – деп жазылыпты.

Міне, осы соңғы сөйлем Томпиға түсініксіз болып көрінді, өйткені ол ақшаның не екенін білмейтін еді.

«Асықпай, әуелі азырақ бақылап, байқап көрейік» деді Томпи өзіне-өзі.

Ол верандаға жақын жердегі сөкіге жайғасты да, тамақтанып отырғандарды бақылай бастады. Мейрамханаға келіп тамақ ішкен өр ергежейлі даяшыға әлдеқандай қағаздар мен дөңгелек металдарды беретіні оның назарынан тыс қалмады.

«Мүмкін, ақша дегендері осы қағаздар мен дөңгелек металдар болар» деп ойлады Томпи.

Өзінің болжамын тексеру үшін ол даяшының жанына келіп, одан:

– Сіздерде, есік алдындағы жарнамада: «Бүгін – ақшасына, ертең – қарызға» деп неліктен жазылғанын түсіндірмейсіз бе? – деп сұрады. – Егер бұған керісінше: «Ертең – ақшасына, бүгін – қарызға» болса қайтер еді?

– Анау қожайын өйелге бар, содан сұра, мұндай сұрағына жауап беретін мен саған философ емеспін, – деді даяшы.

Томпи сөренің жанында ақша санап тұрған қожайын өйелге барып, сұрағын қайталады.

– Бір табақ ботқаның не екенін білетін шығарсың? – деп сұрады қожайын өйел.

– Білгенде қандай! – деді Томпи.

– Ендеше менің сонымнан ер.

Ол Томпиды ертіп, тамақ әзірлейтін бөлме арқылы аулаға шықты.

– Ана сарайдың жанында ағаштар жатыр, көрдің бе? – деп сұрады. – Сол ағашты жарып тастасаң ақысына бір табақ ботқа, немесе бес сантик аласың, – деді ол.

Томпи үюлі ағаштардың жанына келіп, қолына балта алып, жара бастады. Ағаш көп екен, бұл жұмысқа екі сағаттай уақыты кетті.

– Ал, не қалайсың? Ақша төлейін бе, әлде ботқа жейсің бе? – деп сұрады қожайын өйел.

– Ботқа өкелініз, – деді Томпи. Бірақ ізінше – ақшаның қандай болатынын көргісі келгені есіне түсіп: – Жоқ, одан да ақша беріңіз, – деп қалды.

Қожайын өйел оған бес сантикті санап берді. Томпи оларды қолына алып, айналдыра қарап, көріп алды да:

– Егер ботқа жегім келсе ше? – деп сұрады.

– Онда ақшаны кері қайтар.

Қожайын әйел саниктердің өзіне қайтарылғанына қуанып қалды.

Томпи стол басына отырып, даяшыдан бір табақ қаракұмық ботқасын алып, ашқарақтанып жей бастады. Май қосқан ботқа дәмді екен, бірақ, бөрібір бір нәрсесі жетіспейтіндей көрінді оған. Ботқаның тұзы кем екенін түсінген ол стол үстінен тұз іздеп еді, таба алмады. Сонан соң қалтасынан бір шымшым тұз алып, ботқасына араластырды. Оның бұл ісі өзгелердің назарын бірден аударды. Жуан ергежейлінің қалтасынан ақ ұнтақ алып, табағындағы ботқасына сепкені, содан соң рақаттанып жей бастағаны жұрттың бөріне қызық көрінді. Ал дәл қасында отырған ергежейлі:

– Айтыңызшы, ботқаға сепкеніңіз неғылған ұнтақ? Жаңа шыққан дәрі ме? – деп сұрады.

– Ешқандай дәрі емес, жай ғана тұз, – деп жауап берді Томпи.

– Қандай тұз? – деп ергежейлі ұға қоймады.

– Көдімгі тұз, тамаққа салатын тұз, – деп түсіндірді Томпи. – Сіз, немене, тұзды ешқашан көрмеп пе едіңіз?

Ергежейлі:

– Түсінбеймін, тұз деген не өзі? – деп иығын қиқан еткізді.

– Шамасы, бұл жердің тұрғындары тамақты тұзсыз ішетін болғаны ғой, – деді Томпи. – Ал бізде тамақтың бөрінін тұзбен ішеді. Сонда өте дәмді болады. Көргіңіз келе ме?

Ол алдына бір табақ көже алып, жаңа ғана іше бастаған ергежейліге бір шымшым тұз ұсынды.

– Мұны қайтемін? – деп сұрады ергежейлі.

– Көжеңізге салыңыз да араластырыңыз. Қандай дәмді болғанын көресіз сонда.

Ергежейлі тұзды көжесіне салып, қасығымен араластырды да, бейне бір аузын күйдіріп алатындай, абайлап ұрттап көрді. Алғаш ол екі ұртындағы тамақтың дәмі қандай екенін түсіне алмағандай кейіппен көзін жыпылықтатып, үн-түнсіз отырып қалды. Соның артынша екі езуі екі жаққа кетіп, ыржиғанын жұрттың бөрі тегіс көрді. Ол тағы бір қасық көжені асыға ұрттап жіберді де:

– Гажап-ак, дәмі мүлде өзгеріп кетті! – деп қуана дауыстады.

Осыдан соң ол табактың үстіне төне түсіп, көжені деміл-деміл мактап қойып, ернін сылпылдатып, рақаттанып іше бастады. Дәл осы кезде даяшы оған ботқа әкеліп берді.

– Айтыңызшы, ботқаға да тұз қосуға бола ма? – деп сұрады ергежейлі.

– Бәріне қосуға болады, – деп жауап берді Томпи, → көжеге де, капуста көжеге де, сорпаға да, ботқаға да, макаронға да, салатқа да, картопқа да... Тіпті жай нанның өзін де тұзбен жесеңіз дәмді болып кетеді.

Ол ергежейліге тағы бір шымшым тұз ұсынды. Ергежейлі тұзды ботқасына араластырды да, сүйсініп жей бастады. Өз ботқасын әлдеқашан жеп қойған Томпи енді оған қызыға қарады.

– Айтыңызшы, сіз маған да кішкене тұз бермес пе екенсіз? – деп сұрады қарсы столда отырған ергежейлі. Ол манадан бергі әңгіменің бәрін де естіген еді.

Томпи тағы бір шымшым тұз алып шығу үшін қолың қалтасына сала беріп, бөгеліп қалды. Оның бойында өзгелердің тамағына қызығушылықпен бірге сараңдық сезім де қылт етті.

– Жоқ, ондай қулығыңызға көнбеймін! Ақысына не бересіз? – деп сұрады ол.

– Не ұсынсам екен? – деп ергежейлі тосылып қалды. – Қаласаныз, бір сантик берейін.

– Жарайды, бері әкеліңіз, – деп келісті Томпи.

Ол ергежейліден бір сантик алып, ақысына бір шымшым тұз берді. Мұны көрген өзге ергежейлілер де оның жанына біртіндеп келе бастады. Бәрі де ақшаларын ұсынып, бір-бір шымшым тұз сұрайды. Томпидың алды қара бақыр ақшаларға үйіліп қалды. Әрине, кейбір түсінбеушілік те болмай қоймады. Істің мәнісін ұқпаған бір ергежейлі тұзды аузына салып жіберді де, қабағын тыжырынып, түкіріп тастады. Екінші ергежейлі он сантик төлеп, он шымшым тұз алды да, соның бәрін бір табак көжеге бүрк еткізді. Көже ішуге келмей қалды.

Томпи тамаққа тұзды аз-аздан ғана қосу керек екенін, өйтпесе тым ащы болып кететінін айтып

түсіндірді. Ал оны таза күйінде жеуге мүлде болмайды деп ескертті ол. Бұрын тамақты тұзбен ішуге болатынын өмірі естіп-білмеген ергежейлілер үшін мұның бәрі ерекше қызық еді. Тұзды тамақтың қандай болатынын білуге бәрі құмартты. Тамақты тұзсыз ішіп алған ергежейлілер қайтадан отыра қалып, өздеріне тағы да тамақ әкеп беруін сұрады. Көжеге, немесе капуста көжеге тұз қосып ішіп көргендер, егер тұз қосса макаронның, құймақтың, қуырған кәдінің және де өзге тағамдардың дәмі қандай болатынын білуге асықты.

Қолына ақша түскен соң Томпидың өзі де даяшыны деміл-деміл шақырып, біресе борщ, біресе ботқа, біресе көже алдырып, тұз қосып ішкен тамақтың дәмдірек болатынына жұрттың көзін жеткізе түсті. Қожайын әйел мейрамхананың жағдайының оңға басқанын көріп, қуанды.

Күн батуға таяған кезде Томпи тұзының бәрін сатып болып, қалталарын қара бақыр ақшаға сықап толтырды. Келесі күні таңертең ол қайтадан теңіз жағасына жүгіріп барып, тұзды тез-тез үгіп алды да, тамақ ішетін станцияға қайтып келді. Мейрамханада қожайын әйел бұған арнап жеке стол әзірлеп, тұсына «тұз сатылады» деген жазуы бар тақтайша іліп қойғанын көрді. Томпиді осы столдың басында отырып тұз сату, ара-тұра тамақ алдырып ішу өте қолайлы, әрі тиімді еді.

Тамақ ішетін станцияда әлдеқандай керемет дәмді тағамдар пісіретіні, оған тұз деп аталатын ғажайып зат қосылатыны жөніндегі хабар бірнеше күннің ішінде-ақ ертегідегідей болып, бүкіл қалаға тегіс тарайды. Осы дәмді тамақты ішуге құмартқандардың көбейгені сондай, қожайын әйел веранда мен ас пісіретін бөлмені кеңітті, теңізді жағалай брезент шатыр құрып жіберіп, астына тағы жиырма шақты стол қойғызды. Тұзды тамақтың дәмділігі арта түсетінін түсінген ол Томпидан ресторанына қажет тұзды сатып алып тұратын болып келісті.

Енді Томпи күні бойы ресторанда тұз сатып отырмайтын болды да, ақшаны қайткенде көбірек табудың амалын ойластыра бастады. Өзге ресторандардың иелері де одан тұз сатуды өтінгендіктен, осы бағалы тағамдық заттың өндірісін ұлғайтпақ болып завод ашты. Бұл үшін

теңіз жағасында текке тұрған, саңылауларынан жел гүлеген ескі сарайды жалдап алып, бес-алты үлкен мыс келілерді әкелдіріп қойды. Кезінде қайықтардың түбіне карамай жағуға арналып салынған сарайды осылайша заводқа айналдырды. Алты жұмысшы осы заводта ертеден қара кешке дейін мыс келілерге салып, тұз түйеді. Үш жұмысшы теңіз жағасынан тұз кесектерін тасып, тыным таппайды. Тағы үш жұмысшы дайын тұзды асханалар мен мейрамханаларға жеткізіп беріп тұрады. Томпидың өзі енді ақша санап алғаннан басқа түк бітірмейді. Әр жұмысшыға ол бар болғаны күніне бір фертинг төлейді. Сөйтіп күн сайын жұмысшыларға төлейтін ақысы он екі фертингтен аспайды, ол ресторан иелеріне тұз сатудан екі жүз елу фертинг табыс табады. Осылайша жұмысшыларға төлегенінен жиырма еседен де көп ақшаны өз қалтасына басып алып отырады. Сондықтан Томпи күн сайын емес, сағат сайын байи бастады.

Егер ол алғашқыда тұзды өзі түйіп, ресторанға өз арқасына салып тасыса, енді бұл жұмысты басқалар атқарады, әрі ақша да қалтасына әлдеқайда мол құйылады. Томпи жалдап алған әр жұмысшыдан күн сайын жиырма фертинг пайда көретінін есептеп шығарды. Жұмысшылардың саны көбейсе табысы да арта түсетінін жақсы түсінді. Сондықтан жұмысшылардың санын он сегізге жеткізді. Қиюы қашқан сарайға бұдан артық ергежейлілер сыймайтын болғандықтан, Томпи енді оның жанынан неғұрлым кеңірек, жаңа құрылыс салуға бекінді.

Томпи айдағы өзге байлар сияқты рақат тіршілік кеше бастады, жұрт оны жай ғана Томпи демей, Томмырза деп атайтын болды. Қонақ үйден ол жеке меншік үйіне көшті; киіндіріп, шешіндіріп, үйге қарап, бөлмелерді тазалап, жинап тұратын малайлар жалдады. Баска ісі болмағандықтан уақытының көбін ресторандарда отырып, тамақ ішумен өткізіп жүрді. Ара-арасында теңіз жағасында сейіл құрып, судағы шайтан дөңгелекті, немесе теңіз параболойдын қызықтайды.

Көдімгі шайтан дөңгелектің қандай болатыны көпшілікке белгілі. Ол жерге тік қағылған дінгектің үстіне орнатылған тақтайдан жасалған, айналып тұра-

тын, теп-тегіс, үлкен шеңбер алаң. Көңіл көтергісі келген ергежейлілер осы шеңбер алаңның ортасына отырады, ал ол барған сайын жылдамдық алып, қаттырақ айнала бастайды. Айналу нәтижесінде пайда болған сыртқа тебу күші ергежейлілерді бірінен соң бірін домалатып жерге лақтырады. Айналып тұрған шеңберде ең соңына дейін қалған ергежейлі жеңімпаз атанады. Судағы шайтан дөңгелек те осылайша жасалған, айырмасы жерде емес, суда тұрғаны. Мұндағы сыртқа тебу күші ергежейлілерді топылдатып суға лақтырады, бұл өте күлкілі және ыстық күндерде рақат-ақ.

Теңіз параболойды да шайтан дөңгелекке ұқсас етіп жасалады. Одан айырмашылығы – айналып тұратын шеңбер алаңның тегіс емес, ортасы шұңғыл аса үлкен табақ сияқты болып келетіні, сыртқа тебу күшінің әсерінен бірте-бірте шеңбер алаңның шетіне жеткен ергежейлі екпінімен жоғары қарай ұшады да, ауада параболойды еске түсіретін сызық жасап, ұшып барып, шалп етіп суға құлайды.

Лос-Сүмпайносқа дем алуға келген байлар шығанақ жағасында көптеп салынған осындай параболойдтарда көңіл көтеруге құмар еді. Айналу мен суға құлаудан олардың тамаққа деген тәбеті ашыла түсетін. Олар мұны қатты бағалайтын. Өйткені тамақ ішуді бәрі шетінен жақсы көретін. Томпидың да жай су дөңгелегіне қарағанда параболойдта айналғанды тәуір көріп кетуінің сыры, мүмкін, осында шығар.

Алайда, Томпидың алаңсыз, рақат тіршілігі ұзаққа бармады. Ол өзінің заводы үшін тұзды қайдан алып жүргені көп ергежейліге мәлім болып қалды. Мұның өзі жағада бірте-бірте шағын тұз заводтарының көбеюіне әкеліп соқты. Қаражаты бар әр ергежейлі өз алдына шағын завод ашып, байлығын еселеп арттыруға ұмтылды. Осының нәтижесінде тұз өндіру күн сайын арта түсті де, бағасы арзандап, құны кетті. Егер Томпи бұрын әр жұмысшыға бір фертинг төлеп, жиырма фертинг пайда тапса, енді әр жұмысшыдан түсетін пайда бір фертингтен аспайтын еді. Алайда, бұл да мейлінше тиімді болатын. Сондықтан тұз өндірісі дами берді.

Осы кезде Лос-Сүмпайностан Лос-Шошқаносқа

дейінгі теңіз жағасының қожайыны, аса ісі жер иесі Жуанжұдырық сапардан қайтып оралған еді. Жағада жатқан кристалдарды белгісіз ергежейлілер талан-таражға салып, ұсақтап сатып, пайда тауып жүргенін естіген ол бүкіл жағалауды дуалмен қоршатты. Кристалдарды ақы төлегендерге ғана босатуға өмір берді. Осылайша тұз заводының иелері табатын табыстың тең жартысы енді жер иесі Жуанжұдырықтың қалтасына келіп түсетін болды.

Бұл да еш нәрсе емес еді. Кешікпей-ақ Жуанжұдырық пен теңіз жағалауындағы өзге де жер иелері аса ірі заводтар сала бастады. Оларда тұзды қолмен емес, ең жаңа машиналармен ұсақтайтын болды. Тұз шығару еселеп артқандықтан, бағасы мейлінше арзандап кетті. Тұз заводы иелерінің табысы азая түсті. Бұл, әрине, оларға ұнаған жоқ. Ірі завод иелері тұздың құны түскенін майда заводтардың көптігінен көрді. Ал майда кәсіпорын иелері бәріне кінәлі – ірі заводтар деп есептеді.

Ірі заводтар майла заводтардан аз болғандықтан олардың иелеріне өзара тіл табысу қиынға түскен жоқ. Ақырында олар бредламға бірікті. Осы жаңадан пайда болған бредламның алғашқы мәжілісінің өзінде-ақ ірі завод иелері майда завод иелерін барынша тез ауыздықтау қажет деген қорытындыға келді. Тұз бредламның төрағасы болып сайланған Жуанжұдырық мырза:

– Қазіргі жағдайда ең дұрысы – тұзды бұрынғысынан да арзандатылған бағамен сату, – деді. – Сонда майда завод иелері де тұзды арзанға сатуға мәжбүр болады да, заводсымақтары шығынға ұшырайды. Ақыры олар оны амалсыз жауып тынады. Міне, сол кезде біз тұздың бағасын қайта көтереміз және ешкім біздің пайданы күреп алуымызға бөгет болмайды.

Олар осылай істеді де. Тұздың бағасы барынша арзандағаны сондай, Томпи мен өзге де майда қожайындардың тұз сатып тапқан пайдасы тұз кристалдарын алуға және жұмысшылардың еңбек ақысына төлеуге жетпейтіндей болды. Майда тұз заводтары бірінен соң бірі жабыла бастады. Томпи басқаларға карағанда ұзағырақ қарсыласып бақты. Өйтіп-бүйтіп амалдай тұру үшін ол өзінің үйін де, жаңа завод үйін де сатып

жіберді. Бірақ бәрібір пайдасы тимеді. Қалтасында бір сантик те қалмаған күн оған да туды.

Әйтеуір, сәті түсіп, теңіз жағасындағы көңіл көтеретін сауық орындарының иесі Томпиды шайтан дөңгелекті айналдырушы етіп жұмысқа алды. Егер, мұнда орналаспағанда, қайтіп күн көретінін білмес еді.

Жиырма бесінші тарау

ДАВИЛОН ЖҮК КЕМЕСІНДЕГІ ДҮРБЕЛЕН

Біз Сараңсері мырзаны жолсерік Паноптикум қаласында вагоннан итеріп түсіріп кеткенін айтқан едік. Ол сол күйінде еш нәрсеге түсінбей, мең-зең болып, ұзап бара жатқан поездың артынан біразға дейін қарап тұрды. Поезд көзден таса болғанда ғана Сараңсері платформа¹ шетіндегі сөкіге келіп, цилиндрін басына жастады да, үстіне газет жамылып, жата кетті. Уақыт тым ерте еді. Күн әлі шыға қоймаған. Сондықтан Сараңсерінің ұйықтауына ешкім бөгет болған жоқ.

Біраздан соң бозарып таң атты. Перронға шыққан әлдеқандай темір жол бастығы Сараңсеріні оятты да, бұл жерде ұйықтауға болмайтынын ескертті. Дәл осы кезде станцияға поезд келді. Одан түскен жүргіншілер перрон басында қаптап кетті. Сөкіден тұрып, цилиндрін басына киген Сараңсері азғана ойланып тұрды да, жұртқа ілесіп қалаға бет алды.

Қолындағы ұстап келе жатқан газетіне көзі түсіп, алып акциялардың бағасы төмендесімен барынша көп етіп сатып алмақ болғаны есіне оралды. Осыдан қанша пайда табуға болатынын ойша есептеді. Ақыры, ойлана келе, осындай күрделі ақша операциясын жүзеге асыру үшін өзінің қазір Суатқайлада емес, Давилонда, Ұрықалада, немесе ең болмағанда Бас-Масада болғаны жөн екенін түсінді. Өйткені тек осы қалаларда ғана әр түрлі акциялар сатылатын арнаулы базарлар бар еді.

¹ П л а т ф о р м а – поезға отыратын жердегі биіктеу алаң.

Бұл жерде акциялар сатылатын базардың көдімгі алма, помидор, картоп немесе капуста сатылатын базардан үлкен айырмасы бар екенін айта кеткен артық емес. Мәселе мынада: жеміс немесе көкөніс сатушы өз затын сөреге жайып қойса, жетіп жатыр, жұрттың бәрі оның не саудалап тұрғанын бірден көреді. Ал акция иесі сауда-затын қалтасында ұстайды, сондықтан ол өзі сататын акцияның аты мен бағасын қайта-қайта айқайлап айтуға мәжбүр. Сатып алушы да өзіне қажет акцияларды айқайлап сұрайды.

Акция базарлары пайда болғалы кейбір ай тұрғындары оларды әлдеқандай кәсіпорынның пайдасына ортақтасу үшін ғана емес, сондай-ақ кейінірек қымбатқа өткізіп, пайда табу үшін де сатып алатын. Акцияларды көтере сатып алудан көп пайда табатын саудагерлер шыға бастаған. Ондай саудагерлер базарға өздері бармай-ақ, өдейі жалдап алған айқайлағыш ергежейлілерді жұмсайтын. Ал айқайлағыш ергежейлілер көбінесе бір емес, бірнеше қожайынға бір-ақ жалданатын. Олар акцияларды сатып алумен де, сатумен де қатар айналысатын.

Осындай даусы жер жарған ергежейлі базарға келіп:

– Түктатырмастың көмір акциясын жетпіс бестен аламын! Давилонның қант акциясын тоқсаннан аламын, мұнай акциясын қырық үштен беремін!.. – деп өңешін жырта айқайлағаны құлаққа сүйкімді естіле бермейтін.

Ал енді бір емес, барлық айқайшылар жиналып алып, бір-бірінен даусын асыруға тырысып, жарысқа түскенде қандай шу көтерілетінін айтып жеткізудің өзі қиын.

Ертеректе, алғашқы акция стаушылар пайда бола бастағанда, Давилон қаласында оларға жеке алаң берілген-ді. Алайда, сол манда тұратын ергежейлілердің бәрі құлағымыздан қиқу кетпейтін болды деп қала әкімшілігіне шағымдана бастады. Бірақ қала әкімшілігі ешқандай шара қолданбағандықтан, тұрғындар шокпармен және таспен қаруланып, айқайшыларды өздері қуып жіберуге тырысты. Айқайшылар да қарап қалмады. Кей-

де қарсы шабуылға шығып отырды. Осылайша күн сайын дерлік, қиянкескі төбелес болатын! Амалы құрыған қала әкімшілігі бұл шулаған базарды басқа алаңға ауыстыруға мәжбүр болды. Бірақ онда да қанды қақтығыстар қайталана бастады.

Әбден шыдамы таусылған әкімшілік барлық айқайшыларды үлкен жүк кемесіне отырғызды да, Давилон көлінің ортасына алып кетті. Осы жерде жүк кемесін якорьмен бекітіп, біржола қалдырды. Енді айқайшылар таңертеңнен кешке дейін, дауыстары қарлығып, естерінен танғанша айқайласа да ешкімнің мазасын алмайтын болды. Күн сайын таңертең олар жүк кемесіне қайықтармен қатынап жүрді. Ал кейінірек жаға мен екі арада шағын пароход жүре бастады. Осылайша екі жақ та риза болып, тыныштық орнады.

Кешікпей-ақ осындай жүк кемелері әуелі Суайтқалада, кейінірек Бас-Масада пайда болды. Телефон ойлап табылғаннан кейін үш баржа өзара телефон сымдарымен жалғастырылды да, Давилон кемесіндегі айқайшылар кез келген уақытта Ұрықала мен Бас-Маса кемесінде не болып жатқанын біліп отыруға мүмкіндік алды.

Барлық миллионерлер тәрізді Сараңсерінің де осы кемелердің әрқайсысында өз айқайшылары бар еді. Ол телефон арқылы, кез келген сәтте, өзі қалаған акциясын алындар дер бұйыра алатын. Алайда, акцияларды дәл қай мезгілде сатып алуды білу қажет еді. Өйтпеген жағдайда бағасын артық төлеп, шығынданып қалуға болады. Істің басы-қасында өзі болып, алдағандарға ұрынып қалмау үшін, алып акциялардың қандай бағамен сатылатынын анықтауға Сараңсері Давилон кемесіне баруға бекінді. Бірақ вокзалға бірден тартып кете алған жоқ, өйткені әуелі үйіне, сонан соң макарон фабрикасына кіріп-шыққысы келді. Осы оймен Сараңсері айналаға зер сала қарап, таныс емес көшемен келе жатқанын енді ғана аңғарды.

– Шамасы, поездан түскен соң қателіп, басқа көшеге түсіп кеткен болдым-ау, – деп ренжи күбірледі.

Алайда келе жатқан бағытынан айнымады. Әйтеуір бір таныс көшеден шығармын да, қайта бару керек екенін түсінермін деп ойлады. Бірақ Сараңсері көше

аяқталып, кешікпей-ақ өзінің қаладан мүлде сыртқа шығып кеткенін аңғарды.

– Бұл не өзі? Қайда кетіп қалғанмын! – деп күбірледі Сараңсері өзі-өзінен мырс етіп күліп. – Акциялар жөнінде қиялдаймын деп, ақыл-естен айрылғанмынау, тегі!

Ол кері қайтты да, көшенің екінші басынан бір-ақ шықты. Осыдан соң таныс емес бульварға¹ бұрылды. Сонымен біраз жүрген соң, тағы да бейтаныс көшеге шықты.

– Гажап! – деп күбірледі Сараңсері қайран қалып. – Суайтқаланы өзімнің бес саусағымдай білемін деп жүргенім қате екен. Мен білмейтін, мен болмаған жерлері бар болып шықты.

Бір сағат бойы өзіне таныс емес қиқы-жиқы көшелерді аралаған Сараңсері біржола адасып кеткен екенмін деп ойлап, қарсы жолыққан ергежейлілерден өзі тұратын Қисық көшесінің қайда екенін сұрастыра бастады. Жүргіншілердің бірі ол көшенің қаланың екінші шетінде екенін айтты. Автобуска отырып, қаланың басқа жағына келген Сараңсері, ақырында, Қисық көшесін іздеп тапқан, бірақ оны үйлердің мүлде өзгеріп кеткені таңырқатты. Өзі мұнда соңғы рет болғаннан бері айнала танымастай өзгеріп кетіпті. Ал № 14 үйге келгенде (өзі тұратын үй) қатты таңырқағаны сондай, аузын ашып, сілейіп тұрып қалды. Терезелерінде темір шыбық торы бар бір қабатты шағын үйдің орнына, кіре берісте екі арыстанның мүсіні есігін күзеткен, әдемі балконды, екі қабатты сәулетті, үлкен үй орнап қалыпты.

– Бұл не гажап! – деп күбірледі Сараңсері көзін уқалап. – Есімнен біржола айрылған шығармын. Бәлкім, өлдеқандай сикырдың күшімен осылай болды ма екен?

Балконда тұрған үй иесі өйелді көрген ол:

– Айтыңызшы, бұл Сараңсерінің үйі ме? – деп айқайлап сұрады.

– Қайдағы Сараңсері? – деп үй иесі өйел қабақ шытып, жақтырмай қарады. – Бұл менің үйім.

– Ал... а... – деп Сараңсері ауа жетпегендей аузын

¹Бульвар – ағаш егілген кең көше.

ашып, тұтықты да қалды. – А... ал сіз менің үйімді қайда жібердіңіз?

Үй иесі өйел бұрылды да, есікті тарс еткізіп жауып, балконнан кетіп қалды.

Не істерін білмей, дел-сал болып тұрып қалған Сараңсері сәлден соң ілби басып, көшемен ілгері жылжыды.

– Несі бар... – деп күбірледі ол, өзімен-өзі сөйлесіп келе жатқанын аңғармай. – Несі бар, үй жоғалып кетсе де, ең болмағанда макарон фабрикасы орнында шығар. Үлкен-үлкен он екі корпусы бар, бес мың ергежейлі жұмыс істейтін макарон фабрикасының ғайып болуы мүмкін емес қой.

Сараңсері қарсы жолыққан ергежейліні тоқтатып, одан Сараңсерінің макарон фабрикасының қайда екенін сұрады.

– Ehe! – деп күлді ергежейлі. – Ол осында ма еді? Сараңсерінің макарон фабрикасы Суайтқалада емес пе. Макарон салған қораптардың кез келгенінде солай деп жазылған ғой.

– Біз онсыз да Суайтқалада тұрған жоқпыз ба? – деп сұрады Сараңсері түкке түсінбей.

– Қайдағы Суайтқала? – деп таңырқады ергежейлі. – Біз Паноптикумдамыз.

– Қай Паноптикумды айтып тұрсыз?

– Көдімгі Паноптикум қаласын айтамын. Әлде сіз ондайды естімеп пе едіңіз?

– Ә, Паноптикум! – деп айқайлап жіберді ақырында істің мән-жайын түсінген Сараңсері. – Шамасы, мен өзімнің станциямда түспегенмін ғой. Бәсе, көше де, үйлер де Суайтқалаға мүлде ұксамайды.

Вокзалға асығыс жеткен Сараңсері кешке дейін Давилонға бірде-бір поезд жүрмейтінін, оған тек таңертен ғана жете алатынын білді. Ол, акциялардың бағасы тез өзгеретінін білетіндіктен, қатты толқыды.

Шынында да, «Давилон сықақтары» газетінде өзімізге белгілі мақала жарияланған күні, қолдарында алып акциясы барлардың бәрі оларды жылдамырақ сауға асыққан-ды. Давилон жүк кемесінде бұл акциялардың бағасы әуелі 80 сантикке, одан кейін – 60, келе-

келе – 50, 30, 20, 10 сантикке дейін төмендеді. Келесі күні, Сарансері Паноптикум қаласында адасып жүргенде, бұл акциялардың бағасы бес сантикке дейін төмендеді. Сонда да оларға ешкім қызықпады.

Алып акциялардың иелері қатты қапаланды. Бәрі де өз ақшаларын босқа жұмсағанына, енді олардың бағасын қайтара алмайтынына өкінді. Алайда, пайда табу мақсатымен алып акцияларды көп сатып алған Сығыркөз, Тефтель және Ханаконда атты үш алпауыт не істеу керек екенін тез ойлап тапты. Олар Двилондағы бірнеше газеттің иесі Жексұрын мырзаға едәуір ақша төледі, ал Жексұрын газеттерінде жағдайды жылдам түзету үшін бірнеше мақалалар жариялайтын болды.

Дәл сол күні-ақ, Жексұрын мырзаның меншігі болып табылатын «Давилон мысқылдары» газетінде, төмендегідей шағын мақала жарық көрді.

ДАВИЛОН ЖҮК КЕМЕСІНДЕГІ ДҮРБЕЛЕН

Кешелі бері Давилон жүк кемесінде бұрын ешқашан болмаған дүрбелен туды. Алып акциялардың иелері өз тауарларын тезірек сатып, құтылуға асығуда. Мұндайда сатушының көп, алушының аз болатыны, акцияның бағасы тез төмендейтіні белгілі ғой. Давилон жүк кемесін жайлаған осы дүрбелеңнің тууына не себеп? Оның себебі «Давилон сықақтары» аталатын жексұрын газеттің жиренішті беттерінде жарияланған сұмпайы мақалада жатыр. Алып акция иелері осы бір былғаныш, бишара газеттің Сегізаяқ байдың ақшасына шығарылатынын, соған ғана тиімді нәрселер жарияланатынын қайдан білсін. Ақшаға көзі тоймайтын Сегізаяқтың алып акцияларға қол соза бастағанына күмән жоқ. Акциялардың бағасы әбден төмендеп болған кезде олар тегіс Сегізаяқтың қолына өтеді де, ол осы аса пайдалы қағаздардың бірден-бір қожайыны болып шыға келеді. Сөзге сенгіш, ашық ауыздарға берер кеңесіміз: «Тектен-текке үрейленіп, дүрбеленге ермендер. Сегізаяқ мырза пайда түсетін нәрсені ешқашан босқа жібермейді».

Келесі күні таңертең Жексұрын мырзаның меншігін-

дегі тағы бір «Жатып оқуды сүйетіндер» газетінде «Қалталарына сақ болыңдар» деген мақала басылды. Онда алып акциялардың иелеріне: «Сегізаяқ мырза сіздердің қалталарыңызға қол соза бастады, алданып қалмай, сақ болыңыздар», – деген кеңес айтылған еді.

Екі мақала да назарға ілікпей қалмады. Нәтижесінде алып акциялардың бағасы қайта көтерілді де, Давилон жүк кемесінде енді бес сантик емес, елу сантиктен сатыла бастады.

Сол күні таңертең кемеге келіп жеткен Сарансері мырзаға бұл баға жоғары болып көрінді. Ол тағы бір күн шыдап, бағанын төмендеуін тоса тұруға бел байлады.

Келесі күні Жексұрын мырзаның меншігіндегі және бір газетте: «Сегізаяқ мырза қайда қол созды?» деген мақала жарық көрді. Онда Сегізаяқ мырзаның жалмауыз қолдары алып акция иелерінің қалтасын тақырлағысы келетініне ешқандай күмөнданбауға болатыны айтылды. Бұл мақала да нәтижесіз болған жоқ, акциялардың бағасы алпыс сантикке дейін көтерілді. Алдағы уақытта баға бұдан да өсіп кетер деп қауіптенген Сарансері айқайшыларына акцияларды осы бағамен алуға бұйырды. Айқайшылар үш кеменің үшеуінде де акцияларды жаппай сатып алуға кірісті. Акция сатушылар тауарларының өте бастағанын көрген соң бағаны қайта көтерді. Алып акциялардың бағасы келесі күні жетпіс сантикке, тағы бір күн өткенде сексенге жеткен еді.

Сығыркөз, Тефтель және Ханаконда атты алпауыттар баға осыдан артық өсе қоймас деп шамалап, өрі оның қайтадан күрт төмендеп кетуінен қауіптеніп өз акцияларын Сарансеріге сексен сантиктен сатып жіберуге асықты. Рас, олар артынша-ақ тағы да азырақ тоса тұрмағанына өкініп қалды. Мәселе, Жексұрын мырзаның өз ісін одан өрі жалғастырып, сол күнгі газетте: «Сегізаяқтың үні неге шакпайды?» деген мақала жариялағанында еді. Жексұрын мырза мақаласында Сегізаяқтың өзіне тағылған айыптарға бір ауыз жауап қатпағанына жұртшылықтың назарын аударған болатын. Оның үндемеуі – тағылған айыптардың шындық екенін, Сегізаяқтың алып өсімдіктер қоғамына күмән ту-

ғызып, акцияларының барлығын өзі жинап алғысы келгенін дәлелдейді, — деп жазған еді ол.

Бұл мақаланы оқыған әр ергежейлі акциялардың бағасы келесі күні тағы өсетініне, өзінің алғашқы бағасына қалайда жететініне күмәнданбады. Әсіресе Сараңсерінің қуанышында шек болған жоқ, өйткені өзінің барлық қаржысына акциялар сатып алған еді. Енді соларын қымбатқа сатып, пайданың астында қаламын деп ойлады. Кеш бойы ол телефон аппаратының қасынан шықпай, Давилондағы, Ұрықала және Бас-Масадағы айқайшыларымен сөйлесіп, оларға таң атысымен кемеге барып, акцияларды бір фертингтен сата бастандар деп бұйырды. Акциялардың барлығын бір фертингтен сатқанда, өзінің қанша пайда табанынын есептеп, түні бойы көз ілмеді. Бірақ мұны есептеу оңай болған жоқ, өйткені ол акцияларды әр түрлі бағамен: бір бөлігін алпыс сантиметрден екіншілерін жетпіс сантиметрден, үшінші бөлігін сексен сантиметрден алған еді.

Алайда, Сараңсерінің пайдаға кенелемін деген үміті кешікпей-ақ сабынның алдамшы көбігіндей жарылып, ғайып болды. Келесі күні, кеме әлі ашылмай тұрғанда-ақ, «Давилон сықақтары» газетінде Сегізаяқтың осы кезде дейін неге үндемегенін түсіндіретін мақала жарық өрді. Онда ешқандай мағынасыз, ақылға сыймайтын айыптарға Сегізаяқтың жауап беріп жатуының өзі күлкілі болар еді деп жазылды. Әлемде қазір ешқандай алып өсімдіктер қоғамы жоқ, ендеше Сегізаяқ мырза оның беделін қалай түсіре алады деген сұрақ қойылды мақалада. Одан соң осы қоғамды құрған ергежейлілер ақшаның бәрін қалталарына басып алып, қашып кеткелі бұл қоғамды жоқ деп есептеуге болатыны айтылды. Өйткені жиналған қаржысы жоқ қоғамның — қоғам болудан қалатыны белгілі. Оның акциялары енді түкке тұрмайды. Осындай түкке тұрмайтын, шошаланың қабырғаларына жапсыруға ғана жарайтын акцияларды сатып алуға ақша жұмсайтын әпенделердің әлі де бар екеніне танданбасқа болмайды делінді мақалада.

Осы мақала шыққаннан кейін, Сараңсерінің айқайшылары кемеге барып, акциялардың әрқайсысын бір фертингтен сататынын айтып жар салғаны күлкіден басқа

еш нәрсе тудырған жоқ. Мұны көрген Сараңсері акцияларды әуелі тоқсан сантиктен, сонан соң сексен, жетпіс сантиктен сатуға бұйырды... Ол енді жұмсалған ақшасын қайтарып алуға зар болды! Сараңсері акцияларының бағасын елу сантикке дейін түсірді, бірақ сонда да алатын ешкім табыла қоймады.

Сараңсері бұл күні акциялардың бағасын одан әрі төмендетпей, келесі күнді тосуға бекінді. Бірақ келесі күні газеттерде Жыпық пен Алаяқтың қашып кеткені жөнінде мақалалар басылып, ызаланған көпшілік өз ақшасын қайтарып беруді талап етіп, алып акциялар сататын кеңсеге басып кіргенін бейнелейтін фотосуреттер жарияланды. Суреттердің бірінен қаңырап бос қалған отқа күймейтін сандықтарды, есігі ашық тұрған кассаларды және сондай-ақ Дымбілмес пен Серкеш төмен түскен кезде терезенің жақтауына байлап қалдырып кеткен жіпті көруге болатын еді.

Сегізаяқ мырза Жыпық пен Алаяқтың қашқаны жайында хабарды әзірге жарияламай тұра тұрындар деп газет иелерін сатып алғанын ешкім, әрине, білген жоқ. Газеттер осы жөнінде жарысып жаза бастағанда акцияларды лақтырып тастаудан басқа ешқандай амал қалмады. Оларды енді тегін берсең де, ешкімнің алғысы келмейтін еді. Барлық ақшасынан айрылған Сараңсері осылайша тақырға отырды. Ол өзінің макарон фабрикасына ұн сатып алуға, жұмысшылардың еңбек ақысын төлеуге тиіс еді. Бірақ бұған жететін ақшасы болмағандықтан, жұмысшылардың жалақысын кемітіп, күн сайын оларға бір фертинг орнына жарты фертинг төлеуге бекінді.

Бір фертингтің өзіне әрең-әрең күн көріп жүрген жұмысшылар бұған қатты наразылық білдірді. Олар, егер Сараңсері жалақыны өсірмесе жұмыс істемейтінін айтты. Сараңсері бұл талапты жай ғана қыр көрсету деп ұғып, еңбекақыны өсіруден бас тартты. Фабрика тоқтап қалды. Сараңсері қалтасына үнемі күйылып жататын табысынан айрылды. Бірақ ол жұмысшылардың талабын бәрібір қанағаттандырғысы келмеді, өйткені олар еңбек-ақыдан айрылса, аштан өлетінін білетін еді. Жұмысшыларға, шынында да, қиын тиді, бірақ оларға өзге фабрикалардың жұмысшылары көмекке келді. Егер осы жолғы

күресте Сараңсері жеңіп шықса, басқа фабрикалардың иелері де еңбекақыны күрт азайтып жіберетінін, жүген-кұрық дегенді білмей кететінін жұмысшылар жақсы білетін.

Сараңсері фабрикасына басқа жұмысшыларды жинамақ болды. Бірақ Суайтқалада жұмыссыз жүргендердің бәрі де жұмысшылардың Сараңсеріге қарсы күресінен хабардар болатын, сондықтан оған жалданғысы келмеді.

Амалы таусылған Сараңсері фабрикасына жұмысшыларды өзге қаладан жалдап әкелмек болды. Әлдебір газеттен ол Бас-Масадағы фабрика иелері жұмысшыларға еңбек ақыны бөрінен аз төлейді, өзге қалаларға қарағанда мұнда жұмыссыздар көбірек дегенді оқыды. Жұмысшылардың хал-жағдайы ең қиын қаланы білгеніне қуанып кеткен Сараңсері өзге істерінің барлығын жинап қойды да, Бас-Масаға жүріп кетті.

Жиырма алтыншы тарау

ДЫМБІЛМЕСТІҢ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУЫ

Дымбілмес пен Серкештің жағдайы мейлінше қиын еді. Жұмысқа тұрудың сәті түспеді, ақшалары таусылды. Өзге де жұмыссыздар сияқты олар таңертеңнен кешке дейін қаланың сәулетті дүкендер шоғырланған бай аудандарын төңіректеп жүрді. Дүкеннің алдына келіп тоқтай қалған әлдеқандай шонжардың машинасын көрген бойда, олар машинаның есігін ашуға, оның жерге түсуіне көмектесуге ұмтылатын. Әлгі бай дүкеннен шыққанда оның сатып алған заттарын машинаға дейін жеткізісіп, жүк салғышқа салуына жәрдемдесетін. Осы үшін байлар, кейде көңілі түскенде, оларға майда-шүйде қарабақыр ақша беріп кететін.

Осылайша азырақ ақша табудың сәті түскенде достар жатар орынға төлеу үшін он сантикті бөлек шығарып, қалған ақшаға ең арзан асханадан тамақ ішетін. Таңертең және түсте тамақтанудың сәті өне бойы түсе бермейтін. «Күніне бір-ақ рет тамақтануға көшкен жағдайда, тамақты кешке жатар орынға ішкен жақсы,

өйткені бар ақшанды таңертең немесе түсте жұмсап қойсаң, кешкісін бөрібір қарның ашып, ұйықтай алмайсың», – дейтін еді Серкеш.

Қуыскеуденің «Тұйық» қонақ үйінде олар бұрынғыдай минус екіншіде емес, минус төртінші қабатта түнеп жүрді. Өйткені мұнда әр орын бас-ақ сантик тұратын. Жалпы алғанда минус төртінші қабаттағы орындардың минус екінші қабаттағыдан онша көп айырмасы жоқ-ты. Тек қана мұнда кір-қоқыс, иіс-қоңыс, айқай-шу, қандала екінші қабаттағыдан көбірек, әр ергежейліге тиетін орын, керісінше, азырақ еді. Таза ауа мүлде жоққа тән-ді. Ал егеуқұйрықтардың көптігі сондай, түнде өзін немесе құйрығын басып кетпей, сәкіден түсу мүмкін емес-ті.

Серкеш осы жиіркенішті мақұлықтардан қатты қорқатынын жоғарыда айтып өткенбіз. Егеуқұйрықтар енді жатса да, тұрса да ойынан бір сәт шықпайтын болды. Олар үнемі түсіне кіреді. Түсінде олар Серкешті мойнынан тістеп алады, Серкеш еріксіз шошып оянып, көпке дейін қайтып ұйықтай алмайды. Бірте-бірте егеуқұйрықтар оның көзіне күндіз де елестейтін болды. Ақыры, бір жолы түнде осы жиренішті мақұлық оны, шынында да, тістеп алды. Мойнының қатты ауырғанынан оянып кеткен ол жан-ұшыра айқайлап, егеуқұйрықты үстінен лақтырып жіберді. Сол сәтінде-ақ мойны күп болып ісіп кетті де, басын жан-жаққа бұра алмай қалды. Таңертең ыстығы көтерілген Серкеш орнынан тұра алмай, төсек тартып жатып қалды.


Енді Дымбілмес көбірек ақша тауып, ауру досына азда болса тамақ апарып беру үшін дүкендерді жалғыз өзі аралады. Қонақ үйде бірге түнейтін өзге ергежейлілер де шамалары келгенше Серкешке көмектесуге тырысты. Олар кейде оны отқа көмген картоппен сыйлайды, немесе Дымбілместің ақшасы жетпей қалғанда, жатар орынның ақысын бірге төлеседі, олардың әрқайсысы Серкештің тезірек жазылып кетуі үшін толып жатқан ем ұсынады. Біреулері мойнындағы ісікке шикі, суық картопты үгіп басқан жөн болады десе, екіншілері бұқтырылған капуста, үшіншілері пісірген желкек, төртіншілері саз балшық басуға, сөйтіп сыртынан байлап тастауға кеңес береді.

Кешікпей Дымбілмеске тұрақты жұмысқа орналасудың сәті түсті де, ол енді досын емдеп жазуға жететіндей ақша жинап алармын деп үміттенді. Бірде көшемен келе жатып, үйлердің бірінің сыртындағы: «Ит баптаушыларды жалдайтын кеңсе» деген жазуды оқыған еді. Тәуекелге бел буган Дымбілмес кеңсеге кірген. Бөлме қабырғасына жанастыра қойылған ұзын орындықта бірнеше ергежейлі отыр екен. Бөлменің тақтаймен бөлінген төр жағында кеңсе қызметкері өлдекіммен телефон арқылы сөйлесіп отыр. Орындықтың шетіне келіп отырған Дымбілмес жанындағы ергежейліден ит баптаушылардың немен айналысатынын, оларды не үшін жалдайтынын сұрады.

— Көптеген байлар иттерді жақсы көреді, бірақ оларды өздері бағып-күткісі келмейді, сондықтан арнайы ергежейлі жалдайды, — деген жауап естіді ол. — Міне, осындай мамандарды — иттерді баптаушылар деп атайды. Кейде иттің қожайыны театрға, немесе киноға барады. Осындай жағдайда өздері қайтып келгенше, итімен ойнай тұруға қызметкер шақырады. Бұл, әрине, уақытша жұмыс. Көбінесе ақшасы көп, бай үйлер ит баптаушыларды тұрақты жұмысқа шақырады. Мұнысы, өлде-қайда тиімдірек.

— Ит баптаушының жұмысы қиын ба? — деп сұрады Дымбілмес.

— Ол қандай иттің кез келуіне байланысты, — деп жауап берді көршісі. — Қайырымды, жақсы ит кездессе жолыңның болғаны: уақытымен тамағын беріп, қыдыртып тұрасың, бар болғаны сол-ақ. Бірақ өбден шолжаңдатып, еркелетіп жіберген, күніне бес рет шомылдырып тұрмасаң көңілі көншімейтін мақұлықтар да кездеседі. Таңертең оларды жылы сумен шомылдыруың қажет, өйткені суық суды олардың суканы сүймейді. Одан соң жүнін күрғатып, сүртесің, ұйпалақтанып қалмас үшін жақсылап тарайсың, тамақтандырасың, сонан соң суық тиіп қалмас үшін сәнді кеудеше кигізіп, немесе жамылғы жауып, қыдыртуға алып шығасың. Қыдыртып жүріп те одан көз жазбауың қажет, өйткені ол мақұлық өлдекімді аяғынан шап беріп тістеп алуы, немесе басқа біреудің итімен таласып қалуы өбден мүмкін, олар бұған өзір



тұрады. Қыдыртып болған соң оны шаштаразға алып барасын, тырнағын сөндеп, жүнін басқызып, бұйралатасын, бойжеткен сияқты иіссу бүріккізіп, өдемілетесің...

– Иттерді шаштаразға кіргізе ме? – деп таңырқай сұрады Дымбілмес.

– Әрине, – деді ергежейлі. – Иттерге арналған бөлек шаштараздар бар. Жалғыз бұл ғана емес. Иттерге арнап әр түрлі дәмді тамақтар сататын дүкендер, мейрамханалар мен асханалар, азық-түлік дүкендері, спорт залдары мен спорт аландары, суға түсетін бассейндер мен арнаулы стадиондар да бар. Кейбір иттер стадиондарда жарысқа түскенді жақсы көреді. Сол үшін оларға медаль беріледі. Сондай-ақ су спортын сүйетін, суда жүзіп жарысуды, су полосын¹ ойнауды жақсы көретін иттер кездеседі. Кейбіреулері өздері спортпен айналыспағанмен, басқа иттердің әр түрлі жарыстарын тамашалауды ұнатады. Ал таяуда, Давилон қаласында, иттерге арнап театр салыпты деген хабарды естідім.

– Рас, рас, – деп қостады оны екінші ергежейлі. – Бір рет менің ол театрда болғаным да бар. Ойыны өте қызық! Әдетте иттерді қылмыскерлердің ізіне түсетін, әр түрлі қылмыстардың сырын ашатын тыңшылар жөніндегі спектакльдер көбірек қызықтырады деседі ғой. Әсіресе олар тыңшылармен бірге із кесетін иттер қатысатын пьесаларды ұнатады. Менің бір танысым мынадай жайды әңгімелеп берді: иттер театрда болса немесе спорт залындағы өз туысқандарының жарыстарын тамашаласа көңіл күйлері жақсарады екен, мұны медициналық зерттеулер көрсетіпті. Бірақ мұнда да белгілі шек керек, ит жарыстарына қайта-қайта апара берсе оның жүйкесі тозуы мүмкін. Кейбір иттер өз туысқандарының жарысын тамашалағанда қатты мазасызданады да, артынан әр түрлі түс көріп, дұрыстап ұйықтай алмай, тіпті тамаққа деген тәбетінен де айрылатын көрінеді.

– Мен де бірде өте бай үйдің итін қарағанмын, – деп әңгімеге үшінші ергежейлі араласты. – Ол иттің денсаулығын үнемі қадағалап тұратын, семіздіктен емдейтін арнаулы дәрігері бар болатын. Әлгі иттің бір жаман

¹ П о л о – суда доп ойнау.

әдеті – күні бойы ұйықтағанды төуір көретін. Бұл оның денсаулығына зиянды болғандықтан, дәрігер маған оны қайтсен де күндіз ұйықтатпа деп тапсырма берді. Итті қайта-қайта төсегінен сүйреп түсіремін, ол ыза болып мені аямай тістелейді, дәрігердің айтуынша бұл итке тиімді, өйткені ол ашуланып, әр түрлі еріксіз қимылдар жасайды. Сөйтіп арықтауға тиіс. Бірақ ит арықтамады. Оның орнына мен арықтадым, әрі өне бойы таланып, жаракаттанып жүргенім. Ақырында, ит семіздіктен өлді, дәрігердің жәрдемі мен менің еңбегім еш кетті.

Дәл осы сәтте есік ашылды да, кеңсеге басы мен мойнының бұйра жүндерін әдемілеп өріп қойған, құйрығының ұшында шашағы бар үлкен ақ ит кірді. Оның соңынан қолына шынжыр ұстаған, үстінде кең етек торғын көйлегі, басында гүл салынған көрзіңкеге ұқсайтын жалпақ ернеулі, сәнді қалпағы бар әйел кірді. Қожайын әйелге ілесе қолына кішкене ғана жи-рен бұйра жүнді ит ұстаған қызметші әйел кеңсе табалдырығын имене аттады.

– Маған мына сүйкімді иттерімді бағып-күтетін қызметкер керек, – деді қожайын әйел, оны көрісімен орынан атып тұрып, бәйек болып, ілтипат танытқан кеңсе қызметкеріне.

– Еркіңіз білсін! – деп, кеңсе қызметкері жымып, құрақ ұша лып-лып етеді. – Біздің кеңсемізден әр түрлі асыл тұқымды иттерді бағып-күте алатын қызметкерлерді кез келген уақытта тандап алуыңызға әбден болады. Қазір де олар алдыңызда отыр. Осылардың кез келгенін иттердің нағыз адал досы, өз ісінің маманы, сән үшін ұстайтын иттерді баулудың барып тұрған шебері деп айтуға болады. Бәрі де мәдениетті, шетінен ізетті, тәрбиелі... – ол қожайын әйелге осылай деді де, орындықта отырған ергежейлілерге бұрылып: – Тұрыңдар, оңбағандар, – деп ысылдады. Ергежейлілер үн-түнсіз орындықтарынан тұрды.

– Қожайын әйелге бас иіңдер!

Ергежейлілер де, Дымбілмес те оның айтқанын істеді.

– Осылардың ішінен, қалағаныңызды тандап алыңыз, – деді кеңсе қызметкері.

– Мәселе менде тұрған жоқ, – деді қожайын әйел. – Күтуші әуелі менің мына сүйкімді иттеріме ұнаса деймін... Кә-не, Роланд, – деді ол үлкен итке, – айта ғой, саған мыналардың қайсысы көбірек ұнайды.

Әйел осылай деп, ақ иттің мойнындағы қарғы бауын шешті. Ақ ит манғаз басып, ергежейлілерге келді, әрқайсысын иіскелеп көре бастады. Дымбілместің қасына жеткенде әлденеге бөгеліп, бөтенкесін ұзақ иіскеді, сонан соң басын көтеріп, Дымбілместің бетін жалап алды да, қатарына шоқайып отыра кетті.

– Сен қателескен жоқсың ба, Роланджан? – деп сұрады қожайын әйел. – Саған, шынымен-ақ, ол ұнай ма?... Көне, енді, Мимиді көрейік, ол не дер екен?

Қызметкер әйел еңкейіп, кішкентай итті жерге түсірді. Мәстек ит те қысқа аяқтарымен маймандай басып, Дымбілместің жанына келді де, қозғалмай отырып алды.

– Мынаны қараңыз, Мими де оны ұнатты! – деп күлді қызметкер әйел.

Дымбілмес те еңкейіп, екі итті кезек-кезек сипай бастады.

– Айтыңызшы, жарқыным, – деді қожайын әйел Дымбілмеске, – сіз шынында да, хайуанаттарды жақсы көресіз бе?

– Керемет ұнатамын! – деп ағынан жарылды Дымбілмес.

– Ендеше мен сізді аламын.

Кеңсе қызметкері Дымбілместің атын, сондай-ақ қожайын әйелдің де аты-жөні мен адресін жазып алды. Қожайын әйелдің аты Жыландене екен. Кеңсенің көрсеткен қызметі үшін Дымбілмес бір фертинг төлеуге тиіс болды. Ондай ақшаңыз жоқ болса, айлығыңызды алған соң әкеліп берерсіз деді оған кеңсе қызметкері. Мәселенің ресми жағы осымен бітті де, Дымбілмес екі итке, қожайын әйел Жыландене мен қызметкеріне еріп, кеңседен шықты.

Дымбілмес сол күннен бастап қожайын әйелдің үйінде, қабырғаларына Роландтың, Мимишканың жөне де басқа бейтаныс иттердің суреттері жапсыралған жарық, кең бөлмеде тұратын болды. Бөлме ортасына үш төсек қойылыпты. Үлкен екі төсекте Роланд пе

Дымбілмес, үшінші – кішірек төсекте Мимишка ұйықтауға тиіс екен. Қабырғаға жақын айналы шкаф қойылған, ол иттердің киімдерін, жылы шапандарын, тондарын, жамылғыларын, көкірекшелерін, түнгі пижамаларын, сондай-ақ Мимидің кешке киетін панталоншаларын сақтауға арналыпты.

Дымбілмес атқаратын жұмыстың ең жауаптысы иттерді шомылдыру еді. Үйде осыған арналған екі ванна қойылған жеке бөлме бар болатын. Үлкенірек ваннада – Роланд, кішірегінде – Мими шомылатын. Мимиді күн сайын үш рет: таңертең, түсте және кешкісін суға түсіру қажет. Роланд тек таңертең шомылады, бірақ суға түсер алдында оның өріліп қойылған жүндерін тарқату керек, бұған аз уақыт кетпейді. Егер Роландтың жүнін жазбаса, суға түскенде өзінің келісті түрінен айрылып қалған болар еді.

Шомылдырған соң иттерді өздерінің арнаулы шаштаразына апару қажет. Сол жерде Роландтың жүнін өріп, тұмсығының қылшығы мен құйрық жүнін қайшымен тегістеп, қайтадан әдемі қалпына келтіреді. Мимишканың жүнін кішкене қысқаштармен бұйралап, жылтырап тұруы үшін бриолин жағады. Көздері үлкен, өрі сүйкімді болып көрінсін деп кірпігін қараға, көздерінің айналасын көк түске бояйды. Шаштараздан кейін, Дымбілмес иттерді үйге ертіп келіп, тура, орнынан жаңа ғана тұрған қожайын әйел Жылан-дененің бөлмесіне өтеді. Иттерімен амандасып, тұмсықтарынан бір-бір сүйіп, қожайын әйел Дымбілместен олардың түнде қалай ұйықтағанын сұрайды. Бір сәтке де көз жазып қалмай, дұрыстап қара деп тағы тапсырып, таңғы тамақтарын ішіп келуге жібереді.

Тамақтанып болған соң, Дымбілмес Мимишканы және Роландты ертіп, белгіленген тәртіп бойынша иттерді серуендететін паркке апарады. Өзге иттермен бірге осында біраз қыдырады. Өстіп Мимишканың екінші рет шомылатын мезгілі жетеді, оны суға түсіріп жатқанда Роланд бақ ішінде жалғыз қалып, шегірткелерді қуалап ермек етеді. Осыдан соң үшеуі тамақтану үшін иттердің арнаулы ресторанына барады. Түскі тамақтан кейін олар бір жарым сағат ұйықтайды да, Дымбілмес иттерді шыбын шағып алмауы үшін қорып отырады.

Ұйқыдан кейін үшеуі қала көшелерін аралап, қыдыруға шығады. Мимишка да, өсіресе Роланд, қала көшелерінде жүріп, ергежейлілер көп кездесетін орталықта әр жүргіншіге бастан-аяқ зер сала қарауға құштар еді. Жұрттың шуылы, машиналар гуілі иттердің көңілін көтеріп, жүргіншілердің әр түрлі иістері олардың сезімтал танауларын қытықтап, өздеріне ғана түсінікті рақатқа бөлейтін.

Қыдырып қайтқан иттер бақ ішіне келіп, Дымбілместің сонынан жүгіріп, бұталар мен гүлзарларға секіріп, денелерін шынықтырады. Мұндай жаттығулар ағаштар мен гүлдерді күтетін бағбанға ұнамағанмен, иттердің бой жазуына өте пайдалы деп есептелетін. Жаттығудан соң иттер қайта дем алады, ал Дымбілмес арнаулы журналды толтыруға отырады. Ол журналға Роланд пен Мимишканың өміріндегі барлық елеулі, тіпті елеусіз оқиғалар да жазылып отыруға тиісті еді.

Ақырында, кешкі тамақ ішетін мезгіл болады. Одан кейінгі уақыт әр түрлі өтеді. Егер қожайын өйел Жыландене қонақтар шақырса, Дымбілмес Мими мен Роландты оларға көрсетуге алып барады. Жыландене театрға бара қалса, өзімен бірге Мимишканы міндетті түрде ала кетеді. Өйткені театрға кішкене иттерді алып бару — ауқаттылықтың белгісі саналатын. Театрға немесе концертке ит алып келмегендерді кедей деп санап, күлкі ететін. Мұндай кештерде Дымбілмес Роландпен ғана қалатын да, екеуі иттердің спорт залына, немесе жүзу бассейніне барып, жарыстарды тамашалайтын. Кейде, Қуыскеуденің «Тұйық» қонақ үйінде болып, ауырып жатқан Серкештің жанында отырып қайтатын.

Дымбілмес ауру досын ешқашан есінен шығармайтын. Күн сайын аз да болса уақыт тауып, Серкешке міндетті түрде кіріп шығатын. Көбінесе досына иттерді түстен кейінгі серуенге шығарғанда соғатын еді. Түс кезінде иттермен бірге ресторанға келгенде Дымбілмес тамағын ешқашан тауысып ішпей, кейде самсаны, кейде котлетті, кейде нанды қалтасына салатын да, қарны аш жатқан Серкешке әкеліп беретін.

Қызметке тұрған алғашқы күні-ақ ол қожайын өйел Жыланденеге Қуыскеуденің қонақ үйінде ауырып жат-

қан досына көмектесуі қажет екенін айтып, жалақысын ең болмағанда бір апта бұрын беруді өтінді. Жыландене оның бұл сөзін ұнатпай, енді сен бай үйде тамаша иттермен бірге тұрасың, сондықтан үй-күйі жоқ, кез келген жерде түнейтін Серкеш сияқтылармен достасқанды қой деп ескертті.

– Серкеш-Меркеш дегенді бұдан былай естімейтін болайын! – деді ол. – Егер сіз менің, немесе Мимишка мен Роландтың көзінше «Қуыскеуденің қонақ үйі» деген сияқты жексұрын сөзді айтатын болсаңыз, қызметтен босата саламын. Ал жалақыға келер болсақ, сіз оны апта сайын, бірақ аптаның басында емес, аяғында алып тұрасыз.

Расында да, бір апта өтісімен қожайын өйел Дымбілмеске бес фертинг төледі... Дымбілмес қатты қуанды. Келесі күні, иттерді түскен кейін қыдыртып шыққанда ол емханаға кіріп, Серкешке дәрігер шақырды.

Ауруды мұқият қарап шыққан дәрігер: «Сырқаты мүлде асқынып кеткен, сондықтан тезірек ауруханаға жатқызу керек», – деп тапты.

Досын ауруханаға жатқызып емдету үшін жиырма фертинг төлеуге тура келетінін естіген Дымбілмес қатты қиналды, өзінің апта сайын бес фертинг қана табатынын, бұл ақшаны жинап алуға бір ай уақыт кететінін айтты.

– Енді бір ай кешігетін болсаңыз, ауруға ешқандай дәрігерлік көмектің қажеті болмай қалады, – деді дәрігер. – Аман алып қалу үшін қазірден бастап, қолма-қол емдеуге кірісу керек.

Ол қолына қарындаш пен кішкентай ғана қағаз алып, өлденені есептей бастады.

– Мінеки, – деді ақырында. – Мен аптасына екі рет келіп, ауруға ине салып тұрамын. Әр келгеніме бір жарым фертинг ақы төлейсіңдер. Қалған ақша дәріге кетеді. Осылай етсек, үш аптаның ішінде ауруды аяғынан тік тұрғыза аламыз деп ойлаймын.

Дәрігер сол жерде әр түрлі витаминдер, дәрі-дәрмектер, мойнының іскен жеріне басатын синтомицин эмульсиясын, сондай-ақ стрептоцид, пирамидон мен новокаин сияқты біраз дәрілерді жазып берді. Олардың ішінде ішетіндері де, жағатындары да бар еді.

Бұл емнің, шынында да, пайдасы тиді. Екі апта өткен соң дәрігер Серкешке орнынан тұруға рұқсат етті. Тағы бір аптадан кейін дәрігер өзінің енді бұдан былай келуінің ешқандай қажеті жоқтығын, аурудың біржола жазылғанын, енді біраз күш жинап, өзіне-өзі келуі үшін жақсылап тамақтануы қажет екенін айтып ескертті.

Бұл күн – Серкешке де, Дымбілмеске де аса қуанышты күн еді. Олар Қуыскеуденін «Тұйық» қонақ үйінде, сәкіде отырып, бір мезгіл қиялға ерік берген.

– Енді дәрігерге және емге ақша шығаруымыздың қажеті жоқ, – деді Дымбілмес. – Сен дұрыстап тамақтанасың, өлденіп қалпына келген соң, тұрақты жақсы жұмыс тауып аласың.

– Иә, онда тамаша болар еді! – деді Серкеш жүзінде бақытты күлкі ойнап.

Еденде, олардың аяқтарын жанай жатқан Роланд пен Мимишка да қыбыр етпестен, достардың сөздерін тындап қалғандай. Шын мәнінде, иттердің құлағы сөзде емес-ті, олар сәкінің астындағы егеуқұйрықты аңдып жатқан. Роланд егеуқұйрық аулауға табиғатынан шебер еді. Сондықтан Дымбілмеспен бірге ауасының өзі егеуқұйрық сасып кеткен осы бір қонақ үйге келуге құштар болатын. Әдетте ол егеуқұйрықты ұстап алысымен, бірден өлтірмей, Мимишкаға ойнауға беретін. Мимишка егеуқұйрықты тістеп алып, әрі-бері жүгіріп, мөз болатын. Егеуқұйрықты еденге қоя беріп, өзі басқа жаққа қарап тұрғандай түр көрсететін. Ол қашуға әрекет жасаса шап беріп, қайтадан ұстап алатын. Осының бәрі қонақ үй тұрғындарына мейлінше қызық көрінетін. Сондықтан олар күн сайын Дымбілместің иттерді ертіп келуін асыға тосатын.

Бірақ Дымбілмес пен Серкештің қуанышы ұзаққа созылмады. Қожайын әйел Жыландене өзінің сүйікті Мимишкасынан егеуқұйрықтың иісі шығатынын сезіп қалғанды. Күдіктенген ол тыңшылар кеңсесіне телефон соғып, Дымбілмес иттермен бірге қыдыруға шыққанда қай жерде болатынын аңдып, біліп беруді тапсырды. Кеңсе иесі бұл істі тәжірибелі тыңшы Бигль мырзаға жүктеді. Бигль мырза тыным көрместен үш күн бойы Дымбілместің ізіне түсіп, оның қайда болатыны жөнінде егжей-

тегжейлі баяндап отырды. Ол есеппен танысқан тыңшылар кеңсесінің иесі Жыланденеге Қуыскеуденің қонақ үйінің адресін және Дымбілмес иттермен бірге қай мезгілде сонда болатынын дәл айтып берді.

Қожайын әйел Жыландене бұл хабарды естігенде, есінен танып қала жаздады. Қызметкер әйелден Дымбілместің жана ғана иттерді қыдыртуға алып кеткенін естіген ол тыңшылар кеңсесіне телефон соғып, тыңшы Бигльді шақырып алды да, өзін қызметші әйелмен бірге Дымбілмес пен сүйікті иттеріне алып баруды бұйырды.

Дымбілмес пен Серкеш келешекті ойлап, қиялдап отырған, ал Мимишка Роландтың ұстап берген егеуқұйрығымен енді ғана ойнай бастаған мезгілде күтпеген жерден есік ашылды да, жанына қызметші әйел мен тыңшы Бигльді еріткен қожайын әйел кіріп келді. Дымбілместің аяғының жанында, кір-кір еденде сұлай түсіп жатқан Роландты, жиіркенішті егеуқұйрықты аузына тістеп алған өзінің сүйікті Мимишкасын көрген бойда қожайын әйел Жыландене есінен танып, көзі ала-рып, еденге гүрс етіп құлап түсті. Зәресі ұшқан тыңшы Жыланденені белінен қаусыра құшақтап, бар күшімен жұлқылай бастады. Жыландене бірте-бірте көзін ашып, есін жиды. Мимишканың әлі де егеуқұйрықпен ойнап отырғанын көрген ол:

– Неғып тұрсыңдар, ананың аузындағы жиіркенішті, сұмпайы егеуқұйрықты алып тастандаршы! Өзін бері әкеліндерші! Жылдам!– деп байбалам салды.

Тыңшы Бигль Мимишканың жанына жетіп барды да, есенгіреп қалған егеуқұйрықты оның аузынан жұлып алып, қожайын әйелге ұсына берді.

– Бұл не? Аулақ әкетіңіз! – деп бажылдады Жыландене егеуқұйрықты итеріп жіберіп. Өзі қалш-қалш етеді. – Бұл сұмпайы, жиіркенішті мақұлықты неге тықпалайсыз. Әкетіңіз деймін аулақ!

– Өзіңіз ғой сұраған! Егеуқұйрықты бер деген екен десем, – деді Бигль жасқаншақтай күбірлеп.

– Егеуқұйрығынды қайтейін! Маған өзімнің Мимишкамды өперіндер дедім, ақымақ найсап! – деп одан сайын долданды Жыландене.

Тыншы егеукүйрықты жерге лақтырып жіберді де, Мимишканы ұстап алып, қожайын әйелдің қолына берді.

– Менің кішкентай қуыршағым! Мимочкам менің! Сүйкімдім менің! – деп қожайын әйел оны қайта-қайта кеудесіне қысып, танауынан сүйе берді. – Жиренішті егеукүйрықты саған кім ұстап берді. Анау ма? – деп айқайлады ол Дымбілместі көрсетіп. – Мынау кілең аңдар тұратын жерге сені ертіп келіп жүрген сол ғой!.. Роланд! Сен неге лас еденде жатырсың! Кір екенін көрмейсің бе, оңбаған мақұлық! Тез бері кел!

Қызметші әйел Роландты қарғыбауынан ұстап, қожайын әйелдің жанына әкелді.

– Кетейік бұл жерден! – деп айқайлады Жыландене. – Бұл жер – лас! Мұнда толған микробтар! Иттердің ауырып қалуы мүмкін! Ал сіз, оңбаған найсап, қызметтен босадыңыз, – деп айқайлады ол Дымбілмеске тепсініп. – Көзіме қайтып көрінуші болмаңыз! Иттерімді әр түрлі қарақшылардың ұяларына қыдыртып жүргенге мен төзбеймін. Сізді сотқа беремін, оңбаған жауыз!

Ол иттерін ертіп, есіктен шығып кеткенше осылайша долданып, айқайлаумен болды. Дымбілмес ақталып ауыз ашқан жоқ. Ол не айтпақ?

Жиырма жетінші тарау

КӨПІР АСТЫНДА

Бұл оқиғаға Серкеш қатты налыды. – Бәрі мен үшін! – деді ол. – Егер ауырып қалмағанымда мұндай болмайтын еді!

– Ештеңе етпейді! – деп жұбатты Дымбілмес. – Жексұрын Жыланденемен бұдан былай кездеспейтініме титтей де өкінбеймін. Екі қолға бір жұмыс табылар түбінде. Қапаланба!

Бірте-бірте Серкештің де көңілі көтеріле бастады. Ал кешкісін қонақ үйде: «Ертең атақты бай Сараңсері өзінің макарон фабрикасына жұмысшылар жалдап алу үшін келеді екен», – деген хабар тез тарады. Қуыскеуденің «Тұйығында» тұратындардың барлығы қуанып қалды.

Олардың көпшілігі фабрикаға тұрақты жұмысқа орналасудан әлдеқашан күдерін үзгендер еді.

– Ақыры бізге де бақытты күн туатын болды! – десті олар. – Мұқтаждықтан құтыламыз. Тышқанның ініндей мына бөлмелермен қош айтысамыз. Біз кеткен соң мұнда егеуқұйрықтарымен Қуыскеуденің өзі-ақ тұрсын.

Сараңсері макарон шығаруды көбейтпек болыпты, сондықтан қосымша жұмысшылар керек екен, жұмыссыздардың саны жағынан Бас-Маса бірінші орында тұрғанын білетіндіктен осы қалаға келе жатқан көрінеді. Жатақ үйге бұл хабардың қалай тарағанын ешкім анықтап айта алмас еді. Ертеңінде, шынында да, Сараңсері Бас-Масадан бір-ақ шықты. Өзімен бірге ол мұнда макарон таситын жүз жиырма жеті үлкен жабық машинасын ала келіпті. Сараңсері Суайтқаладағы макарон фабрикасына жалдап алған жұмысшыларды осы жабық машиналарға отырғызып алып қайтпақшы еді.

Тұйықталып бітетін Қоқыс көшесіне келіп тірелетін Жоқшылық көшесіне жабық машиналар сыймай кетті. Қызғылт сары түске боялған екі машина Қуыскеуденің қонақ үйінің ауласына келіп тоқтады. Олардың бірі – әр түрлі макарон өнімдерін сататын жылжымалы дүкен еді. Бірақ бұл жолы оған макарон емес, фабрикаға жаңадан жұмысқа алынған ергежейлілерге үлестіріп беруге арналған піскен шұжық пен нан тиелген-ді. Екінші машинаға өзінің іс басқарушысымен Сараңсері отырып келіпті.

Сараңсері мен іс басқарушы түсісімен шофер жабық машинадан шағын стол мен екі орындық шығарып, ауланың ортасына қойды. Іс басқарушы стол үстіне портфелін қойды да, «Макарон журналы» деген жазуы бар қалың дәптер шығарды. Осыдан соң ергежейлілерді жұмысқа алу басталды. Макарон фабрикасына жұмысқа барғысы келетіндер кезекпен столдың жанына келеді. Сараңсері әлдеқандай кемтар, аяқсыз, қолсыз, немесе қауқары жоқ ергежейліні байқаусызда жұмысқа алып қоймас үшін әрқайсысын өзі қарайды.

– Мүгедектерге төлейтін ақшам жоқ, – деп, қайта-қайта ескертеді ол, шиқылдаған жағымсыз үнмен. – Фабрикаға жалқаулар емес, жұмыскерлер керек. Дема-

лыс үйіне емес, макарон фабрикасына жұмысқа баратындарынды түсінуге тиіссіндер.

Қасына келген ергежейліні шыр көбелек айналдырып карап шығып, бейне бір ұрып құлатқысы келгендей бар күшімен арқасынан салып қалады. Содан соң жұлып алатындай қолын қатты сілкілейді де:

– Жұмысқа орналасуыңызбен құттықтаймын сізді, қымбаттым! Барып шұжық алуыңызға болады, – дейді.

Жылжымалы дүкеннің сатушысы ергежейліге бір тілім нан мен шұжық ұсынады, іс басқарушысы оның аты-жөнін дәптерге жазады да, шұжық алғанын анықтап қол қойғызады. Жұмысшыларға қайырымды ергежейлі екенін таныту үшін, әрі жұмысты жақсы істеуге ынталандырмақ болып, шұжық үлестіру комедиясын ойлап тапқан Сараңсерінің өзі еді. Шұжықты ол босқа таратпай, кейінірек жұмысшылардың жалақысынан бағасын екі есе өсіріп ұстап қалуды, сөйтіп бұл істен де пайда табуды ойлаған.

Ергежейлілерді тексеріп қарау үстінде Сараңсері олардың көңіл-күйлерін, ойларын білу үшін қайсы бірімен ара-тұра әңгімелесіп қояды. Дымбілместі көре салысымен түсін суытып:

– Бүлік шығарасың ба? – деді.

– Бүлік деген не? – деп түсінбеді Дымбілмес.

– Маған сұрақ қоюға батылың жететіндей сен өзін кімсің? – деп ашу шақырды Сараңсері. – Сұрақ қою – менің, ал жауап беру – сенің міндетің. Саған сұрақ қойғанда: «Иә, мырзам, жоқ, мырзам» деп қысқа ғана жауап беруге тиіссің, ұқтың ба?

– Иә, мырзам, жоқ, мырзам, – деп жауап берді Дымбілмес.

– Им! – деп ойланып қалды Сараңсері. – Сен мүмкін жарымес шығарсың?

– Иә, мырзам, жоқ, мырзам.

– Им! Им! Сенің жарымес болғаның бір есептен жақсы да. Фабрикадағы жұмысшылар арасына іріткі салып, жұмысты тастандар деп үгіт жүргізбейсің. Дұрыс айтып тұрмын ба?

– Иә, мырзам, жоқ, мырзам.

– Жарайды, – деді Сараңсері. – Шұжығыңды ал.

Ергежейлілерді жұмысқа алып біткен соң, Сараңсері жалдаған жұмысшылардың барлығын жабық машинаға отырғызды да, Бас-Масадан жүріп кетті. Жүз жиырма жеті жабық машинадан тұратын тізбек Суайтқаланың көшесіне келіп кіргенде, түн ортасы болған еді. Сараңсері машиналарды макарон фабрикасының ауласына кідіріссіз қалай кіргізудің жоспарын алдын ала ойластырған-ды. Жаңа алынған жұмысшылар осыдан кейін камыр илейтін, басатын қазандар мен пеш жанындағы макарон мен вермишель кептіретін шкафтардағы орындарына тарап, жұмысқа бірден кірісіп кетуге тиіс еді. Алайда, оның бұл жоспарын фабриканың бұрынғы жұмысшылары сезіп қалыпты. Сараңсерінің жаңа жұмысшылар жалдап алып жатқанын оларға Бас-Масадан әлдекім хабарлап қойыпты. Бұрынғы жұмысшылар өз орындарын келімсектерге бермеу үшін, фабриканың ауласына кіріп, бекініп, қақпаны мықтап жауып алып кездесуге жақсылап дайындалыпты. Жабық машиналар қақпаның алдына келіп тоқтасымен, фабриканың ауласына бекініп алған жұмысшылар:

— Ағайындар, сендерді қожайын алдап соқты! — деп айқайлады. — Жұмысқа кіріспендер! Сендерді сатқындыққа итермелеп отыр! Бұл фабрика біздікі! Біздердің жұмысымызға зорлық жасаманыздар!

Жаңадан келген ергежейлілер машинадан түсіп, абыржып тұрып қалысты. Сараңсері де кабинадан атып шығып:

— Сенбендер оларға! — деп айқайлады. — Бұлар — жалқаулар! Жұмыс істегілері келмейді. Ақшаны босқа алғылары келеді!

— Біз ешқандай да жалқау емеспіз! — деп дауыстады қақпаның ар жағындағы жұмысшылар. — Сараң тектен-текке жұмыс істеткісі келеді, ал біз өзіміздің құқымыз үшін күресеміз. Егер бұған жұмысқа жалдансаңдар ол сендерді де түктерінді қалдырмай тонап алады.

— Бұларды несіне тыңдайсындар? Көне, үндерін өшіріңдер! Қақпаны ашыңдар, өйтпесе бөріңді де жұмыстан босатамын! — деп айқайлады Сараңсері қақпаның алдына жетіп барып.

Бас-Масадан келгендердің біразы оған ілесіп, қақпаға қарай лап қойған. Осы сәтте дуалдың ар жағы-

нан бұларға қарай таяқтар мен тастар жауды. Бас-Масадан келгендер жасқанып, кейін шегінді. Кенет қақпа ашылды да, фабрика ауласына бекінген жұмысшылар қарсы лап қойды. Жаңа келгендерді таяқтарымен, оқтаулармен, қолдарына не түссе сонымен төпелей бастады. Олар естері кетіп, тым-тырақай қаша жөнелді.

– Токтандар! – деп айқайлады Сарансері. – Сендердің кашуға қакыларың жоқ. Фабрикада жұмыс істеуге тиіссіндер! Шұжықты сендерге текке бердім бе? Токтандар, бишаралар! Ең болмаса шұжықтың ақысын еңбектеріңмен өтеп кетіндер!

Оның сөзін, бөрібір, ешкім тындамады. Бас-Масадан келгендер Суайтқаланың көшелерін білмегендіктен, бөтен біреудің капуста жүйегіне түсіп кеткен торайларға ұқсап, қараңғыда қайда қашып құтылуды білмей, өбігерге түсті. Ал суайтқалалықтар оларға жан-жақтан қаумалай келіп тиіп, естерінен тандырды. Бірнеше ергежейлі Дымбілмес пен Серкешті ұстап алды да, өзенге сүйреп әкеліп, суға лақтырып жіберді.

– Біраз суық суға шомылындар. Сарансерідей қожа-йындарға бұдан былай көмектеспейтін боласындар! – деп айқайлады олар.

Дымбілмес пен Серкеш суға батып кете жаздады, әрең дегенде жағаға шығып, естерін жиды. Дымбілмес – аяғындағы бөтенкесінің, Серкеш – басындағы қалпағының суға ағып кеткенін сонда ғана аңғарды.

– Бұдан өткен бақытсыздық болмас, – деді Серкеш суықтан дір-дір етіп. – Ендігі жетпегені полицейдің қолына түсіп, Жындылар аралынан бір-ақ шығу.

Дымбілмес екеуі жағада таң атқанша отыруға бекінді, жарық түскен соң өзеннен жоғалтқан заттарын іздемек болды.

Күн шыға Дымбілмес пен Серкеш шешініп суға түсті. Суықтан денелері көгеріп кеткенше қайта-қайта суға сүңгісе де бөтенке де, қалпақ та табылмады. Шамасы, оларды ағыс алып кетсе керек.

Кешікпей қала ұйқыдан оянды. Жағада жүргіншілер пайда бола бастады. Полицейлердің көзіне түсіп қалмас үшін Дымбілмес пен Серкеш өзен бойлай жүріп отырып, көпір астына тығылды.

— Мына қалпымызда қалаға баруға болмайды, — деді Серкеш. — Кез келген полицей ұстап алады. Одан да былай етейік: сен маған қалпағыңды бересің де, ішіп-жейтін бір нәрсе тауып әкелгенімше осында күтіп отыратұрасың.

— Одан да сен маған бөтенкенді беріп, өзің тоса тұр, — деді Дымбілмес. — Аурудан өлі толық айыққан жоқсың, саған көп жүруге болмайды.

Серкеш өзіне жүрудің мүлде қиын емес екенін айтты. Бірақ оған Дымбілмес көнбеді. Серкештің бөтенкесі кіші болып шықты да, Дымбілместің ұсынысы ақырында жүзеге аспады. Сөйтіп тамақ тауып келуге Серкеш аттанды. Қалпақсыз, жалаң аяқ Дымбілмес оның қайтып келуін күтіп жағада қалды.

Көпір астында жападан-жалғыз отыру көңілсіз еді. Сондықтан Дымбілмес көңіл көтеретін бір нәрсе ойлап табуға тырысты. Әуелі өзі білетін өндерді айтты, содан соң әр түрлі жұмбақтар мен олардың шешуін еске түсірді, отырып-отырып: «Біреуге — самса, көмбеш, ал бізге — таяқ, төмпеш». «Аш қарынға ас түспей, жұбанбайды», «Ашқарактың өзі тойса да, көзі тоймайды», — деген сияқты мақал-мәтелдерді есіне алды. Алайда, бұл ермегі ұзаққа бармады. Енді ол басынан өткен әр түрлі оқиғаларды, достары мен таныстарын ойлай бастады.

Ойына Томпи түсті. Томпи Дымбілмеске өне бойы сарғайып ракетада отырғандай көрінді, өзінің оған көмектесе алмайтынына өкінді. Кенет ол Томпидың тамақ ішуді жақсы көретінін есіне алып, қорқып кетті.

«Ашқарактығы бір нәрсеге ұрындырмаса жарар еді! — деп ойлады Дымбілмес. — Көмек келіп жеткенше тамақты тауысып қоймаса болғаны».

Кешікпей-ақ аштықтан Дымбілместің көзі қарауытып, басы айнала бастады да, еш нәрсені ойлауға шамасы келмеді. «Серкеш қайда жоғалып кетті? Неге кешігіп жатыр?» деген жалғыз ой ғана басынан кетпей қойды.

Қарны ашқанын аз да болса ұмыту үшін қайтадан өн салып, мақал-мәтелдерді, жұмбақтар мен олардың шешуін еске түсіруге тырысты. Күн батуға таяғанды шыдамы өбден таусылды. Ол енді тығылуды қойып, Серкешті іздеп шықпақ болды. Дәл осы сәтте, көпірдің

астына әлдеқандай ергежейлі түсіп келе жатқанын байқап қалды. Дымбілмес өуелгіде оны Серкеш екен деп ойлаған, бірақ зер сала қарап, досы емес екеніне көзі жетті.

Бейтаныс ергежейлі көпірдің астына түсті де, Дымбілместі көріп:

– Сен мұнда не істеп отырсың? – деп сұрады.

– Жай отырмын, – деді Дымбілмес.

– Бұрын сені бұл жерден көрмеген сияқтымын.

– Көрмеуіңіз әбден орынды. Бұған дейін мен бұл жерде болған емеспін, – деп түсіндірді Дымбілмес.

– Жана келген болдың ғой?

– Қайда... Қайдан?

– Көпірдің астына бірінші рет түнемекшімісің дегенім ғой.

– Түнегені қалай?

– Өзің қызық екенсің, түнемесең мұнда неғып жүрсін?

– Жайша.

Дымбілмес басынан өткен оқиғаны әңгімелеп беруге оқталып еді, сол сәтте тағы әлдекімдердің аяғының дыбысы естіліп, көпір астына бірнеше ергежейлі қатар түсті.

– Әй, Қызылжиде, Наубай, Жанғақ! – деп айқайлады алғашқы ергежейлі. – Мына әпендіні қарандар; өзі көпір астында отырып, мұнда түнеуге келгенім жоқ дейді.

Ергежейлілер Дымбілместі қоршап алды.

– Маған мынауың күдікті көрінеді! – деді іштеріндегі Қызылжиде дегені.

– Киімін өзгертіп алған тыншы шығар, – деп күнкілдеді Наубай дегені.

– Сабап, сабап, суға лақтырып жіберсек қайтеді! – деді Жанғақ дегені.

– Бауырлар, мен ешқандай тыншы емеспін! – деп ақтала бастады Дымбілмес. – Қоя беріндер! Серкешті іздеп табуым қажет.

– Серкеш дегені кім тағы да? – деп сұрады Наубай күдіктеніп. – Жібермендер, өйтпесе бұл полицейлерге барып, біздің осында түнеп жүргенімізді айтып қояр.

Дымбілмес ергежейлілерге Серкеш екеуінің басына кешкен оқиғаларын айта бастады. Ергежейлілер Дымбілместің әңгімесін тыңдап, оған сенейін деді.

– Жарайды, онда, – деді Қызылжиде. – Саған бәрібір мына түріңмен ешқайда баруға болмайды. Басыңда қалпағың, аяғыңда бәтеңкең жоқ. Полицейлер көрген бойда ұстап алады. Ертең біз саған бір нәрсе ғып бас киім мен аяғыңа бірдене тауып берерміз. Сонан соң қалаған жағыңа жүре бер. Ал Серкешіне келсек, ол сені алдап тастап кеткен болды.

– Алдағаны қалай? – деп танданды Дымбілмес.

– Сенің қалпағыңды киіп алған соң тайып тұрған. Қалпақсыз қалада жүре алмайды, – деп түсіндірді Жанғақ.

– Жок, бауырлар, Серкеш ондай емес. Ол менің досым!

– Достардың қандай болатынын біз білмейді дейсің бе? – деп күңкілдеді Наубай.

Бұл кезде кеш түскен. Көпірдің үсті мен өзен жағасында фонарьлар жағылды, солардың суга шағылысқан сәулесінен көпірдің асты да азырақ жарық тартып, боза-мық нұрға боялған.

Ергежейлілер жатуға ыңғайлана бастады. Жоғарырақта, көпірдің шойын тіреулері тас діңгектермен жымдасып тұрған тұста, толып жатқан қуыстар бар екен. Сол қуыстардан ергежейлілер әр түрлі заттар шығарып, төсек-орындарын қамдай бастады. Олардың Миллионшыл деген біреуі екі бірдей ескі матрасқа ие екен. Солардың бірін жамылып, бірін астына төсенді. Көбікше атты ергежейлі қуыстардың бірінен іші ауамен толтырылатын резеңке жастық алып шықты.

– Тамаша нәрсе! – деді ол резеңке жастықты үрлеп алып, басына жастанып. – Әрине, мұны бағалай алатындар ғана біледі.

Дымбілместі алғаш көрген ергежейлі (оның аты Шымшық еді) тұрып:

– Саған да ескі-құсқы төсеніш тауып алған артық болмайды, – деп кеңес берді. – Әзірге мынаны ала тұр.

Осылай деп ол Дымбілмеске жұлма-жұлма бір нәрселерді ұсынды. Әлгі шүберектерді Дымбілместің жерге дұрыстап төсей алмай өуреленгенін көрген Шымшық:

– Үйрен, бауырым, үйрен! – деді. – Келе-келе бәрін де меңгеріп кетесің. Ал таза ауада жатып ұйықтау денсаулыққа пайдалы. Оның үстіне бұл жерде қандала жоқ. Сол бір қансорғыш жәндіктерді иттің етінен жек көрем! Жалпы бәрі де жақсы-ау, перғауындар ғана болмаса, – деп күрсінді ол. – Көпірдің астында қонуға рұқсат етпейді, оңбағандар!

Ақыры бәрі де тым-тырыс болды. Үрлеме жастықта жатқан Көбікше қорылға көшті.

– Жұмсақ нәрседе жатқанның зияны да жоқ емес! – деді Қызылжиде мысқылды күлкімен.

Осы сәтте тосын тысыр естілді. Көпір астына қарай әлдекім абайлап түсіп келе жатты.

– Тыныш! – деп сыбырлады Жаңғақ басын көтеріп. – Біреу түсіп келеді.

– Перғауын болып жүрмесін? – деді Қызылжиде. Ұйықтап кеткен Көбікшеден басқалардың бәрі абыржып қалды.

– Қашсақ қайтеді? – деді Миллионшыл матрасының астынан шығып.

– Әуелі өзін ұстайық, сонан соң көре жатармыз, – деп жауап берді Қызылжиде.

Ергежейлілер жерге жабысып тына қалды. Шам жарығымен жылт-жылт еткен өзен суының сәулесі көпірдің астына жайлап басып түсіп келе жатқан әлдекімнің қарандаған тұлғасын ажыратуға мүмкіндік берді. Әлгі қарандаған жақындап келген кезде, Наубай мен Қызылжиде орындарынан ұшып тұрды да, аяғынан қағып құлатып, матраспен үстінен баса қойды.

– Енді не істейміз? – деп сұрады Миллионшыл матрасы бар салмағымен басып жатып.

– Ұрып-ұрып, суға ату керек! – деген үкім айтты Жаңғақ.

– Сабыр етіндер, мүмкін, бұл перғауын емес шығар, – деді Қызылжиде. Миллионшыл матрасы жұдырығымен нұқып жіберіп:

– Шыныңды айт, перғауынбысың? – деп сұрады.

Матрасың астынан:

– Мен Серкешпін! – деген жалынышты үн естілді.

– Бауырлар, бұл Серкеш қой қайтып келген! – деп айқайлап жіберді Дымбілмес.

Матрасты лақтырып тастаған Дымбілмес досын құшақтап:

– Сен неге сонша кешіктің, Серкеш? – деп жатыр.

– Дүкендерді жағалаумен болдым. Жұмыс кездесе ме деп үміттенгем. Бір сантик те таба алмай, бос қайттым. Өзім ашпын, саған да түк әкеле алмадым.

– Мынаны қараңдар, қашып кетті деген Серкешіміз қайтып келді! – деп қуанды ергежейлілер.

Наубай тұрып:

– Бауырлар, мүмкін біреуіңнен бір үзім нан табылар? – деп сұрады. – Өзектерін жалғасын.

Енді ғана оянып, жан-жағына жақтырмай көз тастаған Көбікше қойнынан бір үзім нан шығарып, екіге бөлді де, Дымбілмес пен Серкешке ұсынды. Екі дос нанды асыға-үсіге жей бастады. Ергежейлілер оларды қоршай отырып, беттеріне күлімсірей қарап қалыпты.

– Иә, достар! – деді Қызылжиде. Әлемде достықтың бар екеніне көзіміз жетті.

Осы бір жылы сөздер барлығының жүрегін қуанышқа бөледі. Енді ешкімнің ұйқысы келмеді. Тек Көбікше ғана үрлемелі жастығына басы тиісімен, қайтадан қор ете түсті.

Дымбілмес пен Серкеш нанды жеп болған соң, барлығы қайтадан жатты да, тез ұйқтап кетті. Жағалаудағы шамдар сөніп, көпірдің астында көзге түртсе көргісіз қараңғылық орнады. Көпір үстінен әрі-бері ағылған машиналар барған сайын сирей беріп, ақырында біржола тыйылды. Арада тағы жарты сағат өткенде кішкене терезелері жуан темір шыбықтармен торкөзделген полицияның машинасы көпір жанына дыбыссыз келіп тоқтай қалды да, ішінен аға полицей Рвигль бастаған он полицей сау ете түсті.

– Бесеуің оң қанаттан, бесеуің сол қанаттан! Кеттік, көпірдің астына! Сөзді қойыңдар! – деп Рвигль қырылдай бұйрық беріп, электр шоқпарымен әлдекімге кіжініп қойды.

Полицейлер тым-тырыс екіге бөлінді. Бір тобы көпір астына жолдың сол жағынан, екінші тобы оң жағынан түсе бастады. Барлығы түсіп болған соң Рвигль электр шамын жақты да:

– Алға! – деп ысылдай бұйрық берді.

Өзге полицейлер де шамдарын жарқырата жағып, көпір астына екі қанаттан лап қойды. Ұйықтап жатқан ергежейлілерді көрген Рвигль:

– Токтандар! – деп қырылдай айқайлады. – Қоршандар!.. Электр шоқпарларыңды оңтайлап ұстандар!.. Тс-с-с! Ал, көне, енді шетінен ұстай беріңдер!

Полицейлер ұйықтап жатқан ергежейлілерді бас салып, ұстай бастады. Алдымен оянып кеткен Қызылжиде өзінің полицейдің қолына түсіп қалғанын көрді де:

– Бауырлар, қашыңдар! Перғауындар! – деп айқай салды.

Сол сәтінде-ақ, ол маңдайына тиген электр шоқпардың соққысынан ұшып түсті де, есінен танып қалды. Өзге ергежейлілер де полицейлермен жағаласып, жұлқыса бастаған. Бірақ электр заряды оларды тез тыныштандырды. Жалғыз Көбікше ғана беріскен жоқ. Ол шап беріп ұстаған полицей Пнигльдің қолындағы электр шоқпарын жұлып алды да, оны соның танауының астына тоса қойды. Тырс еткен дыбыс естіліп, полицейдің мұрны мен шоқпардың арасында жасыл ұшқын жүгіріп өтті. Пнигль гүрс етіп құлап түсті, ал Көбікше қолындағы электр шоқпарды өзіне қарай жүгіріп келе жатқан Скригльге лақтырып жіберді, үрмелі жастығын қолына алып, бір-ақ секіріп жағаға жетті де, өзен суына қойып кетті. Абыржып қалған полицейлер оның жағадан тез алыстап бара жатқанына қарап анырып қалды.

– Мейлі, бара берсін! – деп күңкілдеді Рвигль. – Келесі жолы бөрібір қолға түседі. Ал қазір, сөзді доғарыңдар, кеттік машинаға.

Полицейлер қарсыласуға дәрмені жоқ ергежейлілерді, мұрнына тиген жасыл ұшқыннан кейін өзіне-өзі өлі келе қоймаған Пнигльді көпірдің үстіне қарай сүйрей жөнелді.

Айналасы бес минуттың ішінде жұмыс тамамдалды. Полицияның жабық машинасы көпірден ұзап бара жатты. Көпір астында тозығы жеткен, әр жерінен ішіндегі сабаны сыртқа шығып тұрған екі матрас пен ескі-күскы шүберектер шашылып қала берді.

IV БӨЛІМ

Жиырма сегізінші тарау **РАКЕТА ҒАЙЫП БОЛҒАН СОҢ...**

Білгір Айға ұшу белгіленген күні таңертең оянысымен терезеге қарап, космос кемесінің жоқ екенін көргенде, өз көзіне өзі сенбеді. Әдетте, ол терезеге көз салғанда, үйлердің бәрінен бойы озып, бейне бір алып сигараға, немесе тігінен қойылған дирижабльге ұқсап, аспанға тіке шаншылып тұрған ракета көз тарта-тын. Білгір оның ғарышқа ұмтылған әдемі келбетінен көз ала алмай, сұқтана қарап қалушы еді. Ол кейде осы бір әсем көріністі асықпай, рақаттана тамашалау үшін әдейі ертерек оянатын. Қолын қусырып, ашық тұрған терезенің алдына келіп, әлем кеңістігінің түпсіз тұңғығына көз тастап, қиялға шоматын. Таңертеңгі күннің алтын шуағына шомылған ракета одан сайын нұрланып, көз арбайтын. Таңғы салқын самалды құшырлана жұтқан Білгірдің бойы сергіп сала беретін. Ондай сәттерде өзін бейне бір арқасына қанат бітіп, ұша жөнелуге әзір тұрғандай жеп-жеңіл әрі сергек сезінетін. Осы кезде айқайлағысы, ән салғысы, әлдеқандай ғажайып, ғылыми, ұлы жаңалық ашқысы, немесе ракетасыз, қанатсыз-ақ Айға қарай зымырап ұша жнелгісі келетінін.

Осы жолы терезеге қарап, көкке ұмсынған ракетаны көре алмаған Білгір өң мен түстің арасындағыдай түсініксіз халде тұрып қалды. Осыған дейінгі болған оқиғалар: айдың тасын тауып алғаны, салмақсыздық құпиясын ашқаны, планетааралық кеме жасағандары, барлығы түп-түгел өңінде емес, түсінде болғандай көрінді оған. Енді, міне, оянып еді, бәрі зым-зия жоқ болған.

Әрине, бұл бір ғана сәттік сезім еді, өйткені Білгір түстің мұншалықты егжей-тегжейлі, айқын болып,

ұзаққа созылмайтынын білетін. Ракетаның, шынында да, жоқ болып кеткеніне көзі жеткен Білгір оны желден немесе жердің қозғалуынан құлап кеткен болар деп шамалады. Бөлмесінен шыққан ол баспалдақпен тез жүгіріп түсті де, қақпаға қарай құстай ұшты.

– Қап! – деп өкіне күнкілдеді Білгір. – Ракета құлағанда бір нәрсесі сынып немесе бүлініп қалмады ма екен?

Қақпадан шыға салысымен көшені бойлап жүгіре жөнелді. Бес минут өткенде космос қалашығына жетті де, енді бес минутта дөңгелек алаңға келіп, қаққан қазықтай қалшыып тұрып қалды. Ол осыған дейін алаңға жетісімен құлап жатқан ракетаны көремін деп ойлаған. Бұған титтей де шүбөсі жоқ-ты. Сондықтан алаңнан енді ешқандай ракетаны көре алмау оны қайран қалдырды.

Аяғынан жан кеткендей азар басып, старт алаңына жетті де, мұқият зерттеп, қарай бастады. Алаңның өзі де, айналасы да еш өзгеріссіз сап-сау екен. Ракетаны жерге кіріп кетті дейін десе, оған ешқандай негіз жоқ. Не ойлауды білмеген Білгір жан-жағына алаңдай қарап, абыржыған күйінде тұрып қалған. Дәл осы сәтте алаңның бойымен өзіне қарай жүгіріп келе жатқан Қызылгүл мен Ақшабақты көрді. Екеуінің де көздері бақырайып, түрлері өзгеріп кетіпті. Білгірдің жанына келіп, әлденені сұрамақ болып, ауыздарын ашқанмен, қатты толқығандықтан үндері шықпады.

Білгір де оларға үнсіз қарап қалған еді, бірақ сөйлеу қабілеті оған бұрынырақ оралды.

– Ракета қайда? – деп шаңқылдай айқайлады ол.

Өзіне ешкім жауап бермеген соң, Ақшабақтының иығынан шап беріп ұстай алды да, бар күшімен сілкілей бастады.

– Мен сендерден ракета қайда деп сұрап тұрмын, аш-аш-ашық ауыздар?

– Біз аш-аш-ашық ауыздар емеспіз! – деп міңгірледі Ақшабақ жыламсырап.

Мұндай дөрекілік пен жөнсіздікке көне алмаған Ақшабақ Білгірдің қолдарын итеріп тастады да, басын кекжең еткізіп, бұрылып жүре берді. Қызылгүл де ернін жымқыра тістеп, басын көтере ұстап, Ақшабақтың соңы

нан ерді. Олар аланның шетіндегі кішкене үйлеріне жетіп, ішке кіргенше Білгір түкке түсінбеген қалпында сондарынан состиып қарап тұрды. Тек содан кейін ғана ол ісінің қаншалықты оғаш болғанын түсініп, арттарынан жүгірді.

– Кешірім өтінемін! – деп айқайлады ол, үйге ендіге кірген қалпында. – Сіздер мені кешіруге тиіссіздер. Мына оқиға естен тандырды! Ракетаның қайда кеткенін, мүмкін, маған айтарсыздар?

– Білсек бұйырмасын, – деп жауап берді Қызылгүл. – Оны біз сізден сұрамақшы едік.

– Менің өзім де түк білмеймін, – деді Білгір алақанын жайып. – Бар білетінім – ракета жоқ. Бұрын бар еді, енді жоқ. Көз алдымызда біреу алып кеткенге ұқсайды!

– Ақылға сыймайтын нәрсені айтасыз! Оны қалай алып кетеді? – деді Қызылгүл. – Ракета жеңіл нәрсе емес қой!

– Қателесесіз, – деді Білгір. – Сіздер салмақсыздықты естен шығармаңыздар. Егер салмақсыздық құралын іске қосса, ракета жеп-жеңіл болады да, оны алып кету қиынға түспейді.

– Құралды іске қосқанда сіздің өзіңіз де салмағыңыздан айрылатыныңызды естен шығармаңыз. Ондай жағдайда ракетаны қалай алып жүруге болады?

– Сіз, бірақ салмақсыздық аймағы маңында салмақтылық аймағы бар екенін ескермей тұрсыз, – деді Білгір. – Егер өзіңіз салмақтылық аймағында тұрып, ракетаға байланған арқаннан ұстап тартсаңыз, оны кез келген жаққа алып кетуіңізге өбден болады. Бұған күмөнданбаңыз. Жұртшылыққа сұрау салып, түн ішінде күдікті шуыл біреу-міреудің құлағына шалынбады ма екен немесе ракетаны ұрлап бара жатқан ергежейліні ешкім көрмеді ме, соны анықтап білгеніміз жөн.

Бұл уақытта космос кемесінің ұшқанын көргісі келген тұрғындар Космос қалашығына жиналып та қалған еді. Ракетаның орнында жоқ екенін көрісімен, олар: «Кешігіп қалыппыз-ау, Білгір достарымен бірге Айға ұшып кеткен екен» деп ойлады. Планетааралық ракетаның сапарға қалай аттанғанын көре алмағанына бәрі қатты өкінді.

Қайсыбіреуі бұған реніш білдірісті. Әсіресе, Күн қаласынан осы оқиғаны көру үшін әдейі келген профессор Жұлдызшин тас-талқан болып ашуланды.

– Бұл оңбағандық! – деп айқайлады ол. – Ұшу таңертеңгі сағат сегізге белгіленген. Ал қазір жеті де болған жоқ. Шамасы, Білгір өздеріне ешкім бөгет жасамасын деп, ұшатын мерзімді әдейі өзгерткен ғой.

Жиналған ергежейлілердің қарасы көбейе берді.

– Білгір уақытынан ерте ұшып кетіпті, барып тұрған сұмырай екен! Ұшқанымызды көрмесін деп қызғанған ғой! – деп айқайлады Жұлдызшин. – Тұра тұр, бөлем, Білгір, осыдан қолыма түсерсің, жон теріңнен таспа тілермін!

– Бұл неткен жүгенсіздік! – деп шуласты ергежейлілер. – Жақсы емес! Білгірді осыншалық іші тар, арам ниет деп кім ойлаған!

Дәл осы сәтте үйден Қызылгүл мен Ақшабаққа ілесе шыққан Білгірді барлығы көрді.

– Анау Білгір ғой! – деп айқайлап жіберді әлдекім.

Ергежейлілер тұра жүгірісті. Өздеріне қарай қаптап келе жатқан қалың дүрмекті көргенде, Білгір кілт тоқтады, Қызылгүл мен Ақшабақ қорыққандарынан қаша жөнелмек еді, үлгермеді. Көпшілік оларды лезде қоршап алған-ды.

– Сіздер неге ұшпағансыздар? Ракета қайда? Біз сіздерді ұшып кеткен екен деп ойласақ! – деді шуылдасып олар.

– Бізді ұшып кетті деген кім? – деді Білгір катуланып. – Кім ондай сандырақ сөзді айтып жүрген?

– Кім деймісің?.. Біз... өйткені ракета... жоқ қой ол!.. Қайда кеткен? – деп ергежейлілер алақандарын жайысты.

– Ракетаның жоқ болғаны біздің ұшып кеткенімізді білдірмейді, – деді Білгір әр сөзін шегелей. – Бұл – әлдекімнің жаман ойыны, немесе мүлде түсініксіз мақсатпен істеген оспадар әрекеті. Сіздер бөріңіз ракетаны іздесіп, бізге көмектесулеріңіз кажет. Әрқайсыңыз тұрғындарға сұрау салып, түнде біреу-міреу күдікті шуыл естімеді ме, ракетадан ешкімнің хабары жоқ па, соны анықтауға жәрдемдесеңіздер. Естіген-білгендері-

ніздің барлығын Қызылгүл мен Ақшабақтың үйінде орналасатын іздестіру штабына хабарлауды өтінемін.

Осыдан кейін ергежейлілер қаланы түгел аралап, түнде күдікті еш нәрсе байқалмады ма деп сұрау салуға кіріскен. Бірақ жұрттың бәрі ұйқыда болғандықтан ешкім еш нәрсе естімеді. Сондықтан бұдан ешқандай нәтиже шыққан жоқ.

Түске қарай Дымбілместің жоқ болып кеткені жөнінде тағы бір хабар тарайды. Қанша іздесе де – еш жерден табылмаған. Онымен бірге Томпидың да жоғалып кеткені мәлім болды.

Білгір осыны естісімен-ақ істің мәнін бірден түсінді.

– Бас қатыратын түк жоқ! – деп айқайлады ол, шашын уыстап. – Екі есерсоқ түн ішінде ракетаға мінгенде, сапарға аттанып кеткен!

Осы сәтте іздеу штабына астроном Дүрбібаев келіп, түнде өзінің үреншікті әдетінше шатырға шыққанын, телескоппен жұлдыздарды бақылауға кіріскенде әлдеқандай космос денесін көзі шалғанын айтты. Әлгі космос денесі тез арада көрінбей кеткен, бірақ ол оның ракета екенін сонда да аңғарып үлгеріпті. Дүрбібаев оны алғашында бөтен ракета деп ойлапты, сондықтан ешкімге еш нәрсе демеген. Енді бәрін қайтадан ой елегінен өткізе келе сол ракета – өзіміздікі, яғни Білгір және оның достары мініп, Айға ұшпақ болған ракета деген қорытындыға келіпті. Дүрбібаевтың ізінше штабқа Мүйізше атты ергежейлі келді. Ол да өзінің түн ішінде кездейсоқ оянып кеткенін, терезеге көз салғанда көшеде екі ергежейлінің (яғни Дымбілмес пен Томпидың) Космос қалашығына қарай кетіп бара жатқанын байқап қалғанын айтты.

Дымбілмес пен Томпидың Айға ұшып кеткеніне енді ешкімнің күмәні болмады. Білгір өкініштен өз шашын өзі жұлуға жақын қалды.

– Бұлай болады деп кім ойлаған! – деді ол аһ ұрып. – Рас, Дымбілместен кез келген ақымақтықты күтуге болады, ал Томпидің жол болсын.

– Мүмкін, олар мұны әдейі істемеген болар? – деді Ақшабақ.

– «Әдейі істемеген?» – деп кекете езу тартты Білгір.

– Сіздіңше, олардың түнде тұруы, ракетаға ұрланып мінуі – кездейсоқ нәрсе ме?

– Жок, әрине. Ракетаға олардың әдейілеп келіп отырғаны сөзсіз, – деп келісті Ақшабақ. – Ал, түймешікті абайсызда, немесе ойнап басып қалуы мүмкін ғой. Ракетаның айға ұшып кетуі үшін соның өзі жетіп жатыр.

– Оқиғаның қалай болғанын кесіп айту қиын, бірақ мұндай ойындары мен өзілі үшін екеуінің де көкесін танытар едім! – деп кіжінді Білгір.

– Дымбілмес пен Томпи енді қайтеді? – деп жатыр ергежейлілер.

– Қайтетіндері белгілі емес пе! – деп ашуланды Білгір. – Айға ұшып барады. Жок, әлде, ракета солар үшін бұрылады деп ойлайсыздар ма? Онда қателесесіздер!

– Ал Айда олардың жағдайы не болады? Онда ауа жоқ қой, – деп мазасызданды ергежейлілер.

– Не болса ол болсын! – деп ашуланып жауап берді Білгір. – Өздері кінәлі! Шақырылмаған жерге килікпесін.

– Олай деуіңіз жөн емес, – деді Қызылгүл кінәлай сөйлеп. – Олар қателесті, қиын жағдайға тап болды. Енді не болса ол болсын деуіміз жөн бе? Біз оларға көмектесуіміз керек.

– Сонда не істе демексіз? – деп сұрады Білгір. – Мүмкін, артынан қууымыз қажет шығар. Немен қу деп әмір етесіз?

– Жаңа ракета жасауымыз қажет, – деді Ақшабақ.

– Ол – оңай жұмыс емес, – деді Білгір. – Енді бізде салмақсыздық құралы жоқ. Сондықтан жердің тартылыс күшін жеңе алатын көп сатылы ракета жасауға тура келеді.

Оның бұл сөздері шындық еді. Жердің тартылыс күшін жеңу үшін ракета секундына он екі шақырымдай шапшаңдықпен ұшуға тиіс. Ондай екпін алу үшін оған салмағы ракетаның өзінен әлденеше есе көп реактивті отын жұмсалуды қажет. Сондықтан космос кемесін көп сатылы етіп, өзара жалғасқан бірнеше ракетадан жасау керек. Алғашқы, ең үлкен ракета түп-түгел отынмен толтырылады. Оған отынмен толтырылған екінші

үшінші ракеталар жалғанады. Осыдан кейінгі келесі, соңғы ракетада, қажетті отыннан басқа әр түрлі аппаратуралар, басқару құралдары, тамақ қоры мен жолаушылар орналасады.

Мұндай көп сатылы космос кемесін ұшырғанда іске алдымен бірінші ракета қосылады. Отыны жанып бітісімен, ол кемеден бөлініп қалады да, екінші ракета жұмыс істей бастайды. Енді кемеңің салмағы едәуір азайғандықтан, жылдамдығы тезірек өсе түседі. Екінші ракета да отыны таусылған соң бөлініп қалады. Кеме бұрынғысынан да жеңілдейді. Іске енді үшінші ракета қосылады. Кемеңің соңғы сатысы осылайша қажетті екпін алған соң реактивті двигательдің жұмысынсыз-ақ Айға ұшып жете алады.

Алайда, соңғы сатыдағы едәуір мөлшердегі отын қоры Айға қону кезінде маневр жасауға және ұшу жылдамдығын бірте-бірте азайтуға, сондай-ақ Жерге қайтып оралуға қажет еді.

Алда тұрған міндет қаншалықты күрделі, қиын болғанмен, Білгір, Қызылгүл, Ақшабақ және профессор Жұлдызшин планетааралық жана кемеңің жобасын жасауға бөгелместен кірісіп кетті. Олар түнімен көз ілген жоқ, таңертең космос кемесінің қарындашпен сызған жобасы қағаз бетінде дайын болды. Жұлдызшиннің ұсынысы бойынша ол он екі жолаушыға есептеліп жасалады. Кемеңі бұдан да көп космонавтарға арнап жасау соңғы сатының салмағын тым ауырлатып жіберетін, өйткені оның ішінде тек жолаушыларға ғана емес, қайтарда Айдың тастарын жерге ала келу үшін де орын болуы қажет еді.

Білгірдің ұсынысымен ракетаның соңғы сатысының салмақтылық және салмақсыздық жағдайларына арналған екі түрлі басқару тетігі болуы ескерілді. Білгір Айға ұшып келісімен үңгірлердің бірінен ай тасының қорына кезігерміз деп үміттенді.

Ондай тастың кішкене сынығы табылса – салмақсыздық құралын жасап алу қиынға түспейді, бұл құрал ракетамен Айды айнала ұшуды, Дымбілмес пен Томпиды іздеуді барынша жеңілдетуге тиіс.

Жобаның қағаз бетінде нұсқасы жасалып біткен соң

Қызылгүл мен Ақшабақ Ғалымдар қалашығына келді. Бұл жерде жобалаушы-инженерлердің тұтас бір тобы іске кірісіп, ракетаның жеке тораптарының егжей-тегжейлі сызбаларын жасауға кірісті. Ол сызбалар жеке-леген балқымалар, болат құймалар, штамповкалар және сондай-ақ космос кемесін басқару үшін қажетті әр түрлі құралдар дайындау үшін заводтарға жеделдете жіберіліп отырды.

Қызылгүл мен Ақшабақ бөлшектердің жасалу барысын бақылап отыруды инженер Епсекке тапсырды. Ол өзінің тез жүретін, секіретін, жүзетін, ұшатын және сүнгітін машинасына мініп алып, Күн қаласын тынымсыз аралап, барлық жерге бірдей үлгеріп жүрді. Бұл жөнінен алғанда Епсекке тең келетін ергежейліні табу қиын еді.

Қолданылған барлық шараларға қарамастан жұмыстың барысы Білгірге өте баяу, мимырт жүріп жатқандай көрініп, шыдамы таусыла түсті. Жеке тораптарды жасау ісімен айналысуға зауқы соқпады, оның үстіне бұл істі маман конструкторлар одан әлдеқайда тез және жақсы атқаратын. Істейтін басқа шаруасы болмағандықтан, Білгір өзі ашқан салмақсыздық жағдайы жөнінде ойланып, ай тасы бөліп шығарған энергия көдімгі магнит энергиясымен қосылғанда қандай құбылыс болатынын теория жүзінде негіздеуге тырысты.

Білгір соңғы кездерде профессор Жұлдызшинмен жиі-жиі әңгімелесіп, пікірлесіп жүріп, ақырында, қатты достасып кетті. Әуелі араздасып, кейде тіпті шекісіп, төбелесіп алып, артынан араларынан қыл өтпейтіндей татуласып кететін жағдай ергежейлілерде болып тұратын. Бұл жолы да солай болды. Екі ғалым күні бойы әңгімелесуден, әр түрлі ғылыми проблемалар төңірегінде пікір алысудан жалықпайтын. Әрине, олар кейбір мәселелер жөнінде әлі де айтысып қала беретін, бірақ бұдан бір-біріне деген құрмет сезімдері мысқалдай да кемімейтін, өйткені ғылымда пікір таласы болмай тұрмайтынын екеуі де жақсы түсінетін. Профессор Жұлдызшин пікір таласынан шындық туады деген сөзді жиі қайталауды ұнататын.

Профессор Жұлдызшинді, сондай-ақ Ай және Ай

байланысты мәселелердің барлығы, соның ішінде Білгірге Жердің тартылыс күшін жеңіп шығуға мүмкіндік берген ай тасының қасиеттері де қатты қызықтырған еді. Тәжірибе жасап көруге болатын қолдағы жалғыз ай тасы Дымбілместін қырсығынан ракетамен қайтадан Айға ұшып кеткендіктен, профессор Жұлдызшин Ай тасының қасиеттерін тікелей зерттеп-білу мүмкіндігінен айрылған болатын, сондықтан ол Білгірден осы ғажап тас жөнінде байқағандарының барлығын егжей-тегжейлі сұрастырудан жалықпайтын.

Осы минералдың Айда қандай жағдайда табылғаны жөнінде азды-көпті мағлұматтар алған соң, профессор Жұлдызшин геологиядан, минералогиядан және кристаллографиядан белгілі көптеген фактілерді салыстыру және қажетті есептеулер жүргізу арқылы Айда бұл тастың қорлары көп болуға тиісті деген қорытындыға келді. Бұл пікірге Білгір қуанып қалды. Өйткені ол ай тасын Жерде де, Айда да керекті қажеттерге пайдалануға болады деп үміттенетін.

Дымбілмес пен Томпиға көмектесу керектігін айтпағанның өзінде Айға тезірек жетіп, өз пайымдаулары мен ғылыми болжамдарының қаншалықты дұрыс екендігін тексеріп көруге құмартқан Білгір мен Жұлдызшиннің мейлінше асыққандығын түсіну қиын емес. Алайда, ракетаның алғашқы бөлшектері космос қалашығына келе бастағанға дейін тым ұзақ мерзім — екі ай өтті. Ол бөлшектерді құрастыруға, бір-біріне қиюластырып, бұрап, балқытып бекітуге, ракетаны әр түрлі құралдармен жабдықтап, оларды сынап көруге тағы екі ай жұмсалды. Сонда да Білгір мен профессор Жұлдызшинге соңғы екі ай зымырап өткендей көрінді, өйткені ракетаны құрастыруға және оның барлық тораптарының жұмыстарын тексеріп көруге олардың өздері де белсене қатысқан-ды. Ал, әлдеқандай іспен айналысқанда, уақыттың тезірек өтетіні кімге болса да белгілі.

Енді Білгір Космос қалашығының дәл ортасында старт алаңында тәкаппарлықпен бой түзеп, күн нұрына шағылысып, жарқырап тұрған ракетаны өз бөлмесінің терезесінен қайтадан тамашалай алатын еді. Ракетаның бірінші және екінші сатылары болаттан жасалынып, бір-

біріне кигізілген, ұзынша цилиндрлерге ұқсайтын. Үшінші сатысы да жоғары бөлігі жұмырланып жасалған цилиндрді еске түсіретін, ал тұмсық жағы бөтелкенің мойнына ұқсап көрінетін осы бөлігі — ракетаның төртінші соңғы сатысы еді, космонавтар кабинасы, азық-түлік қоры мен басқару құралдары осында орналасқанды. Ракетаға сырттай қараған адам оның ғарышқа құлаш сермеп, Жердің тартылыс күшін жеңіп, космос кеңістігіне самғай жөнелетін мерзімі алыс еместігін аңғара алатын.

Жиырма тоғызыншы тарау

БІЛГІР КӨМЕККЕ АСЫҒАДЫ

Алып өсімдіктер қоғамын жойғаннан кейін Сегізаяқ мырзаның көңілі жайланды. Кедейлер енді Ай сыртында қалған ракетадағы алып өсімдіктердің тұқымын ешқашан пайдаланбайтынына, сондықтан байлардың еркінен шыға алмайтынына ол сенімді де еді. Бірақ кешікпей-ақ, ол Айға бір рет космос кемесін жіберген алыстағы Жер планетасының тұрғындары екінші кемені де ұшыра алатынан ұқты. «Айға қарғыс айтқан алып өсімдіктердің тұқымын өкелгісі келетін Жер тұрғындарының бір де бірін аттап бастырмаймын», — деп серт берген Сегізаяқ мырза айдағы ең таңдаулы астрономдарды жинап алып, оларға астрономиялық құралдардың көмегімен Айға космос кемесінің жақындап келе жатқанын білуге бола ма деп сұрақ қойды.

Астрономдар метеор немесе планетааралық кеме сияқты кез келген кішкене космос денесін гравитондық телескоптың көмегімен анықтауға болатынын айтты. Гравитондық локатор деп аталатын екінші құралдың көмегімен астрономдар космос кемесіне дейінгі ара қашықтықты, сондай-ақ оның шапшандығы мен қозғалу бағытын да айқындай алады. Ұшып келген кеменің Ай бетінің қай тұсына, қашан қонатынын алдын ала білу үшін осы құралдар жетіп жатыр.

Ай астрономдарына елеулі мөлшерде ақша берме

болып уәде еткен Сегізаяқ мырза оларға Жер планетасын үздіксіз бақылауға алуды, егер планетааралық кеңістікте космос кемесі сияқты өлдеқандай күдікті дене байқала қалса, сол сәтінде өзіне хабарлауды тапсырды. Содан бері Давилон обсерваториясының жетілдірілген телескопы Айға ең жақын планетаны, басқаша айтқанда Жерді, өзінің бақылауына алған-ды.

Гравитондық телескоптың жұлдыздарды немесе планеталарды көруге болатын кәдімгі оптикалық телескопқа мүлде ұқсас еместігін айта кету жөн. Гравитондық телескоп – ауыз жағы кеңейе беретін, жеңіл бұрылатын және ай аспанының кез келген тұсына бағыттауға болатын үлкен дүрбімен жабдықталған телевизорды еске түсіретін күрделі құрал еді. Әлгі дүрбі, немесе тығыз өрілген рупор аса жіңішке металл сымдардан тұратын және кез келген космос денесінен жан-жаққа тарайтын, гравитон деп аталатын тартылыс толқындарын ұстайтын антеннаның ролін атқаратын. Осы дүрбі, немесе рупор түріндегі антенна тартылыс толқындарын ұстаса болды – телевизордың экраны сәулеленіп, қисық сызық пайда болады. Әлгі сызықтың қаншалықты қисықтығына және қалай орналасқанына қарап, бақылауға алынған космос денесінің көлемін болжау қиын емес. Ал, гравитондық локааторды іске қосып, жанағы денеге дейінгі ара қашықтықты және оның қозғалу жылдамдығын тез біле аласыз.

Давилон обсерваториясының ең басты гравитондық телескопы Жерге бағытталғалы бері астрономдарға бірнеше майда космос денелерін байқаудың сәті түсті. Олардың көлемі, сондай-ақ шапшаңдығы мен қозғалу бағыты әлгілердің кәдімгі метеорлар екеніне күмән қалдырған жоқ. Бірақ кешікпей-ақ Жер планетасының маңынан астрономдарға жұмбақ болып көрінген космос денесі аңғарылды. Бір қызығы – әлгі космос денесі Жерден ұзаған сайын шапшаңдығы кемудің орнына арта түсті. Мұның өзі аспан механикасы заңдарына қайшы келетін. Ол заңдар бойынша планета маңындағы қозғалыстағы дененің шапшаңдығы планетаға жақындағанда ғана артуға тиіс еді. Ал, байқалған дене Жерге жақындап емес, қайта алыстап бара жатқандықтан, оның шапшаңдығы азаюға тиіс болатын. Космос денесінің шап-

шандығының артуын әлдеқандай ірі планетаның тарту күшімен түсіндіруге болар еді, бірақ ондай планета Жердің маңында жоқ екені белгілі. Сондықтан әлгі байқалған дененің шапшандығының артуы – оның өзіндегі әлдеқандай ішкі күштің өсерінен деп қана жорамалдауға болатын. Ондай күштің қайнар көзі – реактивті двигатель болуы мүмкін. Ендеше, байқалған космос денесін – космос ракетасы деп айтуға толық негіз бар еді.

Бақылауларын одан әрі жалғастырған давилондық астрономдар өздерінің назарын аударған космос денесі бірте-бірте Жердің тарту күші сферасынан шығып кетуге жететіндей шапшандыққа ие болғанына көздері жетті. Планетааралық кеңістікте қозғалып келе жатқан осы дененің траекториясын, яғни ұшу жолын есептеп шығарғаннан кейін, оның Айға қарай келе жатқанына астрономдардың ешқандай күмәні қалған жоқ. Олар осыны Сегізаяқ мырзаға хабарлады. Сегізаяқ мырза астрономиялық бақылауды одан әрі жалғастыра беруді тапсырды. Содан соң өзі полицияның бас комиссары Ржигльге телефон соғып, кешікпей Айға ергежейлілер мінген космос кемесі келіп жетуге тиіс екенін, олар Айда алып өсімдіктердің тұқымын таратып, кедейлерді байларға бағынышты етпей қоятынын, сондықтан оларды тезірек жойып жіберу керектігін айтты.

Полицияның бас комиссары Ржигль тиісті барлық шаралар қолданылатынын мәлімдеді, тек қана космос кемесінің Айға қай уақытта жетіп, космонавтардың қай жерге қонуы мүмкін екенін және санын шамалап болса да, айтуды өтінді.

– Бұл деректердің барлығы космос қонақтарын қарсы алуға жақсылап дайындалу үшін және оларға естерін жиғызбастан күйрете соққы беру үшін қажет, – деді ол.

– Осы деректердің барлығын сізге дер кезінде хабарлауды тапсырып қоярмын, – деп жауап берді Сегізаяқ.

Бұл уақытта бақылауларын одан әрі жалғастырған астрономдар космос денесі Жердің тарту сферасынан шыққанын байқады. Алайда оның ұшу бағыты оншалықты дәл болмағандықтан, бір уақытта ол Айды жанап өтіп кететіндей болып көрінді. Бірақ кешікпей-ақ космос денесі өзінің шапшандығын сәл азайтып, шамалы бұры

лыс жасады да, ұшу бағытын мейлінше туралап, түзетіп алды. Космоста мұндай қимыл-қозғалысты басқарылатын тетігі бар дене ғана жасай алатын еді. Сондықтан өздері байқаған дененің кездейсоқ комета немесе метеор емес, космос ракетасы екеніне давилондық астрономдардың енді ешқандай күмәні қалмады. Космос ракетасы бұл кезде Айға едәуір жақындап қалғандықтан, гравитондық құралдың көмегімен оның салмағын және көлемін біршама дәл анықтауға мүмкіндік туды. Алынған цифрларды салыстырып, біраз есептеулер жүргізген соң, давилондық астрономдар ракетаны он немесе жиырма, тіпті отызға дейін жолаушы сыюы мүмкін деген қорытындыға келді. Космос кемесі Айға жақындаған соң қонуға бет алмай, Айды айналып ұша бастағандықтан, оның дәл қай тұсқа түсетінін өзiрге болжап білу мүмкін емес-ті. Астрономдар ұшып келген космонавтардың қонуға неғұрлым қолайлы жерді тандап алу үшін орбиталық, яғни айнала ұшуға ауысқанын сезе қойды.

Ай астрономдарының бұл топшылаулары дұрыс еді. Білгір, Қызылгүл мен Ақшабақ Ай бетінен Дымбілмес пен Томпи ұшып келген космос кемесін тапқанға дейін қонбастан ұша беруге алдын ала сөз байласқан-ды. Олар кемені Айдағы Айқындық теңізі ауданынан іздеу керек екенін білетін, бірақ сонда да, тасқа айналған теңіз жағасында жападан-жалғыз сорайып тұрған ракетаны тауып алғанға дейін, олардың Айды кем дегенде жиырма шақты рет айналып шығуына тура келді.

Әлгі орбита бойынша тағы да бірнеше айналым жасап, ракетаның Ай бетіндегі орнын дәл анықтаған соң, космонавтар тиісті есептеулер жүргізді, осыдан кейін қажет болған сәтінде тежеу механизмін іске қосатын электронды реттеу машинасына тапсырма берілді. Қону мейлінше дәл есептеліп жүргізілгендіктен, олар Ай бетіндегі алғашқы ракетаны жап-жақын жерге келіп түсті.

Кеме экипажы Білгір, Қызылгүл және Ақшабақтан басқа механиктер Бұрандаша мен Тетікшеден, профессор Жұлдызшиннен, инженер Епсек, архитектор Сызғышбек, суретші Бояушы, музыкант Сазсырнай мен дәрігер Дәруовтен тұратын еді. Космос кемесі қонысы-

мен-ақ, оның командирі Білгір төрт космонавтқа, атап айтқанда: Бұрандаша, Тетікше, Қызылгүл, Ақшабаққа космос скафандрларын киіп, барлау жасап қайтуды тапсырды.

Барлау отряды ең алдымен ДПТ ракетасын зерттеп қайтуға тиіс деді (Дымбілмес пен Томпи ұшып келген алғашқы ракетаны қысқаша ДПТ деп атау, ал одан ажырату үшін екінші ракетаны оның бас конструкторлары Қызылгүл мен Ақшабақтың есімінен қысқартып ҚМА деп атау ұйғарылды).

Барлау отрядына тағайындалған космонавтар скафандрларын киген соң, Білгірдің басшылығымен ДПТ ракетасына барып, ішіне кірді. Барлық бөлмелерді, кабиналарды, қоймалар мен қосалқы бөлмелерді мұқият қарап шыққан соң, Дымбілмес пен Томпидың ракетада жоқ екеніне барлаушылардың көзі жетті. Сонымен бірге ракетада екі скафандрдың жетпейтіні анықталды. Сол сияқты азық-түлік қоймасында түк тамақ қалмағаны да барлау отрядының назарына ілікті. Бұдан Білгір мен оның серіктері Дымбілмес пен Томпи тамақ қоры таусылғанша ракетада отырып, тек содан кейін ғана тамақ іздеп шықса керек деген қорытынды жасады.

Қызылгүл мен Ақшабаққа, Бұрандаша мен Тетікшеге барлық механизмдерді мұқият тексеріп шығуды және қажет болатын жөндеу жұмыстарын егжей-тегжейлі етіп толық жазып алуды тапсырып, Білгір ракетадан сыртқа шықты. Ол енді жан-жақты зерттей қарап, Дымбілмес пен Томпидың қай бағытқа кеткенін білуге тырысты. Оның аяғының дәл астында тас болып қатып қалған теңізді еске түсіретін кең жазық созылып жатты, ал алысырақта оттай жанған қызыл таулар қол бұлғап шақырғандай болады. Оң жақта да – өлгіндей таулар көзге түседі. Сол жақта – алыстағы көкжиекке дейін, тас болып қатып қалған теңіздің толқынына ұқсайтын дала жатыр. Артына бұрылып қараған Білгір сабынның көбігіне, немесе шөгіп қалған бұлттарға ұқсас тауларды көрді, оның биік шыңдары жалт-жұлт еткен тау хрусталының аса ірі кристалдарын еске түсіреді екен. Осы тәрізді таулардың маңында аса үлкен пирамидадан, немесе конустан айнымайтын тағы бір тау түр. Ол таудың

етегінен Білгір тұрған төбеге дейін күн сәулесімен шағылысқан жап-жарық, түп-түзу сокпақ созылып жатыр.

«Олар ракетадан алыстап, бір жаққа баруға бел байласа, осы жолмен кеткендері сөзсіз» деп ойлады Білгір.

Осылайша ой түйген ол сол сәтінде-ақ радиотелефонмен Сызғышбек, Бояушы, Жұлдызшин, Дүрбібаевқа және инженер Епсекке өрмелеуге қажетті жабдықтарды алып, пирамида іспеттес тауға келуге бұйырды.

Сызғышбек, Бояушы, Жұлдызшин, Дүрбібаев және Епсек скафандрларын тез киіп алды. Әрқайсысы қолына алпеншток ұстап, белдеріне мұз ойғыш балға мен ораулы капрон жіп қыстырды, Дүрбібаев бұған қоса барлық уақытта тастамай өзімен бірге алып жүретін телескопын арқасына ілді.

Сызғышбек, Бояушы, Жұлдызшин мен Дүрбібаев ұзап кеткен Білгірді қуып жету үшін ракетадан шыға сала ай жолына түсіп, тез жүріп кетті. Ал Епсек өзінің қашанда қолды-аяққа тұрмайтын мінезіне басып, шлюз камерасынан шыққан бойда бейне бір ракетаның үстінен секіріп кеткісі келгендей-ақ бірнеше рет секіріп-секіріп алды да, бөрінің алдына түсіп, зымырай жөнелді. Білгірді дем сәтте басып озды. Ол, әрине, Айдағы салмақ Жердегіден алты есе аз екенін, сондықтан күшінді үнемденкіреп жұмсап, оншалықты көп оқыс қимылдарға бара бермеу керектігін жақсы білетін. Бірақ ол Жерде жүргеннің өзінде байыз тауып отыра алмайтын мазасыз ергежейлі еді. Ал, Айға ұшып келгеннен кейін Епсектің жүгіргісі, секіргісі, жата қалып домалағысы, құсқа ұқсап ұшқысы, қысқасы әлдеқандай ақылға сыймайтын оқыс та гажап істер істегісі келіп кетті. Мүмкін, бұл – салмақ азаю құбылысының ергежейлілердің мінез-құлқына тигізетін өсерінің бір көрінісі болар.

Мынандай бастан айрылатындай секірістерді көргенде Білгір Епсекті Айға алып шыққандарына өкінді. Ол Епсекке ракетаға қайтып бару жөнінде бұйрық берді, бірақ Епсек бл өмірді құлағына да ілмеді, тоңқалан асып, домалана жөнелді.

– Космоста бұлай тәртіп бұзуға мүлде болмайды, – деп ренжи күңкілдеді Білгір. – Тұра тұр, мен сені ракетаға қамап қояйын, сонда қалай секіргенінді көрермін!

Дәл осы сәтте Білгір жол бойынан Томпи ракетаға қарай жүгіріп келе жатып, лақтырып кеткен космос етігін көрді. Білгір алғаш оның неғылған аяқ киім екенін түсінбеді, жерден көтеріп алғанда ғана оның скафандрдың сыңар етігі екенін аңғарды.

Білгірдің бір нәрсе тауып алғанын көрген Сызғышбек, Бояушы, Жұлдызшин, Дүрбібаев пен Епсек оның жанына жүгіріп келді.

– Достар, дұрыс бағытта келе жатырмыз! – деп дауыстады Білгір оларға етікті көрсетіп. – Мына олжа – Дымбілмес пен Томпидың осы жермен жүріп өткенінің айғағы. Бұл мұнда өзінен өзі келе алмайды ғой. Іздеуді одан өрі жалғастырамыз.

Епсек кенет Білгірдің қолындағы етікті жұлып алды да, альпеншток таяғының ұшына кигізіп, жоғары көтеріп, жалаудай бұлғап, алға қарай жүгіре жөнелді. Білгір оның бұл қылығына басын шайқады да қойды.

Кешікпей-ақ жолаушылар пирамида сияқты таудың беткейіндегі үңгірге кірді. Біраз ілгері жүрген соң олар төбесінен сүңгілері салбыраған үңгірге жетіп, соны мұқият зерттеуге кірісті. Барлығы да үңгір төбесінен салбырап тұрған алып мұз сүңгілерді аралап кетті. Кенет Бояушы Томпидың екінші космостық сыңар етігін тауып алды.

– Етіктің сыңары! – деп айқайлады, Бояушы оны жоғары көтеріп, бұлғап.

Білгір мен достары жүгіріп, оның жанына келді.

– Бұл олжалар кешікпей иесін де тауып алатынымыздың айғағы, – деді Білгір. – Алға, достар!

Барлығы ілгері жылжып, аздан соң табаны мұз үңгірге жетті. Үңгірдің табаны ылдилай бастағанын байқаған Білгір саяхатшыларға, мұз тауларға өрмелеген альпинистер сияқты, белдерінен жіппен байланып алуды бұйырды. Мұның өзі дер кезінде жасалған сақтық еді. Олар белдеріне жіп байлап, ілгері жылжи бергені сол болатын, ең алдағы Епсектің аяғы тайып кетіп, шалқасынан түсті де, төмен қарай сырғанай жөнелді. Жіп сол сәтінде-ақ тартылып, өзгелерді де ілгері сүйреп кетті.

– Қозғалушы болмандар! Тоқтандар! – деп айқайлады Білгір. – Мұзға таяқтарыңды тірендер!

Барлығы да қолдарындағы альпеншток таяқтарының болат ұшын көк мұзға қадап-қадап жіберіп, соған сүйеніп тұра қалысты. Бұл оларды құлаудан сақтап қалды. Епсекті жіппен кері тартып алғаннан кейін, Білгір оны ең артқа байлап қоюға, алға жібермеуге бұйырды.

Кешікпей үңгір табанының қатты құлдилап бастағаны сондай, Білгір одан әрі ілгерілеуді қауіпті деп тапты.

– Алға қарай бәрімізге бірдей жылжуға болмайды, – деді ол. – Жіпке байлап, біреуімізді ғана төмен түсіріп көруіміз керек.

– Мені түсіріңіздерші, – деп өтінді Дүрбібаев. – Мүмкін, маған өзімнің телескопыммен бір нәрсені байқаудың сәті түсер.

Серіктеріне мұзды баспалдақ етіп оюды бұйырған Білгір капрон жіптің орамдарын бір-біріне жалғастырды. Жіптің ұшын Дүрбібаевтың беліне байлады да, оған төмен қарай абайлап жалжуды тапсырды. Қалған космонавтар мұз баспалдақтарға табан тіреп тұрып алып, жіптен айрылып қалмауға тырысып, еппен босата бастады.

Дүрбібаев өзінің байқағандарын жоғарыда қалғандарға радиотелефон арқылы хабарлап тұрды.

– Үңгірдің табаны барған сайын құлдилап барады! – деп айқайлады ол. Қабырғалар кеңіді... Аяқ астының құламаланып кеткені сондай, табан тіреу мүмкін болмай қалды... Алдыңғы жақтан сәуле көрінеді. Төмен құлап барамын... Түпсіз тұңғиықтың үстінде салбырап тұрмын. Бұлт арасынан бір нәрсе көрінетін сияқты...

– Не көріп тұрсың? – деп айқайлады Білгір шыдамы таусылып.

– Бір нәрсе байқалады, бірақ не екенін айыра алмаймын, – деп жауап берді Дүрбібаев. – Бұлдыраған суреттер. Қазір телескоппен қарап көрейін.

Ол осыдан соң біразға дейін тым-тырыс болды. Ақырында:

– Жер! Ура!.. – деп айқайлаған даусы естілді. – Жерді көріп тұрмын!.. Өзен байқалады!.. Жап-жасыл дала! Ағаштар көрінеді!.. Орман!..

Ол қайтадан үнсіз қалды. Бірнеше минуттан кейін оның даусы қайта естілді.

– Ура! Үйлер көрінді! Әлдеқандай елді мекенді көріп тұрмын! Ура!

– Ура-а-а! – деп өуелі Білгір мен Жұлдызшин, ердан кейін өзге ергежейлілер де қосыла айқайлады.

Қуаныштан олар бір-бірін құшақтай алуға өзiр едi, бiрақ қолдарындағы жіпті босатуға болмайтынын естерінен шығарған жоқ.

Ал Дүрбібаев көргендерін тағы да айқайлап айта бастады.

– Бұлттар қайтадан тұтасып кетті!.. Түк көрінбейді. Ақ түнек!.. Ыстықтап барамын! Жоғары шығарындар!

Білгір мен достары Дүрбібаевты жоғары тартып алды. Кешікпей, саяхатшылар қайта қосылып, барлығы кері қайтты. Ракетаға келісімен Білгір шұғыл мәжіліс өткізді. Дүрбібаев төменде елді-мекені бар әлдеқандай белгісіз жерді көргенін өңгімеледі. Ол – Айдағы үлкен қала болуы да, немесе шағын поселке болуы да мүмкін еді. Дүрбібаев бұлт арасынан елді мекеннің бір ғана бөлігін көргендіктен, өлгінің қала, немесе поселке екенін нақты айтып бере алмады.

– Мұның біз үшін қазір ешқандай маңызы жоқ, – деді Білгір. – Төменде елді мекен болғаннан кейін, тұрғындардың да бар екені сөзсіз. Олай болса біз бөгелместен сонда ұшып баруға тиістіміз. Біз онда ДПТ ракетасымен ұшқанымыз жөн. Ол үңгірден емін-еркін өтуге тиіс деп ойлаймын.

– Өтуін өтер-ау, – деп келісті профессор Жұлдызшин, – бірақ ракетаны ол жерге қалай жеткіземіз? Мұндағы салмақ, Жердегіден алты есе аз болса да, бөріміз жабылып күш салсақ та, ракетаны орнынан қозғай алмаймыз.

– Сіз, қымбатты достым, салмақсыздық жағдайын ескермей тұрсыз, – деді Білгір күлімдеп. – Енді біздің қолымызда ДПТ ракетасына орнатылған салмақсыздық құралы бар екенін ұмытпаңыз.

– Ә, солай екен ғой! – деп, дауыстап жіберді профессор Жұлдызшин.

Қызылгүл ДПТ ракетасының Айға қонғанда түк те қирамағанын, барлық тетік-саймандары тамаша жұмыс

істей алатынын мәлімдеді. Салмақсыздық құралы да сол күйінде.

Білгір салмақсыздық құралын алып келуді тапсырды да:

– Біз құралды іске қоса салысымен-ақ ракета айналасындағы отыз қадамдық радиуста салмақсыздық аймағы пайда болады. Егер ракетаға ұзындығы ең болмағанда қырық құлаш жіп байласақ, сол жіптің ұшынан ұстап, оны ішіне ауа үрлеп толтырған шар сияқты ілгері сүйреп жүре береміз.

– Алайда, әуелі тексеріп көруіміз қажет, – деді Акшабақ. – Айдағы салмақсыздық аймағы Жердегіге қарағанда әлдеқайда кең көлемде болуы мүмкін. Мұндағы тартылыс күші Жердегіден көп кем ғой.

– Дұрыс! – деп қостады Жұлдызшин.

Ол дереу есеп-қисап жүргізіп, жіптің ұзындығы үш есе артық, яғни жүз жиырма құлашқа жуық болу керектігін айтты. Ал іс жүзінде тексеріп көргенде, бұл санды тағы да екі есе арттыру қажет екені анықталды. Салмақсыздық құралын іске қосқанда ракетадан екі жүз қырық адым қашықтықта ғана салмақтылық аймағы басталатыны белгілі болды.

Алдын ала жасалған есептеулерді іс жүзінде тексеру осымен аяқталды. Ракетаға ұзын капрон жіп байлаған соң, Білгір оны үңгірге дейін өзі сүйреп барғысы келді. Ол жіптің ұшын қолына ұстап, ракетадан екі жүз қырық қадам алыстады да, радиотелефонмен салмақсыздық құралын іске қосуды бұйырды. Қызылгүл құралды іске қосты. Салмағынан айрылған ракета Ай бетінен жайлап көтерілді.

Әдетте, кез келген зат салмағын жоғалтқанда жоғары көтеріледі (әрине, олар егер байлап қойылған болмаса). Өйткені салмақтылық жағдайындағы әрбір зат аз да болса сығымдалған күйде болады. Ал салмақсыздық жағдай туысымен әлгі зат пружина сияқты жазылып, түзеледі де, тұрған орнынан жоғары серпіледі.

Білгір ракетаның белгіленген биіктікке көтерілгенін көрген соң, жіптен жайлап тартты да, Ай жолына түсіп алып, жайлап ілгері жүре берді. Ракета оның соңынан көлбей қалқып, еркіне көніп, Ай бетімен сырғи жөнелді.

Рас, ракета кейде төмен түскенмен, Ай бетіне тиіп кеткен бойда қайта серпіліп, жоғары көтеріледі.

Ракетаның ішінде отырған ергежейлілер тегіс жапырласып, иллюминаторға қарап қалыпты. Білгір ешқандай күш жұмсамай-ақ алып ракетаны жеп-жеңіл сүйреп бара жатқанын көріп, олар түгел қуанышты еді.

Ерте қуанған екен. Білгір үнгірге жақындап қалғанды. Ол іштей өз мақсатымызға жеттік деп ойлап келе жатқанда, ракета қайтадан төмен түсті. Бұл жолы ол Ай бетінен жоғары серпіліп көтеріліп кетпеді. Білгір ракетаны ілгері сүйретудің ауырлап кеткенін де анық аңғарды. Ал, тағы бірнеше қадам жасағанда ракетаны орнынан да қозғай алмады. Мұны ракетаның ішіндегі ергежейлілердің қалжыны деп ойлаған Білгір ашуланып:

– Әй! Бұл не қылған өзілдерің? Салмақсыздық құралын неге өшіресіңдер? – деп айқайлады.

– Құрал іске қосулы. Ешкім сізбен өзілдесіп отырған жоқ, – деп жауап берді радиотелефонмен Қызылгүл.

– Қазір өзім барып көремін.

Білгір ракетаға тез қайтып оралды да, салмақсыздық құралын тексере бастады. Бірақ ол оны қайта-қайта іске қосып, өшіріп көрсе де, салмақсыздық жағдайы пайда болмай қойды.

– Не болды бұған? – деп абыржи күбірледі Білгір. – Екінші бірі: ай тасы бөліп шығаратын энергия таусылған, не болмаса...

– Иә, не болмаса, не болмаса? – деп, шуылдасып кетті оны қоршаған ергежейлілер.

Білгір жауап берудің орнына құралды алды да, ракетадан шығып оның бұрынғы тұрған орнына қарай жүгіре жөнелді.

– Ұстандар ананы! Шамасы, ол қатты реніштен ақыл-есінен айрылса керек! – деп айқайлады Ақшабақ.

Инженер Епсек, оның сонынан Жұдызшин да ракетадан шығып, Білгірді қуа жөнелді.

Ракетадан жүз адымдай ұзаған соң, Білгір тоқтай қалды да, салмақсыздық құралын іске қосты. Ол салмақсыздық жағдайын бірден сезді және осы кезде өзіне қарай жүгіріп келе жатқан Епсек пен Жұдызшиннің Ай бетінен көтеріліп ұша жөнелгендерін байқап қалды. Мы-

надай ғажайып өзгерісті көрген Білгір құралды бірден өшірді. Нәтижесінде Епсек пен Жұлдызшин қайтадан салмаққа ие болды да, ай бетіне құлап түсті. Егер бұл оқиға Жерде болғанда олар сөзсіз мертiгер еді, ал Айда тартылыс күші аз болғандықтан, құлаған кезде азырақ қорыққандары болмаса, басқадай зардап шеккен жоқ.

Епсек пен Жұлдызшиннің орындарынан ширақ атып тұрғандарын көрген соң, Білгір қайтадан кері жүгірді. Барлық ергежейлілер ракетадан шығып, ол не айтар екен деп, тосып тұр. Бірақ Білгір ештеңе деместен, ракетаның жанынан зымыратып өте шығып пирамида істпеттес тауға жетіп тоқтады да, салмақсыздық құралын іске қосты. Бұл жолы салмақсыздық жағдайы пайда болған жоқ.

– Не болды, Білгір? – деп сұрады ергежейлілер оның жанына жүгіріп келіп. – Мұны қалай түсінуге болады?

– Мұнда түсіндіретін не бар? – деді Білгір ойланған қалпында. – Ана жақта салмақсыздық пайда болғанын өздеріңіз көрдіңіздер. Ол – Ай тасының энергиясы әлі де бар деген сөз. Ал, мына жерде, тау жанында салмақсыздық жоқ. Мұның өзі – осы маңда ай тасы – луниттің бөліп шығаратын энергиясын жойып жіберетін, яғни, салмақсыздықты болдырмайтын зат бар деген сөз.

Профессор Жұлдызшин Білгірдің сөзін аяғына дейін тыңдап болмастан оның жанына жетіп барды да, құшақтай алды.

– Мәселе – нақ сіздің айтқаныңыздай екені сөзсіз, қымбатты достым! – деп айқайлады ол. – Сіз ұлы ғалымсыз! Сіз ай тасы – лунитті ғана емес, антилунитті де (бұл жаңа затты солай атауды ұсынамын) ашып отырсыз.

– Алайда, ол жаңа зат әлі ашылған жоқ, – деп қарсылық білдірді Білгір.

– Жоқ, ол ашылды! – деп айқайлады Жұлдызшин. – Сіз антилунитті, былайша айтқанда, теория жүзінде аштыңыз. Енді оның бар екенін іс жүзінде дәлелдеу ғана қалып отыр. Ғылымдағы көп жаңалықтар осылай ашылған. Теория әрдайым практикаға жол салып отырған. Оның құндылығы да, міне, осында!

– Ол антилуниттің қайда болуы мүмкін? – деп сұрады Сызғышбек. – Оны қайдан іздегеніміз жөн?

– Ол біздің аяғымыздың астында, айдың ішкі қабатында, немесе мына тұрған таудың астында да жатуы мүмкін. Салмақсыздықтың осы жерде, мына таудың жанында жойылатыны тегін болмауы керек, – деді Білгір.

– Ендеше, оны іздейік те! – деп айқайлады Епсек. – Қолымызға тезірек күрек алайық та, қаза бастайық. Несіне тұрамыз?

– Өкінішке қарай, мен сіздің құлшынысыңызды азырақ тоқтатуға тиіспін, – деді Ақшабақ. – Өзіңіз-ақ айтыңызшы, бұл не қылған асығыстық? Дәл қазір қаза бастау сізге не үшін қажет болып тұр?

– Антилунитті табу үшін, әрине, – деді Епсек.

– Ал антилунит неге қажет?

– «Негеңіз» қалай? Салмақсыздықты жою үшін.

– Біз үшін, қазір қымбаттым, салмақсыздықты жою емес, болдыру қажет, – деді Ақшабақ. – Салмақсыздық жағдайында ракетаны орнынан қозғай алмайсыз, ендеше Дымбілмес пен Томпиды іздеуге де ұша алмаймыз.

– Дымбілмес пен Томпиды азырақ қоя тұруға тура келеді, – деді профессор Жұлдызшин. – Дәл қазір антилуниттен өзімізге қандай пайда келетінін білмесек те, осы бір ғажайып затты іздеп табуға тиіспіз. Біз ең алдымен ғылымның мүддесін көздеуіміз қажет. Ғылым – құрбандықтарды талап етеді.

– Қандай құрбандықты айтып тұрсыз? – деп сөзге Қызылгүл араласты. – Сіздіңше, Дымбілместі ғылым үшін құрбандыққа шалуымыз қажет пе?.. Оныңыз болмас! Біз әуелі өзіміздің жоғалып кеткен достарымызды табуға тиіспіз, ал сіз өзіңіздің антилунитіңізді содан кейін іздей жатарсыз.

– Мынаған қараңыздар! – деп айқайлап жіберді Жұлдызшин саусағымен Қызылгүлді нұсқап. – Антилунит жалғыз менікі дегенді кім айтты, ол – бөріміздікі. Олай деуіңіз мәдениетсіздік!

– Нағыз мәдениетсіздік – біреуді саусақпен нұсқап көрсету, – деді Ақшабақ.

Бұл әңгімеге дәрігер Дәруов араласпағанда, оның немен тынары белгісіз еді.

– Достар! – деді ол. – Түскі тамақтың мезігілін былай қойғанда, кешкі тамақ ішетін уақытымыз да болды.

Күн тәртібінің бұлай бұзылуына мен үзілді-кесілді қарсымын. Айда да Жердегідей қатаң тәртіп сақтауымыз қажет, өйткені тамақты уақытында ішпей, уақтылы дем алмау кеселге ұшыратуы мүмкін, әсіресе, космос жағдайында бұдан мейлінше сақтанғанымыз жөн. Салғырттыққа, немқұрайдылыққа, салақтыққа, аңғалдыққа жол бермеуге тиіспіз. Қазір бәріңіз сөз таластырмай тамақ ішіп, сонан соң ұйқтайтын боласыздар. Мұны сіздерге мен – дәрігер Дәруов айтып тұрмын, ал дәрігердің айтқаны – заң, ол міндетті түрде орындалуға тиіс!

– Дұрыс! – деп қостады Білгір. – Сөз осымен тоқтатылсын! Айда ең алдымен тәртіп сақтау қажет! Барлығыңыздан сапқа тұруды өтінемін. Кө-не, тезірек! Тезірек! Дәрігер, өзін де тұр... Осылай! Түгелміз бе? Ал енді тамақ ішу үшін ракетаға қайтайық, достар! Басындар аяқты, кеттік!

Отызыншы тарау

АЙҚАС БАСТАЛДЫ

Білгір мен оның достарының Айдағы алғашқы күні осылай аяқталды. «Күн» деп, сіздер, ғылым анықтағандай, Жердегі он төрт тәулікке тең Ай күнін емес, кәдімгі жарты сәткеге тең Жер күнін айтып отырғанымызды әр оқушы өзі де түсінген болар деп ойлаймыз.

Космонавтар кешкі тамақтарын ішкеннен кейін ұйымдасқан түрде ҚМА ракетасынан ДПТ ракетасына ауысты. Барлығы бірдей он екі орындық бір ғана бөлмеде дем алуға мәжбүр болатын ҚМА ракетасына қарағанда әрқайсысы жеке-жеке ұйқтауға мүмкіндік алатын ДПТ ракетасындағы тұрмыстық жағдайдың қолайлырақ екендігін дәрігер Дәруов айтқан болатын. Рас, ергежейлілердің барлығы бір бөлмеде болса, олардың күн тәртібін сақтауын қадағалау дәрігер Дәруовке жеңілiрек тиер еді. Бірақ ол жеке басының емес, көпшіліктің қамын ойлады.

– Біліп қойыңыздар, – деп ескертті ол, – мен түнде мезгіл-мезгіл оянып, каюталарды аралап тұрамын. Дем

алу тәртібін бұзсаңыздар бірден білемін, бұл да естеріңізде болсын. Мұны сіздерге мен, дәрігер Дәруов, айтып тұрмын. Ал дәрігер Дәруовтың сөзін жерге тастамайтыны бәріңізге белгілі!

Осылайша ескерту жасаған дәрігер Дәруов каютасына кірген соң қатты ұйықтағаны сондай, сегіз сағаттың ішінде бір рет те оянған жоқ.

Дәруовтың каютасынан үйреншікті қорық естілісімен-ақ барлық ергежейлілер төсектерінен тұрды да, әрқайсысы өз ісімен айналысып кетті. Бояушы Айдың өсем көрінісін салуға кірісті. Ол үстіндегі скафандрды шешіп тастап, Айдағы өз көзімен көрген ғажап суреттерді түрлі-түрлі бояумен салып шыққанша асығулы еді.

Сазсырнай сыбызғысын қолына алып, ойына келген әлдеқандай бір түсініксіз әуендерді ойнауға кірісті. Әуен ырғағынан қайта-қайта жаңылып қала берген соң ол бір парақ алды да, «Космос симфониясы» деп тақырып қойып, ноталарды қағазға түсіре бастады. Әуелі сыбызғыда азырақ ойнап алады да, ізінше қағазға үңіледі, сонан соң қайта ойнап, қайта жазады. Егер Дәруов оянып кетіп, оның сыбызғы тартқанын естігенде, сазайын мықтап тартқызар еді.

Сызғышбек ойланбастан-ақ Ай үңгірінде өмір сүруге қолайлы мекен-жайдың жобасын сыза бастады. Ол жоба бойынша үңгірдің кірер аузы ауа өткізбейтін қабырғамен бекітілуге, тығыз жабылатын есік және плюз камерасы жасалуға, сонан соң үңгірдің іші ауамен толтырылуға тиіс еді. Үңгірдің төбесі мен қабырғаларын граниттен, немесе өзге бір өдемі тастан өруге болады. Үңгір ішіне жарық және жылу беретін электр қуатын күн батареяларынан алуға болады, ол батареяларды үңгірдің кіре беріс аузына жақын жерге, сыртқа орналастыру керек. Үңгір іші бірте-бірте өзгере түсті: бөлмелер, дәліздер, залдар, подвалдар, лифтілер, телефон үйшіктері, қоймалар, фотолабораториялар, ғылыми-зерттеу институттары, өзге үңгірлермен жалғастыратын темір жол торабы пайда болды. Жоба осылайша жаңа детальдармен толығып, нақтылана түсті.

Бұрандаша мен Тетікше үңгір ішіне ракетаны қалай кіргізуді, оны Айдың сыртқы қабатынан ішіне қайтіп

жеткізу жолдарын қарастырды. Көп ойланудың нәтижесінде олар ракета Ай бетімен реактивті, роликті труболет сикты еркін қозғала алуы үшін дөңгелектер және күйрық орнату қажет деген қорытындыға келді. Олардың жалғыз-ақ шеше алмағандары – Айда дөңгелектерді қайдан алуға болатыны еді.

Ай бетінде скафандрмен жүгіріп, секіремін деп әбден сілесі қатып шаршаған инженер Епсек ешқандай жоба жасап әуреленген жоқ, оның орнына Ай бетіне келген космонавт ергежейлілердің қандай қолайсыздықтарды сезініп, қандай артықшылықтарға ие болатынын анықтауға тырысты. Осыны егжей-тегжейлі ой елегінен өткізген Епсек Айға келген ергежейлі Жермен салыстырғанда жиырма төрт жағдайда өзін қолайлырақ, екі жүз елу алты жағдайда қолайсыз сезінетінін есептен шығарды.

Білгір мен профессор Жұлдызшин өзге мәселелермен, дәлірек айтқанда, жанадан табылған антилуниттің қандай қасиеттері болуы мүмкін деген сұраққа жауап іздеумен шұғылданған еді. Антилунит лунитқа қарама-қарсы қасиеттерге ие болу керек деген болжамды негізге алған олар: оның түсі сарғыш, жасылдау, немесе қоңыркай қызыл я күрең емес, күлгін, немесе көкшіл, әрі мөлдір; жылу өткізгіштігі жоғары емес, нашар; электр өткізгіштігі төмен емес, керісінше жоғары; меншікті салмағы ауыр емес, қайта жеңіл; балқу температурасы биік емес, төмен және оны Айдың қойнауынан, тереңнен емес, үстіңгі қабатынан іздеу қажет деген қорытындыға келді. Антилунитпен бірге кездесетін, серіктес минерал лунит болу керек, өйткені, таза луниттің қорлары космостық магниттік тартылыс күштермен қатынасқа түсу арқылы салмақсыздық жағдайын туғыза алар еді. мұның өзі Айдың жоғарғы қабатының беріктігін, тұрақтылығын азайтар еді, ал Айда, шындығында, мұндай жағдай байқалып отырған жоқ.

Қызылгүл мен Ақшабақты салмақсыздық құралы жаңа ортада жұмыс істеуі үшін қандай жағдай керек деген сұрақ мазалады. Осы жөнінде жан-жақты пікірлесе келе, олар антилуниттің қарсы әрекетін салмақсыздық құралының көлемін ұлғайту арқылы жеңуге болады де-

ген қортындыға келді, ал бұл үшін луниттің үлкен көлемді кристалы мен күштірек магнит тапқан жөн.

Келесі күні Білгір мен достарына Ай үңгірі ішінен луниттің тұтасып жатқан мол қорларын табудың сәті түсті. Мұның қалың қабаты, профессор Жұлдызшиннің: «Бұл минерал Айдың жоғарғы қабатында жиі кездесуге тиіс» деген пікірінің дұрыстығын дәлелдеді. Луниттің үлкенірек кристалын және ракетамен Айға жеткізілген магниттердің күштірек біреуін тандап алған ергежейлілер үңгірден шықпай-ақ салмақсыздық құралын жасап көрмекші еді. Қызылгүл мен Ақшабақтың ойлағанындай-ақ кристалл мен магнит бір-біріне белгілі қашықтықта жақындатылған кезде салмақсыздық жағдайы пайда болды.

Тәжірибені бақылап тұрған ергежейлілер сол сәтінде-ақ жайлап жоғары көтеріле бастады. Үңгір төбесінде әр түрлі қалыпта қалқып жүрген олар төмен түсуге қанша тырысса да, әркеттетерінен түк шықпады. Үстеріне киген скафандрларының қолапайсыздығы оларға өз қимылдарын дәл есептеуге мүмкіндік бермеді.

Білгір мен профессор Жұлдызшиннің еш нәрсе болмағандай, салмақсыздықты елең қылмастан, төменде өз жұмыстарын одан әрі жалғастыра беруі ергежейлілерді таң қалдырды. Екеуі салмақсыздық құралын бір орыннан екінші орынға ауыстырады, сонан соң одан алыстап, үңгірдің әр тұсына барып, қолдарындағы серіпшелі таразының көмегімен салмақ күшінің қалай өзгеретінін тексеріп көреді. Ергежейлілер Білгір мен Жұлдызшинге салмақсыздық жағдайы неге әсер етпейтінін сұрады, ал олар мұны мүлде естімегендей үн-түнсіз. Өзгелерді әбден ынтықтырып барып, өздерінің антилунитті тапқандарын, соның көмегімен салмақтарын сақтап тұрғандарын айтты.

Білгір салмақсыздық құралын өшіріп, ергежейлілердің барлығын төменге түсірді. Ол осыдан соң арқасындағы рюкзагынан бірнеше майда тастарды алып шықты. Барлығы өлгі тастарды тамашалап қарап жатыр. Олар қатты, берік, сырт қарағанда шақпақ тасқа ұқсайды екен. Шақпақ тастан айырмасы түрі сарғыш, немесе сұр емес, ашық күлгін. Тастардың бойында белгісіз бір қуат бар сияқты, сол қуаттың әсерімен олар электрлен-

ген заттарға, немесе магниттелген темірге ұқсап, бір-біріне тартылады екен.

Білгір майда тастарды үңгірдің түкпірінен табылған үлкен тастан өрең дегенде сындырып алғандарын, өйткені антилуниттің – мейлінше қатты зат екенін айтты. Ергежейлілер:

– Антилуниттің әсер ету қасиетін қалай түсіндіруге болады? Ол неліктен салмақ сақтауға мүмкіндік береді? – деп сұрады.

– Салмақсыздық жағдайында антилунит бөліп шығаратын қуаттың әсерімен салмақтылық аймағы пайда болады, – деп түсіндірді Білгір. – Егер сізде антилуниттің кішкене ғана кесегі болса – айналада салмақтылық аймағы пайда болуына соның өзі жетіп жатыр, онда сізге салмақсыздық жағдайы әсер етпейді. Міне, қараңыздар, қазір тәжірибе жасап көрейік.

Білгір өзіндегі тастарды ергежейлілерге үлестіріп берді де, салмақсыздық құралын іске қосты. Ергежейлілердің барлығы орнында қалды. Салмақсыздықты ешқайсысы сезген жоқ. Тек өзінде бірде-бір тас қалмаған Білгір ғана үңгір ішіндегі ауасыз кеңістікте қалқып жүрді.

– Міне, көрдіңіздер ме! – деп айқайлады Білгір. – Антилуниттің әсерімен сіздер салмақтарыңызды сақтап қалдыңыздар. Ал енді мен сіздердің біреулеріңізге жақындайтын болсам, салмақтылық аймағына енгендіктен, қайтадан салмақты сезінуге тиіспін.

Білгір қимылын дәл есептеп, қолын сілтеп қалды да, өзіне жақынырақ тұрған Дәруовтың қасына келді. Сол сәтте-ақ салмақ күшінің өзін төмен қарай тарта жөнелгенін сезді.

– Қараңыздар! – деп айқайлады ол. – Енді мен де, сіздер сияқты, аяғымды нық басып тұрмын. Ал, егер Дәруовтан қайтадан алыстасам...

Білгір осылай деп шетке қарай бір адым жасап, салмақсыздық аймағына кірді де, үңгір төбесіне қайтадан көтеріліп кетті.

Бұл күнгі қалған уақытты Білгір мен оның достары лунит пен антилуниттің қажет қорын жеткілікті етіп өзірлеп алуға жұмсады. Ол тастардың бір бөлігін үңгірде қалдырып, біразын ҚМА ракетасына тиеді. Со-

дан соң ДПТ ракетасындағы өсімдік тұқымдарын да ҚМА ракетасына тасып жеткізді.

ҚМА ракетасын Айдың ішкі қабатына түсіру келесі күнгі таңертеңгі уақытқа белгіленген еді. Енді мұны жүзеге асыру қиын емес-ті. Ракетаның ішіне салмақсыздық құралын орнатып, ал өздері антилуниттің көмегімен салмақтарын сақтап қалған космонавтар ракетаны өуелі мұз сүңгілері салбырап тұрған үңгірге, содан соң Айдың ішкі қабатына қарай тереңдеп кететін, табаны мұз үңгір жолына оп-оңай жеткізді. Осыдан соң әрқайсысы ракетадағы өз орындарына отырды да, төмен түсу басталды.

Білгір ең өуелі ракетаның алдыңғы жағындағы үлкен прожектор шамды жақты, осыдан кейін ғана салмақсыздық құралын өшірді. Ракета алдыңғы жақты сәулелендіріп, өз салмағының өсерімен үңгір жолының мұз табанымен төмен қарай сырғанап жөнелді. Білгір ракетаның тым қатты екпін алуын тоспастан, салмақсыздық құралын іске қосты. Ракета салмағын жоғалтса да, алған екпінімен алға қарай жылжи берді. Ол үңгірдің мұз қабырғаларына соқтығып, үйкеліс күшінің өсерімен бірте-бірте шапшандығын азайта бастағанда, Білгір салмақсыздықты қайтадан жоя қояды. Ракета салмақ күшінің өсерімен алға жылжуын қайта тездетеді.

Үңгір жолының мұз табаны барған сайын құлдилай берді. Енді біраздан соң ракета сырғанап емес, айдың ішіне қарай түпсіз терең шыңырауға құлап бара жатқандай болып көрінді. Ақырында, ракета Айдың сыртқы қабатынан ішіне өтіп, қайтадан жарық дүниеге шықты. Білгір сағатқа қарады да, үңгірден шығу мерзімін борт журналына секундына дейін дәл жазып қойды, сонан соң ракетаның прожектор шамын өшірді. Айнала онсыз да жап-жарық еді. Төменде тұтасқан бұлттар легі жөңкіле көшіп барады. Бұлтты жарып өткен соң космонавтар жап-жасыл жазықтар мен төбелерді, айқыш-ұйқыш жолдарды, ұшы қиырсыз, жыландай ирелендеп ағып жатқан өзенді анық аңғарды. Телескоптан көз алмай тұрған Дүрбібаев көжиекте өлдеқандай қала көрінетінін хабарлады. Алайда, ол – Дымбілмес Айға келіп түскенде тап болған Давилон емес, Фантомас атты басқа қала болатын.

Білгір мен достары Айдың ішкі қабатына Дымбілмес

пен Томпи өткен үңгірмен өтсе де, Айдың ішкі өзегі өне бойы айналып тұратындықтан, олар Ай бетінің басқа тұсынан келіп шыққан-ды.

Білгір бұрылу тетігін пайдаланып, ракетаны көлбеу қалыпқа келтірді, осыдан соң негізгі двигательді іске қосты да, ракетаны алыстан көрінген қалаға қарай тура бағыттады.

Бірнеше минуттан соң бұлар Фантомас қаласының үстінде айналып жүрді. Басқару пультінен бір секунд та ажырамаған Білгір ара-тұра призмалы¹ үлкен дүрбіге көз салып қояды, енді ол үйлерді ғана емес, машиналарды, трамвайларды, автобустарды, тіпті көшедегі жүргіншілерді де ажырата алатын еді. Рас, биіктен карағанда, әр ергежейлінің үлкендігі зығырдың дөнінен артық емес-ті. Білгірдің жанары мейлінше жақсы көретін, сондықтан ол ергежейлілердің үйлерінен жүгіріп-жүгіріп шығып, аспанға қарап, өздеріне қол бұлғағандарын да аңғарды.

— Олар ракетаны көрді! — деп қуана айқайлап жіберді Білгір. — Біздерге бәрі қол бұлғап тұр!

Кешікпей-ақ үйлерінен жүгіре шыққан ергежейлілер тротуарлар мен көшелерге сыймай кетті. Енді олардың бәрі тұтас лекке айналып кеткендіктен, Білгірге көшелердің бәрі толқып, қозғалып, қайнап жатқандай болып көрінді.

— Олардың не істеп жатқанын түсінсем бұйырмасын! — деп айқайлады ол дүрбіден көз алмай.

— Өзді-өзі төбелесіп жатса керек, — деп жауап берді Дүрбібаев.

Ол өзінің затты өте үлкейтіп көрсететін телескопына қарап, көшелерде бастарына металл каска киген полицей саптарының пайда болғанын көрген еді. Полицейлер ергежейлілерді шоқпарларымен сабап, үйді-үйлеріне қуып тыға бастады.

— Иә, нақ солай! — деді Дүрбібаев қатты ашуланып. — Өзара төбелесіп жатқанға ұқсайды!

Білгір ракета кемесін төменге бағыттады. Дүрбібаев енді үйлердің төбесінен қолдарына мылтық ұстаған полицейлерді көрді. Алғаш ол полицейлердің қолдарына

¹ П р и з м а — оптикалық аспаптың мөлдір шынысы.

ұстағандарын таяқ екен деп қалған; бірақ артыша өлгі «таяқтардың» аузынан от пен түтін шыға бастағанын аңғарды.

— Қолдарында мылтықтары бар! — деп айқайлап жіберді ол ақырында мән-жайды түсініп. — Өздері біреулерді атып жатыр!

— «Біреулерді!» — деп оның сөздерін мысқылдай қайталады Білгір. — Біреулерді емес, біздерді атып жатыр!

Осы сәтте полицейлердің бірінің оғы ракетаға тиіп, тарс еткен дыбыс естілді. Ракета дір ете қалды да, ұшып келе жатқан бағытынан жаңылып, ауада шыр көбелек айнала бастады. Оқ ракетаның берік болат сауытын тесіп өте алған жоқ, бірақ ракета салмақсыздық жағдайында келе жатқандықтан, соққысы мейлінше қатты сезілді. Космонавтар орындарынан ұшып-ұшып түсті. Барлығы да абыржып, сасып қалды.

Алдымен есін жиған Білгір болды. Ол басқару пультіне жетіп барды да, бұрылу тетігін іске қосты. Оған ракетаның шыр айналғанын тоқтатып, ұшу бағытын түзеудің сәті түсті. Төмендегі атыстың тоқтамағанын көрген соң, ұшу жылдамдығын арттырып, ракетаны жаудырған оқтан тез алып кетті.

Ай астрономдары үшін Фантомас қаласының үстінде космос кемесінің пайда болуы — күтпеген жаңалық еместі. Кезінде олар Айдың үстіңгі қабатындағы ракетаның қонған орнын дәл білген-ді. Содан бері Айдағы әр түрлі қалаларда орналасқан ондаған гравитондық телескоптардың барлығы сол нүктені бақылауға алған-ды. Сегізаяқ мырза космос кемесінің Ай бетіне қонғанын естісімен-ақ, космонавтар келіп түсуі мүмкін деген қалалардың барлығында полиция отрядтарын күшейтуге бұйрық берді. Осындай шаралардың нәтижесінде дайын отырған Фантомас қаласының полициясы әуеде космос кемесі пайда болсымен-ақ аяқтарынан тік тұрғызылған еді. Қаладан ұзап шыққан соң Білгір қонуға қолайлы орын іздей бастады. Жоғарыдан оған егін салынған шағын-шағын шаршы аландар мен село тұрғындарының жасыл желек көмкерген кішкене үйлері ап-айқын көрінді. Сәлден соң космос кемесі орман үстімен ұшып келе жатты. Кешікпей ағаштар таусылды да, Білгір ор-

ман шетіндегі шағын төбелердің арасынан қонуға өте қолайлы аланды байқады.

– Мына жер қонуға ыңғайлы екен, – деді ол. – Бұл манда ешкім тұрмайтын сияқты, ешкімге біздің зиянымыз тимейді.

Аланды бір айналып шыққан соң, Білгір ракетаның артқы бөлігімен төмен бұрылды да, қонуға бет алды. Космос кемесі жерге қонғанын сезісімен, ол салмақсыздық құралын өшірді. Ракета қатты жердің үстіңгі қабатына табан тіреп, тікесінен тік қонды.

Қону осылай сәтті аяқталды.

Космонавтар бір-бірлеп кабинадан шығып, қол ұстасқан қалыптарында үш рет «ура» деп айқайлады. Сонша уақыттан соң скафандрларын шешіп тастап, таза ауаға шығу рақат еді. Аяқтарының асты – жұп-жұмсақ көк майса, гүл. Саяхатшыларды қатты таң қалдырған – шөптің де, үйлердің де тым аласалығы, майдалығы, жердегіге мүлде ұқсамайтындығы еді. Гүлді анықтап көру үшін еңкеюге немесе жүрелеп отыруға тура келетін. Мұның өзі олардың күлкісін келтірді.

Айналага зер салып қарай бастаған ергежейлілер ормандағы ағаштардың да майда екенін аңғарды. Әр ағаш сыпырғыштан биік емес-ті. Осындай майдалығы болмаса, олардың кәдімгі өзіміз білетін жердегі ағаштардан еш айырмасы жоқ екен. Бірақ ең ғажабы да осы еді. Сіз көз алдыңызға ай еменін елестетіңізші. Ол да – біздегі сияқты қисық-қыңыр бұтақтарын жан-жаққа кең жайған, діні – бұжыр-бұжыр, әжім-әжім, кіп-кішкене жапырақтары мен жаңғақтары да жердегіден еш аумайды. Енді осындай еменнің өз бөлмеңізде, терезе алдында, гүл отырғызатын құмырада өсіп тұрғанын елестетіп көріңіз. Ай орманындағы қайындар, қарағайлар, бұтағы салбыраған үйенкілер, басқа да ағаштар тегіс осындай майда еді.

Әрине, бойларының биіктігі бармақтай ергежейлілер үшін ағаштардың өзі де үлкен болып көрінуі тиіс, бірақ саяхатшылар Жерде өзіміздің кәдімгі үлкен ағаштарға көздері әбден үйреніп кеткендіктен, ай ағаштары оларға сүйкімді де күлкілі болып көрінді. Барлығы мөз болып, орманды аралап:

– Қайынды қараңдар, қайынды! – деп айқайлады.

– Ал мынау емен ғой! Еменге қараңдар! Ижелерінің майдасын-ай! Ха-ха-ха!

Бұрандаша ай көктерегінің түбінен бармақтай ғана қызыл саңырауқұлақ тауып алды. Әуелі оның не нәрсе екенін білмей, айналдырып ұзақ қараған, ақырында, саңырауқұлаққа ұқсатып, ішегі түйіле ұзақ күлді.

– Ағайындар, саңырауқұлақ таптым! – деп айқайлады ол. – Ғажап саңырауқұлақ! Саңырауқұлақтарына қарағанда, Айдағы ағайындардың жағдайлары мәз болмады.

– Бауырлар, – деді Білгір, – егер Айдағы барлық өсімдіктер дәл осындай майда болса, Жерден әкелген тұқымдарымыз ай тұрғындары үшін мейлінше қымбат қазына болмақ.

– Иә, иә! – деп қостады дәрігер Дәруов. – Олар бізге өлі-ақ алғыс айтады.

– Әзірге олар алғыс емес, мылтықтан оқ жаудыруда ғой! – деп күңкілдеді Тетікше.

– Еш нәрсе етпейді, олармен түсінісіп, тіл табысқан соң мылтық атқандарын қояды, – деді Ақшабақ.

Түстен кейін Білгір ракетаның айналасында бірнеше қазық қағып, оны соған байлап қою қажеттілігін айтты.

– Бұл жердің сырын білмейміз, – деді ол. – Егер желдері қатты болса, ракетаны құлатып кетуі ықтимал.

– Мұнда ондай желдер болмайтын сияқты, – деп Епсек қарсы пікір айтты. – Жан-жағымызды қоршаған биік төбелер. Біз солардың арасындағы ойпанда тұрмыз.

– Сақтықта қорлық жоқ, – деді Білгір. – Мүмкін мұнда жер сілкінуі немесе, дәлірек айтқанда ай сілкінуі болуы да мүмкін ғой.

Өз айтқанын істеткеннен кейін Білгір ракетаның жанына ай сілкінісін анықтайтын сейсмограф, салмақ күшін өлшейтін гравитометр, магнит күшін өлшейтін магнитометр, ауаның жылуын және ылғалдылығын өлшейтін қанатты анемометр, сондай-ақ фотометр, барометр, жаңбыр өлшегіш және өзге де метеорологиялық құралдар орнатқызды.

Ергежейлілер бірнеше ағаштарды кесіп алып, құралдардың астына қоятын негіз жасады, ал қанатты анемометр үшін шағын ғана мұнара тұрғызды. Жұмыс қызып жүре берді. Дәрігер Дәруов Айдың микроәлемін зерт-

теп, ауру шақыратын микробтардын бар-жоғын білу үшін микроскобын шығаруға ынғайланды. Дәл осы сәтте Бояушы төбелердің бірінің басынан үстеріне мундир, бастарына жалтыраған жез каска киген ергежейлілер сапын байқап қалды. Саптың соңында үстіне аса үлкен талвизия камерасы орнатылған ашық машина келе жатыр, камераның жанында телеоператор түрегеп тұр.

– Ай тұрғындарын қарандар! – деп айқайлап жіберді Бояушы, полицейлер көрінген төбешікті саусағымен нұсқап.

– Олардың бізді тез тауып алғанын қарай гөр! – деп танданды Білгір. – Несі бар, мүмкін, мұның өзі дұрыс та шығар. Біз енді олармен сөйлесе аламыз. Дымбілмес пен Томпи жөнінде бір нәрсе білудің сәті түсіп қалар.

Осы сәтте полиция сапының командирі Ригль аузына рупорын¹ апарып:

– Әй! Сендерге мұнда не керек? Тез арада табандарыңды жалтыратыңдар! – деп айқайлады.

– Біз Дымбілмес пен Томпиды тауып алуға тиіспіз! – деп, дауыстап жауап берді Білгір.

– Сендердің жын соққан Дымбілмес пен Томпиларың бізде жоқ! – деді Ригль.

– Сіздер бізге Дымбілмес пен Томпиды табуға көмектесіңіздер, сүйіншісіне Жердегі өсімдіктердің тұқымын берейік, – деп ұсыныс жасады Білгір.

– Егер сендер қарғыс атқан ракеталарыңмен дәл қазір тайып тұрмасандар, оқ жаудыруды бұйырамын! – деп быжылдады Ригль терісіне сыймай ашуланып. – Көне, үшке дейін санаймын! Кетіндер жылдам – бір!.. Кетіндер жылдам – екі!..

Полицейлердің мылтықтарын оңтайлап ұстағанын көрген Білгір ергежейлілерге:

– Тез ракетаға кіріңдер! – деп бұйрық берді. – Қызылгүл, Ақшабақ алдымен сендер өтіңдер!

Қызылгүл мен Ақшабақты алға жіберіп, ергежейлілер олардың соңынан ракетаға тез-тез кіріп, жоқ болды.

– ...Кетіндер жылдам – үш!.. деп айқайлаған Ригль қолындағы шокпарын сілтеп қалды.

¹ Р у п о р – дауыс күшейткіш аппарат.

Гүрс-гүрс етіп мылтықтар атылды. Төңіректе оқтар зулады. Әдетте, жұрттан бұрын жүретін, бірақ осы жолы соңында қалып қойған Епсек, шынтағынан сөл жоғары тұстан қолының қарын өлдене тыз еткізіп, күйдіріп өткенін сезді. Ракетаға жұрттың ең соңынан кіруге ыңғайланған Білгір Епсектің жейдесінің жеңінде қыпқызыл қан дағы білінгенін және қолындағы жаракатын ауырсынғанын, оның жүзі бозарып, қуқызданып кеткенін байқады. Ол Епсекті құшақтай алып, ракетаның кабинасына кіргізді де, лып еткізіп есікті жауып алды.

Дәрігер Дәруов Епсектің жараланғанын көре сала, кішкентай қобдишасын қолына ұстап, оның қасына жетіп барды. Дәруов оқтың сүйекке тимей, бұлшық етті тесіп өткенін білді де, қанын тоқтатып, жаракатты танып тастады. Епсек сыздаған ауруға төзімділікпен шыдап бақты.

Ракетаның болат сауытына қорғасын оқтардың бұршақтай жауып, сартылдап тиіп жатқанын естіген Білгір иллюминатордан қарады. Полицейлер оқты үсті-үстіне боратуда екен.

Өздерінің атқан оқтары ракетаға шыбын шаққандай да әсер етпегенін көрген Ригль шоқпарын қайта сілтеп:

— Алға! — деп айқайлап өмір берді.

Полицейлер оқ жаудыра алға ұмтылды. Ракетаның жанына жүгіріп келген олар ызаланып, айналадағы құралдарды құрта бастады: барометр мен сейсмографты сындырды, жаңбыр өлшегішті мылтықпен атқылап шұрқ-тесік етті, анемометрді сындыру үшін мұнараға өрмелей бастады.

— Бұл неткен тағылық! — деп қатты ашуланды Білгір. — Тұра тұрындар, сендерге қазір көрсетейін!

Сөйдеді де ол салмақсыздық құралын іске қосты. Мұндай жағдайды күтпеген полицейлер өп-сәтте аяқтарының астындағы жердің өлдеқайда жоқ болып кеткенін сезді. Түкке түсінбеген олар аяқ-қолдарын босқа ербендетіп, өз денелеріне ие бола алмай, ауада дәрменсіз қалқып жүрді. Қанша тыпырлағандарымен онысынан ешқандай нәтиже шыққан жоқ! Ергежейлілер ауада бір-бірімен соқтығысып қалып, қайтадан екі жаққа бірде жоғары, иә төмен ұшады, жерге келіп түскендері резенке доп сияқты сол сәтінде ауаға қайта көтерілді.

Телеоператор мініп келген машина ауада қалқып

жүрді. Телекамерасын қолынан шығармаған оператор машинаның үстінен ұшып кетіп, шыр көбелек айналып, өзінше бөлек жүр.

Дәл осы сәтте алғашқы сапқа көмекке полицейлердің екінші тобы жеткен еді. Полицейлер төрт жүк машинасына жиырма бестен бөлініп отырыпты. Зымырап келе жатқан машиналар салмақсыздық аймағына кірген бойда-ақ жоғары көтерілді де, ауада айналып ұша бастады. Полицейлердің бажылдаған дауыстары естілді. Олардың қайсыбірі машинаның үстінен ұшып кетуден қорқып, машина қорабының жақтауына жармасса, екіншісі керісінше, машинадан тезірек аулақтауға тырысып, ауада дәрменсіз тырбандап жүр. Не болғанын ешқайсысы түсінген жоқ. Бәрін тегіс қорқыныш билеген.

— Жексұрындардың зөрелері әбден ұшты білем. Енді салмақсыздық құралының жұмыс істеуін тоқтатсақ, — деді Акшабақ.

— Олай ету — қауіпті, — деп жауап берді Білгір. — Егер салмақсыздықты жойсақ, машиналар жерге құлап, біреулерді жаншып кетуі әбден ықтимал. Одан да күте тұрайық. Бірте-бірте салмақсыздық аймағынан бәрі де ұшып шығып кетеді, сөйтіп, өздері-ақ жерге түседі.

Білгірдің айтқаны айнымай келді. Осы кезде жел көтеріліп, ауада тырбандаған ергежейлілерді шетке ығыстырып өкетіп бара жатты. Кешікпей-ақ полицейлер машиналарымен қоса тоғайдан асып, көрінбей кетті.

Отыз бірінші тарау

АЛЫП ӨСІМДІКТІҢ ТҰҚЫМЫНА МАСАҚШАНЫҢ ҚОЛЫ ЖЕТТІ

Полицейлердің шабуылы тойтарылған соң, космонавтар тыныстауға мүмкіндік алды. Ұзамай-ақ күн батып, түн болды. Білгір мен достары ракетаның ішінде ұйқтауды жөн деп тапты. Қауіпсіздік үшін олар салмақсыздық құралын жұмыс істетіп қойды. Бірақ бұдан ешқайсысы ешқандай қолайсыздық сезе қоймады, өйткені, бәрінде де бір-бір кесек антилунит бар еді.

Таңғы тамақтан кейін шұғыл кеңес өткізілді.

– Қымбатты достар! – деді Білгір. – Біздер мейлінше сақ болуға тиістіміз. Бұл жердің тұрғындары біздерді, неге екені белгісіз, жек көретін сияқты. Мұны мен осында бізден бұрын келіп, өздері жаман жақтарынан көрінген Дымбілмес пен Томпидың (әсіресе Дымбілместің) ақымақтық істерінің нәтижесі болар деп ойлаймын. Біздер әзірше ешқайда ұшпай, осында қала тұрғанымыз жөн сияқты, өйткені, жөн-жосықсыз ұша берсек, ай тұрғындарын ашындырып алуымыз мүмкін. Қазір біз Айдағы тұңғыш Космос қалашығының құрылысын бастаймыз. Өздерімізге арнап үйлер тұрғызамыз, ракетаны қоятын ангар¹ жасаймыз, бұл жерде қанша болатынымыз белгісіз, сондықтан болашақта тамақсыз қалмау үшін Жерден алып келген өсімдіктерді отырғызамыз. Мұндағы тұрғындар өздеріне ешқандай жаманшылық жасамайтынымызға көздері жеткен соң, бізге дос көңілмен қарай бастайды, сөйтіп олардан Дымбілмес пен Томпидың қайда екенін, жалпы олар жайлы не білетіндерін егжей-тегжейлі сұрап аламыз.

Білгірдің бұл ұсынысы қолдау тапты да, ергежейлілер архитектор Сызғышбектің басшылығымен құрылыс жұмыстарына кірісіп кетті. Бұрандаша мен Тетікше ракетаның ішінен жол талғамай жүре беретін, жан-жақты жетілдірілген құрастырмалы, шынжыр табанды дөңгелекті мотоциклдің бөлшектерін алып шығып, дереу құрастыра бастады. Ол – көліктің қызметін және одан басқа да көп міндеттерді атқара алатын. Су қайнататын бағы, скважина бұрғылайтын бұрғысы, кір жуатын машинасы, жер жыртатын соқасы, өсімдіктерді суғаруға арналған насосы мен су бүріккіші, ауаны тазалайтын және кондициялайтын² аппараты, электр қуатын өндіретін динамо-машинасы, қысқа толқынды радиостанциясы, ор қазатын және шаң соратын құралдары бар-ды. Мұның үстіне бұл машинаның алдыңғы доңғалағын дөңгелек арамен ауыстырып, соның көмегімен ағаштарды жығуға, бұтауға, тақтай етіп тіліп, кесуге болатын еді.

¹ А н г а р – самолеттер қоятын ғимарат.

² К о н д и ц и я – бөлмедегі ауаны бір қалыпты ұстайтын құрал.

Бұрандаша мен Тетікше осы айтқан машиналарына мініп, орманға кірісімен-ақ бөренелер, кеспелтек ағаштар, тақтайлар, жіңішке тақтайшалар (рейкалар), өзге де ағаш материалдар құрылыс алаңына үздіксіз ағылып келе бастады. Барлық құрылыс жұмыстары салмақсыздық жағдайында жүргізілгенін, мұның өзі ергежейлілердің еңбегін жеңілдетіп, тездете түскенін айтпаса да болады.

Бұрандаша мен Тетікше құрылыс алаңына ағашты жеткілікті етіп үйіп тастағынан көрген соң, Білгір оларға бұл жұмысты өзірге тоқтата тұрып, ай тұрғындары бүлдіріп тастаған құралдарды жөндеуді тапсырды. Білгірдің өзі Қызылгүлмен және Ақшабақпен бірге лунит пен антилуниттің қасиеттерін зерттеумен шұғылданды. Салмақсыздық құралындағы луниттің кристалдарын ауыстырып көру арқылы олар салмақсыздық аймағының аумағы кристалдың көлеміне тікелей байланысты болатынын, кристалл неғұрлым үлкен болса, салмақсыздық аймағы соғұрлым кеңейе түсетінін анықтады. Лунит кристалын таға сияқты магнит өрістерінің арасына орналастырып көрген Қызылгүл салмақсыздық аймағы мұндай жағдайда жан-жаққа түгел тарамай, сәуле сияқты бір ғана тұсқа бағыттталатынын білді.

Бұл – елеулі ғылыми жаңалық еді. Білгір алдағы уақытта осы жаңалықты пайдалана отырып, салмақсыздықты бір бағытта ғана тудыра алатын және алысқа бағыттайтын құралдар жасауға болатынын айтты.

Олар бірқатар тәжірибелер жасап көріп, антилуниттің салмақсыздықты жою қабілеті оның кристалының көлеміне байланысты еместігін білді. Кристалдың ірісі де, майдасы да ергежейліге салмағын сақтауға бірдей мүмкіндік береді екен. Ақшабақ бұдан антилунит бөліп шығаратын энергия аса қуатты, бірақ оның өрісі шектеулі, яғни ғылыми тілмен айтқанда, оның ықпалы қысқа қашықтықта ғана сезіледі деген қорытынды жасады.

Бар ынталары тәжірибеге ауган Білгір, Қызылгүл және Ақшабақ төбеден бері түсіп, қолындағы қағазын бұлғап, өздеріне асыға басып, жақындап келе жатқан ергежейліні байқамаған еді. Төбеден жүгіріп түскен бойда салмақсыздық аймағына тап болған ергежейлі күтпе-

ген жерден жоғары көтеріліп кетті де, зөресі ұшып, айқай салды. Осы дауысқа жалт қараған Білгір, Қызылгүл мен Ақшабақ ауада тырбандаған ергежейліні көрді.

– Қимылдамауға тырысыңыз! – деп айқайлады Білгір. – Қазір сізге көмектесеміз!

Ай тұрғыны бұл кезде әуелеп ұшқан бойы екпінін тоқтата алмай алаңның ортасындағы ракетаға жақындап қалған-ды. Үй салып жатқан ергежейлілер де оны көрді.

– Мен қазір салмақсыздықты жоямын, ал сіздер бұл кісінің жерге қатты түсіп, мертігіп қалмауын қадағалаңдар! – деп айқайлады Білгір оларға.

Осыдан соң ол салмақсыздықты жойды. Ай тұрғыны сол сәтте-ақ топ етіп төмен құлаған-ды. Бірақ оны дер кезінде жетіп үлгерген Бояушы мен Дәруов тосып алып, демей берді. Ергежейлінің естен танып қалғанын көрген Дәруов оны барометр ілінген бағанға арқасымен сүйеп отырғызып, мұсатыр спирті құйылған сауытты танауының астына тоса қойды. Мұсатыр иіскеген ергежейлі тыжырынып, бет-аузы жыбырлап, тіршілік белгісін таныта бастады. Ол өлдене айтқысы келген еді, бірақ тілі икемге көнбейтінін сезген соң, қолындағы Алып өсімдіктер қоғамының акциясын Дәруовке үн-түнсіз ұсына берді. Ергежейлілер лезде оларды қоршап алып, аса үлкен қиярдың, қарбыздың және бидай сабақтарының суреті салынған акцияны тамашалап қарай бастады. Дәруов акцияның екінші жағын аударып еді, космос кемесі мен скафандр киген Дымбілместің суреті бөрінің көзіне бірден шалынды.

– Мынау біздің Дымбілмес қой, ағайындар-ау! – деп айқайлап жіберді Бояушы.

– Тоқтай тұрындар, мұнда өлдеқандай жазу да бар, – деді Дәруов. Сонан соң акцияның сыртындағы жазуды оқи бастады.

Бұл кезде ай тұрғыны есін жиып үлгерген-ді. Ол космонавтарға есімінің Масақша екенін, өзі осы жерден оншалықты қашық емес Ашқарындар селосында тұратынын айтты. Сонан соң су сұрап ішті де:

– Бір кезде мен газеттен біздің жерге алыстағы, бөтен планетадан алып өсімдіктердің тұқымы тиелген космос кемесі ұшып келгені жөнінде оқыған едім, – деді.

Мақалада: «Кімде-кім акцияны сатып алатын болса, өлгі тұқым қолдарына тиеді», – делініпті. Біздің селомыз кедей, бірақ сонда да біздер қажет ақшаны тірнектеп жинап, осы акцияны сатып алдық. Көптеген кедейлер акцияны бірлесіп сатып ала бастаған-ды. Бұл байларға ұнамады, олар кедейлер алып өсімдіктерді өсіре бастаса кедейліктен кешікпей-ақ құтылады да, жұмыс істемей қояды деп ойлады. Газеттерде: әлемде ешқандай алып өсімдіктер де, космос кемесі де жоқ, мұнын бәрін аңқау кедейлерді алдап соғып, тиын-тебенін тонап алу үшін алаяқ қулар ойлап тапқан деп жаза бастады. Барлығы да өз акцияларын тезірек сатып жіберуге тырысты. Бірақ кейбір кедейлер алып өсімдіктердің бар екеніне әлі күнге дейін сенеді және бір кезде соған қолымыз жетер-ау деп үміттенеді.

Акция дегеннің не екенін, оларды қалай сатуға және сатып алуға болатынын ергежейлілердің ешқайсысы түсінген жоқ. Тек өзгелерден көп білетін Білгір ғана бірден ұққан еді. Сондықтан ол:

– Кедейлердің үміттерін үзбегені дұрыс болған, – деп жауап берді. – Біз, шынында да, сондай тұқымдарды сіздерге алып келдік.

Қуанғаннан Масақшаның жүзінде нұр ойнады.

– Әуеден ракетаны көрген бойда-ақ мен оны өзімізге тұқым алып келе жатқан космос кемесі болар деп ойлаған едім, – деді ол.

Білгір ергежейлілерге Масақшаға әр түрлі тұқымдардан салып беруді тапсырды да, өзі одан Дымбілмес пен Томпи жөнінде естіген-білгенің жоқ па деп сұрай бастады.

– Неге болмасын! – деді Масақша бірден-ақ, – Дымбілмес туралы көп естідім. Алғаш оны космостан бізге ұшып келген ер жүрек батыр десіп айтып жүрді. Тіпті телевизор мен кинодан да көрсетті. Ол бізге алып өсімдіктердің тұқымын алып келген. Өзі инабатты ергежейлі және біздердің бақытты өмір сүруімізді қалайды дегенді бәрі айтатын. Кейінірек оны ешқандай батыр да, жақсы да ергежейлі емес, ешқайдан ұшып келген жоқ, кедейлерді алдап соғып, ақшаларын қағып алу үшін тұқым жайындағы әңгіменің бәрін ойдан шығарған алаяқ десе бастады. Газеттерде оны ұстап алып, сойып

салу қажет, көзін мөлiтiп түрмеге қамап қойған жөн деп жаза бастады.

– Сонымен не болды, оны ұстады ма? – деп сұрады Білгір.

– Ұстау қайда! – деді Масақша қолын сермеп. – Бір жаққа қашып кетіпті. Кейінгі кезде тіпті ол жөнінде сыбыс жоқ. Мүмкін, байлар түрмеге отырғызып қойған шығар. Оның бостандықта жүріп, алып өсімдіктер туралы жұртқа айтып жүргені байларға тиімсіз ғой. Таяуда ғана газетте: алып тұқымдар туралы айтылатын түрлі ойлардың өзі – қылмыс, өйткені бізде онсыз да жұрттың тұрмысы төуір деп жазылды. Ал тұқым жөнінде кімде-кім сөз етсе, ол біздің өмірге наразы, оның орны – түрме делінді.

– Түрме қай жерде? – деп сұрады Білгір.

– Түрме бізде жалғыз деймісіз! Көп қой. Әрбір қалада бар.

Осы кезде ергежейлілер әр түрлі тұқымдар толтырылған үлкен жол қапшығын алып келді. Білгір Масақшаға тұқымдарды қалай отырғызу, көктеп, өніп, өсе бастағанда қалай күту қажет екенін түсіндіріп берді. Ақырында, жол қапшығын арқалап алған Масақша қайтуға ынғайланады.

– Өзге деревнялардағы ергежейлілерге де айтыңыз, біздерден тұқым алуға келсін, – деді қоштасарда Білгір.

Масақша көңілденіп, ән салып бара жатты.

– Енді ай тұрғындары тұқым алуға келе бастайды, ал біздер Дымбілмес пен Томпи жайлы сұрастырамыз, – деді Дәруов. – Мүмкін, ақырында, оларды қайдан іздеу қажет екенін білерміз.

– Дымбілмес пен Томпидың өздері келуі де мүмкін ғой, – деді Білгір. – Ракета ұшып келгені оларға белгілі болысымен-ақ (ал бұл хабардың тез тарайтыны сөзсіз), олар өздерін құтқаруға келгенімізді түсінеді.

– Ол бостандықта болса ғана бізге келе алады, – деді Ақшабак. – Ал жексұрын байлар, шынында да, қамап қойса не істейміз?

– Ондай жағдайда, іздеп тапқанымызша олардың күте тұруларына тура келеді, – деді Білгір.

Осы сәтте күтпеген жерден мылтықтардың тарсылдаған даусы естілді. Ергежейлілер жалт қарап, өздеріне

қарай қашып келе жатқан Масақшаны көрді. Төбенің ар жағынан бес полицей бері қарай жүгіріп келеді екен. Олар лезде етекке түсіп, кілт тұра қалып, өлдекім бұйрық бергендей-ақ атуға ыңғайланып, мылтықтарын оңтайлап, көздей бастады. Білгір осыны көрісімен, сол секундында-ақ салмақсыздық құралын іске қосты. Тарс еткен мылтық дауыстары естілді. Салмақсыздық жағдайын күтпеген полицейлер мылтықтарын кезенген қалпында реактивті күштің өсерімен кері қарай ұша жөнелген-ді. Олардың аса қатты жылдамдықпен ұшқандары сондай, өп-сөтте көзге көрінер-көрінбес нүктеге айналып, көкжиекке сіңіп, көрінбей кетті.

– Ергежейлілерге оқ атудың қандай болатынын бұдан былай түсінерсіңдер! – деп ашулана күңкілдеді Білгір.

Масақшаның ауада қайтадан дәрменсіз қалқып жүргенін көрген Білгір салмақсыздықты тезірек жоюға асықты. Масақша қайтадан жерге түсті де, қорқынышы тарқап, өзіне-өзі келісімен полицейлерді баскесерлер, қарақшылар, кансорғыштар, мақұлықтар деп атап, жерден алып, жерге салып қарғап-сілей бастады.

– Жолға түсіп, орманға жақындай бергенімде, бұталардың арасынан полицейлер атып-атып шықты, – деді ол. – Оларды бұрынырақ байқап қалып, қаша жөнелгенім жақсы болды. Әйтпесе, түрмеге қамайтыны сөзсіз еді.

– Бұл полицейлер кім өздері? – деп сұрады Ақшабақ.

– Қарақшылар! – деді Масақша ыза болып. – Рас айтатын, қарақшылар! Полицейлердің тікелей міндеттері – тұрғындарды тонаушылардан қорғау, ал іс жүзінде олар байлардың ғана қамын ойлайды. Байлар – нағыз тонаушылар. Кедейлерді тонауды, өздері ойлап тапқан заңдарды бетке ұстап, жүзеге асырады. Өздерінің-ақ айтыңыздаршы: біздерді заңға сүйеніп тонай ма, басқаша тонай ма, онда тұрған қандай айырмашалық бар? Мәселенки, маған бөрібір!

– Сіздерде бір түрлі қызық екен! – деді Бұрандаша. – Сіздер неге полицейлердің жөне әлгі өзіңіз айтқан... қалай еді... байлардың тілін аласыздар?

– Жер де, фабрика да, ақша да, оған қоса қару-жарак та бөрі-бөрі солардың қолында тұрғанда тілдерін алмай көр! – деді Масақша енесі түсіп, мұңая сөйлеп. – Осыдан үйге барған соң, полицейлер енді мені ұстап алып, түрмеге отырғызады. Тұқымды сөзсіз тартып алады! Байлар ешкімге де алып өсімдіктерді өсіруге жол бермейді. Қайыршылықтан құтылу біздің маңдайымызға жазылмаса керек!

– Қайғырманыз, – деді Білгір. – Біз сізге салмақсыздық құралын береміз. Содан соң олар қару кезеніп, қоқандап көрсін! Жаңағы бес полицейдің қалай ұшып кеткенін көрдіңіз ғой!

Бұрандаша мен Тетікше қолма-қол Масақшаға салмақсыздық құралын жасап берді де, қалай пайдалануды үйрете бастады.

– Сонда қалай? – деп сұрады Масақша. – Мен өне бойы салмақсыздық жағдайында өуеде ұшып жүруге тиіспін бе?

Білгір Масақшаға бір уыс антилунит түйіршектерін берді.

– Осының әр түйіріне ие болған ергежейлі салмақсыздық аймағында да өзінің салмағын сақтап қалады, – деді ол. – Дегенмен, абай болыңыздар. Бірде-бір кристалл тонаушылардың, яғни жаңағы өзіңіз айтқан байлардың, немесе полицейлердің қолына түсіп қалмауын қадағаланыздар. Салмақсыздық құпиясы ашылмай тұрғанда, байлар бізге түк те істей алмайды.

Антилуниттің қасиетін іс жүзінде байқап көрген Масақша да едәуір көңілденіп қалды.

– Ендеше, біз байлармен тартысып көрейік, – деді ол. – Олар қаласын, қаламасын – алып өсімдіктер біздердің қолымызда. Енді тезірек үйге жетсем, шіркін!

– Біздің мынау жол талғамайтын машинаға отырыңыз, – деп ұсыныс жасады Бұрандаша. – Тетікше екеуіміз, сізді қазір-ақ жеткізіп саламыз.

Масақша қайда бару керек екенін түсіндірді. Үшеуі машинаға отырды. Ең алда, рульде – Бұрандаша, одан кейін қолына салмақсыздық құралын ұстаған Тетікше, Тетікшенің артында – Масақша. Тұқым салып толтырған қапшықты ол кеудесіне қысып, құшақтап алыпты.

Барлығы отырып болған соң, Бұрандаша машинанға от алдырып, тетікті қосты да, аяғымен стартердің педалін басты. Двигатель гүрілдей жөнелді. Машина орнынан жұлқына қозғалды. Бір-ақ минутта ол алаңқайды кесіп өтіп, төбеден асып түсті де, жолға шығып, алыстағы қарайып көрінген орманға қарай ағыза жөнелді. Саяхатшылар орманның шетіне жақындап қалғанда алдыңғы жақтан қайтадан мылтықтың атылғаны естілді.

– Полиция! – деп Масақша айқайлап жіберді.

Ол қорыққаннан орындығынан құлап кетті де, қапшығымен жолдың ортасына сұлап түсті. Осыны байқаған Бұрандаша машинаны дереу кері бұрды. Тарсылдаған мылтық даусы жалғаса берді. Жан-жақтан оқтар зу-зу етеді.

– Салмақсыздық тетігін тезірек іске қос, ашық ауыз! – деп айқайлады Бұрандаша.

Тетікше өзінің не істеуі керек екені енді ғана есіне түсіп, салмақсыздық құралының түймешігін басып қалды. Мылтық даусы сап тыйылды.

Машинаны тоқтатқан Бұрандаша жерге секіріп түсіп, жолдың шаңына батып сұлап жатқан Масақшаның жанына жүгіріп келді.

– Жараландың ба? – деп сұрады ол.

– Жа-жа-жараланбаған сияқтымын, – деп Масақша қорыққанынан кекештене жауап берді.

Бұрандашаның соңынан Тетікше де жүгіріп жеткен. Олар екеулеп Масақшаны орнынан тұрғызып, қайтадан машинаға отырғызды.

Бұрандашаның тағы да ілгері жүруге ынғайланғанын байқаған Масақша:

– Қа-қа-кайда барамыз? Онда, орман ішінде полицейлер бар ғой, – деді.

– Қам жеме! Қазір полицейлердің бізге қарайтын шамасы жоқ. Әлде, естімей тұрмысың?

Масақша тың тындады. Орманнан әлдеқандай шулаған дауыстар естілді.

– Не болып жатқанын қазір барып көреміз, – деді де, Бұрандаша двигательді іске қосты.

Орманның шетіне жеткен бойда саяхатшылар ағаштардың арасынан бірнеше полицейді көрді. Олар

зөрелері ұшып айқайлап, ағаштардың бұталарынан айрылып қалмауға тырысып, өуеде тарбандап тұр екен.

– Бұларды жел алысыраққа ұшырып кетуі үшін ағаштардан қуу керек, – деп ұсыныс жасады Бұрандаша.

Тетікше төбесінде полицей отырған ағашқа жетіп барды да, бар күшімен сілкілей бастады.

– Көмектесіндер! – деп айқайлады полцей ауада тырбандап.

– Қазір көмектесемін саған! – деп күнкілдеген Тетікше ағашты бар күшімен сілкіп қалғанда, полицей ұшып кетті де, аспанға көтеріліп, жел айдаған сабынның көбігіне ұқсап, орманның үстімен ұша жөнелді.

Қалған бірнеше полицей де өлгінің жолын құшты. Мешкей атты ең жуан полицей ғана ағаштан айрылмай қойды. Оны сілкіп кетіру мүмкін емес екенін көрген Бұрандаша салмақсыздық жағдайында жанында қалқып жүрген винтовканы қолына алды да, ағашқа өрмелеп шығып, мылтықтың ұңғысымен Мешкейдің жуан қарнынан нұқи бастады.

– Ә! Ә! Ә! – деп бажылдады есі шыға қорыққан полицей. – Қойыңыз деймін! Абайлаңыз! Бұл – мылтық қой!

– Мылтық болса қайтеді? – деді Бұрандаша.

– Қайткені несі? Атылып кетуі мүмкін ғой!

– Атылып кетсе, онда тұрған не бар? – деп мысқылдай жауап берді Бұрандаша. – Өздеріңіз басқаларды атуға құмар емессіздер ме?!

Құтыла алмасын білген жуан полицей, күтпеген жерден ептілік көрсетіп, ыңғайын тауып, Бұрандашаны маңдайынан теуіп жіберді.

– Ә, солай ма? – деп ызалана айқайлаған Бұрандаша мылтықтың ұңғысымен Мешкейді бар күшімен нұқып қалғанда, ананың ұстап тұрған бұтағы сынып кетті. Сол сәтінде өуеге шарықтап шыққан жұп-жуан Мешкей ағаштардың үстімен қалқып, өзге полицейлерге ілесе кете барды. Сынып кеткен ағаштың бұтағын қолынан шығармаған қалпында ол ауада жайымен шыр көбелек айналып, зәресі ұша бақырып бара жатты.

– Аяқпен қалай тепкенді мен саған өлі де көрсетемін! – деп айқайлады Бұрандаша оның соңынан кіжініп.

Жолдың қалған бөлігінде бідердің достарымызға еш кедергі кездескен жоқ. Арада он шақты минут өткенде олар орманнан шығып, тозығы жеткен, жарым-жартылай мүжіліп қалған бірнеше лашықтан тұратын Ашқарындар деревнясына келді. Мотордың даусын естіген деревня тұрғындары үйді-үйлерінен жүгіріп шыққан, бірақ өздеріне қарай өлдеқандай беймәлім машинаның жақындап келе жатқанын көрген бойда зөрелері ұшып, кері шегіністі.

– Қорықпаңдар, бауырлар! – деп айқайлады Масақша. – Бұл – менмін! Мінеки, тұқым өкелдім!

Масақшаны таныған ергежейлілер қатты қуанысып, машинаны лезде-ақ қоршап алды.

– Тұқым қайда? Көне, көрсетші қандай екенін? – деп жамырай шуылдасып кетті.

– Мінеки, қарандар! Жай емес, алып тұқымдар!

Осыдан кейін не болғанын айтып жеткізудің өзі қиын. Бәрі де қуана айқайласып, секіріп, биге басты. Ал бір ергежейлі қара жерге отыра қалып, басын ұстап, өксіп-өксіп жылап жіберді.

– Сіз неге жылайсыз, қымбаттым? – деп сұрады одан Бұрандаша. – Әлде ренішті бір нәрсе болды ма?

– Беу, сүйкімдім-ау, мен қуанғаннан жылап отырмын. Мұндай күнге жете алмаспын деп ойлаған едім!

Қуаныштың алғашқы әсері сәл басылған кезде, Масақшаның жанына Бұтақша атты ергежейлі келіп, бөсең дауыспен:

– Ал мұнда танертен полицейлер болды! – деп хабарлады.

Полицейлердің атын естігенде, ергежейлілердің ұнжырғылары лезде түсіп кетті.

– Иә, иә! – деп бәрі кенттен жарыса сөйлей жөнелді. – Өздері көп-ақ. Бір сапқа тізілген. Ракетаның қалай ұшқанын көрдіндер ме деп сұрады. Біз көргенімізді мойындап, сенің тұқым алып келуге ракетаны іздеп кеткенінді айтқанымызда, олар тас-талқан болып ашыланды. Тып-тыныш үйлерінде отырындар, далаға шығушы болмандар деп тапсырды.

– Менінше, олар біздерге алып тұқымдарды отырғызуға рұқсат етпейді, – деді Бұтақша.

– Ал біз рұқсат сұрап жатпаймыз, – деді Масақша. – Енді полицейлер біздерге түк те істей алмайды. Қолымызда салмақсыздық құралы бар.

– Қандай салмақсыздық құралы? – деп барлығы елең етісті.

– Бұл өзі – ғаламат күш, – деді Масақша, салмақсыздық құралын көрсетіп. – Мына бір түймешікті басып қалсам, қораптың ішіндегі күш атып шығады да, полицейлердің барлығын өуеге көтеріп өкетеді. Көнеки, қозғалмай тұра қалындар. Қазір бәрін түсінесіңдер.

Масақша осылай деп, құралдың түймешігін басып қалды. Ергежейлілер сол сәтте-ақ аяқтарының астындағы жердің өлдеқайда жоқ болып кеткенін сезді. Аспанға көтерілген ергежейлілер жерге түспек болып, аяқ-қолдарын жанталаса тырбандатқандарымен, оларынан түк шықпады. Жерге өз беттерінше түсе алмайтындарын білген олар қорыққандарынан естері шыға айқайлап, Масақшадан мұндай ойынды доғаруын талап ете бастады.

– Достар, бұл ешқандай да ойын емес, шын айтамын, – деді Тетікше.

– Иә, иә, – деді Бұрандаша маңғаздана, оны қостап. – Бұл ешқандай да ойын емес, нағыз дәлелденген ғылыми факт.

– Ал енді өздерінді мені ұстағысы келген полицейлердің орнына қойып көріңдер, – деп айқайлады Масақша. – Көне, ұстандаршы!.. Неғып ұстамайсындар! Ха-ха-ха!

Алайда, ергежейлілердің күлуге шамалары жоқ екенін, бастары төмен, аяқтары жоғары қараған қалпынша өуеде тырбандап, айқайлап, бажылдағандарын көрген Масақша салмақсыздық құралын асыға тоқтатты.

Ергежейлердің барлығы сол сәтінде сылқ етіп, жерге құлады. Олар мең-зең болып, шөп үстінде қозғалмастан отыра берді. Не болғанын түсінбей, айналаға мөңгіріп қарайды. Ақыры, Бұтақша өзгелерден бұрын орнынан тұрды да:

– Иә, бауырлар, салмақсыздық құралы дегенін ғаламат күш екен, – деді басын шайқап. – Біздің полицейлерге бұл күш, сірә, ұнай қоймас!

Отыз екінші тарау

САЛМАҚСЫЗДЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРАР ҚАЙРАН ЖОҚ

Космос ракетасы Фантомастың үстінде пайда болгалы бері, Айдағы қалалардың телевизия станциялары осы маңызды оқиға туралы хабарларды үздіксіз берумен болды. Арада жарты сағат өтпей-ақ тиісті жазулармен, диктордың түсінік беретін сөзімен монтаждалған телевизиялық фильм дайын болып, барлық телеэкрандарда көрсетіле бастады. Ол фильмде телестудияның операторлары космос кемесінің ұшып келуін ғана емес, сондай-ақ осы оқиғаны тамашалау үшін көшелерге қаптап шыққан Фантомас қаласының тұрғындарын да, кенеттен пайда болып, ешқандай жазығы жоқ ай тұрғындарын электр шоқпарымен соққыға жығып, өрт сөндіруге арналған брандспойттардан мұздай су атқылатып, көзден жас ағызатын газ толтырылған бомбалар лақтырып, қуа бастаған полицейлерді де түгел түсіріпті.

Кешке телевизиялық тағы бір фильм дайын болды. Онда Фантомас қаласына жақын жердегі орман алаңына келіп қонған космонавтарға полицейлер сапының қалай шабуыл жасағаны бейнеленген еді. Телевизор көрушілер полицейлердің космонавтарға оқ жаудырғанын, ал космонавтар ракетаға кіріп кеткен соң, айналада кұрулы тұрған ғылыми кұралдарды қирата бастағанын көздерімен көрді. Осыдан кейінгі оқиғалар көрушілердің барлығын қайран қалдырып, қатты таңырқатты. Полицейлердің күтпеген жерден белгісіз бір күштің ықпалымен аспанға көтеріліп кеткеніне, жермен байланыстарын жоғалтып алып, ауада шыр көбелек айналып, дәрменсіз қалықтап ұша жөнелгеніне барлығы куә болды. Полицейлердің аяғының астындағы жер қозғалып, әлдеқайда жоғалып кеткендей әсер қалдырды. Полицейлер бейне бір күшті құйын көтеріп әкеткендей-ақ, экранда әр түрлі күлкілі қалыпта елестеп, көлбең қақты. Ал жаңадан келіп жеткен, полицейлер сықаса мінген жүк машиналары ауаға көтеріліп, шыр көбелек айналып жүр-

гендерін көргенде, телевизор көрушілердің тандануында шек болған жоқ.

Келесі күні ұйымдастырылған ғылыми конференция да телевизор арқылы көрсетілді, оған космонавтарға шабуыл жасауға қатысқан полицейлер де шақырылған еді. Өкінішке қарай, полицейлердің ешқайсысы оқиғаның қалай болғанын түсінікті етіп әңгімелеп бере алмады. Олардың бірі өз сөзінде, космос кемесінің айналасында құрылған төжірибе құралдарын қирату жөнінде бұйрық болысымен-ақ, мылтығының дүмімен әлдеқандай құралдың быт-шытын шығарғанын, содан соң екіншісін қирату үшін мылтығын сермеп қалғанда, белгі беруге арналған ракетадай-ақ, аспанға зулап ұша жөнелгенін және қанша тырысса да жерге қайтып түсе алмағанын айтты.

Екінші полицей ойламаған жерден кеудесіне біреу жойқын күшпен нұқып қалғандай болғанын, сол соққыдан шыр көбелек айналып аспанға ұшып кеткенін, бірақ жерге қайтып құламай, үрлеген шар секілді ауада қалқып ұша бергенін әңгімеледі. Үшіншісі, алғашқыда күтпеген жерден тынысы тарылғанын, біреу аузына тығын тығып тастағандай жағдайды бастан кешкенін, содан соң не болғанын білмейтінін, есін қайта жиғанда өзінің өзге полицейлермен бірге ауада ұшып келе жатқанын байқағанын әңгімеледі. Төртіншісі тұрып: мен аузымда тығын тығып тастағандай емес, басымдағы шаштарым өзінен-өзі қозғалып, тік тұрғандай сезімде болды, – деді. Ол басындағы каскасы түсіп қалар деп қорқып, қолын көтере берген екен, сол сәтінде шалқалап құлапты да, бірақ жерге жалп ете түсудің орнына бейне бір арқасымен мұз бетінде сырғанағандай-ақ ауада қалқып жүре беріпті. Бесіншісі, өзінің түк білмейтінін, тек ауада ұшып келе жатқанда жүрегі қатты айнығаны, сөйтіп есінен танып қала жаздағаны ғана еміс-еміс есінде екенін айтты.

Бұдан соң тағы бірнеше полицей шығып сөйлеп, қорыққаннан жүректері лоблығын мойындады да, ал біреуі өз денесінің керемет жеңілдеп кеткендей болғанын есіне түсірді. Аяқ-қолдарының салмақсызданғаны сондай, олардың бар-жоғын сезе алмапты. Дәл сондай күйде болғанын басқа полицейлер де мойындады.

Осындай әңгіме үстінде телевизия ательесіне тағы да

төрт полицей кіріп келді. Олардың сырт келбетінің өзінен-ақ жапа шеккендері көрініп тұрды. Үстеріндегі киімі қатты былғанып, жұлма-жұлма болып жыртылыпты. Біреуі шынтағына дейін таңылған оң қолын мойнына асып алыпты. Екіншісі сол аяғының басын тандырыпты да, етігі сыймаған соң орнына галош киіп алыпты. Төртеуінің де бастары дәкемен айқыш-ұйқыш таңылғандықтан, каскалары төбелерінде әрең-әрең ілініп тұр. Бет-ауыздарында да сау-тамтық жоқ: бірінің мандайына, екіншісінің мұрнына, үшіншісінің бетіне, төртіншісінің көзіне төрт бұрышты пластырь¹ жапсырылған.

Төлтіректен, ақсаңдап, бір-біріне сүйенген полицейлер бұрышта тұрған ұзын орындыққа барып отырды.

Хабарды жүргізуші телестудия дикторы жаңадан келген полицейлерді көрісімен қастарына келіп, не болғанын айтып беруді өтінді. Өзгелерден шені үлкендеу полицей Мшигль (аяғының басы таңылғаны) өзінің басқа полицейлермен бірге жергілікті тұрғындардың космонавтармен байланыс жасап, келіссөз жүргізбеуін қадағалау жөнінде тапсырма алған сапта болғанын айтты. Масақша деген біреуі алып өсімдіктің тұқымын сұрап алармын деп үміттеніп, космонавтарға кеткені жайлы хабар естиді. Осыған орай Мшигльге өзімен бірге Кхигль, Чхигль, Шірік, Битшең атты төрт полицейді алып, Масақшаның кейін қайтар жолын тору тапсырылады.

— Есебіміз дәл келді, — деп сөзін жалғастырды полицей Мшигль. — кешікпей-ақ қолына дорба ұстап, жолмен салып ұрып келе жатқан Масақшаны көрдік, дорбасындағы алып өсімдіктердің тұқымы екенін біле қойдық. Ол жақындап қалғанда тосқауылдан шыға келдік. Бірақ жексұрын қылмыскер қаша жөнелді. Алдымыздан ракета көзге шалынғанша біз ізіне түсіп қуа бердік. Ракетаға жақындаудың қауіпті екенін білгендіктен, мен полицейлерге Масақшаны көздеп оқ атыңдар деп бұйырдым. Бірақ шүріппені басып, мылтықты атқан бойда-ақ әлдеқандай белгісіз күш біздерді кері серіпті де, аяғымыз жерге тимей, шарықтап ұша жөнелгеніміз сондай,

¹ П л а с т ы р ь — жараға, не жараланған жерге тартатын таспа төрізді жабысқақ дәке.

ауаның үйкелісінен басымыздағы каскаларымыз қызып, түтін шыға бастады. Бірнеше секундта Фантомасқа жетіп, көзді ашып-жұмғанша қаланың үстінен зуылдап өте шықтық та, өлдеқандай елсіз жердегі батпаққа барып былш етіп құладық. Каскаларымыз қатты қызып кеткендіктен, аздап күйіп қалдық. Кхигльдің, өздеріңіз көріп отырсыздар, қолы мертiкті, Чхигль омыртқасынан жараланды. Шіріктің ішек-қарнына зақым келді, менің, байқап отырсыздар, аяғым зақымданды, ал Битшеннің қатты күйіп қалғаны сондай, ауруханада қалдырып кетуімізге тура келді.

Полицей Мшигль осымен өңгімесін аяқтады.

Конференцияның соңында сөз алған физика ғылымдарының докторы, профессор Бета бүгінгі өңгімені қорытындылай келіп, былай деді:

– Қымбатты достар! Осындағы бәріміз естіген өңгімелер көрші планетамыздан келгендердің салмақсыздық құпиясын білетіндігін көрсетеді. Өздеріңіз байқағандай-ақ, ол – керемет жойқын күш. Салмақсыздық жағдайына тап болған полицейлер мүлде дәрменсіз болып қалады. Олар өздеріне-өздері ие бола алмай, мүшкіл халге ұшырап, жел қайда айдаса, сонда ұшып кете береді. Егер мылтық атар болса, одан өздері ғана жапа шегеді. Қымбатты достар, мінеки, ақыр соңында, сіздер мен біздердің еркін тыныстайтын күніміз туды. Полицейлер бұдан былай біздерге түк істей алмайды, асу, ату, түрмеге отырғызу қолдарынан келмейді енді.

Осы сөтте:

– Фить! Фить! – деп шөңкілдеген дауыс естілді. Дауыстаған конференцияға қатысып отырған полицияның аға инспекторы Ызақор еді. Ол орнынан ұшып тұрды да, есік алдындағы екі полицейге қолымен ымдап белгі берді. Бұйрықты бірден түсінген полицейлер бір ауыз сөз айтпастан профессорға тап берді. Қолдарын артына қайырып байлап, сүйретіп ала жөнелді. Бұл жұмысты бітірген соң инспектор Ызақор микрофонға келді де, көрермендерге қарап, былай деді:

– Қымбатты телевизор көрушілер! Бикештер мен мырзалар! Үрейге бой алдырмауларыңызды сұраймын! Қорқатындай түк те жоқ. Физика ғылымдарының докто-

ры, профессор Бета қараниет ойлары және полицияны сыйламағаны үшін тұтқындалды. Енді ол түрмеге отырғызылады да, қанша қаласа соншалықты емін-еркін демалуға мүмкіндігі болады. Мұның өзі сендерге де сабак болуға тиісті. Ал енді үндерің шықпасын, сөзді қойыңдар! Тындағандарыңызға рақмет!

Мұның өзі – ғылыми конференциядағы соңғы айтылған сөздер еді. Теледидар арқылы полицейлердің космонавтарға шабуыл жасағаны жөніндегі фильм тағы да қайталап көрсетіле бастады. Фильм бітісімен-ақ кезекті телерепортаж басталды. Экранда қолына микрофон ұстаған белгілі репортер Болтик пайда болды.

– Құрметті көрермендер! – деп бастады ол сөзін. – Бикештер мен мырзалар! Біздің телекамерамыз, тұрғындарына космонавтармен танысудың, олардан алып өсімдіктердің тұқымын алудың сәті түскен Ашқарындар деревнясына бағытталған. Полицияның суперинтенданы Мешкей деревняның надан азаматтарының өз беттерінше жасаған әрекетін теріс іс деп санайды, оның пікірінше біздерге ешқандай алып өсімдіктер керек емес, өйткені байларға... яғни.. Тіфу!.. Кешірім өтінем, телевизор көруші мырзалар! Бізде тек байлар ғана емес, кедейлер де ешқандай алып өсімдіктерсіз-ақ тамаша өмір сүреді...

Телерепортер Болтик аузын қолымен көлегейлеп, жайлап жөтеліп қойды, сонан соң жан-жағына қарап алды да, сөзін жалғады.

– Енді мұқият қараңыздар, мырзалар! Қазір сіздер деревня тұрғындарын көресіздер.

– Міне, солар. Сіздер оларды алысырақтан көріп отырсыздар. Өйткені біз оларды телеобъектив арқылы көрсетіп тұрмыз. Олар күрекпен жер қазып, тұқымдарды көмуде. Шамасы, егіп жатқандары алып өсімдіктердің тұқымдары болса керек... Ал енді сіздер полицияның кіші атаманы Кекшіл бастаған үлкен отрядты көріп отырсыздар. Міне, Кекшіл! Экранда қазір ол анық көрінді. Полицияның кіші атаманы Кекшіл өз көмекшілеріне полиция отрядын шағын топтарға бөлу, сөйтіп, шабуылға дайындалу жөнінде бұйрық берді. Полицейлердің жекелеген топтары ағаштар мен бұталардың тасасына ептілікпен жасырынып, деревняны

жан-жағынан қоршай орналасып жатқанын көріп отырсыздар. Кешікпей-ақ біз сіздермен жерімізге өзге планетадан әкелінген зиянды тұқымдардың қалай жойылғанын, ал бұйрықты орындағысы келмеген деревня тұрғындарының полиция басқармасына жөнелтілгенін көзімізбен көреміз... Қазір ракетамен белгі беріледі де, полицейлер шайқасқа шығады. Деревня тұрғындарының жайбарақат жер шұқылап жатқандарын көріп тұрсыздар. Олар өздеріне төнген қатерді тіпті сезетін емес... Міне, ракета атылып, белгі берілді. Ракета аспанға самғай көтерілді де, жарқырай жанды. Осы белгіні күтіп, өзір тұрған полицейлер мылтықтарын кезене ұстап, деревняға тұс-тұстан лап қойысты. Қараңыздар: деревня тұрғындары өздеріне қарай қаумалай келе жатқан полицейлерді енді ғана аңғарды. Оларға үрейлене қарайды. Абыржып, сапырылысып, жүгіре бастады!.. Оу, бұл не өзі? Полицейлерге не болған?.. Олар өз-өзінен аспанға көтеріліп, ауада шыр көбелек айналып, ұшып жүгені несі?.. Кешірім өтінемін, телевизия көруші мырзалар! Не болғанын түсінсем бұйырмасын! Әйтеуір бар аңғарғаным – жер басып тұрған жоқпын, мен де әуелеп көтеріліп кетсем керек. Әлдеқандай белгісіз күш мені төмен түсірер емес. Шамасы, біздер, осыдан бұрынғы телевизиялық хабарлардың бірінде профессор Бета айтқандай, салмақсыздық жағдайына ұшырадық білем. Тағы да кешірім өтінемін, мырзалар! Белгісіз күш мені ойыншық сияқты етіп, басымды төмен, аяғымды жоғары қаратып, айналдыра бастады! Жүрегім айныды! Телеоператор Көреген де менің жанымда айналып жүр, сондықтан сіздер қазір экраннан жөн-жосықсыз бұлдыраған, түсініксіз бір нәрселерді көріп отырған боларсыздар деп ойлаймын.

Телевизор көрушілер дәл осы сәтте, шынында да, экрандағы суреттердің жиі-жиі ауысып, бұлдырап кеткендігін көріп отырғанды. Экранда біресе ағаштары мен үйлері бар жер көрінсе, ендігі сәтте бұлт басқан аспан елестейді, ара-тұра азғана сәтке ауада жүзіп жүрген, қорыққанынан түрі әлем-тапырық болып кеткен полицейлердің бейнесі елестеп өтеді.

– Телевизор көруші мырзалар! – деп әңгімесін жал-

гай түсті репортер Болтик. — Біздің құрметті телеоператорымыз Көреген экрандағы көріністерді жөнге келтіргенше, сіздерге осында не болып жатқанын ауызша әңгімелеп беруге рұқсат етіңіздер. Менің алдымда көптеген полицейлер ауада қалықтап жүр. Олардың бірі көлденең, екіншілері көлбеу, ал үшіншілері басымен төмен қараған қалыпта ұшып барады. Қорыққаннан бөрінің де көздері ұясынан шығып кетер ме екен деп ойлағандайсың. Көптеген полицейлердің аяқ-қолдарын тырбаңдатып, әр түрлі қимылдар жасағаны қызық-ақ: олар кармаққа іліп жатқанда ирелендеген құрттарды көзге елестетеді. Кейбіреулері, керісінше, аяқ-қолдарын жайып жіберіп, тарбиған қалыпта қимылдамай, қатып қалыпты. Мына түрлерімен олар полицейлердің киімін кигізген құрбақаларға қатты ұқсайды. Полицейлердің біразын жел шетке қарай қуалап кеткенмен, көпшілігі әлі деревня үстінде... Қызық жағдай! Мен салмақсыздықтың деревня тұрғындарына түк өсер етпегенін көріп тұрмын! Олардың бөрі бұрынғыша жерде жүр, бастарын көтеріп, өуеде тырбаңдаған полицейлерге күле қарайды. Мұның сыры неде екен? Мұның сыры бір ғана нәрседе болуы мүмкін, дәлірек айтсақ: ұшып келген космонавтар деревня тұрғындарына алып өсімдіктердің тұқымдарын сыйлап қана қоймай, салмақсыздық пен оны басқарудың құпиясын да ашса керек. Полицейлер үшін мұның өзі көп қолайсыздықтар туғызатыны сөзсіз, өйткені олар енді ешкімге де алып өсімдіктерді өсіруге кедергі жасай алмайтын болады.

— Репортер Болтик осы тұста қайтадан жөтеліп, аз ғана үндемей қалды да, сөзін қайта сабақтады.

— Тынданыздар, телевизор көруші мырзалар! Әлдекімнің айқайын естіген боларсыздар. Ол — полицияның кіші атаманы Кекшілдің даусы. Кекшіл полицейлердің сөзсіз бағынуын талап етіп, қолдарындағы мылтықтарынан айрылып қалғандары үшін бөрінің де мисыз есуастар деп балағаттауда. Ал полицейлердің мылтықтары еш пайдасыз, ауада бет-беттерінше қалқып жүр. Кіші атаман Кекшіл полицейлерге мылтықтарды ұстап алып, деревня тұрғындарына оқ жаудырыңдар деп бұйырды. Кекшіл мырзаның өзі де жанынан қалқып өтіп

бара жатқан винтовканы ұстап алуға қол созғанын көріп тұрмын. Әне, ол ұстады, қазір атады... Гүрс етті! Мылтық даусын естідіңіздер ғой? Не болды өзі?! Қалақтардың шуылындай дыбысты сіздер де естіген шығарсыздар. Әлдене зуылдап, менің жанымнан өте шықты. Тарбиған аяқ-қолдары төрт қалақты желдеткішті еске түсіріп, ауада шыр көбелек айналып, менің жанымнан ұшып өте шыққан кіші атаман Кекшіл мырзаның өзі екен. Оның шапшаң ұшқандығы сондай, екі-үш секундтың ішінде көкжиекке сіңіп, көрінбей кетті. Осыдан-ақ салмақсыздық жағдайында реактивті күшпен ойнауға болмайтыны анық байқалды. Ататын қару-жарақты мүлде пайдалануға болмайды. Тыңданыздар, мырзалар! Күшті жел полицейлерді қара бұлт сияқты, барған сайын алыстатып қуып барады. Менің жанымдағы оператор Көреген экрандағы бейнені дұрыстай алмай, өуре болуда. Біздердің жылжымалы телестанциямыз орналасқан машина да ауаға көтерілді. Өкінішке қарай, машина ағашқа ілініп қалды, енді біз полицейлердің артынан ұша алмаймыз, өйткені менің микрофونым да, телекамера да телестанциямен электр сымы арқылы жалғасқан. Егер электр сымы үзіліп кетсе, біздің телерепортажымыз өзінен-өзі тоқтап қалары сөзсіз. Желдің екпіні бұрынғыдан да күшейіп кетті. Мен микрофонды өрең-өрең ұстап тұрмын. Сым шыдамай, үзіліп кете ме деп қорқамын...

Болтик осылай деп аузын жиып алғанша, тырс еткен дыбыс естілді де, телевизордың көгілдір экрандары сөніп қалды. Бірнеше секунд өткенде экранда қайтадан алдымен жыпықтаған сызықтар, содан соң диктор өйел пайда болды.

— Ал, енді, қымбатты достар, сіздерді биге шақырамыз... Жиһаздарыңызды жиыңыздар. Орындықтарды қабырғаға жақын қоюға немесе бөлмеден шығарып тастауға болады, столды бұрышқа жалжытыңыздар... — деді диктор өйел күлімсіреп.

Әуен төгіле жөнелді. Экранда билеп жүрген жұптар көрінеді. Бірақ телевизор көрушілердің биге зауқы соққан жоқ. Сонда да ешкім телевизорын сөндірмеді. Космонавтар жөніндегі хабар қайтадан жалғасатын шығар деп бәрі де іштей үміттенулі еді.

Ай тұрғындарының бұл үміттері ақыры ақталды. Ол күндері радиодан да, телевизор арқылы да космонавтар, алып өсімдіктер, салмақсыздық жөніндегі хабарлар жиі-жиі беріліп тұратын. Әсіресе полицей Қыңқылдақтың өңгімесі жұрттың бәрін қайран қалдырды. Ол салмақсыздық жағдайына ұшырағанда, оғы алысқа жететін ірі калибрлі винтовкасынан атыпты, соның нәтижесінде пайда болған реактивті күштің шапшаңдықпен ұшырып ала жөнелгені сондай, не бары жарты сағат уақыт ішінде Айдың ішкі ядросын түгел айналып өтіпті де, өзінің әуелдегі ұшып шыққан жерінің маңына келіп құлапты.

Бас айналатын сол ұшудың Қыңқылдаққа қатты әсер еткенінен, бейшара көпке дейін өзіне-өзі келе алмады. Оны телестудияға алып келіп, телевизор көрушілерге Ай шарын айналып шыққан саяхаты жөнінде айтып беруді өтінгенде, ол мардымды еш нәрсе айта алмай, бар болғаны:

– Мен бе, қалай еді... былай... тарс! Содан соң пыш-ш! Пыш-ш! – дегенді ғана қайталаумен болды.

Осыдан кейін бетінде топас жымыс пайда болып, қолдарын қайта-қайта ербендетіп, бір нәрсе түсіндіргісі келгендей сыңай көрсетті.

Диктор қала маңынан Қыңқылдақтың алысқа ататын мылтығы табылғаны жөнінде хабарлаған кезде ғана ол бір сәтке есін жинағандай болды. Телевизор көрушілер стол басында отырған Қыңқылдақтың диктор сөзіне елең етіп, зейін қоя тындағанын аңғарды. Ал мылтықты павильонға алып келгенде, ол стол басынан атып тұрып, көзінде қуаныш ұшқыны ойнап, мылтығына қарай өңмендей ұмтылды. Алайда, ол мылтығын қолына алған сәтінде-ақ күтпеген жағдайға ұшырады. Қолдары кенет дірілдей бастады да, тұла бойынан бейне бір ток жүріп өткендей-ақ, денесі қалшылдап кетті, бір жері қатты ауырғандай өңі бұзылып, қуқыл тартты. Еріндері сөйлеуге келмей, құр кемсендейді. Мылтығы қолынан түсіп кетті. Кенет ол өлдекімге айбат шеккендей, жұдырығын түйіп, қолдарын көтеріп сермеп, қорқынышты үнмен:

– Ешқашан! Естіп тұрмысыздар! Ешқашан! – деп айқай салды.

Мылтығын бар пәрменімен теуіп қалғанда, ол барып бұрышқа соғылды. Осыдан соң бірнеше орындықты сал-

дыр-гүлдір құлатып, телевизия павильонынан жүгіріп шықты. Қайтып оны ешкім көрген жоқ.

Бұл оқиға телевизор көрушілерге, әсіресе, сол күні оны тамашалаған полицейлерге естен кетпестей әсер етті. Олардың көпшілігі себепті-себепсіз мылтыққа жармасып, кім көрінгенді ата беруге болмайтынын, одан өздері де жапа шегетіндерін тұңғыш рет түсінгендей болды. Көп кешікпей өмірдің өзгеретінін барлығы да анық сезді.

Полицейлер енді ракета маңында мылтық атпақ түгілі, оған жақындап баруға да батылдары жетпейтін болғаны, айтпаса да түсінікті. Деревня тұрғындары космонавтарға ешқандай кедергісіз баруына, олардан алып өсімдіктердің тұқымын сұрап алуларына болатын еді. Енді алып өсімдіктерді Ашқарындар деревнясының ғана емес, сондай-ақ Жалаңаяқтар, Нәрсызбағандар, Ашыққандар, Сормандайлар селоларының және басқаларының тұрғындары да отырғыза бастады. Білгір ай тұрғындарына қажетті тұқымдармен бірге салмақсыздық құралын және антилунитті де берген жөн, полицейлерден қорғану үшін оларды қалай пайдалануға болатынын үйретуіміз керек деп шешті.

Кешікпей-ақ космонавтарға Сараңсерінің макарон фабрикасынан бірнеше жұмысшылар келді. Олар өздерінің Сараңсеріні қуып шығуға бекінгендерін, макаронды бұдан былай ешқандай қожайынсыз өздері шығаруға шешім қабылдағандарын айтты. Олар бұл жоспарын салмақсыздық құралының көмегімен ғана жүзеге асыра алатын еді, онсыз полицейлер мұндай іске жол бермек түгілі, фабрикадан жұмысшылардың өздерін қуып шығаты сөзсіз.

Космонавтардан салмақсыздық құралы мен жеткілікті мөлшерде антилунит алған соң Сараңсерінің жұмысшылары фабрикадағы қамыр жаятын станоктардың, макарон мен вермишельге арнап қамыр илейтін, кептіретін, булайтын, сығымдайтын құралдардың және пештердің барлығын салмақсыздық жағдайында жұмыс істей алатындай етіп орнықтырып, бекітті. Бұл шаралар тамаша нәтижелер берді. Ұнның да, макаронға арналған қамырдың да ешқандай салмағы болмағандықтан, құралдар енді бұрынғыдан бірнеше есе жылдамырақ

жұмыс істей алатын болды. Осының нәтижесінде фабри-
каның макарон өнімдерін шығаруы еселеп артты да,
оларды енді бұрынғыда әлдеқайда арзанырақ сатуға
мүмкіндік туды.

Тамақ сатып алуға әрдайым ақшалары жетпейтін
кедейлердің қуанышында шек жоқ. Олар Сараңсері ма-
карондарының, (жұрттың бәрі, фабриканың өнімі енді
ешқандай Сараңсерісіз шығарылатын болғанына қара-
мастан, оны бұрынғыша атауын қоймаған еді...) иә,
сөйтіп, жұрттың бәрі Сараңсері макарондарының және
вермишелі мен кеспелерінің арзандап қана қоймай,
дәмдірек бола түскенін айтып жүрді. Мұның, расында
да, солай екені кейінірек дәлелденді, өйткені салмақсыз-
дық жағдайында илеген қамырдың көтерілуі жақсарып,
сапасы артады екен де, одан жасалған өнімдер әлдеқай-
да дәмдірек болатын көрінеді.

Отыз үшінші тарау

ТОМПИДЫҢ ҚАЙТА ТӘРБИЕЛЕНУІ

Томпи сайтан дөңгелектің айналдырушысы болып
жұмыс істей бастағалы мінез-құлқы қатты
өзгерді. Бұрын ол еш қайғысыз, қам-қарекетсіз өмір
сүріп дағдыланған-ды; бар бітіретіні – тамақ ішіп-жеу
болатын, одан қолы босай қалса, су жағасында серуен
күратын, сайтан дөңгелекте немесе теңіз параболойдын-
да айналатын және осы механизмдердің барлығын қан-
дай күш қозғалысқа келтірді деген ой қаперіне де кіріп
шықпайтын. Енді ергежейлілер тер төгіп, күш жұмсама-
са ешқандай сайтан дөңгелектің өзінен-өзі айналмайты-
нына тәжірибе жүзінде көзі жетті.

Осыдан бұрын айтылғандай, әрбір сайтан дөңгелек
тік дінкекке орнатылған диск, яғни жалпақ табақ сияқ-
ты болып келетін. Әлгі диск якорьға бекітілген үлкен
дөңгелек ыдысқа орналасқан, жағалауға жақын жерде
қалқып жүретін. Дөңгелек ыдыс төрізді диск орнатыл-
ған дінгек суға ортан белінен батып тұратын да, онша-
лықты көзге түсіп, көріне бермейтін. Сондықтан, сырт-

тай қарағанда жанағы араштан жасалған аса үлкен диск су бетінде өзінен-өзі шыр айналып тұрғандай өсер қалдыратын.

Әдетте, ыдыстың ішінде екі ергежейлі тынбастан жұмыс істейтін. Олар күні бойы дінгекке бекітілген рычагтарды бар күшімен алға итеріп, сол арқылы дискілерді қозғалысқа келтіріп, ыдыстың ішінде шыр айналып жүреді. Мұның қаншалықты ауыр, қажытатын жұмыс екенін көзге елестету қиын емес.

Ыдыстың іші қараңғы, тар, дымқыл өрі тыныстауға ауыр, қапас болып келетін де, бейшара жұмысшылардың киімдері үнемі терден малшынып жүретін. Олар көбіне киімдерін шешіп тастап, трусикпен ғана қалатын еді, бірақ бұдан, бөрібір жағдайлары жеңілдей қоймайтын. Ыдыстың ішіне тесіктерінен су кіріп кете беретін. Жұмысшылар ол суды қайта-қайта сорғымен сыртқа төгіп, өлек болатын. Ал төгіп үлгермеген жағдайда тізелерінен мұздай су кешіп жүрулеріне тура келетін, бұл олардың денсаулықтарына қатты өсер етіп, олар өне бойы түшкіріп, жөтелумен болатын, ревматизмге ұшырап, буындары сырқырайтын, тұмауратып, тыныс жолдарында суық тиіп, тіпті өкпелері қабынып ауыратын.

Томпидың жұмыстан қатты шаршайтыны сондай, үйге келісімен төсекке сұлап түсетін де өзек жалғап, аздап тамақтану үшін ғана орнынан тұратын. Тіпті тамаққа да бұрынғыдай төбеті шаппайтын еді. Енді оның ұнататын жалғыз нәрсесі – демалыс күні жағаға бару, әлдеқандай сайтан дөңгелекке немесе параболойдке мініп, айналу болатын.

– Тамаша! – деп, әлдекімді табалағандай, күлімдейтін ол осындай сәттерде. – Мен бір апта бойына әр түрлі жатып ішер арамтамақтарды айналдырдым, енді өзгелер мені айналдырсын!

Алайда, арада біраз уақыт өткенде ол өзінің әр түрлі дөңгелектерге мініп, айналудан да жалыға бастағанын аңғарды. Мұндай сәттерде «Мен мұнда масайрап, шыр айналып, мөз болып жүргенде біреу төмендегі ауа жетпейтін, қараңғы, қапас қуыста шаршап-шалдығып, қара терге шомылып, мені айналдыруда» деген ой барлық рақат сезімін тас-талқан ететін. Ақырында осы ой-

дың ықпалымен сайтан дөңгелекке отырудан біржолата безіп кетті.

Енді өзімен бірге жұмыс істейтін Шабакпен әр түрлі нәрселер жайында әңгімелесу – Томпи үшін қуаныш әкелетін жалғыз ермек болып қалды. Шабак алғашқыда дөңгелектерге мініп айналғанды жақсы көретіні үшін Томпиды ажуалалап, ұнатпай жүрді. Ол мұндай демалыстың уақыты мен ақшасын қайда жұмсауды білмей жүрген арамтамақ байларға ғана лайық екенін, ал ақылесі бүтін, қарапайым ергежейлінің тер төгіп, азаптанып тапқан тиын-тебенін түкке тұрмайтын бос дырдуға жұмсауы ұят болатынын айтып жүрді. Томпидың түкке тұрғысыз көңіл көтеруді қойғанын байқаған Шабак, енді оған күлмейтін болды. Ол Томпимен бұрынғыдай жеңіл-желпі әзілдесіп қана қоймай, елеулі, маңызды нәрселер жөнінде әңгімелесіп, кейде оған оқып шық деп қызықты кітаптар мен газеттер ұсынатын еді.

Бірде жұмыстан бірге қайтып келе жатқандарында Шабак оған былай деді:

– Мен сенің жақсы ергежейлі екенінді көріп жүрмін, сондықтан саған құпия сырды ашқым келеді. Біздердің мұнда жасырын қоғамымыз бар. Ол – Ерікті айналдырушылар қоғамы деп аталады. Егер қаласаң мен сені соған мүше етіп жазайын. Біз ара-тұра жиналып, өмір жайлы пікірлесеміз, бірігіп жақсы кітаптар сатып аламыз, газеттерге жазыламыз. Бір өзіңнің газетті жеке жаздырып алуың қиын, ал ортақтассаң әлдеқайда аз шығындаласың. Біздер барлық әріптестеріміздің білімдірек, ақылдырақ бола түскенін қалаймыз.

– Ақылдырақ, білімдірек болғанда не істейсіңдер? – деп сұрады Томпи.

– Осындағы барлық сайтан дөңгелектер мен параболойдтардың қожайындарымен күресе бастаймыз. Ең алдымен, олардан жұмыс күнін қысқартуды талап етеміз. Өйткені біздің бөріміз таңның атысынан күннің батысына дейін дымқыл, ауасы бұзылған жерде жұмыс істейтіндіктен қатты шаршаймыз, әрі ауру-сырқаудан шықпаймыз.

– Қожайындар жұмыс күнін қысқартуға көне ме?

– Қазір оларды көндіру қиын, әрине, өйткені біз өлі

тым азбыз. Бірақ қатарымыз өлі-ақ көбейеді, сонда бәріміз қожайынға келіп; жұмыс күні қысқартылмайынша жұмыс істемейміз деп мәлімдейміз. Ереуілге шығамыз. Ал түптеп келгенде қожайындарды біржола қуып жіберіп, толық еркіндікке ие боламыз.

– Несі бар, бұл маған ұнайды, – деп жауап берді Томпи.

Осыдан соң ол Ерікті айналдырушылар қоғамына мүше болуға келісті. Шабәқ оны осы қорамның мүшелері, сайтан дөңгелектерді айналдырушы жұмысшылар Табанша, Жайынша және Көксеркемен таныстырды. Жұмыстан бос уақытында олар жиналып, әр түрлі мәселелер жайында пікірлесіп, қызықты кітаптарды, газеттерді оқып жүрді, бірігіп ақша жинап, телевизор сатып алсақ деп қиялдады.

Сол уақытта Сараңсерінің макарон фабрикасындағы ереуілдер жайындағы хабарлар газеттерде жиі жарияланатын еді. Ерікті айналдырушылар қоғамының мүшелері жұмысшылардың Сараңсері сынды алпауытпен күресі немен аяқталатынын білу үшін, өлгі хабарлардың бірін жібермей оқитын. Бірақ кешікпей-ақ, газеттер Айға космос кемесінің қонғаны, алыстағы Жер планетасынан ұшып келген космонавтар ай тұрғындарына алып өсімдіктердің тұқымдарын үлестіре бастағаны жайлы хабарларды жиі жариялай бастады.

Томпи космонавтардың келгенін білісімен-ақ олардың ешкім де емес, Білгір мен достары екенін бірден білді. Ол бөгелместен тура Фантомасқа тартып кетіп, сол маңға қонған космос кемесін іздегісі келген. Бірақ артынша, өзінің Дымбілместен бірге кемеге рұқсатсыз мініп, сапарға шыққаны, сөйтіп саяхатқа әзірленген барлық ергежейлілерді тақырға отырғызып кеткені үшін Білгір мықтап ұрсатын шығар деген ой келді. Томпи өткен оқиғалардың барлығын қайтадан ой елегінен өткізді де, ешқайда бармай, Лос-Сұмпайноста қалуға, бұрынғыша сайтан дөңгелекте жұмыс істей беруге бекінді.

Бұл кезде газеттерде космонавтар, алып тұқымдар жөнінде және полицейлер түк амал істей алмайтын салмақсыздық жайында жаңа хабарлар үсті-үстіне жарияланумен болды. Сараңсерінің жұмысшылары салмақсыз-

дықты қолдарына түсіріп, соның көмегімен фабрикадан қожайындарын қуып жібергені жайындағы хабарлар жұртты дүрліктіріп, гу-гу әңгіме туғызды. Шабак осыны білісімен:

– Біз де солай етсек қой, шіркін, – деп қиялдай бастады. – Салмақсыздық көмегімен қожайындарды кусақ. Әрі дөңгелектерді айналдыруымыз да жеңілдер еді.

– Дұрыс айтасың! – деп оны Көксерке қостады. – Егер біреуіміз Фантомасқа барып, космонавтармен кездесек қайтеді? Мүмкін бізге салмақсыздық құралына ие болудың сәті түсер.

– Бауырлар, осы уақытқа дейін айтпай келіп едім, енді жасыра алмаймын, сендерге бар шындықты айтайын, – деп Томпи ағынан жарыла сөйледі. – Космос кемесімен ұшып келгендер менің достарым болуға тиіс деп ойлаймын. Мен де бір кезде үлкен Жер аталатын планетада тұрғанмын, сонан соң Дымбілмеспен бірге осында ұшып келгенмін.

Осыдан кейін Томпи өз басынан өткен оқиғалардың барлығын айтып шықты. Оның айтқан әңгімелері шындық екеніне көзі жеткен Шабак:

– Олай болса, сенің дереу жолға шығып, достарыңмен кездесіп, сөйлескенін дұрыс, – деді. – Олар біздің қиын халімізді білген соң, көмектесуден бас тартпас. Тек қана мұны өте құпия істеген жөн, өйтпесе, байлар кедергі жасап жүрер.

Басқа ешкімге бір ауыз сөз айтпастан, Шабак, Табанша, Жайынша мен Көксерке өздеріндегі барлық ақшаны жиып, Томпидың жолда қарны ашып қалмауы үшін азық-түлік сатып алып, қапшыққа толтырып салды. Фантомас қаласына дейін поезға билет алды да, бесеуі вокзалға жүріп кетті.

– Ең бастысы – жолда ешкімге сырынды ашпа, – деп тапсырды Шабак. – Құлағынды түрік ұста, бірақ аузыңа ие бол. Егер полицейлер сенің космонавтарға бара жатқаныңды сезіп қалса, онда достарыңның қарасын да көре алмайсың, түрмеден бір-ақ шығасың.

Біраздан кейін поезд келді де, Томпи достарымен қоштасып, вагонға отырды. Ергежейлілердің көптігіне қараман, оған орын тауып отырудың сәті түсті. Жай-

ғасып, орныққан соң ол жүргіншілерге көз салып, айтқан өңгімелеріне құлақ түре бастаған.

Кешікпей-ақ Томпи жұрттың аузындағы өңгіменің барлығы космонавтар, алып өсімдіктер мен салмақсыздық төңірегінде ғана екенін аңғарды. Жолаушылардың бірі космонавтарды – шаштары мүлде жоқ, төрт құлақты, екі мұрынды, ал маңдайларында жалғыз ғана көзі бар, өне бойы суда жүретіндіктен өкпелерімен емес, желбезектерімен дем алатын, құрғаққа шыққанда үстеріне суға сүңгушілердің костюмін киіп алатын ергежейлілер екен, ал қолдарының орнында – жүзу қанаттары бар көрінеді деп соқты. Томпи мұның шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын, космонавтардың көдімгі ергежейлілерден ешқандай айырмасы жоқ екенін айтуға оқталды да, Шабактың «аузыңа ие бол» деген кеңесі есіне түсіп, өңгімеге араласпауға тырысты.

Томпиға жақындау отырған екінші ай тұрғыны: «салмақсыздық деген – ергежейлілердің аяқ-қолдарын сындырып, сүйектерінің бәрін уатып жіберетін жойқын күш көрінеді, сондықтан салмақсыздық жағдайында организмде бірде-бір бүтін сүйек қалмағандықтан, жүріп-тұру, отыру, жұмыс істеу мүмкіндігінен біржола айрылып, құрт сияқты қыбырлап, жорғалайтын болып қана қалатын көрінеді», – деп соқты.

Томпи мұның өтірік екенін, өзінің салмақсыздық жағдайында талай рет болғанын, соған қарамастан сүйегінің дін аман, құрт сияқты жорғалап жүрмегендігін айтқысы келген.

Дегенмен, екі елі ауызға үш елі қақпақ қою қажеттігі бұл жолы да есіне түсіп, үндемеді.

Үшінші ергежейлі: «Үлкен жерде өсетін алып өсімдіктер, шынында да, ірі жемістер береді екен. Мәселен, қарбыздың үлкендігі таудай болатын көрінеді, бірақ ол қарбыздың, сондай-ақ басқа жемістердің бәрі де жеуге жарамайтындай шетінен ащы, тіпті улы көрінеді, мен газеттен осыны оқыдым», – деді.

Тамаққа байланысты өңгімелерге ешқашан немқұрайды қарай алмайтын Томпи мұнан әрі шыдай алмай, Жердегі қарбыздардың өте төтті болатынын айтуға

оқтала берген еді, жанында отырған сары күртелі ергежейлі оны киіп кетті.

– Мүмкін, мұның бәрі өтірік шығар, бауырлар? – деді ол. – Газетте не жазбайды. Біздерде алып өсімдіктердің болғаны байларға тиімді емес, сондықтан олар қайдағы-жайдағыны ойдан шығарып, газеттерге жариялата беретін болар.

– Аузыңды бағып, тыныш отырсаңшы, – деді оған баска ергежейлі. – Вагонда бізбен бірге кімнің келе жатқанын қайдан білесің? Мүмкін, киімін ауыстырып киген полицей дәл қасында сөзінді естіп отырған шығар.

Сары күртелі ергежейлі қасындағы Томпига күдіктене қарап қойды. Осыны аңғарған Томпи өзіне жабылған жалаға күйініп кетті.

– Сеніңше, киімін ауыстырып киген полицей кім? Мен бе? Қазір саған көрсетейін полицейді!

– Сенің мұның не? Мен сен туралы бір нәрсе дедім бе? – деп, әлгі ергежейлі ақтала сөйледі.

– Кім туралы айттын ендеше? «Киімін ауыстырып киген полицей қасында отыр» дегенінді естімедің дейсің бе? Ал мұның қасында кім отыр? Мен отырмын! Ендеше киімін ауыстырып киген полицей мен боламын.

– Туысқандар, хе-хе, – деп арт жақтан біреу дауыстады. – Мұнда киімін ауыстырып киген полицей отыр! Өзі айтты. Киімін ауыстырып киген полицей мен боламын деді. Әне біреу жуан неме. Бәсе, манадан бері жұрттың сөзіне құлақ түріп, үндемей отырғанынан күдіктеніп едім.

– Ауыздарыңа абай болындар, бауырлар! – деген айкай естілді. – Мұнда полицей отыр!

Жым-жырт тыныштық орнады. Ешкімнің енді сөйлеуге зауқы соқпады. Бәрі де ауыздарына құм толғандай үндемей, көздерінің қиығымен Томпига қарап қояды. Донғалактардың темір жолға сарт-сұрт соғылған үні ғана құлаққа келеді. Ақырында, әлдекім тыныштықты бұзды.

– Мен таяуда телевизордан күйіп қалған полицейді көрдім, бауырлар, – деді ол. – Қатты күйгені сондай, түріне қараудың өзі қорқынышты. Үсті-басы, түр-әлпеті әлем-тапырық!

Екінші ергежейлі қабағының астымен Томпиға қарап қойды да:

– Ол полицей де киімін ауыстырып киген бе екен? – деп сұрады.

– Жоқ, – деп жауап берді алғашқысы. – Ол нағыз полицей формасында болатын, тек үсті-басының сау-тамтығы жоқ, өйткені ұшып келе жатып ағаштарға, телеграф сымдарына жармаса берсе керек. Салмақсыздық жағдайында мылтық атқан десті өлгіні. Салмақсыздық жағдайында мылтық атуға болмайтын көрінеді ғой.

– Ал бізде бір полицейді поезд жүріп келе жатқанда вагоннан итеріп жіберген болатын, – деп, сөзге Томпиға қарсы отырған ергежейлі араласты.

– Ол да киімін ауыстырып киген бе еді? – деп сұрады алғашқы ергежейлі.

– Иә, киімін ауыстырып киген, өрі жұп-жуан болатын.

Барлығы ду күлді де, полицейлер жөніндегі әр түрлі сайқымазақ, күлдіргі өңгімелерді жарысып айта бастады. Томпи олармен не күлерін, не күлмесін білмеді, сондықтан алғашқыда езу тартып, үн-түнсіз отырды да, біраздан соң орнынан тұрып, жоғарғы сөкіге шығып кетті. Ол жерден енді ешкімнің көзіне түспейтін еді. Бірте-бірте кеш батты. Жолаушылар ұйықтауға әзірлене бастады. Біреулері жоғарғы, ал екіншілері төменгі сөкілерге жайғасты. Томпи ұйықтап кеткен еді, түн ортасында елегізіп оянып, көзін ашып алды. Өзінің кешкі тамақ ішпегені есіне түсіп, қапшығынан ірімшік пен шұжық, нан алып шығып, апыл-ғұпыл жей бастады. Дәл осы сәтте төмендегі екі ергежейлінің өңгімесін құлағы шалды.

– Сен қайда бара жатырсың? – деп сұрады біреуі.

– Фантомасқа, – деп жауап берді екіншісі. – Ал өзін ше?

– Мен де Фантомасқа барамын. Бірақ маған керегі Фантомастың өзі емес. Сол мандағы космонавтарға жолыққым келеді.

– Олардың саған қажеті қанша?

– Біз бүкіл деревнямыз болып ақылдасып, алып өсімдіктердің тұқымын өкеліп отырғызғанымыз жөн деп ұйғардық. Сонымен, космонавтардан тұқым алып келуге мені жіберді.

– Ал сен космонавтарды қайдан іздеу керектігін білесің бе?

– Білемін. Ашқарындар деревнясына жетуім керек, сол жерден сұрап аламын. Ашқарындықтардың космонавтарға жолығып, олардан алып өсімдіктердің тұқымын алғаны жөнінде газетте жазған.

Томпи космонавтарға бара жатқан ергежейлінің кім екенін білгісі келіп, ақырын ғана төменге көз салған еді, өзіне таныс сары күртелі ергежейлі екенін білді.

«Мұның өзі жақсы болды! – деп ойлады Томпи. – Осы сары күртенің артынан қалмасам, керек жеріме дәл жетемін. Сәті түсейін деген іс болды!»

Алайда, барлығы да Томпидың ойлағанындай болған жоқ. Таңертең поезд Фантомасқа келіп тоқтасымен-ақ Томпи вагоннан шықты да, сары күртелі ергежейлінің сонынан ілесті. Ол ергежейлінің есімі Үлбірек болатын. Алғашқыда бәрі де ойдағыдай сияқты көрінген. Сары күрте алыстан көзге шалынатындықтан, қаланың адамы көп көшелерінің өзінде де Томпи одан көз жазбай ілесіп отырған. Бірақ кешікпей-ақ, Үлбіректің бір жүріп өткен көшелерімен қайта жүріп, ізін адастыра бастағанын аңғарды. Кейде Үлбірек бұрыштағы үйдің тасасына әдейі жасырынғандай көзден ғайып болады да, Томпи өтіп кеткен соң, жаңа өзінің жүріп өткен ізімен кері қайтады.

«Өзі бір алаңғасар ергежейлі екен! – деп күбірледі Томпи өз-өзіне. – Егер жолды білмейтін болса, біреуден сұрап алмай ма?»

Ақырында Томпи әбден шаршаған кезде барып, олар қаладан шықты да, тас жолдың бойымен ілгері тартты. Үлбірек ерегіскендей-ақ жүрісін тездете түсті. Томпи оған ілесе алмай кейіндей берген. Осы кезде бұларды жүк машинасы қуып жетті. Оны алыстан байқаған Үлбірек тұра қалып, қолын көтерген. Машина Томпидан едәуір жер озып барды да, тұра қалды. Үлбірек жүргізушіден өзін Ашқарындар деревнясына жеткізіп салуды өтінді.

– Жарайды, жоғарыға шығып отыра ғой, – деп келісті жүргізуші.

Үлбіректің машинаның қорабына мініп жатқанын көрген Томпи бар күшін жинап алып, тұра жүгірді. Ма-

шина орнынан қозғала бергенде қуып жетіп, артына жармасқан. Үлбірек мұны көре салып, машинаның үстінде жатқан бұранданың кілтін алып, Томпидың саусақтарын салып қалды.

– А-а-а! – деп бакырып жіберді бейшара Томпи.

Ол қатты ауырған саусақтарын жазып жіберді де, құм толтырған қапқа ұқсап, домалаң етіп, жол ортасына құлап түсті.

– Саған сол керек, оңбаған полицей! – деп күнкілдеді Үлбірек. – Мүмкін, енді осыдан кейін менің ізіме түскенді қоярсың!

Үлбірек Томпиды киімін ауыстырып киген полицей деп ойлап, одан кұтылғанша асық болғанын айтып жатудың қажеті жоқ сияқты.

Шофер бұл кезде газды баса түсті де, машина лезде көзден тасаланып, көрінбей кетті. Кешікпей-ақ Үлбірек Ашқарындар деревнясына жетіп, өзін жылы қарсы алған деревня тұрғындарымен әңгімелесіп отырды. Олар космонавтардан алған алып өсімдіктердің тұқымын қалай отырғызғандарын айтып, солардың өніп, өсіп келе жатқанын көрсету үшін Үлбіректі егіс алқабына ертіп барды. Бейшара Үлбірек қылтиып шыққан балауса өсімдіктерді көргенде, қуанғанынан жылап жіберді.

– Бұлардың қазіргі кішкентайлығы түк те етпейді, бауырлар! – деді ол толқи сөйлеп. – Әлемдегі үлкен нәрселердің бәрі де әуелі кішкентай болып, бірте-бірте өсетіні белгілі ғой.

Үлбіректің алып өсімдіктердің тұқымын іздеп келгенін білген Масақша оны космонавтарға өзі ертіп апармақшы болды. Олар енді ғана жолға жинала бергенде, Үлбірек деревняға қарай ілби басып келе жатқан Томпиды байқап қалды.

– Ананы қарандар, бауырлар! – деп үрейлене сөйледі ол. – Осы бір киімін ауыстырып киген полицей сүйретіліп, қыр соңымнан қалмай қойды! Мұнымен поезда кездескен едім. Шамасы, космонавтарға барамын деген сөзімді құлағы шалып қалса керек.

– Қазір біз оны ұстап алып, жақсылап сазайын берейік онда! – деді Масақша.

Ергежейлілер дуалдың артына жасырынды да, Том-

пи қастарына келе бергенде барлығы бірден жабылып, бас салды. Біреуі оның басына бос қапшықты кигізе салды, ал екіншісі аяғынан тартып құлатты.

– Бұларың не, ағайындар! Не үшін? – деп айқайлады Томпи, қаптың ішінде дәрменсіз бұлқынып. – Жіберіндер мені!

– Қолға түстің, полицей, енді дымың ішінде болсын! – деді Масақша.

– Мен полицей емеспін, бауырлар! Мен Томпимын! Мен космонавтпын! Менің ракетаға жетуім қажет.

– Дәмесінің зорын көрдің бе? – деді Үлбірек. – Мұны босатпандар, бауырлар! Әзірге қаптан шығармандар, өйтпесе қайтадан артымнан қалмай қояр.

– Жарайды, Масақша екеуің жүре беріңдер, біз мұны жертөлеге жауып тастайық, – деді Шеге атты ергежейлі.

Ол Томпи қашып кетпесін деп қаптың аузын мықтап байлады, сонан соң тұтқынды бөрі жабылып, жақын жердегі жертөлеге қарай ала жөнелді. Масақша Үлбірекпен бірге жүріп кетті, бірақ Томпидың қаптан шыға алмай бұлқынып:

– Мен полицей емеспін! Мен Томпимын! Космонавтпын! Жіберіндер мені! – деп айқайлаған үні көпке дейін оларға естіліп тұрды.

Масақша мен Үлбірек бұған күлумен болды.

Олар космонавтарға келген соң, Білгір Үлбірекке алып өсімдіктердің тұқымын, сондай-ақ полицейлерден қорғану үшін салмақсыздық құралы мен жеткілікті мөлшерде антилунит бергізді. Білгір бұлардан да жоғалып кеткен Дымбілмес пен Томпи жайында еш нәрсе естімедіңіздер ме, – деп сұрай бастады.

– Дымбілмес жөнінде көп естідім, – деп жауап берді Үлбірек. – Ол туралы тіпті газеттерде мақалалар да басылған. Ал Томпи жайлы еш нәрсе естіген жоқпын, тек өлгі бір киімін ауыстырып киген полицейдің өзін Томпимын деп атағаны ғана болмаса.

– Ол қандай полицей? – деп анықтай түсті Білгір.

– Өзі бір жексұрын, поездда жолығып, артымнан қалмай қойды, – деп жауап берді Үлбірек. – Өне бойы әр сөзге құлақ түріп, тың тындаумен болды, ал Фантомаста

поездан түсе ізімді аңдып, Ашқарындар деревнясына дейін қалмай еріп келді.

– Қазір ол қайда? – деп сұрады космонавтар.

– Сендер алаңдамай-ақ қойындар, туысқандар, – деді Масакша. – Біз оны қапқа салып, аузын байладық та, жертөлеге тығып тастадық.

– Өзінің түр-өлпеті қандай? – деді Білгір.

– Қалай десем екен... – деп Үлбірек бөгеліп қалды. – Былайша, жұп-жуан. Беті майлы шелпек сияқты...

– Жұп-жуан деймісіз? – деп Білгір дауыстап жіберді. – Онда ол, шынында да, біздің Томпиымыз болар?

Бұл сөздерді естіген Бұрандаша мен Тетікше өздерінің жол талғамайтын машинасына жүгірді, арада бір минут өтпей-ақ Ашқарындар деревнясына қарай ағыза жөнелді. Бір сағатқа жетер-жетпесте Томпиды алып, кері оралды. Космонавтар сол сәтте машинаны жан-жағынан қоршап алысты. Бұрандаша мен Тетікшені көргеннен кейін әлі де есін жиып үлгермеген Томпи, машинада отырған қалпынша аузын ашып, Білгірге, Қызылгүл мен Ақшабаққа, Бояушыға, дәрігер Дәруовке және барлық өзге космонавтарға үн қатпастан, бақырайып қарап қалыпты. Қатты толқығандықтан оның сөйлеуге шамасы жоқ еді. Ақырында:

– Бауырлар! – деп бір-ақ ауыз сөз айтты да, еңіреп қоя берді.

Ергежейлілер оның машинадан түсуіне көмектесіп, жабылып жұбата бастады, ал Томпи олардың әрқайсысының жанына келіп, құшақтап, кеудесіне қысып, қолымен көзін сүртіп:

– Бауырлар! Бауырлар! – деп қайталаумен болды.

Одан басқа сөз айтуға шамасы келген жоқ.

Бұрандаша мен Тетікше Томпиды қаптың ішінен шығарып алғанда да, оның әуелі қатты еңіреп жылағанын, содан соң жол бойына басқа сөздердің барлығын ұмытып қалғандай-ақ, өне бойы «бауырлар, бауырлар!» деп қайталаумен болғанын айтты.

Дәрігер Дәруов: ештеңе емес, Томпидың қатты толқығаны басылып, өзіне-өзі келген соң қайтадан бұрынғыша сөйлеп кетеді деп сендірді. Тек қана оған тамақ берген жөн, сонда ғана үйреншікті қалпына тезірек келуі сөзсіз.

Шынында да, солай болды. Космонавтар Томпиды столдың басына отырғызып, алдына бір табақ капуста көже мен бір табақ ботка қойған-ды. Томпи оларды лезде сыпырып-сиырып соғып алды да, өзінің басынан өткен оқиғаларды айта бастады. Дымбілмес екеуінің ракетаға жасырынып мініп, Айға қарай ұшып шыққандарын, Ай бетінде серуендеп жүріп, үңгірге кезіккендерін, Дымбілместің Айдың ішкі қабатына құлап кетіп, өзінің жалғыз қалғанын, барлық тамақты жеп тауысқанша ракетадан шықпай отыра бергенін, содан кейін өзінің де Айдың ішкі қабатына құлап түсіп, Лос-Сұмпайнос қаласынан бірақ шығып, онда тұз сата бастағанын, алғаш байып, артынан қайтадан кедейленгенін, кейінірек сайтан дөңгелекте жұмыс істеп, Ерікті айналдырушылар қоғамына мүше болғанын түк қалдырмай әңгімелеп берді.

– Осылай болды, бауырлар. Ал енді сендерден азырақ салмақсыздықтан берулеріңді өтінемін. Бұл сайтан дөңгелектерді айналдырушылардың ауыр еңбегін жеңілдетіп, тиын сауған сараң қожайындардан құтылуымызға көмектесер еді, – деп бітірді сөзін.

– Ал Дымбілмес ше? Содан кейін оны қайтып көрген жоқсың ба? – деп сұрады Білгір.

– Ә-иә, Дымбілмес пе! – деп, Томпи қолын немқұрайды сілтей салды. – Ол туралы айтқым да келмейді. Меніңше, қазір Дымбілместен дым да қалған жоқ.

– Шынымен-ақ, қаза тапқаны ма? – деп ергежейлілердің еңселері түсіп кетті.

– Егер де қаза тапса қайғысы бұдан өлдеқайда жеңілірек болар еді, қойға айналып кеткен ол! – деді Томпи. – Оны полицейлер ұстап алып, Жындылар аралына жіберіпті. Ал ол аралға барғандардың барлығы да ерте ме, кеш пе, түбінде қойға айналып тынатын көрінеді.

– Оны не үшін Жындылар аралына жіберген?

– Ауамен сауда жасағаны үшін.

– Ауамен сауда жасағаны қалай? – деп танданды барлығы.

– Мұны сөздің мәтелі ретінде айтқаным ғой. Егер біреу өзінде жоқ нәрсені сатса, оны ауа сатып жүр деп те айтады. Ал Дымбілмес өзінде жоқ алып өсімдіктердің

тұқымын сатуға кірісіпті, оны сол үшін жазалаған. Газеттерде осылай деп жазылды.

– Томпи, бері қарашы, бір нәрсе етіп, Дымбілместі құтқарып қалуға болмас па екен? – деп сұрады Ақшабақ. – Мүмкін, ол қойға айналып үлгермеген болар. Біз оны басына ауыр күн туғанда тастап кете алмаймыз ғой!

Томпи қатты ойланып қалды. Сонан соң:

– Тағы бір табақ ботқа жеуге болар ма екен? – деп сұрады. – Сонда, мүмкін, әлдеқандай жоспар ойлап тауып қалармын.

Оған тез ботқа әкеліп берді. Ол оны жеп алды да:

– Менің жоспарым дайын, – деді. – Біз Ай тұрғындарын Жындылар аралына апара жатқан кемелердің бірін басып аламыз. Ондай кемелер, әдетте Лос-Сұмпайносқа соқпай өтпейді. Ай тұрғындарын босатып жібереміз, бұл үшін олар бізге алғыс қана айтады, ал өзіміз сол кемемен Дымбілместі құтқаруға жүзіп кетеміз.

– Жындылар аралын қайдан іздеу керектігін білесің бе? – деп сұрады Томпидан Білгір.

– Оған алаң болма, – деп жауап берді Томпи. – Біз өзімізбен бірге төжірибелі теңізшілердің бірін ала кетеміз, ал ондайлар Лос-Сұмпайноста толып жүр. Менің Румбик атты жұмыссыз жүрген таныс капитаным да бар. Жалпы, бұл – оңай шаруа. Кеме болса, капитандар табылады!

Отыз төртінші тарау

ДЫМБІЛМЕС ЖЫНДЫЛАР АРАЛЫНДА

Дымбілмес жөніндегі Томпидың айтқандары шындық еді. Қалай болғанда да оның Жындылар аралына тап болғаны рас болатын. Көпір астында ұйықтап жатқан жерінен Дымбілместі, Серкешті, Қызылжидені, Шымшықты және өзге де ергежейлілерді полицей кезекшілері ұстап алған соң, жабық машинаға отырғызып, Лос-Сұмпайносқа жеткізген-ді. Сол жерде оларды дәл өздері сияқты үш жүзге тарта бақытсыз сорлылар тиелген кеменің трюміне әкеліп тықты. Олардың

көбі-ақ туған жерімен қоштасып, ағыл-тегіл жылап жатты. Бұларға қарап, Дымбілмес те көзіне жас алған, ал әлдеқандай жуан, жалаңаш қарны жалтыраған ергежейлі тюрмнің ортасында тұрған бос бөшкенің үстіне шығып алып, барлығын жұбата бастады. Оның үстінде – көйлегі, аяғында аяқ киімі жоқ еді, оның есесіне басында – ши қалпағы, мойнында – жүннен тоқылған алабажак орамалы бар болатын.

– Туыстар! – деді ол ергежейлілерге қолын жайып. – Сөзіме құлақ салыңдар, туыстар! Жылаудың қажеті жоқ. Соншама еңіреп, қимайтындай не бар? Бұл жерде біз қимайтын түк те жоқ. Ал ол жақта ең болмағанда тамағымыз тоқ болады. Көресіндер әлі! Қарын тоқ болса, өмір сүруге болады. Босқа қайғырып, қапаланбандар! Жындылар аралында да ергежейлілер тұрады. Ал ол жерге барғандар қойға айналады деген сөз, мүмкін, өтірік те шығар. Оның шындық екеніне қайсының көзін жетеді? Жұрт не демейді? Бара көрерміз.

– Міне, міне, қойға айналғаныңды бара көресің әлі! – деп күнкілдеді Серкеш оны жақтырмай.

– Сен жайыңа тұр! – деп Серкешке тап берді өзге ергежейлілер. – Ол біздің көңілімізді жұбатып, демегісі келеді, ал сен қойларды айтып, қоқиланасың келіп!

– Маған ешкімнің есіркеп, жұбатқаны керек емес.

– Саған керек болмаса, өзгелерге керек. Сен басқаларға кедергі жасамай, жөніңді тап. Әйтпесе, таяқ жеп қалуың ғажап емес.

Серкеш бұл сөздерге ренжіді де, шетке шығып кетті. Ал қарны жалаңаш ергежейлі әрбір сөзінен кейін: «Тірі болсақ – көре жатармыз», «қарнымыз тойса – қалғанын бір нәрсе етерміз», – дегенді қайталап, әлі суырылып сөйлеп тұр.

Оның өздері бейшара Ай тұрғындарын аз да болса жұбатқандай еді. Бірте-бірте олар тынышталып, жылағандарын қойды. Барлығы көңілденіп, әңгімелесе бастады. Жан-жақтан:

– Бауырлар! Тірі болсақ көре жатармыз! Қарнымыз тойса – қалғанын бір нәрсе етерміз! – деген сөздер ғана естіледі.

Тек Серкештің ғана қабағы жазылмады.

– Тапқан екенсіндер жұбанатын нәрсені! – деп күңкілдеді ол. – Қарны тойса, қой да тірі болады. Қашу керек бұл жерден.

– Қалай қашасын? – деп сұрады Дымбілмес.

– Бұл жерден, әрине, қаша алмайсың. Ал аралға барған соң, қолды қусырып қарап отырмай, қайық істеп, қашқан жөн.

Кеме кешікпей-ақ жағадан алыстап, жолға шықты. Жол ұзақ, әрі ауыр болды. Толқындар кемені түп-тура екі күн, екі түн қақпақыл қылып, ойнап бақты. Бұған дейін мүлде теңіз көрмеген ергежейлілерге тентек толқындар кемені төңкеріп тастап, түпсіз тұңғиыққа батырып жіберетіндей болып көрінеді. Екі тәулік бойына көпшілігі көз ілмеді. Сондықтан сапардың соңына таман аяқтарын өрен-өрең баса алатын халге жеткен-ді. Үшінші күн дегенде кеме жанға жайлы тып-тыныш шығанаққа кіріп тоқтады да, әбден қалжыраған ергежейлілерді дымқыл, қараңғы трюмнен¹ сыртқа шығарды.

Пальма, шабдал, банан, жаңғақ және апельсин ағаштары жайқалып өсіп тұрған жап-жасыл жағалауды көргенде, байғұс ергежейлілердің қуанғаннан естері шығып кетті. Аяғының астының толқып жатқан теңіз емес, қатты жер екенін сезудің өзі оларға бақыт еді. Ию-кию қуанып, қиқу салған ергежейлілер жағаға жапырлап түсе салысымен ағаштарға қарай тұра жүгірді. Сол жерде олар банандар мен құрма жемісін, шабдалы мен апельсинді үзіп жеп, таяқтарымен ағаш басындағы жаңғақтарын ұрып түсіріп, асыр сала секіріп, билей бастады. Жеміске әбден тойған соң олар ағаштардың арасына құрып тастаған өткеншектерде тербеліп, айналмалар мен сайтан дөңгелектерде айналып, қолдан жасалған төбешіктерден төмен сырғанап, мәз-мейрам болысты.

Күтпеген жерден олардың құлағына қоңыраудың үні естілді. Ергежейлілер көп ойланып тұрмастан-ақ қоңыраудың даусы шыққан жаққа қарай лап қойысты. Сол жерде олар терезелері айқара ашық тұрған асхана үйін көрді. Асхана алдында басына ақ қалпақ киген аспазшы бұлардың бәрін тамақ ішуге шақырып тұр. Бірақ жеміске әбден то-

¹ Т р ю м – кеменің жүк қоятын астыңғы үйі.

йып алғандықтан, тамақ ішуге ешқайсысының зауқы соқпады. Ергежейлілер екі ойлы болып, асхана есігінің алдында бөгеліп тұрып қалған. Осы кезде екінші жақтан да қонырау үні естілді. Біреу бұйрық бергендей-ақ барлығы сол жаққа қарай лап қойып еді, алдыңғы қабырғасына түптүгел түрлі-түсті жарнамалар жапсырылған кинотеатр үйін көрді. Ең үлкен жарнамада ірі әріптерімен:

«Теңіз түбіндегі өлім, немесе Қанды белгі. Қылмыскерлер өмірінен түсірілген, өлтіру, тонау, суға батыру, поездың астына лақтыру және жабайы аңдарға талату көрсетілетін аса қызық оқиғалы жаңа кинофильм. Тек қана біздің кинотеатрда қойылады. Көруге асығыңыздар!» – деп жазылыпты.

Киноның қазір басталуға тиіс екенін ұққан ергежейлілер залдан орын алуға жапа-тармағай ұмтылысты. Олар отырып болар-болмаста шам сөніп, экранда бетіне маска кигені, кимегені аралас, қолдарында пышақтары, қанжарлары, пистолеттері бар әр түрлі күдікті ергежейлілер әрі-бері жүгіре бастады. Бақайшағына дейін қаруланған полицейлер де қолма-қол пайда болды. Олар көліктің: машина, автобус, вертолет, самолет, поезд, катер, пароход, сүңгуір қайық сияқты сан алуан түрлерін пайдаланып, бірін-бірі өкшелеп қуа бастады. Бәрі де минут сайын құлайды, өлдеқандай апандарға түсіп кетеді, суға күмп береді, өздері батады, өзгелерді батырады, қолына түскен нәрсені алып төбелеседі, бір-біріне пистолеттен және автоматтан оқ жаудырады. Бейшара көрермендер әлгіндей жайларды көргенде, қорыққандарынан орындарында отырып айқай салады.

Залдағы шу бірте-бірте саябырлап, тына бастады да, ақырында біржола басылды. Алыс жолдан шаршап-шалдығып жеткен ергежейлілер киноның аяқталуын күтпей-ақ, отырған орындарында ұйықтап кетті. Кинотеатрдағы орындықтар алыс сапарға шығатын автобустардың артқа қарай шалқайтып қоюға болатын креслолары сияқты етіліп жасалғанын айта кеткен артық емес. Олардың арқалығын кейін қарай жазып, кинодан шықпай-ақ, төсекке жатқандай рақаттанып ұйықтауға болатын еді. Барлығының қатты шаршағаны сондай, оянбастан бір күн, бір түн ұйықтап, келесі күні таңертең ғана тұрды.

Таңғы тамаққа шақырған қоңыраудың үнін естіген ергежейлілер орындарынан тұра салып, асханаға жүгірген. Тамақты төбетпен ішіп, тойып алған соң, олар жасырынбақ, қуыспақ сияқты әр түрлі қызықты ойындарға кірісті. Осыдан соң біразы өткеншектер мен айналмаларға жүгірген, екіншілері қоңыраудың үнін естіп, кинотеатрға келді, мұнда кинолар таңғы тамақ ішіліп болысымен-ақ бастала береді екен.

Апельсин ағаштарының арасымен бірін-бірі қуалап жүгіріп жүріп, ергежейлілер шарашка ойынына арналған төрт бұрышты үлкен алаңға кезіккен. Ұзын сапты ағаш балғалар мен екі шарашка, қысқасы, осы бір аса қызықты ойынға керекті құралдардың бәрі де дайындалып қойылыпты. Шарашка деп ай тұрғындары үлкендігі ергежейлінің басындай ағаш доптарды атайтынын да ескерте кету ләзім. Ойынға, әдетте, ақ және қара доп бірдей қатыстырылады. Ойнаушылар екі топқа он екіден тең бөлінеді. Ағаш балғалармен қаруланған алғашқы топ әр допты алаң ортасындағы шұңқырға түсіру үшін жабылып қуа бастайды, әрі өздеріне қарсы топтың жаңағы шұңқырға қара допты салып жібермеуін қоса қадағалайды. Шұңқырға өзінің шарын бұрын түсірген жақ жеңіп шығады.

Сырт қарағанда соншалықты қарапайым көрінетін осы ойын өте қызық болатын және Ай тұрғындары арасында мейлінше кең тараған-ды. Барлық ойындар сияқты, шарашканың да өзінің ережелері, әдісі мен тәсілі бар болатын. Ереже бойынша ойыншылардың ағаш балғалармен бірін-бірі аяққа немесе басқа ұруға қақылары жоқ-ты, ал допты аяқпен басып ұстап тұруға, алаң сызығынан сыртқа қарай ұрып жіберуге, қарсыласынды иықпен немесе қолмен итеруге рұқсат етілетін. Әдіс пен тәсілдің мәні топ капитанының өз ойыншыларын шабуылшылар мен қорғанушыларға дұрыс бөлуінде болатын. Шабуылшылардың міндеті – қарсыластардың добын шұңқырға түсірмеу, қорғанушылардың міндеті – өз добынды қарсы жақтың ойыншыларынан қорғау. Капитан кейде екі топты тең бөледі, ойынның бұл жүйесі «6-ға 6» деп аталады. Кейде ол шабуылдаушы топқа 7 ойыншыны, қорғанысқа 5 ойыншыны тағайындау жөн деп санай-

ды. Ойынның бұл жүйесін «7-ге 5» дейді. Сондай-ақ «8-ге 4» және «12» жүйелері де болады, мұнда капитан команданы бөлмей, тұтас сақтайды. Рас, бұл жағдайда да ойыншылар қайсысы шабуыл жасап, қайсысы қорғаныста болатыны жайлы алдын-ала келісіп алады да, ойын барысында қарсыластарын есептен жаңылдыру үшін бір-бірімен орындарын ауыстырып отырады. Осындай тәсілдердің әр түрлі болуы бұл ойынды мейлінше қызықты ететіні түсінікті.

Осы алаң табылысымен-ақ ойыншылардың төрт командасы бірден құрылды, бірақ төртеуі ойынға бір мезгілде қатыса алмайтын, сондықтан екі команда ойынға кірісті де, қалған екеуі кезек күтті. Ол күні күтушілерге кезек бөрібір тиген жоқ, оның есесіне келесі күні таңертең ертерек оянып, күнұзақ алаң иесі өздері болды. Содан бастап қай жақ ерте тұрып, алаңға бұрын жүгіріп жетсе, шарашканы да күні бұрын солар ойнайтын. Ақырында, ойынға аса құмарлары алаңнан түнде де кетпей, қонып қалатынды шығарды. Бұдан ешқандай қолайсыздық көрген жоқ, өйткені Жындылар аралының ауа райы өте жылы болатын, жаңбыр мүлде дерлік жаумайтын, сондықтан ашық аспан астында ұйықтай беруге болатын еді. Сөйтіп, ойыншылардың екі тобы ғана қалды. Олар енді таң атқаннан күн батқанға дейін еш дамылсыз ойнайтын болды.

Бұл уақытта қалған барлық ергежейлілер де өздері ұнататын әр түрлі ойын топтарына бөлінген-ді. Шарашкашылардан басқа айналмашылар, дөңгелекшілер, чехардашылар¹, киношылар, карташылар, доминошылар², болды. Күні бойы айналмада айналуды сүйетіндерді — айналмашылар, сайтан дөңгелекті ұнататындарды — дөңгелекшілер, чехарда ойынынан басқа еш нәрсеге зауқы соқпайтындарды — чехардашылар, стол басында сартылдатып домино соғудан жалықпайтындарды — доминошылар деп атайтын. Карташылар төрт-төрттен бөлініп алып, көк шалғынның үстіне отырып, көбінесе «алты карта» ойынын соғатын. Ал киношылар болса таң

¹ Ч е х а р д а — кезекпен бастан секіретін ойын.

² Д о м и н о — 28 таспен ойнайтын ұпайлы ойын.

атқаннан күн батқанға дейін әр түрлі кинолардың бірде-бірін жіберместен қарайтын. Осылай өне бойы бір ғана нәрсемен айналысу – ергежейлілердің ойлау қабілетін әлсіретіп, топастандырып, олардың жануарларға айналуын тездететін.

Дегенмен, кинофильмдер көру – шарашка немесе домино ойнауға қарағанда неғұрлым интеллектуалды, басқаша айтқанда, ақыл-ой үшін пайдалы іс саналатын. Алайда, бұл теріс пікір еді. Өйткені фильмдердің барлығы мағынасыз, мазмұнсыз болып келетін де, ақыл-ойға ешқандай азық бере алмайтын. Осындай фильмдердің кейіпкерлері қалай жүгіретінін, секіретінін, құлайтынын, домалайтынын және пистолетпен бір-біріне оқ жаудыратынын өне бойы тамашалап қарай беру – ешқашан сана-сезімді оятып ақыл қоспайтын, қайта керісінше, кімді болса да топастандырып жіберетін.

Дымбілмес пен Серкеш те өзгелермен бірге таңертеңнен кешке дейін кинотеатрдан шықпай, жұмсақ креслоға жайғасып алып, қозғалмастан кино көруді дағдыға айналдырғанын айта кеткен жөн. Бір күні кешкісін олар ұзақты күнге тырп етпей отыра бергеннен арқалары сіресіп жазылмай қалғанын анық сезді, қанша әрекеттенгенмен орындарынан тұра алмады. Зөрелері ұшып, қатты қорыққан Дымбілмес пен Серкеш өрен дегенде жұмсақ орындықтарынан еденге сырғанап түсіп, еңбектеген қалпынша далаға шықты. Шөп үстіне төрт аяқтап жүріп-жүріп, өлдік-талдық дегенде арқаларын зорға жазып, түрегелді. Алғашқыда екеуі де естері ауып қалғандай, бір-біріне аңыра қарап біраз тұрды. Ақырында, Дымбілместің жүзінде ақыл-ойдың нышаны білініп, ол досынан:

– Серкеш-ау, қайықты жасауға қашан кірісеміз? – деп сұрады.

– Қандай қайықты? – деді Серкеш түкке түсінбей.

– Қайықтың қандай болатынын білмейсің бе? Кәдімгі суда жүзетін қайықты.

– Суда жүзудің бізге керегі не?

– Жындылар аралынан қашып кетеміз дегеніміз қайда?

– Ә, солай екен-ау! – деді Серкеш. – Жарайды, ертеңнен бастап іске кірісеміз.

Бірақ ертесінде олар қайық жасау қажеттігін естен шығарды да, таңертеннен бастап өткеншек тебуге, айналмада айналуға, астарына кішкене кілемше төсеп, жасанды төбешіктен сырғанауға жүгіре жөнелді. Осындай ойындар оларды баурап алғаны сондай, қашу туралы ой бастарынан мүлде шығып кетті. Күндер қайтадан зымырап, бұрынғыша өте берді. Рас, кейде кешкісін, бұрынғы жоспарлары есіне түсіп кеткен кезде ғана Дымбілмес:

– Әй, Серкеш, екеуіміз түбінде қойға айналып тынатынымызды жүрегім сезеді, – дейтін.

– Қойшы соны! – деп Серкеш бұған мән бермей, қолын бір-ақ сілтейтін. – Осы уақытқа дейін еш нәрсеге айналған жоқпыз ғой, жәй сөз шығар. Кім айтты қойға айналасындар деп? Ешкім айтқан жоқ, уақытында көре жатармыз.

– Ол кезде кеш қаламыз ғой.

– Жарайды, қайық жасауға ертен кірісейік.

Бірақ ертеңінде де еш нәрсе өзгере қоймайтын. Сырғанау, тербелу, айналу және басқа да қызықтар есілдертін билеп алған Серкеш, қашу жөніндегі әңгімені естігісі де келмейтін болған еді. Дымбілмес қайық жөнінде айтып, аузын аша берсе болды, Серкеш шыдамсызданып, қолын сермеп, сөзін бөліп.

– Ертен! – деп қысқа қайыратын.

Ақырында, Дымбілмес те қайық туралы аузына алмайтын болып кетті.

Бір жолы таңертеннен айналмаға отырып алып, көп айналғандары сондай, Дымбілмес шыдай алмай, мөңгіріп, құлап түсті. Өзін-өзі зорлап орнынан өрең тұрып, мас кісідей теңселе басып, апельсин ағаштарын аралап келе жатты. Айнала төңірек мұнартып, көзінің алды тұманданғандай. Біраздан соң тоғай шетіне шыққан еді, алысырақтағы көкшіл түске боялған ағаш қашаға көзі түсті, Дымбілмес өзінің осында қалай келіп қалғанын түсінбей, аң-таң болып тұрғанда, қашаның ар жағынан:

– Бә-ә-ә! Мә-ә-ә! – деген түсініксіз дауыстар естілді.

Осындай оғаш үннің иесі кім екенін білгісі келген ол ағаш қашаға жақындап келіп, ішіне үңілмек болған, бірақ тақтайлар бір-біріне жымдастырылып қағылған-

дықтан сығалайтын саңылау таппады. Дымбілмес көп ойланып тұрмастан қашаның үстіне өрмелеп шыққанда, көк шалғыны көз тартатын кең жазықты, сөл өрірек ағып жатқан бұлақты, онан кейін қарауытқан орманды көрді. Көк шалғында бір отар ақ қойлар жайылып жүр. Жүні жалбыраған екі төбет оларды шашау шығармай күзетуде. Қойлардың бірі отардан сөл кейіндей бастаса болды, төбеттер арсылдай ұмтылады да, отарға қайтадан қуып тығады.

Ағаш қашаның іргесінде, Дымбілмеске жап-жақын жерде, қойлардың аппақ жүні маяланған шөп сияқты үйіліп қалыпты. Оның жанында бірнеше ергежейлі қолдарына үлкен қайшы ұстап, қой қырқып жүр. Аяқтары байланған байғұс жануарлар қыңқ етпей, тып-тыныш жатыр. Бір ергежейлі жүні қырқылған қойдың аяқтарын шешті де, қарнының астынан демей көтеріп, орнынан тұрғызды. Қозғалмай жатқаннан аяқтары ұйып қалған байғұс жануар кібіртіктей басып, отарға беттеді. Үстіндегі қомпиған жүнін алып тастаған соң аяқтары сидиып, епетейсіз арық болып көрінгені сондай, Дымбілмес ішек-сілесі ката күліп жібере жаздап, өрен шыдады. Дәл осы мезетте жанағы отарға беттеп бара жатқан қой тоқтай қалды да, басын бір жағына қисайтып, аянышты үнмен:

– Бә-ә-ә! – деп маңырады.

«Е, маңыраған осылар екен ғой!» деп ойлады Дымбілмес.

Осындай ойдан, неге екені белгісіз, тұла бойы мұздап кетті.

Осы сәтте мотордың гүрілдеген дыбысы естілді де, Дымбілмес үйілген жүннің жанына келіп тоқтаған жүк машинасын көрді. Қой қырқып жатқан ергежейлілер жұмыстарын тастай салып, машинаға жүн тиеуге кірісті. Машина жүргізуші Дымбілместі көріп, кабинадан басын шығарып, қолын бұлғап:

– Әй, осында келгенше асығып тұрмысың? – деп айқайлады. – Кешікпей-ақ сенің де жүніңді қырқады өлі! Ха-ха-ха!

Бұл күлкіден Дымбілместің тұла бойы түршігіп кетті. Жындылар аралына тап болған ергежейлілердің

қандай халге ұшырайтыны туралы бұрын естіген әңгімелері есіне түсті. Осы ойдан зәре-күты қалмаған ол қашадан сырғанап түсті де, аяғы жерге тиместен кейін қарай жүгіре жөнелді.

— Тоқтандар, бауырлар! — деп айқайлады ол мәз-мейрам болып айналмада айналып жүрген ергежейлілердің жанына келіп. — Тоқтандар! Қашу керек бұл жерден!

Сөзіне ешкімнің құлақ қойғысы келмейтінін көрген Дымбілмес Серкешті жағасынан ұстап, айналманың үстінен сүйреп түсірді. Күні бойы шыр көбелек айналу-дан мөңгіріп қалған Серкеш түкке түсінбей, қолымен жер тіреп, манырағанға ұқсайтын түсініксіз дыбыс шығарып, төрт тағандады да қалды. Дымбілмес Серкешті жағасынан ұстап, қанша сүйрелеп, сілкілегенімен онысынан түк шықпады.

— Серкеш, көкетай, қашайық бұл жерден тезірек! — деп айқайлады Дымбілмес жыларман болып.

Серкеш оған тұманданған жанарымен қарады да, тілі күрмеле өрең сөйлеп:

— Дымбілмес, бе-бе-бері қарашы, бүгін менің көп айналғаным сондай, басым бе-е, мә-ә, мөңгіріп тұр, — деді.

Осы сөздерді тілі күрмеліп өрең айтты да, кенет орынсыз ішек-сілесі ката күлді. Осыдан кейін көк шөптің үстінде төрт тағандай енбектеп:

— Бә-ә-ә! Мә-ә-ә! — деп дауыстай бастады.

— Серкеш, көкетай, олай етпеші, керегі жоқ! Керегі жоқ! — деп жалынды Дымбілмес.

Ол ақыл-есінен адасқан Серкешті көтеріп алды да, теңіз жағасына қарай жүгіре жөнелді. Оған Серкеш дәл қазір қойға айналып кететіндей, содан соң оны қайтадан құтқарып алу мүмкін болмай қалатындай көрінген еді. Кешікпей-ақ олар тоғайдың шетіне шыққан. Сирек өскен пальма ағаштарының арасынан теңіз беті жарқырап көзге шалынды. Алыстан биік дінгектің үстіндегі жалауы желбіреген кеме тоқтайтын айлақ көрінді. Дымбілмес бойындағы ең соңғы күшін жиып, теңіз жағасына жетті де, құмның үстіне құлады. Қолдары өзінен-өзі жазылып кетті, одан әрі не болғанын сезген жоқ.

Серкеш теңіз жағасына жеткен соң да түкке түсінбей, біразға дейін жан-жағына мағынасыз қараумен

болған. Теңізден соққан салқын жел бірте-бірте бойын сергіте бастады. Басының айналғаны қойды. Өзінің айналмада емес, теңіз жағасында отырғанын сонда ғана білді ол. Қасында екі қолы екі жағында, Дымбілмес жатыр. Көздері жұмулы.

«Ұйықтап жатқан ғой» деп ойлады Серкеш.

Ол құмды жағалауға бірінен соң бірі шуылдап келіп соқтығып, артынша ашуы басылып, жері қайтып кетіп жатқан теңіз толқындарына қарап біраз отырды. Егер алыстан кіп-кішкентай қарайған ноқатты көзі шалмағанда, оның теңіз толқындарын тамашалап, қанша уақыт отыра беретіні белгісіз еді. Алғашқыда Серкеш өлгі ноқатты теңіз бетінде қалқып жүрген құс деп ойлаған, бірақ бірте-бірте қарайған ноқат жақындай түсті де, құс емес екенін анық сезді. Осыдан соң Серкеш оны дирижабль немесе самолетке ұқсатқан, арада тағы біраз уақыт өткенде ғана ноқаттың кеме екеніне көзі жетті.

– Бұл не ғажап! – деп күбірледі танырқаған Серкеш. – Кемелер қашаннан бері ауамен ұшатын болған?

Ол енді Дымбілместі иығынан жұлқылай бастады. Оның оянбағанын көрген соң, қатты қорқып кетті де, бетіне суық су бүркуге кірісті. Дымбілмес сонда ғана есін жиды.

– Мен қайдамын? – деді ол көзін ашып.

– Ана кемені қара! – деп айқайлап жіберді Серкеш.

– Көне, қайда? – деді Дымбілмес орнынан көтеріле беріп, теңіз бетіне көз жүгіртіп.

– Онда емес, жоғары қара, – деп Серкеш сұқ саусағымен аспанды нұсқады.

Дымбілмес жоғары қарап, ауамен ұшып келе жатқан, мұржасы, діңгегі, якоры, палубасының үстіне іліп қойған құтқару шлюпкасы бар кемені көрді. Бұл көрініске таң болған ол бір орнында сілейді де қалды. Кеме барған сайын үлкейіп, тез жақындап келе жатты. Енді оның үстіндегі ергежейлілерді де ажыратуға болатын еді. Зерелері ұшып, қорыққан Дымбілмес пен Серкеш жақындап келе жатқан кеменің алып тұлғасына қарап ауыздарын ашып, көздері бақырайып тұрып қалыпты. Серкеш бір нәрсе айтқысы келген еді, үні шықпай, айта алмады. Ақырында, әрең дегенде:

– Бұл не?.. Неліктен бұлай? – деуге ғана шамасы келді.

– Салмақсыздық! – деп айқайлап жіберді кенеттен Дымбілмес. – Шамасы, бұл Білгір болар. Мен оның қалайда біздерді құтқаруға келетінін білген едім! Ура!

Ол басындағы қалпағын жоғары лақтырып жіберді де, қуанғаннан жағаны бойлай жүгіріп, секіре бастады.

Кеме бұл кезде айлақтың үстінен қалқып өтті де, су бетіне жайлап қонды. Дымбілмес мен Серкеш қол ұстасып, айлаққа қарай жүгіре жөнелді. Олар сатымен жоғары көтеріліп үлгермей жатып-ақ, кемеден траппен түсіп келе жатқан Білгірді, дәрігер Дәруовты, Бұрандашаны, Тетікшені, Томпиды және бірнеше бейтаныс ергежейлілерді көрді. Қатты қуанған Дымбілместің жүрегі кеудесіне сыймай дүрсілдеп, аяғы икемге келмей, тұрып қалды.

– Қазір менің жазамды беретін шығар, – деп күбірледі ол.

Жанында өзге ергежейлілері бар Білгір Дымбілместің жанына келіп:

– Көне, саламатсың ба? – деп қолын ұсынды.

– Ал сендердің ертерек ұшып келулеріңе болмайтын ба еді? – деді Дымбілмес, Білгірдің сәлемдескеніне жауап та қайырмастан. – Біз мұнда күте-күте екі көзіміз төрт болды. Қойға айналып кетуге сәл-ақ қалдық, ал бұлардың ойларына да кіріп-шықпайды! Өстіп тұрып өздерін құтқарушылармыз деп санайды!

– Бұл сөздеріңнен кейін сендей ақымақпен сөйлескім де келмейді! – деп ашуланды Білгір.

– Сен одан да іздеп тапқанымызға рақмет айтсаңшы, – деді дәрігер Дәруов. – Ал өзінді қалай сезінесің?

– Жақсы.

– Ендеше тезірек кемеге көтеріл, әйтпесе бұл жердің ауасы залалды деседі. Көп тұрмайық.

– Жоқ, тағы да азырақ бөгеле тұруға болар деп ойлаймын, – деді Дымбілмес. – Менің өзге ергежейлілерді де құтқаруым қажет. Мұнда менімен бірге келгендер аз емес.

– Оларды біз сенсіз-ақ құтқарамыз, – деді дәрігер Дәруов.

– Жок, жок, бауырлар, менсіз сендер бір нәрсені шатастыруларың, біреулерді ұмытып кетулерің мүмкін. Бәрін өзім түгендеуге тиіспін. Және бір сұрақ. Сендерде басы артық салмақсыздық құралы жоқ па?

– Оны қайтесің? – деп сұрады Бұрандаша.

– Мен мынадай нәрсені ойлап таптым, – деді Дымбілмес. – Біз салмақсыздық құралын Арал ортасына, жерге көміп тасмаймыз. Сонда осы төңіректегі ауа салмағынан айрылып, жоғары көтеріліп кетеді де, оның орнына жан-жақтан теңіздің таза ауасы келеді. Сөйтіп, аралдың ауасы тазарып, ешкім қойға айналмайтын болады.

– Мынаны қараңдар, – деп таң қала дауыстады Тетікше, – біздің Дымбілмес те өнертапқыш болыпты.

– Ал сен қалай деп ойлап едің? Соңғы кезде ақылымның толысқаны ғажап. Ауаны тазартуды кемемен осында келе жатқанда ойлап тапқанмын. Трюмде ерігіп бос отырдық, сондықтан әр түрлі нәрселерді ойлап тауып уақыт өткізуге тура келді.

– Жарайды, – деді Бұрандаша. – Салмақсыздық құралы табылады. Оның үстіне саған бөтенке де керек сияқты. Бөтенкені кемеге мінген соң аларсың, ал қазір бізді ергежейлілеріңе алып бар, әйтпесе олардың ішінен әлдебіреуі, шынында да, қойға айналып кетіп жүрер.

Отыз бесінші тарау

ҮЛКЕН ӨЗГЕРІСТЕР

Сараңсерінің жұмысшылары салмақсыздық құралын меңгеріп алғаннан кейін фабрикадан Сараңсеріні қуып жібергені жұрттың аузынан түспейтін болды. Өзге фабрикалардың жұмысшылары да космонавтарға барып жолығып, қайтып келген соң өздерінде салмақсыздық жағдайын туғызып жүрді. Кейбір фабрикаларда жұмысшылар бұрынғыдай жалтақтағанды қойып, ешқандай салмақсыздықсыз-ақ қожайындарын қуып жіберіп, билікті өз қолдарына алды.

Бұл оқиғалардан қатты қорыққан полиция жұмысшыларға қарсы шығуды қойды. Көптеген полицейлер

өздерінің мылтықтары мен пистолеттерін лақтырып жіберіп, мундирлері мен каскаларын жерге көміп тастап, көдімгі қарапайым ергежейлілерше киініп, фабрикалар мен заводтарға жұмысқа тұра бастады. Салмаксыздық жағдайына ұшырап, ауада зымырап ұшудан, үсті-басынды күйікке шалдырудан, жарақаттанып, мертігуден гөрі, жұмыс істеген әлдеқайда артық десетін болды олар.

Жұмысшылар өздерінің еңбектері үшін жалақыны көбірек алатын болды, өйткені олардың еңбек ақысының бір бөлігін бұрынғыдай байлар иемденбейтін еді. Бұйымдардың бағасы арзандады. Сондықтан енді кез келген ергежейлі тамақты бұрынғысынан жақсы ішетін болды, бұйымдарды да көбірек сатып ала бастады. Бұйымдарды жұрт көптен сатып алатын болғандықтан фабрикалар оларды шығаруды еселеп аттыруға кірісті. Бұл үшін жұмысшылардың санын өсіру қажеттігі туды. Кешікпей-ақ еңбек еткісі келетіндердің барлығы жұмысқа тұрды. Жұмыссыздық жойылды. Енді ешкім де байларға малай болып жалданғысы келмеді. Олардан қызметші, күтуші, кір жуушы, есік күзетуші, еден жуушы жалшы-малайлардың, азпаздардың барлығы қашып кетті. Аспазшы ер-әйелдердің бәрі де енді асханалар мен ресторандарда жұмыс істегенді артық көретін болды, өйткені мұнда олар өздеріне өздері қожайын болатын. Асханалар мен ресторандардың саны күннен-күнге көбейе берді, көптеген ергежейлілер үйде тамақ істемейтін болды. Рестораннан тамақ ішуге, немесе асханадан дайын тамақты сатып алуға олардың ақшалары жеткілікті еді.

Жұмысшылар өзінен фабриканы тартып алмай тұрып-ақ барлық ақшасынан айрылып қалған Сараңсері байғұс енді не істерін білмеді. Алғаш ол біразға дейін таныстарының үйлерінен тамақтанып жүрді, бірақ бұл тіршілігі оларға оншалықты ұнай қоймағанына көзі жеткен соң, өзінің бұрынғы макарон фабрикасына барып, жұмысқа орналасып тынды. Ешкім оған кедергі келтірген жоқ. Бәрі де оның макарон жасауды жақсы көретінін білетіндіктен, жұмысты бар ынтасымен істер деп сенген еді.

Сараңсері қамыр илейтін машинада бірнеше күн қосалқы жұмысшы болып істеген соң, оны макаронды

сығымдап шығаратын преске ауыстырды. Мұндағы міндеті – макарон түтікшелерінің престен тынбай ағылып шығуын, олардың қалыңдығы мен сапасын қадағалау. Егер қамыр тым сұйылып кетсе, мұның өзі макарон түтікшелерінің қалыңдығына бірден әсер ететін, – онда ол қамыр иелеушілерге «қамырға ұн қосып, қойылытындар», – деп айтатын, егер қамырдың қою бөлып кеткенін аңғарса, «су қосындар», – деп ескертетін. Түтікшелердің ұзындығы белгілі мөлшерге жеткенде, Сараңсері түймешікті басып қалады, сол кезде электр пышақ іске қосылып, оларды кесіп түсетін. Осыдан кейін макарон түтікшелері ыстық булы қазанда буланып, конвейер арқылы кептіргішке жеткізіледі. Макарон пресінде бірнеше күн жұмыс істеген Сараңсері оған бір бүйірінде томпайып шығып тұрған бедері бар кішкене дөңгелекше орнатты. Айналып тұратын өлгі дөңгелекше өзінің томпайған бедерімен белгілі уақыт өткенде түймешікті басытын да, электр пышақты автоматты түрде іске қосатын. Осындай өнертапқыштық әдісті қолдану нәтижесінде Сараңсері макаронның ұзындығы тиісті мөлшерге жеткенде, түймешікті басу міндетінен құтылды да, бір емес, екі пресе қатар жұмыс істей алатын болды. Ол енді қамырдың қаттылығын машинаның өзі реттеп, қажет кезінде ұн мен суды автоматты түрде араластырып отыратын етемін деп уәде берді. Фабрикада жұмыс істей бастағаннан бері Сараңсері жұмысшылардың еңбегін жеңілдетудің қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінді. Жалпы алғанда, жұмыс істеу оған ұнады, өсіресе өзін қоршаған ергежейлілермен кез келген уақытта әңгімелесуге, әзілдесуге, қажет болса ақылдасуға болатын еді.

Әдетте жұмыс күні аяқталған соң, ол көбінесе бір бөлке нан сатып алып, қолтығына қысқан бойы хайуанаттар паркіне беттейтін. Ол хайуанаттарды, өсіресе суда жүзетін құстарды тамашалауды мейлінше жақсы көретін. Тоғанның ортасында жүзіп жүрген үйректерді көргенде мөз-мейрам болып:

«Үйректі қарандар! Үйректі!» деп шаттана күліп, айқай салатын.

Осыдан соң бөлкеден үзіп алып, тоғанға лақтыра бас-

тайтын. Мұны байқаған үйректер жағаға жақындап жүзіп келіп, нанның қиқымдарын теріп жейтін. Бірте-бірте олардың бұған әбден үйреніп алғаны сондай, Сарансерінің кара цилиндрін алыстан көрген бойда-ақ танып, жағаға жетуге асығатын болды. Үйректердің осы қылығы Сарансерінің жүрегін елжірететін. Әдетте, жарты бөлке нанды үйректерге үлестіріп болған соң ол:

– Енді бара қойындар, сүйкімділерім, суларында жүзе тұрындар, ертең тағы нан әкеліп беремін, – дейтін.

Осыдан соң ол аяндап, аңдардың балалары жүрген алаңға келетін. Осы жерде нанның қалғанын аюдың кішкене қонжықтарына беретін де, егер маңайда қыдырыстап жүрген ергежейлілер аз болса, кішкене, сүйкімді аңдарды сипауға болмас па екен деп қарауылдан рұқсат сұрайтын. Қарауыл кейде рұқсат ететін. Ондайда Сарансері шарбақтан секіріп түсіп, аңдардың балаларын кезек-кезек сипай бастайтын, ең соңында аюдың өлдеқандай бір өдемі қонжығын сүйіп алатын да, аңдармен түгелдей қоштасып, өзін мейлінше бақытты сезініп, үйіне қайтатын.

Демалыс күндері өзінің жаңа таныстарының бірімен қала сыртына: орманға немесе өзен жағасына барып, таза ауа жұтып, құстардың өнін тыңдап, әр түрлі гүлдерді тамашалап, дем алып, серуендейтін. Бірте-бірте ол көптеген гүлдердің аттарын біліп алды, енді оларды бұрынғыдай жай ғана көк, қызыл немесе сары гүлдер деп атамай, ботакөздер, түймедақтар, кувшинкалар¹, маржангүлдер, қоңыраугүлдер, тырнакгүл, фиалкалар, бақ-бақ, көктікен, мускариктер немесе тауықкөздер деп айтатын болды. Сарансері гүлдерді осылай өз аттарымен атап қана қоймай, тіпті жақсы көріп кетті. Енді оларды көргенде өзінің ескі танысын, немесе туысын кездестіргендей қатты қуанатын болды.

– Өмір қандай тамаша! – дейтін ол. – Табиғат неткен өдемі! Мен бұрын гүлдерді де, шөптерді де, сүйкімді құстарды да, жағасы сұлу өзенді де көрмеппін ғой. Оған қолым тиді ме. Жатсам да, тұрсам да бір-ақ нәрсені: көбірек ақша табуды ғана ойлаумен болыппын, одан бас-

¹ К у в ш и н к а – су астында өсетін ақ гүлді өсімдік.

қаға ешқашан уақытым жетпейтін. Егер осы айтқандарымның бірі өтірік болса, қара жер қақ айрылып, жұтып жіберсін! Оның есесіне мен қазір ең бағалы не екенін жақсы білемін, ол – ақша емес, мынау біздерді қоршаған сұлулық. Оны бірақ қалтаңа салуға, жеуге, немесе сандыққа тығып қоюға болмайды!

Фабрикаларымен бірге табатын табыстарынан да айрылған көптеген байлар жұмысқа тұруға мәжбүр болды. Мұның өзі күндіз-түні қазына-байлығын ғана ойлап қалт-құлт етіп тірлік кешуден, басқаларды қайтсем алдаймын, өзгелерден қайткенде алданып қалмаймын деп ұйқы мен күлкіден, тамаққа деген тәбеттен айрылудан әлдеқандай артық екеніне көздерін жеткізді.

Дегенмен, заводтары мен фабрикаларынан айрылғанымен, ақшаларын сақтап қалған байлар да болды. Жұмысшылар ол ақшалардың барлығы халыққа қайтарылуға тиіс деп санады, өйткені байлар қазына байлықтың барлығын өзгелерді алдап, қанау, өздеріне жұмыс істеткізу арқылы тапқаны белгілі ғой. Сондықтан да жұмысшылар, байлардың басқалардың еңбегін қанау арқылы тапқан ақшасының барлығы ортақ кассаға өткізілсін, оларға үлкен театрлар, музейлер, сурет галереялары, стадиондар, жүзу бассейндері, ауруханалар мен серуендеп қыдыруға арналған кемелер жасалсын деп, жарлық шығарды.

Осыдан соң байларға ақшаларын ортақ кассаға өткізуге тура келді. Алайда, олардың қайсыбірі қулық жасап, ақшаларының бір бөлігін жасырып, тығып қалды. Осындай аярлық жасаған байлардың бірі – атағы әлемге әйгілі, ірі-ірі тоқыма фабрикаларының иесі Сегізаяқ болатын. Оның қанша ақшасы барын ешкім анық білмеуші еді. Сондықтан ол ақшасының жартысын ғана өткізді де, қалған жартысын өзіне қалдырды. Қолында ақша болса, бұрынғыдай жұмыс істемей-ақ өмір сүруге болатын шығар деп ойлаған еді.

Алайда, жұмыс істемей адал өмір сүру мүмкін емес-ті. Әр ергежейлі басқалардың қызметіне зәру, ендеше өзі де еңбек етуге тиісті. Сегізаяқ болса шөп басын да сындырмай, әлдекімдердің арқасында күн көруді көздеді. Оған ең алдымен өзіне тамақ істеп беретін

ергежейлі қажет еді. Бірақ жалшыларының бірде-бірі қалмай, түгел қашып кеткендіктен, амалсыз асханаға барып, тамақтанып жүрді. Алғашында ешкім еш нәрсе деген жоқ, бірақ күндердің күнінде бас аспазшы оның қасына келді де:

– Сөзіме құлақ салыңыз, Сегізаяқ, – деді, – біз ғой, бәріміз сізге тамақ дайындап, қызмет етеміз, ал сіз бізге ешқандай пайда келтірмейсіз, еш жерде жұмыс істемейсіз, бар болғаны ас ішіп, аяқ босатасыз.

– Алайда, мен ішкен тамағыма ақша төлеймін ғой, – деп қарсылық білдірді Сегізаяқ.

– Еш жерде жұмыс істемей, ақшаны қайдан алып жүрсіз? Мұның бір-ақ жауабы бар: халықтың қанын сорып жинаған ақшаңыздың барлығын түгел өткізбегенге ұқсайсыз.

Сегізаяқ, әрине, ақшасының бір бөлігін жасырып қалғанын мойындаған жоқ.

– Жоқ, бәрін өткіздім, – деді ол. – Менің бірнеше фертигім ғана қалған болатын. Оларды да тауыстым. Енді жұмысқа тұрамын.

Содан бастап ол асханаға баруды қойды. Дүкеннен жұмыртқа, картоп, өзге де әр түрлі азық-түліктерді сатып әкелді. Жол-жөнекей, үйіне жеткенше жұмыртқалардың тең жартысын сындырып алды, қалғанын бір-бірлеп жарып, табаға құйып қуырмақ болған еді, онысы отта көбірек тұрып қалғандықтан қап-қара болып күйіп кетті. Содан соң картоп пісіруге кірісті. Бұл әрекеті де сәтсіз болды, пісірген картобы үйдің қабырғасына қағаз жапсыруға пайдаланатын желімге ұқсас, жеуге келмейтін қоймалжын ботқа болып шықты. Біз сөзбен айтқанда, ол не нәрсені қолға алса да, қиюы келмеді, істеген тамағы не шикі болып шығады, не езіліп, күйіп кетеді. Ондай тамақ ішін ауыртады. Содан да болар, сіркесі су көтермейтін ашуланшақ, ызақор болып кетті.

Үйінің іші мал қорадан айырғысыз ыбырсып жатыр, жинайтын ешкім жоқ, ал өзі жинайын десе мойны жар бермейді. Оның үстіне Сегізаяқ ыдыс-аяқ жууды да жек көретін. Танертең, түсте, кешкісін тамақтанып болған соң, ол жуылмаған ыдысты бөлменің бұрышына, еденге үйіп қоя салатын да, келесі күні шкафтан тазаларын ала-

тын. Оның үйінде ыдыс-аяқ көп болғандықтан, кешікпей-ақ бөлменің бұрыш-бұрыштарының барлығында жуылмаған шыны аяқтар, кішкене табақшалар, стақандар, қасықтар, шанышқылар, пышақтар, жалпақ табақтар, шұңғыл табақтар, шәйнектер, кофейниктер, тұздық пен сүт құятын және салат салатын ыдыстар, құмыралар, босаған қалбырлар, көлемі әр түрлі бөтелкелер үйіліп қалды. Столдардың үстінде, терезелердің алдында, тіпті орындықтардың үстінде, ішіндегі тамақтарының қалдығы бүлініп кеткен күйелеш-күйелеш қыш ыдыстар, шөңкелер, көстрөлдер, құтылар, қанылтыр табалар, шойын табалар жайрап жатты. Едендегі қалай болса солай лақтыра берген лимон мен апельсиндердің, бананның, жұмыртқаның, жаңғақтың қабығынан, жыртылған қағаздан, босаған пакеттерден, көгеріп, кеуіп кеткен нанның, алманың қалдығынан, тауықтың сүйектерінен, балықтардың құйрықтары мен бастарынан аяқ алып жүргісіз еді. Балықтардың құйрықтары мен бастарын, тұтас қанқа сүйектерін еденнен ғана емес, орындықтардың, столдардың үстінен, шкафтардың, терезелердің алдынан, кітап сөрелерінен, тіпті дивандар мен креслолардың арқалықтарынан да көруге болатын еді.

Иістеніп кеткен тамақ қалдықтары үйіліп жатқандықтан шыбын-шіркей көбейіп кеткен. Сегізаяқ мырза жаңа төртіптер ұзаққа бармас, бәрі айналып бірте-бірте өзінің бұрынғы қалпына түсер, жалшыларым қайтып оралар, сөйтіп үй ішін тазалап, ретке келтірер деген үмітпен кір-қоқыстың ортасында тұрып жатқанды. Алайда, уақыт өте берді, ешқандай өзгеріс болған жоқ, ал Сегізаяқ мырза кір-қоқысқа әбден белшесінен батқанын аңғармастан, келер күндерден үмітін үзбей, өлденені тосумен болды.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей-ақ, қиындыққа қиындық қосыла түсті. Кешікпей Сегізаяқтың көмірі таусылып қалды да, отын таппағандықтан, үй жиһаздарын сындырып жаға бастады. Бұрыннан жиналып қалған қоқыр-соқырдың үстіне енді дивандар мен креслолардан сыдырып алған маталар, суырып алған серіппелер, сындырғанда солардың ішінен шыққан жүн-жұрқа, жұмсақ сөкілердің, айналы шкафтар мен орындықтардың сынық-

тары қосылып үйдің іші тіпті былығып, ыбырсып кетті. Тосыннан қараған көзге бөлме ішінде бомба жарылғандай, немесе күшті шайқас болғандай көрінетін.

Бірақ Сегізаяқ бөлменің ішін өзінің соншалықты былықтырып жібергеніне назар аудармады. Ол анда-санда, азық-түлік сатып алу үшін ғана далаға шығатын. Бірақ бұл оған оншалықты оңай іс емес еді, бұрынғы миллиардер, үлкен бредламның төрағасы, көптеген қант заводтарының жөне атақты Сегізаяқ мануфактурасының иесі болғандықтан оны жұрт жақсы танитын. Оның суреттері соңғы кездерге дейін күн сайынғы газеттердің беттерінен түспеген-ді. Енді ол әлдеқандай дүкенге кіре қалса, сатушылар оған күле қарап, әр түрлі өзіл-оспақтар айтып, төлкек ететін болды, қайсыбірі оған ұрлаған ақшамен қашанғы күнелте бермексің, бос сенделіп жүргенді қойып, жұмысқа тұратын, адал ергежейлілердің қатарына қосылатын уақытын жетті емес пе деп, бет-жүзіне қарамай, турасын айтатын.

– Байқаныз, Сегізаяқ мырза, – десетін оған, – түзелуге тырысыңыз, жарқыным, ал егер арамтамақ болғанды қоймасаныз, бұдан былай сізге азық-түлік сатуды доғарамыз.

Сегізаяқ мұндайда ашудан жарыла жаздап тұрса да, үндемей құтылатын, немесе: «Мен Сегізаяқ емеспін, басқа ергежейлімін», – деп сендіруге тырысатын, оның бұл қылығына сатушылар онан сайын күлкіге батып, кекетіп, иттей қылатын. Осының бәрі Сегізаяқтың титығына әбден тиетін. Өзіл-оспақтар мен қағытпа сөздер тыйылудың орнына күннен-күнге өрши түскендіктен, ол көшеге аса қажет кезінде ғана болмаса, өзге уақытта көп шыға бермеуге тырысатын.

Бір күні кешкісін Сегізаяқ үйінде жалғыз отырғанда есік қағылды. Баспалдақпен түсіп, есік ашқан ол көшедегі шамның жарығымен қоңырқай өнді, жалпак бет, өдемілеп жатқызып тарап қойған шағын ғана қап-қара мұрты мен сүйірлеу сакалы бар, қысық қара көздері айналаны тінте қарап, ойнақшып тұрған ергежейліні көрді.

Ергежейлінің жүзі мүлде бейтаныс еді, бірақ ол өзінің аты Алаяқ екенін айтқанда, Сегізаяқ осы есімді қайдан естідім деп ойланып қалды.

Алаяқты бөлмеге кіруге шақырған Сегізаяқ:

– Сіздің есіміңіз маған таныс сияқты, – деді. – Сізді қайда көргенімді өзіңіз айтып жібермес пе екенсіз?

– Біздер кездескен жоқпыз, – деп жауап берді Алаяқ, айналада үйіліп қалған қоқыр-соқырға, мебельдің сынықтары мен балықтың қаңқаларына танырқай қарап. – Мен тек қана бір рет, алып өсімдіктер қоғамын жойғыңыз келгенде, қызмет көрсету мүмкіндігіне ие болғаным бар.

– Е, иә, иә! – деп дауыстады Сегізаяқ. – Алайда, сіздің көрсеткен қызметіңіз арзанға түспегені есімде, егер қателеспесем, сол үшін менен үш миллион фертингті сыпырып алдыңыз емес пе?

– Үш емес, екі, – деп, сабырлы түрде жауап қайтарды Алаяқ. – Әңгіме екі миллион төңірегінде болды. Бірақ сол миллионнан маған бөрібір түк те тиген жоқ. Әлгі Сараңсері хайуан таяқпен басымнан салып қалғаннан кейін Жыпық пен Шаян малғұндар мені орман ішіне жалғыз тастап, бар ақшаны алып, тайып отырды емес пе. Содан бері Жыпық малғұнды іздеп бармаған жер, баспаған тауым қалған жоқ, енді, міне, өлгі Шаян хайуанды қайдан табуға болатынын білейін деп өзіңізге келдім.

– Өкінішке қарай, мен сіздің ол тілегіңізді қанағаттандыра алмаймын, өйткені өзіңіз айтып отырған Шаян хайуан миллионға жуық менің де ақшамды қарып алып, әлдеқашан тайып тұрған, – деп жауап берді Сегізаяқ.

– Ондай жағдайда сіз маған өзек жалғайтын бір нәрсе тауып бере алмас па екенсіз, егер қазір ішек-қарнымды тырналаған аштықтың аузын тығындамасам, қылмысты іске баруым да ғажап емес. Таң атқалы нәр татқан жоқпын, – деді Алаяқ.

– Сізді тек қана қуырған жұмыртқамен сыйлай аламын, – деп ықылассыз жауап берді Сегізаяқ.

Қонағын ертіп, ас үйге кірген Сегізаяқ екі орындықты қиратып, пеш жақты да, бір жұмыртқаны пышақпен сындырып, табаға құймақ болған еді, ебі келмей, өзінің шалбарына төгіп алды. Егер жұмыс алда да осылай жалғасатын болса, бүгін мүлде тамақсыз қалармын деп ойлаған Алаяқ Сегізаяқтың қолындағы жұмыртқаларды алып, іске өзі кірісті. Алдымен ол үлкендеу табаны таң-

дап алды да, жиырма шақты жұмыртқаны бір-ақ қуырды, сонан соң Сегізаяқ екеуі тамақтануға отырды. Сегізаяқ қуырған жұмыртқаны жеп отырып өзінің көптен бері мұндай жақсы пісірілген тамақты татпағанын айтып, мақтаумен болды.

Дүкеннен азық-түлік әкелу және тамақ дайындау үшін Алаяқтың өзіне пайдалы бола алатынын көрген Сегізаяқ оған бірге тұрайық деп ұсыныс жасады. Алаяқ келісімін берді де, содан бастап Сегізаяқтың өмірі шамалы болса да қалыпқа түскендей болды. Дүкеннен азық-түлік әкелуді Алаяқ толық өзінің міндетіне алды, ал таңертеңгі, түскі және кешкі тамақты екеуі бірге өзірлеп жүрді, онда да Сегізаяқ үй мүлкін қиратып, отынға айналдыру, пеш жағу, картоп, пияз, шалқан тазалау, қамыр илеу сияқты қара жұмыстарды атқаратын да, Алаяқ жалпылама басшылық жасап, тамақтың дәмді, сапалы болуын қадағалайтын.

Алаяқ тамақпен бірге тазалық мәселесіне де назар аударды.

— Сіздің мынау бөлмеңізде қоқыр-соқыр тым көбейіп кетіпті, жарқыным, — деді ол бір күні Сегізаяққа. — Бірақ тазалап өуре болудың қажеті жоқ. Біз басқа бөлмеге ауыса саламыз. Оны да әбден былықтырған соң үшінші, сонан соң төртінші бөлмеге ауысамыз, осылай барлық бөлмелерді кір-қоқысқа толтырып болған соң, тағы бір амалын ойластырармыз.

Өне бойы пеш жаға беруге ерініп, ал түнде тоңатын болғандықтан Алаяқ төсекке емес, сандықтың ішіне күс төсекті салып жіберіп, қақпағын жауып ұйқтасан, өз деміннен жылынасың да, суықты сезбейсің дегенді айтты.

Ол күндердегі Алаяқ мырза мен Сегізаяқ мырзаның ең жақсы көретін ермегі — күндізгі барлық жұмыстан қолдары босаған соң, кешкісін телевизордың алдына отырып алып, жаңа орнаған төртіпті жерден алып, жерге салып жамандау болатын. Телевизордан ол кездерде фабрикалар мен заводтарды жұмысшылардың ешқандай қожайындарсыз қалай басқарып жүргені жиі көрсетілетін. Әсіресе көптеген өндіріс процесі салмақсыздық жағдайында жүргізіле бастауына айрықша назар аударылатын. Сегізаяқ пен Алаяқ мырзалар егер сал-

мақсыздық жұмысшылардың емес, байлардың қолына түскенде өздері одан қанша пайда түсіретінін ойша есептеп, іштері күйетін. Әсіресе олар күн сайын емес, сағат сайын өсіп келе жатқан алып өсімдіктер жөніндегі өңгімелерді естігенде, ызадан жарылып кете жаздаушы еді. Байлардың тартып алған жерлерге отырғызылған алып қиярлардың, помидорлардың, қапустаңның, қызылшаның, қарбыз бен қауынның пісіп келе жатқанын телевизордан үнемі көрсететін. Жерден өкелінген бидайдың аса биік сабақтарының дәні күннен-күнге қалай толысып келе жатқынан көргенде, Сегізаяқ пен Алаяқ мырзаның іштерін қара мысық тырнап жатқандай қиналатын.

– Міне, бәлекет! Мынау біздің ажалымызға өсіп келе жатыр! – дейтін Сегізаяқ, аузынан түкірігі шашырай сөйлеп, экранға жұдырығын түйіп.

– Бітті бәрі! – деп Алаяқ та күйінішпен қолын бір сермейтін. – Ескі өмірдің қайтып келуіне енді ешқандай үміт жоқ.

Бір жолы диктор, кешікпей-ақ, телевизор арқылы космонавтар тұрғызған космос қалашығынан хабар беріле бастайтынын жариялады. Сегізаяқ пен Алаяқ өздерінің жауларын тезірек көруге асыққандары сондай, орындарында байыз тауып отыра алмады. Ақырында, экранда Білгір пайда болды. Ол телевизор көрермендеріне Айға бірге ұшып келген космонавт достарын таныстырды, өздері салып алған кішкентай, жып-жинақы бірнеше үйлерді көрсетті. Көрермендер осындай бір үйдің ішкі жасау-жабдықтарымен танысты. Осыдан соң әр түрлі ғылыми құралдар көрсетіліп, космонавтардың Айда жүргізген ғылыми жұмыстары жөнінде Қызылгүл қызықты өңгіме айтып берді. Бояушы Үлкен Жердегі өмірдің Айдағы тұрмыс-тіршіліктен айырмашылығы бар екенін айта келіп, жердегі әр түрлі табиғат көріністерінің суретін қолма-қол салып көрсетті. Осыдан кейін Сазсырнай сөйлеп, Ай тұрғындарына Жердегі ергежейлілердің ән-күй өнері жайында өңгімелеп қана қоймай, бірнеше әуенді сырнайда ойнап берді.

Музыкалық үзілісте телевизор көрушілерге өнімдері пісіп, жетіліп келе жатқан, тәжірибе үшін отырғызылған

бакша көрсетілді, өсіресе бірден көзге түсетін алып қарбыздар кімді болса да таң қалдыратын еді.

Білгір барлық бакша дақылдарының Үлкен Жердегіден кіші емес, қайта үлкен болып өсіп жатқанын айта келіп, бұл Айдағы салмақ күшінің аздығына байланысты деп түсіндірді. Бакшаның сырт жағында бидай егілген алқап басталады екен. Ай тұрғындары оны алғашқыда өлдеқандай ғажайып алып орман шығар деп ойлаған. Ең соңында телевизор көрушілерге теңдесі жоқ планетааралық саяхатты жүзеге асыруға мүмкіндік берген космос ракетасы көрсетілді. Ол бұрынғыдай ашық аспанның астында емес, бидай егілген алқаптың сыртындағы әдейі жасалған ангардың ішінде тұр екен.

Сегізаяқ ракетаны көрген кезде қаны қайнап, қалшылдап кетті.

– Бәрі де осы қарғыс атқан ракетаның қырсығы! – деп, ысылдай сөйледі ол. – Егер қолымда динамит болса дөп қазір оның күлін көкке ұшыраған болар едім және мұныма ешқашан өкінбес едім! Егер осы ракета болмағанда бәз баяғы қалпымызда өмір сүріп, таңертеңнен кешке дейін үйде қамалып отырып, тамақ істеп, өурсарсанға түспес едік. Қайғысыз, қамсыз, рақаттанып тіршілік кешер едік!

– Менде динамит бар... Жоқ, турасын айтқанда, оны таба аламын, – деді Алаяқ.

Осыдан соң ол Сегізаяққа бір кездерде өзінің түрлі калибрлі бұйымдар дүкенін ұстап, мылтықтармен, пистолеттермен, ок-дөрімен, пироксилинмен¹, динамитпен және өзге де жарылғыш заттармен сауда-саттық жасағанын айтты.

– Кейінірек мен өз дүкенімді сатып жібердім, – деді Алаяқ, – бірақ маған Давилоннан асығыс түрде кету қажет болғандықтан, барлық бұйымдарымды тасып өкетуге үлгермедім де, қойманың ішіндегі бір қалтарысқа бірнеше бөшке мылтық дөрісі мен екі жөшік ең сапалы динамитті тығып кеттім. Олардың бүгінге дейін сол жерде жатқанына сенімдімін және қойманың ішіне

¹ П и р о к с и л и н – жарылғыш зат (күкірт және азот қосындысынан алынады).

енуіміз қиын емес, тек қана бұл үшін Давилонға жетуіміз керек.

— Ертең-ақ жүріп кетеміз! — деп айқайлап жіберді Сегізаяқ орындығынан шыдамсыздана ұшып тұрып. — Мен оларға көрсетемін! Енді олардың қорлығына шыдай алмаймын! Барлығының аяғын аспаннан келтіремін!

Дәл осы сәтте Космос қалашығынан берілген телехабар аяқталды да, енді ертеректегі бір байдың жұмыс істегісі келмегені, сол үшін оған асханада тамақ бермей қойғаны, осыдан кейін оның тамақты өзі дайындамақ болып, бұл әрекетінен еш нәрсе шықпағаны жайлы жаңа кинокомедия көрсетіле бастады. Әлгі бай сатып алған жұмыртқаларын орындыққа қойды да, жалп етіп, үстіне өзі отыра кетті, қолындағы май ораған қағазын жерге түсіріп алды, оны басып кетіп, табаны тайып, қайнап тұрған шәйнекті іле құлады, ішіндегі толып тұрған ыстық су жалтыраған қасқа басына төгілді. Кеш бойы ол осылайша ас үйде өбден өуре-саранға түсіп, шаршап, ақырында, бос сандықтың ішіне сұлап түсіп, ұйықтап кетті. Таңертең орнынан тұрысымен жұмысқа орналасу үшін екі өкпесін қолына алып, тұра жүгірді.

— Бұл не өзі? — деп ашулана айқайлады Сегізаяқ. — Бұл — мен туралы ғой. Қалай батылдары барды? Олар менің кім екенімді ұмытқан екен. Олардың төлкегіне көне беретін ойыншық емеспін. Мен — Сегізаяқпын! Бұрынғы уақыт болса көрер едім. Мойындарын бұрап, жұлып алар едім. Ал қазір ше? Кіммін қазір? Мен енді олар үшін ешкім де емеспін, бәрі бітті, бәрі! Бұрын барлығы алдымда құрдай жорғалайтын, тамақтандыратын, киіндіретін, жуындыратын, ұйықтататын, жаяу жүргізбейтін, киіміме шаң жуытпайтын, басып өткен ізімді тазалайтын, қамқорлық жасайтын. Ал енді ше, өз жайымды өзім ғана ойлауға, бәрін өзім істеуге тиіспін! Неге, айтыңыздаршы маған? Неліктен бұлай? Бұрын бәрі байлығым үшін құрметтеп сыйлайтын, алдымнан кесе-көлденең өтпей, бастарын жерге жеткенше иетін, ал қазір бәрі мені төлкек қылады, мен туралы кинокомедия түсіреді! Бұл қорлық қой! Бұған төзе алмаймын! Мен оларға көрсетемін. Олардың быт-шытын шығарамын! Күлін көкке ұшырамын! Динамит қайда? Дина-

митті беріңізші маған! Ертең барып, алып келейік тезірек!

Ол көпке дейін осылай долданып, кіжінумен болды. Алаяқ оған ертең таң атысымен динамитке барып қайтамыз деп уәде беріп, өрең дегенде тыныштандырып, сандыққа жатып ұйықтауға көндірді.

Отыз алтыншы тарау

ЖЕРГЕ ОРАЛУ

Дымбілмес өзінің достарымен Космос қалашығына келгелі бірнеше күн болды. Бұл жерде оған бөрі ұнады. Таңертең ояна салысымен ол бақшаға баратын, сондағы қаулап өскен қызылшаның, сөбіздің, қиярлардың, помидорлардың, қарбыздардың арасында қыдыратын, немесе аса биік, иін тіресе жайқалып өскен алып бидай, кара бидай, тары, кара құмық, чечевица¹, сұлы егістігін аралайтын. Дымбілмес сұлы ұнынан істелген дәмді ботқаны өте жақсы көретін еді.

– Бұл жерде бөрі де біздің Гүл қаласынан айнымайды, – дейтін Дымбілмес. – Тек қана, Гүл қаласы бұл жерден жақсырақ. Мұнда маған, әйтеуір, бір нәрсе жетіспейтіндей көрінеді де тұрады.

Бір жолы Дымбілмес таңертең оянғанда әлдеқандай әлсіздікті сезді. Еш жері ауырмайды, бірақ сонда да тұла бойы дел-сал болып, өзін қатты шаршағандай, төсектен тұра алмайтындай халде сезінді. Алайда, ертеңгілік тамаққа баратын уақыт жақындап қалғандықтан амалсыз орнынан тұрды, киініп, жуынды, бірақ асқа отырған кезде өзінің мүлде төбеті жоқ екенін анық аңғарды.

– Міне, көрдіңіз бе, Айда мұндай да қызық жағдайлар болады: тамақ ішкің келгенде жейтін еш нәрсе таппайсың, ал алдында ас жайнап тұрғанда, төбетің соқпайды! – деп күңкілдеді Дымбілмес.

Алдындағы тамағын өрең дегенде тауысқан ол

¹ Ч е ч е в и ц а – бұршақ тұқымдас өсімдік.

қолындағы қасығын стол үстіне қойды да, аулаға шықты. Сәлден соң барлығы оның қайтадан кері қайтып келе жатқанын көрді. Өзі қатты үрейлі.

– Бауырлар, күн қайда кеткен? – деп, түкке түсінбей, жан-жағына жалтақтай қарап келеді.

– Сен, Дымбілмес, тура есексің! – деп күлді Білгір. – Біз Айдамыз, дәлірек айтқанда, айдың ішіндеміз, қайдағы күнді айтып тұрсың сен?

– Түу, мен оны ұмытып кетіппін! – деді Дымбілмес қолын бір сілтеп.

Осыдан кейін ол күн ұзақ күнді еске алумен болды, түскі тамақты шұқылағаны болмаса, жөндеп жеген жоқ, кешқұрым ғана аздап тынышталды. Келесі күні таңертең бәрі қайта басталды.

– Күн неге көрінбейді? – деп қыңқылдады ол. – Күнді көргім келеді! Біздің Гүл қаласында күн әрдайым шығып тұратын.

– Сен, жарқыным, мұндай қылжақты қой! – деді оған Білгір.

– Мүмкін, бұл ауырып қалған шығар? – деді дәрігер Дәруов. – Мен мұны байқап көрейін.

Осыдан соң Дымбілместі кабинетіне кіргізіп алды да, мұқият тексеріп, қарай бастады. Әуелі құлақтарын, тамағын, мұрны мен тілін қарап шығып, сап-сау дегендей басын шайқады, осыдан кейін Дымбілместің жейдесін шештірді де, кішкене рәзікке балғамен арқасын, иықтарын, кеудесі мен қарнын жайлап ұрып, тындап көрді. Шамасы, Дымбілместің тыныс алысы Дәруовты қанағаттандырмады білем, ол қабағын түйіп, иығын қиқаң еткізіп, басын шайқады. Сонан соң оны шалқасынан жатқызды да, алақанымен ішін басып көріп:

– Былай еткенде ауырмай ма?... Былай ше?... Ауырмай ма?... – деп сұрай бастады.

Өзі Дымбілместің ішін әр жерінен басып көрген сайын басын шайқаумен болды.

Ақырында, Дымбілместің қызуын, тамырының соғуын, қанының қысымын өлшеп көрді де, ергежейлілерге келіп:

– Қиын болды, достар. Дымбілмесіміз ауырып қалыпты, – деді.

– Қай жері ауырады? – деп сұрады Ақшабақ.

– Гәптің өзі сонда, былайша қарасаң, еш жері ауырмайтын сияқты, ал шын мәнінде – ауру. Және сырқаты – ауыр әрі сирек кездесетін дерт. Ондай дертке туған жерден алыста тым көп уақыт болған ергежейлілер ғана шалдығады.

– Қарай гөр! – деп танданды Білгір. – Енді оны емдеу керек қой.

– Қалай емдейсін? – деді Дәруов. – Бұл ауруды ешқандай дәрі-дәрмек жаза алмайды. Туған даланың ауасы ғана оны дерттен сауықтыра алады. Ол мүмкіндік болса, Жерге тезірек қайтуға тиіс. Мұндай ауруға шалдыққандар алыста жүріп, Отанын қатты сағынады, ішқұса болып өліп кетуі де ғажап емес.

– Ендеше, біздің тездетіп үйге қайтуымыз қажет қой? Сен осылай дегің келе ме? – деп сұрады Білгір.

– Иә, және барынша тезірек, – деп жауап берді дәрігер Дәруов. – Егер біз бөгелместен дәл бүгін жолға шығып кетсек, Дымбілместі Жерге аман-есен жеткіземіз деп ойлаймын.

– Олай болса жолға дәл бүгін шығуымыз қажет. Ойланатын түк те жоқ, – деді Ақшабақ.

– Ал Томпиды қайтеміз? – деді Білгір. – Ол өзінің сайтан дөңгелектерді айналдырушы өріптестерімен бірге Лос-Сұмпайноста қалды ғой. Оны мұнда қалай жалғыз тастап кетеміз.

– Біз Тетікше екеуіміз Томпиды алып келу үшін жол талғамайтын машинамызбен дәл қазір сапарға шығамыз, – деді Бұрандаша. – Кешкісін барып жетеміз, ертең таңертең кері қайтамыз. Түс кезінде осында боламыз.

– Ұшуды ертеңге қалдыруға тура келеді, – деді Білгір. – Одан ертеге үлгермейміз.

– Несі бар, ертеңге дейін Дымбілмес шыдай алар деп ойлаймын, – деді дәрігер Дәруов. – Тек қана сендер барынша тез қимылдандар.

Бұрандаша мен Тетікше сол сәтінде-ақ гараждан жол талғамайтын машиналарын сыртқа шығарды, қастарына машина жүргізуді үйретіп жүрген Серкешті қосып алды да, үшеуі Лос-Сұмпайносқа тартып кетті. Дәрігер Дәруов туған жерге қайту жөнінде шешім қабылдағанын

Дымбілмеске айтуға асықты. Бұл хабар Дымбілместі қатты қуантты. Ол жатқан орнынан атып тұрды да, үйге қайтып келісімен-ақ Көккөз қызға хат жазатынын айта бастады, өйткені бір кезде оған хат жолдаймын деп уәде беріп, сөзінде тұра алмаған еді, кейін осы қылығы ойына түскен сайын қатты ұялатын-ды. Сол қателігін түзетуге бел байлаған ол көңілденіп, ыңылдап ән сала бастады.

— Қайғырмандар, бауырлар! Көп кешікпей күнді де көреміз, — деді ол.

Дәрігер Дәруов оның аурудан едәуір әлсіреп қалғанын, сондықтан күшін сақтап, өзін сабырлы ұстауы қажет екенін айтып, кеңес берді.

Бірте-бірте Дымбілместің алып ұшқан қуанышы басыла түсті. Енді ол тағатсыздана күтуге айналды. Дәруовтен:

— Бұрандаша мен Тетікше қашан келеді? — деп қайта-қайта сұраумен болды.

— Олар бүгін жете алмайды. Ертең келеді. Сен бір нәрсе етіп шыдай тұр. Қазір барып ұйықтап, дем ал, — деп үгіттеді оны дәрігер Дәруов.

Дымбілмес төсекке барып жатқанмен, ізінше қайтадан ұшып тұрды.

— Ал егер ертең келмесе ше?

— Келеді, жарқыным, келеді, — деп сендірді оны Дәруов.

Сол күндері космос қалашығында астроном Альфа, айтану ғылымымен айналысатын Мемегә және солармен бірге келген физиктер Квантик пен Каятик қонақ болып жатқан, төртеуі де космос кемесінің және скафандрлардың құрылысымен танысу үшін әдейі келген-ді, өйткені ракета жасау, Жерге ұшып барып-қайту өздерінің де жоспарларында бар еді. Салмақсыздық құпиясы ашылғаннан кейін планетааралық саяхаттарға шығуға Ай тұрғындарына да мүмкіндік ашылған. Білгір Ай ғалымдарына ракетаның мейлінше дәл жасалған жобасын сыйлауды ұйғарды және өздерінде қалған лунит пен антилунитті түгел соларға бергізді. Альфа Ай ғалымдары Космос қалашығын қазіргі қалпында сақтайтынын, болашақта осы жерде планеталарына келетін космос

кемелерін қабылдайтынын және өзге планеталарға ракета ұшыратын космодром жасайтындарын айтты.

Космонавтар қайтпак болысымен Білгір, Қызылгүл және Ақшабақ ракетаның барлық жүйелері мен тетіктерінің жұмысын мұқият тексеруге ангарға келген. Мұнда Альфа мен Мемегга, Кантик пен Квантик те болды. Бұл оларға мейлінше қызықты өрі пайдалы еді: олар ракетаның құрылысымен іс жүзінде танысуға мүмкіндік алды. Мұның үстіне Альфа мен Мемегга космонавтармен бірге ракетаға отырып, Айдың сыртқы қабатына дейін ұшып баратын болып шешім қабылдады. Космонавтар сол жерде ДПТ ракетасына ауысып отырады да, Альфа мен Мемегга ҚМА ракетасымен Космос қалашығына кері қайтады.

Ракетаның тетіктерін тексеру жұмысы кешке дейін созылды.

Тетіктерді түгел қарап шыққаннан кейін Білгір былай деді:

– Ракета ұшуға өзір. Ертең таңертең салмақсыздықты іске қосамыз да, космос кемесін ұшу алаңына алып барамыз. Ал қазір ұйықтаған жөн. Ұшар алдында жақсылап тынығып алғанымыз дұрыс.

Космонавтар ангардан шығып, оның есігін кілттеп жапты да, Космос қалашығына қайтып кетті. Олар көзден таса болысымен-ақ қашанын тасасынан қара бетперде киген екі бас қылтиып көрінді. Олар біразға дейін бір-біріне үн қатпай, мұрындары ғана пысылдап, қаша сыртында тұрды, ақырында:

– Жер жұтқырлардың қаралары батты-ау, – деді бірі Алаяқтың даусымен.

– Барсын. Жер жұтқанша аспанға ұшып, күл болғандары дұрыс! – деп күнкілдеді екіншісі Сегізаяқтың даусымен.

Бұлар расында да Сегізаяқ пен Алаяқ болатын.

Тағы кішкене тұрып, тың тыңдап, маңайда ешкімнің жоқ екеніне көздері жеткен соң, Алаяқ:

– Көне, қашадан секір, ал мен жарылғыш салған жәшікті өперемін, – деді.

Сегізаяқ ыр-ыр етіп, қашаға өрең шығып, арғы бетіне секіріп түсті. Алаяқ жәшікті қашаның үстіне шы-

ғарып, Сегізаяққа берді. Бірақ жөшік тым ауыр екен, ол оны көтере алмай, құлап түсті.

– Қолыңа тиген затқа ие болмаймысың! – деді Алаяқ ысылдай сөйлеп. – Оның ішіндегі макарон емес, жарылғыштар! Гүрс етсе бітті, сүйегінді де ешкім жинап ала алмайды!

Сегізаяқтың соңын ала қашадан Алаяқ та секіріп түсті. Ангардың есігін ашуға әрекеттеніп көрді.

– Жауып кетіпті! – деді ызалана күнкілдеп. – Жерді қазып, астынан кірмесе, басқа амал жоқ.

Олар ұры шамдарын жақты да, қалталарынан пышақтарын суырып алып, қабырғаның түбіне отырып, жерді үңгіп қаза бастады.

Космос қалашығындағы ергежейлілер өлдеқашан ұйқыға кеткен-ді. Ешкім ешқандай жамандықты күтпеген. Тек Білгір мен профессор Жұлдызшин ғана ұйықтамаған еді. Олар космос кемесі айдың сыртқы қабатына шығатын санылауға дәл көтерілуі үшін қандай траекториямен¹ ұшуға тиіс екенін есептеп шығарумен айналысқан-ды.

Білгір мен профессор Жұлдызшин есеп-қисап жұмыстарын бітіріп, жатуға ынғайланғанда, түн ортасынан ауып та кеткен еді. Білгір шешініп болып, шамды өшірді де, төсегіне жатып, көрпесін қымтап жамыла бергенде, гүрс еткен күшті дүмпу естілді. Бөлменің қабырғалары дірілдеп, үйдің төбесінің сылақтары ұшып түсті. Терезелердің быт-шыты шықты. Білгірдің төсегі бір жағына қарай қисайып, өзі еденге топ ете түсті.

Осы бөлмеде бірге қонған профессор Жұлдызшин де жерге құлаған болатын. Білгір көрпеге орана салып, далаға жүгіріп шыққанында жоғары көтерілген жалын тілі мен түтінді көрді.

– Ракета! Ол жерде біздің ракетамыз бар еді ғой! – деп айқайлады ол, ізінше сыртқа жүгіріп шыққан профессор Жұлдызшинге.

Олар жоғары биіктіктен ұшып түсіп жатқан ағаш сынықтарына да қарамастан жүгіріп келеді. Бұрынғы ангар тұрған жерге жеткенде түтіндеп, бықсып жатқан үйіндіні ғана көрді. Өзге ергежейлілер де келіп жетті.

¹Т р а е к т о р и я – дененің немесе бір нүктенің жылжу жолы.

– Мұнда қазір ғана қопарылыс болды! Әлдекім ракетаға қастандық жасады! – деп айқайлады Білгір, қатты тоқығандықтан даусы дірілдеп.

– Бұл полицейлердің ісі болар! – деп дауыстады Квантик. – Олар мұны біздерден кек алу үшін жасады!

– Енді қалай кері қайтамыз? – десті ергежейлілер.

– Мүмкін, ракета жөндеуге келіп қалар? – деді Мега.

– Ал егер ракетадан еш нәрсе қалмаса ше? Онда қалай жөндейміз? – деп жауап берді Қызылгүл.

– Сабыр сақтайық, бауырлар! – деді Білгір өзін-өзі қолға алып. – Үйіндіні тез аршып, Космос кемесінің жағдайын білейік.

Ергежейлілер жұмысқа кірісті. Таңға жуық олар ангардың орнын аршып болды да, қопарылыстан ракетаның бір бүйіріне жантайып құлап жатқанын көрді. Жарылыс оның негізгі двигателін істен шығарып, артқы бөлігін біржола жұлып кетіпті, иллюминаторлардың барлық әйнектері быт-шыт болып қираған.

– Мұның бәрін екі аптада да жөндеп болу мүмкін емес, – деді Білгір қатты абыржып. – Ұшуды кейінге қалдыруға тура келеді.

– Ол не дегенін, ол не дегенін! – деді дәрігер Дөрүов. – Ондай ойды мүлде басыңыздан шығарыңыз! Дымбілмес екі аптаға шыдамайды. Оны бүгін аттандыру қажет.

– Өзің көріп тұрған жоқсың ба? – деді Білгір қолымен қираған ракетаны нұсқап.

– Мүмкін, Айдың бетіне жай ғана скафандрмен көтерілуге болатын шығар? – деді Ақшабақ. – Біздердің скафандрларымыз салмақсыздық жағдайында ұшуға бейімделіп жасалған ғой. Айдың үстіне шыққан соң ДПТ ракетасына отырамыз да, Жерге қайтамыз.

– Бұл табылған ақыл! – деп қуанып кетті Білгір. – Бірақ скафандрлар сау ма екен? Олар ракетаның ішінде ғой.

Қызылгүл мен Ақшабақ ракетаның кабинасына барып, шлюз камерасының есігін ашатын электромоторды іске қосатын түймешікті басты. Алайда, мотор біз бакпады, есік жабулы қалпында қала берді. Қазірде жарақа-

тынан біржола сауыққан инженер Епсек кабинетінің ішіне өйнегі қираған иллюминатордан кірді де, скафандрлар тұрған қойманың есігін ашты.

– Бауырлар! Скафандрлар сол қалпында! – деп айқайлады ол, скафандрлардың, шынында да, бүлінбегеніне көзі жетіп.

– Ура! – деп айқайлады ергежейлілер қуанып.

Инженер Епсек электромоторды жөндеп, шлюз камерасының есігін ашты. Ергежейлілер скафандрларды қолма-қол сыртқа алып шығып, мұқият қарай бастады.

Түс мезгілінде Космос қалашығына Бұрандаша, Тетікше, Серкеш пен Томпи қайтып оралды да, космонавтар ұшуға өзірлене бастады.

Космонавтардың қайтуға өзірленіп жатқаны жөніндегі хабар Ашқарындар деревнясының тұрғындарына жетісімен-ақ, олар өздерінің достарымен қоштасуға тайлы-таяғы қалмай, түгел келді.

– Космос қалашығының төңірегіне тәжірибе үшін отырғызылған бақша мен егістікті түгел сіздерге сыйлаймыз, – деді Білгір. – Енді кешікпей-ақ жемістері пісіп жетіледі де, оларды жинауға кірісесіздер. Өз күштеріңіз оған, өрине, жетпейді. Бірақ сіздер өзге деревнялардың ергежейлілерін де көмекке шақырыңыздар! «Көп біріксе – көл деген». Алдағы уақытта да алып өсімдіктерді өсіре беріңіздер. Бұл байлық планеталарыңызға тегіс тарағанда жоқшылық пен тапшылықтан мүлде құтыласыздар.

Ашқарындар деревнясының тұрғындары қуанғаннан көздеріне жас алды. Олар Білгірмен және өзге ергежейлілермен сүйісіп қоштаса бастады. Серкеш те қуанышты еді, өйткені Бұрандаша мен Тетікше өздерінің жол талғамайтын машинасын сыйлаған болатын.

– Бізде енді нағыз өмір басталмақшы. Ал сен кетіп бара жатырсың! Қандай өкінішті! – деді Серкеш Дымбілмеске.

– Ештеңе емес, – деді Дымбілмес. – Біз әлі сендерге талай ұшып келеміз. Сендер де Жерде боласыздар. Маған енді мұнда қалуға болмайды. Күнді тезірек көргім келеді.

Дымбілместің күнді еске алуы-ақ мұн екен, бетін жас жуды. Буындары әлсізденіп, ол сол тұрған жеріне отыра

кетті. Дәрігер Дәруов жүгіріп келді де, Дымбілместің көздері жұмылып кеткенін көріп, мүсәтір иіскетті. Дымбілмес есін жиды. Бірақ өні өте куқыл еді.

– Сенімен қалай ұшамыз енді? – деді дәрігер Дәруов қайғырып. – Саған Космос сапарына аттанудан гөрі төсекте жатқан әлдеқайда дұрыс болар еді. мына қалпыңмен жерге қалай жететінінді білмеймін.

– Еш нәрсе етпейді, – деді Бұрандаша. – Біз Тетікше екеуіміз тербелмелі креслоға дөңгелектер орнатамыз да, Дымбілмес артық күш жұмсамауы үшін соған отырғызып алып жүреміз.

Олар сөздерінде тұрды. Кресло дайын болысымен, Білгір скафандрларды киюге бұйрық берді. Ергежейлілер сол сәтінде-ақ бұйрықты орындауға кірісті, ал Дымбілместің скафандрын Кантик пен Квантик кигізді.

Бұл скафандрлардың Дымбілмес пен Томпи пайдаланған скафандрлардан едәуір айырмасы бар екенін айта кеткен жөн. Оның гермошлемінің дәл төбесінде кәдімгі желдеткішті еске түсіретін төрт қалақты пропеллері бар шағын ғана электродвигатель орнатылғанды. Пропеллер айналған кезінде космонавт әуеге көтерілетін. Өз денесіне белгілі бағыт беру арқылы ол кез келген жаққа ұша алатын. Оның үстіне пропеллер парашюттің де ролін атқаратын еді. Үлкен биіктіктен құлаған космонавт электродвигательді іске қосса болғаны, тез айналатын пропеллер оның төмен ұшуын сол сәтінде баяулататын.

Ергежейлілер скафандрларын киіп бола салысымен-ақ, Білгір барлығына алдын ала әзірленген ұзын капрон жіпке тізіле байлануды бұйырды. Оның айтқаны қолмақол орындалды. Кантик пен Квантик, Альфа мен Мемеге Дымбілместі тербелмелі креслоға отырғызды да, жолжөнекей түсіп қалмауы үшін мықтап таңып тастады, осыдан соң креслоны да капрон жіпке байлады.

Ақырында, барлық дайындықтар жасалып болды. Космонавтар альпенштоктарын, мұз ойғыштары мен геологиялық балғаларын белбеулеріне қыстырып алып, қазқатар тізіліп, сапқа тұрды. Ең алда тұрған Білгір скафандрының арқасына бекітілген салмақсыздық құралын іске қосты да, электродвигательдің түймешігін басты.

Бір қалыпты дызылдаған дыбыс естілді. Бұл – айналған пропеллердің үні еді. Салмағынан айрылған Білгір жайлап жоғары көтеріле бастады да, өзге космонавтарды да өзімен бірге өуеге сүйрей жөнелді.

Космонавтардың қаздай тізіліп, өуеге көтерілгендерін көрген Ай тұрғындары бұл ғажап суретке қатты танданды. Барлығы да айқайлап, қолдарын бұлғап, алақандарын шапалақтады, өуеге бас киімдерін лақтыра бастады. Қайсыбіреулері секіріп тұр. Көпшілігі көздеріне жас алды.

Космонавтар бұл кезде барған сайын жылдамырақ биіктей берді. Кешікпей-ақ олар көзге көрінер-көрінбес нүктеге айналды да, біржола ғайып болды. Алайда, Ай тұрғындары алыстағы Жер планетасынан келген саяхатшыларымыз қайтып оралар, қазір олармен тағы да көрісерміз деп үміттенгендей-ақ, тарамастан, орындарында тұра берді. Бір сағат, екі сағат, үш сағат өтті. Ай ергежейлілері сонда ғана достарын қайта көруден күдерлерін үзе бастады.

Расында да енді күтудің жөні жоқ еді. Космонавтар бұл кезде Ай қабығындағы сыртқа бастайтын, көлбейлеу біткен мұз тоннельмен жоғары өрлеп бара жатқан. Мұндағы ауа тым сирек болғандықтан, пропеллердің тарту күші өте әлсіз еді. Космонавтар сонда да болса мұз ойғыштарының көмегімен бұл тоннельден өтті де, мұз сүңгілері салбыраған үңгірге жетіп, Айдың сыртына шығар тұсқа таяп қалды.

Білгір топты екіге бөлуді дұрыс деп тапты. Бірінші топтағылар ракетаға тез жетіп, бір минутты да зая кетірмей, оны мұқият тексеріп шығуға тиіс. Өйткені Космос сапарына барлық құралдар мен механизмдердің мүлтіксіз жұмыс істейтініне көз жеткізбей аттануға болмайтынын айтпағанның өзінде, Ай бетіне қонғалы көп уақыт өткенін, бұл мерзім ішінде оның метеориттерден зиян шегуі мүмкін екенін де ескермеуге болмайтын еді. Білгір алғашқы топқа өзін, профессор Жұлдызшинді және Қызылгүл мен Ақшабақты ұсынды. Қалғандарына өзірше үңгірде қалып, Жерге өкету үшін жеткілікті мөлшерде лунит пен антилуниттің кристалдарын өзірлеуді тапсырды.

Дәрігер Дәруов Дымбілместің халі өте нашар, сондықтан оны ракетаға жеткізіп, үстіндегі ауыр скафандрын тезірек шешу қажеттігін ескертті. Бірақ Білгір сөл бөгелу керектігін айтты.

– Қазір айда түн мезгілі, – деді ол. – Күннің көзі көрінбейді, сондықтан онда өте суық. Егер ракетаға метеориттер зиян келтірсе, оның ішінде де скафандрсыз отыруға болмайды. Одан да сіз Дымбілмеспен бірге үңгірде қала тұрыңыз. Бұл жер қанша айтқанмен жылырақ қой. Егер ракета сау болып шықса хабар береміз, сіздер Дымбілместі сонда жеткізесіздер.

Тектен-текке Космос сәулелерінің өсеріне ұшырамас үшін үңгірден ешкімнің шықпауы қажет екенін ескерткен Білгір, қасына профессор Жұлдызшинді, Қызылгүл мен Ақшабақты ертіп, жүріп кетті.

Кейбіреулер түнде Айда көзге түртсе көргісіз қараңғылық болып тұратын шығар деп ойлауы мүмкін. Бірақ бұл дұрыс емес. Түнгі қараңғылықта Жер бетін Ай жарығы сәулелендіріп тұратыны сияқты, Ай бетін біздің Жеріміз нұрландырады. Жердің көлемі Айдан үлкен болуы себепті, Ай бетіне Жердің сәулесі де молырақ түседі. Егер Ай Жерден қарағанда табақтай ғана болып көрінсе, Айдан қарағанда Жер киіз үйдің шанырағындай болып елестейді. Ғылым Айға түсетін Жер сәулесінің, Жерге түсетін Ай сәулесіне қарағанда тоқсан есе күштірек екенін анықтады. Бұл – Айдың Жер сәулесі түсетін бөлігінде түнде емін-еркін кітап оқуға, жазуға, сурет салуға, өзге де жұмыстармен айналысуға болатынын көрсетеді.

Білгір мен серіктері үңгірден шыққан бойда түпсіз тұңғиық қара аспанда сансыз жұлдыздар мен жап-жарық, аппақ, тіпті анығырақ айтқанда, бетіне сөл ғана көкшілдеу бояу жалатқандай үлкен шарды көрді. Бұл шар – Күн сәулесі бүйірден емес, тіке түскендіктен орақ сияқты емес, дөп-дөңгелек болып жарқырап, тұтас көрініп тұрған біздің Жеріміз болатын.

Жер шарының сәулесіне шомылған Айдың беті мен алыстан байқалатын таулары қызыл бояуды кейде қалың, кейде жұқа етіп жаққандай болып, көз тарта құлпырса, сәуле түспеген көлеңке тұстарында (аяқ ас-

тындағы кішкене жарықшақ сызаттарға дейін) жылт-жылт етіп ұшқындаған жасыл сәуле шақырайып, көздің жауын алады екен. Мұның сыры – Айдың сыртқы қабаты көзге көрінбейтін космос сәулелерінің өсерімен өзі де сәуле бөліп шығаратынында жатыр. Космонавтар қай жаққа көз салса да, қызыл мен жасыл түстің күресін көрді, тек алысырақтағы ракета ғана көктемдегі Жер бетін көмкеріп тұратын көгілдір аспанның кішкене сынығындай болып, көгілдір сәуле шашады.

Үңгірде қалған космонавтар уақытты босқа өткізбей, лунит пен антилуниттің кристалдарын өзірлеуге кірісті. Мұз ойғыштар мен геологиялық балғалар жартастарға жарыса соғылуда. Алайда, олардың тақылдатқан дыбысы естілген жоқ, өйткені ауасыз бос кеңістікте дыбыстың тарамайтыны белгілі.

Қызу жұмыс үстінде бір сағаттай уақыт өтті. Кешікпей-ақ Білгір радиотелефонмен Дымбілместі ракетаға әкеле беруге болатынын хабарлады. Ол ракетаның метеорлерден зиян шекпегенін, герметизациясы бүлінбегенін, алайда, көптеген механизмдердің дәлдігін қайта тексеріп, қалпына келтіруді, ал аккумуляторлары – электролиттерін ауыстырып, зарядтауды қажет ететінін айтты. Осының бөріне ең кем дегенде он екі сағат уақыт керек екен. Білгір осы қалған уақыттың барлығын лунит пен антилуниттің кристалдарын өзірлеуге және ракетаға тиеуге жұмсағанымыз дұрыс деп тапты.

Дөрігер Дәруов бөгелместен, үстінде скафандры бар Дымбілмес жатқан тербелмелі креслоны итеріп, ракетаға қарай аяндады. Ақырында, ракетаға жеткендерінде Дымбілместің қатты өлсірегені сондай, креслодан тұруға шамасы келмеді. Білгірдің, Қызылгүл мен Акшабақтың көмегімен ол Дымбілместі ракетаға көтеріп кіргізді. Каютаға әкелген соң, оның үстіндегі скафандрын, киімін шешіп, төсекке жатқызды.

Ауыр скафандрды шешкен соң, Дымбілмес алғашқыда азырақ серпілгендей болды, тіпті төсектен тұрып кеткісі де келді, бірақ өлінін бірте-бірте қайтадан сарқылып бара жатқанын сезді. Кешікпей оның қатты өлсірегені сондай, аяқ-қолын қозғауының өзі мұң болып қалды.

– Бұл неғылған ауру? – деді Дымбілмес. – Маған бүкіл денем қорғасыннан құйылғандай, бұрынғысынан үш есе ауырлап кеткендей болып көрінеді.

– Олай болуы мүмкін емес, – деп жауап берді оған Білгір. – Сен Айдасың, сондықтан салмағың үш есе ауыр емес, қайта алты есе жеңіл болуға тиіс. Ал егер Юпитер планетасына бара қалсаң, онда салмағың Жердегіге қарағанда, шынында, үш есе, немесе одан да дәлірек айтсақ, екі бүтін жүзден алпыс төрт есе артық болып шығар еді. Оның есесіне Марста сенің салмағың үш есе жеңілдейді. Ал егер Күннің тура өзіне тап болсаң...

– Жарайды, жарайды, – деп оның сөзін дәрігер Дәруов бөліп жіберді. – Ондай есептермен мұның басын қатырып қайтесің. Одан да қайту жағын тездетуді ойласаншы.

Білгір ракетаға барып, Жұлдызшинмен бірге электронды есептеу машинасының жұмысын тексеруге кірісті. Бірнеше сағаттан кейін барлық механизмдер тексеріліп болды, бірақ ракета, аккумуляторлар зарядталып бітпейінше сапарға шыға алмайтын еді, бүкіл құралдар мен двигательдердің мүлтіксіз жұмыс істеуі осы аккумуляторларға байланысты болатын.

Дәрігер Дәруов Дымбілместің жанынан бір елі аттап шыққан жоқ. Дымбілместің әл-қуаты әбден сарқылып бара жатқанын көрген ол не амал жасарын білмей, қатты қапаланды. Ақырында, салмақсыздық іске қосылып, ракета Жерге қарай бет алғанда, Дымбілместің көңіл күйі жақсара бастады. Бірақ бұл ұзаққа бармады. Кешікпей-ақ ол, ракетадағы барлық ергежейлілер сияқты салмақсыздық жағдайында екендігіне қарамастан, тұла бойының ауыр тартып кеткенін айтып, шағына бастады. Дәрігер Дәруов аурудың мұндай сезімдерді түйсінуі – жүйкесінің әбден жұқарып, дертке шалдығуынан болатынын білетін, сондықтан Дымбілмеспен жылы-жылы сөйлесіп, ертегілер айтып беріп, ауыр ойлардан арылтуға, көңілін аулауға тырысты.

Өзге ергежейлілер де өздері білетін ертегілерді естеріне түсіріп, Дымбілмеске айтып беру үшін каютаға келіп-кетіп жүрді. Барлығы да ауруға қайтсек көмегіміз тиеді деп ойлады.

Тағы да біраз уақыт өткенде, олар Дымбілместің еш нәрсеге зауқы жоқ екенін, өзіне айтылған сөздерді естуден қалғанын аңғарды. Оның көздері қаптаның төбесіне мағынасыз қадалып қалған. Кезеріп кеткен еріндері әлдене айтқысы келгендей қыбырлайды, бірақ үні шықпайды. Дәрігер Дәруов оның айтқанын білуге қанша тырысқанымен бір сөзін де ести алмады.

Кешікпей-ақ Дымбілмес көзін жұмып, ұйықтап кетті. Бірақ дем алысы ауырлай түспесе, жеңілдеген жоқ. Аузын ашып, еңтіге тыныстап жатыр. Екі беті алаулап, қызарып кеткен. Енді бірде бірте-бірте дем алысы дұрысталып, қалыпқа түскендей болды. Еңтіккені басылайын деді. Ақыр аяғында оның тынысы мүлде тоқтап қалғандай көрініп кетті Дәруовке. Ол әлдеқандай жамандықты іші сезіп, Дымбілместің қолын ұстап, тамырын байқап көріп еді, соғысы мүлде баяу екен.

– Дымбілмес! – деп айқайлап жіберді қорқып кеткен Дәруов. – Дымбілмес, оян деймін!

Бірақ Дымбілмес көзін ашпады. Дәруов оның танауының астына мүсәтір спирті құйылған шыныны тоса қойды. Дымбілмес жайлап көзін ашты.

– Ауа жетпей, тұншығып барамын, – деп сыбырлады ол әрең дегенде.

Дымбілместің қайтадан көзін жұмғанын көрген дәрігер Дәруов оны иығынан ұстап, жұлқылай бастады.

– Дымбілмес, ұйықтама! – деп айқайлады ол. – Сен өмір үшін күресуге тиіссің! Есимісің? Өзінді-өзің қолға ал! Ұйықтама! Сен өмір сүруге тиіссің, Дымбілмес! Өмір сүруің қажет сенің!

Дымбілместің бір түрлі бозарып, қуқыл тартып бара жатқанын байқаған Дәруов қайтадан қолын ұстап еді, тамыр соғысы білінбеді. Дәруов Дымбілместің кеудесіне құлағын тосып, тындап көрді. Жүрегі де соқпайды. Ол Дымбілмеске қайтадан мүсәтір спиртіні иіскетті, бұл жолы оның ешқандай ықпалы болмады.

– Оттегі! – деп айқайлады Дәруов, қолындағы мүсәтір спирті құйылған шыныны лақтырып тастап.

Бұрандаша мен Тетікше резінке жастықты ала салып, оттегі баллондары сақтаулы тұрған газ қоймасына ұмтылды. Ал Дәруов бір секундты да босқа жіберместен

Дымбілмеске қолдан дем алдыруға кірісті. Ергежейлілер есіктің алдына ентелеп, дәрігердің Дымбілместің қолын біресе жоғары көтеріп, біресе төмен түсіріп, кеудесін басып, дем алдыру үшін жасаған әр қимылын қалт жібермей, үрейлене бақылап тұр. Дәруов мезгіл-мезгіл тоқтай қалып, құлағын Дымбілместің кеудесіне тақап, жүрегінін соққан-соқпағанын тындайды, артынша ісін қайта жалғастырады.

Осылайша қанша уақыт өткенін кім білсін, барлығына да көп мерзім өткендей көрінді. Ақырында, Дәруов Дымбілместің сәл ғана дем алғанын сезгендей болды. Ол бірақ аурудың тыныс алуы әбден қалпына келгеніне көзі жеткенше жұмысын тоқтатпады. Бұрандаша мен Тетікшенің оттегі толтырған жастықты алып келгенін көріп, жастықтың түтікшесін ашты да, ішіндегі оттегіні Дымбілместің танауына жақын ұстап, аз-аздап жіберіп отыруды тапсырды. Ергежейлілер Дымбілместің құп-қу жүзіне шырай жүгіре бастағанын көріп, қуанды. Біртіндеп ол көзін ашты.

– Дем ал, дем ал, Дымбілмес, – деді дәрігер Дәруов оған ақырын ғана. – Енді өзін тыныста, жарқыным. Кеуденді толтыра дем ал. Ұйықтама, қымбаттым, ұйықтама. Сәл шыдай тұр!

Ол ауруға тағы біраз уақыт оттегі бере тұру қажеттігін айтты да, өзі орамалын алып, тершіген маңдайын сүрте бастады. Осы кезде ергежейлілердің бірі иллюминаторға көз салып:

– Бауырлар, қарандар, Жерге жақындап қалыппыз, – деді.

Дымбілмес те иллюминаторға қарағысы келген еді, бірақ әлсіздігінен орнынан тұрмақ түгілі, басын да көтере алмады.

– Мені демеп тұрғызындаршы, – деп сыбырлады ол. – Мен Жерді тағы бір рет көргім келеді!

– Көтеріңдер, көтеріңдер! – деп рұқсат етті дәрігер Дәруов.

Қызылгүл мен Ақшабақ Дымбілместі қолтығынан сүйемелдеп, иллюминаторға алып келді. Дымбілмес өйнекке жабыса тұрып, Жерді көрді. Жер енді Айдан қарағандағыдан әлдеқайда үлкен шар түрінде елестеді,

теңіздері мен мұхиттарының арасындағы құрлықтары ағарандап көзге шалынады. Жер шары бейне бір өлдекім жып-жылы, жұп-жұмсақ түбіт шөліге құндақтап орап қойғандай-ақ, айналасы сәулеленіп, өдемі нұрға бөленіп тұр екен. Дымбілмес одан көз ала алмай, ұзақ қарады, бұл кезде Жер бұрынғысынан өлдеқайда жақындай түскен-ді. Енді оны бір қарағанда тұтас көру мүмкін емес еді.

Дымбілместің шаршап, деміге бастағанын көрген Қызылгүл мен Ақшабақ оны қайтадан төсекке алып барды, бірақ оның жатқысы келмей:

– Мені киіндіріндерші, – деп өтінді.

– Жақсы, жақсы, – деді дәрігер Дәруов. – Азырақ дем ал, қазір киіндіреміз.

Қызылгүл мен Ақшабақ Дымбілместі төсегіне жатқызды да, үстіне тоты құстың қауырсынының түсіндей сап-сары шалбар мен қызғылт жейде, аяғына шұлық пен бөтенке кигізіп, мойнына жасыл галстук байлады, басына оның өзі жақсы көретін көк қалпағын кигізуді де ұмытқан жоқ.

– Енді мені көтеріп, алып жүріндерші! – деп сыбырлады Дымбілмес алқына сөйлеп.

– Қайда алып барайық сені, жарқыным? – деп тайдана сұрады Дәруов.

– Жерге! Тезірек!.. Жерге түскім келеді.

Дымбілместің қайтадан алқына дем алып, жаурап кеткендей қалшылдай бастағанын көрген Дәруов:

– Жақсы, жақсы. Қазір, жарқыным! Қазір сені кабинаға алып барамыз, – деді.

Қызылгүл мен Ақшабақ Дымбілместі каютадан алып шықты. Дәруов лифтінің кабинасын ашты да, төртеуі соған отырып, ракетаның арт жағына келді. – Олардың ізінше Бұрандаша мен Тетікше, профессор Жұлдызшин және өзге ергежейлілер де жетті. Қызылгүл мен Ақшабақ шығар есіктің алдына барып тоқтады.

– Сыртқа шығарындар! Неге тоқтадыңдар? – деді Дымбілмес мазасызданып. – Есікті ашындар!.. Жерге түсіріңдер! – деп сыбырлады ол тағы ауаны ашқарақтана жұтып.

– Қазір, жарқыным, сәл күте тұр! Қазір ашамыз,

деді Дәруов оны тыныштандыруға тырысып. – Қазір, жарқыным, есікті ашуға бола ма деп, әуелі Білгірден сұрап алайық.

Дәл осы сәтте бейне бір оның сөздеріне жауап ретінде, ракетаның басқару кабинасында отырған Білгір радиодан сақылдап қоя берді:

– Тыңданыздар! Тыңданыздар! Ракета қонуға бет алды. Қазір ауырлық пайда болады! Ауырлыққа дайындалыңыздар!

Осы сөздер аяқталар-аяқталмастан, кенет салмақ күші пайда болды да, мұндай тосын өзгеріске дайын болмағандықтан, олар еденге құлап түсті. Болған оқиғаның мәнісін өзгелерден бұрын ұққан Бұрандаша мен Тетікше орындарынан ұшып тұрып, Дымбілместі еденнен көтеруге ұмтылды. Дәруов пен Жұлдызшин, Қызылгүл мен Ақшабақ та көмекке келді.

Ергежейлілер салмақ күшіне денелері үйреніп болмай жатып-ақ, жаңа бір сілкіністен қайтадан еденге жапырлай құлады.

– Жерге қондық!.. Ракетадан шығуға әзірленіңіздер! – деген Білгірдің даусы естілді. – Шлюздің есігін ашыңыздар.

Шығар ауызға өзгелерден жақын тұрған профессор Жұлдызшин түймешікті басып қалды. Есік ашылды да, Күн сәулесі жарқ ете түсті.

– Жерге! Жерге! – деп айқайлап жіберді Дымбілмес жарық сәулеге қолын созып.

Бұрандаша мен Тетікше оны ракетадан алып шығып, темір сатымен төмен түсіре бастады. Нақ төбеде көк күмбез аспанды, жүзіп бара жатқан ақша бұлттарды, сәуле шашқан күнді көргенде Дымбілместің жүрегі дүрсілдеп кетті. Таза ауа оны мас қылғандай. Төңіректегі көк майса, сап-сары бақ-бақ гүлдері, ақ ромашкалар мен көгілдір қоңыраугүлдер, көздің жауын алған жасыл алқап, жапырақтары желмен ойнап, қалтыраған ағаштар, алыстан күлімсірей жалтырап көрінген өзен де, барлығы кенеттен бұлдырап жүре берді.

Бұрандаша мен Тетікшенің аяқтары жерге тигенін көрісімен-ақ, Дымбілместе дегбір қалмады.

– Мені де түсіріндерші!.. – деп айқайлады ол. – Жерге түсіріндерші мені де!

Бұрандаша мен Тетікше Дымбілместі жайлап жерге түсірді.

– Енді мені сүйемелдеп жүріндер! Сүйемелдендер! – деп айқайлады Дымбілмес.

Бұрандаша мен Тетікше оны екі жағынан демеп, жайлап ілгері алып жүрді.

– Енді қоя беріндер! Қоя беріндер! Өзім жүремін!

Бұрандаша мен Тетікше өз бетінше жіберуге қорқын тұрғанын көрген Дымбілмес жұлқынып шығып кетуге әрекеттенді. Ол тіпті Тетікшені салып жібермек болып, қолын да сілтеп қалды. Жолдастары оны қоя берді. Дымбілмес алға қарай қалтырай қозғалып, бірнеше қадам жасады да, тізелері бүгіліп кетіп, жерді сүзе құлады. Басындағы қалпағы ұшып кетті. Көзінен жас парлады.

– Қасиетті Жер-ана! Мен сені ешқашан ұмытпаймын! – деп сыбырлады ол.

Алтын күн өзінің жылы сәулесімен оның бойын балқытып, салқын самал басынан сипағандай болды, шаштарын желбіретіп ойнады. Дымбілмес өлдеқандай шалқыған сезімнің кеудесін кернеп бара жатқанын сезді. Бұл сезімнің қалай аталатынын білмеді, бірақ оның жақсы сезім екеніне, өлемде одан асқан қасиетті сезімнің жоқтығына еш күмөнданбады. Ол бейне бір анасын, ең жақын бауырын құшқандай-ақ, туған жердің топырағына кеудесін басып, аймалап жатып, бойына күш-қуаттың қайтадан құйыла бастағанын, дертінен айығып кеткенін анық білді.

Ақырында, ол кеудесі толы өксікті сыртқа шығарып, ағыл-тегіл жылап алды да, орнынан тұрды. Туған жермен аман-есен қауышқандарына шаттанып тұрған достарын көргенде, өзі де мөз болып күліп жіберді.

– Мінеки, бауырлар, сапар аяқталды! – деп көңілдене айқайлады ол. – Енді тағы да басқа бір жаққа саяхатқа шығуға болады.

Дымбілмес, міне, осындай ергежейлі еді.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	5
---------------	---

I БӨЛІМ

Бірінші тарау. Профессор Жұлдызшинді Білгір қалай жеңіп кетті.....	7
Екінші тарау. Ай тасының жұмбақ сыры.....	20
Үшінші тарау. Аяқтары аспаннан келді.....	30
Төртінші тарау. Тосыннан ашылған жаңалық.....	43
Бесінші тарау. Білгірдің ғаламат жоспары.....	56
Алтыншы тарау. Айға ұшу.....	69
Жетінші тарау. Дымбілмес пен Томпидың Айға келуі.....	82

II БӨЛІМ

Сегізінші тарау. Айдағы алғашқы күн.....	94
Тоғызыншы тарау. Дымбілмес Фигльмен және Мигльмен қалай кездесті.....	109
Оныншы тарау. Қамауда.....	119
Он бірінші тарау. Бостандыққа шығу.....	132
Он екінші тарау. Түнгі оқиғалар.....	145
Он үшінші тарау. Алып өсімдіктер қоғамының құрылуы.....	159
Он төртінші тарау. Алғашқы қиындықтар.....	168
Он бесінші тарау. Іс оңға басайын деді.....	177
Он алтыншы тарау. Сахнада Сегізаяқ мырзаның пайда болуы.....	186
Он жетінші тарау. Үлкен Бредлам.....	196

III БӨЛІМ

Он сегізінші тарау. Сараңсері қалай жер соғып қалды.....	207
Он тоғызыншы тарау. Қашқындар.....	216
Жиырмамыншы тарау. Алып өсімдіктер қоғамының жойылуы.....	230
Жиырма бірінші тарау. Сараңсерінің бастан кешкен оқиғалары.....	238
Жиырма екінші тарау. Дымбілмес пен Серкештің Бас-Масаға келуі.....	251
Жиырма үшінші тарау. «Тұйықта».....	262
Жиырма төртінші тарау. Томпидың басынан кешкендері.....	275
Жиырма бесінші тарау. Давилон жүк кемесіндегі дүрбелең.....	287
Жиырма алтыншы тарау. Дымбілместің жұмысқа орналасуы.....	296
Жиырма жетінші тарау. Көпір астында.....	307

IV БӨЛІМ

Жиырма сегізінші тарау. Ракета гайып болған соң.....	318
Жиырма тоғызыншы тарау. Білгір көмекке асығады.....	327
Отызыншы тарау. Айқас басталды.....	340

Отыз бірінші тарау. Алып өсімдіктердің тұқымына Масақшаның қолы жетті.....	352
Отыз екінші тарау. Салмақсыздыққа қарсы тұрар қайран жоқ.....	364
Отыз үшінші тарау. Томпидың қайта тәрбиеленуі.....	374
Отыз төртінші тарау. Дымбілмес Жындылар аралында.....	387
Отыз бесінші тарау. Үлкен өзгерістер.....	399
Отыз алтыншы тарау. Жерге оралу.....	412

Әлем балалар әдебиеті

Николай Носов

ДЫМБІЛМЕСТІҢ АЙҒА САЯХАТЫ

(Ертегі - роман)

«Балауса» баспасының
 бас директоры – Абылайхан Құлбаев
 Бас редакторы Оразақын Асқар
 Корректоры Сандуғаш Темірова
 Суретшісі Ерлан Қожабаев

ИБ № 73

Теруге 25.05.07 берілді. Басуға 27.07.07 қол қойылды.
 Пішімі 84×108¹/₃₂. Есепті баспа табағы 25,1. Таралымы 2000 дана.
 Тапсырыс № 809

«Балауса» баспасы ЖШС-і, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы,
 143, Баспалар үйі, 631-кеңсе. тел.: 242-16-00. Факс: 242-81-29.

«Тамыр» фирмасының компьютерлік-баспа
 жүйесінде теріліп беттелген.

050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143, тел.: 243-35-11.

Қазақстан Республикасы, «Атамұра корпорациясы»
 ЖШС-нің Полиграфия комбинаты,
 050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41 үй.

**«Балауса» баспасынан
«Әлем балалар әдебиеті» сериясы бойынша
шығатын 50 томдықтың мына кітаптары
жарық көрді:**

1. «Қазақ ертегілері».
2. Л.Лагин. «Хоттабыч карт».
Л.Кэрролл. «Алисаның ғажайып елдегі басынан кешкендері».
А.Милн. «Винни-Пух өрі бөрі, бәрі, бөрі».
3. Б.Немцова. «Алтын» және «Күміс» кітап.
4. «Жер жүзінің жүзге жуық жұртының жұмбақтары».
5. А.Толстой. «Алтын кілт және Буратино».
Дж.Родари «Чиполлино».
«Телефонмен айтылған ертегілер».
«Джельсомино суайттар елінде».
6. Г.Троепольский. «Қара құлақ ақ Бим».
Р.Фраерман. «Түз тағысы Динго».
7. Эдгар По. «Алтын қоңыз», «Қара мысық», «Ұрланған хат» т.б.
өңгімелері.
8. Э.Распе. «Мюнхгаузеннің хикаялары».
Г.Бюргер. «Барон Мюнхгаузеннің басынан өткен оқиғалары».
А. Некрасов. «Капитан Врунгельдің басынан кешкендері».
9. Э.Сетон-Томпсон. «Жануарлар туралы өңгімелер».
10. А.Линдгрен. «Бөбек және Карлсон».
11. Х.К.Андерсен. «Ертегілер».
12. Эзоп. Мысалдар.
И.А.Крылов. Мысалдар.
13. Р.Киплинг. «Маугли», өңгімелер.
14. Әлем халықтарының ертегілері.
15. Майн Рид. «Жұмбақ салт атты».
16. Б.Сокпақбаев. «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат»
повестері.
17. М.Әуезов. «Көксерек» повесі мен «Бүркітші» және басқа өңгімелері.
18. Ш.Айтматов «Ақ кеме», және басқа повестері мен өңгімелері.
19. А.С.Пушкин. Ертегілер, өлеңдер, поэмалар.
20. Н.Носов. «Дымбілместің Айға саяхаты».

Алда мына кітаптар жарық көрмек:

21. Шалғай шетел поэзиясы.







«Балауса»
баспасы